

2024 | БҮГІНГІ ӨНДІРІС – ЕРТЕҢГІ ИГІЛІК

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

ЕСЕП ТУРАЛЫ

Есеп шекарасы

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-ның 2024 жылғы есебі халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалып, ҚМГ-ның шоғырландырылған қаржылық есептілігін қалыптастыру қағидаты негізінде жасалған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ деп аталатын бас компания мен оның еншілес әрі тәуелді ұйымдары (ҚМГ, Компания, ҚМГ компаниялар тобы) қызметінің нәтижелерін қамтиды.

Жылдық есепте өндірістік-экономикалық қызметтің бірқатар көрсеткіші ХҚЕС қағидаттарына сәйкес және ХҚЕС бойынша 2024 жылы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ҚМГ-ның шоғырландырылған қаржы есептілігі үшін ҚМГ компанияларының жиынтығына қатысты айқындалған және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сай дайындалған ҚМГ-ның есептік құжаттарындағы ұқсас көрсеткіштерінен өзгеше болуы ықтимал.

Сонымен қатар Компания қызметінің кейбір көрсеткіштері басқарушылық және басқа да есептерді дайындау кезінде қолданылатын қағидаттарға сәйкес ұсынылады. Шоғырландырылған қаржылық және басқа есептерді дайындау әдіснамасындағы айырмашылықтарға байланысты бұл әдістемелер бойынша есептелген көрсеткіштер салыстыруға келмеуі мүмкін.

Қызметтің қаржы нәтижелеріне талдау 2024 жылы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ХҚЕС-ке сәйкес дайындалып, аудиттен өткен Компанияның шоғырландырылған қаржы есептілігі тұрғысынан жүргізілуі тиіс.

Жылдық есеп Компания басшылығы ағымдағы жағдайға байланысты жасаған болжамдар мен бағалауларға негізделген, ҚМГ-ның болашақтағы өндірістік-шаруашылық қызметіне қатысты «болжамды мәлімдеме» болып саналатын немесе сондай ретте қарастырылуы мүмкін мәлімдемелерді қамтиды. Болжамды мәлімдеме дегеніміз тарихи фактілерге жатпайтын барлық мәселе. Сонымен қатар олар компания қызметінің нәтижелеріне, қаржылық жағдайына, өтімділігіне, перспективаларына, дамуына, стратегияларына қатысты және Компания жұмыс істейтін салалар бойынша ҚМГ-ның ниеттері, сенімдері және ағымдағы болжамдары туралы мәлімдемелерді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді. Өзінің сипаты бойынша болжамды мәлімдемелер тәуекел мен белгісіздікпен байланысты, өйткені олар болуы да немесе болмауы да мүмкін болашақтағы оқиғалар мен жағдайларға жатады, яғни түрлі объективті факторлардың әсерінен қызметтің нақты нәтижелері ұсынылған болжамдар мен бағалаулардан өзгеше болуы ықтимал.

Кезеңдерді салыстыру кезінде мәндер жуықталмай, нақты қолданылды. Компанияның пікірінше, дөңгелектеуге қатысы бар кез-келген ықтимал түзетулер оның нәтижелеріне материалдық әсер етпеуі керек.

МАЗМҰНЫ

1 ------ Есеп туралы

2 ------ Таныстыру бөлімдері

10 СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

12 ------ Компания туралы

20 ------ Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

24 ------ Басқарма төрағасының үндеуі

28 ------ Стратегия

52 ------ Операциялық қызметке шолу

106 ------ Қаржылық қызметке шолу

118 ------ Тұрақты дамуды қамтамасыз ету

176 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

178 ------ Корпоративтік басқару жүйесі

181 ------ Акционерлердің жалпы жиналысы

182 ------ Директорлар кеңесі

201 ------ Директорлар кеңесінің комитеттері

212 ------ Басқарма

224 ------ Сыйақы туралы есеп

226 ------ Корпоративтік бақылау

234 ------ Іскерлік этика

238 ------ Акционерлермен және инвесторлармен өзара іс-қимыл

244 Қаржылық есептілік

344 ҚОСЫМШАЛАР

346 ------ Корпоративтік басқару кодексін ұстану туралы есеп

350 ------ Ірі мәмілелер және мүдделі мәмілелер туралы мәліметтер

351 ------ Глоссарий

354 ------ Байланыс

ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ПЕРСПЕКТИВТІ БАСТАМАЛАР

ҚМГ перспективті бағыттарды дамыта отырып, мұнай-газ саласындағы жұмысын қамтамасыз етуге жеткілікті болатындай қорды ұлғайтуды мақсат ететін мұнай-газ компаниясы болып қала береді.

2024 жылы перспективті геологиялық-барлау жобалары іске асырылды, олардың жиынтық ресурс қоры 800 млн тонна мұнайға тең.


Стратегиялық мақсат: компанияның өсуін қамтамасыз ететін жеткілікті ресурстық база



Қызылорда облысы

Торғай палеозой учаскесі

- 5 500 метр тереңдікте PZ-1 іздеу-барлау ұңғымасын бұрғылау басталды
- Бұған дейін бұл өңірде осындай тереңдікте ұңғыманы бұрғылау жүргізілмеді



Атырау облысы[1]

Қаратон подсолевой учаскесі

- 5 500 метр тереңдікте алғашқы іздеу ұңғымасын бұрғылау басталды
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «Татнефть» ЖАҚ бірлескен жобасы




Ақтөбе облысы[1]

Қаражар учаскесі

- Есепті жылы жоба бойынша барлау мен өндіруге келісімшарт алынды
- 3 000 метр тереңдікте алғашқы іздеу ұңғымасын бұрғылау басталды

1. Жоба Қазақстандағы күрделі кен орындардың инвестициялық тартымдылығын едәуір арттыратын Жақсартылған модельдік келісімшарт аясында іске асырылуда.



Атырау облысы[1]

Тайсойған учаскесі

- Алғашқы іздеу ұңғымаларын бұрғылау басталды
- тереңдігі 400 метрден 3800 метрге дейінгі сегіз құрылымды бұрғылау жоспарланған



Каспий теңізі

Қаламқас-теңіз кен орнын игеру жобасы


- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «Лукойл» ЖАҚ бірлескен жобасы
- 2024 жылы жобалық құжаттаманы әзірлеу басталды (FEED[2] кезеңі, Front End Engineering Design). 2026 жылы Қаламқас-теңіз кен орнында өндіруді бастау үшін теңіз платформаларын салынады

86 млн тонна мұнай
22 млрд тонна газ
Өндірілетін қор

6,4 млрд АҚШ долл.
Жоба құны

~ тәулігіне 80 мың баррель
4 млн тонна
Жылдық өндірудің болжамды көлемі


2. Front-End Engineering Design — бастапқы кезеңдегі жобалау.




800 млн тонна
перспективті геологиялық барлау жобаларының жиынтық ресурс қоры (мұнай эквивалентінде)

МҰНАЙ-ГАЗ ХИМИЯСЫ – КОМПАНИЯ ӨСУІНІҢ ЖАҢА ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Арзан шикізат алу мүмкіндігін пайдаланып және мұнай-газ химиясы өнімдеріне жаһандық сұраныстың өсу болжамына сүйене отырып, ҚМГ еліміздің экономикасына мультипликативтік әсер ету әлеуеті жоғары болатын мұнай-газ химиясы бағытын жан-жақты дамытып жатыр.



Стратегиялық мақсат: Бизнесті әртараптандыру және өнім портфелін кеңейту





«Полиэтилен» жобасы

2024 жылы қыркүйекте Атырау облысындағы «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағында («ҰИМТ» АЭА) полиэтилен өндіретін зауыттың ерте құрылыс жұмыстары басталды. Зауыт 2029 жылы пайдалануға беріледі деп жоспарланған.

1,25 млн тонна
Зауыт қуаты жылына

Жоба Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша жүзеге асырылуда және Қазақстанның өңдеу өнеркәсібінің ауқымды жобасы болмақ.

Зауытты іске қосу:
- сырттан келетін полиэтиленді отандық өніммен алмастыруға;
- қосылған құны жоғары өнім экспортының өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді

Жобаны іске асыру нәтижесінде:

1,2%
ЖІӨ өсуіне қосылатын үлесі

800
жұмыс орны — өндіріс басталғаннан кейін

8 000
жұмыс орны — құрылыс кезінде

7,4 млрд АҚШ долл
инвестиция көлемі

Жоспарланған өнім: 20 марка полиэтилен, оның 40%-ы премиум санаты. Жобаны Silleno компаниясы іске асырады, оның үлескерлері – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (40%), Sinopec Overseas Investment Holding (30%), «Сибур Холдинг» ЖАҚ (30%)

KPI жобасы

«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС газ-химия кешені (KPI) белсенді дамуын жалғастырып, Қазақстанның импортқа тәуелділігін азайтуға елеулі үлес қосуда.


249 мың тонна
Зауыт 2024 жылы полипропилен шығарды

230 мың тонна
Қытай, Еуропа, Түркия және Ресейге экспортқа жөнелтілді

Компания Алматы мен Астанада ірі қоймалар ашты, олар өңдеуші компанияларға өнімді үздіксіз жеткізуде. KPI Қазақстан нарығын қамтамасыз етеді және Ресейге, Түркияға және басқа елдерге өнім жеткізу көлемін ұлғайтуда.

10
Полипропиленнің мақсатты маркасы

Ішкі нарықты қамтамасыз етудің нәтижесінде 2023 жылмен салыстырғанда полипропилен импортының көлемі азайды



Газ сепарациялық кешен құрылысының жобасы

Газ сепарациялық кешен (ГСК) — табиғи газды терең өңдеуге және мұнай-химия өнеркәсібін этан және пропанмен тұрақты қамтамасыз етудегі бағалы компоненттерді шығаруға арналған. Жоба операторы: ҚМГ-ның еншілес ұйымы – «KMG PetroChem» ЖШС. 2024 жылғы 14 қыркүйекте ҚМГ-ның Инвестициялық комитеті «Іске асыру» кезеңіне көшу туралы шешім қабылдады.

3 млрд АҚШ долл
Жобаның алдын ала құны

ГСК бойынша құрылыс және монтаждау жұмыстары 2025 жылдың 2-тоқсанында басталады деп жоспарланған. 2028 жылы пайдалануға берілмек.

ҚАРЖЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН САҚТАУ

Компания дамуын және өзіне жүктелген міндеттемелерді жүйелі орындауды қамтамасыз ете отырып, тұрақты қаржы нәтижелерін көрсетуде.

Облигацияларды мерзімнен бұрын өтеу

Компания 2024 жылы қыркүйекте өтеу мерзімі 2027 жылға белгіленген 750 млн АҚШ доллары мөлшерінде облигацияларды мерзімнен бұрын ішінара өтеді. Нәтижесінде есепті жылдың соңында жалпы қарыз 4,0 трлн теңгені немесе 7,6 млрд АҚШ долларын құрады, 2023 жылмен салыстырғанда доллармен 8,6%-ға төмендеді.

Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу – компанияның қаржы тұрақтылығын жақсарту, борыштық жүктемені азайту және ҚМГ-ның кредит рейтингтерін жоғарылату үшін тұрақты жүргізілетін іс-шаралардың бірі.

Мерзімінен бұрын өтеу облигация ұстаушылардың ҚМГ жария ұсынысына дауыс беру нәтижелері бойынша жүргізілді

92,7 млн АҚШ доллары
өтеу қорытындысына сай купон төлемдерінің үнемділігі

Кредит рейтингтерінің салыстырмалы жоғары деңгейін сақтау

Moody's және Fitch берген рейтингтер егеменді деңгейінде, бұл компанияның қаржы тұрақтылығы мен сенімділігін көрсетеді.

2023 жылғы 26 желтоқсан

S&P Global Ratings халықаралық рейтинг агенттігі жақсы қаржылық нәтижелерге байланысты ҚМГ рейтингін BB+ деңгейінде растады, болжам «Тұрақты». Бұл ретте меншікті кредит төлеу қабілетінің рейтингі «bb-»-ден «bb»-ге дейін көтерілді.

2024 жылғы 20 маусым

Fitch Ratings ҚМГ-ның ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін «Тұрақты» деген болжаммен «BBB» деңгейінде растады

2024 жылғы 11 қыркүйек

Moody's агенттігі ҚМГ-ның кредиттік рейтингін «Baa2»-ден «Baa1»-ге дейін көтеріп, болжамын «Тұрақты» деп өзгертті. Кредиттік рейтинг Қазақстан Республикасының егеменді рейтингінің жоғарылауына, компанияның мемлекет үшін стратегиялық тұрғыдан маңызды болуына, компанияның меншікті кредит төлеу қабілетінің тұрақты көрсеткіштеріне, қарыз бойынша төлемдердің қолайлы кестесіне және өтімділіктің жеткілікті деңгейіне байланысты жоғарылады.

ҚМГ кредиттік рейтингтері

Рейтинг агенттігі	Moody's Investors Service	S&P	Fitch Ratings
Күні	11.09.2024	26.12.2023	20.06.2024
Рейтинг деңгейі	Baa1	BB+	BBB
Болжамы	Тұрақты	Тұрақты	Тұрақты

Қазақстанның кредиттік рейтингтері

Рейтинг агенттігі	Moody's Investors Service	S&P	Fitch Ratings
Күні	09.09.2024	03.03.2023	15.11.2024
Рейтинг деңгейі	Baa1	BBB–	BBB
Болжамы	Тұрақты	Тұрақты	Тұрақты

ЖАҺАНДЫҚ КЛИМАТТЫҚ КҮН ТӘРТІБІН ҚОЛДАУ

ЖАҢА МАҚСАТТАР

2024 жылы қарашада ҚМГ Директорлар кеңесі ҚМГ-ның 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті дамуының жаңартылған бағдарламасын бекітті.

Мақсатты көрсеткіштерді орындау жөніндегі іс-шаралар жоспары мынадай бағыттарды қамтиды:

1. сутегі энергетикасын дамыту
2. тұрақты авиациялық отын (SAF) өндірісі
3. жаңартылатын энергетиканы дамыту
4. метан менеджментін енгізу
5. көмірқышқыл газын тұту, сақтау және пайдалану жобасы (CCUS)

Тікелей және жанама CO_2 шығарындылары деңгейінің төмендеуі (Қамтылуы 1+2)

9,1 млн тонна CO_2e (**-15%**) — 2031 мақсаты

2060 мақсаты — 3,4 млн тонна CO_2e (**-64%**)

Метан шығарындысын азайту

36 мың тонна CH_4 (**-32%**) — 2031 мақсаты

2060 мақсаты — 2 мың тонна CH_4 (**-96%**)

Көміртекті азайту

-15% — 2031 мақсаты

2060 мақсаты — **-60%**


ҚМГ тұтынатын электр қуатының балансын сақтап отырып, базалық деңгейден жаңартылатын энергия көздерінің үлесі

15% — 2031 мақсаты

2060 мақсаты — **50%**

ЖЭК секторындағы жобалар

ҚазМұнайГаз жаңартылатын энергетиканы дамытуға және көміртегі ізін азайтуға бағытталған жобаларды барынша қолдайды.



Жаңаөзендегі гибридті электр станциясы - Eni S.p.A компаниясымен ынтымақтастық

2024 жылғы 18 қаңтарда «ҚазМұнайГаз» және италиялық Eni S.p.A. компаниясы Жаңаөзен қаласында (Маңғыстау облысы) гибридті электр станциясын салу жобасын іске асыру туралы бірлескен шешімге қол қойды.

Бұл жоба генерацияның төменде көрсетілген үш түрін біріктіретін Қазақстанда алғашқы гибридті шешім болмақ:
- Жел электр станциясы – 77 МВт;
- Күн электр станциясы – 50 МВт;
- газ электр станциясы – 120 МВт.

2024 жылғы 16 шілдеде ҚМГ мен Eni компаниялары басшылығының қатысуымен гибридті электр станциясының құрылысын бастау рәсімі өтті. 2024 жылдың желтоқсанында күн электр станциясының аумағында алғашқы жұмыстар аяқталып, негізгі жабдықты орнату бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары басталды. Жобаның толық аяқталуы 2026 жылдың соңына жоспарланған.

Жаңаөзендегі гибридті электр станциясы жобасының мүмкіндіктері:


80-ге
дейін тұрақты жұмыс орны

~800
уақытша жұмыс орны құрылыс кезінде

Негізгі серіктестер

51 % Eni S.p.A | **49 %** ҚМГ

'24-'26 жылдар
іске асыру мерзімі



Жамбыл облысындағы жел электр станциясы («Мирный» жобасы) – TotalEnergies-пен ынтымақтастық

Жамбыл облысында қуаты 1 ГВт «Мирный» жел электр станциясының (ЖЭС) бірлескен жобасын іске асыру. ЖЭС Мирный кентінде орналасады және қуаты 300 МВт/600 МВт·сағ электр энергиясын жинақтау жүйесімен жабдықталады. Бұл энергия көзімен жабдықтаудың тұрақтылығын қамтамасыз етеді және жел генерациясының кідірісімен байланысты қауіптерді азайтады.

Қазіргі уақытта техникалық-экономикалық зерттеулер аяқталды, өңірдегі желдің әлеуеті зерттелді. Негізгі жабдықты жеткізетін компанияны таңдау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жобаның негізгі серіктестері – Total Eren (60%), Самұрық-Қазына (20%) және ҚМГ (20%).

«Мирный» жобасының мүмкіндіктері:

250-ге
дейін тұрақты жұмыс орны

~2 000
уақытша жұмыс орны құрылыс кезінде

Негізгі серіктестер

60 % Total Eren | **20 %** «Самұрық-Қазына» | **20 %** ҚМГ

'23-'27 жылдар
іске асыру мерзімі

1 СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

2024 жылы ҚМГ алдына қойған стратегиялық мақсаттарға жете алды, оларды іске асыру Компанияның барлық стейкхолдерінің, соның ішінде акционерлер мен инвесторлардың, қызметкерлер мен серіктестердің, өңірлердегі тұрғындардың және тұтастай алғанда халқымыздың мүддесіне сай келеді.

54 б.
Перспективті геологиялық барлау жобаларын іске асыру

94 б.
Бизнестің мұнай-газ химиясы бағытын дамыту

118 б.
Тұрақты даму бағытын ұстану

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ


ҚЫЗМЕТ АЯСЫ

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі — ҚМГ, Компания) Қазақстанның вертикалды интеграцияланған жетекші мұнай-газ компаниясы.

ҚМГ көмірсутекті барлау мен өндіруден бастап тасымалдауға, өңдеуге және мамандандырылған қызметтер көрсетуге дейінгі бүкіл өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады. 2002 жылы құрылған Компания еліміздің мұнай-газ саласында Қазақстан Республикасының мүддесін қорғайды.

83,5 млн тонна
мұнай тасымалы

9 091 км
Магистралды мұнай құбырының жалпы ұзындығы



АКЦИОНЕРЛЕР

«ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ акционерлері, %



67,42
«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры

20
Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі

9,58
Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі

3
KASE және AIX биржаларындағы еркін айналымы

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлері: «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі — Қор, «Самұрық-Қазына» АҚ) — 67,42 %, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі – 20 %, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі – 9,58 %, KASE мен AIX биржаларында еркін айналымдағы акциялар саны – 3 %.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне тиесілі акциялар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының сенімгерлік басқаруына берілген.

«Самұрық-Қазына» АҚ – тәуелсіз қор, оның жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі. «Самұрық-Қазына» қорының миссиясы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыру және болашақ ұрпақ үшін ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз ету. Қордың портфеліне мұнай-газ және көлік-логистика секторларының, химия және атом өнеркәсіптерінің, тау-кен кешендерінің, энергетика және жылжымайтын мүлік компаниялары кіреді.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қаржы саласындағы, соның ішінде заңнамада көзделген шегінде, салааралық үйлестіруге басшылық етеді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) – Қазақстан Республикасының орталық банкі және Қазақстан Республикасы банк жүйесінің жоғарғы (бірінші) деңгейін білдіреді. Ұлттық Банк өз құзыреті аясында халықаралық банктер мен өзге де қаржы-кредит ұйымдарында басқа елдердің орталық банктерімен және банктерімен қарым-қатынас орнатқан кезде Қазақстан Республикасының мүддесін қорғайды. Ұлттық Банктің негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету.

АКТИВТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ

БАРЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ

Операциялық активтер:

- 100 % «Өзенмұнайгаз» АҚ (ӨМГ)
- 50 % «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (ММГ)
- 100 % «Ембімұнайгаз» АҚ (ЕМГ)
- 50 % «Қазгермұнай» БК» ЖШС (ҚГМ)
- 33 % ПетроКазахстан Инк. (ПҚИ)
- 50 % «Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ)
- 50 % «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС (ҚОА)
- 100 % «Қазақтүрікмұнай» ЖШС (ҚТМ)
- 100 % «Өріктау Оперейтинг» ЖШС (ӨО)
- 60 % Dunga Operating Gmbh (Доңға)
- 50 % «Урал Ойл энд Газ» ЖШС (УОГ)

Мегажобалар:

- 20 % «Теңізшевройл» ЖШС (ТШО)
- 10 % «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» (ҚПО)[1]
- 16,88 % North Caspian Operating Company N.V. (NCOC, Қашаған)[2]

ӨҢДЕУ ЖӘНЕ МҰНАЙ ХИМИЯСЫ

- 100 % «ПМХЗ» ЖШС (Павлодар мұнай-химия зауыты)
- 99,53 % «АМӨЗ» ЖШС (Атырау мұнай өңдеу зауыты)
- 49,72 % «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС (ПҚОП)
- 50 % «Caspi Bitum» БК» ЖШС
- 100 % KMG International N.V.
  - 54,6 % Rompetrol Rafinare SA («Петромидия»)
  - 54,6 % «Вега»
- 49,5 % «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС (KPI)
- 40 % «Силлено» ЖШС
- 100 % «KMG PetroChem» ЖШС

МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ

- 90 % «ҚазТрансОйл» (ҚТО)
  - 50 % «Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС (ҚҚҚ)
  - 51 % «Мұнайтас» СБҚҚ» ЖШС
  - 100 % «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ
- 20,75 % «Каспий құбыр желісі корсоциумы – Р» АҚ (ККҚ-Р)[3]
- 20,75 % «Каспий құбыр желісі корсоциумы – Қ» АҚ (ККҚ-Қ)[3]
- 100 % «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТККҚ» ЖШС (ҚТКФ)


МҰНАЙ СЕРВИСІ ЖӘНЕ БАСҚАЛАР

- 100 % «KMG Drilling & Services» ЖШС
- 100 % «Oil Services Company» ЖШС
- 100 % «Oil Construction Company» ЖШС
- 100 % «Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС
- 100 % «ҚазГӨЗ» ЖШС
- 50 % «ҚазРосГаз» ЖШС

1. Компания Қарашығанақ жобасы бойынша өнімді бөлу туралы түп-кілікті келісімде 10% иемденетін «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС-нәі 100% үлесін иелік етеді.
2. Компания Солтүстік Каспий жобасы бойынша өнімді бөлу туралы келісіміне сәйкес 16,88% иемденетін «ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК-ның 100% үлесіне иелік етеді.
3. ҚМГ арқылы 19% және Kazakhstan Pipeline Ventures (KPV) арқылы 1,75%.

НЕГІЗГІ НАРЫҚТАРҒА ҚАТЫСУЫ


Мұнай сату, %



65 Экспорт (негізінен Еуропаға)

35 Ішкі нарық

Мұнай өнімдерін сату, %



86 Ішкі нарық

14 Экспорт (Еуропа, Қытай, Ресей)

БИЗНЕС ҮЛГІСІ

БӘСЕКЕЛЕСТІК БАСЫМДЫҚТАРЫ

Бірегей географиялық орналасуы

Қазақстан — елеулі ресурстық базасы бар, тиімді орналасқан және Еуропа мен қарқынды дамып келе жатқан Азия нарықтарына өнім жеткізуге бірегей мүмкіндігі бар мемлекет

Құнды қалыптастыру тізбегінің барлық кезеңінде толық интеграция

ҚМГ құнды қалыптастыру тізбегінің барлық кезеңінде толық интеграцияланған Қазақстанның мұнай газ саласындағы ұлттық көшбасшы компаниясы

Қаржылық тұрақтылық

Компания өзінің қаржылық тұрақтылығын сақтап келеді және ұзақ мерзімді перспективада өзінің дамуы үшін тиісті жағдайларды қамтамасыз етеді

Өндіруші активтердің әртараптандырылған портфелі

ҚМГ мұнай және газ өндіру бойынша тартымды өсу әлеуеті бар әртараптандырылған активтер портфеліне ие

Қазақстан мұнайын тасымалдау секторында жетекші орын алады

ҚМГ нарықтағы 57% үлесімен Қазақстанның мұнай тасымалы жөніндегі барлық жобаға қатысады

Заман талабына сай мұнай өңдеу зауыттары

Компания Қазақстанда төрт ірі және Румынияда екі мұнай өңдеу зауытын бақылайды

Компанияның өсуінің жаңа драйвері – мұнай-газ химиясы жобалары

ҚМГ бизнестің жаңа бағытын – мұнай-газ-химия дамытып жатыр. Полипропилен зауыты іске қосылды. Полиэтилен өндіретін зауыттың құрылысы басталды, газ сепарациялық кешен салу жобасын іске асыру мақұлданды.

Корпоративтік басқарудың заманауи жүйесі және тұрақты даму қағидаттарын берік ұстану

ҚОСЫЛҒАН ҚҰННЫҢ ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ТІЗБЕГІ

БАРЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ

МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ

МҰНАЙ ӨҢДЕУ

РЕСУРСТАР

Мұнай мен конденсат өндіру

23,8 млн тонна

тәулігіне 490 мың баррель

Газ өндіру

9,6 млрд м³

Дәлелденген және ықтимал қорлар (2P)

716 млн тонна м.э.

5 551 млн барр. м.э.

Мұнай тасымалдау

83,5 млн тонна:



70,3 құбырлар арқылы тасымалдау

13,2 теңіз арқылы тасымалдау

Мұнай өңдеу

19,2 млн тонна:



14,2 Қазақстандағы мұнай өңдеу зауыттары

4,9 Румыниядағы мұнай өңдеу зауыттары

Магистралды мұнай құбырларының жалпы ұзындығы

9 091 км

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Компанияның еліміздегі мұнай-газ саласының —геологиялық барлаудан бастап мұнай өнімдерін сатуға дейінгі — әрбір сегментіне қатысуы мен көш бастап тұруы көптеген мүдделі тараптар үшін белгілі бір құндылық қалыптастыруға мүмкіндік береді. ҚМГ өз акционерлеріне уақтылы төлем жасап тұрады, инвесторлар мен кредиторлар алдында өз міндеттерін лайықты орындайды, Қазақстанның ірі жұмыс берушісі мен салық төлеушісі. Серіктестермен өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейте отырып, әлеуметтік жобаларға инвестиция құяды және экологиялық қауіпсіздіктің жоғары стандарттарын қамтамасыз етеді.

300 млрд теңге
Акционерлерге төленген дивиденд

1 995 млрд теңге
Бірлескен кәсіпорындарды қоса алғанда, ел бюджетіне төленген салық пен басқа да міндетті төлемдер

52,6 мың
Тұрақты жұмыс орындары

25 млрд теңге
Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау

3,7 млрд теңге
Жер қойнауын пайдалану келісімшарттары аясындағы әлеуметтік инвестициялар

2 054 млрд теңге
Ұзақ мерзімді сатып алу шарттарын қоса алғанда, жеткізілген тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жалпы көлемі ерекше тәртіпті қолдана отырып жүргізілген сатып алулар ескерілмей есептелген

81 %
Сатып алулардағы жергілікті қамту үлесі

БАСТЫ КӨРСЕТКІШТЕР




Қаржы көрсеткіштері, млн АҚШ долл.


EBITDA



Есептеу әдісі бойынша күрделі салымдар



Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар кірісіндегі үлес




Түсім




Таза пайда



Кассалық әдіс бойынша күрделі салымдар




Таза қарыз



Бос ақша ағымы



Таза қарыз / EBITDA коэффициенті



Операциялық көрсеткіштер

Көмірсутек қоры (2P), млн тонна м.э.



Мұнай және газ конденсатын өндіру, мың тонна



Табиғи және ілеспе газ өндіру, млн м³



Мұнай өңдеу, мың тонна



Мұнай тасымалдау, мың тонна



Экологиялық көрсеткіштер

NOx шығарындылары, өндірілген КСШ-нің 1 мың тоннасына, тонна[4]



SOx шығарындылары, өндірілген КСШ-нің 1 мың тоннасына, тонна



ПМГ жағу қарқыны, өндірілген КСШ-нің 1 мың тоннасына, тонна




Әлеуметтік көрсеткіштер

Қызметкерлердің тізім бойынша саны[1]




Жұмыс уақытын жоғалтқан жазатайым оқиғалардың коэффициенті (LTIR)[2]



Әлеуметтік тұрақтылықтың деңгейі (Samruk Research Services индексі), %



Өлім-жітім коэффициенті (FAR)[3]



1. Есепке қатысу үлесі 51% және одан да көп қауымдасқан компаниялардың қызметкерлері алынды.
2. Lost Time Incident Rate.
3. Fatal Accident Rate.
4. Көмірсутек шикізаты.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

ҚМГ барлық стейкхолдер мүддесіне сай келетін межеленген стратегиялық мақсаттарға қол жеткізе алды



ЕРНАТ БЕРДІҒҰЛОВ
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы

Құрметті акционерлер, инвесторлар және серіктестер!

2024 жылы Қазақстанның мұнай-газ саласы мен Компанияның қызметіне көптеген жаһандық макрофакторлар әсер етті, олардың арасында геосаяси шиеленістерді, ОПЕК+ шешімдерін, Қытайдың экономикалық өсуінің баяулауын, АҚШ-та тақтатас мұнайын өндіру көлемінің ұлғаюын және тағы да басқаларды атап өтуге болады. Әлемдік экономиканың жаһандық сын-қатерлеріне қарамастан, ҚМГ алдына қойған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізе алды, оларды іске асыру Компанияның барлық стейкхолдерінің, соның ішінде акционерлер мен инвесторлардың, қызметкерлер мен серіктестердің, өңір тұрғындарының және тұтастай алғанда халқымыздың мүддесіне сай келеді.

Жеткілікті ресурстық базамен қамтамасыз ету

Таңдаған Даму стратегиясына (бұдан әрі - Стратегия) сәйкес ҚМГ – перспективті бағыттарды дамытумен қатар дәстүрлі мұнай-газ қызметін жүргізу үшін жеткілікті қорды ұлғайтуды қамтамасыз ететін мұнай-газ компаниясы. Бұған органикалық өсу арқылы да, стратегиялық серіктестік пен жаңа активтерді сатып алу арқылы да қол жеткізіледі. Осыған байланысты Компания өзі дербес және басқа халықаралық мұнай-газ компанияларымен серіктестікте іске асырылатын геологиялық барлау бастамалары мен жобаларына аса мән береді. Есепті кезеңде Торғай палеозой, Қаратон подсолевой, Қаражар және Тайсойған ұңғымаларында бұрғылау жұмыстары басталды, олардың ресурстары 800 млн тонна мұнайға тең. Қаламқас-теңіз кен орнында жобалау жұмыстары басталды, оның өндірілетін мұнай қоры 86 млн тонна және 22 млрд $м^3$ газды құрайды.

Құн тізбегінің тиімділігін арттыру

ҚМГ өз қызметінің барлық негізгі бағыттарында операциялық тиімділікті қамтамасыз ете отырып, мұнай өндіру, тасымалдау, өңдеуді және мұнай маркетингін қамтитын өндірістік процестерінің қосымша құнының бүкіл тізбегінің тиімділігін арттыруға ұмтылады.

ҚМГ өзінің операциялық активтеріндегі өндіру ісін дамыту аясында энергия қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жөндеуаралық кезеңді ұлғайту, шығынды оңтайландыру, Өзенмұнайгаз кен орындарын оңалту жобасы,Ембімұнайгаздың инвестициялық жобалары, автокөлік пен арнайы техниканы жаңарту жөніндегі іс-шаралар, өндірісті автоматтандыру мен цифрландыру сынды бастамалар есебінен мұнай өндірудің тиімділігін оңтайландыру мен арттыруға шоғырланған.

Алдағы уақытта Теңіз кен орнында өндіріс көлемін едәуір ұлғайту жоспарланып отыр, онда қазір Болашақ кеңейту жобасын толық жобалық қуатына шығару мақсатында өндірісті кезең-кезеңімен ұлғайту жүріп жатыр. Транскаспий бағытын дамыту үшін 2024 жылы наурыз айында ҚМГ мен SOCAR арасында мұнай тасымалдау көлемін кезең-кезеңімен ұлғайту туралы келісімге қол қойылды, бұл келісім Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбыры арқылы Қазақстан мұнайының транзитін жылына 2,2 млн тоннаға дейін ұлғайтуды көздейді.

жылына 2,2 млн тонна
2024 жылы Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбыры арқылы қазақстандық мұнайды тасымалдау көлемі өсті

Компания Каспий, Қара және Жерорта теңіздері арқылы теңіз бағыттарын белсенді дамытып жатыр. AD Ports Group компаниясымен бірлесіп, 2023 жылы сатып алынған Taraz және Liwa танкерлері 2024 жылы Ақтау-Махачкала бағыты бойынша 874 мың тонна мұнай тасымалдады.

874 мың тонна мұнай
2024 жылы Ақтау-Махчкала бағытымен тасымалданды

Елімізде тұтыну көлемі өседі деген болжамға сай, алдағы жылдарға ҚМГ өз алдына қойған басты міндеттердің бірі – Қазақстанның ішкі нарығын отандық мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету жөніндегі мәселені шешу болып отыр. Өз кезегінде, бұл мұнай өңдеу зауыттарының қазіргі қуатын ұлғайту қажеттілігіне алып келеді. Осыған байланысты Шымкент мұнай өңдеу зауытының қуатын 2030 жылға қарай 12 млн тоннаға дейін, яғни екі есеге арттыру жобасы іске асырылуда. Қазіргі уақытта жобалау алдындағы техникалық-экономикалық құжаттамаға түзету енгізу жұмыстары аяқталды. Сондай-ақ 2025 жылға қарай Caspi Bitum зауытының өңдеу қуатын 500 мың тоннаға, 1,5 млн тоннаға дейін ұлғайту күтілуде.

Өнім портфелін кеңейту

Өнім портфелін кеңейту жөніндегі стратегиялық міндеті аясында Компания ауқымды мұнай-газ-химия жобаларын жан-жақты іске асырып жатыр. Жобалар негізінен өсіп келе жатқан экспорт нарықтарына дайын өнімді сатуға бағытталған. Сонымен қатар ішкі нарықтың полипропилен мен полиэтиленге деген сұранысын толық өтеу жоспарда, бұл Қазақстанда аралас салаларды дамыту үшін қосымша экономикалық серпін береді.

Есепті жылы стратегиялық мақсатты орындаудың маңызды кезеңі – Полиэтилен жобасының құрылысын бастау және Газ сепарациялық кешен салу жобасы бойынша түпкілікті инвестициялық шешім қабылдау болды. Полиэтилен жобасының әлеуетті үлесін талдасақ, жылына 1 млн тоннаға дейін өнім экспорты кезінде жоба 2,5 млрд АҚШ долларына дейін экспорттық түсімді қамтамасыз ете алады, яғни елдің жалпы ішкі өнімнің 1,2%-ға дейін өсуіне ықпал етеді, сондай-ақ шағын және орта бизнестің дамуын ынталандырады.

1,2%
«Полиэтилен» жобасының арқасында елдің ЖІӨ әлеуетті өсімі

Сондай-ақ ҚМГ-ның басқа да мұнай-газ-химия жобалары бойынша біраз іс-шара атқарылды. Полиэтилентерефталат жобасы бойынша алдын ала техникалық-экономикалық негіздеменің нәтижелері мақұлданды, стратегиялық серіктесті іздеу жұмыстары жүріп жатыр. Карбамид жобасы бойынша CNPC компаниясымен бірлескен кәсіпорын құруға уағдаластыққа қол жеткізілді. «KMG PetroChem» ЖШС (ҚМГ-ның 100% еншілес компаниясы) және «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ арасында шикізат жеткізуге ниет білдіру туралы келісімге қол қойылды.

Тұрақты даму

2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу және парник газдары шығарындыларын 1990 жылғы деңгейден 15%-ға төмендету жөніндегі жаһандық климаттық мәселенің маңызын қолдай отырып, 2024 жылғы қарашада ҚМГ Директорлар кеңесі ҚМГ-ның 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму бағдарламасын бекітті. Бұл бағдарлама 2021 жылдан бастап 2031 жылға дейін қолданыста болған бағдарламаның орнына қабылданды. 2060 жылға дейін жаңартылған бағдарламада парник газдары шығарындыларын азайтудың үш сценарийі бар: шығарындыны 48%-ға төмендетудің шынайы сценарийі, шығарындыны 58%-ға дейін төмендейтін «жасыл» даму сценарийі және шығарындыны 64%-ға дейін азайтуды көздейтін терең декарбонизация сценарийі.

48%
2060 жылға қарай парниктік газ шығарындыларының ең төменгі пайызы

Аталмыш мақсаттарға қол жеткізу жөніндегі іс-шараларға жаңартылатын энергетиканы дамыту, метан менеджментін енгізу, көмірқышқыл газын тұту, сақтау және пайдалану жөніндегі жоба (CCUS), сутегі энергетикасын дамыту, тұрақты авиациялық отын (SAF) өндіру кіреді.

2024 жылы ҚМГ ESG-тәуекелдерін басқаруды Sustainalytics рейтинг агенттігі 32,8 балл деңгейінде бағалады. Компания ESG факторлары тарапынан айтарлықтай әсер ету қаупіне ұшырады. Sustainalytics компаниядағы ESG тәуекелдерін басқаруды «күшті» деп бағалады. Сонымен қатар ESG тәуекелдеріне ұшырауы «жоғары» деп бағаланды. Сарапшылардың пікірінше, ESG-тәуекелдерге ұшырау рейтингінің жоғары мәні сала бойынша орташа мәндерге, яғни мұнай-газ саласына тән тәуекелдерге сәйкес келеді.

Қаржылық тұрақтылық

Есепті жылдың қаржылық нәтижелері 2023 жылмен салыстырғанда басым оң өзгерісті көрсетеді. Таза пайда 18,1 %-ға, 1 094 млрд теңгеге және бос ақша ағымының көрсеткіші 21,8 %-ға, яғни 1 199 млрд теңгеге дейін өскен болса, компанияның кірісі мен EBITDA көрсеткіштері өзгеріссіз қалды деуге болады.

18,1%
2024 жылы таза пайданың өсімі

Борыштық жүктемені тиімді басқару аясында Компания 2024 жылы қыркүйекте өтеу мерзімі 2027 жылға белгіленген 750 млн. АҚШ доллары мөлшерінде облигацияларды мерзімнен бұрын ішінара өтеді. Нәтижесінде есепті жылдың соңында жалпы қарыз 2023 жылмен салыстырғанда теңгемен есептегенде 5,6 %-ға артып, ал доллармен 8,6%-ға төмендеп, 4,0 трлн теңгені немесе 7,6 млрд АҚШ долларын құрады.

ҚМГ үшін маңызды макроэкономикалық тәуекелдерге қарамастан, Компанияға жетекші рейтинг агенттіктері салыстырмалы түрде жоғары кредиттік рейтингтер берді: Moody's рейтингті «Baa2»-ден «Baa1»-ге дейін көтерді (болжам «Тұрақты»), Fitch «BBB» рейтингін растады (болжам «Тұрақты»).

ҚМГ-ның нарықтық капиталдандыруы туралы айтсақ, есепті жылдың соңында акциялардың құны 14 621 теңгеге жетіп, бір жыл ішінде 27%-ға өсті. Осылайша, компанияның жалпы капиталдандыруы 8,9 трлн теңгені немесе 17 млрд АҚШ долларын құрады. Төленген дивиденд мөлшерін ескерсек, 2024 жылы акционерлердің жиынтық табыс 31%-ды құрады, бұл ҚМГ-ның инвестициялық әлеуеті жақсы екенін көрсетеді.

Қорытынды

Есепті жылды қорытындылай келе, компания қызметкерлеріне, басшы құрамына, серіктестеріне және барлық мүдделі тараптарға еліміздің ұлттық мұнай-газ операторы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның дамуына қосқан зор үлесі үшін алғыс білдіремін. Есепті жылдың нәтижелері болашақта үлкен жетістіктердің бастауы болатынына сенімдімін.

Ернат Бердіғұлов,

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы



БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

> Компания өзінің өндірістік қызметінің оң тұрақтылығын қамтамасыз ете алды

Құрметті акционерлер, инвесторлар және серіктестер!

2024 жылы Компания Қазақстанның ұлттық мұнай-газ операторы ретінде стратегиялық бағытын ұстана отырып, өзінің өндірістік қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз етті және серпінді жобаларын іске асыруда бірқатар маңызды бастамаларды жүзеге асыра алды. Есепті 2024 жылы ҚМГ-ның бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы үлесін қоса алғанда, мұнай мен газ конденсатын өндіру көлемі 2023 жылмен салыстырғанда 1,3%-ға өсіп, 23,8 млн тоннаға жетті. Мұнайды құбыр және теңіз арқылы тасымалдаудың жиынтық көлемі 3,9%-ға өсіп, 83,5 млн тонна болды. Қазақстанның және Румынияның мұнай өңдеу зауыттарында көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі 19,2 млн тоннаны құрады.

Есепті жылы Brent маркалы мұнайдың орташа әлемдік бағасының 2,3%-ға және KEBCO маркасының бағасы 1,2%-ға төмендегеніне куә болдық. Бұл ретте басты қаржылық көрсеткіштердің динамикасы негізінен оң нәтиже көрсетті. Айталық, компанияның таза пайдасы 18,1%-ға артып, 1 094 млрд теңгені құраса, бос ақша ағымы көрсеткіші 1 199 млрд теңгеге жетіп, 21,8%-ға өсті. 2024 жылы маусым айында Компания өз акционерлеріне екінші жыл қатарынан 300 млрд теңге немесе бір жай акцияға шаққанда 491,71 теңге мөлшерінде рекордтық жоғары дивидендтер төледі.

Геологиялық барлау

Компанияның операциялық мұнай активтері портфелінде ескі кен орындарының үлесі көп екенін ескере отырып, ҚМГ өзі және халықаралық серіктестерімен ынтымақтастықта іске асырылып жатқан геологиялық барлау жобаларын жан-жақты дамытуда.

2024 жылы мамыр айының соңында Қызылорда облысында жобалық тереңдігі 5500 м Торғай палеозой барлау ұңғымасын бұрғылау басталды. Есепті жылдың қараша айының соңында «Татнефть» компаниясымен бірлесіп, Атырау облысында орналасқан Қаратон подсолевой учаскесінде жобалық тереңдігі 5 500 м барлау ұңғымасын бұрғылау жұмыстары басталды. Есепті жылы Ақтөбе облысында Қаражар жобасы бойынша барлау мен өндіруге келісімшарт қабылданды және желтоқсан айында тереңдігі 3 000 м іздеу ұңғымасын бұрғылау басталды. Сондай-ақ, есепті жылдың желтоқсан айында Атырау облысындағы Тайсойған жобасында іздеу ұңғымаларын бұрғылау басталды, онда геологиялық барлаудың бірінші кезеңі аясында тереңдігі 400 метрден 3800 метрге дейінгі сегіз іздеу ұңғымасын бұрғылау жоспарда. Жоғарыда аталған ұңғымаларды бұрғылау және оларға сынақ жүргізуді аяқтау 2025 жылға жоспарланған.



АСХАТ ХАСЕНОВ
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Басқарма төрағасы

6,4 млрд АҚШ доллары
Қаламқас-теңіз жобасының құны

Сонымен қатар құны 6,4 млрд АҚШ доллары тұратын Қаламқас-Теңіз ірі геологиялық барлау жобасы бойынша жұмыс едәуір ілгерілгенін айтып өткен жөн. Қазіргі кезде жобалық құжаттама (FEED, Front End Engineering Design кезеңі) әзірленіп жатыр. Бұл жоба Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан және «ЛУКОЙЛ» компаниясымен бірге іске асырылуда. Болжамды жылдық көлемі өндіру ісі қызған шақта 4 млн тонна мұнай немесе тәулігіне 80 мың баррель шамасында болмақ.

Жер қойнауын геологиялық зерттеу инвестициялық жобасы аясында Солтүстік Өзен, Жарқын, Болашақ (Маңғыстау облысы) және Березовский (Батыс Қазақстан облысы) учаскелерінде даладағы сейсмикалық барлау жұмыстары және деректерді өңдеу мен түсіндіру іс-шаралары аяқталды. Келісімшарттар алу және стратегиялық серіктестерді тарту іс-шаралары жоспарланып отыр, бұл ретте Болашақ учаскесі бойынша стратегиялық серіктес анықталып қойды.

Көмірсутек өндіру

Есепті жылы өндіру көлемі 1,3%-ға өсіп, 23,8 млн тоннаға жетті. 2023 жылмен салыстырғанда есепті жылы бұл көрсеткіштің өсуіне 2023 жылдың соңында Доңға кен орнын сатып алу, Өзенмұнайгазда өндіру көлемінің 221 мың тоннаға ұлғаюы, сондай-ақ Рожков кен орнында жаңа ұңғымаларды пайдалануға берудің нәтижесінде өндірістің 110 мың тоннаға артуы елеулі үлес қосты.

Теңіз кен орнындағы ірі инвестициялық жоба аяқталып қалды. 2024 жылы сәуірде Сағалық қысымды басқару жобасының нысандарын пайдалануға беру жұмыстары басталды, ал Болашақ кеңейту жобасы (БКЖ) 2025 жылы қаңтар айында жаңа үшінші буын зауытында шикі мұнай өндіріле басталды. Қазіргі уақытта Болашақ кеңейту жобасын толық қуатына шығару мақсатында өндірісті кезең-кезеңімен ұлғайту жүріп жатыр. ҚМГ үлесіне өсім 2,4 млн тонна мұнайды құрайды деп күтіледі.

1,3 %
2024 жылы көмірсутек өндірісінің өсуі

Ескі кен орындарында мұнай алу коэффициентін арттыру үшін озық технологиялар жан-жақты зерттеліп, өндіріске енгізіліп жатыр. Соның ішінде полимерлі суландыру, қабатты көп сатылы сумен жару әдісі, қабатты радиалды ашу және басқа да технологиялар бар. Оларды енгізу 25 жыл ішінде қосымша 60 млн тоннадан астам мұнай өндіруге мүмкіндік береді деп күтіледі, бұл ескі кен орындарды пайдаланудың экономикалық тиімділігін айтарлықтай өсіреді.

Мұнай тасымалдау

Компания қолданыстағы мұнай тасымалдау жүйелерінің жүктемесін арттыру, сондай-ақ экспорттық бағыттарды әртараптандыру жөніндегі жұмысты жалғастыруда.

55,7 млн тонна мұнай
Каспий құбыр консорциумы (ҚҚК) арқылы тасымалданды

2024 жылы Ақтау портынан Баку-Тбилиси-Джейхан бағытына қарай мұнай жөнелту көлемі 34%-ға артып, 1,4 млн тоннаға жетті. Сонымен қатар «Атырау-Самара» мұнай құбыры арқылы және одан әрі «Транснефть» құбырлары арқылы Германияға мұнай тасымалдау 1,5 млн тоннаға ұлғайды, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 50 %-ға көп. Бұл ретте Каспий құбыр консорциумының (ҚҚК) құбыры елдің басты экспорттық бағыты болып қала береді. Каспий құбыр консорциумы арқылы 2024 жылы Қазақстан мұнайының 55,7 млн тоннасы тасымалданды, бұл жалпы экспорт көлемінің 81%-ын құрайды.

Өңдеу және маркетинг

Есепті жылы ҚМГ-ның Қазақстандағы төрт мұнай өңдеу зауыты тұрақты жұмыс істеп, елдің ішкі нарығына жанар-жағармай материалдарын тұрақты жеткізе отырып, қамтамасыз етті. ҚМГ үлесіне есептегенде Қазақстанда бензин өндірісі 1%-ға артып, 4,3 млн тонна болса, дизель өндірісі 2,1%-ға өсіп, 4,4 млн тоннаға жетті.

2024 жылы үш мұнай өңдеу зауытында жеңіл мұнай өнімдерін өндіру көлемін 370 мың тоннаға ұлғайту бойынша біраз жұмыс атқарылды. Компания алдағы уақытта жеңіл мұнай өнімдерінің өндірісін одан әрі кеңейтуді жоспарлап отыр.

1 %
2024 жылы бензин өндірісінің өсуі

2,1 %
2024 жылы дизель өндірісінің өсуі

Шымкент мұнай өңдеу зауытының қуатын жылына 6 млн тоннадан 12 млн тоннаға дейін ұлғайту жобасы аясында жобалау алдындағы техникалық-экономикалық құжаттаманы түзету аяқталды, ал 2025 жылы техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу кезеңіне көшу жоспарда. Сондай-ақ, қазіргі уақытта жол битумын өндірісін жылына 750 мың тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік беретін Caspi Bitum зауытының өңдеу қуатын жылына 1 млн тоннадан 1,5 млн тоннаға дейін кеңейту жұмыстары жүріп жатыр. Жоба 2025 жылы аяқталады деп жоспарланып отыр.

Мұнай-газ химиясы

Арзан шикізат алу мүмкіндігін пайдаланып және мұнай-газ химиясы өнімдеріне жаһандық сұраныстың өсу болжамдарына сүйене отырып, ҚМГ бүкіл ел үшін мультипликативтік әсер әлеуеті жоғары болатын мұнай-газ химиясы бағытын жан-жақты дамытып жатыр.

2024 жылы өзара байланысты Газ сепарациялық кешен салу және Полиэтилен мұнай-газ химиясы жобалары бойынша түпкілікті инвестициялық шешімдер қабылданды. Есепті жылдың қыркүйек айында Атырау облысындағы арнайы экономикалық аймақ аумағында қуаты жылына 1,25 млн тонна және инвестиция көлемі шамамен 7,4 млрд АҚШ доллары болатын полиэтилен өндіретін зауыттың ерте құрылыс жұмыстары басталды. Бүгінгі таңда пиролиз, полимерлеу, логистикалық кешен қондырғыларының аумақтарында инженерлік дайындық іс-шаралары аяқталды, зауыттың жалпы шаруашылық нысандар алаңдарында жұмыс жалғасуда.

KPI интеграцияланған газ-химия кешені есепті жылы жалпы көлемі 249 мың тонна полипропиленнің 10 маркасын шығарды, оның 230 мың тоннасы Қытайға, Еуропаға, Түркияға және Ресейге экспортқа жөнелтілді. Ішкі нарыққа өнім жеткізудің нәтижесінде өнім импорты 2023 жылғы 34%-бен салыстырғанда 17%-ға дейін төмендеді.

Жоғарыда аталған жобаларға қосымша ретінде, сондай-ақ ҚМГ мүмкіндігін дамыта отырып, мұнай-газ-химия секторында тағы екі жоба жүзеге асырылмақ. Біріншісі – ішкі нарық үшін де, экспорт үшін де азот тыңайтқыштарын жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған қуаты жылына 1 млн тонна карбамид өндіретін зауыт салу. Екінші жоба – қуаты жылына 735 мың тонна полиэтилентерефталат өндіретін зауыт, ол терефтал қышқылының импортына тәуелділікті төмендетуге және ішкі нарықты өніммен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Тұрақты даму

ҚМГ жаһандық бастамаларды қолдай отырып, тұрақты даму және өндірістегі көміртегі сыйымдылығын үдемелі төмендету бағытындағы жұмысты күшейтеді. Компания жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) саласындағы жобаларды белсенді дамытуда. 2024 жылы шілде айында Eni-мен бірлесіп, қуаты 247 МВт гибридті электр станциясының құрылысы басталды, ал желтоқсан айында күн электр станциясының аумағында ерте құрылыс жұмыстары аяқталып, негізгі жабдықты орнату бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары басталды. Жоба 2026 жылдың соңына дейін толық аяқталады деп күтіледі.

Жаһандық климаттық күн тәртібі аясында және ҚМГ-ның көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі ұлттық мақсаттарды қолдау үшін 2031 жылға қарай CO_2 шығарындыларын 15%-ға және 2060 жылға қарай 2019 жылғы деңгейден 64%-ға қысқартуды көздейтін төмен көміртекті дамудың 2060 жылға дейінгі жаңартылған бағдарламасы қабылданды. Бағдарламаны іске асыру энергия тиімділігін арттыру, ЖЭК дамыту, метан шығарындыларына мониторинг жүргізу және басқа да негізгі бағыттарды көздейді.

2023 жылы желтоқсанда ҚМГ OGMP 2.0 (The Oil & Gas Methane Partnership) мұнай-газ компаниялары деңгейінде метан шығарындылары бойынша есеп беру жөніндегі бастамаға қосылғанын, ал 2024 жылы мамырда OGMP 2.0 платформасында метан шығарындылары бойынша өзінің алғашқы есебін тапсырғанын атап өткен маңызды.

ҚМГ қызметкерлерінің қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге және өз жұмысын жүргізетін өңірлердегі халықтың денсаулығын қорғау мәселесіне ерекше көңіл бөледі. Есепті жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиға салдарынан зардап шеккендердің саны 28%-ға, жол-көлік оқиғаларының саны 68%-ға төмендеді.

1 995 млрд теңге
салық төленді

Салық төлеу міндеттемелері туралы айтсақ, Компания бірлескен кәсіпорындарды қоса алғанда, 2024 жылы ел бюджетіне салық және басқа да міндетті төлемдер түрінде 1 995 млрд теңге аударды. Сонымен қатар, ҚМГ бірқатар әлеуметтік маңызды жобаларды іске асырды, соның ішінде Орал қаласында 1200 адамға арналған көрермен трибунасы бар, жалпы ауданы 20 мың шаршы метрден асатын көпфункционалды спорт кешені. Заманауи кешеннің ашылу салтанаты есепті жылдың желтоқсан айында өтті. Жобаны жалпы құны 19,9 млрд теңге болды.

Қорытынды

Сөзімді қорытындылай келе, біріншіден компаниямыздың әрбір қызметкеріне және ортақ ісімізге бей-жай қарамай, жасампаз ісімен үлес қосқан барша жанға алғыс білдіремін. Ұлттық компанияның ұжымы 2024 жылы елеулі нәтижелерге қол жеткізе алды және болашақта біз бұдан да үлкен істерді атқаратынымызға сенімдімін.

Асхат Хасенов,

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Басқарма төрағасы

СТРАТЕГИЯ

НАРЫҚҚА ШОЛУ

Жаһандық тенденциялар және олардың ҚМГ даму стратегиясын іске асыруға ықпалы

2024 жылы әлемдік мұнай-газ саласы көптеген факторларға тәуелді болды, олар ҚМГ қызметіне елеулі ықпал етті.

Басты трендтер:

1. ОПЕК+ шешімі
2. Қытайда экономикалық өсімнің баяулауы
3. АҚШ-та тақтатас мұнайын өндіру көлемінің өсуі
4. геосаяси шиеленіс
5. декарбонизация және төмен көміртекті экономикаға көшу
6. мұнай-газ химиясы бағытының дамуы
7. киберқауіпсіздік пен цифрландыру



Мұнай өндіруге қатысты ОПЕК+ шешімі

2024 жылы ОПЕК+ елдерінің шешімдері әлемдік мұнай нарығының динамикасына айтарлықтай әсер етуді жалғастырды. Мұнай өндіруді шектеу бойынша жалпы саясатқа қарамастан, Қазақстан ОПЕК+ мүшесі ретінде келісімдер аясында өндірісті 1,5%-ға қысқарту жөнінде міндеттеме алды, бұл тәулігіне шамамен 1,64 млн баррельді құрады (2023 жылғы өндіру көлемі — тәулігіне 1,66 млн баррель).

S&P Global мәліметтеріне сәйкес бұл шаралар 2024 жылдың бірінші жарты жылында Brent маркалы мұнай бағасын барреліне 70–85 АҚШ доллары аралығында ұстап тұруға мүмкіндік берді. Алайда екінші жартыжылдықта ОПЕК+ ұйымына мүше жекелеген елдердің бастамасымен өндіріс көлемін біртіндеп өсіру бағаны жыл соңына дейін барреліне 75 АҚШ долларына дейін төмендетті.

Дереккөз: S&P Global Commodity Insights, 2024.

ҚМГ-ға ықпалы

ҚМГ мұнай-газ жер қойнауын пайдаланушысы ретінде өндірістік квоталарға және оларды орындау тәртібіне қатысты салаға жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі белгілеген қағидаларды сақтап орындайды. Қазақстан ОПЕК + келісімін ұстанады және үкімет директиваларына сәйкес өндіруді басқарады. Энергетика министрлігінің мәлімдемесіне сәйкес, Қазақстан өндіру көлемінен асып кеткені үшін өтемақы төлеу қажеттігін мойындайды және ОПЕК+келісімі аясында міндеттемелерді орындауға өз бейілділігін растайды.


Қазақстан үшін 2024, 2025 және 2026 жылдарға арналған ОПЕК+ квоталарын бөлу, тәулігіне млн баррель



Дереккөз: Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі



2024-2025 жылдары ОПЕК+ жалпы квотасын бөлу, тәулігіне млн барр.



Дереккөз: ОПЕК

Қытайда экономикалық өсімнің баяулауы

Қытайдың ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, ел экономикасы 2024 жылы 5% өсімді көрсетіп, үкімет белгілеген мақсатты көрсеткішке жетті. Төртінші тоқсанда ішкі жалпы өнімнің өсуі жылдық есепте 5,4%-ға дейін артты, бұл соңғы бір жарым жыл ішіндегі ең жоғары көрсеткіш болды. Бұл өсуге ықпал еткен негізгі факторлар өнеркәсіптік өндірістің кеңеюі және экспорт көлемінің ұлғаюы болды. Алайда ішкі сұраныс әлі де әлсіз болды: бөлшек сауда бір жылда тек 3,5%-ға өсті, ал инфляция 0,2%-ды құрады, бұл халықтың тұтыну белсенділігі төмен екенін көрсетеді. Сонымен қатар жылжымайтын мүлік секторына құйылатын инвестиция 10,6%-ға қысқарып, алдыңғы жылдардағы үрдісті жалғастырды.

Осылайша, өсімнің мақсатты көрсеткішіне жеткеніне қарамастан, Қытай экономикасы тұтынушылар тарапынан сұраныстың аз болуы және жылжымайтын мүлік секторының құлдырауы сияқты ішкі проблемаларға тап болуда, бұл Қытайға импорттаушылардың кірісіне кері әсер етеді.

Нақты ішкі жалпы өнімнің өсу қарқынының төмендеуі, құрылыс индустриясындағы проблемалар және өнеркәсіптік белсенділіктің төмендеуі мұнайға деген сұраныстың төмендеуіне әкелді. 2024 жылы бұл көрсеткіш небәрі 0,8%-ға өсті, ал 2025 жылы 1,3%-ға өседі деп күтілуде. Бұл электр көлігінің танымалының артуына және жүк көлігінің сұйытылған табиғи газға көшуіне байланысты. Қытайдың ең ірі мұнай-химия компаниясы Sinopec-тің болжауынша, 2027 жылға қарай елдегі мұнай тұтынудың ең қызған шағы кезінде тәулігіне 16 млн баррельге жетеді. Бұдан кейін сұраныстың біртіндеп төмендеуі күтіледі. Қытайда электромобильдерді пайдалану ауқымының тез таралуы бензин мен дизельге деген сұранысты айтарлықтай төмендетуде. 2025 жылдың соңына қарай бензинге сұраныс 2021 жылдың ең жоғары деңгейімен салыстырғанда 6,4%-ға төмендейді деп күтілуде.

Бұл тенденциялар Қытайдың мұнайға деген сұранысында құрылымдық өзгерістер бар екенін көрсетеді, яғни бұл жаһандық мұнай нарығына ұзақ мерзімді ықпал етуі мүмкін.

Дереккөз: Қытайдың Ұлттық статистика бюросы, Дүниежүзілік банк, WSJ.com, Reuters.com.

ҚМГ-ға ықпалы


Қытайға ҚМГ экспортының үлесі әлі де шамалы болса да, Қытайдағы экономикалық өсімнің баяулауы мұнайдың әлемдік бағасының төмендеуі арқылы кКмпанияға жанама ықпал етеді. Қытайдағы ішкі сұраныстың төмендеуі және құрылыс саласындағы қиындықтары мұнайға деген жаһандық сұраныстың төмендеуіне әкелді, бұл өз кезегінде ҚМГ-ның экспорттық кірісіне қысым жасайды.

Қытайдың экономикалық болжамы

Көрсеткіш	2023	2024П	2025П	2026П
ІЖӨ нақты өсуі (%)	5,2	4,9	4,5	4,0
Тұтыну бағаларының индексі (жылдық орташа өзгеріс, %)	0,2	0,4	1,1	1,6
Ішкі шоттың сальдосы (% ІЖӨ)	1,4	1,6	0,9	0,2

Дереккөз: Дүниежүзілік банк.

Қытайда мұнай өнімдеріне сұраныстың өсуі,
күніне млн баррель



Геосаяси шиеленіс және оның әлемдік мұнай-газ саласына ықпалы

2024 жылы геосаяси қақтығыстар әлемдік мұнай нарығына айтарлықтай әсер етуді жалғастырды. S&P Global мәліметі бойынша, Таяу Шығыстағы қақтығыстың күшеюі және Ресейге қарсы санкцияларды ұзарту мұнай тасымалында уақытша іркілістерге әкелді, бұл үшінші тоқсанда мұнай бағасының барреліне 89 АҚШ долларына дейін өсуіне ықпал етті.

Таяу Шығыстағы қақтығыстың күшеюі Иран мен Ирактың қоса алғанда, аймақтың негізгі экспорттаушы елдерінен мұнай жеткізудің іркілістеріне әкелді. Мұнай инфрақұрылымына жасалған шабуылдар, санкциялардың күшеюі және әлемдегі мұнай тасымалының шамамен 20%-ы өтетін стратегиялық маңызды бағыт — Ормуз бұғазы арқылы жүретін кемелер қатынасының кідірісі мұнай бағасының өсуіне ықпал етті.

Сонымен қатар хуситтер сауда кемелеріне бірнеше рет шабуыл жасаған Қызыл теңіздегі шиеленістер ірі мұнай трейдерлері мен жүк тасымалдау компанияларын маршруттарды қайта қарауға мәжбүр етті. Бұл мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдау құнын жоғарылатып, бағаның құбылмалы болуына да әсер етті.

Ресейге қарсы санкцияларды ұзарту және қатайту, оның ішінде оның мұнайы мен мұнай өнімдерінің экспортына шектеулер әлемдік мұнай жеткізу құрылымының өзгеруіне әкелді. Ресей баламалы сату нарықтарын (ең алдымен Қытай мен Үндістан) тапқанымен, санкциялар баламалы жеткізу көздеріне сұранысты арттыра отырып, әлемдік мұнай логистикасына әсер етті.

Ресейлік «көлеңкелі» танкерлер флотының жұмысына қосымша енгізілген шектеулер және G7 елдері тарапынан баға шектеулері ресейлік экспорттаушыларды ұзақ бағыттарды пайдаланып, жеткізудің айналып өту жолдарын қолдануға мәжбүр етті, бұл да жаһандық деңгейде логистика құнын арттырды.

Аталмыш факторлардың нәтижесінде 2024 жылдың үшінші тоқсанында Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы барреліне 89 АҚШ долларына жетті, бұл жылдағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі болды. Алайда жылдың екінші жартысында ОПЕК+ елдерінде өндірістің өсуіне және АҚШ-тан мұнай жеткізу көлемінің өсуіне байланысты бағалар төмендей бастады.

ҚМГ-ға ықпалы

Қазақстан мен ҚМГ үшін мұнай бағасының құбылмалы болуынан басқа, мұндай жағдайлар экспорттық бағыттарды әртараптандыру қажет екенін көрсетіп отыр. 2024 жылы наурызда SOCAR компаниясымен Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбыры арқылы Қазақстан мұнайының транзитін жылына 2,2 млн тоннаға дейін ұлғайтуды көздейтін, мұнай тасымалдау көлемін кезең-кезеңімен ұлғайтуға қатысты келісімге қол қою маңызды белес болды. 2024 жылы ҚМГ Транскаспий бағыты бойынша жөнелтілген мұнай тасымалдау көлемін 34%-ға ұлғайтты, яғни 1,4 млн тоннаны құрады.

Дереккөз: S&P Global, 2024; Халықаралық энергетика агенттігі (IEA).

АҚШ-та тақтатас мұнайын өндіру көлемінің өсуі

АҚШ өндірушілері мұнай өндіруді өткен жылмен салыстырғанда 10%-ға арттырды, бұл жаһандық ұсыныстың артуына және сыртқы нарықтағы бәсекелестіктің артуына әкелді. АҚШ Энергетика министрлігінің Энергетикалық ақпарат басқармасының (EIA) мәліметтері бойынша, 2024 жылы АҚШ-та тақтатас мұнайын өндіру тәулігіне 13,4 млн баррель рекордтық деңгейге жетті, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 2,3%-ға көп.

2005 жылдан бастап 2024 жылға дейін АҚШ-та сұйық көмірсутектер өндірісі айтарлықтай өсті, бұл жаһандық мұнай нарығына едәуір әсер етті. 2005 жылы орташа тәуліктік өндіріс шамамен 5,2 млн баррельді құрады, ал 2024 жылға қарай рекордтық көрсеткішке жетті (тәулігіне 13,4 млн баррель). Бұл өсім қабатты сумен жару және көлденең бұрғылау технологияларының дамуына байланысты, бұл тақтатас кен орындарын тиімді игеруге мүмкіндік берді.


АҚШ-та мұнай өндірудің артуы әлемдік ұсыныстың өсуіне әкелді, бұл бағаларға қысым жасап, халықаралық нарықтағы бәсекелестікті күшейтті. Бұл жағдай әлемдік мұнай нарығында айтарлықтай өзгерістерге, соның ішінде сауда ағымдарын қайта бөлуге және баға динамикасының өзгеруіне әкелді. Сонымен қатар американдық тақтатас мұнайының бағалар өзгерісіне жоғары деңгейде икемді болуы АҚШ-қа нарықтағы ауытқуларға тез бейімделуге мүмкіндік береді, бұл басқа өндірушілер үшін жоспарлау процесін қиындатады.

ҚМГ-ға ықпалы

АҚШ-та тақтатас мұнайын өндірісінің ұлғаюы ҚМГ үшін сыртқы нарықтағы бәсекелестіктің күшеюін және экспорттық бағаларға қысымды білдіреді. 2024 жылы американдық мұнай экспортының ұлғаюы әлемдік нарықтың тепе-теңдігін бұзды, бірақ оның әсері Қытай экономикасы өсуінің баяулауымен және негізгі аймақтардағы геосаяси шиеленістің күшеюімен ішінара бейтараптандырылды. Бұл қарсы әрекет ететін факторлар мұнайдың орташа бағасын салыстырмалы түрде тұрақты деңгейде ұстауға ықпал етті.

Осылайша, АҚШ-та тақтатас мұнайын өндірудің үздіксіз өсуі ҚМГ-дан операциялық тиімділікті арттыруға және шығындар құрылымын оңтайландыруға мән бере отырып, әлемдік нарықтағы позицияларды ұстап тұру үшін стратегияларды бейімдеуді және тиімділікті арттыруды талап етеді.

Жылына орташа өндіру көлемі,
күніне мың баррель



Дереккөз: АҚШ-тыңЭнергетикалық ақпарат басқармасы (EIA)



Декарбонизация және төмен көміртекті экономикаға көшу

Басқа энергия көздеріне жаһандық көшу жалғасып жатыр, ол экономиканың бұдан да көп салаларын қамтуда және дәстүрлі көмірсутектер сұранысына әсер етуде. 2024 жылы энергетикалық көшуге құйылған әлемдік инвестиция көлемі рекордтық 2 трлн АҚШ долларына жетті, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 11%-ға артық.

Негізгі бағыттар:
- электрлендірілген көлік түрлері, оған құйылған инвестиция 14%-ға өсіп, 720 млрд АҚШ долларына жетті.
- 680 млрд АҚШ доллары инвестиция алған (+9%) жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК).
- көміртекті тұту және сақтау технологиялары (CCUS[1]) және сутегі энергетикасы, оларға қызығушылық климаттық саясаттың қатаюы аясында артып келеді.

Қытай, ЕО және АҚШ жаңа энергия көздеріне ауысуда көш бастап тұр:
- Қытай 750 млрд АҚШ доллары инвестиция құйды, бұл әлемдік инвестициялардың 37% құрайды,
- Еуропалық одақ 420 млрд АҚШ доллары көлемінде салды, бұл ретте көміртекті көп қажет ететін энергия ресурстарынан бас тартуға бағытталған REPowerEU[2] жоспары басты рөл атқарды,
- АҚШ 310 млрд АҚШ доллары инвестиция мөлшерімен үшінші орынға тұрақтады, бұл қаражат электромобильдер мен CCUS технологиялары үшін инфрақұрылымды дамытуға жұмсалмақ.

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап ЕО-да климаттың өзгеруімен күресу және парник газдары шығарындыларын азайту үшін әзірленген трансшекаралық көміртекті реттеу механизмінің бірінші кезеңін (CBAM) бастады, ол 2026 жылға қарай мұнай өнімдері мен энергияны қажет ететін басқа да тауарларға таралады. Ұлыбритания мен Канада осыған ұқсас шараларды әзірлеу үстінде, ал Қытай CO_2 шығарындыларына квота саудасының жаңа жүйесін енгізуде. 2024 жылы тамызда Еуропалық одақ энергетика саласындағы метан шығарындыларын (шикі мұнай, газ және көмір) азайту жөніндегі регламент қабылдады.

Сонымен қатар G7 елдері көміртекті көп қажет ететін жобаларды қаржыландыруды одан әрі шектеуге келісті, бұл дәстүрлі мұнай-газ активтеріне капитал тарту мүмкіндігін азайтады. Институционалдық инвесторлар, соның ішінде ең ірі дербес қорлар мен даму банктері, көміртегі сыйымдылығы жоғары компанияларға инвестиция құюға шектеу енгізуде.

ҚМГ-ға ықпалы

1. ЕО-да көміртекті реттеу

CBAM көміртекті реттеуді енгізу дегеніміз 2026 жылдан бастап ЕО-ға экспорттайтын мұнай өнімдері көміртегі бағасын белгілеуге тап болатынын көздейді. Алдын ала бағалаулар бойынша қосымша көміртегі төлемдері мұнай мен мұнай өнімдерінің тоннасы үшін 20–30 АҚШ долларын құрауы мүмкін, бұл ҚМГ экспортының құнын арттырады және оның еуропалық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді.


ҚМГ жауап ретінде:
- Азия мен Орталық Азияға экспорттық бағыттарды әртараптандыру мүмкіндіктерін зерттеуде;
- еуропалық серіктестермен көміртегі шығындарын өтеудің ықтимал тетіктеріне қатысты келіссөздер жүргізіп жатыр;
- көміртегі үшін төлемдерді азайту мақсатында мұнай өңдеу зауыттарының көміртегі ізін оңтайландырады;
- 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму бағдарламасын бекітті, ол мыналарды қамтиды:
  - өндіріс активтерінде көміртекті тұту және сақтау (CCUS) технологияларын енгізу,
  - CO_2 шығарындыларын азайту мақсатында мұнай өңдеу зауыттарын жаңғырту,
  - ЖЭК жобаларын дамыту және өндіру активтерін энергиямен қамтамасыз етуді декарбонизациялау.

2. Қаржы сын-қатерлері және капиталдың болуы


Көміртекті көп қажет ететін жобаларды қаржыландырудан бас тартудың жаһандық тренді ҚМГ-ның жасыл қаржыландыруға қол жеткізуін қиындатады.

ҚМГ жауап ретінде:
- төмен көміртекті жобаларды қолдау үшін ESG-инвесторларды белсене тартуда,
- бірлескен кәсіпорындар базасында жасыл облигацияларды орналастыру мүмкіндігін жоққа шығармайды,
- метан шығарындыларын азайту жөніндегі OGMP 2.0 халықаралық бастамаларға қатысады, бұл компанияның инвестициялық тартымдылығын арттырады.
- жаңартылатын энергетика саласындағы ең ірі жобаны – Жамбыл облысында қуаты 1 ГВт «Мирный» жел электр станциясын іске асырып жатыр, оның бірінші кезеңін 2027 жылы аяқтау жоспарда.
  - жоба энергияны сақтау жүйелерін (BESS) пайдалануды көздейді.
  - жылына 3,2 млрд кВт·сағ астам электр энергиясын өндіру.
  - CO_2 шығарындыларын жыл сайын 2 млн тоннаға азайту.

Секторлар бойынша энергетикалық көшуге құйылатын жаһандық инвестициялар, млрд АҚШ доллары.



Экономика/блоктар бойынша энергетикалық көшуге құйылатын жаһандық инвестициялар, млрд АҚШ доллары.



Дереккөз: BloombergNEF, Energy Transition Investment Trends 2024; Еуропалық комиссия.

[1] Carbon capture, utilization and storage. (CCUS) — бұл шығарындылары қысқарту технологиялары, олардың бүкіл энергетика жүйесінде пайдалануға болады.
[2] Еуропалық комиссияның 2030 жылға дейін ресейлік қазба отындарын тұтынудан бас тарту жоспары. Қазба отындарын ауыстыру үшін жоспарда энергияны үнемдеу, энергия көздерін әртараптандыру және жаңартылатын энергия көздерін кеңінен пайдалану жөніндегі іс-шаралар көзделген.
[3] Carbon Border Adjustment Mechanism (CBAM) — импортты көміртекке қатысты түзету тетігі.

Әлемде мұнай-газ химиясының дамуы

Дүниежүзі бойынша экономикалық өсудің баяулауына қарамастан, әлемдік мұнай-газ химиясының нарығы кеңейіп жатыр.

Research Nester мәліметі бойынша, 2024 жылы әлемдік полимерлер нарығының көлемі 760,36 млрд АҚШ долларынан асып түсіп, 2037 жылға қарай 1,51 трлн АҚШ долларына жетеді деп күтілуде, бұл 2025-2037 жылдар аралығындағы 5,4%-ға тең орташа жылдық өсу қарқынына (CAGR) сай келеді.

IEA мәліметі бойынша, полиэтилен мен полипропилен сияқты полимерлерге сұраныс алдыңғы жылмен салыстырғанда 3,8%-ға өсіп, 335 млн тоннаға жетті. Бұл көрсеткіштің өсуінің негізгі драйверлері Қытай мен Үндістан болды, оларға жаһандық тұтынудың 50%-дан астамы тиесілі. Mordor Intelligence мәліметі бойынша, пропилен нарығының өсуі 2029 жылға қарай 121,81 млн тоннаны құрайтын болады, бұл 2024-2029 жылдар аралығындағы 5,78%-дық орташа жылдық өсу қарқынына сай келеді.


Полиэтилен мен полипропилен сұранысының өсуіне әсер ететін негізгі факторлар:

- орау, буып-түю өнеркәсібі: электрондық коммерцияның өсуі және тұтынушылар қалауының ыңғайлы әрі икемді қаптамаға бет бұруы осы полимерлерге сұранысты ынталандырады.
- автомобиль өнеркәсібі: жанармай тиімділігін арттыру үшін көлік құралдарының салмағын төмендетуге ұмтылу автомобиль компоненттерін өндірісінде пластмассаларды, соның ішінде полиэтилен мен полипропиленді пайдалану көлемінің артуына әкеледі.
- құрылыс секторы: құрылыс көлемінің ұлғаюы, әсіресе дамушы елдерде, осы полимерлерді түрлі құрылыс материалдары мен бұйымдарында қолданудың өсуіне ықпал етеді.

ҚМГ-ға ықпалы

Мұнай-газ химиясын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында ҚМГ 2022 жылдың соңында іске қосылған өзінің KPI зауытында полипропилен өндірісінің көлемін 249 мың тоннаға дейін (өсім 12%) ұлғайтты. 2024 жылы қуат жылына 1,25 млн тонна болатын полиэтилен өндіретін ауқымды зауыттың құрылысы басталды, бұл Қазақстанның Орталық Азия өңіріндегі негізгі ойыншы ретіндегі позициясын нығайтуға мүмкіндік береді. Компанияның бұл ауқымды мұнай-газ-химия жобалары негізінен өсіп келе жатқан экспорттық нарықтарға дайын өнімді сатуға арналған. Сонымен қатар ішкі нарықта полипропилен мен полиэтиленге сұранысты толық өтеу жоспарланып отыр, бұл Қазақстанда іргелес салаларды дамыту үшін қосымша экономикалық серпін береді.

Дереккөз: Халықаралық энергетика агенттігі (IEA); BloombergNEF, 2024; Research Nester; Mordor Intelligence.



Киберқауіпсіздік және цифрландыру

Deloitte есебіне сәйкес, 2024 жылы мұнай-газ саласына жасалған кибершабуылдар алдыңғы жылмен салыстырғанда 37%-ға артты. Мұнай құбырлары мен автоматтандыру жүйелерін қоса алғанда, маңызды инфрақұрылымға жасалған шабуылдар басты сын-қатер болды. Сәтті жасалған шабуылдар деректердің таралуына, өнеркәсіптік тыңшылыққа, құны қымбат жабдықтың істен шығуына және технологиялық процестердің бұзылуына әкелуі мүмкін. Саладағы деректердің таралуынан болатын орташа шығын бір компанияға шаққанда 3,86 млн АҚШ доллары мөлшерінде бағалануда.

Киберқауіпсіздік бойынша білікті мамандардың жетіспеушілігі мәселені ушықтырады. Компаниялардың тек 13%-ы ғана заманауи технологияларды белсенді түрде енгізуде немесе цифрлық трансформациялау стратегиясын қабылдады, қызметкерлердің тек 3,5%-ы ғана қажетті талаптарға толық сәйкес келеді. Киберқауіпсіздік саласындағы мамандардың әлемдік тапшылығы шамамен 4,07 млн адамға жетіп отыр.

Цифрлық трансформация мұнай-газ нарығының жетекші компаниялары үшін дамудың негізгі бағытына айналды. Жасанды интеллект, машиналарды оқыту, үлкен дерек қоры және қондырғылардың цифрлық көшірмелері сынды цифрлық технологияларды енгізу өнімділікті, қауіпсіздікті арттыруға және шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Мысалы, инженерлік тренажерлерді пайдалану өндіріс процестерін нақты уақыт режимінде модельдеуге, жоспарларды жедел реттеуге және жабдықтың ықтимал ақауларын болжауға көмектеседі.

ҚМГ-ға ықпалы

ҚМГ қазіргі заман жағдайында киберқауіпсіздік пен цифрландырудың маңызын жақсы түсінеді. Компания өз операцияларының тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыру үшін озық цифрлық шешімдерді барынша енгізіп жатыр. Бұдан басқа, ҚМГ компанияның маңызды инфрақұрылымы мен деректерін қорғауға бағытталған киберқауіпсіздікті күшейту жөніндегі кешенді бағдарламаны іске асыруда. Бұл шаралар бағдарламалық жасақтаманы үнемі жаңартып отыруды, заманауи қорғаныс құралдарын енгізуді және қызметкерлерді оқытуды қамтиды.

Осылайша, ҚМГ цифрлық трансформация және өсіп келе жатқан киберқауіптер жағдайында өзінің өндірістік процестерінің сенімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, әлемдік үрдістерге сай болуға ұмтылады.

Дереккөз: Deloitte, Oil & Gas Cybersecurity Report 2024; Innostage Cyber Roadshow 2024.



Мұнай бағасының динамикасы

2024 жылы әлемдік мұнай нарығы экономикалық, геосаяси және технологиялық факторлардың үйлесуіне байланысты айтарлықтай құбылмалы болды.

Жыл бойы Brent маркалы мұнай бағасы бареллеге 70–85 АҚШ доллары аралығында құбылып тұрды. Бірінші жартыжылдықта бағаның өсуі байқалып, үшінші тоқсанда бареллеге 86 АҚШ долларына жетті, бұл ЭЫДҰ[1] елдеріндегі сұраныстың маусымдық өсуіне және мұнай қорының төмендеуіне байланысты болды. Алайда жыл соңына қарай баға ұсыныстың ұлғаюына және сұраныстың төмендеуіне байланысты бареллеге 75 АҚШ долларына дейін төмендеді.

Сарапшылардың болжамдары


1. J.P. Morgan[2]: Brent мұнайының орташа бағасы 2025 жылы бареллеге 73 АҚШ доллары болады деп күтеді, жыл соңына қарай 70 АҚШ долларынан төмен түсуі мүмкін. Бұл болжам бойынша ұсыныстың тәулігіне 1,3 млн баррель деңгейінде артық болуымен байланысты.

2. Bank of America[4]: Bank of America Global Research 2025 жылға арналған Brent маркалы мұнай бағасының болжамын бареллеге 80 АҚШ долларынан 75 АҚ долларына дейін төмендетті, оны жаһандық сұраныстың, әсіресе Қытайдың әлсіреуіне және әлемдік мұнай қорының ұлғаюына сілтеді.

3. Morgan Stanley[3]: 2025 жылдың екінші жартыжылдығында Brent-тің күтілетін бағасын бареллеге 70 АҚШ долларына дейін көтеру арқылы өз болжамын қайта қарады, бұл ОПЕК+-тің мұнай өндіруді жоспарлы ұлғайтуды кейінге қалдыру және баяулату туралы шешіміне байланысты.

4. Goldman Sachs[3]: санкциялар мен геосаяси шиеленістердің салдарынан жеткізу көлемдерінің ықтимал төмендеуіне байланысты мұнай бағасының бареллеге 93 АҚШ долларына дейін өседі деп болжайды. Алайда банктің негізгі болжамы бойынша 2025 жылы орташа баға бареллеге 78 АҚШ доллары деңгейінде болмақ.


2023-2030 жылдары өңірлер бойынша мұнайға әлемдік сұраныс, тәулігіне млн барр.



Дереккөз: ХЭА

1 Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
2 2024 жылғы қарашадағы болжам
3 2024 жылғы желтоқсандағы болжам
4 2024 жылғы қыркүйектегі болжам

Brent маркалы мұнай бағасына нақты мәндегі болжам (2024 ж. бағалары), барреліне АҚШ долл.



Дереккөз: мұнай компанияларының, сараптамалық агенттіктер мен инвестициялық банктердің мәліметтері

Ішкі драйверлер және олардың Даму стратегиясын іске асыруға ықпалы[1]

2024 жылы Қазақстанның мұнай-газ саласының дамуы

Мұнай-газ индустриясы Қазақстан экономикасының негізгі секторы болып қала береді, оған көлік, өндіруші нысандардың құрылысы және геология сияқты аралас салаларды қоса алғанда, ІЖӨ-нің шамамен 17%-ы тиесілі.

Өндіру

87,7 млн тонна
2024 жылы өндірілген мұнай көлемі

2024 жылы мұнай өндіру көлемі 87,7 млн тоннаны құрады, бұл 2023 жылғы деңгейден (89,9 млн тонна) 2,5%-ға төмен. Өндіру көлемінің азаюы Теңіз, Қарашығанақ және Қашаған сияқты ірі кен орындарында жөндеу жұмыстарына уақытша тоқтауымен байланысты.

2024 жылы мұнай және газ конденсатын экспорттау көлемі 68,6 млн тоннаны құрап, 2023 жылмен (70,5 млн тонна) салыстырғанда 2,8%-ға азайды, бұған өндіру көлемінің тиісті төмендеуі себеп болды.

Соңғы онжылдықтарда өндіріс орындарының көбеюі Қазақстанның көмірсутектің әлемдік нарығындағы позициясын едәуір нығайтты. U.S. Energy Information Administration (EIA) мәліметі бойынша Қазақстанда дәлелденген мұнай қоры 30 млрд баррельді құрайды, бұл көрсеткішке сай ол әлем бойынша 12-ші орында тұр. Табиғи газға қатысты Халықаралық энергетика агенттігінің (IEA) сол есебінен Қазақстан 2024 жылы 58,9 млрд текше метр өндіру көлемімен табиғи газ қоры (2,4 трлн текше метр) бойынша әлемде 15-ші орынды иемденеді.

ҚМГ позициясы

ҚМГ Қазақстанда мұнай мен конденсат өндіруде жетекші орынға ие. 2024 жылы компанияның мұнай және конденсат өндіру сегментіндегі үлесі 27%-ды, ал газ өндіру сегментіндегі үлесі 16%-ды құрады.

2024 жылы Қазақстанда мұнай мен конденсат өндіру, млн тонна



27,8 Теңізшевройл	12,2 Қарашығанақ	5,1 ОМГ	2,5 CNPC-Ақтөбемұнайгаз
17,4 Қашаған	6,2 ММГ	2,8 ЕМГ	13,7 Басқалары

[1] Даму стратегиясы (бұдан әрі – Стратегия).

Мұнай тасымалдау

Қазақстанда әлемдік нарықтарға көмірсутектерді тұрақты жеткізуді қамтамасыз ететін мұнайды тасымалдауға арналған заманауи инфрақұрылым құрастырылды. Мұнайды жеткізудің негізгі бағыттары «ҚазТрансОйл» мұнай құбырлары жүйесі және Каспий құбыр консорциумы арқылы жүзеге асырылады, Каспий теңізі арқылы теңіз тасымалын «Қазақтеңізкөлікфлоты» орындайды.

2024 жылы экспортқа мұнай тасымалдау жүйесі арқылы 68,6 млн тонна мұнай, соның ішінде Каспий құбыр консорциумы (КҚК) арқылы Қазақстан мұнайының 55,7 млн тоннасы жөнелтілді, бұл экспорттың жалпы көлемінің 81%-ын құрайды.

ҚМГ позициясы

ҚМГ транзиттік және экспорттық әлеуеті бар мұнайды тасымалдауға арналған әртараптандырылған инфрақұрылымды басқарады. 2024 жылы компанияның магистральды және теңіз көлігін қоса алғанда, мұнай тасымалдау сегментіндегі үлесі 57%-ды құрады.

Мұнай өңдеу

«Қазақстан Республикасы отын-энергетика кешенінің ахуалдық-талдамалық орталығы» АҚ-ның деректеріне сәйкес, қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарында мұнай өңдеу көлемі 2024 жылы 17,6 млн тоннаны құрап, 2023 жылғы деңгейден 0,7%-ға аз болды. Бұл көрсеткіштің төмендеуіне Caspi Bitum және «Конденсат» зауыттарында өңдеу көлемінің азаюы әсер етті.

- Барлық маркалы бензин өндірісі 5,5 млн тоннаға дейін өсті, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 2,5%-ға артық.
- Авиациялық отын өндірісі 746 мың тоннаға жетіп, 16,9%-ға өсті.
- Дизель отынының өндірісі 5,4 млн тоннаны құрап, 4,3%-ға ұлғайды.

ҚМГ позициясы


ҚМГ мұнай өңдеу нарығында 80% деңгейінде жалпы үлесі бар Қазақстандағы төрт ірі мұнай өңдеу зауытын бақылайды. 2024 жылы компания үш негізгі МӨЗ-ді жақсарту жөніндегі бағдарламаны іске асыруды жалғастырды, бұл болашақта ПМХЗ-да дизель отынын шығару көлемін ұлғайтуға және АМӨЗ-де мұнай өнімдерінің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Аталмыш шаралар мұнай өнімдеріне ішкі сұранысты толығымен қамтамасыз етіп, өңірлік нарықтарға экспорттық жеткізу көлемін кеңейтуге ықпал етеді.

ҚМГ дамуының басымдықтары

ҚМГ елдің мұнай-газ саласын одан әрі дамуына бар күш-жігерін салады және Үкіметке Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы міндеттерін орындауға қолдау көрсетеді. Компания мұнай-газ саласында мемлекет мүддесін қорғайды және әлеуметтік жауапкершілік жоғары. Бизнесті тиімді әрі тұрақты дамыту ұлттық экономикалық бәсекеге қабілетімен, әлеуметтік әл-ауқатпен, табиғи байлықтарды сақтаумен және тиімді пайдаланумен тығыз байланысты. ҚМГ энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Қазақстанның дамуы мен гүлдегуі жолында болашақ ұрпаққа қамқорлық танытып, табиғи ресурстарды тиімді әрі ұтымды игеру жөніндегі өз миссиясын берік ұстанады. ҚМГ миссиясына сәйкес төрт стратегиялық мақсат айқындалды:

1. Компанияның өсуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстық база;
2. Компания құн тізбегінің тиімділігін арттыру;
3. Бизнесті әртараптандыру және өнім портфелін кеңейту;
4. Тұрақты даму және өндірістің көміртек сыйымдылығын жүйелі төмендету.

2024 жылы Қазақстанда сегменттер бойынша ҚМГ-ның нарықтағы үлесі, %



2024 жылы Қазақстанда мұнай-газ химиясының дамуы

Қазақстан мұнай-газ химиясы өнеркәсібін белсенді дамытып жатыр, бұл ел экономикасын әртараптандыруда аса маңызды. Соңғы жылдары жаңа өндірістерді пайдалануға беру және қолданыстағы қуаттарды жаңғырту арқылы мұнай-газ химиясы өнімдері өндірісінің өсуі қамтамасыз етілді.

Саланың басты кәсіпорындары:
- «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС — полипропилен өндіреді;
- «АМӨЗ» ЖШС (Атырау мұнай өңдеу зауыты) — ароматикалық көмірсутектер (бензол, параксилол) өндіреді;
- «Компания Нефтехим ЛТД» ЖШС — полипропилен өндіреді;
- «HILL Corporation» ЖШС мен «Лукойл Лубриканс Орталық Азия» ЖШС — жақпа майларын өндіреді;
- «Шымкент химия компаниясы» ЖШС — бензинге арналған қоспаларды (метил-трет-бутил эфирі) өндіреді.

Атырау облысындағы «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағы («ҰИМТ» АЭА) аясында саланың негізгі жобалары іске асырылып келеді. Бұл аймақ салық төлеу және кедендік жеңілдіктерді, сондай-ақ дайын инфрақұрылымды ұсынады: кірме жолдар, теміржол станциялары, электр желілері және су құбырлары.

2024 жылы «ҰИМТ» АЭА базасында қуаты жылына 1,25 млн тонна полиэтилен өндіретін зауыттың ерте құрылыс жұмыстары басталды, бұл жоба Қазақстанның экспорттық әлеуетін едәуір күшейтеді. Зауытты пайдалануға берудің күтілетін мерзімі — 2029 жыл.

ҚМГ дамуының басымдықтары

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еліміздің мұнай-газ химиясы саласын дамытуға белсенді атсалысады. 2024 жылы ҚМГ:
- инвестициялық жобаларды жүзеге асыруды жалғастырды, мысалы, полиэтилен өндіретін зауыт салу. Полиэтилен бұл синтетикалық полимер, әлемде ең көп таралған пластиктің бірі. Ол қаптама, құбырлар, пленкалар, контейнерлер өндірісінде, сондай-ақ берік, икемді және химияға төзімді болғандықтан құрылыста, медицинада және басқа салаларда қолданылады;
- үкіметпен «ҰИМТ» АЭА мерзімін 2048 жылға дейін ұзарту үшін Үкіметпен тығыз жұмыс жасады (мәселе 2024 жылғы 24 шілдедегі №595 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен шешілді), бұл АЭА аумағында орналасқан жобалар үшін салық преференцияларын және басқа да жеңілдіктердің ұзартады;
- «KMG PetroChem» ЖШС мен ТШО арасында 2008 жылы қабылданған Шикізат жеткізуді іске асыру туралы келісімге №3 қосымша келісімге және құрғақ газды сатып алу-сату келісімшартына қол қойды, бұл «Полиэтилен» жобасы үшін шикізатты жеткізу мәселесін шешеді;
- өндіріс тиімділігін арттыру үшін цифрлық инновацияларды қоса алғанда, әлемдік технологияларды қолдану жөніндегі бастамаларға қолдау көрсетті.

ҚМГ мұнай-газ химиясының дамуы – бұл ұлттық экономиканың өсуінің негізгі драйвері деп санайды, себебі ол іргелес салалар үшін мультипликативтік әсер тудырады.

Қазақстан Республикасының Экология кодексі

2021 жылдан бастап Қазақстанда «ластаушы төлейді және жағдайды түзетеді» қағидатына негізделген Экологиялық кодекс қолданылады. Бұл кодекс ірі кәсіпорындардың ең жақсы қолданыстағы техникаларға көшуін және экологиялық бақылауды күшейтуді көздейді. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі елдің су қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін су ресурстарын ұтымды пайдалану жөніндегі күшейтілген шараларды көздейтін жаңа Су кодексін әзірлеп жатыр.

ҚМГ дамуының басымдықтары

2024 жылы ҚМГ өз процестерін кодекс талаптарына бейімдеуді жалғастырды:
- компания өз нысандарында эмиссияларға операциялық және өндірістік мониторингілеуді күшейтті. 2024 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, «АМӨЗ» ЖШС, «ПМХЗ» ЖШС, «ПҚОП» ЖШС ҚР «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ға («ҰАТ» АҚ) қосылу арқылы Экология және табиғи ресурстар министрлігіне (ҚР ЭӘДМ) онлайн режимде автоматтандырылған мониторинг жүйесінен деректерді беру жобасын іске асырды. «KPI» ЖШС-де құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталып, іске қосу-баптау жұмыстары жүргізілуде;
- компанияға қарасты мұнай өңдеу зауыттарында орнатылған эмиссияларды мониторингілеудің автоматтандырылған жүйелеріне инвестиция салу көбейді.

Экология және табиғи ресурстар министрлігі іске қосқан бірыңғай экологиялық портал есеп беру және рұқсат алу процестерін автоматтандырудың маңызды құралына айналды. Бұл шаралар экологиялық тиімділік пен тұрақты дамуды арттыруға ықпал етеді.

ҚМГ-ның экологиялық саясаты жаңа Экология кодексінің талаптарын ескере отырып жаңартылды. 2024 жылы Компания:
- көміртегі ізін азайту және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға бағытталған жобаларды іске асырды;
- өз нысандарында биологиялық алуандылықты сақтау бойынша шараларды енгізді;
- ҚМГ-да су тұтыну көлемін қысқарту бойынша сандық мақсаттар мен мерзімдерді ескере отырып, су ресурстарын басқару бағдарламасының жобасын әзірледі;
- ҚМГ компаниялар тобында қалдықтарды басқару жөніндегі стандартты бекітті;
- экологиялық бағалау бойынша корпоративтік стандартты жаңартты;
- жыл сайын жүзеге асыратын, мұнаймен ластанған жерлерді тазартуға қатысты іс-шаралар өткізді.

Бұл шаралар компания қызметінің қоршаған ортаға әсерін барынша азайтуға және нарықтағы экологиялық жауапты компания ретіндегі ҚМГ позициясын нығайтуға бағытталған.

Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясы

2023 жылы ақпан айында ұлттық экономиканың ұзақ мерзімді дамуы үшін негізгі бағдарға айналған Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясы бекітілді. Құжат төмен көміртекті үлгіге көшу үшін инвестициялық қажеттілікті есептейтін сценарийлерді талдау мен кешенді модельдеуге негізделген.

Стратегияның негізгі талаптары:

1. Дамудың сызықтық үлгісінен циклдік моделіне көшу (жабық экономика).
2. Экологиялық принциптерді салық, бюджет саясаты мен бизнес-процестермен интеграциялау.
3. Өндіріс процесінің бір бөлігі ретінде қалдықтарды өңдеу жүйесін дамыту.
4. Ормандарды көміртекті сіңіретін әсері бар экономикалық активтер ретінде пайдалану.
5. Төмен көміртекті бизнес үшін мемлекеттік қолдау тетіктерін енгізу.
6. ESG факторларын ескере отырып, ауыл шаруашылығы секторын субсидиялау, зиянды тыңайтқыштарды жою.
7. Экологиялық таза өндірістер құру және инновациялық технологияларға инвестиция құю.

ҚМГ дамуының басымдықтары

ҚМГ өзінің экономикаға, қоғамға және қоршаған ортаға қаншалықты ықпал ететінін түсінеді және негізгі бизнес-процестеріне тұрақты қағидаттарды енгізуге ұмтылады. 2024 жылы Компания:
- 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті дамудың жаңартылған бағдарламасын бекітті;
- ЖЭК дамытуды қоса алғанда, көміртегі ізін азайту жобалары бойынша жұмысты жалғастырды;
- өндірістік процестерде экологиялық стандарттарды жақсарту стратегияларын әзірледі;
- Париж келісімі сияқты халықаралық экологиялық бастамалармен өзара байланысты кеңейтті.

Бәсекелестікті талдау

ҚМГ Қазақстанның мұнай-газ секторында басты позицияны иеленеді және бірқатар стратегиялық артықшылығының арқасында әлемдік нарықта табысты бәсекеге түсе алады:

1. Ресурстық база және активтерді бақылау: ҚМГ — елдегі ең ірі мұнай және газ өндірушісі (мұнай өндірудегі үлесі – 27%, газ өндіруде – 16%), жетекші кен орындарында (Теңіз, Қарашығанақ, Қашаған) үлесі бар.
2. Интеграцияланған құн тізбегі: компания барлау мен өндіруден бастап көмірсутекті өңдеу, тасымалдау және сатуға дейінгі барлық кезеңдерді қамтиды. Бұл шығынды азайтады және баға тәуекелін төмендетеді.
3. Экспорттық инфрақұрылым: ҚМГ экспорттың негізгі бағыттарын бақылайды – ККК (экспорттың 81%), Атырау - Самара, Атасу - Алашанькоу, Ақтау порты арқылы теңізбен тасымалдау.
4. Мемлекеттік қолдау. Ұлттық оператор ретінде ҚМГ стратегиялық жобаларға қатысады және тікелей келіссөз жүргізу негізінде жер қойнауын пайдалану құқығын алуға басым құқығы бар.
5. Қаржы тұрақтылығы: жоғары өтімділік, шығынды бақылау және соның ішінде халықаралық капитал нарығына шығуға мүмкіндігінің болуы (LSE, AIX, KASE).


2024 жылы мұнай мен конденсаттың дәлелденген қорының (1P) еселігі[1], жыл

Компания	2024 жылы мұнай мен конденсаттың дәлелденген қорының (1P) еселігі
ҚМГ	15 (2024)
BP plc	9
TotalEnergies SE	10
Exxon Mobil Corporation	13
Eni S.p.A.	11
Chevron Corporation	9
Petrobras	11
Shell plc	9
Equinor ASA	7

Дереккөз: Компаниялардың деректері

2024 жылдың аяғында дәлелденген мұнай мен конденсат қорының (1P) еселігі 15 жылды құрады, бұл ірі халықаралық мұнай компаниялары арасындағы орташа көрсеткіштен (шамамен 11 жыл) едәуір асып түсті. ҚМГ-ның дәлелденген және ықтимал қорлардың еселігі (2P) 25 жылға тең, бұл Компанияның ұзақ мерзімді тұрақтылығын растайды.

2024 жылы Қазақстанда мұнай мен конденсат өндіру көлемі



Дереккөз: Компанияның бағалаулары; «Қазақстан Республикасы отын-энергетика кешенінің ахуалдық-талдамалық орталығы» АҚ

[1] ҚМГ қорларын бағалау 2024 жылдың жағдайы бойынша, қалған компаниялар – 2023 жылдың жағдайы бойынша

ҚМГ ДАМУЫНЫҢ СТРАТЕГИЯСЫ

2024 жылы мұнай-газ саласы жаһандық экономикалық және геосаяси факторларға тәуелді болып, инвестицияның шектеулігі мен бағаның ауытқуы аясында алдыңғы жылдарға тән тұрақсыздықты сақтады.

Әлемдік мұнай нарығы жаһандық экономиканың баяулауына, пайыздық мөлшерлемелердің төмендеуіне, Қытай тарапынан сұранысының төмендеуіне және жаңартылатын энергия көздерінің кеңінен таралуына байланысты қысымға ұшырады, бұл бағаның құбылмалы болуына әкелді. Геосаяси тұрақсыздық, Ресейге қатысты санкциялар және ОПЕК + тарапынан бақылау шаралары белгісіздікті күшейтті.

2024 жылы ҚМГ-ның негізгі басымдықтары энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, геологиялық барлауды күшейтуге, экспорттық бағыттарды әртараптандыруға, мұнай-газ химиясы саласын және жаңартылатын энергетика саласындағы жобаларды дамытуға бағытталды. ҚМГ мұнай, мұнай-газ химиясы және жасыл жобаларға құйылатын инвестицияларды тең ұстайды. Компанияның ұзақ мерзімді стратегиясы көмірсутек қорларын ұлғайтуға, операциялық тиімділікті арттыруға, заманауи мұнай-газ-химия кешенін құруға және тұрақты өсуді қамтамасыз ету үшін экологиялық таза технологияларды енгізуге бағытталған.

ПАЙЫМЫ

Қауіпсіздіктің жоғары стандарттарына және тұрақты даму қағидаттарына жауап беретін, қаржылық нәтижені барынша арттыруға бағытталған тігінен интеграцияланған ұлттық мұнай-газ компаниясы.

МИССИЯСЫ

Біз болашақ ұрпақтың игілігі үшін Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, елдің дамуы мен өркендеуі мақсатында табиғи ресурстарды тиімді әрі ұтымды игереміз.

ҚМГ-ның 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясын 2021 жылдың қараша айында ҚМГ Директорлар кеңесі бекітті.



ҚЫЗМЕТТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

Құнды қалыптастыру

Стратегиялық мақсаттар

Компанияның өсуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстық база

Компанияның құн тізбегінің тиімділігін арттыру

Бизнесті әртараптандыру және өнімдер портфелін кеңейту

МІНДЕТТЕР – 2031

1
- Құрлықтағы және теңіздегі жобалар бойынша қорларды өсіру
- Қорларды өндіру процесіне жеделдетіп айналдыру
- Перспективті учаскелер бойынша жер қойнауын геологиялық зерттеу

2
- 2022-2031 жылдары мұнай өндірудің жиынтық көлемі **240 млн тонна**
- МӨЗ-дердің үздіксіз жұмысы
- Газ өндірісін және оның коммерциялауды ұлғайту
- Мұнай-химия өнімдерін (бензол, параксилол) шығару
- Құрылған кәсіпорындарды пайдалану тиімділігін арттыру
- Мұнайды экспортқа тасымалдаудың қосымша маршруттарын дамыту

3
- **Мұнай-газ-химия жобаларын** іске асыру, соның ішінде мынадай өндірістер:
  - Полиэтилен
  - Полипроплиен
  - Полиэтилен терефталаты
  - Терефтал қышқылы

Энергетиканың жаңа түрлеріне көшу

Тұрақты даму және өндірісте көміртек сыйымдылығын жүйелі төмендету

МІНДЕТТЕР – 2031

1
- **ESG рейтингін** біртіндеп жоғарылату
- **Көміртек шығарындыларына** өтемақы алуға бағытталған жобаларды іске асыру
- **I-REC** сертификаттарын алу

2
- CO_2 шығарындыларын 2019 жылғы деңгейден **15%-ға** төмендету
- Орман климаттық жобалар
- Төменкөміртекті сутегі

3
- **ҚМГ үлесіне кемінде 300 Мвт** ортақ бекітілген қуаты бар жаңартылатын энергия көздерін дамыту
- CO_2 тұту және сақтау технологияларын қолдану

4
- Өндірістегі көміртегі мен энергия сыйымдылығын кемінде **10%-ға** төмендету

ҚЫЗМЕТТІҢ БАРЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

Пайдалану шығындарын оңтайландыру

Активтер құрылымын оңтайландыру

Тиімді сатып алу жүйесі

Цифрландыру және технологиялық даму

Жобалық басқару

ҚМГ төрт стратегиялық мақсатын іске асыру нәтижесінде ұлттық экономиканы әртараптандыруға және елдің көміртегі ізін азайтуға үлес қосады.

ҚМГ Даму стратегиясы, стратегиялық мақсаттар мен міндеттер корпоративтік сайтта жариялау жолымен барлық мүдделі тараптар үшін ақпаратты жария етеді. ҚМГ компаниялар тобында компанияның қызметіне әсер ететін жүйелі және ұзақ мерзімді міндеттерді шешу үшін жыл сайын стратегиялық сессиялар өткізіледі.

№1 стратегиялық мақсат

ҚМГ-НЫҢ ӨСУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН ЖЕТКІЛІКТІ РЕСУРСТЫҚ БАЗА

2024 жылдың нәтижелері:

Төмендегі учаскелерде бұрғылау жұмыстары басталды:
- Торғай палеозой, тереңдігі 5500 м., Қызылорда облысы,
- Қаратон подсолевой, 5500 м., Атырау облысы,
- Қаражар, 3000 м., Актөбе облысы,
- Тайсойған, 400-3800 м., Атырау облысы.

Жоспарлар:

2025-2026 жылдары жұмыс істеу үшін жаңа үш учаске белгіленді (Жер қойнауын зерттеудің 2.0 бағдарламасы): Береке, Шығыс, Оңтүстік Шу-Сарысу.

Компания дәстүрлі қызметті де, перспективті бағыттарды да қамтамасыз ету үшін жеткілікті болатындай ел қорын толықтыруға бағытталған. Бұл органикалық өсу арқылы, сондай-ақ стратегиялық серіктестіктің және жаңа активтерді сатып алудың есебінен жүзеге асырылады.

Жер қойнауын геологиялық зерттеу бойынша 1.0 жобасы — тарихи геологиялық-геофизикалық деректерді талдау және бассейндік модельдеу нәтижелері бойынша бес жаңа перспективті учаске анықталды, олар Мұғалжары, Березовский, Жарқын, Болашақ, Солтүстік Өзен. 2024 жылы осы мүмкіндігі зор учаскелердегі барлық далалық жұмыстар аяқталды, стратегиялық серіктестер анықталып жатыр (Болашақ бойынша – анықталды).

Толық ақпарат — «Геологиялық барлау» бөлімінде.

№2 стратегиялық мақсат

КОМПАНИЯНЫҢ ҚҰН ТІЗБЕГІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

2024 жылдың нәтижелері:

- Операциялық активтерде Технологиялық сын-қатерлер бағдарламасында көзделген жаңа технологияларды енгізу есебінен қосымша 418 мың тонна мұнай көлемі өндірілді.
- Өзен және Қарамандыбас кен орындарын оңалту жобасын іске асыру нәтижесінде қосымша өндірілген мұнай көлемі 157,7 мың тоннаны құрады.
- Рожков, Шығыс Өріктау, Оңтүстік Ақсай кен орындарында газ өндіру басталды.
- Қаламқас-Теңіз, Хазар теңіз жобасы бойынша дайындық жұмыстары басталып кетті.
- «Қарашығанақ» жобасы бойынша кен орынды кеңейту бастамасы аясында газды кері айдаудың 5-ші компрессоры пайдалануға берілді.
- 2024 жылы сәуірде ТШО Сағалық қысымды басқару жобасы (СҚБЖ) бойынша нысандарды пайдалана бастады.
- 2025 жылы қаңтарда БКЖ/СҚБЖ нысандарын пайдалануға беру жоспарланып отыр, бұл Теңіз кен орнында мұнай өндіру деңгейін жылына 12 млн тоннаға арттыруды қамтамасыз етуі тиіс.

ҚМГ барлық стратегиялық маңызды сегменттерде операциялық тиімділікті жетілдіре отырып, мұнай өндіру, өңдеу, тасымалдау және сатудан түсетін пайданы барынша көбейтуге ұмтыла отырып, өзінің негізгі қызметіне ден қояды.

Стратегиялық мақсат аясында операциялық активтерде мұнай мен газ өндіру деңгейін тұрақтандыру, жаңа кен орындарды пайдалануға беру, ірі мұнай-газ жобаларында өндірісті кеңейту, ұзарту және ең жоғары өндіру деңгейін ұстап тұру жобаларын іске асыру көзделген.

Мұнай тасымалдау инфрақұрылымын тиімді пайдалану — басымдықтардың бірі болып қала береді. ҚМГ логистикадағы жаһандық өзгерістерді назарға алып, экспорттық бағыттарды дамытып жатыр. 2024 жылы Ақтау портынан Баку-Тбилиси-Джейхан бағытында мұнайды жөнелту көлемі 34%-ға, Дружба құбыры арқылы 50%-ға ұлғайды.

ҚМГ ішкі нарықты мұнай өнімдерімен тұрақты қамтамасыз етеді. 2024 жылы үш мұнай өңдеу зауытында жеңіл мұнай өнімдерін өндіру көлемін 370 мың тоннаға ұлғайту бойынша жұмыс жүргізіліп, мұнай өнімдерін өндіру бойынша рекордтық көрсеткіштер қол жеткізілді, шығарындыларды автоматты мониторингтеу жүйесі енгізілді. Мұнай өнімдеріне өсіп келе жатқан сұранысты өтеу үшін Caspi Bitum және Шымкент мұнай өңдеу зауытын кеңейту жобалары іске асырылып жатыр.

Компания операциялық шығындарды оңтайландыру және жеткізу тізбегінің тиімділігін арттыру бағытында тұрақты негізде жұмыс істейді.

№3 стратегиялық мақсат

БИЗНЕСТІ ӘРТАРАПТАНДЫРУ ЖӘНЕ ӨНІМ ПОРТФЕЛІН КЕҢЕЙТУ

2024 жылдың нәтижелері:

- ҚМГ мұнай-газ химиясы өнімдеріне жаһандық сұранысты өтеу үшін көмірсутек ресурстарын пайдалана отырып, мұнай-газ химиясы бизнесін дамытуды жалғастырып келеді. KPI интеграцияланған газ-химия кешені 2024 жылы он түрлі марканы игеріп, 249 мың тонна полипропилен шығарды, бұл ішкі нарықтың қажетін толығымен жабады.
- Қуаты жылына 1,2 млн тонна болатын «Полиэтилен» жобасы іс жүзінде іске асырыла басталды. 2024 жылы жоба қатысушылары (ҚМГ, Сибур, Sinopec) түпкілікті инвестициялық шешімдер қабылдап, қыркүйек айында ерте құрылыс жұмыстары бастап кетті.
- Полиэтилентерефталат жобасы бойынша алдын ала техникалық-экономикалық негіздеменің нәтижелері мақұлданды, стратегиялық серістестік белсенді түрде іздестіріліп жатыр.
- CNPC компаниясымен Карбамид жобасын іске асыру үшін бірлескен кәсіпорын құру туралы келісімге келді және «KMG PetroChem» ЖШС мен «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ арасында шикізат жеткізуге ниет білдіру туралы келісімге қол қойылды.



№4 стратегиялық мақсат

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТЕ КӨМІРТЕК СЫЙЫМДЫЛЫҒЫН ЖҮЙЕЛІ ТӨМЕНДЕТУ

ҚМГ өз қызметінде экономикалық, экологиялық және әлеуметтік басымдықтардың тең болуын қадағалап, тұрақты даму қағидаттарын басшылыққа алады.

2024 жылдың нәтижелері:

- 2024 жылы 4 желтоқсанда ҚМГ Sustainalytics рейтинг агенттігінен жаңартылған ESG тәуекел рейтингін алды, ол 32,8 балға тең. ҚМГ мақсаты — 2031 жылға қарай ESG тәуекел рейтингінің орта деңгейі аралығындағы позицияны нығайту. Көрсеткішті жақсарту үшін ESG тәуекел рейтингін жоғарылату жөніндегі іс-шаралар жоспары іске асырылуда. ҚМГ ESG мақсаттарын қызметтің басты корпоративтік және функционалдық көрсеткіштерімен біріктіреді
- Парник газдары шығарындыларын 2031 жылға қарай 15%-ға және 2060 жылға қарай 64%-ға төмендетуге бағытталған ҚМГ-ның 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму бағдарламасы бекітілді, қазіргі заманғы технологияларды қолдану жөніндегі іс-шаралар атқарылып жатыр.
- 2024 жылыы мамырда OGMP 2.0 бағдарламасы бойынша сериктестік аясында ЕТҰ-дағы (еншілес және тәуелді ұйымдардағы) метан шығарындылары бойынша UNEP-ке[1] есеп берілді[2].
- Eni компаниясымен бірлесіп, күн және газ электр станцияларын салу жұмыстары басталды. Қуаты 1 ГВт болатын «Мирный» жобасы бойынша Total Eren компаниясымен келісімді ратификациялау туралы Заңға қол қойылды және келісімдердің жаңартылған жобалары мақұлданды, қаржыландыруды ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

[1] United Nations Environment Programme — қоршаған орта жөніндегі бағдарлама, БҰҰ-ның қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі орган.
[2] Oil & Gas Methane Partnership 2.0 (OGMP 2.0) — мұнай-газ саласында метан шығарындысын азайту және есеп беру үшін жасалған UNEP флагмандық бағдарламасы.

КОРПОРАТИВТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТКІШТЕРІ

2024 жылы ҚМГ қызметінің корпоративтік басты көрсеткіштерінің негізгі іс-шаралары іске асырылды және жоспарланған мақсаттары орындалды.

2024 жылы корпоративтік қызмет көрсеткіштерінің орындалуы[3]

Қызметтің басты көрсеткіштері	2024 ж. факт (2023 ж. факт), көрсеткіштің сипаттамасы
Инвестициялық жобаларды іске асыру	**100 % (2023: 80 %)** 1. 1) Кендірлі аймағында теңіз суын тұщытатын зауыт салу 2. 2) Интеграцияланған газ-химия кешенін салу. Екінші фаза – полиэтилен өндірісі 3. 3) Интеграцияланған газ-химия кешенін салу. Екінші фаза – газ сепарациялық кешенін салу 4. 4) Жаңаөзен қаласында жаңа газ өңдеу зауытын салу 5. 5) Терефтал қышқылы мен полиэтилентерефталат өндіретін зауыт салу 6. 6) «ПҚОП» ЖШС өндірістік қуатын кеңейту «Инвестициялық жобалардың іске асырылуына шолу» бөлімін қараңыз
Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі	**23 837 мың тонна (2023: 23 490 мың тонна)** Бұл көрсеткіш операциялық активтерінде және ірі мұнай-газ активтерінде Компанияның қатысу үлесіне өндірілген мұнай мен газ конденсатының көлемін сипаттайды. «Өндіру» бөлімін қараңыз
EBITDA margin, трейдингті есепке алмағанда	**44% (2023: 41,1%)** Бұл көрсеткіш Компанияның табыстылығын анықтайды және компания салық, кредиттер бойынша пайыздар мен амортизация шығынын төлегенге дейін түсімнен түскен пайызды көрсетеді. «Қаржылық қызметке шолу» бөлімін қараңыз
TSR (акционердің жалпы кірісі)	**28,55% (2023: 43,1%)** Бұл көрсеткіш құйылған инвестицияның тиімділігін (қайтарымдылығын) көрсетеді. 28,55% = (есепті жылдағы акцияның орташа бағасы (13 071 теңге) – алдыңғы жылы ациялардың орташа бағасы (10 550 теңге) + бір акцияға төленген дивиденд (491,71 теңге) – бір акцияға шаққанда жарғылық капиталға қосқан үлесі (0 теңге) / алдыңғы жылы ациялардың орташа бағасы (10 550 теңге) * 100% «Акционерлермен өзара іс-қимыл» бөлімін қараңыз
Өндірістегі қауіпсіздік бойынша кешенді көрсеткіш	**125 % (2023: 156 %)** Көрсеткіш еңбек ету кезіндегі жазатайым оқиғалар коэффициентінің төмендеуін, сондай-ақ қауіпті жағдайды/ қауіпті мінез-құлықты/ қауіпті әрекетті/ қауіпті жағдайды/ қауіпті факторды анықтау мен хабарлауды анықтайды. LTIR 0,22% құрады (2023: 0,30%) Өндірістік қауіпсіздік бойынша «Қорғау» карталары толтырылды — 19 мыңнан астам карта (2023: 12 240 карта) «Денсаулық сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау» бөлімін қараңыз
ҚМГ компаниялар тобы бойынша тауарлар, жұмыстар және қызметтер сатып алудағы елішілік құндылықтың үлесі	ҚМГ тобы бойынша тауарларды сатып алудағы елішілік құндылық үлесі 55%-ды, ҚМГ тобы бойынша жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы елішілік құндылықтың үлесі 89%-ды құрады. (Көрсеткіш 2023 жылы енгізілді) «Өнім берушілермен өзара іс-қимыл» бөлімін қараңыз

[3] ККҚ орындау мәндері бағаланды. ҚМГ Директорлар кеңесі 2024 жылғы көрсеткіштердің нақты мәндерін 2025 жылғы шілдеде түпкілікті бекітеді деп күтіледі.

БАСТЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

Инвестициялық портфельге шолу

Бүгінгі таңда ҚМГ инвестициялық портфелі ресурстық базаны ұлғайту, Компанияның құн тізбегінің тиімділігін арттыру, бизнесті әртараптандыру және өнім портфелін кеңейту мақсатында компания қызметінің барлық бағытын қамтитын жобалардан тұрады. ҚМГ-ның 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясына сай компанияның инвестициялық портфелінде ҚМГ үшін дәстүрлі бағыттардағы (геологиялық барлау, мұнай тасымалдау мен өңдеу), сондай-ақ жаңа бағыттардағы (мұнай-газ химиясы, баламалы энергетика және ҚМГ-ның қолданыстағы операциялық активтерде көміртегі ізін төмендету) бірнеше жоба бар.

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша инвестициялық портфельдің жалпы құны 51 270 млрд теңгеге[1] жетті, соның ішінде ҚМГ үлесіне тиесілі сома – 19 390 млрд теңге[1].

2024 жылы мынадай негізгі жобаларды қоса алғанда, жалпы құны 4 972,3 млрд теңге (оның ішінде ҚМГ үлесіне — 3 558,8 млрд теңге) болатын нақты инвестициялық шешімдер қабылданды:

- Атырау облысында алғашқы интеграцияланған газ-химия кешенін салу. Екінші кезең (полиэтилен өндірісі);
- Атырау облысында алғашқы интеграцияланған газ-химия кешенінің құрылысы. Екінші кезең (газ сепарациялық кешен салу);
- Жұмыс істеп тұрған ЭЛОУ-АВТ өңдеу қондырғысын жаңғырту арқылы «Caspi Bitum» БК» ЖШС қуатын жылына 1,5 млн тоннаға дейін ұлғайту;

Бұдан басқа, 2024 жылы төмендегі инвестициялық жобалар аясында геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу мақұлданды:

- Тайсойған 1–2;
- Қаражар жер қойнауын пайдалану жобасы.

Инвестициялық жобалардың портфелі

Қызмет бағыты	Инвестициялық портфельдің жалпы құны, млрд теңге[1]		ҚМГ үлесіне тиесілі инвестициялық портфельдің құны, млрд теңге[1]	
	31.12.2023	31.12.2024	31.12.2023	31.12.2024
Геологиялық барлау және мұнай-газ өндіру	41 857	42 747	12 713	13 216
ESG жобалары	965	991	420	363
Сервистік жобалар	178	–	178	–
Мұнай тасымалдау	419	368	155	136
Мұнай өңдеу және мұнай өнімдерінің маркетингі	797	587	732	501
Мұнай химиясы	6 131	6 460	4 329	5 063
Басқалары	114	117	109	111
Барлығы	**50 461**	**51 270**	**18 636**	**19 390**

Мұнай мен газды геологиялық барлау және өндіру

2023-2024 жылдары жер қойнауын геологиялық зерттеу инвестициялық жобасы аясында бес учаске бойынша (Мұғалжар, Березовский, Жарқын, Болашақ және Солтүстік Өзен) далалық жұмыстар (сейсмикалық барлау) жоспардан асырылып жүргізілді. Солтүстік Өзен, Жарық және Березовский учаскелерінде далалық сейсмикалық барлау және өңдеу, түсіндіру жұмыстары аяқталды. Бұл бағыттарда келісімшарттар жасасу және стратегиялық серіктестерді тарту жоспарлануда.

2025 жылы үш учаскеде, атап айтқанда Оңтүстік Шу-Сарысу, Шығыс, Берекедегі жер қойнауын геологиялық зерттеуге лицензия алу және геологиялық тәуекелдерді азайту, геологиялық және техникалық-экономикалық бағалау үшін кіріс деректерін алу мақсатында нәтижелерді кейіннен өңдеу және түсіндіру арқылы заманауи сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу жоспарлануда.

[1] ҚМГ-ның мегажобаларға (Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ) және бірлескен кәсіпорындарға қатысуы ескерілген. Жобалар бойынша тарихи шығындарды және бағам айырмашылығы ескерілген. Деректер жобаларды одан әрі іске асыруды ескеретін геологиялық барлау жобалары бойынша алдын ала құнын қамтиды.

Абай жобасы Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан «Абай» учаскесінде көмірсутектерді барлау және өндіруге арналған 2019 жылғы 26 шілдедегі №4752-УВС-МЭ келісімшартына сәйкес іске асырылуда. 2024 жылдың қыркүйегінде «Абай» учаскесінде Абай-1 бірінші іздеу ұңғымасының құрылысы аяқталды. Геологиялық барлау жұмыстары кэрри-қаржыландыру талаптары негізінде стратегиялық серіктес (ENI) есебінен жүргізілді. Абай учаскесінде ұңғыма салу нәтижелері бойынша көмірсутек шикізаты белгілерінің табылмауына байланысты 2025 жылғы ақпанда ҚМГ және ENI компаниялары Абай жобасынан бірлесіп шығу туралы шешім қабылданды.

2024 жылы Торғай учаскесінде алғашқы іздеу ұңғымасының құрылысы басталды — 5 500 м тереңдіктегі PZ-1 іздеу ұңғымасын бұрғылау және сынау.

2023 жылы Қаратон подсолевой учаскесі бойынша келісімшарт алынып, операторлық компания құрылды және жобаға стратегиялық серіктес тартылды. 2024 жылы кэрри-қаржыландыру талаптары негізінде стратегиялық серіктестің қаражаты есебінен тереңдігі 5500 м болатын ТҰ-8 алғашқы іздеу ұңғымасын бұрғылау басталды. Жүргізіліп жатқан сынықтар 2025 жылы аяқталады деп жоспарланған.

Батыс Қазақстан облысындағы Рожков кен орнында өнеркәсіптік пайдалануға бес ұңғыма қосылды. Бұл шикі газды өндіру көлемін тәулігіне 1,4 млн м³ қол жеткізуге мүмкіндік берді[2]. Қазіргі уақытта жоба серіктестері «Урал Ойл энд Газ» ЖШС-мен бірлесіп пайдаланылатын ұңғымалар қорын өсіру, өндіру көлемін ұлғайту, кен орнын игеру тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізуде

2024 жылы «Өріктау» кен орнында ШӨ-6 ұңғымасы пайдалануға берілді. Ол мұнай дебитінің тәулігіне 90,3 тонна көлемінде өсуіне мүмкіндік берді. 2025 жылы қолданысқа беру жоспарланып отырған ШӨ-7,8 пайдалану ұңғымаларын бұрғылау, сондай-ақ кен орнын дамыту тұжырымдамасын анықтау бойынша жобалау жұмыстары жалғасуда.

2023 жылы ҚМГ және «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы Қаламқас-теңіз, Хазар, Әуезов жер қойнауы учаскесін игеру жобалары бойынша бірқатар келісім жасады. Алынатын мұнай қоры 86 млн тоннаны, газ қоры — 22 млрд м³ (еріген газ және қабат бетіндегі әлеуетті газ қоры) құрайды. 2024 жылы жобалау, базалық жобалау (FEED – Front End Engineering Design) жұмыстары басталды. 2025 жылдың соңына қарай жобаны іске асыру туралы түпкілікті шешім қабылданбақ.

Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ мегажобалары

ҚМГ стратегиялық инвесторлармен бірлесіп Теңіз (20%), Қашаған (16,87%) және Қарашығанақ (10%) ірі кен орындарындағы жобаларға қатысады.

- Теңіз кен орнында 2024 жылы «Болашақ кеңейту жобасын» (БКЖ) іске асырудың негізгі кезеңдері аяқталды. Жыл бойы «Теңізшевройл» ЖШС (ТШО) жыл бойы ұңғымаларды жоғары қысымнан (ЖҚ) төмен қысымға (ТҚ) кезең-кезеңімен ауыстыруды бастап ҰСБЖ нысандарын іске қосты. Ұңғымаларды пайдалануға берді. Жыл соңында 21 МТҚ-ның 16-сы төмен қысым режимінде жұмыс істеді, оларды көшіру жұмыстары жалғасты. Сондай-ақ, 2024 жылы механикалық жұмыстар толығымен аяқталды және іске қосу-баптау іс-шараларының негізгі кезеңдері өткізілді. БКЖ/ ҰСБЖ құны 48,9 млрд АҚШ долларын құрайды, бұл ретте 2024 жылдың аяғындағы жиынтық шығындар 47,5 млрд АҚШ доллары болды. БКЖ объектілерін пайдалануға беру 2025 жылдың 2-тоқсанына жоспарланған болатын. Бұл Теңіз кен орнында мұнай өндіруді жылына 12 млн тоннаға ұлғайтуды қамтамасыз етуі тиіс. Алайда, 2025 жылдың қаңтарында кен орнында жаңа Үшінші буын зауытында (ҮБЗ) мұнай өндіру басталды, бұл жобаны аяқтаудың маңызды кезеңі болды.
- Қарашығанақ кен орнында мұнай өндіру деңгейін ұстап тұру жобалары белсенді іске асып жатыр. 2023 жылы жылына 4 млрд м³ тауарлық газ өндіретін газ өңдеу зауытын салу жөніндегі тұжырымдама әзірленді. Жобаны іске асыру Қарашығанақ кен орнынан өндірілетін шикі газды және оны өңдеу өнімдерін монетизациялауға мүмкіндік береді. 5-ші газды кері айдау компрессорын (5 ІС) орнату жобасы 2024 жылы аяқталды, Тараптар жобаның пайдалануға дайын болу актісіне қол қойды. Белсенді құрылыс сатысында «6-шы газды кері айдау компрессорын орнату жобасы» (жұмыстың жалпы 72,8%-ы орындалды) тұр.
- Қашаған кен орнында мұнай өндіру 1-ші кезеңді игеру аясында жүргізіліп жатыр. Бүгінгі таңда алдағы он жылда мұнай мен конденсат өндіру деңгейін тәулігіне ~710 мың баррельге дейін (тәулігіне~89,5 мың тонна) ұлғайтуға бағытталған 2-ші кезең аясындағы кен орындарды игеру жобалары қаралады. 2А-кезеңі шикі газды қуаты жылына 2,5 млрд текше болатын құрылысы жоспарланған жеке газ өңдеу зауытына жеткізу есебінен мұнай өндіру көлемін тәулігіне 6,3 мың тоннаға жеткізуді көздейді (бұл ретте кен орнындағы жалпы өндіру көлемі тәулігіне 500 мың баррель болмақ). NCOC мен QazaqGas арасында алдын ала базалық жобалауды жүргізу туралы келісімге қол қойылды, одан кейін бұрын әзірленген базалық жобаны түзету және жобаны іске асыру туралы инвестициялық шешім қабылдау жоспарлануда.
- 2Б-кезеңінің жобасы жылына 6 млрд текше метр ілеспе газ өндіру көмегімен мұнай өндіру көлемін тәулігіне 710 мың баррельге дейін ұлғайтуды көздейді. Оператор үшінші тараптың зауытына шикі газ жеткізу нұсқасы үшін алдын ала базалық жобалау жұмыстарын аяқтады. Синергияны қосу мен оның мүмкіндігін бағалау үшін Теңіз кен орны акционерлерімен келіссөздер жүргізілуде.

[2] 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша.

Мұнай өңдеу және мұнай өнімдерінің маркетингі

KMG International Еуропалық Одақтың және Румыния заңнамасының жаңа талаптарына, соның ішінде мұнай өнімдеріндегі биоотын құрамын арттыру және 2025 жылдан бастап жасыл сутекті пайдалануға көшу жөніндегі міндеттемелерге барынша бейімделіп келеді. 2024 жылы электромобильдерді қуаттауға арналған инфрақұрылымды дамытуды және тұрақты авиациялық отын өндіру технологияларын интеграциялауды қоса алғанда, декарбонизация саласындағы жобаларды іске асыруға дайындық басталды.



2025 жылға арналған жоспарлар

Келер жылы KMG International мынадай басты инвестициялық бастамаларды орындауға ден қояды:

- ЖЭО құрылысы жобасын аяқтау;
- екінші буын биоотын өндірісін ұлғайту;
- электромобильдерге арналған қуаттау станциялары сияқты мүмкіндігі зор технологияларды ескеріп, бөлшек сауда желісін кеңейту.

МҰНАЙ-ГАЗ ХИМИЯСЫ

Мұнай-газ химиясы саласындағы ҚМГ стратегиясы көмірсутек шикізатын терең өңдеуді дамытуға, қосылған құны жоғары өнім шығаруды ұлғайтуға және мұнай-химия өнімдерінің импортына тәуелді болуды төмендетуге бағытталған.

Компания іске асырып жатқан жобалар едәуір ілгерілеп, Қазақстанның экономикалық саясатының басымдықтарына сай келеді. Бастамаларды табысты іске асыру компанияның халықаралық нарықтарда позициясын нығайтып қана қоймай, ұлттық экономиканың тұрақты дамуына елеулі үлес қосуға мүмкіндік береді.

Мұнай-газ химиясы саласындағы ҚМГ жобаларының негізгі мақсаттары:
- Қазақстан Республикасында мұнай химиясы кластерін құру;
- мұнай-химия өнімдерін өндіретін кешен үшін қолда бар үлкен газ көлемін пайдалану;
- қосылған құны жоғары экспортқа бағдарланған өнімдер шығару;
- өнеркәсіп салаларын әртараптандыру үшін полимерлер өндірісі.

Полипропилен

«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС. (KPI Inc.) — Атырау облысында 2022 жылы іске қосылған интеграцияланған газ-химия кешені құрылысының бірінші кезең операторы. Жоба Қазақстанның химия саласын дамытуға және полипропилен шығаруға арналған өндіріс базасын құруға бағытталған.

Жобаның үлескерлері:

- 49,5% — «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ;
- 40% — «СИБУР Холдинг» ЖАҚ;
- 9,5% — ҚР президентінің тапсырмасы бойынша химия саласындағы жобаларды іске асыру үшін құрылған Samruk-Kazyna Ondeu ЖШС;
- 1% — «АЛМЭКС» холдинг тобы» АҚ құрамына кіретін «Фирма Алмэкс Плюс» ЖШС.

Өндіріс көлемдері

2024 жылы KPI зауыты он өнім маркасын шығарды, соның ішінде екі жаңа марка бар - PP H270 GP, PP H350 GP, полипропилен өндірісінің жалпы көлемі 249 мың тонна болды. Ең маңызды маркалар:
- PP H030 GP — 130 163 тонна;
- PP H253 FF — 18 092 тонна;
- PP H270 FF — 11 646 тонна.

Зауыт нарық көлемі 40 мың тоннаға тең кезде 22,5 мың тонна өнім жеткізіп, Қазақстанның ішкі сұранысын толық өтеді және импорттың 17%-ға (2023 жылғы 34%-дан) төмендеуін қамтамасыз етті.

Экспортқа өнім жеткізу

Экспортқа 230 мың тонна жөнелтілді, негізгі сату нарықтары: Қытай, Еуропа, Түркия және Ресей. Өнім омологациядан сәтті өтті, яғни қауіпсіздік пен сапаның барлық қажетті стандартына сәйкестігін растап, халықаралық қайта өңдеуші компаниялардың сұранысына ие болып отыр.

2022-2024 жылдар өңірлер бөлінісінде полипропилен сатылымы


Аймақтар	2022	2023	2024
Қазақстан	589	9 401	23 301
Қытай	28 859	93 109	89 001
Еуропа	701	33 276	29 413
Түркия		11 509	63 818
Ресей	351	25 411	46 143
Барлығы	**30 499**	**172 706**	**251 676**

Ішкі нарыққа ықпалы

Қазақстан нарығында KPI үлесінің 55%-ға дейін ұлғаюының арқасында полипропилен импорты едәуір төмендеді.

«Форсаж» бағдарламасы


Бағдарлама аясында қайта өңдеуші компанияларды ынталандыру үшін арнайы коммерциялық жағдай жасалды:
- импортты алмастыратын форсаж — импортты алмастыру үшін өнімді қолдау.
- экспорттық форсаж — шетел нарықтарында бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету.
- инвестициялық форсаж — инвестицияларды өтеу және несие мөлшерлемесін сақтау.



Қаржы көрсеткіштері және баға динамикасы

2024 жылы Қазақстан нарығында полипропиленнің орташа бағасы ҚҚС қоса алғанда, бір тоннасына 506,6 мың теңгені құрады, бұл инфляциялық процестер мен сұраныстың артуы есебінен болған қалыпты өсімді көрсетеді.

2024 жыл бойғы баға динамикасы



Логистика және қойма инфрақұрылымы

Логистиканы оңтайландыру:

зауыт FCA[1] талаптары бойынша өнім жеткізуді қамтамасыз етті (Атырау мен Алматыдағы KPI қоймалары). Алматы қаласында қойманың ашылуы:
- қазақстанның оңтүстік өңірлеріне сату көлемін ұлғайтуға (желтоқсандағы өсім — 400 тонна).
- теміржол инфрақұрылымына қол жеткізе алмайтын қайта өңдеуші компаниялардың логистикаға жұмсайтын шығынын азайтуға мүмкіндік берді.


Халықаралық тасымалдаушылармен серіктестік

Қытайға, Түркияға және Еуропаға экспорттық маршруттар ұйымдастырылды, бұл жеткізу тізбегінің тұрақтылығын арттыра түсті.

Қазіргі қиындықтар және оларды шешу жолдары

ТШО-дан өнім берілуінің тоқтауы:
- Қазан-желтоқсан айларында 27 425 тонна пропан жеткізілмеді. Бұл көлемді өтеу үшін балама көздер тартылды (СИБУРДАН және басқа жеткізушілерден 33 250 тонна).
- Қосымша жеткізуші компаниялармен серіктестікті кеңейту және 2025 жылға арналған келісімшарттарды оңтайландыру жоспарда.

Алматы қоймасына өнім жеткізу



[1] Өнімді FCA талаптары бойынша жеткізу – сатушының тапсыру құжаттарын ресімдеу бойынша барлық қажетті талаптарды орындайтынын және тауарды сатып алушы тағайындаған жүк тасымалдаушыға немесе келісімшартта көрсетілген жерде және уақытта сенімді тұлғаға беретіндігін білдіреді.

Ұзақ уақыт пайдалануға беру және Нысандарды қабылдау актісіне қол қоюды кешіктірудің себептері

2024 жылы зауыттың негізгі технологиялық қондырғыларына кепілдік сынақ жұмыстары сәтті өтті. Мамыр айында пропанды сусыздандарыу қондырғысының (PDH), ал қазан айында пропиленді полимерлеу қондырғысының (PP) сынақтары аяқталып, көрсетілген өндірістік кепілдіктерге сәйкестігін растады. Сынақтардың қорытындысы бойынша KPI компаниясы, EPC-мердігер және лицензиар арасында міндеттемелердің орындалуын білдіретін қорытынды есептерге қол қойылды. Қазан айында зауыттың демонстрациялық жұмысы аяқталды, бұл жабдықтың сынақ режимінде жұмыс істеу тұрақтылығын растады. Іске қосу-реттеу іс-шаралары 2025 жылғы қаңтарда толық көлемде аяқталды. Техникалық және авторлық қадағалаулар зауыттың белгіленген талаптарға сәйкестігін растап, оның ресми қабылдауға дайын екендігін куәландырды. Қазіргі уақытта KPI және EPC-мердігер жабдыққа жүктеме жоғарылаған кезінде туындайтын, анықталған ақауларды жою бойынша жұмыстарды жалғастыруда.

Нысандарды қабылдау актісіне қол қоюдың кешігуі қолданылатын технологиялар мен жабдықтардың күрделі әрі бірегей болуына байланысты. Зауыттың қарқынды жұмысына жету жобалық қуаттарды игеруге уақытты қажет етеді. Әлемдік тәжірибеге сәйкес мұндай технологиялық күрделі объектілерді реттеу және тұрақты жұмысқа шығару экономикалық жағдай, маркетингтік конъюнктура немесе энергия ресурстарын берудегі ажыратулар сияқты болуы мүмкін сыртқы факторларды есепке алмағанда, кем дегенде бір жылға созылады

Өндіріс процесінің басты кезеңдері:

1. 1. «Теңізшевройл» ЖШС шикізат газын облыс орталығынан 40 шақырым жерде орналасқан зауытқа темір жол арқылы жеткізеді.

2. 2. Зиянды қоспалардан тазартылған пропан (C3H8) Оңтүстік Кореяның Wooyang HC компаниясы жасаған сегіз реакторына келіп түседі. Мұнда пропанның (C3H6) пропиленге айналуы (дегидрленуі) сутегі бөлінуімен жүреді.

3. 3. Lummus Technology қондырғысында пропиленді полимерлеу арқылы полипропилен алынады. Әлемде осындай қондырғылардың саны алтау ғана.

Экологиялық тиімділік

Өндіріске жұмсалатын судың көлемі өте аз, өндіріс сонымен ерекшеленеді, сұйықтықтың 82%-ы технологиялық процеске қайта оралып, энергия шығынын азайтады. Булану алаңдарына шығарындылардың болмауы процес тұрақтылығының жоғары деңгейін көрсетеді.

Полиэтилен

Қуаты жылына 1,25 млн тонна полиэтилен өндіретін жаңа зауыт салу жобасы Қазақстанда мұнай-химия саласын дамытудың негізгі бастамасы. Үлескерлер: «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (29,9%), «СИБУР Холдинг» ЖАҚ (30%), Sinopec (30%), «KMG PetroChem» ЖШС (10,1%). Жобаға құйылған инвестицияның жалпы көлемі – шамамен 7,4 млрд АҚШ доллары, ал оны іске асыру ел экономикасын нығайтуға және полимерлер импортына тәуелділікті төмендетуге мүмкіндік береді.

Жоба шикізат базасының арзан болуына байланысты экономикалық тұрғыдан орынды. Тиімді шарттар бойынша жеткізілетін этан мен пропан және «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймақ аясында жеңілдікпен салық салу өндірістің өзіндік құнын айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді.


Ұзақ мерзімді перспективада полиэтиленге жаһандық сұраныстың тұрақты өсуі өнімдердің қаптама жасау саласында, құрылыс, медицина, ғарыш және басқа салаларда кеңінен қолдануына ықпал етеді. Қазіргі уақытта Қазақстанда өзінің полиэтилен өндірісі жоқ және полиэтиленнің барлық көлемі Ресейден, Өзбекстаннан, Қытайдан, Иранннан, Әзербайжаннан, Оңтүстік Кореядан және басқа елдерден импортталады. 2022 жылы полиэтилен импорты 217 мыңнан тоннадан асты. Ағымдағы тұтыну көлемі жан басына шаққанда шамамен 11 кг құрап отыр, 2028-2030 жылдарға қарай 17-20 кг-ға дейін ұлғаяды деген болжам бар, бұл жылына 340-400 мың тоннаға тең ішкі нарық көлеміне сәйкес келеді. Жоба жылына 1 млн тоннаға дейінгі экспорт кезінде елдің ішкі жалпы өнімінің қосымша 1,2%-ға дейін өсуіне, сондай-ақ шағын және орта бизнестің дамуына ықпал ете отырып, 2,5 млрд АҚШ долларына дейінгі экспорттық кірісті қамтамасыз ете алады.

Зауыт өндіретін жалпы өнім көлемінің шамамен 20-24%-ы (жылына 200-300 мың тонна) ішкі нарыққа жеткізіліп, қалғаны экспортқа жөнелтілетін болады.

Интеграцияланған газ-химия кешені жобасының схемасы бірнеше негізгі кезеңдерден тұрады: алдымен офтейк келісімшарттар шикізатпен тұрақты қамтамасыз етеді, содан кейін келіп түсетін құрғақ газ (жылына 8,5–9,1 млрд м³) газ сепарациялық кешеніне (ГСК) жіберіледі. Бұл жерде газдан жылына шамамен 1,38-1,57 млн тонна көлемінде этан бөлінеді, содан кейін ол этиленге айналу үшін бу крекинг қондырғысына (пиролиз) түседі.

Алынған этилен полимерлеу блогына (желілік альфа-олефин элементтерімен) беріліп, онда қазіргі заманғы лицензиялық технологиялар бойынша экспорт пен ішкі нарық арасында бөлінетін полиэтилен өндірілетін болады. Сонымен қатар, схема шикізат пен дайын өнімді тиімді тасымалдауды қамтамасыз ететін логистикалық блоктарды – экспедиторлық-көлік компаниясы (ЭКК) және өндірістік-көлік кешенін (ӨКК) қамтиды. Жоба «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» АЭА аясында іске асырылуда, бұл жеңілдекті салық салуды және инфрақұрылымдық шығындарды оңтайландыруды қамтамасыз етеді.

Жобаның бизнес үлгісі



Қазіргі жағдайы

Бүгінгі таңда пиролиз, полимерлеу қондырғылар. логистикалық кешен аумақтарында инженерлік дайындық іс-шаралары аяқталды, жалпы зауыттық шаруашылық нысындары алаңдарында жұмыс жалғасуда.

Бұдан басқа, пиролиз қондырғысы бойынша EPC-мердігердің қарқынды жұмыстары басталып кетті, атап айтқанда негізгі жабдыққа тапсырыстар орналастырылды, конструкторлық жұмыс құжаттамасын алу және қарау жүріп жатыр.

Инвестиция тарту және қаржыландыру

Жобаға халықаралық инвесторлар, соның ішінде Sinopec стратегиялық серіктес компаниясы сәтті тартылды, бұл оның қаржылық тұрақтылығын едәуір арттырды. Іске асырудың келесі кезеңіне дайындығын растайтын ODI (Overseas Direct Investment) оң шешімі алынды. Bank of China, ICBC, CB және CMBC-ден 1,345 миллиард АҚШ доллары көлемінде нақты ұсыныстар тартылды, бірінші транш 2025 жылдың бірінші тоқсанында күтілуде.

Жобалау және құжаттама

Барлық негізгі жобалық құжаттар әзірленді, соның ішінде техникалық-экономикалық негіздеме, технологиялық процесті жобалау (PDP), экологиялық деректерді жинау және батыс стандарты бойынша жобалау (EBD/FEED) бар. Қазіргі уақытта жобалау-сметалық құжаттама бойынша жұмыс қарқынды жүріп жатыр, ол 2025 жылдың 1-оқсанында аяқталады деп жоспарланған.

EPC келісімшарты және инфрақұрылымдық жұмыстар

2024 жылы 18 қыркүйекте Sinopec Engineering Group және Tecnicas Reunidas S.A.консорциумымен EPC келісімшартына қол қойылды, ол инженерлік жобалауды, жабдықты жеткізуді және нысанды салуды қамтиды. Пиролиз алаңындағы инфрақұрылымдық жұмыстар 2024 жылы 11 қыркүйекте басталды, оған вертикалды жайғасым мен алаңішілік жолдар салу жатады.

2025 жылға арналған жоспарлар

2025 жылы жобалау-сметалық құжаттаманы аяқтауға және құрылыстың белсенді кезеңіне көшуге ерекше мән берілетін болады. Сондай-ақ, халықаралық банктерден қаржыландырудың бірінші траншы түседі деп күтілуде, бұл жобаны іске асыру үшін қажетті өтімділікті қамтамасыз етпек. Топырақты игеру, алаңішілік және сыртқы жолдарды салу, сондай-ақ EPC-мердігерлерге беру үшін алаңды дайындау бойынша жұмыстар жалғасатын болады.

[1] Жеткізілмеген этан көлемі пропан беру арқылы өтеледі.

Күтілетін нәтиже

Жаңадан бой көтеретін полиэтилен зауыты құрылыс кезінде шамамен 8 мың жұмыс орнын және іске қосылғаннан кейін 800 тұрақты жұмыс орнын ашады. Полиэтиленнің 20-дан астам маркасын шығару жоспарда, оның ішінде өнімнің 40%-ы премиум санаты болады.

Газ сепарациялық кешен

Газ сепарациялық кешен – табиғи газды терең өңдеуге және одан құнды құрамдас бөлшектерін бөлуге арналған Қазақстанның газ инфрақұрылымының стратегиялық нысаны. Кешен мұнай-химия өнеркәсібі үшін этан мен пропанды тұрақты жеткізіп отыруда маңызды рөл атқарады, сондай-ақ зиянды заттар шығарындысын азайтуға және тауарлық газдың сапасын жақсартуға ықпал етеді. Жобаның операторы – ҚМГ еншілес ұйымы «KMG PetroChem» ЖШС.

Жобалау және келісу кезеңі

Жоба FEED кезеңін қоса алғанда, жобалаудың барлық кезеңінен сәтті өтті. Жобалау-сметалық құжаттама мемлекеттік сараптаманың оң қорытындыларын алды. Re-FEED кезеңін 2024 жылдың тамызында «WOOD KSS» ЖШС EPC шығындарын ҚҚС-пен бірге 2 299,5 млн АҚШ долларына алдын ала бағалаумен аяқтады.

Қаржыландыру және мемлекеттік қолдау

ҚР Ұлттық Банкінен 40%-ды, «Самұрық-Қазына» АҚ-дан 40%-ды ҚМГ-ның акционерлік қарызынан 20%-ды қамтитын қаржыландыру расталды. Мемлекеттік қолдау шаралары «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» АЭА-ны пайдалану мерзімін 2048 жылға дейін ұзартуды (ҚР Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі №595 қаулысы) және қарыз қаржыландырудың қайтарымын қамтамасыз ету үшін пропан экспортын қолдауды (ҚР Энергетика министрлігі) қамтиды.

Келісімдер мен уағдаластықтар

2024 жылы 14 қыркүйекте ҚМГ Инвестициялық комитеті «Іске асыру» кезеңіне көшу туралы шешім қабылдады (№15-24 хаттама). 2024 жылы 11 желтоқсанда негізгі құжаттарға қол қойылды, соның арасында этанды тұрақты жеткізу мақсатында жасалған 2008 жылғы Шикізатты жеткізу туралы келісімге №3 қосымша келісім және «KMG PetroChem» мен ТШО арасында құрғақ газды сату-сатып алудың жаңартылған келісімшарты бар.

ГСК-ны жобаның бизнес үлгісімен интеграциялау

ГСК «KMG PetroChem» келісімшартына сәйкес этан фракциясын Теңіз кен орнынан құбыр арқылы жеткізуді қамтамасыз етеді. Жеткізу көлемі жылына 1 573 мың тонна этанды құрайды.

«Іске асыру» кезеңінің жаңартылған кестесі

ГСК бойынша құрылыс және монтаждау жұмыстарын бастау 2025 жылдың 2-тоқсанына жоспарланған. Кешен 2028 жылы пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр.

Тәуекелдер және оларды азайту

ГСК технологиялық тәуекелдері UOP лицензиялық технологияларын қолдану есебінен жойылды. Энергия ресурстарына қатысты тәуекелдер жеке ГТЭС салудың және ТШО инфрақұрылымына ішінара қосылудың нәтижесінде азайды.

Экологиялық тиімділік

Жоба жылына 9,05 млрд м³ құрғақ газ өңдеп, 1 573 мың тонна этан және 355 мың тонна пропан өндіруді көздейді. Газды күкіртті сутектен тазарту зиянды шығарындыларды азайтады, тауарлық газдың сапасын жақсартады және Атырау облысының экологиялық жағдайына оң әсер етеді.

Қосымша жұмыстар

FEED LGM (ТШО отын газы жүйесін модификациялау) әзірлеу кезең-кезеңімен жүргізілуде. 2024 жылдың наурыз айында Pre-FEED LGM (Genesis компаниясы) аяқталды. FEED LGM жүргізу 2024 жылдың қыркүйегінен 2025 жылдың мамырына дейін (WOOD KSS) жоспарланған.

2025 жылға арналған жоспар

2025 жылы жобалау кезеңін аяқтап, құрылыс жұмыстарын бастауға ерекше мән берілетін болады.



Карбамид

2024 жыл ҚМГ мен қытайлық CNPC компаниясы арасында ынтымақтастықты дамыту үшін маңызды жыл болды. Мұнай-газ саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған бірқатар негізгі келісімдер қабылданды.

Қазақстанда карбамид өндіретін зауыт салу химия өнеркәсібінің дамуына, ауыл шаруашылығын азот тыңайтқыштарымен қамтамасыз етуге және экспорттық әлеуетті арттыруға ықпал етеді. Негізгі шикізат – табиғи газ, ол аммиакқа, одан кейін карбамид болып өңделеді. Өндіріс ішкі нарыққа және экспортқа, әсіресе Қытайға, Ресейге және Еуропаға бағытталған. Карбамид ауыл шаруашылығында тыңайтқыш ретінде, химия өнеркәсібінде пластмасса мен шайыр өндіру үшін, медицина мен фармацевтикада, сондай-ақ зиянды шығарындыларды азайту үшін энергетикада қолданылады. Жобаны іске қосу импортқа тәуелділікті төмендетеді, жұмыс орындарын ашады және шикізат емес экспорттың өсуіне ықпал етеді.

Негіздемелік келісімге қол қою: 2024 жылы 3 шілдеде ҚМГ мен CNPC арасында негіздемелік келісімге қол қойылып, мұнай-газ өнеркәсібінің түрлі салаларында, соның ішінде мұнай химиясында ұзақ мерзімді ынтымақтастықтың негізін қалады.

Алдын ала техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу: CNPC-дің бөлімшесі – қытайлық HQC компаниясы жобалау алдындағы құжаттаманы әзірлеу жұмыстарын аяқтады. Қазір CNPC компаниясы FS немесе FEED — жобалаудың келесі кезеңіне өту туралы шешім қабылдауда.

Бірлескен кәсіпорын құру: 2024 жылы 16 қазанда тараптар бірлескен кәсіпорын құру туралы уағдаластыққа қол жеткізді. Бұл бірлескен жобаларды жүзеге асырудағы маңызды қадам болды.

Шикізатты жеткізу туралы келісім: 2024 жылы 13 қарашада «KMG PetroChem» ЖШС мен «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ арасында шикізатты жеткізуге ниет білдіру туралы келісімге қол қойылды. Бұл Келісім бірлескен жобалар үшін шикізаттың тұрақты жеткізуін қамтамасыз ететін болады.

Жобаның негізгі аспектілері:

- Орналасқан жері және шикізат базасы: Зауыт Ақтөбе облысында орналасады және Жаңажол өңдеу зауытынан келетін табиғи газбен қамтамасыз етіледі.
- **Қаржыландыру:** Жоба үлескерлердің жеке инвестициялары және халықаралық серіктестерден тартылған қаражат есебінен қаржыландырылады.
- **Технологиялар:** Өндірістің жоғары тиімділігін және қоршаған ортаға ең аз әсер ететін заманауи технологияларды пайдалану жоспарда.
- **Ынтымақтастық:** CNPC-пен серіктестік озық технологиялар мен қаржы ресурстарына жол ашады.
- **Зауыттың қуаты:** жылына 1 млн тонна карбамид.
- **Инвестиция:** Жобаның алдын ала құны – 1,2-1,5 млрд. АҚШ доллары. Нақты сомасы жобалау құжаттамасының нәтижесі бойынша анықталады.
- Іске асыру мерзімі: 2024-2029 жылдар.

Полиэтилентерефталат

ҚМГ-ның еншілес компаниясы – «KMG PetroChem» ЖШС қуаты жылына 735 мың тонна полиэтилентерефталат (ПЭТ) өндіретін зауыт салу бойынша ауқымды жобаны қолға алды. Зауыт Атырау облысында, Атырау мұнай өңдеу зауытына жақын жерде орналасатын болады, бұл ыңғайлы логистиканы және қажетті шикізат – параксилол алуды қамтамасыз етеді.

Жоба әлемнің жетекші компанияларының заманауи технологияларын пайдалануды көздейді. Сонымен, терефтал қышқылын өндіру үшін Koch Technology Solutions технологиясы, ал полиэтилентерефталат өндіру үшін – Chemtex Global Corporation және Polymetrix AG технологиялары пайдаланылатын болады. Бұл өнімнің жоғары сапасы мен өндіріс тиімділігіне кепілдік береді.

Жобаны іске асырудың негізгі кезеңдері – жобалау алдындағы зерттеулерді аяқтау, қажетті рұқсат қағаздарды алу, қаржыландыруды тарту және зауыттың өзін салу. Қазіргі уақытта жобаны іске асыру үшін стратегиялық серіктес іздеу бойынша жұмыстар жүріп жатыр.

Жобаны іске асыру бірқатар маңызды міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- **импортты алмастыру**: ПЭТФ өндірісі импортқа тәуелділікті азайтуға және ішкі нарыққа тұрақты өнім жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;
- **мұнай-химия саласын дамыту:** жаңа жоғары технологиялық өндірісті құру;
- **жұмыс орындарын ашу:** жоба өңірде жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді;
- **Қазақстан экономикасын нығайту:** елдің экспорттық әлеуетін арттыру.



СЕРВИСТІК ЖОБАЛАР

ҚМГ инфрақұрылымды дамытуға, мұнай сервисі бағытының тиімділігін арттыруға және активтерді жаңғыртуға бағытталған кешенді бастамаларды іске асырады. Негізгі стратегиялық басымдықтарға сумен тұрақты қамтамасыз ету, мұнай сервисі активтерін қайта құрылымдау, олардың табыстылығын арттыру, автопаркті жаңарту және өндірістік базаларды жаңғырту кіреді.

ҚМГ мұнай-сервистік жобаларының инфрақұрылымы жабдықтарды жөндеу және қызмет көрсету базаларын, логистикалық орталықтарды, сондай-ақ мамандандырылған техника мен көлікті қоса алғанда басты өндірістік объектілерді қамтиды. Бизнес-процестерді автоматтандыруға, сертификаттаудың халықаралық стандарттарын (API Specification Q2 — Америка мұнай институты, мұнай сервистік компанияларға арналған сапаны басқару) енгізуге және қолданыстағы қуатты жаңғыртуға ерекше мән беріледі.

1 Теңіз суын тұщыту зауытының құрылысы (ТСТЗ)

Жоба мақсаты — Жаңаөзен қаласын ауыз сумен қамтамасыз ету, сондай-ақ «Астрахань-Маңғыстау» магистральды су құбырына технологиялық жүктемені азайту.

- Жобалық қуаты: тәулігіне 50 мың текше метр.
- Жағдайы: EPC келісімшарты жасалды, құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталды.
- Жобалық қуатқа шығу —2025 жылдың бірінші жартысы.

2 Мұнай-сервистік қызметтер портфелін жасау және активтерді қайта құрылымдау

- 2024 жылы мұнай-сервистік ЕТҰ-ларды «Өзенмұнайгаз» АҚ мен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ға (ҚМГ үлесін беру және персоналды ауыстыру) берудің екі кезеңнен тұратын пилоттық жобасы іске қосылды.
- 2025 жылға арналған жоспарлар: Жаңаөзен мен Ақтаудағы активтерді беру жөніндегі іс-шараларды аяқтау.

3 Мұнай-сервистік активтерді шығынсыз шығару

- Бастамаларға мыналар кіреді: бизнес-процестерді автоматтандыру, бөлек есепке алуды енгізу, API Spec Q2 бойынша сертификаттау.
- Мәртебесі: 2024 жылы Қазақстандағы API Spec Q2 сертификатын алғаш рет МЭМ («Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС (Мұнай Сервис бөлімшесі) алды. Басқа активтерді сертификаттауға өтініш беру 2025 жылға жоспарланған.

4 Автокөлік пен техникаларды жаңарту

- 2024 жылдағы нәтижелер: 95 техника жеткізілді. Жеткізушілермен лизингтік шарттар жасалды.
- 2024–2026 жылдарға жоспар: Қаламқас және Жетібай кен орындарындағы 408 техниканы жаңарту.

5 Өндірістік базаны салу және жаңғырту

- Жетібай кен орны: Жаңа өндірістік-техникалық база құрылысын жүргізу үшін жобалық құжатта әзірленіп, бекітілді.
  - мәртебесі: Тендер өткізілді және құрылыс-монтаждау жұмыстарын 2025 жылдың 1-тоқсанында бастау жоспарланған.
- «ӨзенМұнайСервис» ЖШС өндірістік базасы:
  - бетондау және монтаждау жұмыстары 2025 жылы қаңтар айының соңында аяқталмақ.
  - аумақты абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары 2025 жылдың 1-тоқсанында аяқталады.

ҚМГ ЕТҰ-ның автопарктерін жаңарту, бірл.

Компания атауы	2024	2025	2026
	факт	жоспар	жоспар
ОТК («Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС)	186	155	96
ОСК («Oil Services Company» ЖШС)	0	10	25
ӨМС («ӨзенМұнайСервис» ЖШС)	0	0	5

ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ

Геологиялық барлау

Сымсыз сенсор технологияларын енгізу

Сейсмикалық барлау жұмыстарына сымсыз сенсор технологиясын енгізу уақыт мерзімін қысқартып және аумақты қамту көлемін арттырды, сондай-ақ бұл деректерді жылдамдатып олардың сапасын арттырды. Каспий маңы шөгінді алабының терең құрылысын зерттеу үшін далалық жабдықтарды бірегей орналастыра отырып, тәжірибелік сейсмикалық жұмыстар жүргізді. Бұл көмірсутекті барлаудың жаңа перспективасын ашты.

Инновациялық жобаларға инвестиция құю

2020-2024 жылдары 250,8 млрд теңге құйылды, оның 98,2 млрд теңгесі жоғары технологиялық жобаларға бағытталды. Бұл өз кезегінде компанияның бәсекелестік позицияларын нығайтуға ықпал етеді. 2024 жылы 3D сейсмикалық барлауды, негізгі зертханалық талдауларды және ГАЖ материалдарын қайта түсіндіруді қамтитын кешенді тәсілдердің нәтижесінде мұнай қорының өсімі алынды. Бұл да әртүрлі зерттеу әдістерін біріктірудің маңыздылығын растайды.

Жаңа техологиялар мен серіктестік

2024 жылы халықаралық компаниялармен ынтымақтастық бағыты белсенді дамыды. Березовский учаскесінде жер қойнауын игеру үшін озық шешімдерді енгізу мақсатында «Sinopec», «ЛУКОЙЛ» және «Chevron» өтінімдері қаралуда. Бұл өз кезегінде Мұғалжар учаскесінде Shell және Chevron сияқты компаниялар қызметін тарту арқылы қызметтің кеңею әлеуетін арттыратын терең бұрғылау технологияларын сынауға мүмкіндік береді. Жылыой жобасы бойынша кен орындарының цифрлық көшірмелерін бірлесіп енгізу үшін CNOOC компаниясымен негізгі шарттарға қол қойылды, бұл өндіру процестерін жоспарлау мен мониторингті жақсартуға жол ашады.

Жаңа технологияларды енгізу және процестерді оңтайландыру

2024 жылы сымсыз сенсор технологияларын сынақтан өткізу өзінің тиімділігін көрсетті. Енді оларды басқа объектілерде қолдануды кеңейту жоспарлануда, бұл деректерді жинаудың жеделдігін жақсартуға мүмкіндік бермек. Сейсмикалық барлау деректерін өңдеу үшін жасанды интеллект пен машиналық оқытуды қолдану интерпретацияның дәлдігі мен жылдамдығын арттырып, жедел жоспарлау мүмкіндіктерін жасады. ҒЗТКЖ аясында зерттеу мерзімдерін оңтайландыру және үлкен аумақтарды жабу үшін Гран кен орнында технологияларды сынау жүргізіледі, бұл шығынды азайтуға және жұмыс тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Кабельді бақылау жүйелерімен STRYDE кабельсіз нодальды сейсмикалық барлау технологиясын салыстырмалы талдау

STRYDE технологиясын қолдану бойынша ТОНТӘ-3D[1] жобасының нәтижелері:

- шығындарды азайту: жобаның жалпы құны 20% -ға — 6,5 млн АҚШ долларына дейін төмендеді (бұрын жоспарланған сома 8,2 млн доллар).
- мерзімдерді қысқарту: жұмыс 75 күннің орнына 58 күнде аяқталды (уақытты үнемдеу — 33%).
- персоналдарды оңтайландыру: бригададағы жұмысшылар саны 4 есе азайды (15-тен 4 адамға дейін), ал жалпы штат 60% қысқарды (77-ден 32 қызметкерге дейін).
- тиімділіктің өсуі: сейсмикалық барлау тобының өнімділігі 35% - ға өсті (828-ге қарсы 1 278 операция) және жиналған деректер 20% - ға өсті (1 026-ға қарсы 1 278).
- экологиялық тиімділігі: техника мен көлікті қысқарту арқылы машиналардың жүрісі 44% (945 км орнына 531 км) азайып, зиянды шығарынды көлемі төмендеді.

Жоба заманауи технологиялар мен процестерді оңтайландыру қоршаған ортаға барынша аз әсер етіп және шығындары аз жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретінін растады.

Каспий теңізінің экологиялық сезімтал аймақтарында импульстік көздерді сынақтан өткізу басталды.

Сейсмикалық барлауды цифрландыру

Мұғалжар және Болашақ учаскелерінде сәйкесінше 2 669 және 613 бойлық км көлемінде далалық сейсмикалық барлау жұмыстары аяқталды. Бұл деректерді өңдеуде машиналық оқыту әдістерін қолдану нәтижелерді түсіндіруді тездетеді және перспективті объектілерді болжаудың дәлдігін арттырады. «KMG Barlau» ЖШС мен Sinopec арасында деректерді қорғау үшін блокчейн-технологияларды енгізе отырып, Березовский учаскесі бойынша геологиялық ақпаратты пайдалану құқығына қатысты келісімге қол қойылды. Ол ақпарат алмасудың сенімділігі мен ашықтығына кепілдік береді.

[1] Терендe орналасқан ортақ нүктені табу әдісі.

2025 жылға жоспар

Инновациялық технологияларды қолдануды кеңейту

Орталық кен орнының шығыс бөлігінде (220 км²) сымсыз датчиктерді пайдалануды қоса алғанда 3D сейсмикалық барлау жүргізу жоспарлануда. Бұл зерттеулер көлемін едәуір кеңейтіп, оның қоршаған ортаға әсерін барынша азайтады. Торғай палеозой және Қаратон подсолевой учаскелерінде нақты уақыттағы деректерді талдау үшін AI шешімдерін интеграциялай отырып, ұңғымаларды бұрғылау мен сынауды аяқтау бұдан әрі қарай әзірлеу жұмыстарына қатысты жедел шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ Тайсойған-1 және Тайсойған-2 учаскелерінде көміртегі ізін азайту технологияларын пайдалана отырып, бес іздеу ұңғымасын бұрғылау көзделген.

Жаңа геологиялық барлау жобалары

2D және 3D сейсмикалық барлауды жоспарлаумен және одан әрі суперкомпьютерлерді пайдалана отырып деректерді өңдеумен үш перспективті учаскеге лицензия алу жоспарлануда, бұл барынша дәлірек модельдер құруды және барлау тиімділігін арттыруды қамтамасыз етеді.



Бұрғылау

Кен орындарды игерудің жай-күйі мен перспективалары

ҚМГ операциялық активтері әр түрлі коллекторлары және қабат мұнайының жекелеген ерекшеліктері бар негізінен өндірілетін кен орындарымен ұсынылады. Алынатын мұнайдың қалдық қоры шамамен 440 млн тоннаны құрайды, оның 248 млн тоннасы өндірілуі қиын қорларға жатады, бұл оларды тиімді игеру үшін инновациялық тәсілдерді қолдануды талап етеді.

2023 жылы ҚМГ технологиялық сын-тегеуріндер бойынша стратегиялық сессия өткізді, оның аясында жеті ЕТҰ үшін Технологиялық сын-тегеуріндердің жол карталары әзірленді. Бұл карталар 2024 жылдан 2029 жылға дейінгі кезеңділікте игерілуі қиын қорларды әзірлеу жөніндегі міндеттерді шешуге бағытталған және ұсынылатын технологиялар мен іс-шаралар тізбесін, тәуекелдерді бағалауды, сондай-ақ зертханалық зерттеулер мен тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтардан бастап өнеркәсіпте қолдануға дейінгі барлық кезеңдее озық әдістерді енгізуді қамтиды.

Компания 2024 жылы процестерді оңтайландыру үшін мұнай өндіруді ұлғайту әдістерін таңдау және енгізу тәсілдерін стандарттайтын технологияларды техникалық-экономикалық бағалаудың жаңа ережелерін бекітті. Бұл ҚМГ күрделі активтерін басқарудағы негізгі қадам және тәуекелдері мен шығындары жоғары кен орындарын игеру тиімділігін арттыру үшін заманауи шешімдерді қолдануға мүмкіндік береді.

Коллекторлардың түрлері бойынша технологиялық бағыттар

Кен орындарында қолданылатын технологияларды мұнайдың пайда болуының күрделілігіне қарай шартты түрде мынадай үш топқа бөлуге болады:

- **Төмен өткізгішті коллекторлар:**
  - қабатты гидрожару (ҚГЖ);
  - көп сатылы қабатты гидрожарумен көлденең бұрғылау;
  - қабаттың радиалды ашылуы;
  - газдинамикалық ыдырау;
  - су ағынын шектеу.
- **Тұтқырлығы жоғары мұнай:**
  - көлденең бұрғылау;
  - бу айдау;
  - ыстық суды айдау;
  - полимерлі су басу;
  - қабылдағыш профилін теңестіру.
- **Карбонатты коллекторлар:**
  - қышқылды қабатты гидрожару (ҚҚГЖ);
  - ҚҚГЖ -мен көлденең бұрғылау;
  - су-газ әсері;
  - стационарлық емес сулану;
  - қабылдағыш

2024 жылғы нәтижелер

Бір жыл ішінде ҚМГ ҰК кен орындарында заманауи технологияларды енгізуге бағытталған 502 іс-шараны жүзеге асырды. Бұл 390 мың тонна мұнай өндіруді қамтамасыз етті. Қолданылатын технологиялардың ішінде алғаш рет қолданылғандар да болды.

- **Карбонатты коллекторлардағы инновация**лар. 2024 жылы Әлібекмола кен орнында алғаш рет қабылдағыш профилін теңестіру технологиясы үшін химиялық композицияларды таңдау бойынша зертханалық зерттеулер жүргізілді. ҚМГ бұрын карбонатты кен орындарында қолданылмаған бұл технология өзінің келешегін көрсетті. 2024 жылдың желтоқсан айына қарай 6 айдау ұңғымасы өңделді, бұл 390 тонна қосымша мұнай өндіруге мүмкіндік берді.
- **Қабаттың радиалды ашылуы. «**Өзен және Қарамандыбас кен орындарын оңалту» жобасы аясында алғаш рет алты өндіруші ұңғымада қабатты радиалды ашу технологиясы қолданылды. Бұл әрбір ұңғымада өнім көлемінің тәулігіне 5 тоннадан астам өсуін қамтамасыз етті. Бұл шешім ҚГЖ қолдану қиын болатын суландырылған кен орындарына сәтті жүргізілді.

2029 жылға дейінгі жоспарлар мен перспективалар

Жаңа технологияларды қолдану аясын кеңейту.

- Slim Hole үлгіде ұңғыманы бұрғылау;
- ASP-суландыру;
- қабаттарды өңдеу үшін CO_2 айдау;
- көбік қышқылын өңдеу;
- бір мезгілде бөлек бу айдау (ББББА);
- ішкі қабаттың жануы.

Техологияларды енгізу процесін цифрландыру.

Өтінімдерді мониторингілеу үшін жаңа құралдарды енгізуді, құжат шаблондарын жақсартуды және деректерді талдау үшін алгоритмдерді интеграциялауды қоса алғанда, «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін «Техникалық-өнеркәсіптік тәжірибе орталығы» интернет-порталын жаңғырту жалғасатын болады. Бұл тиімділікті арттырады және уақыт шығындарын азайтады.

Өндіру

Өндіру тиімділігін артыру бағытындағы іс-шаралар

Инновациялық технологияларды енгізуді жеделдету үшін 2023 жылдан бастап «Техникалық-өнеркәсіптік тәжірибе орталығы» интернет-порталы жұмыс істейді, ол өтінімдерді тиімді өңдеуге және техникалық-өнеркәсіптік тәжірибе жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл шаралар өндірістің тұрақты деңгейін ұстап қана қоймай, сонымен қатар компанияның ұзақ мерзімді тұрақтылығын және нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз ететін инновацияларды енгізуге ықпал етеді.

Сарқылып бара жатқан кен орындарды игеру

С.Балғымбаев, Ботақан, Қошқар сияқты жетілген кен орындарында және қорлардың жоғары сулануы мен сарқылуы байқалатын басқа да кен орындарында өндіруді оңтайландыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл төмен дәрежелі ұңғымаларды өшіру, оларды сервистік басқаруға беру, сондай-ақ басқа да инновациялық әдістерді енгізу жөніндегі іс-шараларды қамтиды. Осы іс-шаралар кен орындарының қызмет ету мерзімін ұзартуға және полимерлі суландыру және қабатты гидрожару сияқты жаңа технологияларды қолдану арқылы өндіріс тиімділігін арттыруға бағытталған.

Технологиялық сын-қатерлер және 2050 жылға дейінгі жоспар

Мұнай алу коэффициентін (МАК) арттыру үшін озық технологиялар белсенді зерттеліп, енгізілуде, оның ішінде:
- полимерлі суландыру;
- көп сатылы қабатты гидрожару;
- қабаттың радиалды ашылуы;
- бір мезгілдік-бөлек өндіру және айдау;
- шағын диаметрлі ұңғымаларды бұрғылау (Slim Hole);
- су-газ әсері және басқалар.

Бұл технологияларды енгізу 25 жыл ішінде қосымша 60 млн тоннадан астам мұнай өндіруге мүмкіндік береді деп күтілуде және кен орындарын пайдаланудың экономикалық тиімділігін айтарлықтай арттырмақ.

Өзен және Қарамандыбас кен орындарын оңалту жобасы

2023 жылы Өзен және Қарамандыбас кен орындарын оңалту бойынша ауқымды жоба іске қосылды. Жобаның негізгі іс-шаралары:
- озық технологияларды қолдана отырып, жаңа және айдау ұңғымаларын бұрғылау;
- өндіріс тиімділігін арттыру үшін қабылдау профилін теңестіру технологияларын енгізу;
- қабат қысымын ұстап тұру жүйесі мен инфрақұрылымды жаңғырту;
- полимерлі суландыру әдісін енгізу және орталықтан тепкіш сорғы қондырғысы орнату.

2025 жылдан бастап ең заманауи инновациялық шешімдерді пайдалана отырып, суландыру жүйелерін жетілдіру, құбыр инфрақұрылымын цифрландыру және жетілген кен орындарында көлденең ұңғымаларды бұрғылау жөніндегі жұмыстар жалғасатын болады.

2025 жылға арналған жоспарлар

2025 жылға арналған негізгі іс-шараларда ескі кен орындарына жаңа технологияларды енгізу және қолданыстағы процестерді жақсартуға баса назар аударылған. Олар мыналарды қамтиды:
- Қарсақ, Шығыс Молдабек, Өзен және басқа кен орындарында көлденең ұңғымаларды бұрғылау,
- Өзен және Қаламқас учаскелерінде полимерлі суландыруды жүргізу,
- Негізгі кен орындарында қабылдағыш профилін теңестіру технологияларын қолдану,
- Орталық Ақшабұлақ кен орнында бір мезгілдік-бөлек айдауды қолдану мұнай алу коэффициентін арттыруға және экологиялық тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді.

Бұл іс-шаралар озық және экологиялық қауіпсіз технологияларды қолдана отырып, өндіру процестерін тұрақты дамытуға және жаңғыртуға бағытталған.



Мұнай өңдеу және мұнай химиясы

«Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттарында инженерлік модельдерді енгізу» жобасы

2020 жылы Қазақстан Республикасының мұнай өңдеу зауыттарында (Атырау МӨЗ және Павлодар мұнай-химия зауыты) алғаш рет инженерлік модельдеу жүйесі енгізілді. Бұл – оңтайлы жұмыс режимін таңдау үшін технологиялық қондырғының цифрлық көшірмесін жасауға мүмкіндік беретін бағдарламалық жасақтама. Бүгінде Атырау мұнай өңдеу зауыты мен Павлодар мұнай-химия зауытында алғашқы өңдеу процестерінің және мұнайды өңдеудің негізгі процестерінің модельдері әзірленді. Олар шикізаттың өзгеруімен және әртүрлі жұмыс параметрлерімен қондырғылардың жұмысын модельдеуге мүмкіндік береді.

2022-2024 жылдары жабдық режимдерін оңтайландыру үшін есептеулер негізінде сынақтар жүргізілді, соның нәтижесінде «тар жерді» жоюға және қондырғылардың жұмысын оңтайландыруға мүмкіндік туды.

АМӨЗ-де АВТ-3 қондырғысының вакуумдық колоннасының жұмысы оңтайландырылды, бұл оның жүктемесін 10%-ға арттыруға мүмкіндік берді. Бұл мұнай өнімдерінің бөлінуінің жақсаруына, вакуумды газойл шығымдылығының тәулігіне 350-400 тоннаға ұлғаюына және мазут өндірісінің төмендеуіне әкелді. 2024 жылы вакуумды газойль өндірісінің өсуі 2023 жылмен салыстырғанда 79 мың тоннаны (+44%) құрады. Мұнай өнімдері себетінің жалпы құнының өсуі жылына 2,6 млрд теңгеге бағаланды.

ПМХЗ-да тәжірибелік сынақтардың нәтижесінде отын шығыны азайды: бу беруді ұлғайту және шикізат температурасын төмендету есебінен мұнайды атмосфералық айдау қондырғысында пеш жұмысының тиімділігі 6%-ға өсті, ал отын шығыны тәулігіне 16 тоннаға төмендеді. Битум өндірісінің қондырғысында айналымдағы суару температурасының жоғарылауы тәулігіне 20 тоннаға дейін отын үнемдеуге мүмкіндік берді. 2024 жылы жанармай шығындарын жалпы үнемделу шаралары 170 млн теңгеге бағаланады.

«Технологиялық процесті басқарудың жетілдірілген жүйесі» жобасы

Технологиялық процесті басқарудың жетілдірілген жүйесі (ТПБЖЖ, халықаралық атауы — Advanced Process Control, APC) ҚМГ мұнай өңдеу зауытында 2020 жылдан бері енгізіле бастады. Технологиялық процесті басқарудың жетілдірілген жүйесі автопилот сияқты жұмыс істейді, қондырғының технологиялық режимін берілген шектерде тұрақты ұстап тұрады. Автоматты режимде қондырғыны жүктеудің, бағандар мен пештердегі температураның тұрақты өлшемшарттары, қондырғыдан шығатын ағымдардың сапа өлшемшарттары бақыланып тұрады. Осылайша, жеңіл мұнай өнімдерінің өндірісі ұлғаяды, энергия ресурстарын тұтыну азаяды, өнім сапасы жақсарады, технологиялық процесті басқаруда кезінде адами фактордың әсері азаяды.

АМӨЗ-да АТ-2 және АВТ-3 қондырғыларында технологиялық процесті басқарудың жетілдірілген жүйесі енгізілді, бұл жылына 15 мың тоннаға және керосиндік газойль фракцияларын шығаруды жылына 11 мың тоннаға арттыруға мүмкіндік берді. Жыл сайынғы экономикалық тиімділік 2 млрд теңгені құрайды.

2024 жылы жүйелер АМӨЗ-дің бензинді гидротазарту, каталитикалық риформингі және ПҚОП-тың мұнайды бастапқы өңдеу қондырғыларында енгізілді. Бұл жұмыс режимдерінің тұрақтануына, өнім сапасының 28-40%-ға төмендеуіне, нафта мен басқа да маржасы жоғары өнімдері өндірісінің артуына әкелді. Технологиялық процесті басқарудың жетілдірілген жүйесін енгізу есебінен ПҚОП-та керосин фракциясын шығару көлемі тәулігіне 30 тоннаға дейін ұлғайтылды, бұл себет құнының жылына 1,5 млрд теңгеге дейін өсуіне тең деп есептелді.

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС-нің бірыңғай MES-жүйесіне көшуі» жобасы

2024 жылы Атырау мұнай өңдеу зауыты өндірісті басқарудың орталықтандырылған жүйесі (MES — Manufacturing Execution System) енгізілді. Жүйе технологиялық процестер мен жабдықтардың мониторингін, жоспарға қатысты өндірісті бақылауды, көрсеткіштерді визуализациялауды, сондай-ақ резервуарлардың мониторингін және мұнай мен мұнай өнімдерінің қозғалысын есепке алуды қамтамасыз етеді. MES енгізудің негізгі әсері—МӨЗ қызметінің ашықтығын арттыру, шешім қабылдауды жеделдету,талдау мен есептілікті жақсарту. Бірыңғай дерекқор үлкен көлемдегі ақпаратты сапалы өңдеуді қамтамасыз етеді және Big Data құралдарын енгізу үшін негіз жасайды.

«Компьютерлік тренажерлық кешен» жобасы

Компьютерлік тренажерлық кешен (Кешен) — кеңейтілген нақты жағдайларды көрсететін оператордың жұмыс ортасын имитациялайтын технологиялық қондырғының цифрлық көшірмесі. Ол персоналдың біліктілігін арттыру және тренингтен өткізу үшін пайдаланылады. Аталмыш кешен 2019 жылдан бастап 2024 жылға дейін мынадай объектілерде енгізілді:
- АМӨЗ: 9 қондырғы (мұнайды бастапқы өңдеу, каталитикалық крекинг, риформинг, хош иісті көмірсутектер өндірісі, гидротазарту);
- ПМХЗ: 6 қондырғы (баяу кокстеу, бензинді изомерлеу, дизель отыны мен керосинді гидротазарту);
- ПҚОП: 10 қондырғы (каталитикалық крекинг, изомерлеу, күкірт өндіру және басқалар);
- KPI: 2 қондырғы (пропанның дегидленуі, пропиленнің полимерленуі).

2024 жылы Компьютерлік тренажерлық кешен жобасын одан әрі енгізудің 2024-2031 жылдарға арналған өзектендірілген жол картасы бекітілді. ҚМГ МӨЗ-де қызметкерлердің жыл сайын емтихан тапсыруы, жаңа қызметкерлерді даярлықтан өткізу және авариялық жағдайларда іс-қимылдарды пысықтау шараларын қоса алғандағы, Кешенде пайдаланылатын тренингтердің тиімді процесі жолға қойылған. Кешенді пайдалану нәтижелері персоналдың кінәсінен болатын оқиғаларды азайтуды, апаттардан кейін режимге шығу уақытын қысқартуды, сондай-ақ операторлардың жұмыс істеу сапасын арттыруды қамтиды.

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ ОРЫНБАСАРЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Есепті кезеңде Компания тұрақты дамуды және өзіне алған міндеттемелердің жүйелі орындалуын қамтамасыз ете отырып, тұрақты қаржылық нәтижелерді көрсетті. Меншікті және қарыз қаражатын тиімді басқару қаржылық теңгерімді ұстап тұруға және ҚМГ негізгі мүдделі тараптарының мүдделерін сақталуына ықпал етті. 2024 жылдың нәтижелері компанияның одан әрі тұрақты өсуіне берік негіз қалады.

Компания бос ақша ағымын тиімді басқарады, ол қаржылық тұрақтылық пен ұзақ мерзімді өсуге ықпал ете отырып, қарыз жүктемесін төмендету, инвестициялық бағдарлама және дивиденд төлеу арасында тең бөлінеді.

Brent маркалы мұнай 2024 жылы орташа есеппен барреліне 80,8 АҚШ доллары болды, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 2,3%-ға төмен. 2024 жылы KEBCO маркалы мұнай Brent маркалы мұнаймен салыстырғанда барреліне орта есеппен 2 цент дисконтпен[1] саудаланды.

Есептің жылдың қаржы нәтижелері

2024 жылы мұнай нарығы құбылмалы болғанына қарамастан, ҚМГ қаржылық көрсеткіштердің тұрақтылығын сақтай отырып, теңгерімді дамуды жалғастыруда. Мұнай бағасының төмендеуі ҚМГ-ның қаржылық көрсеткіштеріне орташа әсер етті, бұл қаржы ресурстарын басқару стратегиясының тиімділігін растап отыр.

EBITDA көрсеткіші 4,3 млрд АҚШ долларын құрап, 2023 жылмен салыстырғанда 3,1%-ға төмендеді. Бұл ретте бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан түсетін дивидендтерді есепке алатын түзетілген EBITDA көрсеткіші осы кәсіпорындардағы пайданың орнына 0,9%-ға өсіп, 4,6 млрд. АҚШ долларына жетті.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан түскен дивиденд мөлшері ұқсас кезеңмен салыстырғанда 10,0%-ға өсіп, 1,5 млрд АҚШ долларына жетті.

Есептеу әдісі бойынша күрделі шығындар 1,5 млрд АҚШ долларын және ақша ағымдары бөлінісінде 1,4 млрд. АҚШ долларын құрап, 2023 жылмен салыстырғанда тиісінше 13,4%-ға және 8,3%-ға төмендеді.

Бос ақша ағымы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 18,4%-ға ұлғайып, 2,6 млрд АҚШ долларын құрады. ҚМГ операциялық қызметтен түскен таза ақша ағымдарының едәуір өсуін қамтамасыз етті, бұл бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд мөлшері өсуінің, сондай-ақ күрделі шығындар төмендеуінің нәтижесі болды.

Ыңғайлы борыштық жүктеме

ҚМГ осы бағытта айтарлықтай нәтижелерге жетіп, жалпы борыштық жүктемені төмендетуге ден қояды. Компания қарыз жүктемесінің оңтайлы деңгейін сақтап тұр, бұл қаржылық тұрақтылықты нығайтады әрі компанияны макроэкономикалық қауіп-қатерден қорғайды. Бос ақша қаражаты болған кезде борышты мерзімінен бұрын өтеу ҚМГ-ға қаржылық тәуекелдерді төмендетіп қана қоймай, жаңа стратегиялық жобаларға қарыз қаржыландыруды тартуға мүмкіндік береді.

Есепті жылдың соңында жалпы қарыз мөлшері 3,97 трлн теңгені немесе 7,6 млрд АҚШ долларын құрап, 2023 жылмен салыстырғанда теңгемен 5,6%-ға ұлғайып, бірақ доллармен есептегенде 8,6%-ға төмендеді. Таза қарыз 2,2 млрд АҚШ долларын құрады, бұл 2023 жылдың соңындағы көрсеткішпен салыстырғанда 38,8%-ға аз.

2024 жылы Компания 2027 жылы өтелуі тиіс 750 млн. АҚШ доллары (358 млрд теңгеге тең) сомасына облигацияларды мерзімнен бұрын ішінара өтеді, бұл борыштық жүктемені төмендетуге және купон төлемдері бойынша 92,7 млн АҚШ долларын үнемдеуге мүмкіндік берді. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ қарыздары 4,4%-ға азайып, 679 млрд теңгені құрады, бұған АМӨЗ, ПМХЗ, KMG International және «ҚазТрансОйл» АҚ берешектерінің ішінара және толық өтелуі себеп болды.

ҚМГ қатаң қаржылық тәртіпті ұстанады және өз сенімділігі мен кредит төлеу қабілеті жоғары деңгейінде екенін растай отырып, барлық міндеттемелерді уақтылы орындайды. Қаржыны басқарудың жүйелі саясаты инвесторлар мен кредиторлардың сенімін нығайтып, компанияға капитал нарығының мүмкіндігіне жол ашады.

Компанияның кредиттік рейтингтері (S&P, Fitch, Moody’s)

2024 жылы ҚМГ өзінің қаржылық тұрақтылығын нығайтты, бұл халықаралық рейтингтік агенттіктердің жоғары бағалауында көрініс тапты. 2024 жылдың қыркүйегінде Moody’s Ratings халықаралық рейтинг агенттігі ҚМГ-ның кредиттік рейтингін «Baa2»-ден «Baa1»-ге дейін көтерді, болжам «тұрақты». Бұл шешім Қазақстан Республикасының егеменді рейтингінің жоғарылауын, мемлекет үшін ҚМГ-ның стратегиялық маңызын, сондай-ақ компанияның тұрақты қаржылық көрсеткіштерін айқындайды. Компания тиімділікті арттыруға, тұрақты өсуді қамтамасыз етуге және акционерлер үшін қосымша құн жасауға бағытталған іс-шараларды іске асыруды жалғастырады.

Кредиттік рейтингтердің жоғары деңгейі ҚМГ-ның қарыз алушы ретіндегі сенімділігін растайды және инвестициялар тарту мен стратегиялық жобаларды дамытуға ықпал ете отырып, халықаралық қаржы нарықтарының мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

Акционерлерге дивиденд төлеу және акция құнының өсуі

2024 жылы ҚМГ өз акционерлері үшін табыс әкелуді жалғастырды. ҚМГ акционерлердің мүддесін қорғайтынын растай отырып, екінші жыл қатарынан рекордтық дивиденд төлеп отыр. 2024 жылы Компания 2023 жылға бір акцияға шаққанда 491,71 теңге мөлшерінде жалпы сомасы 300 млрд теңгеге (639 млн АҚШ доллары) дивиденд есептеп, оны төледі.

2024 жылы ҚМГ акциялары 27%-ға өсіп, 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бір акция үшін 14 621 теңгеге жетті. Төленген дивидендтерді ескере отырып, акционерлер үшін 2024 жылғы жиынтық кіріс мөлшері 31%-ды құрады. 2022 жылы желтоқсанда өткен IPO-дан бастап ҚМГ акцияларының құны 74%-ға өсті, ал дивидендтерді есепке алғанда жиынтық кіріс 86%-ға жетті, бұл инвесторлардың сенімі жоғары екенін және компанияның тұрақты даму динамикасын көрсетеді. 2024 жылдың аяғында нарықтық капиталдандыру 8,9 трлн теңгені құрады, бұл 17 млрд АҚШ долларына тең. Осы нәтижелердің барлығы тұрақты өсуді және компания құнының артуын қамтамасыз ететін стратегияның тиімділігін растайды.



Салық

Компания жыл сайын салық аударымдары мен әлеуметтік міндеттемелерді орындау арқылы ел экономикасына елеулі үлес қосып келеді. Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды есептегенде, ҚМГ мемлекеттік бюджетке салық мен міндетті төлемдер түрінде 4,3 млрд АҚШ долларын (1 995 млрд теңге) аударды. Тұрақты қаржылық нәтижелерді қамтамасыз ету мен міндеттемелерді орындаудың теңдестірілген тәсілі ҚМГ-ның тұрақты дамуына ықпал етеді әрі нарықтағы ұзақ мерзімді позицияларын нығайтады.

Арысова Д.А.,

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары

[1] Спред — бұл талданатын кезең ішінде қарастырылып отырған мұнай бренді мен Brent маркасы арасындағы күнделікті баға айырмашылығының орташа мәні. Бұл ретте спредтің оң мәні Brent-ке қатысты сыйлықақының болуын, ал теріс мәні дисконттың болуын білдіреді.

Кредиттік рейтингтер

ҚМГ кредиттік рейтингтердің инвестициялық деңгейін сақтауға, жоғары кредиттік бағытты ұстап тұруға және сенімді қарыз алушының беделін нығайтуға ұмтылады. 2024 жылы қаржылық тұрақтылықты арттыру бойынша атқарылған шаралар қаржылық стратегияның тиімділігін растай отырып, компанияның кредиттік рейтингтерін жақсартуға ықпал етті.

ҚМГ рейтингтерінің динамикасы:

- 2023 жылы 26 желтоқсанда S&P Global Ratings халықаралық рейтинг агенттігі жақсы қаржылық нәтижелерге байланысты ҚМГ рейтингін «BB+» деңгейінде растады, болжам «Тұрақты». Бұл ретте меншікті кредит қабілеттілігің рейтингі «bb-»-ден «bb»-ге дейін көтерілді.
- 2024 жылы 20 маусымда Fitch Ratings «тұрақты» деген болжаммен ҚМГ-ның ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін «BBB» деңгейінде растады. Рейтинг Қазақстан Республикасының егеменді рейтингі деңгейінде қалды, бұл ҚМГ-ның ел экономикасы үшін стратегиялық маңызын айғақтайды.
- 2024 жылы 11 қыркүйекте Moody's Ratings халықаралық рейтинг агенттігі Қазақстан Республикасының егеменді кредиттік рейтингінің жоғарылауына және компанияның меншікті кредит қабілеттілігі көрсеткіштерінің жақсаруына байланысты ҚМГ-ның кредиттік рейтингін «Baa2»-ден «Baa1»-ге дейін көтеріп, болжамды «тұрақты» деп өзгертті. Осылайша, ҚМГ кредиттік рейтингі егеменді кредиттік рейтингке тең.

ҚМГ-ның кредиттік рейтингтері

Moody's	S&P	Fitch
Baa1 («Тұрақты»)	BBB+	BBB+
Baa2	BBB	**BBB («Тұрақты»)**
Baa3	BBB–	BBB–
Ba1	**BB+ («Тұрақты»)**	BB+
Ba2	BB	BB
Ba3	BB–	BB–

Қазақстанның тәуелсіз рейтингтері

Moody's	S&P	Fitch
Baa1 («Тұрақты»)	BBB– («Тұрақты»)	BBB («Тұрақты»)

2024 жылдың басты қаржы көрсеткіштері[1]

Түсім, млрд теңге



Таза пайда, млрд теңге



Бас ақша ағымы[3], млрд теңге



Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлеске түзетілген таза пайда[4], млрд теңге



[1] Сомалар ыңғайлы болу үшін тиісті кезеңдегі орташа айырбастау бағамы бойынша АҚШ долларымен көрсетілген (2024 және 2023 жылдардағы орташа бағам бір АҚШ долларына шаққанда 469,31 және тиісінше 456,21 теңгені құрады; 2024 жылғы 31 желтоқсанда және 2023 жылғы 31 желтоқсанда, яғни кезең соңындағы бағам АҚШ долларына шаққанда 525,11 және тиісінше 454,65 теңгені құрады).

[2] ҚМГ бизнесті біріктірудің бастапқы есептеуін аяқтау мақсатында сатып алу күніндегі Dunga Operating GmbH таза сәйкестендірілетін активтері мен міндеттерінің әділ құнын бағалау кезеңін аяқтады. Сатып алу күніндегі Dunga Operating GmbH таза сәйкестендірілетін активтері мен міндеттерінің әділ құны 156 млрд теңге болды, бұл алдын ала бағалаудан 10 млрд теңгеге аз. Бұл нәтиже сатып алынған күннен бастап 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін негізгі құралдары амортизациясының 2 млрд теңгеге және табыс салығы бойынша шығын көлемінің 566 млн теңге төмендеуіне әкелді. 2023 жылдың салыстырмалы ақпараты осы түзетулерді көрсету үшін қайта есептелді.

[3] Еркін ақша айналымы = операциялық қызметтер алынған таза ақша ағымы - негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, инвестициялық жылжымайтын мүліктерді, барлау және бағалау активтерін сатып алу. Ақша ағымы қоса есептелген бірлескен және қауымдастырылған компаниялардан алынған дивиденттер операциялық қызметтерден алынған.

[4] Бірлескен бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы пайданың үлесіне түзетілген таза пайда = таза пайда және бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд,бұдан бірлескен бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы пайданың үлесі шегеріледі.

EBITDA көрсеткіші[5], млрд теңге



Жалпы қарыз[8], млрд теңге



Түзетілген EBITDA көрсеткіші[7], млрд теңге



Таза қарыз[9], млрд теңге



ХҚЕС бойынша шоғырландырылған қаржы нәтижелері

Көрсеткіштің атауы	Өлшем бірлігі	2023[6]	2024	%
Мұнай, Dated Brent[10]	$/барр.	82,64	80,76	(2,3%)
Мұнай, KEBCO[10]	$/барр.	81,74	80,73	(1,2%)
Орташа бағам	теңге/ АҚШ доллары	456,21	469,31	2,9%
Кезең соңындағы бағам	теңге/АҚШ доллары	454,56	525,11	15,5%
Түсім	млрд теңге	8 320	8 330	0,1%
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесі	млрд теңге	534	531	(0,6%)
Таза пайда	млрд теңге	927	1 094	18,1%
Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы үлеске түзетілген таза пайда[11]	млрд теңге	1 012	1 264	24,9%
EBITDA[5]	млрд теңге	2 007	2 001	(0,3%)
EBITDA түзетілген көрсеткіші[7]	млрд теңге	2 092	2 171	3,8%
Бос ақша ағымы[12]	млрд теңге	984	1 199	21,8%
Жалпы қарыз[8]	млрд теңге	3 757	3 967	5,6%
Таза қарыз[9]	млрд теңге	1 645	1 163	(29,3%)

Толық ақпарат «Қаржылық есептілік» бөлімінде ұсынылған.

[5] EBITDA = түсім плюс бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар пайдасындағы үлес, нетто минус сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың өзіндік құны минус өндірістік шығыстар минус жалпы және әкімшілік шығындар минус тасымалдау және өткізу шығыны минус табыс салығынан басқа салықтар.

[6] ҚМГ бизнесті біріктірудің бастапқы есептеуін аяқтау мақсатында сатып алу күніндегі Dunga Operating GmbH таза сәйкестендірілетін активтері мен міндеттерінің әділ құнын бағалау кезеңін аяқтады. Сатып алу күніндегі Dunga Operating GmbH таза сәйкестендірілетін активтері мен міндеттерінің әділ құны 156 млрд теңге болды, бұл алдын ала бағалаудан 10 млрд теңгеге аз. Бұл нәтиже сатып алынған күннен бастап 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін негізгі құралдары амортизациясының 2 млрд теңгеге және табыс салығы бойынша шығын көлемінің 566 млн теңге төмендеуіне әкелді. 2023 жылдың салыстырмалы ақпараты осы түзетулерді көрсету үшін қайта есептелді.

[7] EBITDA түзетілген көрсеткіші = түсім плюс бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд минус сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың өзіндік құны минус өндірістік шығыстар минус жалпы және әкімшілік шығыстар минус тасымалдау және өткізу шығыны минус табыс салығынан басқа салықтар.

[8] Есепті кезеңнің соңындағы жалпы қарыз = облигациялар плюс қарыздар (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді). Берілген кепілдіктер есепке енгізілмеген.

[9] Таза қарыз = кезең соңындағы облигациялар плюс қарыздар минус ақша қаражаты мен олардың баламалары, минус банк салымдары (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді). Берілген кепілдіктер есепке енгізілмеген.

[10] Дереккөз: S&P Global Platts.

[11] Бірлескен бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы пайданың үлесіне түзетілген таза пайда = таза пайда және бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд,бұдан бірлескен бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы пайданың үлесі шегеріледі.

[12] Бос ақша ағымы = негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, инвестициялық жылжымайтын мүлікті және барлау мен бағалау активтерін сатып алуды алып тастағанда операциялық қызметтен алынған ақша ағымы. Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд сомасы операциялық қызметтен алынған ақша ағымына енгізілген.

Кіріс пен шығын туралы шоғырландырылған есеп

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2022	2023	2024	Өзгеріс	%
Түсім мен өзге де кіріс						
Сатып алушылармен жасалған келісімшарттар бойынша түсім	млн теңге	8 693 081	8 319 543	8 330 261	10 718	0,1
Бірлесіп бақыланатын және қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто	млн теңге	991 310	534 177	531 230	(2 947)	(0,6)
Еншілес ұйымнан шыққан кезде түскен пайда	млн теңге	0	186 225	16 410	(169 815)	91,2
Қаржы кірісі	млн теңге	120 603	–	–	–	–
Тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану әдісін қолданып, есептелген пайыздық кіріс	млн теңге	–	139 449	184 392	44 943	32,2
Өзге операциялық пайда	млн теңге	–	7 332	123 290	115 958	1 581,5
Өзге операциялық пайда	млн теңге	22 319	55 378	52 377	(3 001)	(5,4)
Түсім мен өзге де кіріс бойынша барлығы	**млн теңге**	**9 827 313**	**9 242 104**	**9 237 960**	**(4 144)**	**0,0**
Шығындар						
Сатып алынатын мұнай, газ, мұнай өнімдері және басқа да материалдардың өзіндік құны	млн теңге	(4 960 176)	(4 621 881)	(4 347 011)	274 870	(5,9)
Өндірістік шығындар	млн теңге	(1 144 241)	(1 219 722)	(1 398 604)	(178 882)	14,7
Табыс салығынан басқа салықтар	млн теңге	(677 921)	(594 080)	(592 984)	1 096	(0,2)
Тозу, сарқылу және амортизация	млн теңге	(506 900)	(599 543)	(642 666)	(43 123)	7,2
Тасымалдау мен сату шығындары	млн теңге	(205 352)	(245 525)	(267 824)	(22 299)	9,1
Жалпы және әкімшілік шығындар	млн теңге	(160 479)	(165 897)	(254 148)	(88 251)	53,2
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, негізгі құралдардың құрылысына берілген ұзақ мерзімді аванстардың құнсыздануы және барлауға жұмсалған шығындар	млн теңге	(19 917)	(248 140)	(69 733)	178 407	(71,9)
Қаржы шығындары	млн теңге	(308 055)	(321 630)	(346 096)	(24 466)	7,6
Оң бағамдық айырма,нетто	млн теңге	40 089	25 222	185 459	160 237	635,3
Күтілетін кредиттік шығындар	млн теңге	–	(11 874)	(8 316)	3 558	(30,0)
Өзге шығын	млн теңге	(85 424)	(42 564)	(38 703)	3 861	(9,1)
Шығын бойынша барлығы	**млн теңге**	**(8 028 376)**	**(8 045 634)**	**(7 780 626)**	265 008	(3,3)
Табыс салығын есептегенге дейінгі пайда	**млн теңге**	**1 798 937**	**1 196 470**	**1 457 334**	260 864	21,8
Табыс салығы бойынша шығын	млн теңге	(492 377)	(269 792)	(363 087)	(93 295)	34,6
Бір жыл ішіндегі таза пайда	**млн теңге**	**1 306 560**	**926 678**	**1 094 247**	**167 569**	**18,1**
Мыналарға келетін бір жылғы таза пайда/(зиян):						
Бас компанияның акционерлеріне	**млн теңге**	1 278 359	**962 700**	1 094 438	131 738	13,7
Бақыланбайтын қатысу үлесіне	млн теңге	28 201	**(36 022)**	**(191)**	35 831	(99,5)
	млн теңге	**1 306 560**	**926 678**	**1 094 247**	**167 569**	**18,1**

Көрсеткіштер және есептеу нәтижелері жуықтап көрсетілген. Сонымен қатар кезеңдерді салыстыру кезінде мәндер жуықталмай, нақты қолданылды. Компанияның пікірінше, дөңгелектеуге қатысы бар кез келген ықтимал түзетулер қаржылық нәтижелерге материалдық әсер етпеуі керек.

Түсім

Компанияның 2024 жылғы түсімі 8 330 млрд теңгені (17 750 млн АҚШ долларын) құрады, бұл 2023 жылғы көрсеткіштен 0,1%-ға жоғары. Түсімнің тұрақтылығына бірқатар факторлар ықпал етті, соның ішінде мұнай өндіру мен тасымалдау көлемдерінің өсуі бар. Бұл Қашаған кен орнында шикі газды айдау компрессорларын жөндеу және слаг-кэтчерді ауыстыру бойынша жүргізілген жөндеу жұмыстары салдарынан шикі мұнай сатылымының төмендеуі нәтижесінде, сондай-ақ KMG International-дың Петромидия мұнай өңдеу зауытында жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстарына байланысты мұнай өнімдері сату көлемінің азаюынан болған теріс әсерді өтеді.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес 0,6%-ға азайып, 531 млрд теңгені (1 132 млн АҚШ долл.) құрады. Бұған негізінен Сағалық қысымды басқару жобасының нысандарын пайдалануға беру есебінен амортизация шығыстарының ұлғаюына байланысты «Теңізшевройл» ЖШС-нен түсетін пайданың 37 млрд теңгеге (80 млн АҚШ долл.), яғни 303 млрд теңгеге дейін (647 млн АҚШ доллары) азаюы ықпал етті. . Сондай-ақ, «ҚазРосГаз» ЖШС пайдасындағы үлес 40,7%-ға 19 млрд теңгеге (41 млн АҚШ долл.) төмендеді, бұның себебі — газ сату бағасының арзандауы, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ пайдасындағы үлес те мұнайды экспортқа сату көлемінің азаюына байланысты 6,6%-ға 36 млрд теңгеге дейін (76 млн АҚШ доллары) төмендеді.

Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа да материалдардың өзіндік құны

Есепті кезеңде сатып алынған мұнай, газ, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны 5,9%-ға төмендеп, 4 347 млрд теңгеге (9 263 млн доллары АҚШ) жетті. Бұған негізінен мұнай бағасының төмендеуі ықпал етті.

Өзге шығындар

Өндірістік шығыстар 14,7%-ға өсіп, 1 399 млрд теңгені (2 980 млн АҚШ доллары) құрады. Бұған негізінен ҚМГ қызметін жүргізетін өңірлерде («Өзенмұнайгаз» АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «ПМХЗ» ЖШС) өндірістік персоналдың жалақысын төлеу бойынша шығыстардың ұлғаюы, өндірістік сипаттағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын шығын көлемінің өсуі, ішкі логистикаға ауыспалы шығындардың өсуі және дайын өнім мен аяқталмаған өндірістегі өзгерістер ықпал етті.

Есепті кезеңде тасымалдау және сату шығындары 268 млрд теңгені (571 млн АҚШ доллары) құрап, 2023 жылғы көрсеткіштен 9,1%-ға жоғары болды. Бұл көрсеткіштің өсуі KMG International мен «ҚазМұнайГаз-Аэро» ЖШС-нің тиеу, тасымалдау және сақтау шығындарының ұлғаюына байланысты болды.

Жалпы және әкімшілік шығыстар 53,2,%-ға артып, 254 млрд теңгені (542 млн АҚШ долларын) құрады. Бұл көрсеткіш «ҚазРосГаз» ЖШС-де 50% қатысу үлесін сенімгерлік басқару қызметі үшін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның еншілес ұйымы «QazaqGaz» ҰК АҚ сыйақысын 53,3 млрд теңге (114 млн АҚШ доллары) мөлшерінде есептеумен, сондай-ақ 2024 жылдың сәуір-мамырында су тасқынынан зардап шеккендерге «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры арқылы 10,0 млрд. теңге мөлшерінде демеушілік көмек көрсетумен байланысты өсті.

Табыс салығынан басқа салықтар 593 млрд теңгені (1 264 млн АҚШ доллары) құрады. 2024 жылы KMG International Румынияның № 296/2023 Заңына сәйкес айналым салығын 28,5 млн евро[1] (14 млрд теңгеге немесе 31 млн АҚШ долларына тең) көлемінде төледі.

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы жалақыға жұмсалған шығыс мөлшері 722 млрд теңгені (1 538 млн АҚШ доллары) құрап, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте өндірістік шығындар, тасымалдау және сату шығындары, жалпы және әкімшілік шығындар құрамында көрсетілді.

2024 жылы қаржы шығындары 346 млрд теңгені (737 млн АҚШ доллары) құрады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 7,6%-ға көп. Негізінен теңге бағамының әлсіреуі нәтижесінде қарыз бен облигациялар бойынша пайыздық шығыстың ұлғаюына, сондай-ақ әділ құны ретінде есептелеген инвестициялық жылжымайтын мүлікті сату бағасы және «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 9 млрд теңге (19 млн АҚШ доллары) мөлшеріндегі номиналды құны арасындағы айырманың салдарынан ұзақ мерзімді дебиторлық берешектің дисконтына байланысты болды[2].

Активтердің құнсыздануы

2024 жылы негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, құрылысқа берілген ұзақ мерзімді аванстардың және барлау шығындарының құнсыздану сомасы 70 млрд теңгені (149 млн АҚШ долларын) құрады. Ұзақ мерзімді активтер бойынша құнсыздану шығын мөлшері 48 млрд теңгені (102 млн АҚШ долларын) құрады, олардың басым бөлігі Жаңаөзен қаласындағы теңіз суын тұщыландыру зауыты мен оған қатысты инфрақұрылымның құнсыздануымен байланысты. Барлау және бағалау активтері бойынша құнсыздану шығындары 22 млрд теңгені (46 млн АҚШ долларын) құрады, олардың басым бөлігі «Абай» жобасына тиесілі – 18 млрд теңге (38 млн АҚШ доллары).

[1] Айналымы 50 млн еуродан асатын мұнай-газ секторының компаниялары 2024-2025 жылдардағы табыс салығына қосымша 0,5% мөлшерінде айналымға қосымша салық төлеуге міндетті.

[2] 2024 жылы Компания «Самұрық-Қазына» АҚ-ның баланстағы құны 14 млрд теңгені (26 млн АҚШ доллары) инвестициялық жылжымайтын мүлігін сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес, сату бағасы 23 млрд теңгеге (44 млн АҚШ доллары) сатқан болатын.

Таза пайда

Компанияның таза пайдасы 2023 жылмен салыстырғанда 18,1%-ға ұлғайып, 1 094 млрд теңгені (2 332 млн АҚШ доллары) құрады. Пайданың өсуіне оң бағамдық айырмашылық, басқа қаржылық кірістер, сондай-ақ негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің құнсыздану шығындарының, негізгі құралдарды салуға берілген ұзақ мерзімді аванстардың және барлау шығындарының төмендеуі себеп болды. Басқа қаржылық кіріске оны түрлендіруге байланысты қаржы құралының әділ құнындағы өзгерісті тану[1] және қарыз бойынша міндеттемелерді тануды тоқтату әсер етті[2].

Бірлескен бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы үлеске түзетілген таза пайда 1 012 млрд теңгеден (2 219 млн АҚШ доллары) 1 264 млрд теңгеге (2 694 млн. АҚШ доллары), яғни 24,9%-ға артты.

Есепті кезеңде бас компанияның акционерлеріне тиесілі таза пайда 1 094 млрд теңгені (2 332 млн АҚШ доллары) құрады.

Күрделі шығындар

Есептеу әдісі бойынша күрделі шығындар 716 млрд теңгені (1 526 млн АҚШ доллары) құрап, «Астрахань-Маңғышлақ» магистральды су құбырын реконструкциялау мен кеңейту жобасын аяқтау нәтижесінде «ҚазТрансОйл» АҚ-да күрделі шығындардың азаюына байланысты 10,9%-ға төмендеді.

Ақша ағымдары бөлінісінде күрделі шығындар 645 млрд теңге (1 374 млн АҚШ доллары) болды, яғни 5,7%-ға төмендегенін көрсетті. Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және барлау және бағалау жөніндегі активтерді сатып алуға жұмсалатын шығыстардың азаюына корпоративтік орталық деңгейінде барлау және бағалау активтерін сатып алуға жұмсалатын шығыстардың төмендеуі және «ҚазТрансОйл» АҚ-да негізгі құралдарды сатып алуға жұмсалатын шығыстардың төмендеуі себеп болды.

EBITDA


2024 жылы EBITDA көрсеткіші 2 001 млрд теңгені (4 264 млн АҚШ долларын) құрап, 0,3%-ға төмендеді. Көрсеткіштің динамикасына оң және теріс факторлар әсер етті. Оң факторларға теңгенің АҚШ долларына қатысты орташа бағамының 456,21-ден 469,31-ге дейін өсуі, сондай-ақ Доңға кен орнын консолидацияға қосылуы кірді. Теріс факторлар ретінде өндірістік жұмыстар мен қызметтерге жұмсалатын шығындардың артуын, сондай-ақ еңбекақы шығыстарының көбеюіе атауға болады.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлестің орнына бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивиденд мөлшерін көрсететін EBITDA түзетілген көрсеткіші 3,8%-ға өсіп, 2 171 млрд теңгеге (4 626 млн АҚШ доллары) жетті.


ҚМГ-ның қызметі вертикалды интеграцияланған болғандықтан, EBITDA көрсеткіші төмендегі сегменттердің бөлінісінде талданады. Сегменттік ақпарат ХҚЕС негізінде талданады және ашық жарияланады. Сегменттердің пайда әкелуі кіріс пен таза пайда көрсеткіштері негізінде қарастырылады. ҚМГ компаниялар тобының операциялық сегменттері өндірілетін өнім мен көрсетілетін қызметтің түрлеріне сәйкес келетін жеке құрылымы мен басқаруы бар, бұл ретте барлық сегменттер әртүрлі өнімді ұсынатын және түрлі нарықтарға қызмет көрсететін бизнестің стратегиялық бағыттары болып айқындалады.

ҚМГ қызметі мынадай операциялық сегменттерді қамтиды: мұнай мен газды барлау және өндіру, мұнай тасымалдау, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін өңдеу және сату, ҚМГ корпоративтік орталығының қызметі және басқалар (мұнай сервистік және басқа да қосалқы ұйымдар). Компания корпоративтік орталықтың қызметін бөліп көрсетеді, себебі ҚМГ бас компанияның функцияларын орындап қана қоймай, операциялық қызметті де жүргізеді (шикі мұнайды Атырау мұнай өңдеу зауыты мен Павлодар мұнай-химия зауытында өңдеп, алынған мұнай өнімдерін ішкі және экспорттық нарықтарда сатады).

2022, 2023 және 2024 жылдардағы EBITDA көрсеткіші



2022, 2023, 2024 жылдардағы EBITDA түзетілген көрсеткіші



2022, 2023 және 2024 жылдардағы сегменттер бойынша EBITDA көрсеткіші

Сегмент	Өлшем бірлігі	2022	2023	2024	Өзгеріс
млн теңге	Мұнай мен газды барлау және өндіру	1 843 075	1 442 479	1 491 060	48 581
	млн АҚШ доллары	3 999	3 162	3 177	15
	%	73	72	74	2 п.п.
млн теңге	Мұнай тасымалдау	238 237	199 090	219 479	20 389
	млн АҚШ доллары	517	436	468	31
	%	9	10	11	1 п.п.
млн теңге	Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін өңдеу және сату	456 807	397 248	371 741	(25 507)
	млн АҚШ доллары	991	871	792	(79)
	%	18	20	19	(1) п.п.
млн теңге	Корпоративтік орталық	60 570	(21 397)	(65 614)	(44 217)
	млн АҚШ доллары	131	(47)	(140)	(93)
	%	2	(1)	(3)	(2) п.п.
млн теңге	Өзгесі	(39 404)	8 779	2 412	(6 367)
	млн АҚШ доллары	(85)	19	5	(14)
	%	(2)	0	0	0 п.п.
млн теңге	Элиминация	(23 063)	(19 584)	(18 158)	1 426
	млн АҚШ доллары	(50)	(43)	(39)	4
	%	(1)	(1)	(1)	0 п.п.
EBITDA	**млн теңге**	**2 536 222**	**2 006 615**	**2 000 920**	**(5 695)**
	млн АҚШ доллары	**5 502**	**4 398**	**4 264**	**(135)**


Ақша қаражытының қозғалысы

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2022	2023	2024	Өзгеріс
Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағымдары	млн теңге	1 567 311	1 667 614	1 843 852	176 238
Инвестициялық қызметтен пайдаланған таза ақша ағымдары	млн теңге	(2 302 310)	(759 636)	(1 042 955)	(283 319)
Қаржы қызметінде пайдаланған таза ақша ағымдары	млн теңге	288 071	(604 362)	(780 560)	(176 198)
Айырбастау бағамы өзгерісінің ақша қаражаты мен олардың баламаларына ықпалы	млн теңге	65 755	(15 942)	145 268	161 210
Күтілетін кредиттік шығындар үшін резервтегі өзгеріс	млн теңге	114	14	(27)	(41)
Ақша қаражаты мен олардың баламаларындағы таза өзгеріс	**млн теңге**	**(381 059)**	**287 688**	**165 578**	**(122 110)**
Ақша қаражаты мен олардың баламаларындағы таза өзгеріс	**млн АҚШ доллары**	**(827)**	**631**	**353**	**(278)**

[1] 2024 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ 2022 жылы сатып алған облигациялардың купондық мөлшерлемесі 3,00%-дан 9,30%-ға дейін ұлғайтылды, бұл елеулі түрлендіруге әкелді. Түрлендіру күніне тануды тоқтатуға жататын облигациялардың баланстық құны мен әділ құны арасындағы 60 млрд теңге мөлшеріндегі айырмашылық өзге қаржылық кірістердің құрамында көрсетілді.

[2] 2024 жылы ҚР Энергетика министрлігінің Жеңіс жобасы бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты бұзу туралы хабарламасы негізінде Компания Лукойл Қазақстан Апстримнен (carry-қаржыландыру) 48 млрд теңге сомаға алынған қарызды тануды тоқтатты.

Қаражаттың және бос ақша ағымының көздері және оларды пайдалану, млн АҚШ доллары



Ақша қаражаты және олардың баламалары

Шоғырландырылған ақша қаражаты, олардың баламалары, оның ішінде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша депозит түріндегі ақша қаражаты 2023 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда 32,8%-ға артып, 2 805 млрд теңгені құрады. Доллармен есептегенде бұл көрсеткіш 2023 жылғы 31 желтоқсанмен салыстырғанда 15,0%-ға ұлғайып, 5 341 млн АҚШ долларына жетті.

Алынған дивиденд, млн АҚШ доллары



Компания	2022	2023	2024
ТШО	451	936	831
ККҚ	214	250	226
ҚРГ		1	114
Petrosun	21	86	104
ММГ	200		95
ҚГМ	50	35	50
ПҚИ	6	6	38
ҚҚҚ	11	5	17
Басқалары	50	40	19

[1] Дивиденд саясаты бойынша бос ақша ағымы = операциялық қызметтен түскен ақша ағымы, одан негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, инвестициялық жылжымайтын мүлікті және барлау мен бағалау активтерін сатып алу шегеріледі, одан алынған ақша қаражатын қоспағанда, еншілес ұйымдарды сатып алу шегеріледі, оған есептен шығарылған ақша қаражатын қоспағанда еншілес ұйымнан шыққан кезде түскен ақша қаражаты қосылады плюс бірлескен кәсіпорындардағы қатысу үлестерін сатудан түсетін түсім, одан еншілес ұйымды сатып алуына байланысты өтем төлемін шегеріледі, одан бірлескен кәсіпорындардың капиталына меншік үлесін өзгертпестен қосымша салымдарды шегеріледі.

Алынған дивиденд

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдақан компаниялардан алынған дивиденд мөлшері 701 млрд теңгені (1 494 млн АҚШ долларын) құрап, 2023 жылмен салыстырғанда 13,1%-ға өсті. Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтердің өсуі, негізінен, 2024 жылы ММГ тарапынан 45 млрд теңге немесе 95 млн АҚШ доллары көлемінде дивидендтердің төленуімен, сондай-ақ «ҚазРосГаз» ЖШС төлеген дивидендтердің ұлғаюымен байланысты (2024 жылы 53 млрд теңге немесе 114 млн АҚШ доллары, ал 2023 жылы – 553 млн теңге немесе 1 млн АҚШ доллары). Сонымен қатар, ПетроҚазақстан Инк. төлеген дивиденд 15 млрд теңгеге (32 млн АҚШ долларына) өсіп, 18 млрд теңгеге (38 млн АҚШ долларына) жетті.

Төленген дивиденд

2024 жылы Компания 2023 жыл үшін жалпы сомасы 300 млрд теңгеге (639 млн АҚШ доллары) бір акцияға шаққанда 491,71 теңге мөлшерінде дивиденд есептеп төледі. 2023 жылы ҚМГ 2022 жыл үшін жалпы сомасы 300 млрд теңгеге (658 млн АҚШ доллары) бір акцияға шаққанда 491,71 теңге мөлшерінде дивиденд есептеп төледі.

Қаржылық жағдайы туралы есеп

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2022	2023	2024	Өзгеріс
Активтер	**млн теңге**				
Негізгі құралдар	млн теңге	6 994 001	7 171 242	7 834 160	662 918
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға құйылған инвестиция	млн теңге	4 947 403	4 821 427	5 378 513	557 086
Ұзақ мерзімді банк салымдары	млн теңге	59 229	63 891	74 329	10 438
Өзге де ұзақ мерзімді банк салымдары	млн теңге	1 518 994	1 447 504	1 641 975	194 471
Қысқа мерзімді банк салымдары	млн теңге	1 178 138	997 012	1 513 816	516 804
Ақша қаражаты және олардың баламалары	млн теңге	763 185	1 050 873	1 216 451	165 578
Өзге де қысқа мерзімді банк салымдары	млн теңге	1 195 481	1 388 972	1 274 898	(114 074)
Сатуға арналған деп жіктелген активтер	млн теңге	459	180	505	325
Активтер, барлығы	**млн теңге**	**16 656 890**	**16 941 101**	**18 934 647**	**1 993 546**
Активтер, барлығы	**млн АҚШ доллары**	**36 003**	**37 269**	**36 058**	**(1 211)**
Капитал және міндеттемелер					
Капитал, барлығы	**млн теңге**	**9 867 426**	**10 396 614**	**11 924 284**	**1 527 670**
Капитал, барлығы	**млн АҚШ доллары**	**21 328**	**22 872**	**22 708**	**(164)**
Міндеттемелер					
Ұзақ мерзімді қарыздар	млн теңге	3 784 897	3 365 736	3 644 111	278 375
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	млн теңге	1 398 372	1 644 533	1 922 569	278 036
Қысқа мерзімді қарыздар	млн теңге	369 489	391 358	323 290	(68 068)
Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер	млн теңге	1 236 706	1 142 860	1 120 393	(22 467)
Міндеттемелер, барлығы	**млн теңге**	**6 789 464**	**6 544 487**	**7 010 363**	**465 876**
Міндеттемелер, барлығы	**млн АҚШ доллары**	**14 675**	**14 397**	**13 350**	**(1 047)**
Капитал мен міндеттемелер, барлығы	**млн теңге**	**16 656 890**	**16 941 101**	**18 934 647**	**1 993 546**
Капитал мен міндеттемелер, барлығы	**млн АҚШ доллары**	**36 003**	**37 269**	**36 058**	**(1 211)**

Қарызды басқару

Компанияның қаржы міндеттемелері облигациялар мен қарыздардан тұрады. Қарыз портфелі негізгі кіріс валютасы – АҚШ долларымен жасалады. Тиісінше, туынды қаржы құралдарын пайдаланбай-ақ. валюталық тәуекелді органикалық хеджирлеу нәтижесіне қол жеткізіледі.

Жалпы қарыз

ҚМГ-ның жалпы қарызы негізінен АҚШ долларымен номинацияланған (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 75%). Есепті кезең ішінде Компания 2023 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда борыш көлемін доллармен есептегенде 8,6%-ға 7 555 млн АҚШ долларына дейін төмендетті. Теңгемен есептегенде жалпы қарыз 3 967 млрд теңгені құрап, 2023 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда 5,6%-ға ұлғайды. Теңге көрсеткіші есепті кезеңде ұлттық валюта бағамының өзгеруіне, сондай-ақ 2022 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ пайдасына ҚМГ шығарған облигациялардың купондық мөлшерлемесінің 3%-дан 9,3%-ға дейін артуына байланысты өсті.

2024 жылы 12 қыркүйекте Компания 750 млн АҚШ доллары (358 млрд теңгеге тең) сомасына 2027 жылы өтелуі тиіс облигацияларды мерзімінен бұрын ішінара өтеді.

Қарыздар «АМӨЗ» ЖШС, «ПМХЗ» ЖШС және KMG International қарыздары ішінара өтелгенін көрсете отырып, 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 4,4%-ға, яғни 679 млрд теңгеге (1 294 млн АҚШ долларына) дейін төмендеді. KMG International жалпы сомасы 72 млн АҚШ долл. (34 млрд теңгеге тең) синдикатталған қарызды ішінара өтеді, сондай-ақ ING Bank NV-ден алынған жалпы сомасы 29 млн АҚШ долларына (14 млрд теңгеге тең) қарызды өтеді.

«АМӨЗ» ЖШС және «ПМХЗ» ЖШС жалпы сомасы 47 млрд теңгеге Қазақстанның Даму банкінен алған қарызды ішінара өтеді. «АМӨЗ» ЖШС және «ҚазТрансОйл» АҚ жалпы сомасы 21 млрд теңгеге «Қазақстанның Халық банкі» АҚ қарызын ішінара өтеді.


2024 жылы KMG International қолданыстағы кредиттік желілер аясында Bank of Tokyo-Mitsubishi UFJ, Ltd. банкінен айналым капиталын қаржыландыру үшін жалпы сомасы 36 млн АҚШ доллары (17 млрд теңгеге тең) көлемінде қарыз алды. 2024 жылы Газ өңдеу зауытын салу үшін 2022 жылы жасалған кредиттік желі аясында «Қазақстан Халық Банкінен» алғашқы транш ретінде 48 млрд теңге алды.

2024 жылы ҚР Энергетика министрлігінің Жеңіс жобасы бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты бұзу туралы хабарламасы негізінде Компания «Лукойл Қазақстан Апстрим» ЖШС-нен 48 млрд теңге сомаға алынған қарызды (кэрри-қаржыландыру) тануды тоқтатты.


Таза қарыз

2024 жылғы 31 желтоқсандағы таза қарыз 2023 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда теңгемен 29,3%-ға және доллармен 38,8%-ға төмендеп, 1 163 млрд теңгені (2 214 млн АҚШ долларын) құрады.

Таза қарыз, млн АҚШ долл.



Қарызды өтеу кестесі[1], млн АҚШ долл.



	2025	2026	2027	2028	2029	2030	2031	2032	2033	2035	2047	2048
Облигации	13	16	266	16	16	1266	16	16	760	1431	1250	1500
Займы	191	72	33	27	33	33	33	27	6			

[1] KMG International кредит желілерін, овердрафтарды және саудалық қаржыландыруды алып тастағанда (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша).




ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ

ҚМГ өзінің 2022-2031 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясында тұрақты дамуды стратегиялық мақсаттардың бірі ретінде белгіледі. Оның негізінде барлық бизнес-процесс пен шешім қабылдау процестері тұрақты даму қағидаттарымен бірігуі тиіс.

Тұрақты дамуды басқарудың тәсілі



ҚМГ Директорлар кеңесі жалпы стратегиялық басқаруды жүзеге асырады және тұрақты даму қағидаттарының енгізілуін бақылайды, Компанияның Тұрақты дамуы туралы жыл сайынғы шоғырландырылған есебін бекітеді.

ҚМГ Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму комитеті тұрақты даму мәселелерін қарайды және ұйымдастырады, тұрақты даму саласындағы саясатты бекіту жөніндегі ұсынымдарды дайындайды, ҚМГ-ның тұрақты дамуы туралы жыл сайынғы есебін, Директорлар кеңесінің құзыретіне бекітілуі жататын тұрақты даму саласындағы іс-шаралар жоспарларын және өзге де ішкі құжаттарды қарайды, тұрақты дамудың әлеуметтік, экономикалық және экологиялық компоненттерін қалыптастырады, тұрақты даму саласындағы басқару жүйесін құрады, тұрақты даму саласындағы мақсаттар мен корпоративті қызмет көрсеткіштерін (бұдан әрі – КҚК) белгілейді, компанияда тұрақты дамудың енгізілуін бақылайды, тұрақты дамудың негізгі процестерге интеграциялануын жүргізеді.

ҚМГ Басқармасы Компанияда тұрақты даму саласындағы қағидаттарды, саясаттарды, стандарттарды және іс-шаралар жоспарын лайықты түрде іске асыруды және енгізуді жүзеге асырады. Тұрақты даму саласындағы қызметтің мониторингін жүргізеді, тұрақты даму саласындағы мақсаттар мен басты қызмет көрсеткіштерінің орындалуын бағалайды.

Тұрақты даму мәселелеріне жетекшілік ететін **ҚМГ Басқарма төрағасының орынбасары** тұрақты даму саласындағы бастамалар бойынша мақсаттар мен басты қызмет көрсеткіштеріне қол жеткізу жөніндегі тәсілдерді үйлестіреді, тұрақты даму саласындағы есептің дайындалуын, тұрақты даму саласындағы корпоративтік стандарттардың орындалуын бақылайды.

ҚМГ стратегия және инвестиция портфелін басқару департаментінің **Тұрақты даму секторы** тұрақты дамуды басқару жүйесіне бастама жасайды, бұл жүйені үйлестіреді және енгізеді, бұл жүйені Компанияның бизнес-қызметімен біріктіруге қолдау көрсетеді, тұрақты даму мәселелері бойынша әдістемелік қолдауды жүзеге асырады, тұрақты даму саласындағы есепті жыл сайын дайындау және бекітуге жауапты, тұрақты 140 даму саласындағы тәуекелдерді сәйкестендіру және басқаруға, мүдделі тараптар картасын және өзара іс-қимыл тетіктерін әзірлеуге жауапты құрылымдық бөлімшелерге жәрдемдеседі, тұрақты даму саласындағы оқыту мәселелерімен айналысады, сондай-ақ ұлттық компанияға ESG-рейтингін беру және сақтап тұру мәселелері бойынша рейтинг компанияларымен өзара байланысты жүзеге асырады.

ҚМГ құрылымдық бөлімшелері тұрақты даму саласындағы жүйені енгізуді, ішкі және сыртқы ахуалды талдауды, тұрақты даму саласындағы тәуекелдерді айқындауды, мүдделі тараптардың (стейкхолдерлер) картасын және өзара іс-қимыл тетіктерін әзірлеуді жүзеге асырады, тұрақты даму саласындағы бастамаларды орындайды, халықаралық стандарттарға сәйкес тұрақты даму саласындағы есепке арналған ақпаратты дайындайды.

ҚМГ барлық қызметкері әрқайсысы өз деңгейінде өзі үлгі көрсетіп, тиісті саясаттар мен стандарттарды сақтау жолымен тұрақты даму саласындағы қағидаттар мен іс-шараларды енгізеді.

ҚМГ басшылығының тұрақты даму саласындағы ҚҚК

2024 жылға арналған тұрақты даму жөніндегі стратегиялық міндеттердің атқарушылық деңгейде орындалуын қамтамасыз ету мақсатында тұрақты даму жүйесін енгізумен байланысты Басқарма төрағасының мотивациялық корпоративтік қызмет көрсеткіштері (Компанияның корпоративтік басты қызмет көрсеткіштері) бекітілді. Атап айтқанда:

- «Инвестициялық жобаларды іске асыру», оның ішінде тұрақты даму жобалары бағытындағы Кендірлі кентіндегі теңіз суын тұщыту зауыт құрылысы, Жаңаөзен қаласында жаңа ГӨЗ құрылысы.
- «Өндірістік қауіпсіздік бойынша көрсеткіш кешені» жазатайым оқиғалардың коэффициентін төмендетуге, сондай-ақ қауіпті жағдайларды және басқа да қауіпті факторларды анықтау және олар туралы ҚМГ компанияларының бүкіл тобына хабарлауға бағытталған.

Басқарма төрағасының орынбасарлары мен құрылымдық бөлімше басшылары деңгейіндегі функционалдық ҚҚК ішінде тұрақты даму саласындағы 2024 жылға мынадай ҚҚК бекітілді:

- тұрақты даму жобаларын қоса алғанда инвестициялық жобаларды іске асыру;
- 2022-2031 жылдарға арналған ҚМГ төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын жетекшілік ететін бағыттар бойынша орындау;
- ESG-рейтинг;
- 2024 жылғы ҚМГ-ның еншілес және тәуелді ұйымдарының әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымын жақсарту бойынша ЕТҰ жол карталарын іске асыру;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында персоналды сауықтырудың 2025-2028 жылдарға арналған корпоративтік бағдарламасын әзірлеу
- «Самұрық-Қазына» АҚ өндірістік қатынастарды дамыту жөніндегі корпоративтік стандартқа сәйкес ЕТҰ/ББҰ[1] әлеуметтік тұрмыстық жағдайларын зерделеу үшін IR-скрининг жүргізу.
- ҚМГ тобы бойынша әлеуметтік тұрақтылық индексі;
- «Сапарларды басқару» жобасы аясында көлікпен қамтамасыз етуді есепке алудың ақпараттық жүйесін енгізу;
- ӨБ, ЕҚ және ҚОҚ бөлігінде ЕТҰ кешенді тексерулерін жүргізу;
- еңбек жағдайымен байланысты емес өлім - жітім коэффициенті (NWRF[2]);
- ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ саласында форумдар өткізу.

ESG тәуекел-рейтингі

ҚМГ Директорлар кеңесі 2023 жылдан бері ККҚ бірі ретінде ESG-рейтингін бекітті, бұл ҚМГ-ның ESG маңызды тәуекелдерін басқаруға тікелей мүддесін және халықаралық мұнай-газ нарығында тұрақты даму қағидаттарын ұстанатындығын көрсетеді. Бұл басты қызмет көрсеткішін орындау ҚМГ компаниялар тобы үшін ESG негізгі бастамаларын іске асыруды көздейді.

2024 жылы Sustainalytics рейтингтік агенттігі ҚМГ-ның ESG тәуекелдерін басқаруды 32,8 балл деңгейінде бағалады. Компания ESG факторларының тарапынан жоғары тәуекелдерге ұшырауы мүмкін. Sustainalytics компаниядағы ESG тәуекелдерін басқаруды «мықты» деп бағалады. Сонымен қатар ESG тәуекелдеріне ұшырау ықтималдығын «жоғары» деп бағалады. Сарапшылардың пікірінше, ESG-тәуекелдерге ұшырау рейтингінің жоғары мәні сала бойынша орташа мәндерге, яғни мұнай-газ саласына тән тәуекелдерге сай келеді.

ҚМГ-ның басты ESG сын-қатерлері – шығарындыны, қалдықтарды азайту, төмен көміртекті дамыту бағдарламасын іске асыруды жалғастыру, еңбекті қорғау мен қызметкерлердің қауіпсіздігіне қатысты жұмысты күшейту, сондай-ақ корпоративтік басқару жүйесі мен іскери этиканы озық халықаралық тәжірибелер деңгейінде ұстап тұру. Осы уақытта ҚМГ су тұтыну, деректердің құпиялылығы және киберқауіпсіздік, мүдделі тараптарды басқару мәселелері бойынша тәуекелдерді басқару бойынша оң сараптамалық баға алды, жерді пайдалану және биоәртүрлілік мәселелері бойынша тәуекелдерді басқару деңгейін арттырды, сонымен қатар адами капитал, көміртегі операциялары және еңбекті қорғау және жұмысшылардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша тәуекелдерді басқарудың тұрақты деңгейін сақтап қалды.

ESG тәуекел-рейтингін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспары 43 іс-шарадан тұрады, олар бизнестің экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерін, сондай-ақ компаниядағы корпоративтік басқару тәуекелдерін қамтиды.

ҚМГ ESG тәуекел-рейтингін жақсарту бағытында атқарылған іс-шаралар:

- ҚМГ есебінде TCFD[3] ұсынымдары бойынша ақпаратты жариялау;
- Carbon Disclosure Project (бұдан әрі – CDP) сауалнамасындағы ақпаратты жариялау;
- климаттың өзгеруіне байланысты іс-шаралар мен тәуекелдер және оның компанияға әсеріне

[1] Бірлесіп бақыланатын ұйымдар
[2] Non-Work-Related Fatality.
[3] Task Force on Climate-related Financial Disclosures — Климаттық тәуекелдерге байланысты қаржылық ақпаратты жариялау жөніндегі жұмыс тобы.

байланысты ақпаратты ҚМГ есептілігінде және корпоративтік сайтында жариялау;
- ҚМГ есептілігінде су балансы және судың қарқындылығы туралы ақпаратты жариялау;
- су сыйымдылығы бойынша көрсеткіштерді есептеуді жүргізу және оларды ҚМГ есебінде жариялау;
- ҚМГ есептілігінде ілеспе мұнай газын жағу жөніндегі іс-шараларды жариялау;
- ҚМГ сайтында және есептілікте теңіз ұңғымаларын басқару туралы ақпаратты жариялау;
- жер қойнауы учаскелерінде және ҚМГ кен орындарында бұзылған жерлерді жабу және қалпына келтіру туралы ҚМГ сайтында және есептілігінде ақпаратты жариялау;
- ҚМГ қатысатын өңірлерде жергілікті қоғамдастықтарды дамыту және тарту туралы ақпаратты сайтта және ҚМГ есебінде жариялау;
- сайтта және ҚМГ есептілігінде адами капитал және даму бағдарламалары туралы ақпаратты жариялау;
- LTIR (жұмысшылар мен мердігерлер бойынша) және FAR көрсеткіштері бойынша ақпаратты жариялау;
- ҚМГ-ның Директорлар кеңесі мүшелерінің құрамы, тәуелсіздігі және әртүрлілігі, гендерлік аспектіні, ұлты мен азаматтығын, кеңес қызметінде болудың орташа уақытын, кәсіби тәжірибесін ескере отырып, Директорлар кеңесі мен оның комитеттеріндегі жұмыстың тиімділігі туралы есептілігінде ақпаратты жариялау;
- ҚМГ Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің және ҚМГ Басқарма төрағасының сыйақысы туралы ақпаратты ҚМГ есептілігінде құрамдас түрде жариялау;
- корпоративтік ККК және олардың ҚМГ есептілігіндегі салмақтар бойынша нәтижелілігі туралы ақпаратты жариялау;
- GRI стандартына және Country by country OECD Action 13 бастамасына сәйкес салық туралы ақпаратты жариялау.

2024 жылы ESG тәуекел-рейтингін жақсарту бойынша іске асырылған іс-шаралар:
- ҚМГ-ның 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму бағдарламасын бекіту (орындалды);
- Заманауи есептеу әдістерін пайдалана отырып, АМӨЗ, ПМХЗ, ПҚОП өндірістерінің паспорттарында және ұлттық стандаттарында технологиялық ысыраптар мен жану нормаларын оларды төмендету бағытында қайта қарау;
- «Жасыл» сутекті өндіру үшін су ресурстары атласын әзірлеу (орындалды);
- ҚМГ-ның кадр саясатының маңызын арттыру және бекіту (орындалды);
- 2023-2027 жылдарға арналған ҚМГ компаниялар тобында өндірістік қауіпсіздікті, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін жақсарту жөніндегі жол картасының іс-шаралары маңызын арттыру және іске асыру (орындалды);
- Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет мүшелерін ҚМГ Директорлар кеңесі тәуелсіз директорларының құрамынан ғана сайлау (орындалды);
- Басшы қызметкерлер мен басқарушы қызметкерлер, ішкі аудит қызметі басшысы, корпоративтік хатшы, комплаенс қызметінің басшысы, омбудсмен қызметтерін ККК тиімділігін ескере отырып бағалау қағидаларының маңызын арттыру және бекіту;
- GRI 2021 жаңа стандарттарына сәйкес ҚМГ тұрақты дамыту туралы есебін жариялау (орындалды);
- Тиісті персоналдарды адам құқықтары бойынша оқыту (орындалды);
- ҚМГ-да жер қойнауы учаскелерінде және кен орындарында бұзылған жерлерді жабу және қалпына келтіру қағидаларды әзірлеу;
- ҚМГ-да суды пайдалану көлемін төмендету бойынша сандық мақсат пен мерзімдерді ескере отырып, су ресурстарын басқару жөніндегі бағдарламаны әзірлеу және бекіту;
- Адам құқықтары саясатын жаңарту;
- LTIR және FAR көрсеткіштерімен есептеу кезінде мердігерлік ұйымдардың периметрін айқындау бөлігінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың негізгі бағыттары бойынша есептілікті ұсыну жөніндегі қағидалардың маңызын арттыру;
- Түрлі қағидаларды ескере отырып, ҚМГ директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастығын қамтамасыз ету саясатының маңызын арттыру және бекіту.

ҚМГ ESG тәуекел-рейтингін жақсарту бойынша атқарылып жатқан іс-шаралар:
- Биоәртүрлілікті сақтауға байланысты мақсаттар мен мерзімдерді, биоәртүрлілікті сақтау мәселелері бойынша жергілікті немесе халықаралық табиғат қорғау ұйымдарымен ынтымақтастықты қамтитын Биоәртүрлілік бағдарламасын әзірлеу;
- Ластаушы заттардың шығарындыларын азайту бойынша тиісті мақсаттарды белгілеу;
- Ластаушы заттар шығарындыларын азайту жөніндегі бағдарламаны әзірлеу;
- Дүниежүзілік банктің 2030 жылға қарай ТМД тұрақты алауды жағуды толық тоқтату бастамаларын іске асыру;
- CO_2 тұту, сақтау және пайдалану (CCUS) бойынша пилоттық жобаны енгізу;
- «Көгілдір» сутегі өндірісінің техникалық-экономикалық есебін әзірлеу;
- Қажетті шикізатты талдауды, нарықты дамыту болжамдарын, оңтайлы технологияларды айқындауды және техникалық-экономикалық бағалауды жүргізуді ескере отырып, нарықты зерделей отырып, SAF жобасына техникалық-экономикалық зерттеу жүргізу;
- ҚМГ қатысатын өңірлерде жергілікті қоғамдастықтарды дамыту және тарту бағдарламасын әзірлеу және бекіту;
- Адам құқықтары жөніндегі бағдарламаны әзірлеу;
- Адам құқықтарына әсерді бағалауды жүргізу;
- «Жасыл кеңсе» жобасын іске асыру және ҚМГ ЕТҰ-да кеңейту;
- Директорлар кеңесінде және бақылау кеңестерінде әйелдердің үлесін кезең-кезеңімен 30% дейін арттыру;
- ҚМГ Басқарма төрағасының өкілеттігін тоқтату тәртібін әзірлеу және бекіту;
- ҚР СТ ISO 37001 «Парақорлықпен күрес менеджменті жүйелері. Талаптар және пайдалану жөніндегі нұсқау» стандартына сәйкес сертификатталған аудит.

Компания мәдениеттің тұрақты дамуына ерекше көңіл бөледі. Корпоративтік орталық пен ЕТҰ қызметкерлері үшін тұрақты даму бойынша оқу курстары тұрақты негізде жүргізіледі.

БҰҰ ЖАһАНДЫҚ ШАРТЫНЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫН БЕРІК ҰСТАНУ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА КОМПАНИЯНЫҢ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

ҚМГ-ның Тұрақты даму мәселелеріне деген көзқарасы Компанияның мүдделері мен жоспарларының БҰҰ-ның басты қағидаттарына, жалпы адамзат құндылықтарына, жаһандық үрдістеріне және Қазақстанның даму басымдықтарына сай болуына негізделген.

ҚМГ **БҰҰ Жаһандық шартының барлық 10 қағидатын** берік ұстанатынын растайды.

Компания **БҰҰ Тұрақты даму мақсатының (ТДМ) барлық 17 мақсатын** берік ұстанады

Компания үшін стратегиялық мақсаттар мен басым міндеттерді назарға ала отырып, ҚМГ БҰҰ-ның 10 ТДМ мен 24 міндетіне қол жеткізудегі өзінің үлесі туралы ақпаратты жария етеді.



ҚМГ-дағы тұрақты даму мақсаттарының іске асырылуы:

Тұрақты даму мақсаттары	Басым міндеттер	ҚМГ үлесі
 Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және кез келген жастағы барлық адамның амандығына ықпал ету	3.6. Жол-көлік оқиғалары салдарынан болатын адам өлімі мен жарақат алу санын азайту	**«Сапарларды басқару» жобасы** Көлік қауіпсіздігі деңгейін арттыру және қауіпсіз жүргізу мәдениетін қалыптастыру мақсатында ҚМГ компаниялар тобында «Сапарларды басқару» жобаны кезең-кезеңмен тарату жоспарланған: • ЕТҰ-дағы процестердің жетілуін автоматтандыру деңгейін GPS-трекерлермен жабдықталуын ескере отырып диагностикалау; • әрбір ЕТҰ үшін көлікті басқару процестерін дамытудың жеке бағдарламаларын дайындау; • қозғалыс қауіпсіздігіне назар аудара отырып, көлікті басқару жүйесін кезең-кезеңімен енгізу. **2024 жылы:** «Сапарларды басқару» жобасын тарату аясында: • ҚМГ-ның 7 ЕТҰ-да көлікті басқару процесіне диагностика жүргізілді және жобаны тарату бойынша Жол карталары бекітілді; • ЕТҰ-ның 3837 қызметкері және мердігер ұйымдардың 2106 қызметкері Defensive driving курсы бойынша оқудан өтті; • қызметкерлердің қауіпсіздік белдіктерін пайдалану қажеттілігі туралы ақпарат алуын жоғарлату және ЖКО кезінде жарақат алу жағдайларын төмендету мақсатында ҚМГ ЕТҰ-ның 18 265 қызметкері және мердігер ұйымдардың 1 490 қызметкері Конвинсердің практикалық демонстрациясына қатысты.
	3.8. Денсаулық сақтау қызметтерімен жаппай қамту, соның ішінде сапалы негізгі медициналық-санитариялық қызметтерге қолжетімділік және қауіпсіз, тиімді, сапалы әрі арзан негізгі дәрілік заттар мен вакциналарға қолжетімділік	**ҚМГ компаниялар тобындағы қызметкерлерді сауықтыру туралы 2025-2027 жылдарға арналған бағдарламасының іс-шара жоспары** Қызметкерлерді сауықтырудың 2025-2027 жылдарға бағдарламасы әзірленді, оның негізгі бағыттары мыналар: • кәсіптік аурулардың және қауіп факторларының алдын алу, қызметкерлердің денсаулық жағдайына мониторинг жасау; • кешенді сауықтыру іс-шаралары; • еңбек жағдайларын жақсарту бағытындағы іс-шаралар; • санитарлық-ағарту жұмыстары. Қызметкерлерді медициналық тексеру мен вакциналау тұрақты негізде жүргізіледі. **2024 жылы:** ҚМГ қызметкерлерінің 100%-ы денсаулықты сақтандыру бағдарламасымен қамтамасыз етілген.
	3.9. Қауіпті химиялық заттардың, ауаның, судың және топырақтың ластануы мен улануының салдарынан болатын өлім мен аурудың санын едәуір азайту	**Көшбасшылыққа қатысты бастамалар** Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтау бойынша қызметкерлердің көшбасшылығы мен міндеттемелері кодексі іске асырылып жатыр. **«Қорғау» картасы** Қауіпті жағдайды/ қауіпті мінез-құлықты/ қауіпті әрекетті/ қауіпті факторды анықтауға және хабардар етуге бағытталған бағдарлама жүзеге асырылуда.
 Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдің, қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту	5.1 Әйелдер мен қыздарға қатысты кемсітушіліктің барлық түрін жаппай жою 5.5 Саяси, экономикалық және қоғамдық өмірдің барлық деңгейінде шешім қабылдау үшін әйелдердің жан-жақты әрі нақты қатысуын, сондай-ақ олардың көшбасшылығына тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету	ҚМГ компаниялар тобындағы Директорлар кеңесі мен байқау кеңестері құрамындағы әйелдердің үлесін 2030 жылға қарай 30%-ға дейін арттыру. «БҰҰ-әйелдер» құрылымы мен БҰҰ-ның жаһандық келісімі бойынша құрылған WEP's бастамасын ілгерілету. **Бұл бастама аясында мыналар жоспарланады:** • компания басшысының әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту принциптерін қолдау туралы мәлімдемесіне қол қойылмақ. • WEP's гендерлік алшақтықты талдау құралы арқылы өзін-өзі бағалау жүргізу. Ол гендерлік теңдікке қатысты стратегиялық тәсілді бағалайды, үздіксіз жетілдіру үшін олқылықтар мен мүмкіндіктерді анықтайды және межелі мақсаттар мен міндеттерді айқындауға көмектеседі. • мүдделі тараптарға бұл саладағы прогресс туралы хабарлау үшін тұрақты даму туралы есептерде жынысы бойынша деректерді жария ету. ҚМГ Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарын қатаң сақтайды және еңбек құқықтарын іске асыру кезінде шығу тегі, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайы, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, дінге көзқарасы, наным-сенімі, тұрғылықты жері, жасы немесе физиалық кемшіліктеріне, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына қарамастан ешкімді кемсітуге болмайтын нормаларды бұзбайды. Жұмысқа қабылдау жөніндегі конкурстық рәсімдерде жынысы, жасы немесе өзге де белгілері бойынша шектеулер жоқ. Барлығы үшін бірыңғай еңбекақы және әлеуметтік қолдау көрсетудің бірдей шарттары белгіленеді. **2024 жылы:** Директорлар кеңесі мен байқау кеңестері құрамындағы әйелдердің үлесі: • 2024 жылы– 13%, оның ішінде ҚМГ директорлар кеңесі – 11% (9 адамнан 1-еуі); ЕТҰ-ның директорлар кеңесі мен бақылау кеңесі – 16% (196 адамнан 33-і)

Тұрақты даму мақсаттары	Басым міндеттер	ҚМГ үлесі
 Қымбат емес, сенімді, тұрақты әрі заманауи энергия көздеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету Өндірісте энергия тиімділігін арттыру Қолжетімді таза энергия үлесін ұлғайту.	7.1. Қымбат емес, сенімді және заманауи энергиямен жабдықтауға қолжетімділікті қамтамасыз ету	ҚМГ компаниялар тобының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін дамытудың негізгі стратегиялық бағыттары – технологиялық жабдықты жаңарту, энергия үнемдеу технологияларын енгізу, жылу энергиясын өндіру мен тұтынуды оңтайландыру, сондай-ақ жеке генерациялау көздерін, оның ішінде жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып дамыту. ҚМГ-ның 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму бағдарламасы бекітілді, ҚМГ компаниялар тобында энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласын басқару жөніндегі энергетикалық саясат пен Регламент бекітілді: Іс-шаралар жоспары өзектендіріледі, энергия тиімділігін арттыру жөніндегі қызметтің басым бағыттары айқындалады: **2024 жылы:** **Энергия тұтыну көлемін төмендету бойынша іс-шаралар** Толығырақ 142 бетте **Тұрақты авиаотын (SAF) өндірісі** Толығырақ 138 бетте
	7.b. Қазіргі заманғы және тұрақты энергиямен жабдықтау үшін инфрақұрылымды кеңейту және технологияларды жаңғырту	Компания ЖЭК жобаларын дамыту бойынша бастамаларды іске асыруда. Толығырақ 136 бетте
 Үдемелі, жан-жақты және тұрақты экономикалық өсуге, толыққанды әрі өнімді жұмыспен қамтуға және лайықты жұмысқа орналасуына жәрдемдесу	8.5. Әйелдер мен ерлерді, оның ішінде жастар мен мүгедектерді толыққанды әрі өнімді, лайықты жұмыспен қамту және құндылығы бірдей еңбегі үшін тең жалақы төлеуді қамтамасыз ету	ҚМГ 49 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отыр, оның ішінде 81 % ер, 19 % әйел адам. Толығырақ 161 бетте
	8.6. Жұмыс істемейтін, оқымайтын және кәсіби дағдыларды үйренбейтін жастар үлесін едәуір қысқарту	Компания өндірісте жас мамандарды дамыту және тарту бағдарламаларын іске асырады. Толығырақ 163 бетте
	8.8. Еңбек құқықтарын қорғау және барлық еңбекші үшін сенімді әрі қауіпсіз жұмыс жағдайларын қамтамасыз етуге жәрдемдесу	ҚМГ қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау ұжымдық шарттарға және жұмыс берушінің ішкі актілеріне сәйкес көрсетіледі. ҚМГ компаниялар тобында ұжымдық шарт 21 кәсіпорында қабылданған. Кәсіпорындардың әлеуметтік пакеті 50-ден астам әлеуметтік жеңілдік түрінен тұрады. Бүгінгі таңда ұжымдық шарттар мен актілердің барлық талаптары ҚМГ-ның бүкіл кәсіпорындарында толық көлемде сақталады.
 Төзімді инфрақұрылым құру, тұрақты индустрияландыру мен инновацияларға жәрдемдесу	9.1. Экономикалық даму мен адамдардың амандығын қолдау мақсатында өңірлік және трансшекаралық инфрақұрылымды қоса алғанда, сапалы, сенімді, төзімді және тұрақты инфрақұрылымды дамыту.	**«ABAI ақпараттық жүйесін әзірлеу» жобасы** ҚМГ тобының барлық өндірістік ақпаратын Big Data платформасындағы ортақ дерекқорда жинақталуын, сондай-ақ жасанды интеллект пен машиналық оқытуды қолдана отырып, оны өңдеу мен талдауды көздейді. ABAI ақпараттық жүйесі 17 автономды модульден тұрады, олардың әрқайсысы нақты өндірістік мәселені шешуге бағытталған. **«Цифрлық азамат»** Курс ҚМГ қызметкерлерінің цифрлық сауаттылығын көтеру мақсатында әзірленген. **2024 жылы:** ABAI ақпараттық жүйесінің алты моделін («Деректер базасы», «Карта құрғыш», «Технологиялық режим, «Терең-сорғы жабдықтарын таңдау», «Өндіруді жоспарлау және мониторинг жасау», «Геологиялық-техникалық іс-шаралардың тиімділігін таңдау және талдау») енгізу. Қол жеткізілген нәтижелер: • деректерді автоматты түрде жинау және өндірістік есептерді түсіру жылдамдығы 2 және одан да көп есеге өсті; • технологиялық режим нәтижесінде ӨМГ және ҚГМ - де қосымша өнімдер өндірілді; • ӨМГ және ММГ терең-сорғы жабдықтарының істен шығуын төмендету арқылы ұңғымаларды жерасты жөндеу саны азайды; • ӨМГ жаңа ұңғымаларды неғұрлым тиімді таңдау арқылы қосымша өндіру көлемі алынды.
	9.4. Инфрақұрылымды жаңғырту және ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру және таза әрі экологиялық қауіпсіз технологиялар мен өнеркәсіптік процестерді кеңінен қолдану есебінен өнеркәсіптік кәсіпорындарды қайта жабдықтау	ҚМГ-ның 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму бағдарламасы бекітілді, энергия тиімділігін арттыру бағыттарындағы іс-шаралар жоспары өзектендірілуде, қызметтің басым бағыттары айқындалды: Толығырақ 134 бетте

Тұрақты даму мақсаттары	Басым міндеттер	ҚМГ үлесі
 Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өміршеңдігін және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету	11.2 2030 жылға қарай жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, атап айтқанда, осал жағдайдағы адамдардың, әйелдердің, балалардың, мүгедектердің және қарттардың қажеттіліктеріне ерекше назар аудара отырып, қоғамдық көлікті пайдалануды кеңейту негізінде барлығының қауіпсіз, арзан, қолжетімді және экологиялық тұрақты көлік жүйелерін пайдалана алуын қамту 11.6 2030 жылға қарай қалалардың жан басына шаққандағы жағымсыз экологиялық әсерін азайту, оның ішінде ауа сапасына және қалалық және басқа да қалдықтарды жоюға ерекше назар аудару.	**Электромобилдерге арналған зарядтау инфрақұрылымын дамыту жобасы** ҚМГ Қазақстанда электромобильдер үшін зарядтау инфрақұрылымын дамыту жөніндегі жобаны іске асыру мүмкіндігін қарастырылуда. Жоба бастапқы пысықтау сатысында. «ҚазМұнайГаз-Инжиниринг» ЖШС өз күшімен техникалық-экономикалық зерттеу әзірленді. **Қоршаған ортаға теріс әсерді кезең-кезеңімен төмендетуге бағытталған ең үздік әрі қолжетімді әдістерді енгізу** ҚМГ компаниялар тобының бірқатар компаниясы 2024 жылы ЕҚТ ұлттық салалық анықтамалықтары негізінде экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламаларының жобаларын әзірледі және ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінде кешенді экологиялық рұқсат алуға өтінімдер берді. **Ластаушы заттар шығарындыларын азайту жөніндегі бағдарламаны әзірлеу** Толығырақ 141, 149 беттерде **Дүниежүзілік банктің «2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын факелде тұрақты жағуды толық тоқтату» бастамаларын іске асыру** Толығырақ 141 бетте **«Жасыл белдеуді» құру - көгалдандыру жобасы** 2021-2023 жылдары ҚМГ компаниялар тобы бойынша барлығы 100 мыңға жуық ағаш, ал 2024 жылы 97 мыңнан астам ағаш отырғызылды. **«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы** «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы – бұл Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың елдегі экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған бастамасы. Акция жаппай сенбілік өткізу, қоқыстарды жинау, аумақтарды көгалдандыру, халықты сауаттандыру сынды басқа да шараларды ұсынады. Акция аясында ҚазМұнайГаз компаниялар тобында «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді. Толығырақ 148 бетте
 Тұтыну мен өндірістің ұтымды үлгілеріне көшуді қамтамасыз ету	12.4. 2020 жылы келісілген халықаралық қағидаттарға сәйкес химиялық заттарды және барлық қалдықты олардың бүкіл өмірлік циклі бойы экологиялық тұрғыдан ұтымды пайдалануға қол жеткізу және адам денсаулығы мен қоршаған ортаға теріс әсерін азайту үшін олардың ауаға, суға және топыраққа таралуын барынша азайту.	**Carbon Disclosure Project** Компания су ізін есептейді және су қауіпсіздігіне қатысты сауалнаманы Carbon Disclosure Project алаңында орналастырады. **Қалдықтарды басқару бойынша стандарт** ҚМГ компаниялар тобында қалдықтарды басқару жөніндегі стандарт әзірленді және бекітілді. Толығырақ 149 бетте
	12.5 Қалдықтардың пайда болуын болдырмау, оларды азайту, өңдеу және қайта пайдалану бойынша шаралар қабылдау арқылы 2030 жылға қарай олардың көлемін едәуір азайту.	**Су ресурстарын басқару бағдарламасы** Су алуды қысқарту, суды қайта пайдалануды ұлғайту бойынша нысаналы көрсеткіштерді айқындау мақсатында ҚМГ компаниялар тобы бойынша су ресурстарын басқару жөнінде ұзақ мерзімді бағдарлама әзірленді. **Тарихи жинақталған мұнай қалдықтарын утилизациялау бағдарламасы.** Толығырақ 149 бетте
	12.6 Компанияларға, әсіресе ірі және трансұлттық компанияларға өндірістің тұрақты әдістерін қолдануға және өз есептерінде ресурстарды ұтымды пайдалану туралы ақпаратты жария етуге кеңес беру	**TAZALYQ** АМӨЗ қоршаған ортаның жағдайын жақсартуға арналған TAZALYQ ауқымды экологиялық жобасын белсенді түрде іске асыруда. **«Жасыл кеңсе»** Корпоративтік «жасыл» бағыт белсенді дамып келеді және кеңселік үй-жайларда қалдықтарды бөлек жинауды, су мен энергияны үнемдеуді енгізу сияқты «жасыл кеңсе» қағидаттары кезең-кезеңімен енгізілуде. Толығырақ 148 бетте

Тұрақты даму мақсаттары	Басым міндеттер	ҚМГ үлесі
 Климаттың өзгеруіне қарсы және оның салдарымен күрес бойынша шұғыл шаралар қабылдау	13.2. Климаттың өзгеруіне ден қою шараларын саясатқа, стратегияға және жоспарлауға енгізу	**Метан шығарындысын азайту** Толығырақ 137 бетте **OGMP 2.0 қосылу** Толығырақ 47 бетте **Мұнай-газ секторын декарбонизациялау жөніндегі хартияға қосылу** Толығырақ 32 бетте **Орман-климаттық жобалар** Толығырақ 138 бетте
	13.3. Климаттың өзгеру күшін жұмсарту мен салдарын әлсірету, оларға бейімделу және ерте алдын алу бойынша оқу-ағарту, ақпаратты таратуды және адамдар мен мекемелердің мүмкіндіктерін жақсарту	**Ішкі көміртегінің бағасын белгілеу тұжырымдамасы** Еншілес және тәуелді ұйымдардың көміртегі ізін азайту жөніндегі іс-шараларды жоспарлау мен қамтамасыз етуді енгізу, сондай-ақ көміртегіні реттеудің қаржы-экономикалық көрсеткіштерге әсерін жан-жақты есептеу мақсатында ішкі көміртегінің бағасын белгілеу тетіктері әзірленді. Қазіргі уақытта оларды «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының бизнес-процестеріне интеграциялау жұмысы жүргізілуде. Компания көміртегі ізін есептейді және климаттық корпоративтік сауалнаманы Carbon Disclosure Project алаңында орналастырады. Компания климаттың өзгеруіне байланысты қаржылық ақпаратты жариялау мәселелері бойынша жұмыс тобының, TCFD ұсыныстарына сәйкес климаттық тәуекел қауіптерін жариялайды. Толығырақ 145 бетте
 Құрлықтағы экожүйелерді қорғау, қалпына келтіру және оларды тиімді пайдалануға жәрдемдесу, ормандарды тиімді басқару, шөлейттенуге қарсы күрес, жердің тозу процесін тоқтату мен кері қайтару және биологиялық алуандылықты жоғалту процесін тоқтату.	15.3. Шөлейттенуге қарсы күрес жүргізу, шөлейттену, құрғақшылық және су тасқыны әсер еткен жерлерді қоса алғанда, тозған жерлер мен топырақты қалпына келтіру және бүкіл әлем бойынша жердің жағдайын нашарлатпауға ұмтылу	ҚМГ ластаушы заттардың шығарындысын азайтуға және табиғи көздерден су алуды қысқартуға бағытталған жобалар мен іс-шараларды іске асырып келеді. **Carbon Disclosure Project** Компания су ізін есептейді және су қауіпсіздігіне қатысты сауалнаманы Carbon Disclosure Project алаңында орналастырады. **TAZALYQ** АМӨЗ қоршаған орта жағдайын жақсартуға бағытталған TAZALYQ ауқымды экологиялық жобасын белсенді жүзеге асыруда. **Кендірлі кентінде тәуліктік қуаты 50 мың текше метр болатын теңіз суын тұщыту зауытының құрылысы** Жоба Жаңаөзен тұрғындары үшін ауыз су тапшылығы проблемасын шешуге мүмкіндік береді, сондай-ақ туризмді, кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамытуға мультипликативтік әсер етеді. **Жерді қалпына келтіру** Компанияда бұрыннан жиналған – «тарихи» мұнай қалдықтарын жою және мұнаймен ластанған жерлерді тазарту жұмыстары жүргізілуде. **Биоалуандылыққа әсер ету салдарын жұмсарту жөніндегі шаралар иерархиясы** Компанияда өндірістік қызметті жоспарлау және жүзеге асыру кезінде негізгі төрт іс-әрекетті ескере отырып, биоалуандылыққа әсер ету салдарын жұмсарту жөніндегі шаралар иерархиясы қолданылады: ықтимал тікелей әсер етудің алдын алу, азайту, қалпына келтіру және орнын толтыру. **2024 жыл:** **TAZALYQ:** «Механикалық тазарту құрылыстарын (жабық үлгідегі МТҚ) реконструкциялау» жобасының екінші кезеңі бойынша құрылыс аяқталды.
	15.5. Табиғи мекендеу ортаның деградациясын тежеу жөнінде маңызды шараларды дереу қабылдау, биологиялық алуандылықтың жоғалуын тоқтату, сондай-ақ жойылу қаупі бар түрлердің сақталуын қамтамасыз ету	**Биоалуандылықты сақтау бағдарламасы** Биоалуандылықты сақтауға байланысты мақсаттар мен мерзімдерді, биоалуандылықты сақтау мәселелері бойынша жергілікті немесе халықаралық табиғат қорғау ұйымдарымен ынтымақтастықты қамтитын биоалуандылықты сақтау бағдарламасын әзірлеу жоспарлануда. **2024 жыл:** Арал теңізінің құрғаған түбіндегі 15 мың гектар алқапқа сексеуілдің 4,5 миллион көшеті отырғызылды.

Тұрақты даму мақсаттары	Басым міндеттер	ҚМГ үлесі
 Тұрақты даму мүддесі үшін жаһандық серіктестік аясында іске асыру құралдарын нығайту және жұмысты жандандыру	17.1. Салық пен басқа да кірісті жинау бойынша ұлттық мүмкіндіктерді арттыру үшін ішкі көздерден, соның ішінде дамушы елдердің халықаралық қолдауының арқасында ресурстарды жұмылдыруды күшейту	ҚМГ салық туралы ақпаратты GRI стандартына және Country by country OECD Action 13 бастамасына сай жария етеді. **Мемлекет пайдасына аударымдар.** Компания жыл сайын есепте мемлекеттердің пайдасына аударылған төлемдер туралы ақпаратты төмендегідей төлем түрлері бойынша ұсынады: **Салық** Пайдалы қазбалар өндіру салығынан басқа салық түрлері. **Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық** Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық – бұл өндірілетін минералды шикізаттың, мұнайдың, жерасты сулардың және емдік балшықтардың жеке-жеке түрі бойынша жер қойнауын пайдаланушының міндетті төлемі. Пайдалы қазбаларды өндіруге салық салу объектісі – жер қойнауын пайдаланушы салық кезеңінде өндірген шикі мұнайдың, газ конденсатының және табиғи газдың нақты көлемі. **Қол қойылған бонус** Қол қойылған бонус – жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт жасалған аумақта (жер қойнауының участігі) жер қойнауын пайдалану құқығын алғаны үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған тәртіпте келісімшарт аумағы (жер қойнауының участігі) кеңейген кездегі бір жолғы тіркелген төлемі **Өзге төлемдер** Басқа төлемдер экспорттық кедендік бажды қоса алғанда, мемлекеттерге аударылатын қалған төлемдерді қамтиды. БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын іске асыру бағатында ҚМГ салалық компаниялармен, халықаралық агенттіктермен белсенді ынтымақтасады және энергия үнемдеу, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау, климаттық өзгерістерге қарсы күрес, шығарындыларды азайту, сондай-ақ «жасыл» энергетиканы және басқа да осыған ұқсас бағыттарды ілгерілету саласындағы мемлекетаралық ұйымдардың қатысушысы болады. ҚМГ мемлекетке төлем аудару саласындағы ашықтықты арттыру, сектордан түсетін кіріс мәселелерінде өндіруші компаниялардың жауапкершілігін күшейту, өңірлерде компания қызметі туралы халықтың хабардар болуын арттыру бойынша әлемнің үздік тәжірибелерін ұстанады. ҚР бюджетіне салық төлемдері бойынша ақпарат, сондай-ақ мемлекеттердің пайдасына төлемдер бойынша есеп ҚМГ сайтында мына сілтеме бойынша қолжетімді: https://www.kmg.kz/investors/reporting/

ҚМГ-ның БҰҰ-ның ТДМ қол жеткізуге қосқан үлесі туралық толық ақпарат GRI халықаралық стандарттарына сәйкес шығарылатын Тұрақты даму туралы жыл сайынғы есепте көрсетілген. Есеппен компанияның веб-сайтында танысуға болады: https://www.kmg.kz/investors/reporting/

Сонымен қатар компанияның Тұрақты даму туралы жыл сайынғы есебі БҰҰ-ның жаһандық шарты аясындағы біздің жетістігіміз есептеледі: https://www.unglobalcompact.org/what-is-gc/participants/6810

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Мүдделі тараптардың негізгі топтары

ҚазМұнайГаз компаниясы шынайылық, ашықтық және мүдделі тараптармен өзара тиімді ынтымақтастыққа ұмтылады. Негізгі принциптер:

- **Ашықтық: халық**аралық стандарттарға сәйкес сенімді ақпарат беру.
- **Диалог:** қарым-қатынастарды дамыту және мүдделі тараптардың пікірлерін ескеру.
- **Тұрақты даму: экологи**ялық, әлеуметтік және басқару аспектілерін бизнес-процестерге біріктіру.

Мүдделі тараптар тобы	Принциптері	Өзара іс-қимыл әдістері	Іс-шаралар
Акционерлер	Ашықтық, адал диалог.	• Кері байланыс арналары (электрондық пошта, телефон нөмірі) • Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы • Тікелей кездесулер және консультациялар	• Корпоративтік сайтта жылдық есепті жариялау; • KASE базасында Эмитент күні
Инвестициялық қоғамдастық Толық ақпарат «Инвесторлармен өзара іс-қимыл» бөлімінде берілген	Ашықтық және реттеуші талаптарды сақтау	• Веб-сайт арқылы қаржылық ақпараттарға қолжетімділікті қамтамасыз ету; • Жартыжылдық және тоқсандық презентациялар; • Роуд-шоу және конференц-қоңыраулар өткізу.	• Баспасөз-хабарламаларын жариялау; • Кездесулер мен ақпараттық сессиялар ұйымдастыру.
Үкімет және жергілікті мемлекеттік органдар	Мемлекеттік міндеттерді тиімді орындау, серіктестік	• Жұмыс топтарына қатысу; • Тапсырмаларды орындау; • Тікелей хат алмасу.	• Әлеуметтік және экологиялық бастамаларды іске асыру туралы есепті ұсыну
Қауымдастықтар, жергілікті қауымдастықтар, қоғамдық ұйымдар	Белсенді қатысу, әлеуметтік жобаларды қолдау	• Қоғамдық кеңестер мен жұмыс топтарына қатысу; • БАҚ және корпоративтік сайт арқылы аөпараттар жариялау.	• Корпоративті әлеуметтік жауапкершілік бағдарламасын іске асыру; • Орнықты даму туралы есептерді жариялау
Бұқаралық ақпарат құралдары	Ашықтық, сенімділік	• Баспасөз хабарламалары • Баспасөз-конференцияларды, брифингтер өткізу; • әлеуметтік желілерінде ақпаратты уақтылы жариялау	• Баспасөз-турлар мен ақпараттық сессияларды ұйымдастыру; • БАҚ сауалдарына жауап беру.
ҚМГ еншілес және тәуелді ұйымдары	Тікелей және нақты байланыс	• Басшылықтың қатысуымен өтетін жиындар • Іссапарлар • Тікелей хат алмасу	• Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету • Тапсырмалар беру • Ақпараттық хаттар
Клиенттер, жеткізушілер, серіктестер, басқа ұйымдар	Әділ және нарықтық шарттардағы келісімдер	• Келісімдер жасасу	• Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету • Баспасөз хабарламаларын тарату
Кәсіподақтар, қызметкерлер	Қызмеркерлерді қолдаудың түрлі мүмкіндіктері.	• Қызметкерлер жұмысының тиімділігін бағалау; • Қанағаттану және қатысу туралы зерттеулер.	• Ішкі сауалнамалар, жалпы жиналыстар өткізу; • Еңбек өнімділігін басқару жүйесін енгізу.

Адам құқықтарын сақтау

ҚМГ экономикалық қана емес, әлеуметтік мәселелерге де ерекше көңіл бөле отырып, өз бизнесінің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге ұмтылады.

Компания Адам құқықтары жөніндегі халықаралық биллде, еңбек саласындағы халықаралық еңбек ұйымының стандарттарында бекітілген, дүниежүзінде мойындалған адам құқықтарын ұстанады және БҰҰ-ның бизнес және адам құқықтары жөніндегі басты қағидаттарын іске асыруға ұмтылады.

ҚМГ Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарын қатаң орындайды және оған сәйкес еңбек құқықтарын іске асыру кезінде адамның шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасы, сенімі, тұрғылықты жері, жасы немесе физикалық себептеріне қатысты ешкімді қандай да бір кемсітуге болмайтын нормаларды бұзбайды.

Біз балалар еңбегін пайдаланбаймыз, ешкімді еңбек етуге мәжбүрлемейміз, нәсіліне, дініне және жынысына қарамастан барлық қызметкерлердің тең құқықтарын мойындаймыз.

Есепті кезеңде кемсітушілік фактілері тіркелмеген.

2022 жылы ҚМГ Директорлар кеңесі Адам құқықтары және жұртшылықпен қарым-қатынас саласындағы саясатты бекітті.

Саясат туралы толық ақпарат ҚМГ веб-сайтында «Корпоративтік құжаттар» бөлімінде берілген.

Адам құқықтары саласында мынадай міндеттемелерді қабылдаймыз:

- халықаралық нормаларға сәйкес адам құқықтарын құрметтеу;
- ҚМГ мен еншілес ұйымдардың жоғары басшылығының келісімін алып, саладағы адам құқықтарына әсер ететін мәселелерді шешу үшін бағдарламалар қабылдау;
- адам құқықтарына әсерді бақылау және ол туралы хабарлау;
- ҚМГ қабылдаған шағым мен талаптарды қарау механизмдерін сақтау;
- теріс әсерді жою немесе азайту үшін өтемақы және құқықтық қорғау құралдарын ұсыну;
- тиісті есепті дайындай отырып, адам құқықтарына ықпалды бақылау арқылы адам құқықтарына қатысты тиісті байқампаздық таныту;
- өз қызметкерлеріне жағымсыз әсерді жою үшін құқық қорғау құралдарын ұсыну;
- ҚМГ-ның адам құқықтарына қатысты персоналдан және үшінші тараптардан не күтетінін ашып айту.

Адам құқықтарының сақталуы туралы толығырақ ақпарат Тұрақты даму туралы есепте ұсынылады.



КЛИМАТ

Төмен көміртекті даму бағдарламасы

ҚМГ климат мәселесінің күн тәртібіндегі маңызын ескере отырып, 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу және елдің парник газдары шығарындыларын 1990 жылғы деңгейден 15%-ға төмендету жөніндегі мақсаттарын қолдай отырып, өз қызметінде декарбонизацияны қалыпты, өлшемді әрі бірізді түрде енгізуді көздейді.

Бұл міндетті орындау үшін ҚМГ Директорлар кеңесі 2024 жылдың қараша айында Төмен көміртекті дамудың 2060 жылға дейінгі бағдарламасын (ТКДБ-2060) қабылдады, бұл 2021 жылдан бері қолданылған ТКДБ 2030 жылға дейінгі бағдарламасын алмастырды. ТКДБ -2060[1] CO_2 шығарындыларын 2019 жылғы деңгейден 2031 жылға қарай 15% - ға қысқарту және ПГ шығарындыларын 2060 жылға қарай 64%-ға төмендету жөніндегі мақсаттарға қол жеткізуді көздейді. Бекітілген бағдарламаға сәйкес 2060 жылға дейінгі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді. Іс-шаралар жоспары төрт бағыт бойынша парник газдары шығарындыларын азайтуға бағытталған бірқатар іс-шараны қамтиды: энергия тиімділігі, ЖЭК, метан шығарындыларын бақылау, ұйымдастыру шаралары.

Басты көрсеткіштердің атауы	2019 жыл – базалық жылдың көрсеткіші	2023 жылдың көрсеткіші	2027 жылдың көрсеткіші	Мақсатты көрсеткіші – 2031 жыл	Мақсатты көрсеткіші – 2060 жыл
Тікелей және жанама шығарындыларды азайту CO_2 (қамту 1+2)	10,7 млн тонна CO_2e	10,9 млн тонна CO_2e (+2,0%)	10,7 млн тонна CO_2e (0%)	9,1 млн тонна CO_2e (-15%)	3,4 млн тонна CO_2e (-64%)
Метан шығарындыларын азайту	54,2 мың тонна CH_4	70,5 мың тонна CH_4	56,9 мың тонна CH_4 (-20%)	36 мың тонна CH_4 (-32%)	2 мың тонна CH_4 (-96%)
Көміртекті азайту	–	+2%	0%	-15%	-60%
Метан сыйымдылығын төмендету, жылына $тCH_4$/мың тонн	3,28	3,28	2,62	1,6	0,29
Энергия тұтынуды азайту	–			-15%	-60%
Базалық деңгейден ҚМГ электр энергиясын тұтыну балансындағы жаңартылатын энергия көздерінің үлесі	0,005% (211 МВтч)	0,089%	10%	15%	50%
CCUS технологиясын пайдалана отырып, CO_2 айдау, мың тонна	–	–	–	9	421
Көгілдір сутегі өндірісінде CO_2 айдау, мың тонна	–	–	–	–	172
SAF өндірісі, жылына мың тонна	–	–	–	40	1 440

[1] Төмен көміртекті дамудың 2060 жылға дейінгі бағдарламасының сілтемесі https://www.kmg.kz/upload/iblock/bef/j2mi9ld1667su8dxitg3583q27570w8r/%D0%9F%D0%9D%D0%A3%D0%A0_2060_%20RU%20-%20FINAL.pdf



Бағдарлама компанияның декарбонизация қызметін жүйелеуге бағытталған және 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті дамудың мынадай үш сценарийін қамтиды:


Даму сценарийлері	2060 жылға қарай парниктi газ шығарындыларын азайту мақсаттары	Іс-шаралар
Дамытудың шығайы сценарийі (энергетикалық тиімділік, жаңартылатын энергия көздері)	-48%	• Энергия тиімділігін арттыру және энергия үнемдеу жөніндегі шараларды іске асыруды қадағалау. • Маңғыстау және Жамбыл облыстарында жалпы қуаты 1,2 ГВт болатын екі ірі ЖЭК-жобаны іске қосу
Жасыл даму сценарийі	-58%	• ЖЭК үлесін айтарлықтай ұлғайту. • Орман-климаттық офсеттік жобаны іске асыру[2]. • Операциялық тиімділік және өндірістік қуаттарды жаңарту арқылы шығарындыларды органикалық түрде азайту. • ЖЭК объектілерін салу және/немесе таза энергияны сатып алу кейіннен оларды Компания тобында бөлу арқылы шығарындыны бейорганикалық қысқару
Терең декарбонизация сценарийі (инновациялар және офсеттер)	-64%	• Еншілес кәсіпорындарда энергия тиімділігін арттыру, жаңартылатын энергетиканың екі объектісін салу және ЖЭК үлесін ұлғайту жөніндегі шаралар. • Көміртекті тұту, пайдалану және сақтау (CCS) жобаларын жүзеге асыру. • Сутегі энергетикасын дамыту. • Тұрақты авиациялық отын өндірісі (SAF). • Орман офсеттік жобаларында көміртекті секвестрлеу және офсеттік бірліктер мен сертификаттарды сатып алу арқылы көміртегі ізін жою

[2] Ағылшын тілінен carbon offset — көміртек компенсациясы.

Жаңартылатын энергетиканы дамыту

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Total Eren және Eni S.p.A. компанияларымен серіктесе отырып, ЖЭК саласындағы жобаларды белсенді жүргізуде. Осы бастамаларды іске асыру көміртегі ізін азайтуға, өндірістік объектілерді тұрақты энергиямен жабдықтауды қамтамасыз етуге және Компанияның бизнес-портфелін әртараптандыруға бағытталған. Жамбыл және Маңғыстау облыстарында жалпы қуаты 1,2 ГВт болатын ЖЭК объектілерін салу жоспарлануда.

ЖЭК саласындағы жобалар




Жаңаөзен қаласындағы гибридті электростанция

2024 жылғы 18 қаңтарда «ҚазМұнайГаз» және итальяндық Eni S.p.A. компаниясы Жаңаөзен қаласында гибридті электр стансиясын салу жобасын іске асыру туралы бірлескен шешімге қол қойды. Бұл жоба генерацияның төменде көрсетілген үш түрін біріктіретін Қазақстанда алғашқы гибридті шешім болмақ:

- **жел электростанциясы** – 77 МВт;
- **күн электростанциясы** – 50 МВт;
- **газ электростанциясы** – 120 МВт.

Жоба ҚМГ өңірдегі өндірістік объектілерін энергиямен үздіксіз жабдықтауды қамтамасыз етуге бағытталған. Жобаны іске асыру аясында құрылыс кезеңінде 800-ге дейін жұмыс орнын және пайдалану кезеңінде 80-ге дейін тұрақты жұмыс орнын құру көзделген. Жобаның толық қуатына шығуы 2026 жылдың 4 тоқсанына жоспарланған.

2024 жылы күн және газ электр станциялары объектілері үшін EPC-мердігерлерді анықтау бойынша тендерлік рәсімдер аяқталды. 2024 жылғы 16 шілдеде ҚМГ басшылығы мен Eni компаниясының қатысуымен гибридті электр станциясының құрылысын бастау рәсімі өтті. 2024 жылдың желтоқсанында күн электр станциясының аумағында алғашқы жұмыстар аяқталып, негізгі жабдықты орнату бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары басталды. Жобаның толық аяқталуы 2026 жылдың соңына жоспарланған. Жобаның негізгі серіктестері – Eni S.p.A (51%) және ҚМГ (49%).



Жамбыл облысындағы жел электр станциясы («Мирный» жобасы)

2023 жылғы 1 қарашада Франция президенті Эммануэль Макронның Қазақстанға ресми сапары аясында Жамбыл облысында қуаты 1 ГВт болатын жел электр станциясын (ЖЭС) салу жобасын іске асыру үшін Total Open компаниясымен бірлескен кәсіпорын құру туралы келісімге қол қойылды. 2024 жылғы 2 ақпанда үкіметаралық келісім туралы заң ратификацияланды.

ЖЭС Мирный кентінде орналасады және қуаты 300 МВт / 600 МВт·сағ электр энергиясын жинақтау жүйесімен жабдықталады, бұл энергиямен жабдықтаудың тұрақтылығын қамтамасыз етеді және жел генерациясының үзілістігімен байланысты тәуекелдерді азайтады. Құрылыс барысында 2 мыңға жуық уақытша жұмыс орны, ал пайдалануға берілгеннен кейін 250-ге дейін тұрақты жұмыс орны құрылады. Пайдалануға берудің күтілетін мерзімі - 2027 жылдың соңы.

Жоба CO_2 шығарындыларын азайтуға және ҚМГ төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыруға ықпал ете отырып, Қазақстанның жасыл энергетикасын дамытуда стратегиялық рөл атқарады. Қазіргі уақытта техникалық-экономикалық зерттеулер аяқталды, өңірдің жел әлеуеті зерттелді және негізгі жабдықты жеткізушіні таңдау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жобаның негізгі серіктестері Total Eren (60%), Самұрық-Қазына (20%) және ҚМГ (20%).

Қазақстанда ЖЭК секторын дамыту жөніндегі жұмыс Қазақстанның «жасыл» экономикаға көшу тұжырымдамасына және «Қазақстан – 2050 стратегиясына» сәйкес елдің энергия теңгеріміндегі баламалы және жаңартылатын энергия түрлерінің үлесін 2030 жылға қарай 15% дейін және 2050 жылға қарай 50% дейін ұлғайту жөніндегі мақсаттарға қол жеткізу шеңберінде жоғарыда аталған екі жоба аяқталғаннан кейін одан әрі жалғастырылатын болады. Бұл мақсаттар Қазақстанның ЖЭК саласындағы ашылмаған әлеуетін іске асыруға ықпал етеді.

Метан менеджментін енгізу

ҚМГ офсетті сату саясатын орындау құралы және компанияның көміртегі ізін азайту жолы ретінде метан шығарындыларын азайтуға ерекше назар аударады.

ҚМГ мұнай-газ компаниялары арасында метан шығарындылары бойынша есеп беруге бағытталған OGMP 2.0 (The Oil & Gas Methane Partnership) бастамасына қосылды және 2024 жылы OGMP 2.0. платформасында метан шығарындылары бойынша өзінің алғашқы есебін тапсырды.

Сондай-ақ, 2024 жылы ҚМГ-ның екі өндірістік объектісінде: «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ және «ҚазГӨЗ» ЖШС-де LDAR (Leak Detection and Repair) метанының ағып кетуін анықтау және жою бойынша технологиялар көрсетілді.

Сондай-ақ, ҚМГ TetraTech компаниясымен ынтымақтастық туралы меморандум аясында «Орталық Азия энергетикасы» жобасын іске асырады. Бірлескен іс-қимыл жоспары әзірленді.

«Орталық Азия энергетикасы» жобасын іске асыратын TetraTech компаниясымен жасалған ынтымақтастық туралы меморандум аясында метан шығарындыларын басқару бойынша ҚМГ компаниялар тобының мамандарына арналған вебинар өткізілді; 2024 жылы маусым айында ММГ және ҚазГӨЗ өндірістік нысандарында нысандарында метан шығарындылары бойынша өлшеу жұмыстары жасалды.

2024 жылы ҚМГ Oil and Gas Climate Initiative серіктестігімен бірлесіп метан шығарындыларының спутниктік мониторингі бойынша жұмысын жалғастырды. Метан шығарындылары бойынша жыл сайынғы есептілікті ұсыну, өлшеу науқандарын жүргізу, LDAR метанның ағып кетуін анықтау және оны жою жөніндегі бағдарламаны енгізу, спутниктік мониторинг жасау ҚМГ-дағы метан менеджментінің негізгі элементі болады, бұл болашақта метан шығарындыларын қысқартуға және CO_2 шығарындыларының жұтылу әлеуетін анықтауға мүмкіндік береді.

Көмірқышқыл газын тұту, сақтау және пайдалану жобасы (CCUS)

ҚМГ CO_2 (CCUS) тұту, сақтау мен пайдалану және мұнай беруді ұлғайту үшін өндірілген мұнай қабаттарына қайта айдау мүмкіндігін айқындау мақсатында пилоттық жобаны іске асыру бойынша жұмыс жүргізіп жатыр.

Атырау және Маңғыстау облыстарында CO_2 шығарындыларына скрининг жасау аяқталды. Нәтижесінде жалпы көлемі шамамен 412 мың тонна CO_2 болатын шығарынды көздерінен «негізгі топтар» анықталды, сондай-ақ жерүсті инфрақұрылымына бағалау жүргізілді.

Жобаны іске асыруға жұмсалатын операциялық шығындарды және күрделі жағдайды ескере отырып, ҚМГ жылдық қуаты 10-20 мың тонна CO_2 пилоттық қондырғы құруды көздейтін баламалы тұжырымдаманы зерделеп жатыр. Қазіргі уақытта Baker Hughes және Chevron компанияларымен бірге қолайлы учаскелерді таңдау жүргізуде.

Скрининг қорытындысы бойынша пилоттық жобаны іске асыру өлшемшарттарына сәйкес келетін негізгі объект ретінде «Ембімұнайгаз» АҚ Прорва кен орындары тобында газды кешенді дайындау қондырғысы (ГКДҚ) анықталды.

2025 жылыжобаны әрі қарай іске асыру үшін ғылыми-техикалық кеңес және Техикалық-экономикалық бағалау жөніндегі комитетке тиісті шешімдер қабылдауы үшін, оған құжаттар топтамасын ұсыну жоспарлануда.

Ұзақ мерзімді перспективада, 2040 жылдан кейін, болжамды айдау көлемін жылына CO_2/412 мың тоннаға жеткізе отырып, CCUS жобасын толық ауқымда іске асыру жоспарлануда.

Сутегі энергетикасын дамыту

ҚМГ сатылық кезеңдерді пайдалана отырып, сутегі нарығындағы өзінің позициясын стратегиялық тұрғыдан көрсетеді.

Қызметтің басты бағыттарына көмірқышқыл газын тұтатын «көгілдір» сутекті өндіру, жасыл сутекті өндіру үшін жаңартылатын көздерді пайдалану, ғылыми зерттеулер жүргізу және сутекті сақтау мен тасымалдаудың жаңа технологияларын әзірлеу кіреді.

Төмен көміртекті сутегі өндірісінің ресурстық әлеуетін, құрылыстың коммерциялық және экономикалық негіздемесіне инвестиция құюды, техникалық мүмкіндігін анықтау және бағалау үшін техникалық-экономикалық есептеу, сондай-ақ төмен көміртекті сутегі өндірісінің ресурстық әлеуетін анықтау және бағалау үшін ЕМГ-да «көгілдір» төмен көміртекті аммиак пен метанол сутегін өндіру мүмкіндіктерін анықтау жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі таңда технологиялық процестерді модельдеу жұмыстары аяқталды, сонымен қатар Casale S. A компаниясының ұсынысы негізінде экономикалық бағалау жүргізілуде.

«Жасыл» сутегі өндірісінің әлеуетін бағалау үшін Жер үсті су ресурстарының атласы әзірленді «Жасыл» сутекті өндірудің әлеуетті жобаларын бағалау үшін «жасыл» сутектің келтірілген бағасын айқындаудың аналитикалық калькуляторы жасалды. Атлас БҰҰ-ның климаттың өзгеруі туралы негіздемелік тараптарының конвенция конференциясының 29-сессиясында таныстырылды.

Зертханалық жұмыстар аясында сутектің қауіпсіз сақталуын және қозғалуын қамтамасыз ететін темір мен титан қорытпаларының үлгілерін алды. Жобаның сәтті аяқталуы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға ішкі тұтыну үшін де және шетелге шығаруға да жол ашатын төмен көміртекті сутекті тасымалдау технологиясын алуға мүмкіндік береді.

«Жасыл» сутегін өндіру жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру аясында жобалау алдындағы мынадай жұмыстар жүргізіледі: жобаның техникалық талаптарын айқындау, гранттық қаржыландыруға өтінім беру, серіктеспен («GREEN SPARK LIMITED» ЖШС компаниясымен) шарт талаптарын айқындау жұмыстары жүргізіледі.

Тұрақты авиациялық отын өндірісі (SAF)

SAF – бұл дәстүрлі Jet-1 отынына төмен көмірсутекті балама, ол таза күйінде көміртегі шығарындыларын 80%-ға азайтады.

SAF және Jet-1 бір-бірін алмастырады, бұл оларды қолданыстағы отынмен бірге әуежай резервуарларында араластыруға мүмкіндік береді.

ҚМГ Қазақстан аумағында SAF өндіру мүмкіндігін қарастыруда. Бұл бағытта 2024 жылы ICF SH&E Limited компаниясы сұраныс пен ұсынысты және қолданылатын технологияларды талдау бойынша техникалық-экономикалық зерттеулер жүргізді, сондай-ақ жылына 40 000 тонна SAF өндіретін бірінші зауыттың қуаты алдын ала белгіленді.

Зерттеу нәтижелерін ескере отырып, 2025 жылы жобаның ТЭН жасау жоспарлануда.

Орман-климаттық жобалар

ҚазМұнайГаз офсеттік бірліктерді алу мақсатында Chevron компаниясымен бірлесіп Павлодар айналасында 2 мың гектар алаңда жасыл аймақ құру жобасын іске асыруда.

Жер учаскелеріндегі парниктік газдардың көмірқышқыл газы шығарындыларын камералдық жолмен сіңіру әлеуетін бағалау, сондай-ақ далалық зерттеулер мен топырақты талдау жүргізілді.

Жалпы, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ төмен көміртекті даму бағдарламасы аясында алты орман-климаттық жобаны іске асыру жоспарлануда.

Жаңартылатын энергияның I-REC сертификаттары

ҚМГ парник газдарының (ПГ) жанама шығарындыларын азайту мақсатында ҚМГ 10,0 млн кВтсағ-қа тең келетін I-REC (International Renewable Energy Certificate) халықаралық жаңартылатын энергия көздерінің сертификаттарын сатып алды. Бұл ҚМГ корпоративтік орталығы 2024 жылы тұтынатын электр энергиясына тең келеді.

I-REC ерікті сертификаттары жаңартылатын энергия (ЖЭК) арқылы электр энергиясын өндіру дерегін растайды. Сертификат 1 МВт*сағ таза электр энергиясына, электр станциясының географиялық орнына және электр энергиясын өндірудің уақыт аралығына тіркелген. ҚМГ 2024 жылы ЖЭК өндірушілерден сертификаттарды сатып алды. Сертификаттар The International REC Foundation әзірлеген халықаралық стандарт негізінде шығарылады және оларды GHGP, CDP, RE100, ISO секілді басқа да халықаралық ұйымдар мойындайды. I-REC сертификаттары бүкіл әлемде сатылады және 51 елде шығарылады.

2025 жылға жоспарланған жобалар

- SAF өндірісінің жобасы бойынша ТЭН әзірлеу.
- Қуаты төмен CO_2 (CCUS) тұту, пайдалану және сақтау жобасын әрі қарай іске асыру үшін FTK өткізу және аталған мәселені ТЭБК шешім қабылдауы үшін құжаттар пакетін әзірлеп, ұсыну.
- Төмен көміртекті сутекті (ілеспе мұнай газынан / табиғи газдан, кен орындарында түзілетін кәдеге жаратылатын қабат және (немесе) сарқынды сулардан) өндіру мүмкіндігін талдау.
- «Қазақстанда электромобильді көлікке арналған электр жанармай құю станцияларының инфрақұрылымын дамыту» жобасын іске асыру мүмкіндігін қарастыру.
- ҚМГ-да метан менеджментін енгізуге бағытталған іс-шараларды өткізу.
- Офсеттік жобаларды іске асыру



Климат бойынша есеп беру

ҚМГ 2023 жылдан бері қаржылық есептілікке TCFD халықаралық стандартының ұсынымдарын кезең-кезеңімен енгізіп келеді. Климат саласындағы корпоративтік басқаруды жақсарту жөніндегі жоспарға (Corporate Climate Governance Plan) сәйкес климаттық сценарийлердің компанияның қаржылық көрсеткіштеріне әсерін модельдеу жоспарлануда.

ҚМГ 1 және 2 қамту, сондай-ақ 3[1] қамту бағыттары біріктірілген парник газдар шығарындылары туралы толық есепті ұсынады. 2023 жылға дейін Компания «Сатылған өнімдерді пайдалану» № 11 санаты бойынша 3 қамту шығарындылар бойынша ақпаратты жариялады және 2023 жылдан бастап ҚМГ көрсеткішті жариялауды бес санатқа дейін кеңейтті.

Бұл бастама «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өндіретін өнімнің жанама шығарындыларын жоспарлы түрде азайту мақсатында біздің жеткізушілермен және тұтынушылармен өзара іс-қимыл стратегиясын әзірлеу үшін негіз болады.

ҚМГ-да ПГ бойынша деректерді мониторингілеу, инвентаризациялау және верификациялау жүйесі енгізілген. Компания өнімнің өмірлік циклінің бүкіл тізбегіндегі тікелей және жанама шығарындыларды талдай отырып, ПГ-ны кешенді есепке алуға тырысады. Бұл тәсіл ПГ шығарындыларын инвентаризациялап, есепке алу бойынша халықаралық ұсыныстарға сәйкес келеді және ҚМГ-ға өзінің көміртегі ізін барынша толық бағалауға мүмкіндік береді.

ПГ шығарындыларын инвентаризациялау ISO 14064, GHG Protocol халықаралық стандарттар мен әдіснамаларды, климаттың өзгеруі туралы БҰҰ Негіздемелік конвенциясының климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобының басты қағидаттарын ескере отырып жүргізіледі[2].



[1] Қазіргі уақытта «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қамту саласы шеңберінде бес негізгі санат бойынша есептілікті ұсынады
- 3-санат: Энергияны тұтынудан шыққан өзге де жанама шығарындылар, энергияны беру кезіндегі жоғалтуларды қоса алғанда
- 6-санат: Қызметкерлердің іссапарлары кезіндегі шығарындылар.
- 7-санат: Қызметкерлерді жұмысқа және кері тасымалдау кезіндегі шығарындылар.
- 9-санат: Дайын өнімді тасымалдау және жеткізу кезіндегі шығарындылар.
- 11-санат: Сатылған тауарлар мен қызметтерді пайдалану кезіндегі шығарындылар.

[2] Intergovernmental Panel on Climate Change, IPCC.

Климаттың өзгеруі және парник газдарының шығарындылары

2024 жылғы негізгі көрсеткіштер

«B»
CDP климаттық рейтингі

98,9 %
Шикі газды тиімді пайдалану коэффициенті

1,45 (IOGP[1] — 8,8)
Шикі газды тұрақты алау етіп жағудың қарқындылығы

7 %
Энергия тұтынудың ұлғайтуы (2023 жылмен салыстырғанда)

2024 жылы CDP-ге 2023 жылдың қорытындысы бойынша кезекті бағалау жүргізілді. ҚМГ-ға «B» бағасы берілді. Рейтингтің екі тармақ бойынша өткен жылдармен салыстырғанда біздің климат және қоршаған ортаны қорғау саласындағы тәжірибелеріміз бен басқару стратегияларымыздың айтарлықтай жақсарғанын көрсетеді (бұрын 2020-2022 жылдар кезеңінде бағалау «C» болды). CDP есебіне сәйкес 2023 жылдың нәтижелері бойынша ҚМГ компаниялар тобындағы көмірқышқыл газының тікелей шығарындыларының көлемі 7,4 млн тонна CO_2 (8,6 млн тонна CO_2-экв) құрады[2]

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2021	2022	2023
Тікелей шығарындылар (1 қамту)	млн тонна CO_2-экв.	10,6	8,1	8,6
Жанама шығарындылар (2 қамту, географиялық әдіс)	млн тонна CO_2-экв.	3,3	3,3	3,5
Жанама шығарындылар (2 қамту, нарықтық әдіс)	млн тонна CO_2-экв.	3,3	3,2	3,4
Жанама шығарындылар (3 қамту)	млн тонна CO_2-экв.	62,1	61,8	55,7

Парник газдардың тікелей шығарындылары бойынша деректер әрбір ЕТҰ бойынша тәуелсіз аккредиттелген ұйымдардың қорытындыларымен расталды. 2024 жылғы ақпарат Тұрақты даму туралы есептерде, сондай-ақ 2025 жылдың 4-тоқсанындағы CDP сауалнамасында жарияланады. Ақпаратты жариялау кезінде ҚМГ жүйелілік пен салыстырмалылық қағидатын ұстанады және ақпаратты жариялаудың толықтығын арттыру және үшінші деңгейдегі жанама шығарындылар бойынша есептілік салаларын кеңейту бойынша үздіксіз жұмыс жүргізеді.

Компания қызметінен бөлінетін парниктік газдардың негізгі түрлеріне көмірқышқыл газы (CO_2), метан (CH_4), азот оксиді (N_2O) жатады және олар негізгі қызмет бағыттары атап айтқанда, өндіру, өңдеу және тасымалдау бойынша бөлінеді.

2023 жылы «Өндіру» бағыты бойынша CO_2 шығарындыларының қарқындылық көрсеткіші өндірілген көмірсутек шикізатының 1000 тоннаға 114 тонна CO_2 құрады. Бұл халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) 116 құрайтын орташа салалық көрсеткішінен 3% төмен. «Өңдеу» бағыты бойынша 2023 жылы метан шығарындыларының қарқындылық көрсеткіші өндірілген көмірсутек шикізатының 1000 тоннасына 1,9 тонна CH_4 құрады.

«Өңдеу» бағыты бойынша 2023 жылы CO_2 шығарындыларының қарқындылық көрсеткіші 1000 тонна көмірсутек шикізатына 238 тонна CO_2 құрады.

ҚМГ парникті газ шығарындыларын мониторингілеу және есептілігі әдістемесін және көміртегі шығарындыларына ішкі баға белгілеу Бағдарламасы (бұдан әрі - ICP бағдарламасы) әзірлеп, бекітті.

Әдістеме «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес компаниялары мен тәуелді ұйымдарының парниктік газдар шығарындыларын есепке алу мен мониторингілеудің негізгі тәсілдерін айқындайды және ҚМГ еншілес компанияларының парниктік газдар шығарындыларын есептеу үшін бірыңғай әдіснамалық негізді қамтамасыз етеді.

ICP бағдарламасының негізгі мақсаты көміртекті реттеуді қатаңдатудан компанияның қаржылық тәуекелдерін бағалау және азайту, сондай-ақ инвестициялардың бір бөлігін көміртекті көп қажет ететін жобалардан төмен көміртекті жобаларға қайта бөлу болады. Көміртегі шығарындыларына ішкі баға белгілеуді енгізу компания қызметіне климаттың әсерімен байланысты тәуекелдерді басқарудың стратегиялық құралы ретінде қарастырылады және өндірісті модернизациялау және парниктік газдар шығарындыларын азайту бойынша компанияның алға қойған мақсаттарына қол жеткізу үшін қосымша мүмкіндіктерге ықпал етеді.

ҚМГ-ның климаттың өзгеруіне қарсы жұмыстарға қосқан үлесі туралы толығырақ ақпарат Тұрақты даму туралы есепте берілген.

[1] The International Association of Oil & Gas Producers —Мұнай және газ өндірушілердің халықаралық қауымдастығы
[2] IPCC Fifth Assessment Report (метан — 28, азот қышқылы— 265) ғаламдық жылыну коэффицентін пайдалана отырып ұсынылған CO_2-экв деректері





Шикі газды тиімді пайдалану

Газды факелде жағуды қысқарту – ҚМГ компаниялар тобы үшін басым міндеттердің бірі. Бекітілген экологиялық саясатқа сәйкес, Компания газды атмосфералық ауаға тұрақты факел арқылы тұрақты жағу деңгейіне нөлге жеткізуге тырысады. ҚМГ газды тиімді пайдалану мәселелеріне көбірек көңіл бөлуде. Осылайша, соңғы 7 жылда шикі газды факелде жағу көлемі 89% қысқарды (2017 жылғы көлем – 315,8 млн м^3). 2024 жылдың қорытындысы бойынша шикі газды пайдалы қолдану 98,9%-ға жетті. Газды факелде жағу көлемінің төмендеуіне ЕМГ-де күкіртті сутектен тиімді тазартатын газды кешенді өңдеу қондырғысының іске қосу қосылуы әсер етті. Сондай-ақ, ҚОА компаниясының «Қожасай» кен орнында қуаты жылына 226 млн м^3 тауарлық газды құрайтын заманауи газ өңдеу кешені пайдалануға берілді.

2024 жылы шикі газды утилизациялау 98,9%-ға жетті. Шикі газды факелде жағу көрсеткіші өндірілген көмірсутек шикізатының 1 мың тоннасына шаққанда 1,4 тонна деңгейінде (2023 жылы – 1,4, 2022 жылы – 1,5), бұл 2023 жылғы көрсеткішке тең және салалық орташа IOGP көрсеткішінен 84% төмен. (IOGP көрсеткіші 8,8 құрады).

Шикі газды факелде жағу көлемі

Көрсеткіш	2022	2023	2024
Жалпы шикі газды факелде жағу көлемі, млн м^3	35,7	33,3	35,2
Шикі газды тиімді пайдалану деңгейі, %	98,8	98,9	98,9
Шикі газды жағу қарқындылығы, өндірілген КСШ 1 мың тоннасына	1,5	1,4	1,45

ҚМГ Дүниежүзілік банктің «2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын тұрақты жағуды толық утилизациялау» бастамасын қолдайды. Компания шикі газды жағу көлемін барынша азайтуға тырысады. Осы бастама шеңберінде шикі газды жағу көлемі жөніндегі есептілік жыл сайын Дүниежүзілік банктің Қазақстан Республикасындағы өкілдігіне тапсырылады.

Атмосфераға шығатын шығарындыны қысқару бойынша бастамалар

Атырау мұнай өңдеу зауытының ЭЛОУ АТ-2 технологиялық қондырғысы пештерінде 36 ескірген жанарғы ауыстырылды. Іс-шара техникалық қайта жарақтандыру жобасына сәйкес жүзеге асырылды. Тұтану жүйесімен және жалынды өшіру датчиктерімен жабдықталған жаңа жанарғыларлы итальяндық International Combustion Equipment S.r.l. компаниясы шығарды. Жобаны іске асыру атмосфераға түтін газдары бар ластаушы заттардың шығарындыларын азайтуға және пештердің түтін сорғыштарында электр энергиясын үнемдеуге мүмкіндік береді.

«ҚазТрансОйл» АҚ экологиялық бастамалар аясында Қасымов атындағы мұнай айдау станциясында цистернаға понтонды орнатуды аяқтады. Понтон— ол резервуардың ішіне оның бекітілген шатырының астына орналастырылған қалқымалы құрылғы. Ол мұнайдың бетін газ кеңістігінен оқшаулайды, буланууды болдырмайды. Бұл құрылғы мұнайдың булануын едәуір төмендетіп, атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының көлемін 80% - ға төмендетуі мүмкін. 2024 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ объектілерінде атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының көлемі 2023 жылмен салыстырғанда 7% қысқарды. Компания сонымен қатар өзінің барлық нысанында өндірістік экологиялық бақылауды тұрақты жүзеге асыруда.

Сондай-ақ, экологиялық мониторингтің автоматтандырылған ақпараттық жүйесі аясында I санаттағы объектілердің операторлары үшін Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 418-бабы 16-тармағына сәйкес 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап эмиссияларды мониторингілеудің автоматтандырылған жүйесінің (бұдан әрі–МАЖ) міндетті түрде болуы туралы талап қолданылады. Қоршаған ортадағы эмиссиялар көрсеткіштерін МАЖ арқылы қарап отыру, стационарлық көздеріндегі қоршаған ортаға эмиссиялардың көрсеткіштерін қадағалайды және уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен онлайн-байланыста болады.

МАЖ құрылғысы ҚОА, ММГ, АМӨЗ, ПМХЗ және ПҚОП-да орнатылған, олардағы қоршаған ортаға эмиссия көрсеткіштері бойынша деректер нақты уақыт режимінде беріледі, KPI-де іске қосу-реттеу және құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталады. Экологиялық бақылау құралдары пештер мен қазандықтардан түтін газдарындағы күйе, азот оксиді және көміртегі оксиді шығарындыларын бақылауға мүмкіндік береді. МАЖ енгізу шығарындылар көрсеткіштерін бақылауға мүмкіндік беріп қана қоймай, қажет болған жағдайда технологиялық көрсеткіштерді жақсарту үшін қондырғылардың жұмыс режимін түзетуге мүмкіндік береді.

Атмосфералық ауаны қорғау туралы толығырақ ақпарат Тұрақты даму туралы есепте ұсынылады.

Энергия үнемдеу және тиімділікті арттыру бағдарламалары

Энергетикалық ресурстарды пайдалану және энергия тиімділігін арттыру

Компанияның энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметі ISO 50001 «Энергетикалық менеджмент жүйесі» халықаралық стандартының әдіснамасына негізделеді, бұл – осы қызметтегі жүйелік басқару бойынша жалпыға бірдей танылған үздік халықаралық практика.

ҚМГ Төмен көміртекті даму бағдарламасын орындау аясында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік энергетикалық саясаты және ҚМГ компаниялар тобында Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы басқару жөніндегі регламенті әзірленді және бекітілді, ол ҚМГ-ның барлық еншілес тәуелді ұйымдарына, сондай-ақ мердігер ұйымдарға қолданылады. Өз кезегінде ЕТҰ (ҚБМ, ҚГМ, ҚОА, ҚТМ, ПМХЗ, ПҚОП, Caspi Bitum) энергия үнемдеу және энергия тиімділігі салаларындағы регламенттерді қабылдады.

2024 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму бағдарламасы бекітілді. Энергия тиімділігін арттыру және ресурс үнемдеу саласында мынадай стратегиялық мақсаттар жоспарланған:

- **ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарлау:** ҚМГ компаниялар тобында энергия тиімділігін арттыру бойынша кешенді жоспарлар әзірлеу.
- **тиімді энергия менеджменті:** сенімді және өлшенетін нормалар арқылы энергия ағындарын ашық басқаруды қамтамасыз ету.
- **орталықтандырылған мониторинг:** ЭТ арттыру саласындағы орталықтандырылған операциялық процестер.
- **мемлекеттік органдармен жұмыстағы жүйелілік:** энергия үнемдеу саласындағы бастамалар бойынша мемлекеттік органдармен тұрақты ынтымақтастықты қолдау.
- **үздік тәжірибелерді тарату:** бүкіл ұйым бойынша ЭС саласындағы тиімді тәжірибелерді тарату және көбейту.
- **шығындарды азайту және оңтайландыру:** ресурстарды пайдалануды оңтайландыру кезінде өндірістік емес шығындарды анықтау және жою
- **тиімділікті арттыру:** отын-энергетикалық ресурстардың ысырабын азайту және тиімсіз шығындарды жою жөніндегі іс-шараларды іске асыру есебінен тиімділікті арттыру.
- **қаржылық көрсеткіштерді жақсарту:** энергетикалық ресурстарды үнемдеу арқылы қаржылық нәтижелерді жақсарту.

Энергия ресурстарын тұтыну

2024 жылы барлығы 129 млн ГДж отын-энергетикалық ресурстар тұтынылды, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 7% жоғары (124,1 млн ГДж), оның ішінде электр энергиясы – 15,1 млн ГДж, жылу энергиясы – 3,9 млн ГДж, мотор отыны – 1,8 млн ГДж және қазандық пеш отыны – 108,5 млн ГДж (бұл ретте энергия ресурстарын жалпы тұтыну көлемінен мұнай зауыты газы – 28%, табиғи газ – 27%, бензинделген газ – 15%, электр энергия – 11% және ілеспе мұнай газы – 10%). Энегия ресурстарын тұтыну көлемінің өсуі Доңға, Өріктау Оперейтинг, Урал Ойл энд Газ және KPI сынды жаңа ТЕҰ- енуімен байланысты. Энергия тұтыну көлемі «Мұнай және газ өндіру», «Мұнай тасымалдау» «Мұнай мен газ өңдеу» және «Газ химия» бизнес бағыттары арасында бөлінген.

2024 жылы ҚМГ компаниялар тобы бойынша өндірілетін меншікті энергия көлемі 737,5 мың кВт электр энергиясына және 5 440,6 мың Гкал жылу энергиясына жетті.

2024 жылы ЖЭК-ті қолдауға бағытталған тарифті айқындау қағидаларына сәйкес, АМӨЗ мен ММГ «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС-нен жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген өз қажеттіліктері үшін 10 832 мың кВт көлемінде электр энергиясын сатып алды. 2024 жылы ПҚОП және «Caspi Bitum» БК» ЖШС аумағында көше жарығы үшін күн панельдері сағатына 149,5 мың кВт электр энергиясын өндірді.


Бизнес бағыттар бойынша электр тұтынудың құрылымы

2024 жылғы энергия түрлері бойынша ОЭР тұтыну %




28 Мұнай зауыты газы	11 Электр энергиясы	2 Қазандық пеш отыны	1 Мазут
27 Табиғи газ	10 Ілеспе мұнай газы	2 Дизельді отын	0 Бензин
15 Бензинделген газ	3 Жылу энергиясы	1 Мұнай	0 Сұйытылған көмірсутек газдары

Бағыттар бойынша ОЭР тұтыну, мың ГДж




59 477,1 Өңдеу	8 397,1 Газ химия	
57 259,9 Өндіру	4 229,5 Тасымалдау	

Өңдеу, мың ГДж




16 308,8 ПҚОП	22 603,4 АМӨЗ	594,6 Каспи Битум
16 667,4 ПМХЗ	2 986,9 ҚазГӨЗ	

Өндіру, мың ГДж




16 073,2 ҚБМ	1 359,3 ҚТМ	1 252,6 Доңға	0,109 Урал Ойл энд Газ
11 382,9 ММГ	1 782,6 ҚОА	19 596,6 ӨМГ	
4 787,7 ЕМГ	1 012 ҚГМ	12,9 Өріктау	

Тасымалдау, мың ГДж



3 829 ҚТО	
400,5 ҚТКФ	

Газ химиясы , мың ГДж



8 397,1 KPI



Энергия тұтынуды азайту

ҚМГ компаниялар тобының энергия үнемдеуі мен энергия тиімділігін дамытудың негізгі стратегиялық бағыттары– технологиялық пештер мен қазандықтарды жаңғырту және ауыстыру, сорғыларда жиілікті реттелетін жетекті орнату, технологиялық ағындардың жылу интеграциясы, жарықтандыру жүйесін жаңғырту және басқалар.


2024 жылы технологиялық жабдықтарды жаңғырту, пештердің газ оттықтарын ауыстыру, энергия үнемдеу технологияларын енгізу, жылу энергиясын өндіру мен тұтынуды оңтайландыру және жарықтандыру жүйелерін жаңғырту және басқа да бағыттар бойынша 70 іс-шара іске асырылды. Отын-энергетикалық ресурстардың есепті жылдың үнемделуі 2 361 мың ГДж құрады, бұл ПГ шығарындыларын 174,9 мың тонна CO_2 азайтумен тең. Заттай мәнде – 48 114 мың кВт электр энергиясы, 22 334 Гкал жылу энергиясы, 21 224 тонна қазандық-пеш отыны, құрғақ бензинделген газ 5 238 мың м³ және 29 003 мың м³ табиғи газ. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігі жөніндегі іс-шараларды іске асыруға жұмсалған жалпы шығындар 5 930 млн теңгені құрады.

Энергия сыйымдылығы

2024 жылы көмірсутектерді өндіру бағыты бойынша меншікті энергия тұтыну ҚМГ компаниялар тобы бойынша орташа алғанда өндірілген көмірсутек шикізатының тоннасына 2,55 ГДж құрады, бұл 2023 жылы өндірілген көмірсутектердің тоннасына 1,5 ГДж құрған IOGP көрсеткішінен 70% жоғары.

ҚМГ компаниялар тобы бойынша орташа көрсеткіш ӨМГ мен ҚБМ-дегі жоғары үлестік тұтыну есебінен бұрмалауға ұшырағандықтан, нақты көрінісі бола алмайды. Қаражанбас кен орнында мұнайды жерасты қабаттарынан бумен және ыстық сумен ығыстыру арқылы ғана өндіруге болатындығына байланысты IOGP деректері бойынша бір тонна КБМ көмірсутектерін өндіруге жұмсалатын энергия ресурстарының үлестік шығындары әлемдік орташа көрсеткіштен бес есе көп. IOGP деректері бойынша ӨМГ-де 1 тонна көмірсутек өндіруге жұмсалатын энергия шығынының мәні орташа әлемдік деңгейден екі есе көп. Бұл өндірілетін мұнайда еріген парафиндердің көп болуына және геологиялық қасиеттеріне байланысты, нәтижесінде мұнай өндіру және тасымалдау процесінде оны тек қыста ғана емес, жазда да жылыту қажет.

1 т ККШ өндіруге арналған энергияны үлестік тұтыну, ГДж/т



Ақпараттарды TCFD нұсқауына сәйкес жария ету

TCFD

Ашықтыққа қатысты ұсыныстар		Жылдық есеп бөлімдері
Корпоративтік басқару Климатқа байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерге қатысты Компанияның корпоративтік басқару принциптерін жариялаңыз	a. Директорлар кеңесі климатқа байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді қалай қадағалайтынын сипаттаңыз	Тұрақты дамуды қамтамасыз ету Климаттың өзгеруі және парниктік газ шығарындылары Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі
	b. Климатқа байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалау мен басқарудағы менеджменттің рөлін сипаттаңыз	ҚМГ Даму стратегиясы (№4 стратегиялық мақсат) Тұрақты даму саласындағы ҚМГ басшылығының ҚБК тұрақты дамуын қамтамасыз ету Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі
Стратегия Бұл ақпарат маңызды болған жағдайда компанияның қызметіне, стратегиясына және қаржылық жоспарлауына климатқа байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктердің нақты және ықтимал әсерін жариялаңыз	a. Компания қысқа, орта және ұзақ мерзімді перспективада компания анықтаған климатқа байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді сипаттаңыз	Нарыққа шолу Негізгі тәуекелдер
	b. Компанияның қызметіне, стратегиясына және қаржылық жоспарлауына климатқа байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктердің әсерін сипаттаңыз	Нарыққа шолу ҚМГ Даму стратегиясы (№4 стратегиялық мақсат) БҰҰ ТДМ міндеттемесі (№13 мақсат) Төмен көміртекті даму бағдарламасы Климаттың өзгеруі және парниктік газдар шығарындылары Негізгі тәуекелдер
	c. Климатқа байланысты әртүрлі сценарийлерді, соның ішінде 2°C және одан төмен сценарийлерді ескере отырып, компания стратегиясының тұрақтылығын сипаттаңыз	Төмен көміртекті дамыту бағдарламасы
Тәуекелдерді басқару Компанияның климатқа байланысты тәуекелдерді қалай анықтайтыны және бағалайтыны, сондай-ақ оларды қалай басқаратыны туралы мәліметтерді жариялаңыз	a. Компанияда қабылданған климатқа байланысты тәуекелдерді анықтау және бағалау процестерін сипаттаңыз	БҰҰ ТДМ міндеттемесі (№13 мақсат) Төмен көміртекті дамыту бағдарламасы Климаттың өзгеруі және парниктік газ шығарындылары Негізгі тәуекелдер
	b. Компанияда қабылданған климатқа байланысты тәуекелдерді басқару процестерін сипаттаңыз	Климаттың өзгеруі және парниктік газ шығарындылары
	c. Климатқа байланысты тәуекелдерді анықтау, бағалау және басқару процестері компанияның жалпы тәуекелдерді басқару процесіне қалай біріктірілгенін сипаттаңыз	Климаттың өзгеруі және парниктік газ шығарындылары
Көрсеткіштер мен мақсаттар Бұл ақпарат маңызды болған жағдайда климатқа байланысты тиісті тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалау және басқару үшін қолданылатын көрсеткіштер мен мақсаттарды жариялаңыз	a. Компания өзінің стратегиясы мен тәуекелдерді басқару процесіне сәйкес климатқа байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалау үшін пайдаланатын көрсеткіштер туралы мәліметтерді жариялаңыз	ҚМГ Даму стратегиясы (№4 стратегиялық мақсат) БҰҰ ТДМ міндеттемесі (№13 мақсат) Климаттың өзгеруі және парниктік газ шығарындылары Төмен көміртекті дамыту бағдарламасы Энергияны үнемдеу және тиімділікті көтеру бағдарламасы Тұрақты даму саласындағы ҚМГ басшыларының ҚБК
	b. Парник газдарының шығарындылары туралы мәліметтерді 1-қамту, 2-қамту және, егер қажет болса, 3-қамту және онымен байланысты тәуекелдерді жариялаңыз	Климаттың өзгеруі және парниктік газ шығарындылары
	c. Компания климатқа байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді басқару үшін пайдаланатын мақсаттарды және мақсатты нәтижелермен салыстырғанда нақты нәтижелерді сипаттаңыз	ҚМГ Даму стратегиясы (№4 стратегиялық мақсат) БҰҰ ТДМ міндеттемесі (№13 мақсат) Климаттың өзгеруі және парниктік газ шығарындылары Төмен көміртекті дамыту бағдарламасы

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Басқару тәсілі: негізгі бағыттар мен іс-шаралар

Бастамалар мен бағдарламаларға қатысу

THE WORLD BANK
IBRD • IDA | WORLD BANK GROUP

Дүниежүзілік Банктің 2030 жылға қарай ілеспе газды жағу тәжірибесін толығымен тоқтату бастамасы

SUSTAINABLE DEVELOPMENT GOALS

БҰҰ- ның Тұрақты даму саласындағы 17 Тұрақты даму саласының мақсатты бастамасы

CDP
DISCLOSURE INSIGHT ACTION

CDP климат бойынша бағдарламасы

Global Methane Initiative

Метан деңгейін төмендету жөніндегі жаһандық бастама

IOGP International Association of Oil & Gas Producers

Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығы — IOGP

CASPIAN ENVIRONMENT PROGRAMME

Caspian Environmental Protection Initiative — CEPI

Экологиялық көрсеткіштер

Көрсеткіш	2022	2023	2024
NOx шығарындылары, КСШ өндірудің 1 мың тоннасына, тонна	0,31	0,35	0,39
SOx шығарындылары, КСШ өндірудің 1 мың тоннасына, тонна	0,21	0,23	0,23
Мұнай құрамындағы ілеспе газды жағу қарқындылығы, КСШ өндірудің 1 мың тоннасына, тонна	1,5	1,4	1,45

Денсаулық сақтау, өнеркәсіптегі қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі менеджмент жүйесі Қазақстан Республикасы заңнамасының, сондай-ақ ISO 14001 және ISO 45001 салалық және халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес әзірленген, үздік әлемдік тәжірибелер мен тәсілдерді, Халықаралық мұнай және газ өндірушілер ұсынымдарын пайдалана отырып, көшбасшылық, тәуекелдерді басқару және үздіксіз даму сияқты іргелі принциптерге негізделетін он негізгі компоненттен тұрады.

2006 жылдан бастап ҚМГ-да ISO 9001, ISO 14001 және ISO 45001 талаптарына сәйкес сапа, қоршаған ортаны қорғау, денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында басқарудың интеграцияланған жүйесі енгізілді. Едәуір деңгейде энергия тұтынатын еншілес және тәуелді ұйымдар ISO 50001 стандартына сәйкес сертификатталған. Интеграцияланған басқару жүйесінің тиімділігін тәуелсіз аудиторлар үнемі растап отырады.

Менеджмент жүйесін жетілдіру мақсатында ҚМГ Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйесі бойынша ISO 45001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігіне сертификатталады.

ҚМГ өз қызметінің сипаты мен ықпал ету ауқымын түсінеді, табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етудің, Компания қызметінің барлық бизнес-бағыттарында еңбек ететін персоналдың және жұмысын жүргізетін өңірлердегі халықтың денсаулығын қорғаудың, сондай-ақ қолайлы қоршаған ортаны сақтаудың маңызын алға тартады.

Компания өз қызметінің экологиялық қауіпсіздігін арттыруда едәуір жұмыс атқарды. Бұл тиімді ішкі стандарттарды енгізумен, менеджмент жүйесін үнемі жетілдірумен байланысты болды. Компания өз алдына теріс экологиялық әсер етуді болдырмауға бағытталған «нөлдік нәтиже» мақсатын қойды.

Мониторинг
- ЕҚ және ҚОҚ бойынша есеп беру ережелері
- ЕҚ және ҚОҚ бойынша қозғалыс қауіпсіздігін автоматтандыру
- ЕҚ және ҚОҚ бойынша ПӘК
- Оқиғаны тергеу процедурасы
- «Апаттардың себептерін тергеу» автоматтандырылған модулі
- Салыстырмалы талдау

Ішкі бақылау және жетілдіру
- ЕҚ және ҚОҚ басқару және бағалау жүйесі
- ЕҚ және ҚОҚ, комитет жүйесі
- Сәйкестік аудиттері
- ЕҚ және ҚОҚ, мәдениетін арттыру жөніндегі іс-шаралар кешені

Басшылық
- Басшылықтың қызығушылық білдіруі: Көшбасшылар форумы, SPE
- ЕҚ және ҚОҚ жөніндегі комитеттерінің үш деңгейлі жүйесі

Мақсаттар
- Оқиғалардың
- Төгілудің;
- Түсірудің;
- Күнделікті жағудың болмауы

Стратегия
- Жұмыста қауіпсіздікті қамтамасыз ету
- Экологиялық жауапкершілік

Бағыт
- ЕҚ және ҚОҚ саясаты
- Келік саясаты
- Алкоголь саясаты
- Атмосфераға бөлінетін шығарындыларды басқару саясаты

Стандарттар
- Үздік әлемдік тәжірибелерге негізделген ЕҚ және ҚОҚ стандарттарын әзірлеу және енгізу

Іске асыру
- Денсаулық сақтауды басқару жүйесі
- Келік қауіпсіздігі бағдарламасы
- Дағдарысты басқару стандарты
- Метанның ағуын анықтау бағдарламасы
- Қалдықтарды басқару стандарты
- Сумен жабдықтауды басқару стандарты
- Энергияны пайдалану тиімділігінің жол картасы

ТИІМДІЛІКТІ РАСТАУ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ ШАРАЛАРЫ | КӨШБАСШЫЛЫҚ, МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК | САЯСАТТАР, МАҚСАТТАР ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАЛАР

МОНИТОРИНГ, ӨЛШЕУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ | ҰЙЫМДАСТЫРУ, РЕСУРСТАР ЖӘНЕ МҮМКІНДІКТЕР

ЕСЕП БЕРУ | МЕРДІГЕРЛЕР

ОРЫНДАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУ | АКТИВТЕРДІҢ ДИЗАЙНЫ ЖӘНЕ ТҰТАСТЫҒЫ | ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

ДС, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі МЖ
ҮЗДІКСІЗ ЖАҚСАРТУ | МАҚСАТҚА ЖЕТУ | ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ | КӨШБАСШЫЛЫҚ

Өндірістің тұтастығы
- Өртке қарсы қауіпсіздіктің дайындығын қамтамасыз ету
- LOTO
- Өндірістік процестің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі

Тәуекелдерді басқару
- Тәуекелдерді басқару жүйелері
- Мінез-құлық қауіпсіздігін бақылау бағдарламасы
- Еіа тәуекелдерді бағалау стандарты

Мүдделі тараптар
- Мердігерлер стандарты
- Мердігерлердің есеп беруі
- Қоғамдық тыңдаулар

2024 жылдың басты көрсеткіштері

0,23 (IOGP — 0,09)
SO_x шығарындыларының қарқындылығы

0,39 (IOGP — 0,36)
NO_x шығарындыларының қарқындылығы

1 099 мың тонна
(2023 жылы — 1 145 мың тонна)
Тарихи қалдықтар мен мұнаймен ластанған жерлерді қалпына келтіру

«B»
CDP су қауіпсіздігі рейтингі

Экологиялық көрсеткіштер, КСШ өндірудің 1 мың тонна м.э. шаққанда, тонна

Жыл	SO_x шығарындыларының қарқындылығы	NO_x шығарындыларының қарқындылығы	Шикі газды жағу қарқындылығы	Шикі газды утилизациялау деңгейі, %
2022	0,21	0,31	1,5	98,8
2023	0,23	0,35	1,4	98,9
2024	0,23	0,39	1,45	98,9

Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін басқару жөніндегі мақсаттар ҚМГ компаниялар тобының даму стратегиясымен тікелей байланысты. ҚМГ-ның 2031 жылға дейінгі Даму стратегиясы экологиялық жауапкершілікті арттыру жөніндегі стратегиялық бастамаларды көздейді. ҚМГ компанияларының тобы үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы басым бағыттар атмосфералық ауаға бөлінетін шығарындыларды басқаруды және газды факелде жағуды қысқартуды, сондай-ақ су ресурстарын, өндіріс қалдықтарын тиімді басқаруды және жерді қалпына келтіруді қамтиды.

Компания экологиялық жауапты бизнес жолымен жүруді жалғастыра келе, қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесін дамытады, осы мәселе бойынша барлық мүдделі тараптармен диалог жүргізеді, осылайша компанияның Экология саясатында көрсетілген өз міндеттемелерін орындайды.

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы

Мемлекет басшысының бастамасы бойынша 2024 жылдан бері бүкіл республика бойынша «Таза Қазақстан» атты ауқымды экологиялық акция өткізіліп келеді. ҚМГ компаниялар тобы бұл акцияға белсенді қатысады. Іс-шаралар жоспары бес негізгі блоктан тұрады, олар экобастамаларды таратуды, «Green» mindset қызметкерлерінің экомәдениетін енгізуді, экоқоғамды қалыптастыруды және экоакцияны кеңінен насихаттауды қамтиды.

Жоспардың негізгі тармақтарының бірі – «елді мекендерді тазарту жөніндегі іс-шаралар». Осыған байланысты ҚМГ компаниялар тобы бойынша сенбіліктер кестесі бекітілді, оларға 34 компанияның бірінші басшыларымен бірге 2 800-ден астам қызметкер, соның ішінде Астана қаласының, Маңғыстау, Ақтөбе, Атырау, Қызылорда, Павлодар, Түркістан және Батыс Қазақстан облыстарының ҚМГ еншілес кәсіпорындарының қызметкерлері қатысты.

Көгалдандыру жобалары

ҚМГ ағаш отырғызу бойынша ауқымды экологиялық акцияға белсене қатысады және елді көгалдандыруға өз үлесін қосып келеді. 2024 жылы сәуір айының басында ҚМГ-ның қаржылай қолдауымен Арал теңізінің құрғаған ұлтанына 15 мың гектар алқапқа шамамен 4,5 млн сексеуіл көшеттері отырғызылды.

Сонымен қатар ҚМГ компаниялар тобы 2024 жылы жоспарға сай 88 925 ағаш отырғызуы тиіс еді, көгалдандыруды ұлғайту бойынша қосымша шаралар жасалды. Нәтижесінде ҚМГ компаниялар тобы 2024 жылы 97 218 ағаш пен бұта отырғызды.

12 қазанда бір мезгілде ағаш отырғызу науқаны аясында ҚМГ компаниялар тобы 12 мыңнан астам ағаш екті, соның ішінде ҚМГ-ның корпоративтік орталығы Астана қаласындағы №111 мектептің периметрі бойынша 3 метрлік 125 қарағай және кеңсенің жанында 5 ағаш отырғызды. Акцияға 28 еншілес және тәуелді ұйымның бірінші басшылары және 1,4 мыңнан астам қызметкері қатысты.

Фандомат пайдалану

Сонымен қатар ҚМГ-ның корпоративтік орталығында пластик бөтелкелер мен алюминий банкаларды фандоматқа қабылдау бастамасы қолға алынды. Пластмассаны жаппай тапсыру үшін 2024 жылдың 1 қыркүйегінен бастап фандоматты белсенді пайдалануға бағытталған байқау жарияланды. Конкурстың мақсаты – бөтелкелерді өңдеуге жіберу үшін оны қабылдау автоматы, яғни фандоматтарды пайдалануды кеңінен насихаттау. Сонымен бірге қалдықтарды бөлек жинауға ынталандырып қана қоймай, қызметкерлер арасында экологиялық жауапкершілікті тәрбиелеу де маңызды міндет болды. Фандомат 2023 жылдың ақпанында орнатылған сәттен бастап барлығы 45 777 пластик бөтелке мен 11 601 алюминий банка қабылданды. Тапсырылған ыдыстың жалпы саны – 54 378 дана.

«Жасыл» кеңсе

Компания барлық ресурсты үнемді пайдалануға және экологиялық тазалықты қамтамасыз етуге бағытталған «Жасыл кеңсе» қағидаттарын ұстанады. ҚМГ-ның корпоративтік орталық ғимаратында қалдықтарды бөлек жинауға арналған экожәшіктер орнатылды, қоймада люминесцентті лампаларды қабылдау мен арналған шкаф қойылды, электрондық құжат айналымы енгізілді, велосипедтерді қою үшін және электр автомобильдеріне арналған қуаттау станциялары үшін арнайы орындар белгіленді.

2024 жылы 7 тамызда ҚМГ-да экосананы дамытуға бағытталған шеберлік сағаты өткізілді. Семинарға компанияның 120-дан астам қызметкері қатысып, маңызды экологиялық тақырыптарды көтерді: ресурстарды тұтынуды азайту, тұрмыстық қалдықтардың пайда болуы, қалдықтарды бөлек жинау. Іс-шара аясында кітап алмасу жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Жәрмеңкеге еріктілер бастамашы болды.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы басым жобалар

Тарихи жиналған ластануларды жою

Бұрыннан жиналған ластануларды, сондай-ақ қоршаған ортаға теріс әсер ету көздерін жою (жұмыс істемейтін ұңғымалар, сарқынды су жинағыштар, полигондар және өзге де өндірістік нысандар).

Қоршаған ортаға шығарындыларды азайту

Технологиялық шешімдерді жетілдіру жолымен қоршаған ортаға бөлінетін шығарындыларды азайту, мысалы, технологиялық пештерде отын ретінде пайдаланылатын отын мазутын отын/табиғи газға ауыстыру, жаңа буын қоспаларын пайдалану, өндірістік нысандардың аумағын көгалдандыру және абаттандыру, жабдықтарды жаңарту жөніндегі іс-шаралар, оттықтарды ауыстыру, жабдықты пайдалану режимін оңтайландыру және жұмыс істеу уақытын қысқарту, жанатын газдарды зиянды заттардан тазалау, газды өңдеу жөніндегі өндірістік қуаттарды кеңейту, тиісті қондырғыларды салу, сондай-ақ газдың ағып кетуін анықтау мен жөндеу жұмыстарын жедел жүргізу мақсатында мониторингті тұрақты жүргізу, кәдімгі үлгідегі резервуарларда өнімнің үстінде түзілетін бос кеңістікті жою есебінен үшпа фракциялардың пайда болу мүмкіндігін азайту үшін резервуарларды қалқымалы қақпақтармен жабдықтау.

Автоматтандырылған экологиялық мониторингтің ақпараттық жүйесі

Ол қоршаған ортаны қорғау саласында бірыңғай ақпараттық кеңістік құруға арналған және келесі маңызды міндеттерді қамтиды: мемлекеттік органдарға қоршаған ортаны қорғау саласындағы есептілікті қалыптастыру процестерін автоматтандыру; нормативтік рұқсат беру құжаттарының дерекқорын жүргізу және қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемдерді есептеу; өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша қоршаған ортаның жай-күйіне жедел мониторинг жүргізу.

Қалдықтарды басқару

ҚМГ-ның өндірістік қызметі барысында өндіріс және тұтыну қалдықтары пайда болады. ҚМГ компанияларының тобында қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған шаралар кешені әзірленуде және іске асырылуда, түзілген және жинақталған қалдықтардың, оның ішінде мердігер компаниялардың қалдықтарының есебі жүргізіледі, қалдықтарды қалпына келтіргенге дейін немесе жойғанға дейін оларды қауіпсіз жинақталады. 2024 жылы ҚМГ-ның тарихи жинақталған қалдықтарды қалпына келтіруге 13,5 млрд теңге жұмсалды.

Қалдықтарды қалпына келтіру әдістерін таңдау кезінде басымдық заманауи технологияларға, оның ішінде қоршаған ортаны қайта ластамайтындарына берілетінін атап өткен маңызды.

2024 жылы ҚМГ ЕТҰ нысандарында 1 099 мың тонна тарихи қалдық утилизацияланды, олардың орны қалпына келтірілді.

2024 жылы ҚМГ компаниялар тобында қалдықтарды басқару жөніндегі корпоративтік стандарттың жобасы бекітілді. Стандартта Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында қалдықтарды басқару жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде ЕТҰ жауапты тұлғаларының әр қадамы нақты көрсетілген. Стандарт – өндірістік объектілердегі қалдықтарды басқару мәселелері бойынша жұмыста басшылыққа алынатын құжат.

Қалдықтарды басқару туралы толық ақпарат Тұрақты даму туралы есепте берілген.

Активтерді шығару бойынша міндеттемелер

Мұнай-газ активтері

Заңнамаға және нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, белгілі бір келісімшарттардың талаптары бойынша ҚМГ-ның негізгі құралдарды демонтаждау, жою және әрбір кен орнындағы жер учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемелері бар. Атап айтқанда, ҚМГ міндеттемелеріне барлық өнім бермейтін ұңғымаларды біртіндеп жабу және құбырларды, ғимараттарды демонтаждау мен келісімшарттық аумақты қалпына келтіру, сондай-ақ пайдаланудан шығару сияқты қызметті түпкілікті тоқтату және өндіріс учаскесіндегі қоршаған ортаны ластауға жол бермеу жөніндегі міндеттемелер бойынша шаралар қабылдау жатады.

Компания активтерді шығару бойынша міндеттемелерді әрбір келісімшарт бойынша жеке-жеке есептейді. Міндеттеме сомасы — инфляцияның болжамды деңгейіне түзетілген және өтпелі экономикасы бар елдердің мемлекеттік борышы бойынша Қазақстан нарығына тән тәуекелдерге түзетілген орташа ұзақ мерзімді тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемелерді пайдалана отырып, дисконталған міндеттемелерді өтеу үшін талап етілетін бағаланған шығындардың ағымдағы құны.

2024 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның мұнай-газ активтерін тарату жөніндегі міндеттемелерге арналған резервтің баланс құны 142 млрд теңгені (2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша – 124 млрд теңге) құрады.

толығырақ Шоғырландырылған қаржылық есебінің 4-ескертпесінде.

Магистральды мұнай құбырлары және газ құбырлары

2012 жылдың 4 шілдесінде күшіне енген Қазақстан Республикасының «Магистральдық құбыр туралы» Заңына сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ-ның

(ҚТО) магистральды құбырды пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін жою және кейіннен қоршаған ортаны қалпына келтіру, оның ішінде жерді рекультивациялау жұмыстарын жүргізу бойынша заңды міндеттемесі бар. Құбырларды жою және жерді рекультивациялау жөніндегі міндеттемеге арналған резерв ҚМГ-ның демонтаж және рекультивациялау жұмыстарының құнына жүргізген есебінің негізінде бағаланады. 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ҚМГ компаниялар тобының құбырларды жою және тиісті жерлерді рекультивациялау жөніндегі міндеттеме бойынша резервінің баланс құны 37 млрд теңгені (2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша — 46 млрд теңге) құрады.

толығырақ Шоғырландырылған қаржылық есебінің 4-ескертпесінде.

Экологиялық оңалту

ҚМГ сондай-ақ экологиялық тазарту жұмыстары мен оңалтуға арналған міндеттемелер бойынша резервтерді қалыптастыру бойынша бағалау жүргізеді және өз пайымын шығарады. Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын шығын болашақ экономикалық пайдаға қарай және оған қатысты себептерге байланысты капиталдандырылады.

Компанияның экологиялық оңалтуға арналған резерві ҚМГ компаниялар тобының қолданыстағы қазақстандық және еуропалық нормативтік базалардың талаптарын орындауы үшін қажет шығындардың тәуелсіз бағасына негізделген басшылықтың тиімді бағасын білдіреді. 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша экологиялық міндеттемелер бойынша резервтегі баланс құны 42 млрд теңгені құрады (2023 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша – 39 млрд теңге).

толығырақ Шоғырландырылған қаржылық есебінің 35-ескертпесінде.

Су ресурстарын қорғау

Су – ҚМГ-ның барлық өндірістік процестерінің ажырамас бөлігі. ҚМГ БҰҰ-ның жаһандық шартының қағидаттарын ұстанады және өз қызметіне тұрақты даму мақсаттарын интеграциялайды. Компания барлық 17 ТДМ-ды ұстанады, солардың бірі – №6 мақсат «Таза су және санитарлық тазалық». Компания өз қызметінде су тұтыну көлемін қысқартуға, су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыруға, суды қайталап және айналым суын пайдалануды ұлғайтуға, ағын сулардың сапасын арттыруға және табиғи су объектілеріне әсерін барынша азайтуға ұмтылады.

ҚМГ – көмірсутектерді өндірумен, тасымалдаумен және өңдеумен айналысатын вертикалды интеграцияланған компания болғандықтан, барлық процестер судың едәуір мөлшерін талап етеді. ҚМГ суды жерүсті, жерасты көздерінен, муниципалдық сумен жабдықтау жүйелерінен және Каспий теңізінен алады. ҚМГ кәсіпорындарының сарқынды суларының негізгі қабылдағышы (және соңғы пункті) келесідей түрлі мамандандырылған қабылдағыштар: жинағыш тоғандар, булану алаңдары және сүзу алаңдары. Бұл нысандар – сарқынды суларды табиғи тазартуға және қоршаған ортаның ластануына жол бермеуге арналған техникалық құрылыстар. Өздерінің жинақтағыштары жоқ кәсіпорындар суды тазарту мен утилизациялау үшін су ағындарын мамандандырылған компанияларға береді. Экологиялық заңнамада белгіленген ағызылатын су сапасының нормативтеріне сарқынды суларды тазартудың механикалық және биологиялық әдістерін пайдалану арқылы қол жеткізіледі. Алайда жерүсті табиғи су қоймаларына ағынды су ағызылмайды.

Компанияның алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – тазартылған ағынды суларды технологиялық процеске қайтару, жасыл желектерді суару үшін пайдалану, салынып жатқан алаңдар мен жолдардағы шаңды басу арқылы қайта пайдалану көлемін арттыру.

ҚМГ WRI[1] Aqueduct су стрессінің көрсеткішіне сәйкес Каспий теңізінің, Сырдария және Орал өзендерінің бассейндеріне жататын су тапшылығы жоғары өңірлерде орналасқан компанияның өндірістік объектілеріне талдау және есепке алуды жүргізеді.

ҚазМұнайГаз 2024 жылғы желтоқсанда дайындалған RAEX агенттігінің бірінші ESG-рейтингінің қорытындысы бойынша су ресурстарын ұтымды пайдалану саласындағы көшбасшы компаниялар тізіміне енді, оның аясында Ресей, Қазақстан және Моңғолияның 144 компанияның су пайдалану көрсеткіштері қаралды. Су тұтыну статистикасы ғана емес, сонымен қатар корпоративтік саясаттар мен бағдарламалардың сапасы, суды пайдаланумен байланысты тәуекелдерді анықтау, сондай-ақ оларды азайту шаралары туралы ақпарат бағаланды.

Суды ұтымды пайдаланудың жоғары және өте жоғары деңгейін көрсететін компаниялардың саны өте аз. Оның құрамына 144 компанияның 21-і ғана кіреді, ал ҚазМұнайГаз кірген бірінші топқа небәрі он компания еніп отыр.



[1] World Resources Institute — Әлемдік ресурстар институты.

«TAZALYQ» жобасы

«Tazalyq» жобасы – қазіргі уақытта АМӨЗ жүзеге асыратын табиғатты қорғау бағытындағы негізгі іс-шаралардың бірі. Жоба булану өрістерін, механикалық және биологиялық тазарту құрылыстарын реконструкциялауды және толық тазарту қондырғысын салуды көздейді. Жоба ағынды суларды тазарту сапасын арттыру және тазарту қондырғыларының ашық алаңдарынан атмосфераға зиянды буланууды тоқтату және булану өрістерінен қоршаған ортаға бөлінетін зиянды әсерді азайту арқылы экологияға айтарлықтай әсер етеді.

Осы жоба аясында механикалық тазарту құрылыстарының өнімділігін екі есеге арттыру көзделген. Сондай-ақ АМӨЗ-дің сарқынды суларын АМӨЗ-ге тиесілі булану алаңдарына ағызуға қолданған ашық каналдың орнында АМӨЗ-ден қалалық кәріз-тазарту құрылыстарына дейін құбыр салынды, сол арқылы қоршаған ортаға зиянды заттардың бөлінуіне жол берілмейді.

Ағынды суларды механикалық тазарту қондырғыларын реконструкциялау жобасын іске асырудың екі кезеңі аяқталды және пайдалануға берілді. Біріншісі – 2023 жылдың соңында, екіншісі — 2024 жылдың мамырында берілді. Нәтижесінде механикалық тазарту қондырғыларының өнімділігі сағатына 1000 текше метрге дейін өсті, мұнай шламын өңдеу көлемі айына орта есеппен 12 мың текше метрге жетті. Ашық бассейндер жойылды, соның арқасында ашық ыдыстардан көмірсутек буларының булану деңгейі барынша азайтылды. Сондай-ақ АМӨЗ-дің булану алаңдарын қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде, олар бірнеше кезеңнен тұрады: булану алаңдарын құрғату, қамыс шабу, топырақты терең жырту, биопрепаратпен өңдеу, сондай-ақ үш кезеңдік қалпына келтіру.

«Астрахань — Маңғышлақ» магистральды су құбыры

«Астрахань – Маңғышлақ магистральды су құбырын реконструкциялау және кеңейту, 1-кезек» атты су жобасы 2023 жылдың желтоқсанында аяқталды.

Жоба «Астрахань — Маңғышлақ» магистральды су құбырының өткізу қабілетін тәулігіне 110 мың текше метрден 170 мың текше метрге дейін ұлғайту және Атырау мен Маңғыстау облыстарының халқын, ауыл шаруашылық өнім өндірушілерін, өнеркәсіптік және мұнай-газ өндіруші кәсіпорындарын сумен қамтамасыз ету үшін тозған жабдықтарды жаңарту мақсатында іске асырылды. Модернизациялау кезінде «Астрахань — Маңғышлақ» магистральды су құбырының ұзындығы шамамен 177 км болатын екі учаске ауыстырылды. Су құбыры — Атырау облысының Құрманғазы, Исатай және Жылыой аудандарының тұтынушылары үшін, сондай-ақ Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласы, Бейнеу, Маңғыстау, Қарақия және Тұлпарағаң аудандары үшін орталықтандырылған жалғыз су көзі. Жыл сайын халықтың су тұтыну көлемі 4-5%-ға артып отырады.

Қаражанбас кен орнында қабат суын тұщыту зауыты

«Қаражанбасмұнай» АҚ-ның Қаражанбас кен орнында қабат суын тұщыту зауыты іске қосылды, оның мақсаты — кен орнын сумен қамтамасыз ету мәселесін шешу. Зауыт толық қуатқа шыққан кезде қабат суын өңдеу тәулігіне 42,5 мың м³ болады, бұл ретте тазартылған су өндіру тәулігіне 17 мың м³ жетеді. Бұл едәуір су мөлшерін өңір халқының мұқтаждығына жолдауға мүмкіндік береді.

Маңғыстау облысының «Кендірлі» демалыс аймағының маңында су тұщыту қондырғыларын салу

«Кендірлі» демалыс аймағында қуаты тәулігіне 50 мың м³ теңіз суын тұщытуға мүмкіндік беретін зауыттың құрылысы басталды. Бұл жоба Жаңаөзен қаласының тұрғындары үшін ауыз су тапшылығы проблемасын шешуге мүмкіндік береді, сондай-ақ туризмді, кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамытуға мультипликативті әсер етеді. Негізгі құрылыс жұмыстары толық аяқталды. Инженерлік инфрақұрылымды салу жұмыстары жүріп жатыр. Жаңаөзенге тұщы су беру үшін магистральды су құбырын салу (201 км), ұзындығы 40 км электр беру желісінің (83 км) және автожолдың құрылысы аяқталды. Газ құбырын (46 км) монтаждау 97%-ға орындалды. Нысан 2025 жылы пайдалануға беріледі.

ҚМГ-да су пайдалану және іске асырылатын жобалар туралы толығырақ ақпарат Тұрақты даму туралы есепте берілген.

CDP
DISCLOSURE INSIGHT ACTION

Компания 2020 жылдан бастап өзінің су ізін есептейді және су ресурстарын басқару ақпаратын Су қауіпсіздігі жөніндегі сауалнама шеңберінде Carbon Disclosure Project алаңында жариялайды.

2024 жылы жарияланған сауалнаманың қорытындысы бойынша 2023 жылы ҚМГ компаниялар тобында су ресурстарын басқару аясында жүргізген жұмыстары жоғары бағаланып, CDP су қауіпсіздігі бойынша «B» рейтингі берілді (бұрын CDP рейтингі «C» деңгейінде бағаланған).

2023 жылғы CDP корпоративтік сауалнамасы.

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ

Өнеркәсіптегі қауіпсіздік және еңбекті қорғау

2024 жылдың басты көрсеткіштері

ҚМГ республиканың ең ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың бірі ретінде қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге және Компанияның өндірістік объектілері жұмыс істейтін аймақтарда тұратын персонал мен халықтың денсаулығын сақтауға көп көңіл бөледі. Қызметкерлер Компанияның еңбек қызметі үшін қауіпсіз жағдай жасайтынын және жұмыс орнында еңбекті қорғауды қамтамасыз ету үшін ең жоғары стандарттарды енгізетінін айтады.

Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалардан зардап шеккендердің саны өткен жылмен салыстырғанда 28%-ға төмендеді (2023 жылы 29 адам зардап шеккен болса, 2024 жылы 21 адам болды).

Жол-көлік оқиғаларының саны 68%-ға төмендеді (2023 жылы 19 жағдайдан 2024 жылы 6 жағдайға дейін), 2024 жылы 2023 жыл сияқты өрт шығу жағдайлары тіркелмеді.

2024 жылы оқыс оқиғалар көрсеткішінің оң динамикасына қарамастан, еңбек қызметіне байланысты адам өлімімен аяқталған бір жазатайым оқиға орын алып, «Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкері қайтыс болды. Дөңгелекке компрессорлық қондырғымен жел беру кезінде бекітпе сақинасы дөңгелек дискісінен шығып, машинистің басына тиіп, ол оқиға орнында қайтыс болды. Өзенмұнайгаздың ұжымдық шарты аясында қайтыс болған адамның отбасына материалдық көмек көрсетілді.

Тергеу нәтижесінде оқиғаның себептері зардап шеккен адамның өрескел абайсыздығы, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелерін бұзуы және жұмыстың ұйымдастырылуы қанағатсыз деңгейде болғаны анықталды. Тиісті шаралар қабылданды, соның ішінде нұсқаулықтар, түсіндіру жұмыстары жүргізілді, учаскелерді қорғаныс тосқауылдарымен жабдықталды, автомобиль шиналарына жел беру тәртібін тексерілді, қауіпсіздік нұсқаулықтары, қауіп-қатерлерді бағалау, қауіпсіздік белгілерін орнату және рұқсат етілмеген жерлерде дөңгелекке жел беру жұмыстарын жүргізуге тыйым салулар қайта қаралды. Мұндай жағдайлардың алдын алу үшін 12 еншілес ұйымда автомобильдер мен арнайы техниканың шиналарына қауіпсіз жел беруге арналған «қабырға» үлгісінде 57 кедергі енгізілді. Компрессорлық қондырғылар дөңгелектерді үрлеуге арналған тез босатылатын құрылғылармен жабдықталды.

ЕҚ және ӨҚ.[1] негізгі көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	2022	2023	2024	2024/2023 ауытқу	%
Жазатайым жағдайлар	Жағдай	35	28	21	–7	–25
Жазатайым жағдай кезінде зардап шеккендер	Адам	36	29	21	–8	–28
өліммен аяқталғандар	Адам	1	2	1	–1	–50
Жол-көлік оқиғалары	Оқиға	24	19	6	–13	–68
Өрт	Оқиға	1	0	0	–	–

Жазатайым және өлімге әкелген жағдайлардың коэффициенті[2]

Көрсеткіш	2022	2023	2024	IOGP[3]
Жұмыс уақытын жоғалтуды қоса санда болған жазатайым оқиғалар коэффициенті, 1 млн адам-сағатқа шаққанда	0,36	0,30	0,22	0,22
Өлім-жітім коэффициенті, 100 млн адам-сағатқа шаққанда	1,0	2,11	1,03	0,68

[1] Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік.
[2] Жылдық есепті құрастыру кезінде бұл көрсеткіштерді тәуелсіз аудитор тексеріп жатты. Болашақта көрсеткіштерге аздап түзету енгізілуі мүмкін.
[3] 2023 жылғы IOGP жария көрсеткіштері (https://www.iogp.org).

Өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару

2024 жыл ішінде апаттар мен инциденттердің алдын алу бойынша қабылданып жатқан шаралар аясында өндірістік процестердің қауіпсіздігін ұйымдастыру және қамтамасыз ету/кедергілерді басқару мәселелері бойынша ЕТҰ-да түсіндіру, кеңес-консультациялық жұмыс жүргізілді. Сондай-ақ 2024 жылы ЕТҰ-ның өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметі бойынша 18 жоспарлы тексеру шаралары жүргізілді. ҚМГ компаниялар тобындағы қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жай-күйін жақсарту бойынша 824 ұсыныс пункті берілді.

Көлік қауіпсіздігі

2022 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ-да «Сапарларды басқару» көлік құралдарына мониторинг жүргізу жүйесі табысты енгізілді, бұл көлік қауіпсіздігінің деңгейін едәуір арттыруға мүмкіндік берді. Жүйені басқа ұйымдарға кезең-кезеңімен тарату үшін «Oil Services Company» ЖШС-де – «Жетібай» және «Қаламқас» кен орындарында «Сапарларды басқару» жобасы аясында ақпараттық жүйеде көлікті басқару процестері (көлік қызметіне өтініш беру және үлестіру жоспарын қалыптастыру) іске қосылды.

2024 жылдан 2025 жылға дейін ең үлкен автокөлік паркі бар еншілес және тәуелді ұйымдарға жобаны кезең-кезеңімен тарату көзделген. Бұл процесс 2024-2027 жылдарға арналған ҚМГ-да өндірістегі қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жағдайын жақсарту жөніндегі жол картасына енгізілді.

2025 жылы «Сапарларды басқару» жобасын «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС мен «Oil Construction Company» ЖШС-де енгізу жоспарда. Бүгінгі күні бұл еншілес мекемелерде көлікке өтініш беру және үлестіру жоспарын қалыптастыруды автоматтандыру аяқталды. Енді өтініш беруден бастап көлік құралдарының жеткілікті болуын анықтауға дейінгі барлық процесс электронды форматқа көшірілді, юұл көлік ресурстарын басқару тиімділігін едәуір арттырады.

Өрт қауіпсіздігі

2024 жылы ҚМГ нысандарында өрт тіркелген жоқ.

Өртке қарсы қауіпсіздік шараларын жақсарту мақсатында 2021 жылы қазан айында ҚМГ қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді, сондай-ақ алдын алу іс-шаралары қамтылған 2022-2024 жылдарға арналған өрт қауіпсіздігі саласындағы кешенді жоспар әзірлеп, бекітті. Кешенді жоспарға сәйкес барлық ЕТҰ-да жыл бойы жоспарлы өрт-тактикалық оқу-жаттығулар өткізілді. 2024 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі өкілдерінің қатысуымен «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС-де оқу-жаттығу өткізілді. ҚМГ-ның корпоративтік орталығында 2024 жылы адамдарды эвакуациялаумен және ғимаратта шартты өртті сөндірумен өртке қарсы екі оқу-жаттығу ұйымдастырылды.

Әдістемелік көмек көрсету және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды ұйымдастыру үшін 2024 жыл бойы ҚМГ ЕТҰ-да өртке қарсы қорғанысты күшейту (өрт қауіпті, жылыту және мереке кезеңдерінде), өрт қауіпсіздігі нормаларын түсіндіру жөнінде хаттар дайындалып, жолданды.

Мердігер ұйымдармен ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ[4] саласындағы өзара іс-қимыл

2024 жылы ҚМГ мердігер ұйымдармен ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ саласындағы өзара іс-қимыл процесіне қатысты жұмысты жалғастырды, бұл жұмыс ҚМГ компаниялар тобының өндіріс орындарында жұмыстарды орындау мен қызмет көрсетудің барлық кезеңдерінде қауіп-қатерлерді анықтауға, бағалауға және азайтуға негізделген.

Еншілес және тәуелді ұйымдар мен филиалдардың аумағында мердігер ұйымдардың өнеркәсіптік қауіпсіздігінің жай-күйіне 5 883 тексеру жүргізілді.

2024 жылы мердігер ұйымдардың қатысуымен 1 млн адам-сағатқа жұмыс уақытын жоғалтуды қоса алғанда, болған жарақат алу коэффициенті – (LTIR) – 0,32.

2024 жылы мердігер ұйымдардың қатысуымен 100 млн адамға/сағатқа өлім-жітім коэффициенті – (FAR) – мердігер ұйымдардың үш жұмыскері қайтыс болуына байланысты 3,86 құрады.

2024 жылы мердігерк ұйымдардың қатысуымен жүріп өткен млн км-ге жол-көлік оқиғаларының коэффициенті – (MVCR, Motor Vehicle Crash Rate) 0,05 құрады.

Мердігер ұйымдардың қатысуымен болған жазатайым, өлім-жітім жағдайларының, жол-көлік оқиғаларының коэффициенттері

Көрсеткіш	2022	2023	2024	IOGP[5]
Жұмыс уақытын жоғалтуды қоса санда болған жарақат алу коэффициенті, 1 млн адам-сағатқа шаққанда	0,52	0,15	0,32	0,24
Өлім-жітім коэффициенті, 100 млн адам-сағатқа шаққанда	1,28	5,08	3,86	0,90
Жол-көлік оқиғаларының коэффициенті, жүріп өткен 1 млн километрге шаққанда	0,17	0,28	0,05	0,058

[4] Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау.
[5] 2023 жылғы IOGP жария көрсеткіштері (https://www.iogp.org).

ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ саласындағы менеджмент жүйесін жетілдіру

Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының толық құқылы мүшесі ретінде ҚМГ IOGP халықаралық озық ұсынымдары мен тәжірибелерін зерделеп, пайдаланды, бұл ҚМГ-ның еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, жалпы қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы көрсеткіштерін және жалпы менеджмент жүйесін жақсартуға көмектесті, сондай-ақ ҚМГ-ның халықаралық деңгейдегі мүмкіндіктері мен рейтингін көтерді.

ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ саласындағы менеджмент жүйесін жетілдіру аясында ҚМГ компаниялары тобының және мердігер ұйымдардың өндірістік қауіпсіздіктің түйінді көрсеткіштері бойынша есеп беру жөніндегі қағидалар» жаңартылды. Бұл құжат өндірістік қауіпсіздік пен еңбекті қорғаудың негізгі көрсеткіштері бойынша есеп беру тәртібін, сондай-ақ еншілес және тәуелді ұйымдардың келісімшарттық аумақтарында өндірістік қызметті жүргізетін мердігер ұйымдар жұмысы нәтижесінің басты көрсеткіштерін айқындайды.

Қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі мәдениетін дамыту мақсатында, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ өндірістік қауіпсіздік жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес 2024 жылы «Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті» атты бағдарлама бойынша ҚМГ мен ЕТҰ-ның 15 мыңнан астам қызметкері оқытылды.

Сондай-ақ, еңбек қауіпсіздігі мәдениетінің деңгейін арттыру және ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ саласындағы біліктілікті бағалау үшін 28 еншілес және тәуелді ұйымына арнап стратегиялық сессиялар өткізілді, оған бас директорлар, бас директорлардың өндіріс жөніндегі орынбасарлары, ӨҚ, ЕҚ және ҚОҚ бағыттарына жауапты бөлім басшылары қатысты.

Денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы

Қазақстан Республикасы заңнамасының және қызметкерлердің денсаулығын сақтау, өндірістік санитария және еңбек гигиенасы саласындағы халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес, Компанияда денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы мәселелерін басқару жүзеге асырылады. Өндірістік процеске қарамастан, ҚМГ өз қызметкерлерінің денсаулығын сақтау және оларды сауықтыру бойынша белсенді саясат жүргізеді.

2024 жылы еншілес және тәуелді ұйымдарының қызметкерлері арасында еңбек қызметіне байланысты емес өлім-жітім саны екі жағдайға немесе 2023 жылмен салыстырғанда 25%-ға азайды. Бұл жағдайлардың негізгі себебі – қызметкерлердің жүрек-қан тамырлары ауруларының болуы.

Еңбек қызметімен байланысы жоқ өлім-жітім саны



8 2020
8 2023
15 2021
6 2024
10 2022

ҚМГ-ның персоналдың денсаулығын басқару бағдарламасының негізгі міндеттері:
- ҚМГ компаниялары тобының өндірістік объектілерде медициналық қызмет көрсету мен медициналық көмек көрсетудің сапасын арттыру;
- қызметкерлерді салауатты өмір салтына тарту мен ынталандыруды күшейту тетіктерін әзірлеу;
- ҚМГ компаниялары тобының өндірістік объектілерінің қызметкерлері үшін еңбек ету, демалу және тұрмыс жағдайларын жақсарту.

Медициналық аудит жүргізу үшін корпоративтік орталық пен еншілес ұйымдарының мамандарынан жұмыс тобы құрылды.

Өндірістік объектілерде өлім-жітім қаупін азайту үшін алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларына 15 126 қызметкер оқытылды.

ҚМГ компаниялар тобында шұғыл медициналық көмекті ұйымдастыру жөніндегі регламентке сәйкес, жыл сайын және тұрақты негізде медициналық оқу дабылдарын жүргізу арқылы әрбір өндірістік объектіде шұғыл медициналық ден қою жоспары тестіленеді. ЕТҰ нысандарында 2024 жылы 91 медициналық оқу дабылдары, соның ішінде өндірістік аумақтарда орналасқан мердігер ұйымдардың қатысуымен өткізілді.

Медициналық тексерудің автоматтандырылған жүйесі деп аталатын аппараттық кешендерді енгізу жалғасуда, 2024 жылдың соңына қарай ҚМГ ЕТҰ-да 63 бірлік аппараттық кешен енгізілді.

[1] «Қызметкерлердің денсаулығын басқару» 24-ші стратегиялық бастаманы орындау аясында ҚМГ Басқармасының 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешімімен (№68 хаттама) бекітілді.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Жұмыс берушілер мен еңбек ұжымдары арасындағы жұмыс істеп тұрған ішкі коммуникациялар жүйелері, жергілікті атқарушы органдармен, кәсіподақтармен өзара іс-қимыл жасау және еңбек ұжымдарымен тең құқықты ұжымдық келіссөздер Компанияның әлеуметтік жауапкершілігінің негізгі міндеттерін орындауды қамтамасыз етеді.

Компания Қазақстан Республикасында қолданылатын заңнамалық және нормативтік құқықтық талаптарды, сондай-ақ мұнай компанияларының қызметін реттейтін халықаралық заңдар мен шарттарды сақтайды, экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға тигізетін әсері үшін, ұзақ мерзімді кезеңде ұзақ мерзімді құнның өсуі және тұрақты дамуы үшін акционерлер, жұртшылық пен инвесторлар алдындағы өзінің жауапкершілігін сезінеді. Компанияның барлық қызметкерлері қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларына, Компанияға қосқан үлесін мойындауға және тиісті бағалауға, кәсіби дағдыларын дамытуға жәрдемдесуге, олардың жұмысының сапасы мен тиімділігін ашық және конструктивті талқылауға құқылы. Компания ұлттық, нәсілдік, діни белгілері, жасы, жынысы, саяси нанымдары немесе басқа белгілері бойынша кемсітуге жол бермейді.

ҚМГ меритократия, әділдік және объективтілік қағидаттарын ұстанады, әрбір қызметкерге жаңа жетістіктер үшін оңтайлы жағдай жасайды және әркімнің Компанияның қызметіне қосқан үлесін әділ бағалайды, қызметкерлердің барлық деңгейлерде түсіністік, қызығушылық және қолдау мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Кадр саясаты

Әлеуметтік тұрақтылықты басқару және сақтау тәсілі

2024 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ еңбек ұжымдарындағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейі қанағаттанарлық — Samruk Research Services (SRS) индексі 79%-ды құрады, бұл 2023 жылғы көрсеткіштен 4%-ға жоғары.

SRS көрсеткіштерінің нәтижелері негізінде әрбір кәсіпорын әлеуметтік тұрақтылық көрсеткіштерін айқындау барысында анықталған қауіпті аймақтарды азайту және жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді. Жоспарда көрсетілген іс-шаралар еңбек ұжымының қанағаттану деңгейін арттыру, басшылықтың іс-әрекеттеріне сенім білдіру, кері байланыс жүйесін жолға қою, еңбек жағдайларын жақсарту, тұрғылықты жер жағдайын, тамақтануды ұйымдастыру және т.б. жөніндегі шараларды көздейді.

79 %
Samruk Research Services (SRS) индексі

2024 жылы корпоративтік орталық барлық ЕТҰ үшін SRS жақсарту жөніндегі жоспардың бірыңғай үлгісін әзірледі, сондай-ақ ЕТҰ-ға бару практикасы мен тұрақтылық деңгейін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуге жәрдемдесу мүмкіндігі енгізілді.

Дегенмен 2024 жылдың соңында «Өзенмұнайгаз» АҚ-ға қарасты бұрғылау жұмыстары басқармасы жұмысшыларының өкілдері жұмыс берушіге жұмысқа қабылдау, еңбекақы төлеу, Жаңаөзен қаласындағы жұмыссыздық мәселелеріне, зейнет жасына дейінгі қызметкерлерді әлеуметтік қолдауға, машинистер разрядтарын көтеруге қатысты бірнеше талаптар қойды, сондай-ақ қосымша төлемақы төлеу туралы сұрады.

Жағдайды реттеу аясында 2024 жылы 18 желтоқсаннан бастап ӨМГ бұрғылау жұмыстары басқармасының жұмысшыларымен Бітімгерлік комиссиясы жұмыс жүргізіп келеді. ҚМГ-ның келіссөз стратегиясы наразылық акциясын заң аясына ауыстыруға, жұмысшылардың талаптарын Қазақстанның еңбек заңнамасы аясында қарауға, заң бойынша шешілуі мүмкін мәселелердің шешін табуға және заңсыз талаптарды орындаудан бас тартуға негізделеді. Аталған жұмыс орталық және жергілікті мемлекеттік басқару органдарымен келісе отырып жүргізіледі.

Қызметкерлердің талаптарын объективті түрде қарау үшін 2025 жылы 30 қаңтарда Бітімгерлік комиссияның отырысына Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкілдері шақырылды. Кездесу нәтижелері бойынша хаттамаға қол қойылды, оған сәйкес Бітімгерлік комиссия Еңбек министрлігінің түсіндірмесін күтеді және хаттаманың орындалуын бақылау үшін бір тоқсанда бір рет жиналады.

Кадр құрамы

ҚМГ компаниялар тобы қызметін жүргізетін өңірлерде 50 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтып отыр. 2024 жылдың соңында қызметкерлердің тізім бойынша саны ҚМГ компаниялар тобында 52 600 адам болды, оның ішінде штаттық қызметкерлер — 49 243 адам, аутстаффинг — 3 357 адам.

ҚМГ компаниялары тобында еңбек ететіндердің тізімдік саны (шоғырланған)[2], адам



[2] Қызметкерлердің тізімдік санына ҚМГ тобы қызметкерлерінің, сондай-ақ ұзақ уақыт оқу себебінен жұмыста жоқ немесе жүктілік пен босану, бала күтімі бойынша демалыс ресімдеген қызметкерлердің нақты саны кіреді. Жылдық есепті жасау кезінде бұл көрсеткіштерді тәуелсіз аудитор тексереді. Болашақта көрсеткіштерге шамалы түзетулер енгізілуі мүмкін.

ҚМГ компаниялары тобының тізім бойынша штат саны

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2022	2023	2024
Ерлер	%	82	81	81
Әйелдер	%	18	19	19
Өндірістік персонал	%	92	92	92
Әкімшілік-басқару персоналы	%	8	8	8
31 жастан 50 жасқа дейінгі қызметкерлер, оның ішінде:	%	59	58	58
· ерлер	%	81	81	81
· әйелдер	%	19	19	19
50 жастан асқан қызметкерлер, оның ішінде:	%	30	31	30
· ерлер	%	81	81	81
· әйелдер	%	19	19	19
30 жасқа дейінгі қызметкерлер, оның ішінде:	%	11	11	12
· ерлер	%	86	87	88
· әйелдер	%	14	13	12
Ашылған жұмыс орындары	бірл.	88	918	17
Орташа тізімдік санынан	%	0,2	1,9	0,03
Қабылданған қызметкерлер	адам	5 860	5 746	3 928
Жүктілік пен босану, бала күтімі бойынша демалыс ресімдеген қызметкерлер	адам	864	623	527
· ерлер	%	8	7	8
· әйелдер	%	92	93	92
Ана (әке) болу демалысы аяқталғаннан кейін жұмысқа оралған қызметкерлер	адам	-	290	207
· ерлер	%	-	8	11
· әйелдер	%	-	92	89
Еңбек қатынастары тоқтатылғандар	адам	3 123	2 124	3 272
Барлық деңгейдегі басшылық құрам, оның ішінде:	%	10	10	10
· ерлер	%	82	85	85
· әйелдер	%	18	15	15
ҚМГ компаниялары тобы бойынша тұрақтамау коэффициенті	%	6	4,5	6,64

Компания қызметінің бағыты ауыр, қауіпті және зиянды еңбек жағдайларымен байланысты екенін ескере отырып, ерлердің үлесі 81%, әйелдердің үлесі 19%-ды құрайды.

Қызметкерлердің гендерлік құрамы, %



81 Ерлер

19 Әйелдер

Қызметкерлердің жалпы санындағы үлесі, %



92 Өндірістегі қызметкерлер

8 Әкімшілік-басқарушылық персонал

Қызметкерлердің жас бойынша құрамы, %




12 30 жасқа дейін

58 31 жастан 50 жасқа дейін

30 50 жастан асқан

Қызметкерлердің гендерлік және жас бойынша құрамы, %



17 бірл.
орташа тізімдік санынан 0,03 %
2024 жылы ашылған жұмыс орындар саны

6,64 %
2024 жылы ҚМГ компаниялар тобы бойынша тұрақтамау коэффициенті (2023 жылы – 4,5 %)

527 адам
жүктілік пен босану, бала күтімі бойынша демалыс ресімдеген қызметкерлер саны

Жүктілік пен босану, бала күтімі бойынша демалыс ресімдеген қызметкерлер, %



8 Ерлер

92 Әйелдер

10 %
барлық деңгейдегі басқарушылық құрамға кіретін қызметкерлердің үлесі

Барлық деңгейдегі басқарушылық құрам, %



85 Ерлер

15 Әйелдер

3 928 адам
2024 жылы қабылданған қызметкерлердің саны

3 272 адам
есепті кезеңде еңбек қатынастары тоқтатылған қызметкерлер саны

207 адам
ана (әке) болу демалысы аяқталғаннан кейін жұмысқа оралған қызметкерлер саны

Ана (әке) болу демалысы аяқталғаннан кейін жұмысқа оралған қызметкерлер, %



11 Ерлер

89 Әйелдер

Өңірлер бойынша штаттық қызметкерлердің саны

	Қызметкерлер саны
Барлығы:	**49 243**
Қазақстан Республикасы	42 333
· Абай облысы	58
· Ақмола облысы	23
· Ақтөбе облысы	1 132
· Алматы облысы	20
· Атырау облысы	10 605
· Батыс Қазақстан облысы	699
· Жетісу облысы	179
· Қарағанды облысы	770
· Қызылорда облысы	265
· Маңғыстау облысы	22 026
· Павлодар облысы	3 119
· Солтүстік Қазақстан облысы	85
· Түркістан облысы	228
· Ұлытау облысы	647
· Астана қ.	2 120
· Алматы қ.	16
· Шымкент қ.	341
Қазақстан Республикасынан тыс жерде	6 910

Қызметкерлер үшін тең құқықты қамтамасыз ету

ҚМГ кадр саясатының негізгі қағидаттары – гендерлік теңдік, әртүрлілік, инклюзивтілік және еңбек құқықтарын кемсітуге жол бермеу. Компания адамның жынысына, нәсіліне, ұлтына, дініне және басқа да сипатына қарамастан түрлі әлеуметтік және жас топтары үшін тең жағдайлар мен мүмкіндіктер жасайды. Бұндай тәсіл түрлі көзқарасы бар команданың қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Жұмысқа қабылдау жөніндегі конкурстық рәсімдерде адамның жынысы, жасы немесе өзге де белгілері бойынша шектеулер жоқ. Барлығы үшін бірыңғай еңбекақы мен әлеуметтік қолдаудың бірдей талаптары белгіленеді. Компания әділ еңбекақы төлеу жүйесін қамтамасыз етеді, ол бірдей еңбек үшін ақы төлеуді көздейді.

Тұрақты дамудың гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйел мен қыз балалардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту жөніндегі жаһандық мақсатын орындау аясында 2024 жылы әйелдер үлесі қызметкерлердің жалпы санының 19%-ын және барлық деңгейлерінің басшы құрамына кіретін қызметкерлер үлесінің 15%-ын құрайды.

Персоналды оқыту, дамыту және бағалау[1]

ҚМГ персоналын дамыту аясында тиімділікті жетілдіру мен арттыру жөніндегі стратегиялық бастамалардың бірі – персоналды мұнай-газ химиясы, төмен көміртекті даму, цифрландыру мен АТ бағытын қоса алғанда, болашағы зор мамандықтар бойынша біліктілікті қайта бағдарлау (арттыру) мүмкіндігін ұсыну.

Бір қызметкерге шаққанда орташа жылдық академиялық сағат саны 35 сағатты (2023 жылы — 34 сағат, 2022 жылы — 39 сағат) құрады, соның ішінде бір ер адамға — 37,5 сағат (2023 жылы — 32 сағат, 2022 жылы — 34 сағат), бір әйелге — 24,5 сағат (2023 жылы — 43 сағат, 2022 жылы – 60 сағат). ҚМГ тобының қызметкерлерін оқытуға жұмсалған шығынның жалпы сомасы 3,2 млрд теңге болды.

2024 жылы ҚМГ компаниялары тобының барлық қызметкерлерінің 36%-ы (2023 жылы — 32,29%) есепті кезеңнің нәтижесі бойынша бағаланды, соның ішінде: әйелдер— 28 % (2023 жылы — 21,53 %), ерлер — 38 % (2023 жылы — 78,46 %).

[1] Жылдық есепті жасау кезінде бұл көрсеткіштерді тәуелсіз аудитор тексереді. Болашақта көрсеткіштерге шамалы түзетулер енгізілуі мүмкін.

Қызметкерлерді оқыту және олардың біліктілігін арттыру бойынша негізгі бағдарламалар

- Тәуекелдерді басқару
- Экономика және қаржы
- Басқарудың біріктірілген жүйелері, ISO және OHSAS стандарттары
- Заңнама
- Қазақстандық қамту және тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу
- Корпоративтік басқару. Жобаларды басқару
- Ақпараттық технологиялар
- Өндіріс (барлау және өндіру, тасымалдау, газ бизнесі, өңдеу және маркетинг, сервистік жобалар және т.б.)
- Қауіпсіз техникасы бойынша міндетті оқыту
- Қауіпсіз жүргізу (OPITO, RoSPA)
- Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу дағдыларының халықаралық стандарттары
- Сертификатталған оқыту
- Жұмысшы мамандықтарға оқыту
- Әртүрлілік, теңдік және инклюзия бойынша курс

2024 жылы өндірістегі жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында RoSPA халықаралық стандартына сәйкес «Қауіпсіз жүргізу» бағдарламасы бойынша ҚМГ компаниялар тобында еңбек ететін көлік жүргізушілері оқыту ұйымдастырылды, соның аясында қызметкерлерді тасымалдайтын және қауіпті жүктерді таситын 3 404 жүргізуші (2023 жылы — 691, 2022 жылы — 350) оқудан өтті. ҚМГ компаниялар тобының барлық санаттағы көлік жүргізушілерін «Қауіпсіз жүргізу» бағдарламасы бойынша оқыту алдағы жылдары да жалғасатын болады.

«ISO (OHSAS) басқару стандарты бойынша интеграцияланған менеджмент жүйесінің ішкі аудиторы» тақырыбы бойынша 255 қызметкер оқытылды. Тәуекелдерді бағалау дағдыларына арналған оқыту жүргізілді, оған 422 адам қатысты.

Қызметкерлердің DipIFR, ACCA, IPMA, CIMA, PMP, CFA, CIA және тағы да басқа сертификаттау бағдарламалары бойынша халықаралық біліктілік пен сертификат алу үшін 63 адам оқудан өтті.

Стратегиялық маңызды жобаларды іске асырумен айналысатын ҚМГ және ЕТҰ-ның негізгі қызметкерлерін IPMA жобаларын басқарудың халықаралық стандарты бойынша сертификаттауда жыл сайын жүргізіледі. Жобалық басқарудың түрлі бағыттары мен салалары бойынша ішкі тренингтерге ҚМГ мен ЕТҰ-ның 500-ден астам қызметкері қатысты, бұл ретте 62 қызметкер IPMA стандарты бойынша сертификаттау емтиханын сәтті тапсырды. Жалпы, 2024 жылы 83 адам сертификаттаудан және емтиханнан сүрінбей өтті.

«Compliance&AML/CFT тәуекелдерді басқару» тақырыбы бойынша 442 адам оқытылды.

IOSH, NEBOSH, ADR, IWCF, ISGOT, API Spec, BOSIET, FROSIO бағдарламаларын қоса алғанда, қауіпсіз жұмыс жүргізу дағдыларының халықаралық стандарттарына арналған оқудан 273 қызметкер өтті. Бұл халықаралық сертификаттар олардың жоғары білім деңгейін, қауіпсіз жұмыс жүргізуін және бұрғылау кезінде апаттық жағдайларды төмендету қабілетін растайды.

«Самұрық-Қазына» АҚ қолдауымен IR School, HR School және CnB мектебі, Бас геолог бағыттары бойынша модульдік оқулар іске асырылды, оған ҚМГ компаниялар тобының 48 қызметкері қатысты.

442 адам
«Compliance&AML/CFT тәуекелдерді басқару» тақырыбы бойынша оқытылды

273 қызметкер
қауіпсіз жұмыс жүргізу дағдыларының халықаралық стандарттарына арналған оқудан өтті

«Алып» көшбасшыларды оқыту бағдарламасы

2024 жылы «Алып» бастамасы аясында жас мамандарды — өзгеріс енгізетін көшбасшыларды оқытудың кезекті кезеңі аяқталды. Бұл кезең қазан айында 63 адам оқыған «Алып Day» форумында басталған білім беру бағдарламасының аяқталуы болды.

Қатысушылардың «Ысырапсыз көзқарас» — үнемді ойлау мәдениеті туралы жалпы түсінігін қалыптастыруға, оның процестерінің тиімділігін арттырудың маңыздылығына, сондай-ақ проблемаларды шешуге жүйелі көзқарастың маңызды болуына басты назар аударылды.

Бағдарлама кезеңдері:

1-модуль

DMAIC жобаларын іске асыру әдістемесі.

2-модуль

тиімді өзара әрекет етудің және жеке адам тиімділігінің негіздері.

3-модуль

қаржы мен технологиялар бойынша кешенді сауат.

Модульдік оқуды аяқтағаннан кейін жас мамандар нақты проблемаларды шешу және өндіріс процесіндегі шығындарды жою бойынша жеке жобаларын іске асыра отырып, алған дағдыларын бекітетін болады. Бағдарлама аяқталғаннан кейін жас мамандар өзгерістер агенттерінің келесі ағымына тәлімгер бола алады.

63 адам
«Алып» бастамасы аясында оқытылды

Тұрақты даму мәселелері бойынша оқыту

Тұрақты даму саласы бойынша оқудан өткен қызметкерлер:

- Көмірқышқыл газын тұту, сақтау және пайдалану (CCU/CCUS) технологиялармен байланысты оқыту, INPEX Corporation-да — 6 адам.
- Парник газдарын валидациялау мен верификациялау процесінің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшыларды даярлау — 1 адам.
- Кәсіпорында парник газдарын басқару — 1 адам.
- ESG мәселелеріне арналған стратегиялық семинар — 2 адам.
- Қалдықтарды басқару — 121 адам.
- Өндіріс кәсіпорындарында биоалуантүрлікке әсерді басқару — 3 адам.
- Парник газдары шығарындыларын реттеу. Көміртекті нарықтар, ESG енгізу — 1 адам.
- Көміртекті тұту, сақтау және пайдалану (CCUS) — 3 адам.
- Әртүрлілік және инклюзия — 55 адам.
- Тұрақты даму — 8 адам.
- Кәсіпорындағы төменкөміртекті даму. Өнімнің көміртек ізі — 5 адам.
- «Green Ports» экологиялық стандарттарды енгізу және EcoPorts сертификаттауынан өту — 2 адам.
- Petro Decarbonization — 1 адам.

«Көшбасшылық білім беру бағдарламасы»

ҚМГ компаниялар тобының негізгі позицияларына сабақтастық жоспарын қалыптастыру және дамыту бойынша «МАНСАП» жобасы жалғасып жатыр. 2021-2024 жылдар аралығында «А», «В» және «С» пулдары үшін сабақтастықты дамыту бағдарламалары іске асырылды.

Сондай-ақ тәлімгерлік бағдарламасы іске қосылды (іске асыру кезеңі – 2023-2024 жылдар), бұл бастама аясында «А» және «В» пулдарының ізбасарлары «С» пулына тәлімгер болады. 2024 жылы сабақтастық пулынан (кадрлық резерв) болған тағайындаулар 35%-ды құрайды.

Корпоративтік мәдениет, коммуникация жүйесі, кәсіподақтар

Жалпы корпоративтік іс-шаралар

«Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауы

Маңғыстау облысында 12 қазанда ҚМГ компаниялар тобының жұмысшы мамандықтар арасында дәстүрлі «Үздік маман — 2024» байқауы аяқталды.

Жарыста мұнай-газ кешенінің 17 мамандығы бойынша 300 қатысушы өз шеберліктерін көрсетті. Биыл байқау ауқымды болды, өйткені оған Румыниядан келген KMG International қызметкерлері де қатысты. Финалдық жарыстарға қатысқандар – өз ұжымдары арасында бірінші кезеңнің жеңімпаздары болған мамандар.

Байқау екі кезеңнен тұрды: теориялық білімді тексеру үшін тестілеу және практикалық тапсырмаларды орындау. Жарыс ҚМГ еншілес компанияларының өнеркәсіптік алаңдарында өтті – «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (Жетібай), «ҚазТрансОйл» АҚ (Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының оқу орталығы), «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС (химиялық талдау зертханасы, Ақтау қ.).

«Үздік маман — 2024» қатысушылары бұл байқау жыл сайын ҚМГ еншілес компанияларының еңбек ұжымдарын біріктіретінін және мұнай-газ саласының мамандықтары бойынша шеберлікті шыңдауға көмектесетінін атап өтті.

ҚМГ спартакиадасы

2024 жылы 10-14 тамыз аралығында Павлодар қаласында Қазақстан мұнайының 125 жылдығына және Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына арналған ҚМГ компаниялар тобының спартакиадасының финалдық кезеңі өтті. Жарысқа 27 командадан құралған 600-ден астам спортшы қатысты. Қатысушылар спорттың 11 түрі бойынша үздік атану үшін бақ сынасты: арқан тарту, армрестлинг, асық ату, баскетбол, волейбол, киберспорт, шағын футбол, үстел теннисі, жүзу, тоғызқұмалақ және шахмат.

2024 жылы 22-24 қараша аралығында «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері арасында IX Спартакиада өтті. Қордың басты спорттық іс-шарасына 800-ден астам адам қатысып, 11 спорт түрінен 210 медаль жиынтығы ойналды.

ҚМГ өкілдері волейбол ерлер мен баскетбол, сондай-ақ 80 келіге дейінгі ерлер арасында армрестлинг сияқты спорт түрлерінен 3 бірінші орынды иеленді. ҚМГ командасы жалпы командалық есепте екінші орынға ие болды.

Ішкі бірыңғай коммуникация жүйесі

ҚМГ үшін ішкі әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру ерекше маңызға ие. Оларды дамыту кезінде, ең алдымен, компания қызметкерлері үшін қолайлы жағдай жасау: материалдық ынталандыру, кәсіби дамуды бекіту мен арттыру, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары. Әлеуметтік шиеленістің алдын алу, еңбек даулары мен жанжалдардың туындау мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Қызметкерлермен және олардың өкілдерімен тұрақты сындарлы байланыс орнатылған. Ішкі бірыңғай коммуникация жүйесі кері байланыстың тиімділігін арттыруға арналған. Барлық кәсіпорында әлеуметтік, тұрмыстық, өндірістік мәселелерді талқылау бойынша басшылықтың еңбек ұжымдарымен міндетті жоспарлы кездесулері өткізіледі.

Ішкі коммуникациялар жүйесінің негізгі міндеті – қызметкерлерді қызметтің мақсаттары мен міндеттері туралы уақтылы хабардар ету, ұйымдағы ағымдағы жағдайды қызметкерлерге жеткізу, сондай-ақ қызметкерлер көтеретін мәселелерді «есту» мүмкіндігі.

ҚМГ-ның барлық өндірістік кәсіпорындарында әрбір қызметкердің кәсіпорын басшылығына сұрақтармен жүгіну және ішкі коммуникациялар құралдарын енгізу арқылы уақтылы жауап алу мүмкіндігі регламенттелген, оған сәйкес бірінші басшылардың еңбек ұжымдарымен есеп беру кездесулері жылына екі рет жүйелі түрде өткізіледі. Бірінші басшылар өз есептерінде ұжымға ағымдағы жағдайды ұсынады: экономика, жұмыс көлемінің болуы, өндірістік жоспарлар, еңбекті қорғау, кадрлық және әлеуметтік мәселелер. Кездесулерде қызметкерлер өз сұрақтарын қоюға және оларға жауап алуға мүмкіндік алады. 2024 жылы ҚМГ ЕТҰ-ның 9 644 қызметкерін қамтыған 67 есеп беру кездесу өтті, онда қызметкерлер 300-ден астам сұрақ қойды. Кездесулерде қызметкерлер көтерген негізгі мәселелер өндіріске қатысты, жұмысқа орналастыру, еңбекті қорғау, жалақыны көтеру, әлеуметтік қолдау және басқалар болды. Барлық мәселе бойынша қызметкерлерге тиісті түсініктемелер беріліп, шешімдер қабылданды.

Сондай-ақ, ЕТҰ-дағы жұмыс берушілер мен қызметкерлер арасында тікелей коммуникацияның тиімді тетіктерін құру және қолдау, ЕТҰ-дағы қызметтің мақсаттары мен міндеттері туралы қызметкерлерді уақтылы хабардар ету, ұйымдағы ағымдағы жағдайды қызметкерлерге жеткізу, қызметкерлерде кәсіпорынның оң имиджін қалыптастыру, ЕТҰ-дағы еңбек ұжымдарындағы әлеуметтік-психологиялық ахуал параметрлерін қадағалау мақсатында бірінші басшылардың қызметкерлерді жеке мәселелері бойынша қабылдау мүмкіндігі бар. Әрбір ЕТҰ-да бірінші басшының блогы, корпоративтік ақпараттық сайт жасақталған, корпоративішілік ақпаратты еңбек ұжымдарына жеткізу үшін бейне хабарландырулар үшін мониторлар орнатылған. Қызметкерлерді жедел хабарландырулармен және хабарламалармен ақпараттандыру үшін ақпараттық стендтер қолданыста бар.

Қызметкерлер үшін қолайлы еңбек жағдайлары

ҚМГ компаниялар тобында еңбек және демалыс жағдайларын жақсарту бойынша жұмыс жүйелі негізде жүргізіледі. Қызметкерлердің тұратын жерін, тамақтануын ұйымдастыру мәселелері ЕТҰ-ның әлеуметтік тұрақтылықты жақсарту жөніндегі жоспарларында көрсетілген. Бұдан басқа, ҚМГ-ның барлық ЕТҰ жұмыскерлердің еңбек және демалыс жағдайларын жақсарту бойынша бес жылға арналған (2023-2027 жылдар аралығына) жеке жол карталарын әзірледі.

ЕТҰ жоспарларына сәйкес, 2024 жылы 183 әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылым объектілерін жақсарту көзделген, соның ішінде 106 нысан аяқталды: 20 нысанның күрделі құрылысы, күрделі жөндеу — 23, ағымдағы жөндеу — 51, жаңартылған вагондар, мәдени орындар және т.б. — 12. Шығын көлемі 3,7 млрд теңгені құрады. 2025 жылы 3,1 млрд теңге сомасына есептелген қалған 77 нысанның аяқталуы қамтамасыз етіледі.

Кәсіподақтар

Компанияның кәсіподақтармен өзара іс-қимылы еңбек заңнамасында салалық және өңірлік деңгейлерде белгіленген әлеуметтік әріптестік шеңберінде жүзеге асырылады. Салалық деңгейде өзара әрекеттесудің негізгі параметрлері (әлеуметтік кепілдіктер, еңбекті ұйымдастыру мәселелері, еңбекақы төлеу, жұмыспен қамту, гендерлік және жастар саясаты, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, еңбек дауларын алдын алу және шешу және т.б.) Қазақстан Республикасы мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-химия салаларындағы салалық келісімде айқындаған, оның әзірленуіне ҚМГ және оның кәсіпорындарының өкілдері белсенді қатысты.

ҚМГ компаниялар тобында 36 606 қызметкердің мүддесін қорғайтын 34 кәсіподақ ұйымы жұмыс істейді.

Өңірлік деңгейде әлеуметтік әріптестік жөніндегі облыстық комиссиялар жұмыс істейді, олардың шеңберінде өңірлік жұмыспен қамту және еңбекті қорғау мәселелерінен басқа нақты ұжымдық еңбек даулары да қаралады. ҚМГ-ның барлық компанияларында бітімгерлік комиссиялар құрылып, жұмыс істейді.

ҚМГ ЕТҰ-мен бірлесіп мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-газ химиясы салаларының әлеуметтік әріптестігі және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссияның жұмысына белсенді қатысады, онда компаниялардың еңбек ұжымдарындағы ағымдағы ахуал туралы мәселелер, біліктілік пен кәсіптік стандарттардың салалық шеңберлерін әзірлеу, мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-газ химиясы салаларында адам ресурстарын дамыту мәселелері қаралады. ҚМГ 2023-2025 жылдарға арналған мұнай-газ, мұнай өңдеу және мұнай-химия салаларындағы салалық келісімді орындайды.

Келісімнің негізгі ережелері қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуын арттыру, кәсіподақ ұйымдарының рөлін арттыру, қауіпсіз жағдайлар мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету және т.б. бөліктері орындалады. Еңбекке ақы төлеу жүйесінің салалық қағидаттарын белгілеу бөлігінде ҚМГ ЕТҰ разрядаралық коэффициенттердің ең төменгі деңгейлерін және бірінші разрядты жұмысшының айлық тарифтік мөлшерлемесінің ең төменгі мөлшерін ұстанады.

Кәсіподақтармен тұрақты кері байланысты сақтау үшін еншілес кәсіпорындар мен ҚМГ басшылығы кәсіпорындардың кәсіподақ комитеттерімен тұрақты кездесулер өткізеді, онда ұжымдық шарттың орындалуына, еңбек тәртібінің жай-күйіне, еңбек ұжымының өтініштерін қарауға, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелеріне, әлеуметтік жеңілдіктер мен өтемақылар беруге және кәсіпорындағы басқа да әлеуметтік маңызы бар мәселелерге қатысты аса өзекті мәселелер талқыланады.

ҚМГ зейнеткерлеріне көмек көрсету бағдарламалары

Ұжымдық шарттарға сәйкес ҚМГ өз тарапынан жұмыс істемейтін зейнеткерлерді әлеуметтік қолдау бойынша қосымша міндеттемелерді орындайды. Зейнеткерлік жасқа толып демалысқа шыққан кезде, сондай-ақ зейнетке шыққаннан кейін қызметкерлерге қаржылық қолдау көрсетіледі: Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелеріне, мерейтой жасқа жеткенде материалдық көмек; құнын ішінара өтей отырып, шипажайларға жолдамалар және т. б.

2024 жылы компанияның жұмыс істемейтін зейнеткерлеріне 4 млрд теңгеден астам сомаға материалдық көмек көрсетілді.

Жастармен жұмыс

ҚМГ компаниялар тобы жас мамандармен және студенттермен жұмыс пен ынтымақтастықты қолдайды. Компанияда жас мамандарды тартуға және қолдауға бағытталған студенттерге арналған дуалды оқыту және практика бағдарламалары іске асырылуда.

Дуальды оқыту – ҚМГ компаниялар тобына оқытуды, тағылымдамадан өтуді және жұмысқа орналастыруды қамтитын бағдарлама. 2024 жылы бағдарлама бойынша 149 адам оқуды аяқтады, оның 56-ы жұмысқа қабылданып, 231 адам оқуын жалғастыруда.

2023-2024 жылдар аралығында «Тағылымдамашы» бағдарламасы бойынша 60 адам оқып, оның 31-і жұмысқа орналасты. Сондай-ақ, 2024 жылы қосымша 20 жаңа тағылымдамашы «Атырау мұнай өңдеу зауытының тағылымдамашысы» бағдарламасы бойынша 6 айлық оқу курсына іріктелді. Бағдарлама технологиялық қондырғылардың операторы, технологиялық сорғылар мен компрессорлар машинисі, бақылау-өлшеу құралдары және автоматика аспапшы мен слесарі мамандықтары бойынша оқытуды қамтиды.

«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС-де нақты сала мамандарын даярлау мақсатында сұранысқа ие маман даярлау бойынша «KMGE School» бағдарламасы іске қосылды. Іріктеу бакалавриаттың 1-курсын (техникалық және кәсіптік білім негізінде) немесе 2-курсын (жалпы орта білім негізінде) бітірген студенттер арасында жүргізіледі. Оқу аяқталғаннан кейін студент бағдарлама бойынша оқудан өткені туралы сертификат алады және «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС-де кемінде үш жыл еңбек етеді. 2022-2024 жылдар аралығында 18 адам оқып, жұмысқа қабылданды. 2025 жылы үш адам оқуын жалғастырып жатыр.

Сонымен қатар, 2024 жылы ҚМГ ММГ-мен бірлесіп, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті базасында Маңғыстау облысының 60 жұмыссыз азаматы ішінен жас мамандарды даярлау жөніндегі бірегей жобаны қолға алды. Жоба әлеуметтік, еңбек және экономикалық қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ Маңғыстау облысында жұмыссыздық деңгейін төмендету жөнінде шаралар қабылдау аясында іске асырылуда. «Білім беру интенсиві» бағдарламасы жұмысқа орналасу және жұмыс орнында бейімделу үшін қажетті білім мен дағдыларды игеруге көмектесті. Бағдарламаны іске асыру қорытындысы бойынша оқудан өткен жергілікті тұрғындар «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ға жұмысқа қабылданды.

Саланың даму үрдісі мен заманауи технологиялардың талаптары ескеріліп, компанияның өндірістік нысандары бар өңірлерде оқу орындарымен тығыз жұмыс жүріп жатыр. Студенттердің өндірістік және диплом алдындағы практикасын ұйымдастыру және өткізу бойынша Қазақстанның жоғары оқу орындарымен өзара іс-қимыл, техникалық және кәсіптік білім беру жұмыстары жүргізілуде. 2024 жылы практикадан 1 713 студент өтті. ҚБМ, ММГ, ӨМГ, ЕМГ, ҚОА, Құрманғазы Петролеум, ПҚОП, ҚТМ, УОГ, Өріктау Оперейтинг, АМӨЗ және ҚГМ компаниялары жоғары оқу орындарында білім алатын 1 966 студенттің оқуын қаржыландырды.

Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау

Ұжымдық шарттар

Компания ұжымдық шартты жасасу, өзгерту, толықтыруға қатысты қызметкерлермен жүргізілетін келіссөздерге белсенді қатысады, келіссөздер жүргізу мерзімдерін қатаң сақтайды және тиісті бірлескен комиссиялардың жұмысын қамтамасыз етеді, келіссөздер жүргізу үшін қажетті ақпаратты береді, ұжымдық шарттың талаптарын қатаң орындайды. Еңбек заңнамасына сәйкес кез-келген қызметкер өз өкілдері арқылы ұжымдық келіссөздерге және ұжымдық шарттың жобасын әзірлеуге, сондай-ақ қол қойылған ұжымдық шартпен танысуға құқылы.

Компанияның қызмет түрлері немесе қызметіндегі аумақ белгісі бойынша ұжымдық келіссөздер қауымдастығының және оларды жүргізу еркіндігіне қатысты құқықтарға қандай да бір шектеулер көзделмеген. ҚМГ әлеуметтік жауапты компания ретінде бұл құқықты толығымен қолдайды және қызметкерлердің бірлестік болып бірігуге еркіндік құқығын іске асыру үшін қолайлы жағдай жасайды.

ҚМГ компаниялар тобына кіретін кәсіпорындардың еңбек ұжымдарында әлеуметтік тұрақтылықты қолдау мақсатында компания ЕТҰ қызметкерлері арасында наразылық пен шиеленістің туындауының алдын алуға бағытталған шаралар кешенін іске асыруда. Қабылданған шаралар кәсіпорындардағы жағдайды бақылауға және өндіріс процесінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осылайша, еңбек ұжымдарының әлеуметтік тұрақтылығын сақтап тұруға қызметкерлерді әлеуметтік қолдау мәселелері елеулі үлес қосады.

Бүгінгі таңда ҚМГ компаниялар тобының 21 кәсіпорында ұжымдық шарттар бар, оларға сәйкес қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ жұмыс істемейтін зейнеткерлер үшін әлеуметтік қолдаудың 50-ден астам түрі көрсетіледі. Сондай-ақ ұжымдық шарттар жасалмаған компанияларда қызметкерлерге әлеуметтік қолдау ұйымдардың ішкі құжаттарына сәйкес көрсетіледі.

2024 жылы ұжымдық шартпен қамтылған ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерінің саны 38 083 адамды құрады.

2024 жылы қолданылу мерзімі аяқталуына байланысты ӨМГ, «KMG EP-Catering» ЖШС, ҚазГӨЗ, «ӨзенМұнайСервис» ЖШС жаңа редакциядағы ұжымдық шарттарына қол қойылды. «ӨзенМұнайСервис» ЖШС, «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС, «Су өндіру және тасымалдау басқармасы» ЖШС-де қосымша келісімдерге қол қойылып, оған сәйкес әлеуметтік пакеттер жақсарды. Еңбек ұжымдарының бастамасымен ҚР-дағы «ҚМГ Қашаған Б.В.» филиалында, ҚМГ-ның корпоративтік орталығында жаңа ұжымдық шарттарға қол қойылды. «KMG GREEN Energy» ЖШС, «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС, «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС, «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС, «Мұнайтелеком» ЖШС, «Oil Services Company» ЖШС, «KMG PetroChem» ЖШС, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС, «KMG Security» ЖШС компанияларында ішкі нормативтік құжаттарға өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, әлеуметтік жеңілдіктердің түрлері мен шарттары қайта қаралып, ауқымы кеңейді.

қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелері үшін әлеуметтік қолдаудың
50-ден астам түрі

38 083 адам
ұжымдық шартпен қамтылған ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерінің саны

Қызметкерлерді қолдаудың шаралары

ҚМГ-ның Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе, Қызылорда, Павлодар облыстарында орналасқан еншілес кәсіпорындары толық жұмыспен қамту жағдайында еңбек ететін өз қызметкерлеріне әлеуметтік жеңілдіктер ұсынады:

- жыл сайынғы еңбек демалысына сауықтыруға материалдық көмек;
- қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелері ауырған жағдайда медициналық ерікті сақтандыру (медициналық қызмет көрсету, дәрі-дәрмек пен стоматология қызметтеріне жұмсалатын шығынды өтеу);
- ауруларға байланысты диспансерлік есепте тұрған қызметкерлерге жолдама сатып алу;
- профилактикалық тексеру қорытындысы бойынша санаторий-курорттық емделуге жолдама шығыстарын өтеу;
- өмірде қиын жағдайға тап болған, мұқтаж адамдарға материалдық көмек (емдеу, операциялар);
- Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жоюға қатысқан, Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен қызметкерлерге, Ауған, Тәжік-Ауған соғыстарының ардагерлеріне және ҰОС ардагерлеріне теңестірілген адамдарға материалдық көмек;
- қызметкерге мүгедектік берілген байланысты төлем (өндірісте еңбек жарақатын алған жағдайда);
- еңбекке жарамсыздық парақтарына қосымша ақы төлеу;
- мүгедек қызметкерлерге материалдық көмек;
- еңбек міндеттерін орындаумен байланысты кәсіптік ауру анықталған кезде толық қалпына келгенше немесе мүгедектік берілгенше жәрдемақы төлеу;
- бір жарым жасқа дейінгі бала күтімі бойынша қызметкерлерге материалдық көмек;
- мүгедек баласы бар қызметкерге жыл сайын материалдық көмек;
- жүктілікке және босануға байланысты демалысқа ақы төлеу;
- қызметкер зейнет жасына толған кездегі жәрдемақылар;
- қызметкерлердің мерзімінен бұрын зейнетке шығуы кезіндегі төлемдер;
- ем алу және дәрі-дәрмек шығындарын өтеу;
- мерекелерге, санаторлық емдеуге, мерейтой жасқа және т. б. материалдық көмек;
- қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелеріне қарастырылған басқа да жеңілдіктер.

2024 жылы ҚМГ кәсіпорындарында ерікті әлеуметтік жеңілдіктер берудің бірыңғай жүйесін белгілеу және олардың транспаренттілігін, кәсіпорынның қаржылық-экономикалық мүмкіндігіне қарай айқындау және бөлу кезінде қағидаттар мен тәсілдердің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында ұжымдық шарттарды стандарттау жөніндегі жұмыс жалғасты.

2024 жылы ҚМГ компаниялар тобында барлық әлеуметтік төлемдер мен кепілдіктер сақталып, ұжымдық шарттарға сәйкес төленді. Жалпы, 2024 жылы қызметкерлерге және жұмыс істемейтін зейнеткерлерге 25 млрд теңгеге әлеуметтік қолдау көрсетілді.

Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау шығыстары[1], млрд теңге



ҚМГ қызметкерлеріне көрсетілетін әлеуметтік қолдаудың бөлінісі

Көрсеткіш	%
1. Қызметкерлерді сауықтыруға және демалуға арналған әлеуметтік төлемдер:	35
• медициналық сақтандыру	
• қызметкерлердің демалысы	
• спорт және дене тәрбиесі	
• жеңілдікті талаптармен еңбекке жарамсыздық парақтарын төлеу	
2. Қызметкерлердің отбасы мүшелеріне байланысты әлеуметтік төлемдер:	33
• бала туған кезде	
• қызметкерлер балаларының демалысы	
• балабақшаларға жұмсалатын шығынды төлеу	
• мектеп керек-жарақтарын сатып алу	
3. Жұмыс істемейтін зейнеткерлерге материалдық көмек	17
4. Әлеуметтік қолдаудың басқа түрлері	15

2024 жылы ҚМГ компаниялар тобының 11 124 қызметкері қажырлы еңбегі үшін мемлекеттік, ведомстволық және өзге де наградалармен марапатталды. Есепті жылы Қазақстан мұнай өнеркәсібінің 125 жылдығына арналған салтанатты іс-шаралар ұйымдастырылды. Сондай-ақ, Қазақстан мұнайының 125 жылдығына орай мұнай-газ саласы қызметкерлері күніне 10 652 награда және Қазақстан Республикасы күніне 214 награда табысталды.

[1] Қатысу үлесі 51% және одан көп шоғырландырылатын компаниялар есепке алынған.

Қызметін жүзеге асыратын өңірлерді дамыту

Әлеуметтік-экономикалық жобалар

ҚМГ қызметін жүзеге асыратын өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосуда. Компания жергілікті басқару органдарымен белсенді өзара іс-қимыл жасайды және негізгі мүдделі тараптармен тұрақты диалогты қолдайды, жас білікті мамандарды дамытуда және даярлауда белсенді жұмыс жүргізеді, ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетеді, офтейк-шарттарға қол қою арқылы отандық өндірушілерді қолдауға ұмтылады. ҚМГ кәсіпорындары жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар және кешенді даму жоспары шеңберінде әлеуметтік маңызы бар объектілерді, спорт кешендерінің құрылысын, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын және т.б. қаржыландыруды жүзеге асырады.

2014-2024 жылдар аралығында 255 млрд теңге сомасына әлеуметтік жобалар іске асырылды.

Іске асырылған ең ірі жобалардың қатарында:

2014 жыл
Құлсары қаласында 300 орындық орта мектеп салу
930 млн теңге

2015 жыл
Павлодар қаласында 320 орындық балабақша салу
600 млн теңге

2016 жыл
Қызылорда қаласында 300 орынға арналған психикалық-неврологиялық интернат үйінің құрылысын аяқта
1,35 млрд теңге

2017 жыл
Қызылорда қаласының Жастар ресурс орталығын салу
1,5 млрд теңге

2018 жыл
Павлодар облысында Ертік өзенінің оң жағалауын абаттандыру
1,78 млн теңге

2018 жыл
Атырау облысының Қызылқоға ауданы Сағыз ауылында 424 орындық орта мектеп және 290 орындық балабақша салу
292 млн теңге

2019 жыл
«Қаражанбас» кен орнында қуаты тәулігіне 17 мың текше метр қабат суын тұщыландыру зауытын салу
21,43 млн теңге

2019 жыл
Түркістан қаласында «Конгресс Холл» объектісін, Павлодар қаласында Инвесторларға қызмет көрсету орталығын салу
5 392 млн теңге

2021 жыл
Тасшағыл ауылында Мәдениет үйін салу
200 млн теңге

2022 жыл
Жылыой ауданының Құлсары қаласында 300 орындық және Атырау қаласы Балауса шағын ауданында 600 орындық мектептер құрылысы
831 млн теңге

2023 жыл
Жаңаөзен қаласы мен Жетібай кентінде 21 спорт алаңын салу
1 млрд теңге

2023 жыл
Атырау облысының Бесікті ауылында 280 орынға арналған балабақша салу
783 млн теңге

2024 жылдың нәтижелері:

Орал қаласында көпфункционалды спорт кешенінің құрылысы аяқталды (19,9 млрд теңге);

Қызылорда қаласында «Қазгермұнай» БК» ЖШС қаржысына салынған Оқушылар сарайының ашылу салтанаты өтті (2,4 млрд теңге);

«Отпан» жобасы жүзеге асырылуда: Маңғыстау облысындағы тірек мектептер желісі. ҚМГ Таушық (Түпқараған ауданы), Жетібай (Қарақия ауданы) және Рахат (Жаңаөзен қаласы) ауылдарының мектептерінде 50-ден астам оқу кабинеттері мен білім беру үй-жайларын жаңартты (барлығы 504 млн теңге);

Атырау облысының Жылыой ауданында ерекше балаларды оңалту және қолдау орталығы пайдалануға берілді (983,2 млн теңге);


Арал теңізінің түбіне 4,4 млн сексеуіл көшеті (420 млн теңге) және Астана қаласында 600-ден астам ағаш (68 млн теңге) отырғызылды;

ҚМГ Маңғыстау облысы балаларының білім деңгейін жақсарту мақсатында «Жарқын Болашақ» бағдарламасын жүзеге асырып келеді. Қазіргі уақытта 1 мыңнан астам грант иегері еліміздің он өңірінде орналасқан 62 білім беру мекемесінде білім алып жатыр. Бұл мақсатқа 2024 жылы 2,4 млрд теңге бөлінді.

ҚМГ еншілес ұйымдарының жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарында өндіріс орындары орналасқан өңірлерді дамытуға және халықтың мұқтаж топтарына әлеуметтік көмек көрсетуге айтарлықтай ақша қаражатын бөлу көзделген, сондай-ақ облыстардың әкімдіктерімен жасалған келісімдер мен меморандумдар негізінде ҚМГ ЕТҰ қаражатты жергілікті атқарушы органдарға аударады, олар өз кезегінде қаражатты жергілікті қоғамдастықтардың қажеттіліктерін негізге ала отырып бөледі, соның ішінде:

- ӨМГ Жаңаөзен қаласы мен Маңғыстау облысы Қарақия ауданының әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға 900 млн теңге, Жаңаөзен қаласы әкімдігінің коммуналдық шаруашылықты күтіп ұстауға жауапты «Өзенинвест» МКК қызметін кеңейту үшін шаралар қабылдауға 800 млн теңге (350 жұмыс орнына дейін) бөлді;
- ЕМГ Атырау облысының Махамбет ауданы Тандай ауылында 150 орындық дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салуға 617,7 млн теңге, Химпоселок шағын ауданында көпфункционалды спорт алаңдарын салуға 100,8 млн теңге, Бірлік шағын ауданында көпфункционалды спорт алаңдарын салуға 68 млн теңге бөлді;
- ҚГМ Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына 375,6 млн теңге аударды
- ҚОА Ақтөбе облысының әкімдігімен; меморандум аясында Ақтөбе облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымына 168 млн теңге және Ақтөбе облысының әлеуметтік қорына 205,3 млн теңге бөлді, ал ҚТМ Ақтөбе және Маңғыстау облыстарының әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға 285,7 млн теңге аударды;
- «Өріктау Оперейтинг» ЖШС өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымына 34,4 млн теңге бөлді;
- ММГ Маңғыстау өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымына 140 млн теңге бөлді.

Жергілікті атқарушы органдарға аударылған қаражат (жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісімшарттар), млрд теңге



Әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру шеңберінде Солтүстік Каспий жобасы бойынша 2024 жылға арналған бекітілген бюджет 40 млн АҚШ долларын құрады. Атырау қаласындағы, Мақат ауданындағы және Маңғыстау облысындағы жобаларға 11 млн АҚШ доллары көзделген (ҚМГ Қашаған Б.В. үлесіне 1,85 млн АҚШ доллары).

Әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру шеңберінде Қарашығанақ жобасы бойынша 2024 жылға арналған бекітілген бюджет 54 млн АҚШ долларын құрады (ҚМГ Қарашығанақ үлесіне 5,4 млн АҚШ доллары).

«Игілік» ерікті бағдарламасы аясында ТШО жергілікті мемлекеттік органдармен келісе отырып, Атырау қаласы мен Атырау облысында, оның ішінде Жылыой ауданында балабақшалар, мектептер және басқа да әлеуметтік нысандар салу бойынша маңызды жобаларды қаржыландырады. Бағдарламаның жылдық қоры – 25 млн АҚШ доллары.

2024 жылы Құлсары қаласының Береке шағын ауданында 600 оқушыға арналған орта мектептің құрылысы аяқталды, Құлсары қаласындағы Құрсай өзенінің жағалауын нығайту жұмыстары атқарылды, Жаңаталап ауылында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы аяқталып қалды, сондай-ақ Атырау облысында басқа де жобалар іске асырылуда.

Сонымен қатар 2024 жылы су тасқынына қарсы күреске, сондай-ақ су деңгейі төмендегеннен кейін қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды өткізуге ТШО 2 млрд теңге бөлді. Құлсары қаласында судан қорғану құрылыстарына ТШО 100-ге жуық арнайы техника жіберіп, жұмысшыларды тамақтандыру іс-шараларын ұйымдастырды, 550 мың литрден астам жанар-жағармай тегін берді. Көмек көрсету аясында биіктігі 3 м және ұзындығы 8 км-ден асатын бөгет салынды. Құрылысқа 100-ге жуық қызметкер және 60-тан астам түрлі техника тартылды.

Демеушілік және қайырымдылық

«Қаражанбасмұнай» АҚ Қаражанбас кен орнында алғашқы мұнай фонтаны атқылауының 50 жылдығына орай балалар ойын алаңын салуға 32 млн теңге көлемінде демеушілік көмек аударды.

«ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС Шымкент қаласында әлеуметтік жобаларды іске асыру үшін «Шымкент-қайырымды қала» корпоративтік әлеуметтік даму қорына 180 млн теңге демеушілік көмек көрсетті.

2024 жылдың сәуір айында ҚМГ «Самұрық – Қазына» қорының қайырымдылық көмектің бірыңғай операторы Samruk Kazyna Trust корпоративтік қоры арқылы су тасқынынан зардап шеккен өңірлерге 10 млрд теңге көлемінде көмек көрсетті.

ТАУАР/ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУШІЛЕРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

ҚМГ компаниялар тобының сатып алу қызметінің негізгі қағидаттары – заңнамалық және ішкі талаптарды сақтау, сатып алудың ашықтығы, адал бәсекелестікті дамыту және контрагенттер үшін тең мүмкіндіктер ұсыну. Сонымен қатар, ҚМГ қолданыстағы өндірістерді жаңғыртуға және жаңа өндірістерді құруға жәрдемдесу бағдарламасын іске асыру шеңберінде отандық өндірушілерді қолдау мақсатында сатып алу қызметінде бірқатар бастамаларды жүзеге асырады.

ҚМГ компаниялары тобындағы сатып алу қызметін басқару екі құжаттың негізінде жүзеге асырылады:

2022 жылы 1 қаңтардан бастап күшіне енген «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерін сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылы 8 маусымдағы № 47-VII Заңы (бұдан әрі – Заң).

Заң квазимемлекеттік сектор компанияларының, оның ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін компаниялардың жұмыс істеуін және жарғылық қызметін орындауды қамтамасыз ету үшін қажетті тауар, жұмыс, қызметті сатып алудың базалық қағидаттары мен негізгі ережелерін реттейді;

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық – Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен (бұдан әрі – Тәртіп) тиесілі заңды тұлғалардың Қордың директорлар кеңесінің 2022 жылы 3 наурызда №193 шешімімен бекітілген сатып алуларын жүзеге асыру тәртібі.

Тәртіп Заңның 14-бабына сәйкес әзірленді және сатып алудың негізгі қағидаттары мен тәсілдерін, сатып алу қызметін басқарудың жалпы тәртібін, сатып алу қызметін басқару саласындағы Қордың және сатып алу жөніндегі қор операторының құзыретін, сатып алу қызметінің процестеріне қойылатын негізгі талаптарды, сатып алудың қолданылатын тәсілдерін, сатып алуды бір көзден қолдану үшін негіздерін, сондай-ақ сатып алу санаттарын басқару бойынша сатып алу қызметінің процестерін толығырақ ашады[1], жеткізушілерді басқару және таңдау, жеткізу шарттарын басқару жөніндегі қызметтерді анықтайды.

Ең озық халықаралық стандарттар мен технологиялар негізінде ашықтық пен тиімділік деңгейін қамтамасыз ету және арттыру үшін ҚМГ компаниялар тобының сатып алу рәсімдерінде барлық мүдделі тұлғаларға сатып алу туралы ақпаратқа кедергісіз қол жеткізуді (бірінші кезекте мемлекеттік құпияға байланысты жекелеген ерекшеліктерді қоспағанда), сатып алудың барлық қатысушылары үшін мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз ететін «Электронды сатып алудың ақпараттық жүйесі» порталы (бұдан әрі — ЭСАЖ) қолданылады.

ЭСАЖ сатып алу циклінің барлық процедураларын автоматтандыруға және стандарттауға мүмкіндік береді (жоспарлау процесінен келісімшартты басқаруға дейін), тапсырмаларды орындау уақытын қысқартады және адам факторының әсер ету дәрежесін төмендетеді. Электронды сатып алу нарыққа қол жеткізуді жеңілдетеді және осылайша тиімділікті арттыруға, бәсекелестіктің өсуіне және әкімшілік жүктеме мен операциялық шығындардың төмендеуіне ықпал етеді.

ЭСАЖ-дан басқа, тапсырыс берушілер Қор басқармасы бекітетін тауарлар санаттарының тізбесі бойынша www.skstore.kz электрондық дүкенде белгілі бір өндірушілерден нақты маркалар мен үлгідегі тауарларды сатып ала алады (шекті сомасы 20 мың айлық есептік көрсеткішке дейін).

Сатып алу рәсімдері мен сатып алу келісімшарттарына қатысты сатып алу туралы ақпаратты, соның ішінде сауда-саттыққа қатысуға шақыру және шарт жасасу шарттары туралы ақпаратты көпшілікке таратудан басқа, ЭСАЖ іріктеу критерийлері мен Сауда-саттықты өткізу қағидаларын және оларды жариялауды қоса алғанда, бәсекелестік сатып алуға қатысу үшін талаптарды алдын ала белгілеуге мүмкіндік береді. Бұл ретте ЭСАЖ нормативтік құжаттарда белгіленген ережелер немесе рәсімдер сақталмаған жағдайда сатып алу нәтижелеріне шағымдануды қоса алғанда, ішкі бақылаудың тиімді жүйесін қамтамасыз етеді.

[1] Толығырақ ақпаратқа мерзімдер, құжаттаманың мазмұнына қойылатын талаптар және жүргізілетін рәсімдер сияқты мәселелер кіреді.

Сатып алудың жалпы көлемі

2024 жылы жалпы сатып алу көлемі, ҚҚС-ты есептемегенде, 1 219 млрд теңгеге жетті. ҚМГ сатып алу қызметінің маңызды аспектілерінің бірі – бір көзден сатып алуды қысқарту және бәсекелі сатып алу үлесін арттыру. Бәсекелес сатып алу ашық тендер, баға ұсыныстарын сұрау, электронды дүкен және тауар биржасы арқылы жүзеге асырылады. 2024 жылдың қорытындысына сай ҚМГ компаниялар тобы бойынша жылдық сатып алу жоспарының шарттары бойынша бәсекелестік сатып алу сомасы 593 млрд теңге немесе 51%-ды құрады, бұл ҚМГ-ның адал бәсекелестікті және тұрақты даму мақсаттарын қамтамасыз етуге ұмтылысын көрсетеді. Бәсекелестікке жатпайтын (бір көзден сатып алу тәсілі) сатып алулар оларды бәсекелестік тәсілмен сатып алу мүмкін болмаған ерекше жағдайларда ғана жүзеге асырылады.

1 219 млрд теңге
2024 жылға арналған жылдық сатып алу жоспарының жалпы көлемі

593 млрд теңге
2024 жылдың қорытындысына сәйкес ҚМГ компаниялар тобы бойынша жылдық сатып алу жоспарының нақты сатып алудың келісімшарттар сомасы

Бәсекелес сатып алулар, ҚҚС-ті қоспағанда млрд теңге[1]

Жыл	Тауарлар		Жұмыстар мен қызметтер		Барлығы	
	Сомасы	Үлесі, %	Сомасы	Үлесі, %	Сомасы	Үлесі, %
2022	237	23	275	26	512	49
2023	302	25	320	26	622	51
2024	258	22	335	29	593	51

Ұзақ мерзімді сатып алу шарттарын және бір жылдағы жергілікті қамту үлесін қоса алғанда жеткізілген тауар, жұмыс, қызметтің жалпы көлемі

Жыл	Тауарлар		Жұмыстар мен қызметтер		Барлығы[2]	
	Жалпы сомасы (млрд теңге)	Елішілік құндылық үлесі, %	Жалпы үлесі (млрд теңге)	Елішілік құндылық үлесі, %	Жалпы сомасы (млрд теңге)	Елішілік құндылық үлесі, %
2022	410	58	1 290	90	1 700	82
2023	606	50	1 580	88	2 186	77
2024	503	55	1 550	89	2 054	81

[1] Бәсекелес сатып алуларға ашық тендер, баға ұсыныстарын сұрау, электронды дүкен және тауар биржасы арқылы сатып алу жатады
[2] Ұзақ мерзімді сатып алу шарттарын қоса алғанда, жеткізілген тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жалпы көлемі ерекше тәртіпті қолдана отырып жүргізілген сатып алулар ескерілмей есептелген

Әлеуетті тауар/қызмет көрсетушілерді алдын ала біліктілік іріктеу

Қазақстандық және халықаралық практиканың талаптары мен стандарттарын ескере отырып, сатып алу қызметін жетілдіру – ҚМГ-ның басым міндеттердің бірі. Осы міндетті шешудің пәрменді құралы – әлеуетті өнім берушілерді алдын ала біліктілік бойынша іріктеуді жүргізу тетігін іске асыру.

Алдын ала біліктілік бойынша іріктеу[3] (АБІ) – сауалнама және аудит арқылы жүзеге асырылатын, сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне сәйкес айқындалған біліктілік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан әлеуетті өнім берушілерді бағалау процесі.


АБІ-нің негізгі мақсаттары – білікті, тиісті түрде іріктелген жеткізушілерді анықтау, Қордың портфельдік компанияларының қажеттіліктері үшін тауар, жұмыс, қызметтерді сатып алу тиімділігін арттыру.

Бүгінгі таңда Қордың алдын ала біліктілік іріктеу мәселелері жөніндегі комиссиясы ҚМГ-ның еншілес және тәуелді ұйымдары, АБІ рәсімінен өткен әлеуетті өнім берушілер арасында ашық тендер тәсілімен сатып алуды жүргізу үшін тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің 43 санатын бекітті.

2024 жылы ҚМГ АБІ өткізу үшін тауар, жұмыс, қызметтің он санаты бойынша біліктілік өлшерттарын әзірледі, олардың үш санаты 2023 жылы бекітілді. Қалған жеті санаты Қордың АБІ жөніндегі комиссиясының келісімін алу және бекіту процесінен өтуде.

43 тауарлардың
санаты АБІ қоры мақұлдады

АБІ процедурасы



[3] АБІ рәсімінен өткен әлеуетті өнім берушілер Біліктілік органы комиссиясының шешімімен «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу порталында ашық қорда жарияланған білікті әлеуетті өнім берушілердің тізіліміне енгізіледі.

Санат бойынша сатып алу

Сатып алу санаттарын басқару – басым санаттарға енгізілген тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу қызметіне және пайдалануға байланысты шығындарды азайтудың кешенді тәсілін әзірлеу процесі.

Санаттау сатып алу нысанасының және (немесе) әлеуетті өнім берушілердің бірыңғай нарығының жалпы белгілері бойынша тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу санатына біріктіру арқылы жүзеге асырылады. Санаттар тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің бір және бірнеше атауын қамтуы мүмкін. Басымдықтар ретінде шығындар деңгейі жоғары, сыни, үнемдеу және басқару әлеуеті бар санаттар анықталады.

Санаттарды басқару санат бойынша сатып алу стратегиясын әзірлеу және бекіту арқылы егжей-тегжейлі талдау арқылы үнемдеу әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл стратегия ұзақ мерзімді немесе қысқа мерзімді перспективада пайданы барынша көбейтуге негізделген тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудың оңтайлы тәсілін анықтайды. Санат бойынша сатып алу стратегияларында мақсаттар мен міндеттер, ішкі және сыртқы ортаны талдау, сатып алу санаттарын басқару тәсілдері, жеткізушілерді дамытуға қойылатын талаптар, пайданы есептеу және іске асыру жоспары болуға тиіс.

Санаттарды басқару стратегиялық жоспарлауды қолдану, сатып алынатын тауарлар мен қызметтерді егжей-тегжейлі талдау және меншіктің жалпы құнын есептеу арқылы, сондай-ақ бизнестің әртүрлі құрылымдық бөлімшелерімен кросс-функционалды өзара іс-әрекет жасау арқылы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу және пайдалану шығындарын едәуір төмендетеді. Жеткізудің бұл әдісі тиімді, өйткені ол сенімді өндірушілермен және жеткізушілермен жұмыс жасай отырып, сапаны, сондай-ақ анық бағаны қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сатып алу санаттарын басқару мыналарды қамтиды:
- сатып алынатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді санаттау және сатып алудың басым санаттарын айқындау;
- басым санаттар бойынша сатып алу категориялық стратегияларын әзірлеу (жаңарту) және бекіту;
- санат бойынша сатып алу стратегияларын іске асыру;
- санат бойынша сатып алу стратегияларын іске асыру мониторингі;
- жеткізушілерді дамыту.

2018-2024 жылдардағы санаттық сатып алу көлемі мен пайдасы, млн теңге

Көрсеткіш	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024
Санат бойынша сатып алу көлемі	13 948,38	41 531,68	49 716,04	109 447,54	93 618,92	115 545,23	124 942,2
Сатып алуды санат бойынша басқарудың пайдасы	1 565,01	4 101,81	7 011,23	13 109,53	8 435,32	7 534,63	13 368,3

Импортты алмастыру

Мұнай-газ саласында мемлекет мүддесін қорғайтын компания ретінде ҚМГ ҚМГ «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 8 маусымдағы № 47-VII Заңының талаптарына сәйкес сатып алуларда импортты алмастыруды ынталандыру бойынша белсенді жұмыс жүргізеді (офтейк-келісімшарттарды жасасу және орындау тәртібі. Жаңа өндірістерді құруға жәрдемдесудің бағдарламасы, бұдан әрі — Бағдарлама). Бағдарламаның негізгі мақсаты – негізінен компания қызметін жүргізетін өңірлерде жаңа өндірістерге бастамашы болған жеке кәсіпкерлерді қолдау, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларында сұранысқа ие өнімдерді шығару мақсатында технологиялық қайта жарақтандыру.

Офтейк-келісімшарттардың тетігі жобаны іске асыру нәтижесінде Қазақстан Республикасының аумағында өндірісі жолға қойылатын тауарларды сатып алу мен жеткізуді кейінге қалдыру шартымен импортты алмастыру жобаларының іске асырылуын көздейді.

2024 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ҚМГ-ның еншілес және тәуелді ұйымдары 2024 жылы жалпы сомасы 58,7 млрд теңгеге 137 офтейк-келісімшарт жасасты.

Жыл	Саны	Сомасы, млн теңге[1]
2019	10	270
2020	41	686
2021	49	388
2022	56	791
2023	64	1 687
2024	137	58 688
Барлығы	**357**	**62 510**

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 16 қыркүйектегі №353 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2023 жылы 1 қыркүйектегі «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 6-тармағына сәйкес, ҚМГ ұйымдары үшін 2024 жылға «тауарларды сатып алудағы офтейк-келісімшарттардың үлесін» 10%-ға жеткізуге арналған жаңа ҚБК әзірленіп, бекітілді. 2024 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ-ның сатып алуларындағы офтейк-келісімшарттардың үлесі 72 %-ға жетті.

Жалпы сомасы 57,8 млрд теңгеге
137 офтейк-келісімшарт жасалды

2024 жылғы ірі жобалардың жергілікті қамту бойынша басты көрсеткіштері

Көрсеткіш	Теңіз		Қашаған		Қарашығанақ	
	Жалпы сомасы	Жергілікті қамту үлесі, %	Жалпы сомасы	Жергілікті қамту үлесі, %	Жалпы сомасы	Жергілікті қамту үлесі, %
Жергілікті ТҚЖ-ға төленген жалпы сома	2,9 млрд АҚШ доллары	69	656,3 млн АҚШ доллары	62	679,6 млн АҚШ доллары	65
Жергілікті тауарларға жұмсалған шығын	38 млн АҚШ доллары	7	15,1 млн АҚШ доллары	16	37,9 млн АҚШ доллары	18
Жергілікті жұмыстарға жұмсалған шығын	1,5 млрд АҚШ доллары	80	392,1 млн АҚШ доллары	80	240,5 млн АҚШ доллары	67
Жергілікті қызметтерге жұмсалған шығын	1,3 млрд АҚШ доллары	77	249,1 млн АҚШ доллары	53	401,2 млн АҚШ доллары	84

Қор тарапынан ҚМГ үшін 2024 жылға арналған тауарлардағы, жұмыстардағы, қызметтердегі елішілік құндылық үлесі (ЕҚ) бойынша белгіленген ҚБК орындалғанын атап өтеміз (төмендегі кестені қараңыз).

Ұйым атауы	Барлығы	ЕҚ үлесі, %	Тауарлар			Жұмыстар/Қызметтер		
			Сомасы	ЕҚ үлесі, %	Қор белгілеген ҚБК	Сомасы	ЕҚ үлесі, %	Қор белгілеген ҚБК
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ	2 054	81 %	503	55 %	55 %	1 550	89 %	89 %

[1] Бұл сома тек ҚМГ-ның қатысу үлесі 50 % және одан көп болатын компанияларға ғана қатысты.

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ КИБЕРҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Цифрландыру

2024 жылы ҚМГ барлық жоспарланған міндеттерді мәлімдеген мерзімде сәтті орындады және ҚМГ-ның 2031 жылға дейінгі даму стратегиясына толық сәйкестігін қамтамасыз етті. Қазіргі уақытта корпоративтік деректерді жинау және шоғырландыру, ҚМГ-ның ERP-жүйесін жаңарту шеңберінде бизнес-процестерді реинжинирингтеу, сондай-ақ жұмыс тиімділігін одан әрі арттыру және ҚМГ-ның барлық бөлімшелері үшін IT сервистерінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында IT технологияларды интеграциялау бойынша жұмыс жалғасуда, бұл компанияның ұзақ мерзімді мақсаттарына сай келеді.

ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН ЖОБАЛАР:

Келісімшарттық іс жүргізу

Қазақстан Республикасының нарығында мұнай өнімдерін бөлудің транспаренттілігін қамтамасыз ету мақсатында ҚМГ «Келісімшарттық іс жүргізу» жүйесін әзірлеп, енгізді. Жүйе жанар-жағармай материалдарын сатып алушыларға ҚМГ-мен жеке кабинет арқылы құжат айналымының толық циклін жүзеге асыруға, сондай-ақ нақты уақыт режимінде мұнай өнімдерін сатып алуға өз өтініштерінің жағдайын бақылауға мүмкіндік береді. Бұл жүйені енгізу жанар-жағармай материалдарын ашық бөлінісін қоса алғанда, тұтынушылардың «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ коммерциялық қызметтеріне цифрлық рұқсатын қамтамасыз ете отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығының 6.1-тармағын орындауға мүмкіндік берді.

Электронды тапсырыс-наряд

Ұңғымаларды жерасты жөндеуге тапсырыс-нарядтарды жасау, келісу және бекіту процестерін автоматтандыру мақсатында «Өзенмұнайгаз» АҚ-да «Электронды тапсырыс-наряд» жобасы іске асырылды. Жоба аясында «Электронды тапсырыс-наряд» жүйесіне ӨМГ-нің №1, №2, №3, №4 мұнай-газ өндіру басқармалары, Қабат қысымын ұстау цехы және «Кезби» ЖШС қосылды. Жобаны іске асыру нәтижесінде 2024 жылы ұңғымаларды жерасты жөндеуге цифрлық форматта 5 470-ке жуық тапсырыс-нарядтар жасалып, бекітілді. Тапсырыс-нарядтарды келісу және бекіту уақыты екі сағаттан он минутқа дейін қысқартылды. Тапсырыс-нарядтардағы қателіктер мен сәйкессіздіктердің ықтималдығы азайтылды және өтінішті толтырудың дұрыстығын автоматты тексеру есебінен операциялардың ашықтығы қамтамасыз етілді.

Орындалған жұмыстардың онлайн актісі

Орындалған жұмыстар актілерін келісу және оларға қол қою процестерінің ашықтығы мен бюрократияның болмауын қамтамасыз ету мақсатында «Өзенмұнайгаз» АҚ-да «Орындалған жұмыстардың онлайн актісі» жобасы енгізілді. Жоба кез келген құрылғыдан қарау және келісу мүмкіндігімен тапсырыс берушінің де, контрагенттің де орындалған жұмыстар актілерін келісу процестерінің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ОРДА

«ОРДА» жобасы пайдаланушылар мен электрондық пошта қызметтерін Microsoft Exchange архитектурасына көшіруді қоса алғанда, 23 еншілес ұйымды kmg.kz бірыңғай доменге біріктіреді. Бұл әкімшілендіру, рұқсат беруді басқару және инфрақұрылымды орталықтан басқаруды жеңілдетеді. Жоба 8 мыңға жуық пайдаланушыны қамтиды, оларға ұйымның ресурстарына ашық түрде рұқсатты қамтамасыз етеді және домендер арасындағы өзара іс-қимылды жақсартады. Бұл шаралар қолдау мен IT персоналға шығындарды азайтады, kmg.kz бренд танымалдығын, инфрақұрылымды жаңғыртуды және жаңа бағдарламалық өнімдерді енгізуді жеңілдетеді.

IT қызметтерін басқару жүйесі (ITSM жүйесі[1])

ҚМГ тобы үшін IT қызметтерді басқарудың бірыңғай жүйесін (ITSM жүйесі) енгізу аясында орталықтандырылған ITSM жүйесін сегіз ЕТҰ-ға тарату жұмыстары жүргізілді (2024 жылдың 18 қарашасынан тәжірибелік пайдалануда).

Қазіргі уақытта ITSM жүйесіне қосылғандар:
- 17 ЕТҰ, ЕТҰ-ларда енгізілетін барлық IT қызметтердің орындалуын бақылау және мониторингтеу (100% қамту);
- 65 ЕТҰ, ҚМГ компаниялар тобы бойынша орталықтандырылған IT қызметтердің орындалуын бақылау және мониторингтеу, соның ішінде «Электронды құжат айналымын» (Directum) жобасының техникалық қолдауы және нормативтік-анықтамалық ақпаратты басқарудың автоматтандырылған жүйесі бар.

[1] IT Service Management, IT қызметтерді басқару.

ІСКЕ АСЫРЫЛЫП ЖАТҚАН ЖОБАЛАР:

KMG DATA жобасы

KMG DATA — бұл ҚМГ компаниялар тобының өндірістік, корпоративтік деректері мен көрсеткіштерін күнделікті жинайтын, шешім қабылдауды бақылау мен жеделдігін жақсартатын орталықтандырылған мониторинг жүйесі.

SAP S4 HANA платформасына көшу жобасы

Жоба аясында кейбір бизнес-процестерге реинжиниринг жүргізілетін болады, бұл SAP S/4HANA жүйесінің жаңа тиімді нұсқасына көшуге, регламенттеуші органдардың («Самұрық-Қазына» АҚ, ҚР Қаржы министрлігі) талаптарын орындауға, басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін ішкі бизнес-процестердің тиімділігін, деректердің сапасын, толықтығын арттыратын өтпелі процестерді жасауға мүмкіндік береді.

Нормативтік-анықтамалық ақпаратты басқарудың автоматтандырылған жүйесі жобасы

Номенклатураның қайталануын жоюға және жоспарлауды жақсартуға мүмкіндік береді, бұл қоймадағы қорларды азайтуға тікелей әсер етеді. ТЖҚ-ны орталықтан талдау және қоймадағы қалдықтарды бақылау операциялық тиімділікті арттырады және салмақты шешімдер қабылдауға көмектеседі. Сонымен қатар аталған жобада іскер серіктестердің (контрагенттердің) орталықтандырылған анықтамалығы жасалып жатыр. Бұл жобаның периметріне 35 ЕТҰ кірді.





Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету

ҚМГ-ның ақпараттық қауіпсіздік саласындағы мақсаты – ақпаратты сыртқы және ішкі қатерлерден қорғауды қамтамасыз ету, ықтимал шығындардың алдын алу және ҚМГ мен ЕТҰ-ның үздіксіз және толық жұмыс істеуі үшін әртүрлі кибершабуылдардан және санкцияланбаған әсерден болатын залалды азайту.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – бұл құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық қорғау шараларын біріктіретін үздіксіз процесс. Бұл ретте ақпараттық инфрақұрылымның қорғалуын талдауды, аудиттерді, пентестілеуді ұдайы жүргізу өте маңызды, өйткені ақпараттандыру жүйелерінің ауқымды қолданылуы үздіксіз технологиялық циклдар бар ірі мұнай-газ өндірістік кешендерінің аумақтық бөлінген кең инфрақұрылымына барынша тән. ҚМГ-ның қорғалған желілері мен жүйелеріне рұқсатсыз кірудің салдары инфрақұрылымға, тұтынушыларға ғана емес, жалпы ел үшін де апатты салдарға әкелуі мүмкін. Есепті кезеңде ҚМГ жүйелері мен жабдықтарының жұмысына айтарлықтай әсер ететін оқиғаларға жол берілмеді.

Осы міндетті іске асыру үшін ҚМГ Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздік саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарды қатаң сақтайды, сондай-ақ ISO/IEC 27001 ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі менеджмент жүйесінің халықаралық тәсілдері мен стандарттарын пайдаланады. Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесінің ISO/IEC 27001:2022 халықаралық стандартына сәйкестігі туралы сертификат компанияның деректердің ақпараттық қауіпсіздігі саласындағы жоғары стандарттарға ұмтылысын көрсетеді. Бұл сәйкестік сертификаты мүдделі тараптардың сенімі деңгейін нығайтып қана қоймайды, сонымен қатар ақпараттық қауіпсіздіктің жаһандық нормаларына сәйкес келуге дайын екендігін көрсетеді.

Ақпараттық қауіпсіздік периметрінде ҚМГ ақпараттық жүйелерінің АТ-инфрақұрылымын, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерін және технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйелерін қорғау жөніндегі ұйымдастырушылық және техникалық іс-шараларды іске асыруды қамтамасыз ету мәселелері тұр.

Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы тәуекелдер тұрақты негізде бағаланады, бұл ақпараттық қауіпсіздік қатерлерінің туындауының алдын алу үшін тәуекелдерді анықтауға және басқаруға, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығына (бұдан әрі – АҚЖО) қосылу арқылы ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын тұрақты мониторингтеу есебінен кибершабуылдың іске асырылуы тәуекелін азайтуға мүмкіндік береді. Есепті кезең ішінде АҚЖО 1 800 әлеуетті оқиғаны тіркеп, пысықтады.

ҚМГ киберқауіпсіздікке қатысты сыртқы бағалаулар мен аудиттерді, сондай-ақ ақпараттық инфрақұрылымның осал тұстарын анықтауға және жоюға бағытталған іс-шараларды тұрақты негізде жүргізеді. Ол үшін әлеуетті әлсіз жерлерді анықтау мақсатында ҚМГ және ЕТҰ жүйелерінің енуін жүйелі түрде сканерлеу, тестілеу жүзеге асырылады, сондай-ақ оларды жою жөніндегі шаралар жедел енгізіледі.

ҚМГ қызметкерлердің фишинг пен әлеуметтік инженерлік шабуылдарға байланысты қауіптерді алдын алуды қоса алғанда, ақпараттық қауіпсіздік саласындағы ақпаратын арттыруға ерекше назар аударады. Компанияда электрондық поштамен және басқа байланыс арналарымен жұмыс істеу кезінде қауіпсіз әрекеттердің тұрақты дағдыларын қалыптастыруға бағытталған оқыту тренингтері, семинарлар мен тестілеу үнемі өткізіліп тұрады.

Осал тұстарды талдау мен оқиғаларды мониторингтеудің автоматтандырылған жүйелерін қоса алғанда, заманауи және инновациялық технологияларды пайдалану компанияға киберқауіптерді алдын ала басқаруға мүмкіндік береді. 2024 жылы Компанияның корпоративтік веб-ресурстарына жасалған кибершабуылдардың жалпы саны 7 миллионнан асады.

Қызметкерлердің құзыреттерін дамытуды және озық технологияларды енгізуді біріктіретін кешенді тәсіл компанияның ақпараттық инфрақұрылымын тұрақты қорғауды қамтамасыз етеді.

ҚМГ басшылығы ақпараттық қауіпсіздік мәселелеріне ерекше назар аударады.

Жалпы, ақпараттық қауіпсіздікті тиімді басқару қауіп-қатерден қорғауды, заңнамаға сәйкестікті, беделді сақтауды, инновациялық өсуді қамтамасыз ете отырып, компанияның тұрақты дамуына ықпал етеді, оны ықпал етеді. Ақпараттық қауіпсіздік аспектілерін бизнес стратегиясына біріктіру – қазіргі корпоративтік басқарудың маңызды элементіне айналуда.

Алдағы уақытта ҚМГ Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздік саласының заңнамасында белгіленген талаптарды қатаң сақтай отырып, халықаралық тәсілдер мен стандарттарды пайдалана отырып, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жоғарыда аталған бағыттарды ұстануды, сондай-ақ жаңа және инновациялық технологияларды пайдалануды жоспарлап отыр.

2 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

ҚМГ корпоративтік басқару жүйесі акционерлер мен негізгі мүдделі тараптардың құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуге негізделеді және корпоративтік басқарудың қазақстандық және халықаралық практикасының талаптары мен стандарттарын ескеріп, үнемі жетіліп отырады.

180 б.
Корпоративтік басқару жүйелерін дамыту

194 б.
Директорлар кеңесі жұмысының нәтижелері

238 б.
ҚМГ акциялары құнының өсуі

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

ҚМГ корпоративтік басқару жүйесі Компания қызметін басқару мен бақылауды қамтамасыз ететін процестердің жиынтығын, сондай-ақ акционерлер (соның ішінде мажоритарлық акционерлер: «Самұрық-Қазына» АҚ, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры) және «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ), Директорлар кеңесі, Басқарма және мүдделі тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастар жүйесін білдіреді.

ҚМГ органдары құзыреттерінің аражігі нақты ажыратылған және ҚМГ Жарғысында бекітілген.

ҚМГ корпоративтік басқару жүйесі акционерлердің және негізгі мүдделі тараптардың: мемлекеттің, стратегиялық серіктестер мен контрагенттердің (жеткізушілер мен сатып алушылар), инвесторлардың, ҚМГ қызметкерлерінің, муниципалитеттердің, жергілікті қоғамдастықтардың және Компания қызметін жүзеге асыратын өңірлер тұрғындарының құқықтары мен заңдық мүдделерін құрметтеуге негізделеді.

Компанияның корпоративтік басқару жүйесі қазақстандық және халықаралық корпоративтік басқару тәжірибесінің талаптары мен стандарттарын ескере отырып, үнемі жетіліп отырады.



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Компанияның корпоративтік басқару органдарының жүйесі:

Жоғары орган
Акционерлердің жалпы жиналысы

Басқару органы
Акционерлердің жалпы жиналысына есеп беруші Директорлар кеңесі

1 **Атқарушы орган**
Директорлар кеңесіне есеп беруші Басқарма

2 **Корпоративтік хатшы**
өз функцияларын тұрақты және тәуелсіз негізде орындайды, Компанияның Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының мүшесі емес, ҚМГ Директорлар кеңесі тағайындайды және ҚМГ Директорлар кеңесіне есеп береді, өз құзыретінің шегінде ҚМГ корпоративтік басқару жүйесінде іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын орындайды

3 **Комплаенс қызметі**
Директорлар кеңесіне есеп береді, оның қызметі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және ҚМГ компаниялары тобының ішкі корпоративтік мәдениетін қалыптастыру мәселелері бойынша міндетті реттеушілік талаптар мен үздік халықаралық тәжірибенің сақталуын қамтамасыз етуге, қызметкерлер арасында ашықтықты, адалдықты қамтамасыз етуге, сондай-ақ үздік халықаралық стандарттарға, ішкі саясаттарға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бизнес жүргізу үшін жағдай жасауға бағытталған

4 **Ішкі аудит қызметі**
орталықтандырылған орган, Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және есеп береді, Қазақстан Республикасының «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңына сәйкес Қор тобына кіретін ҚМГ компаниялар тобының компаниялары мен өзге де ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару саласында бағалау жүргізеді, корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды орындау және компания мен ҚМГ компаниялар тобының қызметін жетілдіру мақсатында консультация береді

5 **Омбудсмен**
ҚМГ Директорлар кеңесі тағайындайтын тұлға, оның қызметі – өзіне жүгінген ҚМГ қызметкерлеріне консультация беру және еңбек дауларын, қақтығыстарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуде, сондай-ақ ҚМГ мен ЕТҰ қызметкерлерінің іскерлік этика қағидаттарын сақтауда жәрдем көрсету

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУ

Компания корпоративтік басқару саласындағы үздік практикаларға сай болуға ұмтылады және корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарына сай болу мен ашықтық — бұл болашақ инвесторлардың, контрагенттердің және өзге де стейкхолдерлердің сенімін нығайтуға, компания ресурстарын тиімсіз пайдалану тәуекелдерін төмендетуге, компания құнының өсуіне және әл-ауқатының ұлғаюына ықпал ететін инвестициялық тартымдылық пен қызметтің экономикалық тиімділігін арттырудың аса маңызды факторлары екенін түсінеді.

Компанияның Директорлар кеңесі ҚМГ-дегі корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылайды, ал корпоративтік хатшы оны үздіксіз жетілдіруді ұйымдастырады.

ҚМГ-ның корпоративтік басқару тәжірибесін қалыптастыру мен жақсартудың көздейтін басты құжат – ҚМГ-ның корпоративтік басқару кодексі[1] (бұдан әрі – Корпоративтік басқару кодексі, Кодекс). Кодекс Қазақстанда және әлемде дамып келе жатқан корпоративтік басқару тәжірибесін ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

Кодекс компаниядағы корпоративтік басқару жүйесі негізделетін қағидаттарды бекітеді. Директорлар кеңесі мен Аудит жөніндегі комитет Кодекстің ережелерін компанияға енгізуді бақылайды.

Кодекстің талаптарына сәйкес, Корпоративтік хатшы жыл сайын компанияның comply or explain («ұстан немесе түсіндір») тәсілін қолдана отырып, оның қағидаттары мен ережелерінің сақтауын талдайды. Қазіргі уақытта Кодекс талаптарының басым бөлігі сақталып келеді. Оның жекелеген ережелерін ішінара ұстанбау жағдайлары себептерімен бірге Кодекстің қағидаттары мен ережелерін ұстану/ұстанбау туралы 2024 жылдың есебінде (бұдан әрі – Ұстану туралы есеп) көрсетілген. ҚМГ-ның 2024 жылы Кодекстің қағидаттары мен ережелерін ұстану туралы есебімен жылдық Есепке берілген қосымшада танысуға болады.

Бірнеше жыл бойы ҚМГ Корпоративтік хатшысының қызметіне сәйкес корпоративтік басқару тәжірибесін жетілдіру бойынша ҚМГ қызметін дәйекті және жүйелі негізде ұйымдастырып келеді. Корпоративтік басқару саласын жақсарту мақсаттарын белгілеу мен процесті қадағалау үшін компания 2016 жылдан бастап дауыс беретін акцияларының 50%-дан астамы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық – Қазына» АҚ-ға тиесілі заңды тұлғаларда корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесін (бұдан әрі – Әдістеме) пайдаланады.

Әдістеме тәуелсіз тараптың компанияны корпоративтік басқару бойынша сараптамасының (аудитінің) нәтижелері бойынша рейтинг беруді көздейді. Мұндай сараптама тұрақты негізде жүргізіледі.

Сараптама нәтижелері бойынша әдістеме негізінде ҚМГ Корпоративтік хатшысының қызметі корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша жоспар жасайды, оны орындау нәтижелері тұрақты негізде Директорлар кеңесінің және компанияның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің назарына жеткізіледі.

2021 жылы тәуелсіз консультант PricewaterhouseCoopers компаниясы жүргізген корпоративтік басқарудың кезекті тәуелсіз сараптамасының нәтижелері бойынша Әдістеме негізінде ҚМГ-ге корпоративтік басқару рейтингі «BBB» деңгейінде берілді, бұл компания қол жеткізген прогресті көрсетті (2018 жылы жүргізілген алдыңғы сараптаманың нәтижелері бойынша компанияға «BB» рейтингі берілген) және Компанияның корпоративтік басқару жүйесінің барлық маңызды аспектілерде белгіленген критерийлердің көпшілігіне жауап беретінін және бұл ретте компанияда жүйенің тиімді жұмыс істейтінін растады. ҚМГ корпоративтік басқарудың келесі кезекті тәуелсіз диагностикасы 2025 жылы жүргізілетін болады.

Компания жоғарыда аталған ұсыныстарды есепке ала отырып, оларды корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспарға енгізді және 2024 жылды ҚМГ корпоративтік басқару жүйесінің ашықтық, акционерлердің құқықтары, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау мен аудит, Директорлар кеңесі мен атқарушы орган қызметінің тиімділігі, тұрақты даму сынды салалары бойынша одан әрі жетілдіруге бағытталған іс-шараларды жүйелі іске асыруға арнады. Қалыптасқан тәжірибеге сәйкес, ҚМГ корпоративтік хатшысы корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспардың орындалуына тұрақты мониторинг жүргізеді және осы жоспардың орындалуы туралы есептерді Аудит жөніндегі комитет пен Директорлар кеңесі қарап, ҚМГ менеджментіне кері байланыс беріп отырады.

Корпоративтік басқаруды жетілдіру мақсатында «Самұрық-Қазына» АҚ және ҚМГ-ның 2031 жылға дейінгі даму стратегияларында «Корпоративтік басқару рейтингі» ҚБК-ның жоғары көрсеткіштеріне жету бойынша негізгі кезеңдер айқындалды. Бұл ҚМГ-ның мажоритарлы акционері – «Самұрық-Қазына» АҚ, Директорлар кеңесі, Аудит жөніндегі комитеті және компанияның менеджмент тарапынан корпоративтік басқаруға жоғары көңіл бөлінгенін айғақтайды.

Жалпы, компаниядағы корпоративтік басқаруды жетілдіру – үздіксіз жүретін процесс, оның маңызды міндетіне тәуелсіз тараптан рейтинг алу және жақсарту бойынша тиісті ұсыныстар алу жатады.

[1] 2024 жылдың 28 мамырдағы ҚМГ Акционерлерінің жалпы жылдық жиналысында бекітілген (№1/2024 хаттама, №4 мәселе).

ҚМГ-да корпоративтік басқаруды жетілдіру процесі

1. Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспарды әзірлеу, бекіту және іске асыру
2. Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспарды іске асыруды мониторингілеу, Директорлар кеңесі мен Аудит жөніндегі комитет үшін есеп беру
3. Корпоративтік басқаруды сараптау және корпоративтік басқару рейтингіне қол жеткізу, жетілдіру бойынша ұсыныстар қалыптастыру

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

Акционерлердің жалпы жиналысы – компанияның басқару құрылымының жоғары органы. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыреті, оны шақыру, өткізу және қорытындылау тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында және компанияның Жарғысында айқындалады. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. ҚМГ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын ҚМГ Директорлар кеңесі шақырады немесе акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру бойынша бекітілген тәртіпті компанияның органдары бұзған жағдайда кез келген мүдделі тараптың арызы бойынша сот шешімінің негізінде шақырылып, өткізілуі мүмкін. ҚМГ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы ҚМГ Директорлар кеңесінің немесе ҚМГ акционерлерінің кез келгенінің бастамасы бойынша, сондай-ақ компанияның органдары акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы ҚМГ-ның ірі акционерінің арызы бойынша сот шешімі негізінде шақырылуы мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі жасақтайды және талқылауға шығарылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің толық тізбесін қамтуға тиіс.

2024 жылы ҚМГ акционерлерінің бір жалпы жиналысы (жылдық) өтті, онда сегіз мәселе қаралды, соның бір мәселесі Директорлар кеңесінің құрамына қатысты болды. Атап айтқанда, Директорлар кеңесі құрамынан Директорлар кеңесінің мүшесі, ҚМГ Басқарма төрағасы Мырзағалиев М.М. шығарылып, Директорлар кеңесінің құрамына жаңадан тағайындалған ҚМГ Басқарма төрағасы Хасенов А.Ғ. енгізілді.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы аясында 2023 жылға арналған жылдық қаржылық есептілікті бекіту, 2023 жылғы ҚМГ таза кірісін бөлу тәртібі және ҚМГ-ның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері, акционерлердің ҚМГ және оның лауазымды адамдарының 2023 жылғы әрекеттеріне өтініші мәселелері қаралды.

2024 жылы ҚМГ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының шешімімен ҚМГ Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Компанияның миноритарлық акционерлермен өзара іс-қимылы және олардың құқықтары туралы толығырақ «Акционерлермен және инвесторлармен өзара іс-қимыл» бөлімінде ұсынылған.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі ҚМГ қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің шешімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында және ҚМГ Жарғысында белгіленген тәртіппен қабылданады. Қазақстан Республикасының заңнамасында және ҚМГ Жарғысында белгіленген шешімдерді қабылдау үшін қажетті кворумға және Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысына қарамастан, айтарлықтай маңызды мәселелер бойынша шешімдерді Директорлар кеңесі іштей отырыстарда қабылдайды, шешімдерді қабылдауға Директорлар кеңесінің барлық мүшелері (Директорлар кеңесі мүшелерінің шешім қабылдауға мүдделі болған жағдайларды қоспағанда) қатысады және бұл шешімдер Директорлар кеңесінің барлық мүшесінің пікірін ескеріліп қабылдануы үшін бар күш-жігер жұмсалады. Директорлар кеңесінің функциялары толығырақ ҚМГ-ның 2023 жылғы есебінің 220-бетінде мазмұндалған.

Компанияның Директорлар кеңесінің қызметі ҚМГ Жарғысымен, Корпоративтік басқару кодексімен және Директорлар кеңесі туралы ережемен реттеледі және жыл сайын әзірленетін жұмыс жоспарына және отырыстар өткізу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда, Директорлар кеңесі жұмыс жоспарына енгізілмеген мәселелерді де қарайды.

ҰСЫНУ ЖӘНЕ ІРІКТЕУ ТӘРТІБІ

Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды ұсыну және іріктеу тәртібі ҚМГ Жарғысында және ҚМГ ішкі құжаттарында, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары директорлар кеңесінің/байқау кеңестерінің құрамдарын қалыптастыру жөніндегі ережелерінде белгіленеді. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің төрағасымен және Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетінің төрағасымен бірге жүзеге асырады және ашықтық, әділдік пен кәсіби шеберлік қағидаттарына негізделеді.

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелері акционерлер — жеке тұлғалар, акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған тұлғалар, сондай-ақ компанияның акционерлері емес және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған өзге де жеке тұлғалар қатарынан сайлануы мүмкін. Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткерлердің лауазымдық функцияларды орындау және компанияның ұзақ мерзімді құны мен тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін қажетті білімі, дағдылары мен тәжірибесі болуы керек және іскерлік беделі мінсіз болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің төрағасын акционерлердің жалпы жиналысы сайлайды.

Тәуелсіз директорлар ҚМГ Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне, Директорлар кеңесі туралы ережеге, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары директорлар кеңесінің/байқау кеңестерінің құрамдарын жасақтау ережелеріне сәйкес іріктеледі.



САБАҚТАСТЫҚ, ЛАУАЗЫМҒА КІРІСПЕ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ

Компанияда 2021-2024 жылдарға арналған Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастығын қамтамасыз ету саясаты және Сабақтастық жоспары әзірленіп, бекітілді.

ҚМГ-де Директорлар кеңесі 2017 жылы бекіткен ҚМГ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін лауазымға енгізу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) қолданылады. Директорлар кеңесінің 2020 жылғы маусымдағы шешімімен Бағдарлама Компанияның функционалды блоктарының басшыларымен кездесулер, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағаларымен кездесулер өткізу қажеттілігі туралы тармақпен толықтырылды. Корпоративтік хатшы Бағдарламаның орындалуына, яғни Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерінің онда көзделген барлық іс-шаралардың іс жүзінде өтуіне мониторинг жүргізеді. Бағдарлама шеңберінде құжаттарды жаңарту бойынша тұрақты жұмыс жүргізілуде. 2024 жыл ішінде Бағдарламаға сәйкес лауазымға кіріспе рәсімінен ҚМГ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесі – ҚМГ Басқарма төрағасы А.Ғ.Хасенов өтті.

ҚМГ-да 2013 жылы Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру және сыртқы сарапшыларды «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне тарту жөніндегі саясат қолданылады.

Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 5 маусымдағы шешімімен (№14/2024 хаттама, №7 сұрақ) Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 6 желтоқсандағы шешімімен бекітілген 2023-2024 жылдарға арналған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіби даму бағдарламасына өзгерістер енгізілді (№24/2023 хаттама, №8 сұрақ). Бұл ретте Директорлар кеңесінің мүшелері өз біліктілігін үздіксіз жетілдіріп отырады және өткен тренингтер туралы мәліметтерді ұсынып, бұл ақпарат компанияның веб-сайтында орналастырылады.

ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАР

Директорлар кеңесінің жұмысында тәуелсіз директорларға маңызды орын беріледі. Олар саны бойынша Директорлар кеңесінің комитеттерінде басым және сол комитеттердің төрағалары болады. Тәуелсіз директорлар тәуелсіздіктің барлық заңнамалық шарттарына, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларында директорлар кеңесінің құрамын жасақтау ережелеріне және Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес келеді.

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес тәуелсіз және объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсібилігі мен дербестігі бар, жекелеген акционерлердің, атқарушы органның және өзге де мүдделі тараптардың ықпалынан еркін адам тәуелсіз директор деп танылады. Тәуелсіз директорлар мүдделер қақтығысы болатын мәселелерді (қаржы және қаржы емес есептілігін дайындау, жасалуына мүдделілік бар мәмілелер жасасу, атқарушы органның құрамына кандидаттар ұсыну, атқарушы органның мүшелеріне сыйақы белгілеу) талқылауға белсенді қатысады. Тәуелсіз директор тәуелсіздік мәртебесінің жоғалу ықтималдығын қадағалайды және осындай жағдайлар болғанда Директорлар кеңесінің төрағасын алдын ала хабардар етуге тиіс екенін біледі. Директорлар кеңесі мүшесінің тәуелсіздігіне әсер ететін мән-жайлар болған жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасы тиісті шешім қабылдау үшін осы ақпаратты дереу акционерлердің назарына жеткізеді. 2024 жылы мұндай жағдайлар болған жоқ.

Үздік халықаралық тәжірибені ұстана отырып, компания өзінің тәуелсіз директорларының жоғары стандарттарға сай болуына ұмтылады және директордың тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін немесе нұқсан келтіргендей болып көрінетін жағдайлардың жоқтығын мәлімдейді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

Компания Директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлар санына қатысты Корпоративтік басқару кодексінің талаптарын ұстанады, оған сәйкес тәуелсіз директорлар саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 50%-нан астамын құрайды.

2024 жыл ішінде Директорлар кеңесі құрамы тоғыз адамнан тұрды.

Компания акционерлерінің жалпы жиналысының 2023 жылғы 14 тамыздағы шешімімен (№4/2023 хаттама, №1 сұрақ) төрт тәуелсіз директорды қоса алғанда, сегіз адамнан тұратын Директорлар кеңесінің қолданыстағы құрамы жасақталды:

1. Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы — «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі, ҚМГ Директорлар кеңесінің төрағасы;
2. Отыншиев Елжас Мұратұлы — «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі;
3. Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы — «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі;
4. Мырзағалиев Мағзұм Маратұлы («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы);
5. Жұбаев Арманбай Сапарбаұлы — тәуелсіз директор;
6. Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы — тәуелсіз директор;
7. Холланд Филип Малкольм — тәуелсіз директор;
8. Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы — тәуелсіз директор.

ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының 2023 жыл 6 қарашадағы шешімімен (№5/2023 хаттама, №1 сұрақ) 9 адамнан тұратын Директорлар кеңесінің құрамы белгіленіп, Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры болып Шәкіров Асқар Оразалыұлы сайланды.

ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының 2024 жылғы 28 мамырдағы шешімімен (№1/2024 хаттама, №7 сұрақ) Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде ҚМГ Басқарма төрағасы Мырзағалиев Мағзұм Маратұлының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды және Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде ҚМГ Басқарма төрағасы Хасенов Асхат Ғалымұлы сайланды.

Директорлар кеңесінің құрамы (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша) тоғыз адамнан тұрады. Директорлар кеңесінің төрағасы – «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі.

9 адам
Директорлар кеңесінің құрамы

Директорлар кеңесі мүшелерінің құзыреттері

	Директорлар кеңесінің мүшесі	Негізгі құзыреттері
1	Бердіғұлов Е.К.	Стратегия, корпоративтік басқару, активтерді басқару, қаржы
2	Хасенов А.Ғ.	Мұнай-газ саласы
3	Холланд Ф.М.	Мұнай-газ саласы, жобаларды бағалау, денсаулық сақтау және қауіпсіздік
4	Жұбаев А.С.	Қаржы
5	Мыңшәріпова С.Н.	Аудит, қаржы, комплаенс
6	Қарабалин Ұ.С.	Мұнай-газ саласы, стратегия
7	Отыншиев Е.М.	Инвестициялар, активтерді басқару, стратегия
8	Арғынғазин А.Ә.	Корпоративтік қаржы, аудит
9	Шәкіров А.О.	Заңтану, халықаралық қатынастар

Тәуелсіз директорлар


ХОЛЛАНД Ф. М.
Тәуелсіз директор
2020


ЖҰБАЕВ А.С.
Тәуелсіз директор
2023


АРҒЫНҒАЗИН А.Ә.
Тәуелсіз директор
2023


МЫҢШӘРІПОВА С.Н.
Тәуелсіз директор
2023


ШӘКІРОВ А.О.
Тәуелсіз директор
2023

«Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері


БЕРДІҒҰЛОВ Е. Қ.
«Самұрық-Қазына» АҚ өкілі
2023


ОТЫНШИЕВ Е.М.
«Самұрық-Қазына» АҚ өкілі
2023


ҚАРАБАЛИН Ұ.С.
«Самұрық-Қазына» АҚ өкілі
2016


Атқарушы директор


ХАСЕНОВ А.Ғ.
Басқарма төрағасы
2024

Директорлар кеңесінің құрылымы[1]

Директорлар кеңесінің құрылымы түрлі бағыт бойынша құрамның теңдігін (кәсіби білім мен дағдылар тұрғысынан), адамдардың жасы мен гендерлік құрамы бойынша әртүрлі болуын көрсетіп, Директорлар кеңесі мүшелерінің резиденттік елдерімен сипатталады.

Директорлар кеңесінің тоғыз мүшесінің ішінен сегіз адам – Қазақстан азаматтары, біреуі – Ұлыбритания азаматы.



5
Тәуелсіз директорлар

3
«Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері

1
Атқарушы директор (Басқарма төрағасы)

53 жас
Директорлар кеңесі мүшелерінің орташа жасы

Директорлар кеңесінің жасы бойынша құрылымы



5 адам
36 жастан 49 жасқа дейін

1 адам
50 жастан 59 жасқа дейін

3 адам
60 жастан 77 жасқа дейін



[1] 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша.

ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің өмірбаяны



БЕРДІҒҰЛОВ ЕРНАТ ҚҰДАЙБЕРГЕНҰЛЫ

ҚМГ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына 2023 жылдың сәуір айынан бастап кіреді.

Туған күні: 1987 жыл 3 қыркүйек.

Білімі

- 2004 – 2005 – Marysville Pilchuck High School (Мэрисвил, Вашингтон, АҚШ), болашақ көшбасшылармен алмасу бағдарламасы (FLEX);
- 2004–2007 – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан), халықаралық қатынастар факультеті, «аймақтану» мамандығы, (3 курсты бітіріп, одан кейінгі оқу – «Болашақ» стипендиялық бағдарламасы бойынша);
- 2007–2010 – University of Toronto (Торонто, Канада), мемлекеттік саясат және халықаралық қатынастар («саяси экономика» бағыты);
- 2015–2018 – University of Warwick (Ковентри, Ұлыбритания), бизнес әкімшілендіру магистрі (қашықтан бағдарлама);
- 2022–2023 – Harvard Business School (Бостон, Массачусетс, АҚШ), көшбасшылықты дамыту бағдарламасы (басқарушылық құрамға арналған бағдарлама).

Жұмыс тәжірибесі

- 2010 – 2011 – «Семізбай-U» ЖШС («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ еншілес кәсіпорны, Алматы, Қазақстан), бизнес әкімшілендіру бөлімінің бас маманы
- 2011 – 2012 – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (Астана, Қазақстан), жоба менеджері, Басқару есептілігі жүйесін (БЕЖ) енгізу жөніндегі жобалау офисі
- 2013 – 2018 — «Самұрық-Энерго» АҚ (Астана, Қазақстан), жобаларды басқару департаментінің директоры, стратегиялық даму департаментінің директоры, Басқарма төрағасының кеңесшісі (қаржы-экономикалық мәселелер бойынша), «Талдамалық қолдау» департаментінің директоры
- 2018 – 2019 – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (Астана, Қазақстан), активтерді басқару дирекциясының талдаушысы
- 2019 – 2021 – Whiteshield Partners («мемлекеттік сектордағы консалтинг» бағыты, Астана, Қазақстан), жобалар жетекшісі (аға талдаушы ретінде бастады, 2020 жылғы ақпанда консультанқа дейін, ал 2021 жылғы ақпанда жобалар жетекшісіне дейін жоғарылады)
- 2021 – 2022 – стратегия, тұрақты даму және цифрлы трансформация жөніндегі тең басқарушы директор
- 2022 – қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ, (Астана, Қазақстан), стратегия және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор

Қоса атқаратын жұмыс пен ДК-дегі мүшелік

- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы
- «QazaqGaz» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
- «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

Мемлекеттік наградалар, құрметті атақтары

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасы — «Құрмет» ордені, 2022
- Қазақстан Республикасы Президенттік жастар кадр резервінің мүшесі, 2021
- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған мерейтойлық медаль, 2021
- Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі – Қауіпсіздік кеңесі хатшысының Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесі жанындағы Сараптамалық кеңестің қызметіне, ұлттық қауіпсіздік, сыртқы саясат және экономикалық даму саласындағы стратегиялық және талдамалық құжаттарды дайындауға белсенді және жемісті қатысқаны үшін алғысы, 2020
- Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі басшысы орынбасарының сыртқы саясат және экономикалық даму саласындағы стратегиялық және талдамалық құжаттарды дайындауға қосқан үлесі үшін алғысы, 2020
- Президенттік жастар кадр резервінің мүшесі, желтоқсан, 2019

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ-ның, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамаған.



ХАСЕНОВ АСХАТ ҒАЛЫМҰЛЫ

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі,
ҚМГ Басқарма төрағасы

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына 2024 жылдың 28 мамырынан бастап кіреді.

Туған күні: 1983 жыл 13 қазан.

Білімі

- 2000–2005 — Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, мамандығы «мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау»
- 2009–2013 — Халықаралық бизнес университеті, мамандығы «менеджмент»

Жұмыс тәжірибесі

- Еңбек жолын 2005 жылы «Торғай Петролеум» АҚ (Қызылорда қ.) мұнай және газ өндіру цехының 3-разрядтағы операторы болып бастады.
- 2006–2010 — «Мұнай және газ өнеркәсібінің бас диспетчерлік басқармасы» АҚ, жетекші, бас маман, мұнай-газ кен орындарын игеру мониторингі бөлімінің бастығы, директордың орынбасары, департамент директоры, вице-президент
- 2011–2019 — Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі, Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің мемлекеттік инспекция және рұқсат беру басқармасының басшысы, Мұнай-химия және техникалық реттеу департаментін директоры
- 2019–2022 — «KLPE» ЖШС, Басқарма төрағасының орынбасары
- 2022–2024 — Қазақстан Республикасы Энергетика вице-министрі (жер қойнауын пайдалану және мұнай-газ химиясын дамыту мәселелеріне жетекшілік етті, сондай-ақ Көмірсутек кен орындарын барлау және игеру жөніндегі орталық комиссияны басқарды)
- 2024 — қазіргі уақытқа дейін — «ҚазМұнайГа» ҰК АҚ Басқарма төрағасы.

Мемлекеттік наградалар, құрметті атақтары

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасы — «Құрмет» ордені, 2023
- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған мерейтойлық медаль, 2011
- «KAZENERGY» қауымдастығының мерейтойлық медалі
- «Атамекен» ҚР ҰКП мерейтойлық медалі
- «Қазақстан мұнайына – 120 жыл» мерейтойлық медалі
- Қазақстан Республикасы Президентінің Құрметі грамотасы, 2015
- Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің Құрмет грамотасы
- Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Құрмет грамотасы
- Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Құрмет грамотасы

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ-ның, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамаған.



ҚАРАБАЛИН ҰЗАҚБАЙ СҮЛЕЙМЕНҰЛЫ

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі,
«Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына 2016 жылдан бастап кіреді.

Туған күні: 1947 жыл 14 қазан.

Білімі

- И.М. Губкин атындағы Мәскеу мұнай-химия және газ өнеркәсібі институты, мамандығы – «тау-кен инженері»
- И.М. Губкин атындағы Мәскеу мұнай-химия және газ өнеркәсібі институтының аспирантурасы;
- Техника ғылымдарының кандидаты;
- Техника ғылымдарының докторы;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық инженерлік академиясының академигі.

Жұмыс тәжірибесі

Әр жылдары «Қазмұнайгазбарлау» басқармасының Оңтүстік Ембі мұнай-газ барлау экспедициясында, Қазақ ғылыми-зерттеу геологиялық-барлау мұнай институтында, «Каспий маңы геология» аумақтық басқармасында, В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының Гурьев филиалында. Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің өнеркәсіп бөлімінде жұмыс істеді. Әр жылдары Қазақстан Республикасы Энергетика және отын ресурстары министрлігінің Мұнай және газ бас басқармасының бастығы, Қазақстан Республикасы Энергетика және отын ресурстары министрінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрінің орынбасары, «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» ЖАҚ бірінші вице-президенті және президентінің міндетін атқарушы, «ҚазТрансГаз» ЖАҚ президенті, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ президенті, ММГ бас директоры, «Қазақстан мұнай және газ институты» АҚ бас директоры, Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрі, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бірінші орынбасары қызметтерін атқарды. «Қазтрансойл» ЖАҚ, «Мұнай және газ тасымалдау» ҰК ЖАҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК ЖАҚ және «ҚазМұнайГаз «Барлау Өндіру» АҚ директорлар кеңестерінің төрағасы, KAZENERGY қауымдастығы үйлестіру кеңесінің төрағасы, «ҚазРосГаз» ЖШС Байқау кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық инвесторлар кеңесінің мүшесі, KAZENERGY қауымдастығы төрағасының орынбасары, «Атырау мұнай және газ университеті» Директорлар кеңесінің төрағасы, «ҚМГИ» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор) қызметтерін атқарған.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 19 310 жай акциясына ие.



ОТЫНШИЕВ ЕЛЖАС МҰРАТҰЛЫ

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі,
«Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына 2023 жылдан бастап кіреді.

Туған күні: 1987 жыл 1 сәуір.

Білімі

- 2004–2008 – Мәскеу физика-техникалық институты, жалпы және қолданбалы математика факультеті, мамандығы «қолданбалы математика және физика» (бакалавр);
- 2008–2010 – Мәскеу физика-техникалық институты, жалпы және қолданбалы математика факультеті, мамандығы «қолданбалы математика және физика» (магистр).

Жұмыс тәжірибесі

- 2007–2008 – Ernst&Young (Мәскеу), Аудиторлық және консультациялық қызметтер, технологиялар және қауіпсіздік қызметтері бөлімі, лауазымдары – талдаушыдан аға талдаушыға дейін
- 2008–2009 - Ernst&Young (Москва), Бағалау және бизнес-модельдеу бөлімі, талдаушы
- 2009–2012 - «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ, Инвестициялық жобалар департаменті, Қаржы институттарымен жұмыс департаменті, лауазымдары – менеджерден Департамент директорына дейін
- 2012–2014 - «Самұрық-Қазына» АҚ, Инвестициялық жобалар департаменті, бас менеджер
- 2014–2016 - «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС («Самұрық-Қазына» АҚ-ға іссапарға жіберілді), Қордың инвестициялық қызметін жобалық талдау департаментінің директоры
- 2016–2018 - «Самұрық-Қазына» АҚ, Жаңа жобаларды дамыту департаментінде жоба директоры (өсіп келе жатқан портфельдік компанияларды басқару)
- 2018–2019 - «Самұрық-Қазына» АҚ, Активтерді дамыту департаменті Тау-кен активтерін дамыту секторының басшысы
- 2019 – Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company Ltd., Тікелей инвестициялар департаменті, аға талдаушы/VP
- 2019–2021 - «PlanetCare Management» ЖШС, Бас директордың инвестициялар және даму жөніндегі орынбасары
- 2021–2023 – Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company Ltd., Басқарма төрағасының орынбасары
- 2023 – қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» АҚ, Стратегия және активтерді басқару жөніндегі тең басқарушы директор

Өзге де қызмет/ лауазым түрлері

- 2023 жылғы маусымнан бастап – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
- 2023 жылғы мамырдан бастап – «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
- 2023 жылғы маусымнан бастап – «нысандарды салу жөніндегі компания» корпоративтік қорының Қамқоршылық кеңесі мүшесі.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ-ның, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамаған.



ХОЛЛАНД ФИЛИП МАЛКОЛЬМ

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі,
тәуелсіз директор

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына 2020 жылдан бастап кіреді.

Туған күні: 1954 жыл 25 желтоқсан.

Білімі

- Лидс университеті (Ұлыбритания), азаматтық құрылыс саласында ғылым бакалавры
- Крэнфилд технологиялық институты (Ұлыбритания), «инженерия/құрылысты басқару» мамандығы бойынша ғылым магистрі

Жұмыс тәжірибесі

- 1976 жылы Лидс университетін бітіріп, 1980 жылы Ұлыбритания мен Сауд Арабиясында жұмыс істегеннен кейін, әлемнің түрлі елдеріндегі ірі мұнай-газ жобаларын басқара отырып, Bechtel Corporation-ға қосылды.
- 2004 жылы Shell компаниясында Shell Global Solutions жобалар жөніндегі вице-президент лауазымында жұмыс істей бастады.
- 2009 жылы Shell жаңадан құрылған жобалар және технологиялық бизнес жөніндегі бөлімшесінде даунстрим жобалары жөніндегі атқарушы вице-президент болды.
- 2010 жылы Қазақстанда Қашаған жобасының екінші сатыдағы директоры болып тағайындалды. Одан кейін «Әл-Қараана» Shell\QP мұнай-химия жобасында жұмысын жалғастырды.
- 2013 жылдан бастап жобаларды басқару бойынша тәуелсіз кеңесші болып жұмыс істеді. Ол – Velocys PLC компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы, сондай-ақ EnQuest plc компаниясының атқарушы емес директоры және қауіпсіздік, климат және тәуекелдер жөніндегі комитетінің төрағасы.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ-ның, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамаған.



ЖҰБАЕВ АРМАНБАЙ САПАРБАЙҰЛЫ

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі,
тәуелсіз директор

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына 2023 жылдан бастап кіреді.

Туған күні: 1977 жыл 28 қаңтар.

Білімі

- 1997–1999 – Дюкейн университеті (Питсбург, АҚШ), «бизнесті басқару» (BSBA) мамандығы бойынша бакалавр дәрежесі
- 2002–2003 – Оксфорд университеті (Ұлыбритания), салыстырмалы әлеуметтік саясат ғылымдарының магистрі (MSC Comparative Social Policy)
- 2005–2007 – Калифорния университеті (Беркли қ., АҚШ), MBA дәрежесі;
- 2012 жылдан бастап – сертификатталған қаржылық талдаушы, CFA.

Жұмыс тәжірибесі

- 2006–2008 – SAP компаниясы (АҚШ), маркетинг маманы
- 2009–2010 – Маккинзи компаниясы (Мәскеу, Ресей), кеңесші
- 2010–2012 – Полиметалл компаниясы (Қазақстан)
- 2012–2013 – «КПМГ» компаниясы (Қазақстан), аға менеджер
- 2013–2020 – PwC компаниясы (Қазақстан), аға менеджер, директор
- 2020 – бүгінге дейін – STRATEGYLAB ЖШС консультациялық компаниясының негізін қалаушы.

Өзге де қызмет/ лауазым түрлері

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
- «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
- «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ-ның, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамаған.



АРҒЫНҒАЗИН АРМАН ӘНУАРБЕКҰЛЫ

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі,
тәуелсіз директор

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына 2023 жылдан бастап кіреді.

Туған күні: 1978 жыл 1 желтоқсан.

Білімі

- Boston University School of Management (Бостон, АҚШ), іскерлік әкімшілендіру саласындағы ғылым бакалавры, «корпоративтік қаржы» саласына маманданған, декан тізіміне енді (оқудағы жоғары нәтижелері үшін)

Жұмыс тәжірибесі

- 2000 – Halyk Bank («Қазақстан Халық Банкі» АҚ), қаржы талдаушысы
- 2001–2003 – HSBC Bank Kazakhstan (Алматы), клиенттермен жұмыс жөніндегі менеджер, маман, бизнесті дамыту бөлімі бастығының орынбасары
- 2004–2006 – ABN AMRO Bank Kazakhstan (Астана), Астана қ. филиалының басқарушысы/ коммерциялық банкинг жөніндегі вице-президенттің орынбасары
- 2006 – ABN AMRO Bank Kazakhstan (Астана), Астана қ. филиалының басқарушысы/ металлургия және пайдалы қазбаларды өндіру бағытының басшысы (Metals және Mining)
- 2006–2012 – RBS Kazakhstan (Алматы), корпоративтік банкинг басшысы, Басқарма мүшесі, атқарушы директор
- 2012–2021 – UBS AG Өкілдігі (Алматы), Басқарушы директор.

Өзге де қызмет/ лауазым түрлері

- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз директор
- Kazakhstan Investment Development Fund Директорлар кеңесінің мүшесі.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ-ның, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамаған.



МЫҢШӘРІПОВА САЯ НАЙМАНБАЙҚЫЗЫ

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі,
тәуелсіз директор

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына 2023 жылдан бастап кіреді.

Туған күні: 1970 жыл 19 қазан.

Білімі

- 1987–1992 – Қазақ мемлекеттік экономикалық университеті Алматы)
- 2008–2010 – Ломоносов атындағы ММУ Жоғары бизнес мектебі (Мәскеу(, Executive MBA
- Сертификатталған тәуелсіз директор (Certificate IOD), Institute of Directors (Ұлыбритания)
- Аудитор, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің №0000174 мемлекеттік лицензиясы
- 1-ші санаттағы салық кеңесшісі

Жұмыс тәжірибесі

- 1995–2008 – аудитор, коммерциялық ұйымдарда бас бухгалтер
- 2008–2015 – «Самұрық-Қазына» АҚ Аудит және бақылау департаментінің директоры
- 2015–2018 – «Қазақстан Инжиниринг» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары
- 2018– 2023 – «АХҚО әкімшілігі» салық саясаты департаментінің директоры

Өзге де қызмет/ лауазым түрлері

- «QazaqGaz» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ-ның, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамаған.



ШӘКІРОВ АСҚАР ОРАЗАЛЫҰЛЫ

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі,
тәуелсіз директор

ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына 2023 жылғы қарашадан бастап кіреді.

Туған күні: 1956 жыл 2 ақпан

Білімі

- 1973–1978 – М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті жанындағы Азия және Африка елдері институты
- 1985 – заң ғылымдарының кандидаты

Біліктілік дәрежесі

- Төтенше және Өкілетті Елші.

Жұмыс тәжірибесі

- 1978–1987 – КСРО Ішкі істер министрлігінің Академиясы БҰҰ-ның қылмысқа қарсы күрес және қылмыстық сот төрелігі комитетіндегі Кеңес Одағы өкілінің жұмысын қамтамасыз ету тобындағы ғылыми қызметкері, адъюнкті, аға инспекторы
- 1987–1989 – КСРО Ішкі істер министрлігі Сыртқы қатынастар бөлімінің референті
- 1989–1992 – КСРО Ішкі істер министрлігінің Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу институты қазақстандық бөлімінің бастығы
- 1992–1995 – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі шарттық-құқықтық бөлімінің меңгерушісі, бастығының орынбасары, шарттық-құқықтық басқармасының бастығы
- 1995–1996 – Қазақстан Республикасының Корея Республикасындағы істерінде уақытша сенім білдірілген өкіл
- 1996–1996 – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Ерекше тапсырмалар бойынша елшісі
- 1996–1998 – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары
- 1998–2004 – Қазақстан Республикасының Үндістан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі
- 2004–2006 – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары
- 2006–2007 – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің төрағасы
- 2007–2019 – Қазақстан Республикасында Адам құқықтары жөніндегі өкіл;

Сайланбалы лауазымдар, депутаттық

- 2019 жылдан бастап – Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты
- 2019–2023 – Сенат төрағасының орынбасары
- 2020–2022 – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жанындағы Сыртқы саяси зерттеулер институты Директорлар кеңесінің төрағасы
- 2021–2023 – Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы Парламенттік Ассамблеясы төрағасының орынбасары, тұрақты даму мақсаттары бойынша ЕҚЫҰ ПА арнайы өкілі
- 2023 жыл – Сенаттың Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік жөніндегі комитетінің төрағасы

Мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар

- Ордендері: «Құрмет», «Парасат»
- Медальдері: 22, соның ішінде «Ерен еңбегі үшін»


ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ-ның, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамаған.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2024 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫ


2024 жылы Директорлар кеңесі 26 отырыс өткізіп, 283 мәселе қарады. 2024 жылы Директорлар кеңесі қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету, инвестициялық жобаларды басқару және тұрақты даму, ішкі аудит және тәуекелдерді басқару мәселелеріне, менеджмент қызметінің негізгі көрсеткіштерін әзірлеуге, сондай-ақ қызметкерлердің қауіпсіздігі мен амандығына ерекше назар аударды.

Комитеттер бөлінісінде:
- Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеті (ТЖСК): 18 отырыс, 112 мәселе;
- Директорлар кеңесінің Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитеті (СПБК): 10 отырыс, 129 мәселе;
- Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму комитеті (ҚЕҚОҚТДК): 10 отырыс, 55 мәселе;
- Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті (АК): 16 отырыс, 179 мәселе.

ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР САНЫ



ОТЫРЫСТАР САНЫ



2023 жылы Директорлар кеңесі қараған мәселелер, санаттар бойынша

Есептер	• ҚМГ Басқарма төрағасының ҚМГ қызметіндегі негізгі өзгерістер туралы есебі • ҚМГ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ақпарат • ҚМГ Қаржы-шаруашылық қызметінің алдын ала нәтижелері бойынша есеп • ҚМГ компаниялар тобының инвестициялық жобаларын іске асыру мәртебесі туралы ақпарат • ҚМГ Директорлар кеңесінің комитеттер төрағаларының есептері • Директорлар кеңесі комитеттерінің 2023 жылғы жұмысы туралы есептер • KMG International N.V. және KazMunayGas Trading AG қаржы мәртебесі туралы • Сенім телефонына келіп түскен өтініштер туралы есеп • ҚМГ Басқармасы қабылдаған, оларды жасасуға мүдделі мәмілелер туралы есеп • Тәуекелдер және қаржылық тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есеп • ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімдерінің/ тапсырмаларының орындалуы туралы есеп • Мемлекеттік стратегиядағы немесе саясаттағы өзгерістер туралы ақпарат • ҚМГ-ның 2022-2026 жылдарға арналған шоғырландырылған даму жоспарын 2023 жылы іске асыру жөніндегі есеп
Стратегиялық мәселелер	• Жер қойнауын пайдалану құқығын беру • ҚМГ-ның 2023 жылға арналған жекелеген жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту • ҚМГ-ның 2025-2029 жылдарға арналған шоғырландырылған бизнес-жоспары • ҚМГ қызметінің корпоративтік басты көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәндерін бекіту • ҚМГ орталық аппаратының құрылымын бекіту • ҚМГ-ның 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясына толықтырулар • ҚМГ-ның 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясын 2023 жылы және 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында іске асыру туралы есеп • Инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелері • Басшы қызметкерлерінің мотивациялық қызметінің басты көрсеткіштері карталарын және олардың нысаналы мәндерін бекіту • ҚМГ-ның мұнай сатып алу, мұнай өнімдерін сатып алу-сату туралы шарттар жасасуы • ҚМГ облигацияларын шығару және ҚМГ облигацияларын шығару талаптарын айқындау туралы • Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде ҚМГ кепілдіктерін беру • 2027 жылы өтеуге жататын орта мерзімді жаһандық ноталарды мерзімінен бұрын өтеу (сатып алу) және мерзімінен бұрын өтеу (сатып алу) бағасын анықтау туралы • ҚМГ-ның 2023 жылғы таза пайдасын бөлу тәртібі және ҚМГ-ның бір жай акциясына шаққанда дивиденд мөлшері • ҚМГ стратегиялық емес активтерін шығару жөніндегі жол карталарын бекіту, ҚМГ-ның стратегиялық емес активтерінің тізбесін бекіту • ҚМГ-ның 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясының өзектілігі • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2025-2029 жылдарға арналған шоғырландырылған даму жоспары • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2040 жылға дейінні мұнай-газ химиясы кешенінің дамуы тұжырымдамасын бекіту
Корпоративтік басқару мәселелері	• ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру • ҚМГ Директорлар кеңесінің 2023 жылдың қорытындысы бойынша қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелері • Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің жұмыс жоспарын, Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарын өткізу кестесін бекіту • Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамы • ҚМГ және оның лауазымды тұлғаларының 2023 жылғы әрекеттеріне акционерлердің өтініштері • ҚМГ-ның 2023 жылға арналған жылдық есебін бекіту • ҚМГ-ның 2023 жылға арналған тұрақты дамуы туралы есебін бекіту • ҚМГ-ның Ішкі аудит қызметінің верификациясы есепке алынып, 2018-2021 жылдардағы ҚМГ трансформациялау бағдарламасын іске асыру қорытындылары туралы есепті қарау • ҚМГ Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды мақұлдау • ҚМГ Тұрақты даму және ESG тәуекел рейтингі жүйесі • ҚМГ төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асырудың жай-күйі • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2060 жылға дейінгі есептелген Төмен көміртекті даму бағдарламасын бекіту • ҚМГ-ның 2024-2025 жылдарға арналған корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту
Мәмілелер жасасу мәселелері	• Жасалуына мүдделілік бар мәмілелер жасасу

Еншілес және тәуелді ұйымдар мәселелері	• ЕТҰ бақылау кеңестерінің/директорлар кеңестерінің басшыларын, мүшелерін сайлау, өкілеттіктерін тоқтату • «KMG Green Energy» ЖШС-нің Eni Energy Solutions B.V.-мен бірге акционерлік капиталына 49% қатысу үлесімен «Mangistau Renewables» B.V. атты жекеменшік компаниясын құруға қатысуы және «KMG Green Energy» ЖШС-нің Eni International B.V.-мен бірге акционерлік капиталына 49% қатысу үлесімен «Mangistau Power» атты жекеменшік компаниясын құруға қатысуы • ЕТҰ Жарғыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу • ЕТҰ қызметінің корпоративтік басты көрсеткіштерін келісу • ЕТҰ-ға қатысу үлестерін иеліктен шығару • ЕТҰ-ға қарыз беру
Ішкі нормативтік құжаттарды бекіту	• ҚМГ-ның Омбудсмен қызметі туралы ережесін жаңа редакцияда бекіту • ҚМГ-ның Комплаенс қызметі туралы ережесін жаңа редакцияда бекіту • ҚМГ активтерін сату ережесін жаңа редакцияда бекіту • Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін тікелей немесе жанама қозғайтын Қазақстан Республикасы заңнамасын, ҚМГ-ның және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының ішкі құжаттарын бұзуға қатысты өтініштерді қарау регламентін бекіту • ҚМГ-да ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі басшылықты жаңа редакцияда бекіту • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдары мен тәуелді ұйымдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясатын жаңа редакцияда бекіту • ҚМГ корпоративтік хатшысы туралы ережені жаңа редакцияда бекіту • ҚМГ Корпоративтік хатшысының қызметі туралы ережені жаңа редакцияда бекіту • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Кадр саясатын жаңа редакцияда бекіту • ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу • ҚМГ Директорлар кеңесінің Тағайындаур мен сыйақылар жөніндегі комитеті туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу • ҚМГ Директорлар кеңесінің Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитеті туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу • ҚМГ басшылық қызметкерлеріне, Ішкі аудит қызметі, Корпоративтік хатшы қызметі, Комплаенс қызметі және Омбудсмен қызметінің қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу
Кадрлық мәселелер және сыйақы	• ҚМГ Басқарма мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және сайлау, ҚМГ Басқарма мүшелеріне лауазымдық жалақының мөлшерін, еңбекақы төлеу, сыйақы беру және әлеуметтік қолдау шартттарын айқындау • ҚМГ Басқарма төрағасының лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау • Басқарма төрағасының орынбасарларына және Ішкі аудит қызметінің басшысына тәртіптік жаза қолдану
Директорлар кеңесі бөлімшелерінің мәселелері	• Корпоративтік хатшы қызметінің, Комплаенс қызметінің, Ішкі аудит қызметінің, Омбудсмен қызметінің есептері • Корпоративтік хатшы қызметінің, Ішкі аудит қызметінің, Комплаенс қызметінің кадрлық мәселелері • ҚМГ-ның Комплаенс қызметінің, Омбудсмен қызметінің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметінің 2025 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарын бекіту

2024 жылғы стратегиялық сессия

2024 жылы 12 шілдеде Директорлар кеңесінің кесте бойынша жоспарланған отырысы өткізіліп, оның аясында ҚМГ-ның 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясының өзектілігі, сыртқы ортаны талдау және ірі мұнай-газ активтеріне қатысты ҚМГ стратегиясын іске асырудың ағымдағы жағдайы, сондай-ақ өндіру инновациялары мен технологияларын жетілдіру мәселелері қаралды.

Директорлар кеңесінің тұрақты даму мәселелеріне арналған отырысы

2024 жылы 13 қарашада Директорлар кеңесінің тұрақты даму мәселелеріне қатысты жыл сайынғы отырысы өтіп, онда мынадай өзекті мәселелер талқыланды:
- ҚМГ тұрақты даму жүйесі;
- ESG рейтинг агенттіктерінің нарығына шолу. S&P 500 талаптары мен критерийлері;
- ҚМГ-ның төмен көміртекті даму бағдарламасын 2023 жылы іске асыру мәртебесі;
- ҚМГ-ның 2060 жылға дейін есептелген Төмен көміртекті даму бағдарламасын бекіту.

Компанияның негізгі мәселелерінің іске асырылуын бақылау

ҚМГ-ның стратегиялық бастамаларына бақылауды жүзеге асыру және уақтылы түзету шараларын қабылдау үшін, сондай-ақ аса маңызды проблемалар туралы ақпарат алу мақсатында Директорлар кеңесі 2024 жыл ішінде төмендегі есептерді үнемі тыңдап, қарастырды:
- ҚМГ Басқарма төрағасының компания қызметіндегі негізгі өзгерістеріне қатысты есептері;
- еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша ақпарат;
- қаржы-шаруашылық қызметтің алдын ала нәтижелері бойынша;
- олар бойынша ҚМГ басқармасы шешім қабылдап, оларды жасасуға мүдделі болған мәмілелер туралы есептер;
- Стратегияны, ҚБК және инвестициялық жобаларды іске асыру жағдайларына шолу;
- ҚМГ-ның шоғырландырылған Даму жоспарын іске асыру туралы есеп;
- Директорлар кеңесінің комитеттері төрағаларының есептері;
- Директорлар кеңесіне шешімдерді орындау туралы есептер;
- Директорлар кеңесіне бағынысты қызметтердің жұмысы туралы есептер.

ҚМГ корпоративтік басқару саласында үздік практикаларға сәйкестікке ұмтылатынын және корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарына сәйкестік пен ашықтық – бұл әлеуетті инвесторлардың, контрагенттердің және өзге де стейкхолдерлердің сенімін нығайтуға, компания ресурстарын тиімсіз пайдалану тәуекелдерін төмендетуге, оның құнының өсуіне және әл-ауқатының артуына ықпал ететін, инвестициялық тартымдылық пен қызметтің экономикалық тиімділігін ұлғайтудың аса маңызды факторлары екені сезінетінін ескере отырып, 2024 жыл ішінде Директорлар кеңесі ҚМГ-да корпоративтік басқару практикасының тиімділігіне бақылау жүргізді.

2024 жылы Директорлар кеңесі ҚМГ-ның корпоративтік басқаруын жетілдіру жөніндегі 2024-2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекітті, оның нәтижелерін Директорлар кеңесі тоқсан сайын қарап отырды.

Компанияның Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесі – алқалы атқарушы органның, яғни Басқарманың қызметіне жалпы басшылық пен бақылауды қамтамасыз ететін, акционерлердің жалпы жиналысына есеп беретін басқару органы. Осылайша, тұрақты отырыстардың және Директорлар кеңесі мен Басқарма арасындағы өзара іс-қимылдың нақты белгіленген тәртібінің нәтижесінде Компания Директорлар кеңесінің мүшелерін ірі акционерлердің көзқарасын жеткізіп, уақтылы хабардар етуді қамтамасыз етеді.

Осылайша, Директорлар кеңесі компания қызметінің мәселелеріне, соның ішінде компания үшін қажетті шешімдерді жедел қабылдау, сондай-ақ ҚМГ менеджментіне ҚМГ іске асыратын процестер мен жобалардың тиімділігін арттыруға бағытталған тапсырмалар мен ұсынымдар беру арқылы белсенді қатысты.



Директорлар кеңесі мүшелерінің 2024 жылы Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарына қатысуы[1]

Директорлар кеңесінің мүшесі	2024 жылғы отырыстар				
	Директорлар кеңесі	Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті	Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеті	Директорлар кеңесінің Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитеті	Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму комитеті
Мырзағалиев Мағзұм Маратұлы[2]	8/12	–	–	–	–
Хасенов Асхат Ғалымұлы[3]	13/14	–	–	–	–
Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы	25/26	–	–	–	–
Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы	25/26	–	–	9/10	10/10
Отыншиев Елжас Мұратұлы	25/26	–	–	0/10	–
Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы	26/26	8/8	15/18	5/5	9/10
Холланд Филип Малкольм	25/26	14/16	18/18	10/10	–
Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы	26/26	16/16	–	5/5	10/10
Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы	26/26	16/16	18/18	10/10	–
Шәкіров Асқар Оразалыұлы	26/26	–	15/16	9/9	–

[1] Бірінші сан Директорлар кеңесінің мүшесі қатысқан отырыстардың санын, екіншісі — Директорлар кеңесінің мүшесі қатысуға мүмкіндігі болған отырыстардың жалпы санын көрсетеді.

[2] ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде өкілеттігін 2024 жылы 15 мамырда тоқтатты.

[3] 2024 жылы 28 мамырда ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

Кодекске сәйкес Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері және мүшелері Директорлар кеңесі бекіткен құрылымдық процесс бойынша жыл сайын бағаланады. Бұл процесс «Самұрық-Қазына» АҚ әдіснамасына сәйкес келеді. Бұл ретте бағалау кемінде үш жылда бір рет тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізіледі.

2024 жылы Директорлар кеңесінің қызметіне тәуелсіз бағалау жүргізілген жоқ.

Компанияның корпоративтік басқаруына бұған дейін тәуелсіз диагностиканы 2021 жылы PricewaterhouseCoopers командасы жүргізді, сол кезде корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасы аясында «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 11 портфельдік компаниясының, соның ішінде ҚМГ Директорлар кеңесінің тиімділігі бағаланған болатын.

Бұл ретте 2024 жылы Кодекс талаптарына сәйкес 2023 жылдың қорытындысы бойынша сауалнама жүргізу арқылы Директорлар кеңесі мүшелері өзін-өзі бағалады. Өзін-өзі бағалау сауалнамасын Тағайындаулар мен сыйақылар комитеті мен Директорлар кеңесінің төрағалары бірлесіп әзірледі. Сауалнама екі бөлімнен — «Құрам және процестер», «Мінез-құлық және әрекеттер» және 30 сұрақтан тұрды. Өзін-өзі бағалау нәтижелері Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетте алдын ала қаралды, оның барысында Директорлар кеңесінің Төрағасына тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің төрағасымен бірлесіп, Директорлар кеңесінің отырысы шеңберінде Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелерін талқылау кезінде 2023 жылдың қорытындылары бойынша келесі аспектілерді зерттеу ұсынысы берілді:

- барлық аспект бойынша әртүрлілік.
- сабақтастық жоспары және Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау процесі.

2023 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша есеп (бұдан әрі – 2023 жылғы есеп) Директорлар кеңесінің жабық отырысында ұсынылды және талқыланды, оған тек Директорлар кеңесінің мүшелері мен Корпоративтік хатшы қатысты. 2023 жылғы есепті талқылау шеңберінде Директорлар кеңесі мүшелерінің өзін-өзі бағалау нәтижелеріне талдау көрсетілді және төрт балдан (ең жоғары бес балдан) төмен бағаланған дағдылар мен құзырет көрсеткіштері (бұдан әрі – жетілдіруге болатын бағыттар) қаралды. Осыған байланысты Директорлар кеңесінің бағыттарға қатысты қызметін жетілдіру мақсатында ҚМГ Директорлар кеңесінің қызметін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді.

2024 жылы желтоқсанда өткен Директорлар кеңесінің отырысында 2024 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің қызметін бағалауға қатысты мәселе қаралды. Қорытындысы бойынша 2024 жылдың нәтижелеріне сәйкес Директорлар кеңесі Директорлар кеңесіне, Директорлар кеңесінің комитеттеріне, Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелеріне және ҚМГ Корпоративтік хатшысына компанияның корпоративтік басқару диагностикасын жүргізу аясында тәуелсіз консультантты тарту жолымен (Дауыс беруші акцияларының 50%-дан астамы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі заңды тұлғаларда корпоративтік басқару диагностикасының әдістемесіне сәйкес) және соның ішінде ҚМГ-ның ішкі аудит жүйесінің тиімділігі мен нәтижелілігін айқындау мақсатында ҚМГ ішкі аудит қызметінің қызметіне сыртқы бағалаумен бірге (Халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттарына сәйкес) сыртқы бағалау жүргізу туралы шешім қабылдады.

2025 жылы ақпан айында Корпоративтік хатшы Ішкі аудит қызметінің басшысымен бірлесіп, ҚМГ-ның корпоративтік басқару саласындағы консультациялық қызметтерді сатып алуға техникалық ерекшелік дайындады. Оны Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеті (Директорлар кеңесін, Директорлар кеңесінің комитеттерін, Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерін және ҚМГ Корпоративтік хатшысын бағалауға қатысты), Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті (ҚМГ корпоративтік басқаруының диагностикасы және ҚМГ Ішкі аудит қызметін бағалауға қатысты), сондай-ақ Директорлар кеңесі қарады.

КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ

Корпоративтік хатшының негізгі міндеті – ҚМГ мен акционер, акционерлер мен Директорлар кеңесі, Ішкі аудит қызметі, Комплаенс қызметі, Омбудсмен, Басқарма және ҚМГ-ның өзге де органдары арасындағы жүйелі коммуникацияларды қамтамасыз ету.

Корпоративтік хатшының міндеттері Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің қызметін толық қамтамасыз етуді, акционерлер тарапынан корпоративтік шешімдердің уақтылы және сапалы қабылдануына жәрдемдесуді, Директорлар кеңесінің мүшелері үшін олардың қызметінің және Кодекс ережелерін қолданудың барлық мәселелері бойынша кеңесші рөлін орындауды, сондай-ақ Кодекстің іске асырылуына мониторинг жүргізуді қамтиды. Корпоративтік хатшы ҚМГ-дағы корпоративтік басқару практикасын жетілдіру процесіне жауап береді. Корпоративтік хатшы – өз міндеттерін тәуелсіз негізде жүзеге асыратын және Директорлар кеңесіне есеп беретін компания қызметкері.

2024 жылы ҚМГ-ның Корпоративтік хатшысы туралы ереже толық өзектендірілді.



ШӘРІПОВ ДАМИР ВАЛЕРЬЕВИЧ

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Туған күні: 1980 жыл 22 қаңтар.

Білімі

- Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, халықаралық қатынастар факультеті, мамандығы – «халықаралық құқық»
- Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы, «Іскерлік әкімшіліктендіру шебері» бағдарламасы (MBA), мамандығы – «менеджмент»
- сертификатталған корпоративтік хатшы, корпоративтік хатшыларға арналған корпоративтік басқару саласындағы сертификатталған тренер, Samruk Business Academy тренері.

Жұмыс тәжірибесі

- 2001–2007 – Атырау облысындағы Теңіз кен орнында түрлі лауазым атқарды
- 2007-2012 – «Қазақстанның Даму банкі» АҚ
- 2012-2014 – ҚМГ және «ҚазТрансГаз» АҚ
- 2015 жылдың 5 қаңтарынан бастап – ҚМГ Корпоративтік хатшысы
- 2019 жылдың 1 ақпанынан бастап «Атамекен» Қазақстан Республикасы ұлттық кәсіпкерлер палатасының Төралқасы жанындағы корпоративтік басқару жөніндегі ұлттық кеңестің корпоративтік хатшылар комитетінің құрамына сайланды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Директорлар кеңесінің мүшелері Комитеттердің жұмысына қатыса отырып, өзара байланысты функцияларды, мәселелер мен бағыттарды жан-жақты қарауға және талдауға жиналады. Комитеттердің отырыстары шақырылған сарапшылардың, бизнес-көшбасшылардың және өзге де мүдделі тұлғалардың қатысуымен өтеді. Директорлар кеңесінің комитеттері атқарушы емес директорлардан тұрады, олардың көпшілігі – тәуелсіз директорлар, сондай-ақ тәуелсіз директорлар да төрағалары болады. 2024 жылы Директорлар кеңесінің шешімімен Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетінің, Директорлар кеңесінің Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитетінің, Директорлар кеңесінің қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму жөніндегі комитетінің құрамына сарапшылар (дауыс беру құқығынсыз) қосылды. Директорлар кеңесі комитеттерінің функциялары мен міндеттері ҚМГ-ның 2023 жылға арналған Жылдық есептің 238-бетінде мазмұндалған.

ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ЕСЕБІ

2024 жылы Тағайындау мен сыйақылар жөніндегі комитеттің 18 отырысы өтіп, 112 мәселе қаралды.

Тағайындау мен сыйақылар жөніндегі комитеттің құрамы (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша):

1. Холланд Филип Малкольм – 2020 жылғы қыркүйектен бастап Комитет төрағасы;
2. Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы – 2023 жылғы маусымнан бастап Комитет мүшесі;
3. Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы – 2023 жылғы тамыздан бастап Комитет мүшесі;
4. Шәкіров Асқар Оразалыұлы – 2024 жылғы ақпаннан бастап Комитет мүшесі.

Кадр мәселелері – Компанияның тиімді жұмыс істеуінің маңызды бөлігі. Тағайындау мен сыйақылар жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін Компания қызметкерлерін тиісті тағайындау мен сыйақылары, сондай-ақ оларды даярлау мен біліктілігін арттыру бойынша ұсынымдарды Директорлар кеңесіне береді. Тағайындау үшін негізгі қағидаттар – кандидат құзыреттерінің лауазымның тиісті міндеттерін орындау үшін қажетті жоғары талаптарға сәйкес келуі, кандидаттың дағдыларының сәйкестігі және өз бағытында Компанияның стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру мүмкіндігі.

2024 жылы Тағайындаулар және сыйақы жөніндегі комитеттің

18 отырысы өткізілді

Комитет 2024 жылы қарағаны негізгі қызмет бағыттары бойынша мәселелер

Сабақтастықты жоспарлау	• «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының «МАНСАП» жобасы бойынша сабақтастық жоспарына қабылданған 3 пул (A, B, C) қызметкерлерімен жұмысты іске асыру барысы • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары лауазымына тағайындаулар • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы туралы ережеге өзгеріс енгізу • «ҚазМұнайГаз ҰК АҚ Басқарма төрағасының өкілеттік мерзімі мен лауазымдық жалақысының мөлшерін, еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын белгілеу • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының сандық құрамын анықтау, мүшелерін сайлау, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма мүшесіне лауазымдық жалақының мөлшерін, еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын белгілеу және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының міндеттерін орындауды жүктеу • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары лауазымына тағайындау • «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Байқау кеңесінің мүшесі мен төрағасының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және сайлау • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма мүшелерін сайлау, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма мүшесіне лауазымдық жалақының мөлшерін, еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын белгілеу, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес ұйымы – «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-да қоса атқаратын лауазымын келісу • «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҮТКҚК» ЖШС Байқау кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҮТКҚК» ЖШС Байқау кеңесінің мүшесін сайлау • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ цифрлық даму департаментінің директоры лауазымына тағайындау • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Аппарат басшысы лауазымына тағайындау • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ірі мұнай-газ жобаларына іссапарға жіберу • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік хатшысы қызметінің маманы лауазымына тағайындау • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ комплаенс қызметінің басшысы лауазымына үміткерлерді іріктеу • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ лауазымдарын грейдке бөлу • «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында дауыс беру үшін «ҚазТрансОйл» АҚ-ның акционері ретінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ позициясын айқындау («ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау, сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын белгілеу және «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің кейбір мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін шығыстарын өтеу мәселелері бойынша) • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төуелсіз аға директорын сайлау
Қызметті тұрақты және тиімді бағалауды қамтамасыз ету	• 2023 жылдың қорытындысы бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы; • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшы қызметкерлері қызметінің 2023 жылғы корпоративтік басты көрсеткіштері мен мотивациялық негізгі көрсеткіштерінің қорытындысы; • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшы қызметкерлері қызметінің мотивациялық корпоративтік басты көрсеткіштерінің мониторингі; • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы қызметінің 2024 жылға арналған корпоративтік басты көрсеткіштері / қызметінің мотивациялық басты көрсеткіштерінің картасы мен олардың нысаналы мәндері және жаңа редакциядағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшы қызметкерлері қызметінің 2024 жылға арналған мотивациялық басты көрсеткіштерінің карталары мен олардың нысаналы мәндері, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары қызметінің 2024 жылға арналған мотивациялық басты көрсеткіштерінің картасы мен олардың нысаналы мәндері • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік хатшысы қызметінің 2024 жылға арналған мотивациялық басты көрсеткіштерінің картасы мен олардың нысаналы мәндерін бекіту • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы қызметінің 2025 жылға арналған корпоративтік басты көрсеткіштерін / қызметінің мотивациялық басты көрсеткіштерінің картасы мен олардың нысаналы мәндерін және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшы қызметкерлері қызметінің 2025 жылға арналған мотивациялық басты көрсеткіштерінің карталары мен олардың нысаналы мәндерін бекіту • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның омбудсмен қызметінің 2025 жылға арналған мотивациялық басты көрсеткіштерінің картасы мен олардың нысаналы мәндерін бекіту • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік хатшысы қызметінің 2025 жылға арналған мотивациялық басты көрсеткіштерінің картасы мен олардың нысаналы мәндерін бекіту • «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Бас директорының (Басқарма төрағасының) қызметінің 2024 жылға арналған мотивациялық басты көрсеткіштеріне жататын «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС қызметінің корпоративтік басты көрсеткіштері мен олардың нысаналы мәндерін бекіту • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ омбудсмені 2023 жылы атқарған жұмысы туралы есеп • 2023 жылдың қорытындысы бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің қызметін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары • «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Бас директорының (Басқарма төрағасының) қызметінің 2023 жылғы мотивациялық басты көрсеткіштеріне жататын «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС қызметінің корпоративтік басты көрсеткіштерінің қорытындысын және 2023 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Бас директорына (Басқарма төрағасына) сыйақы төлеуді бекіту • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасарына лауазымдарды қоса атқарғаны үшін қосымша ақы белгілеу
Тиімді кадр саясатын, еңбекақы төлеу және сыйақы жүйесін қамтамасыз ету	• «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ орталық аппаратының құрылымын бекіту • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақылары кестесіне өзгерістер мен толықтыруларды бекіту • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасарының лауазымдық нұсқаулығын бекіту • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметінің, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Комплаенс қызметінің, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ омбудсмені — омбудсмен қызметі басшысының, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік хатшысы қызметінің лауазымдық жалақылары • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшы қызметкерлеріне, Ішкі аудит қызметінің, Корпоративтік хатшы қызметінің, Комплаенс қызметінің және Омбудсмен қызметінің қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету ережесіне өзгерістер мен толықтырулар • 2022 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Комплаенс қызметінің басшысына, Корпоративтік хатшысы мен омбудсменіне сыйлықақы төлеу • 2023 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшы қызметкерлеріне сыйақы төлеу • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік хатшысының, омбудсменінің 2023 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша төленуге тиіс сыйлықақы мөлшерін айқындау • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ омбудсмен қызметі туралы ережені жаңа редакцияда бекіту • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік хатшысы туралы ережені және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік хатшысының қызметі туралы ережені жаңа редакцияда бекіту • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ омбудсмені – омбудсмен қызметі басшысының лауазымдық нұсқаулығын жаңа редакцияда бекіту • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің 2023-2024 жылдарға арналған кәсіби даму бағдарламасына өзгерістер енгізу • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметі, Корпоративтік хатшы қызметі, Комплаенс қызметі және Омбудсмен қызметі қызметкерлеріне ақы төлеу ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ кадр саясатын жаңа редакцияда бекіту • 2024 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ омбудсменінің қызметі туралы есеп («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ омбудсмен қызметі атқарған жұмысы және 2024 жылға арналған жоспардың орындалуы туралы есеп) • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Омбудсмен қызметінің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту

Комитет мүшелерінің 2024 жылы өткен отырыстарға қатысуы

Комитет отырысының нөмірі мен күні Комитет мүшесінің аты-жөні	1/2024 от 30–31.01.2024	2/2024 от 06.02.2024	3/2024 от 05.03.2024	4/2024 от 29.03.2024	5/2024 от 09.04.2024	6/2024 от 14.05.2024	7/2024 от 15.05.2024	8/2024 от 28.05.2024	9/2024 от 03.06.2024	10/2024 от 07.06.2024	11/2024 от 04.07.2024	12/2024 от 26–29.07.2024	13/2024 от 10.09.2024	14/2024 от 16–17.09.2024	15/2024 от 02.10.2024	16/2024 от 05.11.2024	17/2024 от 11.11.2024	18/2024 от 19–20.12.2024	Қатысу үлесі,
Холланд Ф.М.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Арғынғазин А.Ә.	-	+	+	+	+	+	+	-	+	+	+	+	+	+	+	+	-	+	83
Мыңшәріпова С.Н.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Шәкіров А.О.			+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	-	+	94

СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ЕСЕБІ

2024 жылы Стратегия және портфельді басқару комитетінің 10 отырысы өтіп, 119 мәселе қаралды.

Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитеттің отырыстарында
129 мәселе қаралды

Стратегия және портфельді басқару комитетінің құрамы (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша):
1. Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы — 2024 жылғы маусымнан бастап Комитет төрағасы;
2. Холланд Филип Малкольм — 2022 жылдың маусымынан бастап Комитет мүшесі;
3. Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы – 2017 жылдың тамызынан бастап Комитет мүшесі;
4. Отыншиев Елжас Мұратұлы – 2023 жылдың шілдесінен бастап Комитет мүшесі;
5. Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы – 2023 жылдың тамыз айынан бастап Комитет мүшесі;
6. Шәкіров Асқар Оразалыұлы — 2024 жылдың ақпанына бастап Комитет мүшесі.

Комитет мүшелерінің 2024 жылы өткен отырыстарға қатысуы

Комитет отырысының нөмірі мен күні / Комитет мүшесінің аты-жөні	1/2024 от 06.02.2024	2/2024 от 05.03.2024	3/2024 от 09.04.2024	4/2024 от 14.05.2024	5/2024 от 04.06.2024	6/2024 от 04.07.2024	7/2024 от 12.09.2024	8/2024 от 02.10.2024	9/2024 от 05.11.2024	10/2024 от 19.12.2024	Қатысу үлесі, %
Жұбаев А.С.	+	+	+	+	+	Комитет құрамынан шығарылды					100
Арғынғазин А.Ә.	Комитет мүшесі болған жоқ					+	+	+	+	+	100
Қарабалин Ұ.С.	+	+	+	+	+	+	-	+	+	+	90
Холланд Ф.М.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Мыңшәріпова С.Н.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Шәкіров А.О.		+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Отыншиев Е.М.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	0



Комитет 2024 жылы қараған негізгі қызмет бағыттары бойынша мәселелер

Даму стратегиясы, оның ішінде қызметтің басым бағыттары	• «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясын 2023 жылы іске асыру туралы есеп • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясын 2024 жылы бірінші жартыжылдығында іске асыру туралы есеп • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2031 жылға дейінгі Даму стратегиясында жасанды интеллектіні пайдалана отырып, технологияларды енгізу бөлігіндегі өзгерістер туралы • Инновациялар және өндіру технологияларын жетілдіру мәселелері • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Мұнай-газ-химия кешенін дамыту тұжырымдамасы туралы
Инвестициялық тартымдылықты арттыру	• «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының 2023 жылғы инвестициялық жобаларды іске асыру мәртебесі туралы ақпарат • «Теңізшевройл» ЖШС-нің «Болашақ кеңейту жобасы / Сағалық қысымды басқару жобасы» инвестициялық жобасының құнын арттыруды келісу туралы
Қаржы-шаруашылық қызметті лайықты түрде жоспарлауды қамтамасыз ету	• «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2023-2027 жылдарға арналған шоғырландырылған даму жоспарын 2023 жылы іске асыру туралы есеп туралы • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2025-2029 жылдарға арналған шоғырландырылған даму жоспарын бекіту туралы • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның «KPI Inc.» ЖШС-не қаржылай көмек көрсетуі туралы • «Атырау облысында бірінші интеграцияланған газ-химия кешенін салу. Екінші кезең (полиэтилен өндірісі)» инвестициялық жобасын келісу туралы, жеке (келесі) кезеңді іске асыру «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның және (немесе) дауыс беретін акциялары немесе қатысу үлестері тікелей немесе жанама түрде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға тиесілі ұйымдардың тиісті кезеңдегі макроэкономикалық көрсеткіштер болжамы (базалық сценарий) бойынша белгіленген бағаммен құны 200 000 000 (екі жүз миллион) АҚШ долларына баламалы шектен асатын инвестицияларды жүзеге асыруын көздейді • «Өзенмұнайгаз» АҚ мен «KMG Green Energy» ЖШС-нің мәмілелерінің жасалуын келісу туралы, бұл мәмілелердің нәтижесінде тиісті кезеңдегі макроэкономикалық көрсеткіштер болжамы (базалық сценарий) бойынша белгіленген бағаммен құны 200 000 000 (екі жүз миллион) АҚШ долларына баламалы шектен асатын мүлік сатып алынады немесе иеліктен шығарылады (сатып алуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) • «Барлау және өндіру» бағыты бойынша өндірістің ағымдағы деңгейін ұстап тұруға арналған күрделі салымдар жоспарының орындалмауы туралы ақпарат, ауытқу себептері жөнінде талдамалық ақпарат бірге ұсынылады
Активтер портфелін басқару	• Стратегиялық емес активтерді шығару бойынша жол карталарын бекіту туралы • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ активтерін сату қағидаларын жаңа редакцияда бекіту туралы • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның шығаруға жататын стратегиялық емес активтердің тізбесін бекіту туралы • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға меншік құқығында тиесілі «Теңізшевройл» ЖШС, «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС және «Kalamkas-Khazar Operating» ЖШС-нің жарғылық капиталындағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның қатысу үлестерін «ҚМГ Қашаған Б. В.» ЖШЖК-ға сенімгерлік басқаруға беру туралы • «KMG Green Energy» ЖШС-нің Eni Energy Solutions B.V.-мен бірге акционерлік капиталына 49% қатысу үлесімен Нидерланд Корольдігінде «Mangistau Renewables» B.V. атты жекеменшік компаниясын құруға қатысуы және «KMG Green Energy» ЖШС-нің Eni International B.V.-мен бірге акционерлік капиталына 49% қатысу үлесімен Нидерланд Корольдігінде «Mangistau Power» атты жекеменшік компаниясын құруға қатысуы туралы • «KMG Barlau» ЖШС-нің Оңтүстік Шу-Сарысу, Шығыс, Береке учаскелері бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын (жер қойнауын геологиялық зерттеуге лицензиялар) сатып алуды келісу туралы

АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ЕСЕБІ

2024 жылы Аудит жөніндегі комитеттің 16 отырысы өткізіліп, 179 мәселе қаралды.

Аудит жөніндегі комитеттің отырыстарында
179 мәселе қаралды

Аудит жөніндегі комитеттің құрамы (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша):
1. Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы – 2024 жылдың маусымынан бастап Комитет төрағасы;
2. Холланд Филип Малкольм – 2020 жылдың қыркүйегінен бастап Комитет мүшесі;
3. Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы – 2023 жылдың тамызынан бастап Комитет мүшесі.

Комитет 2024 жылы қараған негізгі қызмет бағыттары бойынша мәселелер

Ішкі аудит

- Ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы тоқсандық есептерді қарау және алдын ала бекіту
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметінің 2023 жылға арналған бюджетінің орындалуы туралы есепті қарау
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің тапсырмасына сәйкес Қазақстан Республикасының премьер-министрі Ә.А.Смайыловтың 2023 жылғы 12 желтоқсандағы №11-19/Б-1 762 қбп лп хатында көрсетілген бұзушылықтар фактілері, Қазақстан Республикасы премьер-министрінің бірінші орынбасары Р.В.Склярдың №11-19/071121 тапсырмасының 1.5-тармағын орындамау фактілері бойынша тексеру нәтижелерінің қорытындысын қарау
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметінің 2023 жылы атқарған жұмысының қорытындысы туралы есепті қарау
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметінің 2024 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарына өзгерістер енгізу
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің тапсырмасына сәйкес «Қаражанбасмұнай» АҚ қызметінің жекелеген мәселелерін жоспардан тыс тексеру нәтижелері бойынша қорытындыны қарау
- «ҚазМұнайГазй ҰК АҚ Ішкі аудит қызметі дайындаған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Трансформация бағдарламасының орындалуы нәтижелерін верификациялау туралы есебін қарау
- «Өзенмұнайгаз» АҚ мен «Ембімұнайгаз» АҚ-да ішкі аудит қызметтерін және «ҚазМұнайГаз»ҰК АҚ тобының жекелеген жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінде тексеру комиссияларын құру туралы мәселелерді қарау
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметі басшысының 2023 жылғы қызметінің мотивациялық басты көрсеткіштерінің қорытынды нәтижелігінің нақты мәндерін бекіту
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметі басшысының 2023 жылы атқарған жұмыс қорытындысы бойынша төленетін сыйлықақы мөлшерін белгілеу
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметінің Маңғыстау облысындағы компанияларды жоспардан тыс тексерістеріне қатысуы туралы ақпарат
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметінің жекелеген қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін белгілеу
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын қарау
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату / келісімшарттарын ұзарту / тағайындау
- «ҚазТрансОйл» АҚ-ның және «Магистральды су ағызғысы» ЖШС-нің магистральды құбырларды реконструкциялауға қатысты қолданыстағы шарттар мен жобалық құжаттарға жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша есеп
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметінің 2025 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарын бекіту
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы ақпаратты қарау
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметінің 2025 жылға арналған бюджетін бекіту
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметі басшысының 2025 жылға арналған қызметтің негізгі көрсеткіштерін бекіту

Есепке алу және сыртқы аудит

- ҚМГ-ның аралық қаржылық есептерін қарау және алдын ала бекіту
- Сыртқы аудитормен 2023 жылдың аудит нәтижелерін қарау және талқылау, сондай-ақ сыртқы аудитор «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға көрсететін (көрсетуді жоспарлап отырған) барлық ілеспе қызметтердің тізімін және осы ілеспе қызметтердің аудитордың тәуелсіздігімен қаншалықты үйлесімді екендігін бағалауды сыртқы аудитормен талқылау
- 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ шоғырландырылған қаржылық есептілігін келісу
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2023 жылғы жеке жылдық қаржылық есептілігін алдын ала мақұлдау
- «Эрнст энд Янг» ЖШС және Ernst & Young Global Limited құрамына кіретін басқа компаниялар «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдарына 2023 жылы көрсеткен аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер туралы ақпаратты және 2023 жылы Ernst & Young Global Limited-тің «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдарына көрсетуге рұқсат етілген аудиторлық емес қызметтер туралы ақпаратты бекіту
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының қарауына «2025-2029 жылдарға арналған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асыру үшін аудиторлық ұйымды айқындау туралы» мәселесін шығару мен мақұлдау және аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін белгілеу
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның тәуелсіз аудиторы — «Эрнст энд Янг» ЖШС-нің 2022 жылға арналған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ шоғырландырылған қаржылық есептілігіне жүргізілген аудит нәтижелері бойынша ұсынымдарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарының және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның тәуелсіз аудиторы — «Эрнст энд Янг» ЖШС-нің 2022 жылға арналған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ шоғырландырылған қаржылық есептілігіне жүргізілген аудит нәтижелері бойынша ұсынымдарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есеп
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның қазіргі сыртқы аудиторы — «Эрнст энд Янг» ЖШС-дан «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ таңдаған сыртқы аудитор — «PricewaterhouseCoopers» ЖШС-ға ауыстыру мәртебесі
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясатына өзгерістер мен толықтырулар енгізу
- ҚМГ компаниялар тобына сыртқы аудитор көрсететін аудиторлық емес қызметтерді мақұлдау
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2024 жылға аудитті жоспарлау жөніндегі есебін сыртқы аудитормен қарау және талқылау

Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да және оның еншілес ұйымдарында ішкі бақылау жүйесін және қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін енгізу мәртебесі (тоқсан сайын)
- Инвестициялық жобалардың геологиялық барлау кезеңінде тәуекелдерін басқару жөніндегі ақпарат
- 2024 жылға арналған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның тәуекел-тәбеті туралы өтінішін, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Тәуекелдер тіркелімін және Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Тәуекелдер картасын, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тәуекелдерге төзімділік деңгейлерін және басты тәуекел көрсеткіштерінің тіркелімін бекіту
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тәуекелдері жөніндегі тоқсан сайынғы есептерді бекіту
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қаржылық тәуекелдері жөніндегі есептерді бекіту
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметі басшысының «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен оның еншілес ұйымдарындағы ішкі бақылаулардың тиімділігі туралы есебін қарау
- 2025 жылға арналған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның тәуекел-тәбеті туралы өтінішін, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Тәуекелдер тіркелімін және Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Тәуекелдер картасын, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тәуекелдерге төзімділік деңгейлерін және басты тәуекел көрсеткіштерінің тіркелімін қарау
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның контрагент банктер бойынша баланстық және баланстан тыс міндеттемелеріне қатысты 2025 жылға арналған ішкі лимиттерді белгілеу

Корпоративтік басқару	• «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің 2023 жылы сақталуы туралы есепті келісу • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі 2024-2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын қарау • «ҚазМұнайГаз ҰК АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына дайындық жағдайы • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік басқару кодексін жаңа редакцияда мақұлдау туралы мәселені қарау • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің 2023 жылғы жұмысы туралы есеп • 2023 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне акционерлердің өтініштерін қарау және оларды қарау қорытындылары • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының есеп комиссиясы құрамына өзгерістер енгізу • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне өзгерістер енгізу • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да ақпараттық технологияларды кешенді сараптау нәтижесінде анықталған тәуекелдерді жою бойынша іс-шаралар мен ұсынымдар жоспарының» 2.1-тармақшасының (IT архитектурасы) орындалу мәртебесі туралы есепті қарау • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2023 жылғы 30 мамырдағы шешімімен (№2/2023 хаттама, №5 мәселе) бекітілген ҚМГ Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті туралы ережеге өзгерістер енгізу • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобының киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында атқарылып жатқан жұмыстар туралы есеп • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2024 жылға арналған Жылдық есебін дайындау мәртебесі • KMG International N. V. және KazMunayGas Trading AG қаржылық мәртебесі туралы тоқсан сайынғы ақпарат – бұл аталған компаниялардың «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобының мұнай өндіруші компаниялары үшін қаржыландыруды алу және төлемдерді жасау қабілеті • «Өзенмұнайгаз» АҚ нысандарындағы TargetAI платформасының пилоттық жобасы • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес және тәуелді компанияларының IT дайындығы (жетілу) деңгейін бағалау туралы есеп • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының IT дайындығының даму динамикасы туралы есеп • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес және тәуелді компаниялары бөлінісінде ақпараттық технологияларға өндірістік шығындар
Комплаенс	• «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ комплаенс қызметінің 2023 жылғы жұмысы туралы жылдық есепті қарау • Комплаенс қызметінің жұмысы туралы және жедел желіге келіп түскен өтініштер туралы тоқсан сайынғы есептер • ҚМГ Комплаенс қызметі туралы ережені жаңа редакцияда бекіту • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ішкі қызметін реттейтін құжаттар тізбесін толықтыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін тікелей немесе жанама қозғайтын Қазақстан Республикасының заңнамасын, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының ішкі құжаттарын бұзуға қатысты өтініштерді қарау регламентін бекіту • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Комплаенс қызметі басшысының / қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын жаңа редакцияда қарау • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Комплаенс қызметі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Комплаенс қызметінің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ комплаенс қызметі басшысының 2025 жылға арналған қызметтің мотивациялық басты көрсеткіштерінің картасы мен олардың нысаналы мәндерін бекіту

Жасалуына мүдделілік бар мәмілелер	• «ҚазМұнайГаз ҰК АҚ Басқармасы шешімдерін қабылдаған, оларға мүдделілік бар жасалған мәмілелер туралы тоқсан сайынғы есептер • ҚМГ-ға келісім-хат жолдау арқылы оған ҚМГ-ның мүдделілігі бар мәміле жасау туралы — 1993 жылы 2 сәуірдегі ҚМГ Шеврон Оверсиз Компани, ЭксонМобил Қазақстан Венчурс Инк. және Лукойл Интернешнл ГмбХ арасында Қазақстан Республикасында «Теңізшевройл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін құру туралы келісімшартқа және 1993 жылы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасы, «Теңізшевройл» ЖШС, ҚМГ, Шеврон Оверсиз Компани, ЭксонМобил Қазақстан Венчурс Инк. және Лукойл Интернешнл ГмбХ арасында Қазақстан Республикасындағы ТШО жобасы жөніндегі келісімге өзгерістер енгізу туралы • оған ҚМГ-ның мүдделілігі бар мәміле жасау туралы — 2008 жылғы 31 наурыздағы Шикізатты жеткізу туралы келісімге №3 қосымша келісім («Теңізшевройл» ЖШС-нің Атырау облысында салынатын интеграцияланған мұнай-химия кешеніне өнім жеткізуіне байланысты) • оған ҚМГ-ның мүдделілігі бар мәміле жасау туралы — ҚМГ, «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС және «Самғау» ғылыми-технологиялық бастамалар орталығы» жекеменшік қоры арасындағы «Сутекті сақтау және тасымалдау үшін титан негізіндегі қорытпаларды жасау» атты ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру жөніндегі келісімшарт • оған ҚМГ-ның мүдделілігі бар мәміле жасау туралы — 2018 жылғы 16 қаңтардағы Grace Netherlands B.V., ҚМГ мен «Біріккен химиялық компания» ЖШС арасындағы негіздемелік келісімге Grace Netherlands B.V., ҚМГ, «Samruk Kazyna Ondeu» ЖШС мен W. R. Grace & Co. компанияларының №2 келісімі және 2018 жылғы 10 мамырдағы Grace Netherlands B.V. мен ҚМГ арасындағы «Грейс Қазақстан Каталистс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Құрылтай келісімшартына Grace Netherlands B.V., ҚМГ мен W.R.Grace & Co. компанияларының №1 қосымша келісімі • оған ҚМГ-ның мүдделілігі бар мәміле жасау туралы — ҚМГ мен «Karaton Operating Ltd.» ЖК арасында жобалық құжаттаманы сату-сатып алу келісімшарты • оған ҚМГ-ның мүдделілігі бар мәміле жасау туралы — «KPI Inc.» ЖШС, ҚМГ, «СИБУР Холдинг» ЖАҚ, China Development Bank және «Алматы қаласындағы Қытайдың сауда-өнеркәсіп Банкі»АҚ арасында талап ету құқықтарын беруді қамтамасыз ету және оның субординациясы туралы келісімшарт • оған ҚМГ-ның мүдделілігі бар мәміле жасау туралы — ҚМГ мен «CASPI BITUM» БК» ЖШС арасында лицензиялық материалдарды ұсыну бойынша қызметтерді сатып алу туралы лицензиялық келісімшарт • оған ҚМГ-ның мүдделілігі бар мәміле жасау туралы — ҚМГ мен «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС арасында лицензиялық материалдарды ұсыну бойынша қызметтерді сатып алу туралы лицензиялық келісімшарт • оған ҚМГ-ның мүдделілігі бар мәміле жасау туралы — «Эр Ликид Мұнай Тех Газы» ЖШС (субординациялық борышкер ретінде), Air Liquide Eastern Europe S. A. мен ҚМГ (бастапқы субординациялық кредиторлар ретінде), Abu Dhabi Commercial Bank PJSC (қамтамасыз ету жөніндегі агент ретінде) және Келісімге 1-қосымшада аталған мекемелер (талап етудің басым құқығы бар бастапқы кредиторлар ретінде) арасында талаптардың субординациясы туралы келісім
Жергілікті билік органдарының (оның ішінде салық бойынша), сыртқы және ішкі аудиторлардың және ҚМГ басшылығының заңнаманы сақтау туралы есептерін зерделеу	• «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарына және (немесе) олардың қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға және (немесе) қылмыстарға байланысты мемлекеттік органдар тарапынан жүргізілетін тергеулер және (немесе) тексерулер туралы ақпарат

Комитет мүшелерінің 2024 жылы өткен отырыстарға қатысуы

Комитет мүшесінің аты-жөні	1/2024 от 05.02.2024	2/2024 от 04.03.2024	3/2024 от 12.03.2024	4/2024 от 26.03.2024	5/2024 от 08.04.2024	6/2024 от 13.05.2024	7/2024 от 17.05.2024	8/2024 от 03.06.2024	9/2024 от 03.07.2024	10/2024 от 15.08.2024	11/2024 от 09–10.09.2024	12/2024 от 20.09.2024	13/2024 от 01.10.2024	14/2024 от 04–05.11.2024	15/2024 от 19.11.2024	16/2024 от 18.12.2024	Қатысу үлесі, %
Арғынғазин А.Ә.	+	+	+	+	+	+	+	+	Комитет құрамынан шығарылды								
Жұбаев А.С.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Холланд Ф.М.	+	+	+	+	+	+	+	+	-	+	+	+	+	+	+	-	88
Мыңшәріпова С.Н.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100



ҚАУІПСІЗДІК, ЕҢБЕКТІ, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ КОМИТЕТІНІҢ ЕСЕБІ

2024 жылы Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму комитетінің он отырысы өткізіліп, 55 мәселе қаралды.

Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму комитетінің құрамы (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша):
1. Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы – 2023 жылдың маусымынан бастап Комитет төрағасы;
2. Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы – 2019 жылдың мамырынан бастап Комитет мүшесі;
3. Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы – 2023 жылдың маусымынан бастап Комитет мүшесі.

Қауіпсіздік, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму комитеті 2024 жылы қараған негізгі қызмет бағыттары бойынша мәселелер

Еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және өндірістік қауіпсіздік	• Еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша есеп • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2022-2031 жылдарға арналған төмен көміртекті даму бағдарламасының іс-шараларын іске асыру мәртебесі • Жазатайым оқиғаларды тергеу нәтижелері бойынша есептер
Тұрақты даму және ESG рейтингі	• ҚМГ-ның ESG (Environmental, Social, Governance) рейтингі туралы • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның ESG тәуекел-рейтингін жақсартуға бағытталған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы • «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына жетуге қосқан үлесі туралы

Комитет мүшелерінің 2024 жылы өткен отырыстарға қатысуы

Комитет мүшесінің аты-жөні	1/2024 от 05.02.2024	2/2024 от 04.03.2024	3/2024 от 08.04.2024	4/2024 от 13.05.2024	5/2024 от 03.06.2024	6/2024 от 03.07.2024	7/2024 от 09.09.2024	8/2024 от 01.10.2024	9/2024 от 04.11.2024	10/2024 от 18.12.2024	Қатысу үлесі,
Жұбаев А.С.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Қарабалин Ұ.С.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Арғынғазин А.Ә.	+	+	+	+	+	+	-	+	+	+	90

БАСҚАРМА

БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ

2024 жылғы 31 желтоқсандағы Басқарма құрамы

ХАСЕНОВ А.Ғ.
Басқарма төрағасы

ЕСҚАЗИЕВ Қ.О.
Басқарма төрағасының бірінші орынбасары

АБАЙЫЛДАНОВ Б.Қ.
Басқарма төрағасының орынбасары

БАЛЫҚБАЕВ Р.Ә.
Басқарма төрағасының орынбасары

БРЕКЕШЕВ С.А.
Басқарма төрағасының орынбасары

ЗАКИРОВ Б.Қ.
Басқарма төрағасының орынбасары

МАҒАУОВ Ә.М.
Басқарма төрағасының орынбасары

АБДУЛҒАФАРОВ Д.Е.
Басқарма төрағасының орынбасары

АРЫСОВА Д.А.
Басқарма төрағасының орынбасары

ЛАВРЕНОВ В.С.
Басқарма төрағасының орынбасары

2024 жылға арналған Жылдық есепті бекіту кезіндегі Басқарма құрамы

ХАСЕНОВ А.Ғ.
Басқарма төрағасы

ЕСҚАЗИЕВ Қ.О.
Басқарма төрағасының бірінші орынбасары

АБАЙЫЛДАНОВ Б.Қ.
Басқарма төрағасының орынбасары

БАЛЫҚБАЕВ Р. Ә.
Басқарма төрағасының орынбасары

ҚҰСАЙЫНОВ Қ.Қ.
Басқарма төрағасының орынбасары

ЗАКИРОВ Б.Қ.
Басқарма төрағасының орынбасары

МАҒАУОВ Ә.М.
Басқарма төрағасының орынбасары

АБДУЛҒАФАРОВ Д.Е.
Басқарма төрағасының орынбасары

АРЫСОВА Д.А.
Басқарма төрағасының орынбасары

ҚҰДАБАЕВ Ш.С.
Басқарма төрағасының орынбасары






















Басқарма мүшелерінің өмірбаяндары



ХАСЕНОВ АСХАТ ҒАЛЫМҰЛЫ

ҚМГ Басқарма төрағасы

Туған күні: 1983 жыл 13 қазан.

Білімі

- Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, мамандығы «мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау»
- К.Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті, мамандығы «менеджмент»

Жұмыс тәжірибесі

- 2005 жылы – «Торғай Петролеум» АҚ (Қызылорда қ.) мұнай және газ өндіру цехының 3-разрядтағы операторы.
- 2006–2010 жылдары «Мұнай және газ өнеркәсібінің бас диспетчерлік басқармасы» АҚ жетекші маман, бас маман, мұнай-газ кен орындарын игеру мониторингі бөлімінің бастығы, директордың орынбасары, департамент директоры, вице-президент болып жұмыс істеді.
- 2011 – 2019 жылдары еңбек жолын ҚР Мұнай және газ министрлігінде жалғастырып, Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің мемлекеттік инспекция және рұқсат беру басқармасын, кейін мұнай-химия және техникалық реттеу департаментін басқарды.
- 2019 – 2022 жылдары «KLPE» ЖШС Басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқарды.
- 2022–2024 жылдары Қазақстан Республикасы Энергетика вице-министрі болды. Бұл лауазымда жер қойнауын пайдалану және мұнай-газ химиясын дамыту мәселелеріне жетекшілік етті, сонымен бірге Көмірсутек кен орындарын барлау және игеру жөніндегі орталық комиссияны басқарды.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ-ның, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамаған.



ЕСҚАЗИЕВ ҚҰРМАНҒАЗЫ ОРЫНҒАЗЫҰЛЫ

Басқарма төрағасының бірінші орынбасары

Туған күні: 1965 жыл 11 мамыр.

Білімі

- В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты, мамандығы «тау-кен инженері – геолог»
- Геология-минералогия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі бар

Жұмыс тәжірибесі

- 1985 жыл — «Ембімұнай» өндірістік бірлестігінде оператор.
- 2006-2024 жылдары «Ембімұнайгаз» және «ҚазМұнайГаз «Барлау және Өндіру» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ақтау қаласындағы өкілдігін, «Kalamkas-Khazar Operating» ЖШС әр түрлі лауазымдарды атқара отырып басқарды.
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да әр жылдары мұнай және газ өндіру жөніндегі атқарушы директор, геология, геофизика және резервуарлар жөніндегі басқарушы директор, бас геолог, операциялық емес активтер жөніндегі басқарушы директор, барлау, өндіру және мұнай сервисі, геология және барлау жөніндегі Басқарма төрағасының орынбасары болып қызмет етті.
- Әл-Фараби атындағы ғылым және техника саласындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. «Құрмет» орденімен марапатталған.
- 2024 жылдың 17 мамырынан «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары қызметін атқарады.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ-ның, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамаған.



АБАЙЫЛДАНОВ БЕКЗАТ ҚАЛЫШПЕКҰЛЫ

Басқарма төрағасының орынбасары

Туған күні: 1976 жыл 16 тамыз.

Білімі

- Қ. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, мамандығы «өндірісті басқару және ұйымдастыру», «мұнай және газ кен орындарын игеру және пайдалану»

Жұмыс тәжірибесі

- 1999-2000 жылдары — «Өзенмұнайгаз» ААҚ, №1 мұнай-газ өндіру басқармасында ҰКЖ операторының көмекшісі, ҰКЖ цехының нормалаушысы, бірінші санатты инженер-экономист.
- 2000-2002 жылдары — «Өзенмұнайгаз» өндірістік басқармасының жетекші инженер-экономист, жоспарлау, еңбек және жалақы бөлімінің бастығы.
- 2003-2004 жылдары — «Өзенмұнайгаз» ААҚ активтерді басқару бөлімінің бастығы, бақылау-сараптама департаменті директорының орынбасары, бақылау-сараптама департаментінің директоры.
- 2004-2005 жылдары — «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ның филиалы – «Өзенмұнайгаз» өндірістік басқармасында қаржы департаментінің директоры.
- 2005-2007 жылдары — «ШИНЖИР ЖШС директоры.
- 2007-2008 жылдары — «АРНАОЙЛ» ЖШС-де өкілдік басшысының бірінші орынбасары.
- 2008-2009 жылдары — «Матин» БК» ЖШС бас директоры
- 2009-2016 жылдары — «Каспий мұнай» АҚ бас директоры, Басқарма төрағасы.
- 2016-2017 жылдары — «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары.
- 2017-2018 жылдары — «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары – «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры.
- 2018-2020 жылдары — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі.
- 2020-2021 жылдары — «ҚазТрансГаз» ҰК» АҚ бас директорының ресурстық базаны дамыту және техникалық саясат жөніндегі орынбасары, Басқарма төрағасының геологиялық барлау және өндіру жөніндегі орынбасары.
- 2020-2022 жылдары — «Отан Газ» ЖШС бас директоры қызметін қатар атқарды.
- 2024 жылы — «ЕМГ Стройсервис» ЖШС директорының кеңесшісі.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ-ның, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамаған.



БАЛЫҚБАЕВ РУСЛАН ӘЛІБЕКҰЛЫ

Басқарма төрағасының орынбасары

Туған күні: 1987 жыл 7 сәуір.

Білімі

- Қазақстан-Британ техникалық университеті, мамандығы «мұнай және газ орындарын игеру» мамандығы.
- 2010 жылы Турин политехникалық университетінің (Италия) магистратурасын бітіріп, мұнай инженериясы саласының ғылым магистрі дәрежесін алды.

Жұмыс тәжірибесі

- 2010 жылы Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі жанындағы NADLoC жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі ұлттық агенттігінде жұмыс істеді.
- 2011-2013 жылдары «Аджип Қазақстан Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» (Аджип ККО) инженері болды.
- 2013-2024 жылдары «PSA» ЖШС-да әртүрлі қызмет атқарды: менеджер, бас менеджер, техникалық департамент директоры, Солтүстік Каспий жобасы бойынша бас менеджер (Басқарма мүшесі).
- 2024 жылы шілдеде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болып тағайындалды.
- Ерен еңбегі үшін» медалімен, сондай-ақ «Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісімен марапатталған.

ҚМГ не оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ-ның, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамаған.



БРЕКЕШЕВ СЕРІККАЛИ АМАНҒАЛИҰЛЫ

Басқарма төрағасының орынбасары

Туған күні: 1972 жыл 14 қазан.

Білімі

- Ақтау политехникалық институты, мамандығы«мұнай және газ кен орындарын игеру, тау-кен инженері»

Жұмыс тәжірибесі

- Еңбек жолын «Қазақстан-Ресей сауда үйі» БК-да бастады.
- 1997 жылы Ақтау қаласы бойынша салық бөлімінің инспекторы болып жұмыс істеді.
- 1997–1998 жылдары – ММГ «Мұнай-гермес» өнімді материалдық-техникалық қамтамасыз ету және өткізу басқармасы филиалының арнайы техника мен қосалқы бөлшектер көлігі бөлімінің және құбырлар мен металл бұйымдары бөлімінің инженері.
- 1998–2006 жылдары – «Қарақұдықмұнай» ЖАҚ-та пайдалану инженері, кен орнында мұнай өндіру шебері, балық аулау менеджері болып жұмыс істеді.
- 2007–2010 жылдары – Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінде мұнай өнеркәсібі департаменті мұнай жобаларының мониторингі және нормативтік-техникалық саясат басқармасының бастығы, газ өнеркәсібін дамыту департаменті директорының орынбасары.
- 2010–2014 жылдары – Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің газ өнеркәсібін дамыту департаментінің директоры.
- 2014–2015 жылдары – «BNG LTD» ЖШС бас директорының орынбасары.
- 2015–2020 жылдары «ҚазТрансГаз» АҚ жұмыс істеді: техникалық саясат департаментінің директоры, МТҚ басқару жөніндегі басқарушы директор, техникалық саясат жөніндегі басқарушы директор, ресурстық базаны дамыту және техникалық саясат жөніндегі бас директордың орынбасары.
- 2020–2023 жылдары – Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі, министрі.
- 2023 жылдың ақпан айынан бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

ҚМГ-ның немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанама түрде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.



ЗАКИРОВ БОЛАТ ҚАЛАУИЯҰЛЫ

Басқарма төрағасының орынбасары

Туған күні: 1976 жыл 16 шілде.

Білімі

- Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, мамандығы «халықаралық валюта-қаржы қатынастары»
- Данди университеті (Шотландия), мамандығы «мұнай және газ экономикасы»

Жұмыс тәжірибесі

- 1999–2009 жылдары «ҚазТрансОйл» АҚ-да стратегиялық жоспарлау департаментінің маманы, жобаларды басқару департаментінің менеджері, бас менеджер, директордың орынбасары, кейін көліктік логистика департаментінің директоры, перспективалық даму департаментінің директоры, бас директордың даму жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды.
- 2009–2011 жылдары – «ҚМГ-Транскаспий» ЖШС бас директорының орынбасары, бас директоры.
- 2012–2016 жылдары – ҚТО бас директорының кеңесшісі, өндіріс жөніндегі басқарушы директоры, бас директордың даму жөніндегі орынбасары және активтер жөніндегі басқарушы директоры қызметтерін атқарды.
- 2016–2018 жылдары – «KMG Systems & Services» ЖШС бас директорының кеңесшісі.
- 2018 жылдан бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай тасымалдау департаментінің директоры, мұнай тасымалдау басқармасының бастығы.
- 2022 жылдың мамыр айынан бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының мұнай тасымалдау, халықаралық жобалар және «Сарыарқа» газ құбырын салу жөніндегі орынбасары.

ҚМГ-ның немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанама түрде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.



МАҒАУОВ ӘСЕТ МАРАТҰЛЫ

Басқарма төрағасының орынбасары

Туған күні: 1972 жыл 28 қараша.

Білімі

- И.М. Губкин атындағы Мәскеу мемлекеттік мұнай және газ академиясы, мамандығы «отын-энергетика салаларындағы экономика және басқару»

Жұмыс тәжірибесі

- 1994 жылдан бастап 1998 жылға дейін «Теңізмұнайгаз» АҚ-да экономист, 2-санаттағы экономист, бөлім бастығының орынбасары болып жұмыс істеді.
- 1998-2001 жылдары ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінде түрлі қызметтер атқарды: Салық және тариф саясаты департаментінде басқарма бастығының орынбасары, басқарма бастығы, директордың орынбасары, Мемлекеттік активтерді басқару департаменті директорының орынбасары.
- 2001 жылғы ақпаннан 2001 жылғы қазанға дейін — «Қазақойл» ЖАҚ бас менеджері.
- 2001-2002 жылдары — «Мұнай және газ тасымалдау» ҰК» ЖАҚ директорының орынбасары.
- 2002-2004 жылдары — «ҚазМұнайГаз» ҰК» ЖАҚ департамент директорының орынбасары, директор.
- 2004-2006 жылдары — «Теңізшевройл» ЖШС бас директорының орынбасары.
- 2006-2008 жылдары — «ҚазМұнайГаз» ҰК» ЖАҚ-тың БК-да үлестерді басқару жөніндегі басқарушы директор.
- 2008-2010 жылдары — ҚР Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі.
- 2010-2011 жылдары — ҚР Мұнай және газ вице-министрі.
- 2011-2012 жылдары — «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры.
- 2012-2016 жылдары — «KAZENERGY» ЗТБ бас директоры
- 2016-2017 жылдары — ҚР Энергетика вице-министрі.
- 2017-2019 жылдары — «KAZENERGY» ЗТБ бас директоры.
- 2019-2023 жылдары — ҚР Энергетика вице-министрі.
- 2023-2024 жылдары — ҚР Энергетика министрінің штаттан тыс кеңесшісі.
- 2024 жылы — «Мұнай-газ машиналарын жасауды дамытудың халықаралық орталығының» бас директоры.

ҚМГ-ның немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанама түрде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.



АБДУЛҒАФАРОВ ДАСТАН ЕЛЕМЕСҰЛЫ

Басқарма төрағасының орынбасары

Туған күні: 1974 жыл 16 желтоқсан.

Білімі

- Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институты, «халықаралық құқық, заңгер» мамандығы
- Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық академиясы, «халықаралық экономика және құқық» мамандығы
- ENI Корпоративтік университеті (Милан, Италия), мұнай бизнесінің магистрі
- Мәскеудегі «Сколково» басқару мектебі, «қаржы және инвестициялар» мамандығы, Executive MBA

Жұмыс тәжірибесі

- ҚМГ компаниялары тобында 18 жылдан астам жұмыс істеп келеді, соның 14 жылы – басшы лауазымдарда.
- Әр жылдарда халықаралық келісімшарттар департаментінің заңгері, жаңа жобаларды дамыту департаментінің бас менеджері, жаңа жобаларды дамыту департаментінің директоры, жаңа теңіз жобаларын дамыту департаменті директорының орынбасары, одан кейін директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пен «ҚазМұнайТеңіз» ТМК» АҚ-да жобаларды басқару тобының жетекшісі, бас директордың кеңесшісі, бизнесті дамыту жөніндегі басқарушы директор, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ барлау және өндіру бизнесін сүйемелдеу жөніндегі басқарушы директоры, аппарат басшысы – дамыту жөніндегі басқарушы директоры қызметтерін атқарды.

ҚМГ-ның 600 акциясына иелік етеді.



АРЫСОВА ДИАНА АЙДАРҚЫЗЫ

Басқарма төрағасының орынбасары

Туған күні: 1979 жыл 20 наурыз

Білімі

- Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, «халықаралық валюта-қаржы қатынастары» мамандығы (үздік тәмамдаған)
- Йокогама ұлттық университетінің (Жапония) MBA дәрежесі
- London Business School (Ұлыбритания), «корпоративтік қаржыландыру» мамандығы

Жұмыс тәжірибесі

- Кәсіби мансабын 1999 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің валюталық реттеу және бақылау басқармасының жетекші экономисі қызметінен бастаған.
- 2004-2005 жылдары Еуропалық қайта құру және даму банкінің банк мәселелері жөніндегі ассистенті болып жұмыс істеді.
- 2006 - 2007 жылдар аралығында — Ұлыбританияның Қазақстан Республикасындағы елшілігінің энергетика саласындағы жобалардың үйлестірушісі.
- 2007 – 2012 жылдары «ҚазМұнайТеңіз» ТМК» АҚ компаниясында түрлі лауазымдарды атқарды: корпоративтік қаржыландыру департаменті директорының орынбасары, директоры, бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы.
- 2012 - 2016 жылдары - «KMG Drilling&Services» ЖШС бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, қаржы директоры.
- 2016 – 2023 жылдары «PSA» ЖШС мұнай-газ операциялары шоттарына ревизия жүргізу департаментінің директоры болып жұмыс істеді.
- 2023 жылы сәуірде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

ҚМГ-ның немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанама түрде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.



ҚҰДАБАЕВ ШАФКАТ СЕРІКҰЛЫ

Басқарма төрағасының орынбасары

Туған күні: 1980 жыл 28 қазан.

Білімі

- Қарағанды бизнес, басқару және құқық университеті, мамандығы «құқықтану», біліктілігі «заңгер»
- Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, мамандығы «қаржы және кредит»
- И.М.Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университеті, Халықаралық бизнес мектебі, «мұнай-газ бизнесін басқару» MBA, «іскерлік әкімшілеу магистрі»
- Ресей Федерациясының президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы, мамандығы «салық құқығы және салық салу»

Жұмыс тәжірибесі

Әр жылдары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінде түрлі лауазымдарды атқарды: шағым-талап жұмысы бөлімінің жетекші маманы, шағым-талап жұмысы бөлімінің бас маманы, шағым-талап жұмысы бөлімінің басшысы, халықаралық салық салу басқармасы басшысының орынбасары, заң басқармасының басшысы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қарағанды облысы бойынша Салық департаментінің басшысы, мамандандырылған басқарманың бастығы.

- 2020-2021 жылдары «BTS Digital Ventures Fund» ЖМ салық мәселелері бойынша сарапшы қызметін атқарды.
- 2021-2022 жылдары — «KAZENERGY» мұнай-газ және энергетика ұйымдары ЗТБ фискалдық реттеу департаментінің атқарушы директоры.
- 2022-2024 жылдары — Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің жер қойнауын пайдалану департаментінің директоры.
- 2024-2025 жылдары — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының бизнес-серіктесі.
- 2025 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

ҚМГ-ның немесе оның еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдарының акцияларына (тікелей немесе жанама түрде) иелік етпейді. ҚМГ, еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасасқан жоқ.

БАСҚАРМАНЫҢ 2024 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Басқарма қызметі Қазақстан Республикасының «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңында, ҚМГ Жарғысында және Басқарма туралы ережеде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында регламенттелген. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және ҚМГ Жарғысымен Компанияның басқа да органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған компания қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы. ҚМГ Басқармасын Акционерлердің жалпы жиналысы тағайындайтын (сайлайтын) Басқарманың төрағасы басқарады. Өз кезегінде, Басқарманың қалған мүшелерін тағайындау ҚМГ Директорлар кеңесінің құзыретіне кіреді.

Басқарма құзыретінің аса маңызды мәселелеріне келесілер жатады:

- ҚМГ Даму стратегиясы мен Даму жоспарын іске асыру;
- бизнес-жоспарды орындауды және инвестициялық жобаларды іске асыруды қоса алғанда, компанияның ағымдағы қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асыру;
- ҚМГ мен ЕТҰ-ның тұрақты дамуы бойынша іс-шараларды іске асыру;
- мүдделер қақтығысы мен корпоративтік қақтығыстарды реттеуге қатысу және олардың мониторингін жүргізу;
- Жарғыда Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, ҚМГ ЕТҰ қызметіне қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;
- ҚМГ міндеттемелерін ұлғайту және материалдық шегіне сәйкес мүлікті сатып алу немесе иеліктен шығару.

ҚМГ Басқармасын Директорлар кеңесі Басқарма төрағасының ұсыныстары негізінде қалыптастырады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басқарманың құрамына ҚМГ-ның негізгі он басшысы кірді. Басқарманың отырыстары бетпе-бет және сырттай өтеді, сондай-ақ қажеттілігіне қарай шақырылады.

2024 жыл ішінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы 68 отырыс өткізіп, 563 шешім қабылдады.

2024 жыл ішінде қабылданған Басқарманың нақты шешімдерінің жалпы санынан белгіленген тәртіппен 162 мәселе ҚМГ Директорлар кеңесінің қарауына шығарылды.

ҚМГ Директорлар кеңесінің қарауына белгіленген тәртіппен

162 мәселе шығарылды

ҚМГ Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер, %



62
Ішкі қызметтер

11
ЕТҰ-дағы АЖҚ ұйымдарының шешімі

46
Мүддемен жасалған мәмілелер

20
Сомасы 200 млн доллардан асатын мәмілелер бойынша шешімдер

6
КҚ корпоративтік стандартына сәйкес инвестициялық қ ызметтер бойынша мәселелер

17
Ішкі қызмет туралы есептер

Соның ішінде 62 мәселе мыналарға қатысты болды:
- құжаттардың жобалары немесе қолданыстағы ішкі құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар;
- «Құрманғазы» құрылымының өнімін бөлу туралы келісімі бойынша жер қойнауын пайдалану құқығының «ҚазМұнайТеңіз» ТМК» ЖШС-нен ҚМГ пайдасына ауысуын келісу;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2023 жылғы шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін бекіту және ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысына 2023 жылғы ҚМГ таза кірісін бөлу тәртібі және ҚМГ-ның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшері туралы ұсыныс беруді бекіту;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясына толықтыруларды бекіту;

2024 жылдың ішінде ҚМГ Басқармасы

563 шешім қабылдады

2024 жылдың ішінде ҚМГ Басқармасы

68 отырыс өткізді

- Қазақстан Республикасы Атырау облысының XXVI-10-а (ішінара) блоктары шегінде Батыс Новобогат кен орнында көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарт бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ-ның жер қойнауы учаскесін мемлекетке қайтаруды келісу;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2025-2029 жылдарға арналған шоғырландырылған даму жоспарын бекіту;
- ҚМГ-ның «Болашақ» жобасы бойынша қағидаттары туралы келісім жасасу;
- Еурооблигациялар-2024 сатып алу (мерзімінен бұрын өтеу);
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму бағдарламасын және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның және оның еншілес ұйымдары мен тәуелді қоғамдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясатын бекіту;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ кадр саясатын, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай-газ-химия кешенін дамытудың 2040 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту және т. б.

ЕТҰ акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жататын Директорлар кеңесінің өкілеттігіне сәйкес ҚМГ Басқармасы төмендегі компаниялардың қызметі мәселелеріне қатысты 11 шешімге бастамашылық жасады:
- «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС (6)
- «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТККҚ» ЖШС (2)
- «ҚазТрансОйл» АҚ (2)
- «ҚМГ-Қарашығанақ» ЖШС (1)

Сонымен қатар Басқарма есепті кезеңде ҚМГ мүдделілі бар мәмілелер жасасу бойынша Директорлар кеңесінің қарауына 46 мәселені ұсынды.

2024 жыл ішінде ҚМГ Директорлар кеңесінің қарауына ҚМГ мен оның ЕТҰ-ның инвестициялық жобалары мен мәмілелерін келісу туралы 20 мәселе шығарылды, бұл жобалардың құны есепті кезеңде макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамы бойынша белгіленген (базалық сценарий) теңгенің бағамына сәйкес 200 000 000 (екі жүз миллион) АҚШ доллары шегінен асады.

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен (2020 жылғы 17 наурыздағы №09/20 хаттама) бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ-ның және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50%-дан астамын «Самұрық-Қазына» АҚ тікелей немесе жанама иелік ететін заңды тұлғалардың инвестициялық қызметінің корпоративтік стандартына сәйкес қарады ҚМГ Басқармасы «Самұрық-Қазына» АҚ инвестициялық-стратегиялық комитетінің отырысына енгізу үшін 13 мәселені қарады, одан кейін ҚМГ Директорлар кеңесінде соның алты мәселесі қаралды.

Сонымен қатар Басқарма 17 есепті мақұлдап, Директорлар кеңесінің қарауына жіберді, атап айтқанда:
- 2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 1, 2 және 3-тоқсандағы жағдай бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қаржылық тәуекелдері бойынша есептер;
- 2023 жылғы 4-тоқсандағы және 2024 жылғы 1, 2 және 3-тоқсандағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның негізгі тәуекелдері бойынша есептері;
- 2023 жылдың 4-тоқсанында және 2024 жылдың 1, 2 және 3-тоқсандарында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы қабылдаған, оларға мүдделілік бар жасалған мәмілелер туралы есептер;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясын 2023 жылы және 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында іске асыру туралы есеп;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит қызметінің верификациялауын ескере отырып, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2018-2021 жылдарға арналған трансформациялау бағдарламасын іске асырудың қорытындылары туралы есеп;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2023 жылғы тұрақты даму туралы есебі;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2023-2027 жылдарға арналған шоғырландырылған даму жоспарын 2023 жылы іске асыру туралы есеп.

2024 жыл ішінде Басқарма олардың жасалуына ҚМГ мүддесі бар мәмілелері бойынша 39 шешім қабылдады.

2024 жылы қаңтар-желтоқсан айларына аралығында Басқарма шешімімен төмендегі құжаттар бекітілді:
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Санаттық комитеті туралы және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50% және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдар жасасқан сатып алу туралы шарттар бойынша өнім берушілермен даулы мәселелерді қарау жөніндегі наразылық комиссиясы туралы екі ереже;
- он Ереже;
- екі Регламент;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында қалдықтарды басқару жөніндегі стандарт;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында экологиялық бағалау жүргізу жөніндегі корпоративтік стандарт;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға меншік құқығында тиесілі «Теңізшевройл» ЖШС, «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС және «Kalamkas-Khazar Operating» ЖШС-нің жарғылық капиталындағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның қатысу үлестерін «ҚМГ Қашаған Б. В.» ЖШЖК-ға сенімгерлік басқаруға беру бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның іс-шаралар жоспары;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2024-2028 жылдарға арналған түзетілген бизнес-жоспары (төрт рет);
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2024 жылдарға арналған түзетілген бюджеті (тоғыз рет)
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 2025 жылға арналған жұмыс жоспары;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2025-2029 жылдарға арналған бизнес-жоспары;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2025 жылға арналған бюджеті;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарушы және әкімшілік қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының кестесі;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Ақтау қаласындағы өкілдігі қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының кестесі;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында 2024-2027 жылдарға арналған өндірістік қауіпсіздіктің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін жақсарту жөніндегі жол картасы;
- ·жаңа редакциядағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік құндылықтары

2024 жылдың ішінде ҚМГ Басқармасы жасалуына мүдделі болып, оны қабылдаған ҚМГ мәмілелері бойынша

39 шешім шығарды

Бұдан басқа, 30 шешім арқылы ҚМГ-ның жекелеген ішкі құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.


Сондай-а, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2024 жылға арналған бюджет қаражатын қайта бөлуге қатысты ҚМГ Басқармасының 9 шешімі қабылданды.

ЕТҰ акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жататын өкілеттіктер аясында Басқарма ҚМГ позициясын айқындау және акционерлердің (үлескерлердің) жалпы жиналыстарында ҚМГ уәкілетті өкілдерінің (қатысушылары) кейіннен дауыс беруі үшін:

акционер/сенімгерлік басқарудың құрылтайшысы ретінде 12 шешім қабылдады:




Жарғылық капиталға қатысу үлесінің қатысушысы/ сенімгерлік басқарушысы ретінде ҚМГ позициясын айқындау бойынша 145 шешім қабылдады:



Бұдан басқа, Басқарма ҚМГ еншілес ұйымдарының барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін жалғыз акционердің/ тұлғаның шешімі ретінде 19 шешім қабылдады, оның ішінде:



Басқарманың 176 шешімі ҚМГ еншілес ұйымдарының барлық қатысу үлестерін иеленетін жалғыз қатысушысы/ жалғыз құрылтайшысы/ тұлғаның шешімдері, оның ішінде:



«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 30 маусымдағы шешімімен (№36/22 хаттама) бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдардың қайырымдылық көмегін (қайырымдылық жобасын) жоспарлау, қарау және алдын ала мақұлдау қағидаларына сәйкес ҚМГ Басқармасы «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қоры арқылы Қазақстан Республикасының тасқын судан зардап шеккен өңірлерге, сондай-ақ қосымша Атырау облысының елді мекендеріне қайырымдылық көмек көрсету туралы үш шешім қабылдады. Бұдан бөлек, «Отпан: Маңғыстау облысының тірек мектептер желісі» жобасын іске асыру үшін «Білім беру саласын тұрақты дамыту қоры» қоғамдық қорына демеушілік көмек көрсету туралы шешім қабылданды.

СЫЙАҚЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2016 жылдың 26 қыркүйектегі шешімімен, өзге мәселемен қоса Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы белгілеу тәртібі көзделген «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының Директорлар кеңесінің құрамын қалыптастыру жөніндегі қағидалар бекітілді. Сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттері, компания қызметінің ауқымы, ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттер есепке алынады. Сыйақы акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде тәуелсіз директорларға және «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдеріне төленеді.

Директорлар кеңесінің 2022-2024 жылдар кезеңіндегі жиынтық сыйақысы

	2022	2023	2024
Директорлар кеңесі мүшелеріне АҚШ долларымен төленген сыйақының жиынтық мөлшері	350 000	196 375	-
Директорлар кеңесі мүшелеріне теңгемен төленген сыйақының жиынтық мөлшері	29 538 710	97 215 050	207 200 000

БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ

ҚМГ Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 29 желтоқсандағы шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының Адам ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандартына сәйкес ҚМГ Басқармасының мүшелері қызметінің тиімділігін бағалау тәртібі мен сыйақы саясатын айқындайды.

Есепті кезеңдегі (жылдағы) жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы Басқарма мүшелеріне өлшенетін, өзара байланысты, қисынды әзірленген және теңдестірілген мотивациялық ҚБК карталарында көрсетілген стратегиялық және басым мақсаттарға қол жеткізуге ынталандыру үшін қызмет тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша төленеді.

Мотивациялық ҚБК картасы корпоративтік және функционалдық ҚБК-дан тұрады.

Сыйақының тиімді және ашық жүйесін қалыптастыруға байланысты мәселелерді алдын ала қарау үшін Директорлар кеңесінің Тағайындау мен сыйақылар жөніндегі комитеті құрылды.

2024 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ Басқармасының мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері 497 815 040,40 теңге болды, бұл «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қағидаларына және Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 10 қыркүйектегі шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ішкі аудит, Корпоративтік хатшы, Комплаенс және Омбудсмен қызметтерінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қағидаларына сәйкес Басқарма мүшелеріне 2024 жылы Басқарманың құрамында болған кезеңде ҚМГ төлеген салықтар мен зейнетақы аударымдары ескерілген ақшалай нысандағы жалақылардың және көтермелеудің барлық түрлерінің жиынтық мөлшерін қамтиды.

2022–2024 жылдары Басқарма мүшелеріне берілген сыйақының жиынтық мөлшері

	2022	2023	2024
Басқарма мүшелеріне берілген сыйақының жиынтық мөлшері, теңге	344 627 125	388 673 642	497 815 040

ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес[1] Директорлар кеңесі мен Басқарма Компанияның жылдық есебі мен қаржы есептілігінің дұрыстығына жауап береді.

Директорлар кеңесі және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі Жылдық есеп пен есептілікті дайындау және келісу кезінде өз жауапкершілігін түсінетінін мәлімдейді және Жылдық есеп пен есептілікті тұтастай алғанда, әділ, теңдестірілген және түсінікті деп есептейді, сондай-ақ акционерлерге Компанияның жағдайын, қызмет нәтижелерін, бизнес-моделін және стратегиясын бағалау үшін қажетті ақпаратты қамтиды.

Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі өзінде бар ақпаратты негізге ала отырып, келесіні растайды:

- Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалған қаржы есептілігі Компанияның активтері, міндеттемелері, қаржылық жағдайы, қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері, Компанияның еншілес кәсіпорындарымен біріктірілген балансы туралы шынайы және сенімді ақпарат береді;
- Басқарманың есебі Компания мен оның еншілес кәсіпорындарының қаржы-шаруашылық қызметінің дамуы және көрсеткіштері мен қаржылық ахуалы туралы сенімді деректерді, сондай-ақ олар тап болатын аса маңызды тәуекелдер мен белгісіздіктерді сипаттайды.

Директорлар кеңесі Кодексте сәйкес директорлардың тәуелсіз екенін белгіледі және Холланд Филип Малкольм, Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы, Арғынғазин Арман Әнуарбекұлы, , Мыңшәріпова Сая Найманбайқызы және Шәкіров Асқар Оразалыұлының мінез-құлқы мен шешім қабылдауы тәуелсіз деп есептейді. Директорлар кеңесі аталған директорлардың тәуелсіз шешімдеріне айтарлықтай әсер ететін немесе әсер ете алатын қандай да бір болмасын байланыстың немесе мән-жайдың жоқ екенін анықтады

Жылдық есепті дайындау шеңберінде басшылық компанияның жақын болашақта үздіксіз негізде қызметін жалғастыру қабілетін бағалауға жауапты.



[1] «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2024 жылғы 28 мамырдағы №1/2024 хаттамасымен бекітілген.

КОРПОРАТИВТІК БАҚЫЛАУ

Корпоративтік қақтығыстар туындаған жағдайда қатысушылар компания мен мүдделі тараптардың мүдделерін тиімді қорғау үшін мәселені келіссөздер арқылы шешуге ұмтылады.

Корпоративтік қақтығыстардың алдын алу және реттеу жөніндегі жұмыстың тиімділігі, ең алдымен, осындай қақтығыстарды барынша толық әрі жедел анықтауды және Компанияның барлық органдарының іс-қимылдарын нақты үйлестіруді көздейді.

Корпоративтік қақтығыстарды Корпоративтік хатшының көмегімен Директорлар кеңесінің төрағасы қарайды. Егер корпоративтік қақтығысқа Директорлар кеңесінің төрағасы тартылса, мұндай жағдайларды Тағайындау мен сыйақылар жөніндегі комитет қарайды.

ІШКІ АУДИТ

Ішкі аудитті ҚМГ Ішкі аудит қызметі (ІАҚ) жүзеге асырады.

ІАҚ ҚМГ Директорлар кеңесіне бағынып, соған есеп береді және оған ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті жетекшілік етеді.

Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібі туралы толығырақ ҚМГ-ның 2023 жылға арналған жылдық есебінің 259-260-беттерінде мазмұндалған.

Ішкі аудит қызметі 2024 жылы атқарған жұмысы

Ішкі аудит қызметінің (ІАҚ) 2024 жылға арналған жұмыс жоспарына ҚМГ мен ЕТҰ-ның тақырыптық аудиттері, өндірістік, операциялық және қаржылық процестерінің аудиттері, ҚМГ басшы қызметкерлерінің мотивациялық қызметтің басты көрсеткіштерінің орындалу мониторингі, ІАҚ берген ұсынымдарды орындау мониторингісі енгізілді. Осы жоспар шеңберінде 22 аудитті орындау көзделген, ІАҚ нақты 35 аудит жүргізді, соның ішінде жоспардан тыс 12 тексеру өтті.

2024 жылы жүргізілген аудит нәтижелері бойынша ІАҚ компания қызметін жетілдіруге бағытталған 466 ұсыным берді; ұсынымдарды орындау жөніндегі шараларды әзірлеу мен іске асыруға мониторинг жасап, бақылауды жүйелі негізде қамтамасыз етеді. Анықталған тәуекелдерді азайту мақсатында ІАҚ ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне бағалау, ұсынымдардың орындалуына мониторинг және пост-аудит жүргізеді. 2024 жылы жүргізілген аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар берілген қызметтің негізгі бағыттарына өндірістік қызмет, сатып алу рәсімдері, еңбекті қорғау, келісімшарттарды орындау, ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік, инвестициялық қызмет және күрделі салымдар кіреді.

Аудит жөніндегі комитет ІАҚ қызметінің нәтижелеріне мониторинг жүргізіп қана қоймай, кәсібилікті дамытуға және оның қызметкерлерінің кадрлық әлеуетін ашуға назар аударады. Осы мәселелер ІАҚ есептеріне енгізіледі және оларды Аудит жөніндегі комитет тоқсан сайын қарайды.

ІАҚ қызметкерлерінің кәсіби шеберлігі ҚМГ-ның ішкі аудит функциясы тиімділігінің кепілі болғандықтан, оқыту және біліктілікті арттыру процесінің маңызы жоғары.

СЫРТҚЫ АУДИТ

ҚМГ компаниялар тобының бухгалтерлік (қаржылық) есептілігінің дұрыстығын тәуелсіз бағалау мақсатында жыл сайын ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған есептілікке аудит жүргізеді. Сыртқы аудиторды ҚМГ Директорлар кеңесі мақұлдағаннан кейін акционерлердің жалпы жиналысы бекітеді.

2022 жылғы 20 қаңтардағы «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы атынан акционерлердің шешіміне сәйкес ҚМГ-ның 2022-2024 жылдарға арналған қаржылық есептілігінің сыртқы аудиторы болып «Эрнст энд Янг» ЖШС тәуелсіз аудиторлық компаниясы танылды.

Аудиторды тағайындау және оның тәуелсіздігін анықтау туралы ақпарат ҚМГ-ның 2023 жылға арналған Жылдық есептің 262-беттінде сипатталған.

Сыртқы аудитордың аудиторлық емес қызметтерді көрсетуі

ҚМГ-ның аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясатына сәйкес сыртқы аудитор аудиторлық емес қызметтер көрсету үшін Аудит жөніндегі комитеттің рұқсатын алуға міндетті. Есепті жылы ҚМГ компаниялар тобына сыртқы аудитор көрсеткен аудиторлық емес қызметтерге арналған жалпы шығын сомасы алдыңғы үш есепті жыл қатарынан ҚМГ компаниялар тобына сыртқы аудитор көрсеткен аудиторлық қызметтерге жұмсалған шығыстардың орташа сомасының 50%-нан аспауға тиіс.

ҚМГ жыл сайын Аудит жөніндегі комитетке сыртқы аудиторға рұқсат етілген аудиторлық емес қызметтерду және есепті жылы сыртқы аудитор көрсеткен аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер туралы ақпаратты бекіту үшін ұсынады. 2024 жылы ҚМГ компаниялар тобына сыртқы аудитор көрсеткен аудиторлық емес қызметтердің үлесі 2024 жылы ҚМГ компаниялар тобына сыртқы аудитор көрсеткен аудиторлық қызметтер үшін төленген сыйақының жалпы сомасының 2,8%-ын құрады.

ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі (ТБКЖ) басқарудың барлық деңгейлерін қамтиды және бизнестің тұрақты дамуына әсер ететін тәуекелдерді анықтауды, бағалауды және азайтуды қамтамасыз етеді. Негізгі мақсаты — сыртқы және ішкі өзгерістер жағдайында компанияның тұрақтылығын арттыру.

ТБКЖ-ның құрылымын қоса алғанда, тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі туралы ақпарат ҚМГ-ның 2023 жылға арналған Жылдық есебінің 263-бетінде берілген.

2024 жылы ТБКЖ дамыту және жетілдіру

Тәуекелдерді басқару жүйесі негізгі тәуекелдерді анықтау, талдау, бақылау және басқаруды қоса алғанда, өзара байланысты процестерге негізделген. 2024 жылы санкциялық тәуекелдер мониторингін және негізгі тәуекел индикаторларын автоматтандыру бойынша пилоттық жобаны іске қосуды қоса алғанда, жүйені жетілдіру бойынша бірқатар іс-шаралар атқарылды.

ҚМГ COSO стандартына сәйкес «Қорғаныстың үш желісі» моделін ұстанады. Тәуекел мәдениетін арттыру және қызметкерлерді оқыту бойынша жұмыстар жалғасуда.


Ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ) ҚМГ-ның негізгі процестеріне интеграцияланған, операциялық және қаржылық мақсаттарды орындауда, сондай-ақ заңнаманы сақтауға орынды сенімділікті қамтамасыз етеді. 2024 жылы негізгі бизнес-процестерде бақылау процедураларының мониторингін автоматтандыруға және ішкі бақылауды ресімдеуге баса назар аударылды.

Қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі (ҚҮБЖ) компанияның инциденттерге төзімділігін қамтамасыз етеді. 2024 жылы ЕТҰ-дағы негізгі бизнес-процестерге арналған қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарлары әзірленді.

Корпоративтік сақтандыру компания мен акционерлердің мүліктік мүдделерін қорғайды. Сақтандырудың негізгі түрлеріне өндірістік активтерді, үшінші тұлғалар алдындағы жауапкершілікті және энергетикалық тәуекелдерді сақтандыру кіреді.

ҚМГ-ның негізгі тәуекелдері – мұнай экспортының төмендеуі, мұнай бағасының құбылмалығы, заңнаманың өзгеруі, экологиялық және климаттық тәуекелдер. Жыл бойы компания мұнай тасымалдау бағыттарын әртараптандыруды, санкциялық тәуекелдерге мониторинг жүргізуді және төмен көміртекті даму бағдарламасын іске асыруды қоса алғанда, тәуекелдердің ықпалын төмендету жөнінде шаралар жасады.

Тәуекелдер картасы



№	Тәуекелдердің атауы
1	Мұнай экспортының төмендеу тәуекелі
2	Өндірісте жарақат алу тәуекелі
3	Ел бойынша тәуекел және санкциялар қаупі
4	Өтімділік және қаржылық тұрақтылық тәуекелдері
5	Инвестицияға (жобалар) қатысты тәуекелдер
6	Қызметін жүргізетін өңірлердегі әлеуметтік жағдай
7	Мұнай бағасының аса құбылмалы болуы
8	Өндіру көлемінің төмендеу тәуекелі
9	Өндірістік нысандарда авариялық жағдайлардың, техногендік апаттардың қаупі
10	Қолданыстағы заңнаманың өзгеру қаупі, сондай-ақ сот талаптары мен арбитраждық қарау тәуекелі
11	Экологияға теріс әсер ету қаупі
12	Геологиялық тәуекел
13	Климаттық тәуекелдер және төмен көміртекті даму
14	Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдері

Компанияның басты тәуекелдері

Тәуекел өзгеріссіз | Тәуекел артуда | Тәуекел төмендеуде

Тренд (жыл ішінде)	Тәуекел мен оның ықтимал салдарының сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
▭	**Мұнай экспортының төмендеу тәуекелі** Негізгі себептері: КҚК құбырындағы апаттар апаттар, техникалық ақаулар, санкциялар мен геосаяси тұрақсыздық, сұраныстың төмендеуі **Әсері** Тасымалдауды шектеу, ірі кен орындарында (Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ) өндіруді тоқтату, қоймалардың толуы, пайданың түгел болмауы	Тасымалдаудың баламалы бағыттары пысықталып жатыр, мұнай құбырлары кеңейтілуде, КҚК-ның аса маңызды жабдықтары ауыстырылуда
▭	**Өндірісте жарақат алу тәуекелі** Себептері: еңбекті қорғау саласындағы ережелерді сақтамау және өндірістік тәртіпті бұзуы қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіреді. **Әсері** Қызметкерлердің денсаулығына зиян келтіріп, жарақат алуына әкелу, қаржылық шығындар, іскерлік тәуекелдер, өндіріске нұқсан келтіру.	Компания қауіпсіздікті арттыру үшін оқыту бағдарламаларын жүргізеді, бақылау рәсімдері мен жаңа технологияларды енгізеді. «Қорғау» карталары және қызметкерлердің әрекетін бақылау арқылы инциденттерді есепке алу жүйесі (Near Miss) іске асырылуда. ЕТҰ-да мердігерлермен жұмысты қоса алғанда, өндірістегі қауіпсіздікті арттыруға бағытталған тексерулер мен бағдарламалар жалғасуда
▭	**Ел бойынша тәуекел және санкциялар қаупі** Компания шет мемлекеттерде де қызметін жүзеге асырады, бұл оны экономикалық және саяси жағдайлар алдында әлсіз етеді. Санкциялар ортақ жобалар мен жабдық жеткізуге әсерін тигізуі мүмкін. 2024 жылы кейбір өнім/қызмет көрсетушілер Ресей компанияларының қатысуы салдарынан ынтымақтастықтан бас тартты. **Әсері** Санкцияларды қатаңдату компанияның операциялық және қаржылық қызметіне теріс әсер етіп, сондай-ақ компанияға қайталама санкциялар салуға әкелуі мүмкін.	• санкциялық тәуекелдерге мониторинг және талдау жүргізу, Қорға және компанияның мүдделі бөлімшелеріне уақтылы ақпарат беру • Перспективті жобаларды бағалау және баламалы мердігерлерді тарту • Келісімдерге санкциялардан қорғау тетіктерін енгізу • Импортты алмастыру бойынша жұмыс тобын құру
▭	**Өтімділік және қаржылық тұрақтылық тәуекелдері** Негізгі тәуекелдер өтімділікпен, қаржылық тұрақтылықпен және несиелік рейтингтердің төмендеуімен байланысты, бұл қарыздарды дереу өтеуді талап етіп, қаржыландыру мүмкіндіктерін шектеуі мүмкін. **Әсері** Операциялық және және инвестициялық қызметті қаржыландыру үшін жеткілікті көлемде қаражат тарта алмау қаупі. 2024 жылы Компания қаржылық тұрақтылықтың жеткілікті деңгейін сақтап тұрды.	• Борыш деңгейін бақылау және борышты өтеуге бос ақша қаражатын жіберу • Қарыз және ішкі капитал көздері арасындағы баланс • Шығын көлемін қысқарту және бюджеттерді бақылау • ЕТҰ-ның ағымдағы қарыздарын және қаржылық көмегін қайтару • Капитал нарықтарына шығу мүмкіндігін сақтау үшін кредит төлеу қабілетін ұстап тұру • Борыш жүктемесін азайту үшін қарыздарды мерзімнен бұрын өтеу

Тренд (жыл ішінде)	Тәуекел мен оның ықтимал салдарының сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
↑	**Инвестицияға (жобалар) қатысты тәуекелдер** Көмірсутектерді барлау, өндіру, тасымалдау және өңдеу саласындағы жобалар сыртқы және ішкі факторларға байланысты тәуекелдерге ұшырауы мүмкін. 2024 жылы кідірістердің басты себептері сатып алудың ұзаққа созылған процедуралары мен мердігерлерден кепілдік күту болды. **Әсері** Шығындардың өсуң, өндірістік объектілерді уақтылы пайдалануға бермеу, жобалық мақсаттарды орындамау	• Жобаларға тұрақты мониторинг жасау және жоспарларға өзгерістер енгізу • Жеткізушілермен келіссөз жүргізу және операциялық шығындарды азайту • Инвестициялық бағдарламаны оңтайландыру және тиімсіз жобаларды алып тастау • Халықаралық компаниялардың стандарттары бойынша жобалық басқару жүйесін (Stage Gate Process) енгізу
↑	**Қызметін жүргізетін өңірлердегі әлеуметтік жағдай** Компания, әсіресе мердігер ұйымдардың қызметкерлері арасында рұқсат етілмеген ереуілдер қаупіне ұшырайды. 2024 жылы Маңғыстау облысында ереуілдердің саны өскені байқалды, негізгі талаптар жалақыны көтеру және жұмысқа орналастыру болды. **Әсері** Компанияның беделіне теріс ықпал ету, өндіріс процестердің бұзылуы, операциялық шығындардың артуы және күрделі шығындарға теріс әсер ету. Инфляцияның жоғарылауы және теңгенің әлсіреуі еңбекақы мөлшеріне қатысты келіссөздерге әсер етуі мүмкін	• Маңғыстау облысындағы қақтығыстарды реттеу үшін Ақтауда ҚМГ өкілдігі жұмыс істейді • Кәсіпорындардағы әлеуметтік жағдайды үздіксіз бақылау және мемлекеттік органдармен бірлесіп қақтығыстардың алдын алу бойынша жұмыс жүргізу • ЕТҰ-да еңбек жағдайлары мен инфрақұрылымды жақсарту бойынша Жол карталары әзірленді (2023-2027 жылдар) • Басшылықтың қызметкерлермен тұрақты кездесулері бойынша ішкі коммуникациялардың бірыңғай жүйесі енгізілді • 2024 жылы ЕТҰ-да және мердігерлермен қосымша келісімдер жасасу арқылы мердігер ұйымдарда 1 194 адам жұмысқа орналастырылды
↑	**Мұнай бағасының аса құбылмалы болуы** Компанияның энергия көздері бағасының аса құбылмалы болу қаупі бар. **Әсері** Бағаның құбылмалы болуы кірістің, ақша ағымының және қаржы нәтижелерінің өзгеруіне әкелуі мүмкін	• Нарық күрт өзгерген жағдайда дағдарысқа қарсы шараларды енгізу • Даму жоспарын түзету, шығындарды азайту және оңтайландыру • Инвестициялық жобалардың басымдығы • Мұнай және мұнай өнімдері бағасын тұрақты мониторингілеу және сұранысты талдау
▭	**Өндіру көлемінің төмендеу тәуекелі** Негізгі сыртқы себептер: электр қуатын авариялық жағдайда ажырату, электрмен жабдықтаутағы іркілістер, ауа-райының қолайсыздығы. Негізгі ішкі себептер: ұңғымалардың тозуы, тиімсіз жоспарлау және сапасы төмен құрал-жабдық **Әсері** Өндірістік жоспарлардың орындалмауы, өндірудің тоқтап қалуы, кірістің түгел болмауы	• Епі компаниясымен бірлесіп Жаңаөзен қаласында қуаты 247 МВт гибридті электр станциясын алу (іске асыру мерзімі — 2024–2026 жылдар) • Ұңғымалардың жөндеу аралық кезеңдерін тұрақты бақылау, жабдықтарды дер кезінде жөндеу және жаңғырту

Тренд (жыл ішінде)	Тәуекел мен оның ықтимал салдарының сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
▭	**Өндірістік нысандарда авариялық жағдайлардың, техногендік апаттардың қаупі** Компанияның өндірістік қызметі авария болу қауіпімен байланысты, олар мүлікке, үшінші тұлғаларға және қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін. **Әсері** • Қызметкерлердің жарақат алуы мен өлімі • Жабдық пен инфрақұрылымның қирауы • Авария салдарын жоюға жұмсалатын шығын және экологиялық бұзушылық үшін айыппұлдар	• Бұрғылау ерітіндісінің геологиялық сипаттамалары мен өлшемшарттарын бақылау • Бұрғылау ерітіндісінің дайындалуын міндетті түрде бақылау және газ-мұнай, судың бөліну белгілеріне мониторинг жасау • Жабдыққа техникалық қызмет көрсету және оны диагностикалау, өнеркәсіптік қауіпсіздікті тексеру • Жабдықты қауіпсіз пайдалану бойынша қызметкерлерді оқыту және нұсқаулықтар жүргізу • Мүлікті бұзылуынан ерікті сақтандыруға қатысты келісімшарттар жасасу
↑	**Заңнаманың өзгеру қаупі және сот даулары тәуекелдері** Компания қызметіне салықтық және кедендік реттеуді қоса алғанда, қолданыстағы заңнамадағы өзгерістер, сондай-ақ сот және төрелік даулар бойынша соттардың теріс шешімдер қабылдау тәуекелі әсер етуі мүмкін. **Әсері** 2024 жылы ҚМГ-ның Корпоративтік орталығына 1 млн АҚШ долларынан асатын сомаға талап қойылмады	• Заңнамадағы өзгерістерге және олардың әсер ету дәрежесіне тұрақты мониторинг • Заң жобаларын әзірлеу және талқылау бойынша жұмыс топтарына қатысу • сот практикасына мониторинг және үздік тәжірибені қолдану • Стати дауының істі қайта қарау құқығынсыз аяқталуы, бұл қосымша шығындар қаупін жойды және Компанияның құқықтық позициясын нығайтты
↑	**Экологияға теріс әсер ету қаупі** Компания қоршаған ортаға теріс экологиялық әсер ету және экологиялық заңнама талаптарын сақтамағаны үшін міндеттемелерді қатаңдату қаупіне ұшырайды **Әсері** Экологиялық тәуекелдер айыппұлдарға, нормативтен тыс төлемдерге, қоршаған ортаны қалпына келтіру шығындарына және әлеуметтік арттыруға әкелуі мүмкін	• Шығарындыларды басқару және газды алау етіп жағуын азайту • Су ресурстарын және өндіріс қалдықтарын басқару • Жерді қалпына келтіру және энергия тиімділігін арттыру • Экологиялық аспектілерді профилактикалық басқару және мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл • Қалдықтарын кәдеге жарату бойынша меморандум қабылдау және жиналған қалдықтарға мониторинг жүргізу • ЕТҰ-ларда экологиялық мониторингтің үздік технологиялары мен автоматтандырылған жүйелерін енгізу

Тренд (жыл ішінде)	Тәуекел мен оның ықтимал салдарының сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
	Геологиялық тәуекел Барлау жобаларын іске асыру геологиялық құрылымның белгісіздігінен туындайтын тәуекелдермен байланысты, бұл көмірсутектер қорларының анықталмауына немесе қорлардың төмен бағалануына әкелуі мүмкін. **Әсері** Коммерциялық тұрғыдан өнімді қорлардың болмауы немесе қорлардың жоспарланған деңгейден төмен болуы.	• Геологиялық-геофизикалық деректерді және ұқсас кен орындары бойынша деректерді жинау және талдау • Деректерді зерттеу мен түсіндірудің қазіргі заманға сай геофизикалық әдістерін қолдану • Геологиялық тәуекелдерді азайту үшін озыңқы сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу • Кен орындарды бірлесіп барлау үшін стратегиялық серіктестерді тарту • Оқыту және шетел компанияларымен тәжірибе алмасу арқылы қызметкерлердің біліктілігін арттыру
	Климаттық тәуекелдер және төмен көміртекті даму Компания өз қызметінде технологиялық, реттеуші және нарық тәуекелдерін қоса алғанда, энергия көзінің жаңа түрлеріне көшу мен климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерге, сондай-ақ экстремалды ауа-райы мен климаттың ұзақ мерзімді өзгерістерден туындайтын физикалық әсер ету тәуекелдеріне тап болады. **Әсері** Климаттық тәуекелдер шығындардың өсуіне, кірістің төмендеуіне, қызметкерлер денсаулығының нашарлауына және өнімділіктің төмендеуіне әкелуі мүмкін	• ҚМГ-ның 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму бағдарламасының жобасы әзірленді • Энергия тұтыну және парник газдары шығарындыларын есепке алу жүргізіледі • ЕТҰ-дағы шығарындыларды азайту жөніндегі жоспарларды мониторингілеу және іске асыру • Метан шығарындысын азайту бағытындағы жобаларға инвестиция тарту үшін халықаралық ұйымдармен келіссөз жүргізу • Chevron компаниясының және Павлодар облысы әкімдігінің қатысуымен орман климаттық жобаны іске асыру • Кендірлі кентінде (Маңғыстау облысы) су тұщыту зауытын салу • Жаңартылатын энергия көздерінің (ЖЭК) жобаларын іске асыру: Eni-мен бірлесіп гибридті, Жаңаөзен қаласында электр станциясының құрылысы (жел — 77 МВт, күн — 50 МВт, газ — 120 МВт), сондай-ақ Total Open-мен серіктестікте Жамбыл облысында қуаты 1 ГВт жел электр станциясын салу

Тренд (жыл ішінде)	Тәуекел мен оның ықтимал салдарының сипаттамасы	Тәуекелді азайту және тәуекелді басқару үшін қабылданатын шаралар
	Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдері Компания ақпараттық ресурстардың құпиялығын, тұтастығын бұзу және кедергісіз алу қаупіне ұшырайды. 2024 жылы ақпараттық қауіпсіздікті бұзуға байланысты қаупі жоғары санатындағы үш оқиға тіркелді. Барлық оқиға бойынша уақтылы іс-әрекет жасалды, бұл компанияның инфрақұрылымы мен бизнес-процестеріне кері әсерін тигізбеуге ықпал етті. **Әсері** Деректердің жария болуы, ақпараттық жүйелердің ақаулары, бизнес-міндеттердің орындалуының тоқтап қалуы	Ақпараттық қауіпсіздік (АҚ) тәуекелдерін басқару үшін Компания мынадай іс-шараларды жүргізеді: • жедел ақпараттық қауіпсіздік орталығына қосылу арқылы АҚ оқиғаларына тұрақты мониторинг; • ISO/IEC 27001 халықаралық стандартына сәйкес Ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі менеджмент жүйесін қолдау жөніндегі іс-шаралар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздік саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарды сақтау; • киберқауіпсіздікке сыртқы бағалау мен аудиттер жүргізу, сондай-ақ ақпараттық инфрақұрылымдағы осал тұстарды анықтауға және жоюға бағытталған тұрақты іс-шаралар. Ол үшін әлеуетті осал жерлерді анықтау мақсатында ҚМГ және ЕТҰ жүйелеріне кіріп кетуін жүйелі сканерлеу, тестілеу жүргізіледі, сондай-ақ оларды жою жөніндегі шаралар жедел жасалады; • осал тұстарды талдаудың автоматтандырылған жүйелерін қоса алғанда, ең жаңа инновациялық технологияларды және компанияға киберқауіптерді алдын алау басқаруға мүмкіндік беретін инциденттерді мониторингілеу жүйесін пайдалану; • фишинг пен әлеуметтік инженерлік шабуылдарға байланысты қауіптердің алдын алуды қоса алғанда, қызметкерлерге ақпараттық қауіпсіздік туралы хабардар етуді арттыру шаралары. Компанияда электрондық поштамен және басқа да коммуникация құралдарыменн жұмыс істеу кезінде қауіпсіз әрекеттердің тұрақты дағдыларын қалыптастыруға бағытталған оқыту тренингтері, семинарлар мен тестілеу үнемі өткізіліп тұрады

ІСКЕРЛІК ЭТИКА

КОМПЛАЕНС ҚЫЗМЕТІ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

ҚМГ Комплаенс-жүйесі компания қызметінің заңнамаға, салалық стандарттарға және өзге де міндетті талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етеді. Бұл элементтер компанияның қызмет түрлеріне енгізілген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі саясаттар мен әдістер

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өз қызметін заңдылық, адалдық және әдептілік қағидаттарына сай жүргізеді. Компания қолданыстағы заңнаманы қатаң сақтайды, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін барлық мүмкін әрекеттерді жасайды, беделіне нұқсан келмеуіне және этика саласында жоғары халықаралық стандарттарды енгізуге ұмтылады.

Комплаенс қызметінің негізгі бағыттары:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл;
- заңнаманы, корпоративтік және іскерлік этиканың жалпы қабылданған нормаларын сақтау;
- инсайдерлік ақпаратты басқару;
- жағымды іскерлік бедел;
- мүдделер қақтығысын басқару.

Корпоративтік басқарудың үздік әлемдік тәжірибесіне сүйене отырып, Компания комплаенс мәселелері бойынша мынадай ішкі құжаттарды бекітті:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясат;
- Құпия ақпарат саясаты;
- Мүдделер қақтығысын реттеу саясаты;
- Контрагенттердің сенімділігін тексеру саясаты;
- Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқықтарының аражігін ажырату және бұл ақпаратты инсайдерлердің заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу үшін ішкі бақылау қағидалары;
- Іскерлік этика кодексі
- Комплаенс қызметі.

Комплаенс-бақылаудың рәсімдері

Этикалық мінез-құлық және бизнесті адал жүргізу стандарттарына сәйкес келу мақсатында комплаенс қызметі компанияның контрагенттерін тексереді. Бұл тәжірибе жосықсыз контрагенттермен келісімшарт жасасудың алдын алуға, шарттық міндеттемелерді бұзу тәуекелдерін азайтуға көмектеседі.

Комплаенс қызметі ұйымдық-өкімдік және әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындаумен байланысты бос лауазымдарға орналасуға кандидаттардың сенімділігін тексереді. Бұл компания басшылығының сенімділігі мен кәсібилігін қамтамасыз етуге, жоғары лауазымдарда сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің мүмкіндігін төмендетуге мүмкіндік береді. Жұмысқа қабылдау шарттарының бірі сатып алуды жүргізу құзыретіне кіретін кандидаттар үшін психологиялық тексерулер мен полиграфтағы тесттер (өтірік детекторы) болды.

ҚМГ компаниялар тобында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша маңызды қадам – сыбайлас жемқорлыққа мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижесінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары қабылданады.

Мүдделер қақтығысын басқарудың тиімді жүйесін құру бойынша 2020 жылдан бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының барлық қызметкерлері бойынша мүдделер қақтығысын жалпыға бірдей декларациялауды жүргізеді.

Құқық бұзушылықтарға қарсы күресте тиімді құрал ретінде бастамашыл ақпараттандыру жүйесі (жедел желі) қолданылады. ҚМГ шығарған бағалы қағаздардың қор биржаларында саудаланатын тізімге енгізілуіне және болуына байланысты комплаенс қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар адамдардың инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу жөніндегі іс-шараларды жүргізеді.

Комплаенс қызметі компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және корпоративтік шешімдерінде комплаенс-тәуекелдерді болдырмау мақсатында тұрақты негізде іс-шаралар өткізеді, ҚМГ басқармасы мен Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын материалдар қаралып отырады.

Қызметкерлерді оқыту

ҚМГ өз қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға ұмтылады. Бұл қызмет бағытының бірі — сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту, ол үздіксіз, дәйекті және өзекті болуы тиіс.

2024 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті күшейту, комплаенс-функцияны және корпоративтік басқаруды жетілдіру мәселелері бойынша іс-шаралар кешені (семинарлар, кеңестер) өткізілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясатты іске асыру аясында түрлі ұйымдарда қызметкерлерге ақпарат беру және оқыту бойынша жұмыс атқарылды.

Есепті кезеңде ҚМГ комплаенс қызметі «Парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесі» ISO 37001 талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы процестерге бағалау жүргізді. Бағалау нәтижелері бойынша ҚМГ-ны кейіннен сертификаттау үшін Іс-шаралар жоспары әзірленді.

Комплаенс қызметі сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін көздейтін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға және дамытуға бағытталған іс-шараларды, соның ішінде компания қызметкерлері үшін оқыту және ақпарат беру іс-шараларын жүргізеді, компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының талаптары бойынша көрнекі материалдар көпшілік жүретін жерлерде орналастырылған. Бұдан басқа, компания қызметкерлері мен басшыларының консультациялары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ҚМГ компанияларының барлық тобының басшылығымен тұрақты негізде жиындар өткізіледі, заңнама талаптары туралы ақпарат таратылады.





Жедел желі

Бұзушылықтарды уақтылы анықтау, олардың жағымсыз салдарын болдырмау, заңнама мен ішкі нормативтерді сақтау, беделі мен имиджін сақтау, корпоративтік мәдениетті жақсарту мақсатында «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобында, оның ішінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында орталықтандырылған «жедел желі» жұмыс істейді. Оның операторы – KPMG тәуелсіз аудиторлық компаниясы.

«Жедел желі» сыбайлас жемқорлық, алаяқтық, кемсітушілік, сондай-ақ компания қызметкерлері мен контрагенттері және оның ЕТҰ тарапынан өзге де бұзушылықтар туралы белгілі фактілерді құпия түрде мәлімдеуге мүмкіндік береді.

«Жедел желі» байланыстары компанияның және оның ЕТҰ корпоративтік сайттарында жарияланған. Оны тарату бойынша шаралар қабылдануда.

Кез келген адам мінез-құлық кодексінің түрлі бұзушылықтары, оның ішінде сыбайлас жемқорлық, кемсітушілік, әдепсіз мінез-құлық және өзге де бұзушылықтар туралы хабарлай алады. Компания өтініштердің 100 % құпия қаралатынына және анонимділігіне кепілдік береді.

2024 жылы жедел желіге 115 өтініш келіп түсті, бұл көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда 35%-ға өсті. Бұл қызметкерлер мен контрагенттердің қызығушылығы мен белсенділігінің артуын, осы функцияға деген сенімнің және оны кеңінен таралуының жоғарылағанын, сондай-ақ ҚМГ-да комплаенс функциясына деген сенімнің нығаюын айғақтайды. Компания қызметкерлер мен өзге де тұлғалардың жедел желі мүмкіндіктерін пайдалануға тартылуына ықпал ететін оперативтік алдын алу шараларын тұрақты жүргізеді.

Жедел желі

- Телефоны: 8- 800- 080-47 -47
- WhatsApp нөмірі: 8- 771- 191-88-16
- Интернет порталы: www.sk-hotline.kz
- Электронды пошта: mail@sk-hotline.kz
- Жедел желіде тәуелсіз оператор – KPMG компаниясы жұмыс істейді

«Нысана» жедел желісі

- Телефоны: 8-800-080-30-30
- WhatssApp нөмері: 8-702-075-30-30
- Интернет порталы: nysana.cscc.kz
- Электронды пошта: nysana@cscc.kz
- «Нысана» колл орталығы барлық әлеуметтік-еңбек бұзушылықтары бойынша тегін қоңырауларды демалыссыз, тәулік бойы қабылдайды.

Кезеңдер бойынша өтініштер саны



Компания дайындалып жатқан немесе жасалған бұзушылықтар туралы ақпараттың негізгі көзі ретінде қызметкерлердің өз бастамасымен хабар беру арналарын дамытудың маңызын түсінеді, сондай-ақ өз бастамасымен хабар беру арналарына сенімділікті арттырудың ең пәрменді тәсілі ретінде өтініштерді жан-жақты, толық және объективті қарау деп есептейді.

Сыбайлас жемқорлықпен байланысты тәуекелдерді анықтау туралы деректер

Компанияда есепті кезеңде ҚМГ ішкі нормативтік құжаттарындағы, ұйымдастыру-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері ұйымдастыру-басқару қызметінде, сондай-ақ ішкі құжаттарға қатысты анықталды.

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің әдістемелік ұсынымдарына сәйкес анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді, сондай-ақ оларды компанияның жалпы тәуекелдер картасына енгізу үшін анықталған тәуекелдерді бағалау шаралары жасалды.

Мүдделер қақтығысы

Компанияда мүдделер қақтығысы туралы деректерді жария ету рәсімі бар. Мүдделер қақтығысы туралы деректерді жария ету тәртібі мен тәсілдері компания қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер қақтығысын реттеу саясатында көрсетілген. Бұдан басқа, жұмысқа қабылдау кезінде, басқа құрылымдық бөлімшеге жоғары лауазымға ауыстыру кезінде, функционалы өзгерген кезде және өзге де мүдделер қақтығысы туралы деректерді бастапқы жария ету жүзеге асырылады.

ОМБУДСМЕН ҚЫЗМЕТІ

Омбудсмен қызметінің (бұдан әрі — омбудсмен) негізгі функцияларының бірі – компанияның барлық қызметкерлерінің әділдігі мен мүдделерінің сақталуын бақылауды қамтамасыз ету: даулар мен жанжалдарды ерте ескерту және реттеу; жүйелі сипаттағы және шешуді талап ететін проблемалық мәселелерді тиісті органдар мен лауазымды адамдардың қарауына шығару; жанжалды жағдайларды тұрақтандыру жөнінде ұсыныстар беру. ҚМГ Іскерлік этика кодексінде ҚМГ қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының нәсілдік, діни, ұлттық, жыныстық, саяси немесе өзге де ерекшелігіне, әлеуметтік шығу тегі, мүлкі мен лауазымдық жағдайы, қарым-қатынас тілі мен басқа да мән-жайлар негізінде кемсітушілікке жол бермеу, сондай-ақ осы белгілерге қарай жекелеген қызметкерлерге қандай да бір артықшылықтар берілуіне жол бермеуге қатысты қағидаттар туралы нақты жазылған.

Өз қызметін іске асыру кезінде ҚМГ омбудсмені Қазақстан Республикасының заңнамасын және ҚМГ ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

2024 жыл ішінде қызметкерлер арасында Іскерлік әдеп кодексі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «АМӨЗ» ЖШС сияқты ірі кәсіпорындар және басқа мекемелердің қызметкерлерімен кездесулер өткізілді. ҚМГ атына «Нысана» колл орталығына өз еркімен хабар беру жедел желісі бойынша 112 өтініш келіп түсті, еңбек құқығы мен іскерлік этика мәселелері шешімін тапты. Корпоративтік құндылықтар мен тұрақты даму ескеріліп, Іскерлік этика кодексі жаңарды. ҚМГ омбудсмен қызметі оларды тиісті құрылымдық бөлімшелердің уақтылы қарауына бақылауды жүзеге асырады. Сонымен қатар сыртқы ұйымдармен ынтымақтастық орнап, салалық іс-шараларға қатысу ұйымдастырылды.

Ауызша өтініштер бойынша (телефон байланысы, жеке қабылдаулар арқылы) Омбудсмен қызметі консультациялар өткізді, ұсынымдар берді. Барлық келіп түскен өтініштер қаралды, проблемалық мәселелерді реттеу, оның ішінде бұзылған құқықтар мен заңды мүдделерді қалпына келтіруге бағытталған шаралар қабылданды.



АКЦИОНЕРЛЕРМЕН ЖӘНЕ ИНВЕСТОРЛАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Акция ұстаушысы	Жай акциялар, дана	Жай акциялар, үлесі %-бен	Артықшылыққа ие акциялар, дана	Акциялардың барлығы, дана	Акциялардың барлығы, үлесі %-бен
«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ	411 371 263	67,42	–	411 371 263	67,42
«Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі» ММ	122 023 898	20,00	–	122 023 898	20,00
«Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі» РММ	58 420 748	9,58	–	58 420 748	9,58
Миноритар акционерлер	18 303 584	3,00	–	18 303 584	3,00

Бағалы қағаздар шығарылымы[1], дана

Акция түрі	Жарияланған акциялар саны	Ұсынылған акциялар саны	Сатылып жатқан акциялар саны	Ұсынылмаған акциялар саны
Жай	849 559 596	610 119 493	18 303 584	239 440 103

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ акционерлік капиталының құрылымы келесідей, %:



Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында келесі құжаттар бекітіледі деп күтілуде:
- ҚМГ-ның 2024 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігі (шоғырландырылған және жеке)
- ҚМГ-ның 2024 жылғы таза кірісін бөлу тәртібі
- ҚМГ-ның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері
- 2024 жылға дивиденд алуға құқығы бар акционерлердің тізімін тіркеу күні
- 2024 жылға жай акциялар бойынша дивиденд төлеуді бастау күні.

[1] 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша.

АКЦИОНЕРЛЕР ҚҰҚЫҒЫ


Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына және компанияның Жарғысына сәйкес ҚМГ тек жай акциялар шығарады. Жай акция иелерінің мынадай құқықтары бар:
- Компанияны басқаруға қатысу;
- дивиденд алу;
- компанияның қызметі туралы ақпаратты сұрату және алу, соның ішінде оның қаржылық есептілігімен танысу;
- Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидаттар акционерлерінің жалпы жиналысына ұсыныс;
- басқару органдары қабылдаған шешімдермен сот арқылы келіспеу;
- сұрау салуды жіберу және күнтізбелік 30 күн ішінде оған жауап алу;
- компания таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігін алу;
- акцияларды немесе акцияларға айырбасталатын өзге де бағалы қағаздарды сатып алудың басым құқығын пайдалану;
- акциялардың санын немесе түрін өзгерту жөніндегі шешімдер қабылдауға қатысу.

Бұл құқықтар акционерлерге ашықтық пен олардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ете отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында және компанияның Жарғысында айқындалған.

АКЦИЯЛАР АЙНАЛЫМЫ

KASE биржасындағы параметрлер	Ұсынылған күні	31.12.2024
ҚМГ акциясының бағасы, теңге	8 406	14 621
ҚМГ нарықтық капиталдандыру, теңге	5,1 трлн	8,9 трлн
ҚМГ нарықтық капиталдандыру, АҚШ доллары	11 млрд	17,0 млрд
ҚМГ акциялары бағасының өзгеруі	–	+73,9 %
Төленген дивиденд ескеріліп, ҚМГ акциялары бағасының өзгеруі	–	+85,6 %

ҚМГ акцияларының ұсынылған күннен 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі бағасы



ДИВИДЕНДТЕР

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ несие берушілердің, акционерлердің және компания мүдделерінің тепе-теңдігіне және дивиденд төлемінің мөлшерін анықтауда ашықтықты қамтамасыз етуге бағытталған дивиденд саясатын ұстанады. Дивиденд төлеу туралы шешімдер мұнай бағасы, борыш құрылымы, күрделі шығындар және басқа да елеулі факторлар ескеріліп, ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысында қабылданады.

Дивиденд төлеу үшін негізгі талаптар:
- оң жеке капитал;
- есепті кезең үшін шоғырландырылған таза табыстың немесе есепті кезеңнің соңына бөлінбеген пайданың болуы;
- оң бос ақша ағымының болуы.

2024 жылы ҚМГ тұрақты қаржылық нәтижелер көрсетті, бұл компанияға дивиденд төлемдерін ұлғайтуды жоспарлауға мүмкіндік берді. IPO-дан кейін 2022 және 2023 жылдары Компания жыл сайын 300 млрд теңгеден рекордтық дивиденд төледі.

Осылайша, ҚМГ өз акционерлеріне тұрақты және өсіп келе жатқан дивиденд төлемдерін қамтамасыз ете отырып, өзінің инвестициялық тартымдылығын арттыруға ұмтылады.

2024 жылы 26 маусымда ҚМГ акционерлерге 2023 жыл үшін дивиденд төлеуді аяқтады. Дивидендтердің жалпы сомасы 300,0 млрд теңге болды. Бір жай акцияға берілген дивиденд мөлшері – 491,71 теңге.

Дивиденд тарихы[1]

Көрсеткіш	2019	2020	2021	2022	2023	2024
Бір акцияға шаққандағы дивиденд, теңге	60,64	133,97	81,95	327,80	491,71	491,71
Барлық төленген дивиденд, млн теңге	36 998	81 738	49 999	199 997	300 002	300 002

Толық ақпарат «Қаржы есебі» бөлімінде берілген.

ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ ҚАРЫЗДАР

Толық ақпарат «Қаржылық қызметке шолу» бөлімінде берілген.

ҚМГ-ның айналымдағы еурооблигациялары[2]

Айналымның басталу күні/ өтеу күні	Шығарылым көлемі, млн АҚШ доллары	Айналымдағы облигациялар, млн АҚШ доллары	Купон бойынша мөлшерлеме, жылдық %	ISIN: RegS/144A
19.04.2017/19.04.2027	1 000	250	4,75	XS1595713782/US48667QAN51
19.04.2017/19.04.2047	1 250	1 250	5,75	XS1595714087/US48667QAP00
24.04.2018/24.04.2030	1 250	1 250	5,375	XS1807300105/US48667QAQ82
24.04.2018/24.10.2048	1 500	1 500	6,375	XS1807299331/US48667QAS49
14.10.2020/14.04.2033	750	750	3,50	XS2242422397/US48126PAA03

2024 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Корпоративтік орталық деңгейінде жалпы сомасы 821 631,4 млн теңге номиналы бойынша ішкі облигациялардың үш шығарылымы айналымда болды.

[1] Қандай кезеңге есептелгеніне қарамастан, есепті кезеңде акционерлерге төленген дивидендтердің нақты сомалары

[2] 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Корпоративтік орталық деңгейінде қамтамасыз етілмеген, басым берілгендер.

ҚМГ-ның Қашағандағы үлесті сатып алуға «Самұрық-Қазына» АҚ-ға арналған облигациялары

Валюта	Өтініштің/ өтеудің басталу күні	Шығарылым көлемі, млн теңге	Айналымдағы облигациялар, млн теңге	Купон бойынша мөлшерлеме, жылдық %	ISIN
Қазақстан теңгесі	16.09.2022/16.10.2035	751 631,4	751 631,4	9,3	KZ2C00008969
Қазақстан теңгесі	24.04.2023/01.04.2033	50 000	50 000	0,5	KZ2C00009736
Қазақстан теңгесі	24.11.2023/01.10.2033	20 000	20 000	0,5	KZ2C00010429

ҚМГ-ның «Астрахань-Маңғышлақ» магистральды су құбырын реконструкциялау және кеңейту» жобасын қаржыландыру үшін «Самұрық-Қазына» АҚ-ға арналған облигациялары

Валюта	Өтініштің/ өтеудің басталу күні	Шығарылым көлемі, млн теңге	Айналымдағы облигациялар, млн теңге	Купон бойынша мөлшерлеме, жылдық %	ISIN
Қазақстан теңгесі	24.04.2023/01.04.2033	50 000	50 000	0,5	KZ2C00009736
Қазақстан теңгесі	24.11.2023/01.10.2033	20 000	20 000	0,5	KZ2C00010429

КРЕДИТТІК РЕЙТИНГТЕР

Халықаралық рейтинг агенттіктерінің кредиттік рейтингтері – ҚМГ компаниялар тобының кредит төлеу қабілетіне берілген сенімді және тәуелсіз баға. Компания негізгі қаржылық көрсеткіштерді инвестициялық деңгейдегі және одан жоғары ұзақ мерзімді несиелік рейтингті қамтамасыз ету үшін жеткілікті деңгейде ұстауды көздейді. ҚМГ рейтинг агенттіктеріне ҚМГ компаниялар тобының кредит қабілеттілігін объективті бағалау үшін барлық қажетті ақпаратты ұсынады және олармен үнемі байланыста болады.

ҚМГ кредиттік рейтингтері Қазақстанның егеменді кредиттік рейтингтерімен тығыз байланысты. Егеменді кредиттік рейтингтің өзгеруі қазақстандық эмитенттердің, соның ішінде ҚМГ-ның кредиттік рейтингтеріне әсер етуі мүмкін.

2024 жылы халықаралық рейтинг агенттіктері компанияның кредиттік рейтингтерін растады:
- 2024 жылы 20 маусымда Fitch Ratings агенттігі ҚМГ-ның ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін «BBB» деңгейінде растады, болжам – «Тұрақты»;
- 2024 жылы 11 қыркүйекте Moody's агенттігі ҚМГ-ның кредиттік рейтингін «Baa2»-ден «Baa1»-ге көтеріп, болжамды «Тұрақты» деп өзгертті.

Осылайша, қазіргі уақытта ҚМГ-ның Қазақстан Республикасының егеменді рейтингіне сәйкес келетін Moody's және Fitch Ratings агенттіктерінің инвестициялық деңгейдегі кредиттік рейтингтері бар.


ҚМГ кредиттік рейтингтері

Рейтинг агенттігі	Күні	Рейтинг деңгейі	Болжамы
Moody's Investors Service	11.09.2024	Baa1	Тұрақты
S&P	26.12.2023	BB+	Тұрақты
Fitch Ratings	20.06.2024	BBB	Тұрақты

Қазақстанның кредиттік рейтингтері

Рейтинг агенттігі	Күні	Рейтинг деңгейі	Болжамы
Moody's Investors Service	09.09.2024	Baa1	Тұрақты
S&P	03.03.2023	BBB–	Тұрақты
Fitch Ratings	15.11.2024	BBB	Тұрақты

ҚМГ рейтингтерінің динамикасы



	Moody's	S&P	Fitch Ratings
2007	Baa1	BBB–	BBB
2008	Baa1	BBB–	BBB–
2009	Baa2	BB+	BBB–
2010	Baa3	BBB–	BBB–
2011	Baa3	BBB–	BBB–
2012	Baa3	BBB–	BBB
2013	Baa3	BBB–	BBB
2014	Baa3	BBB–	BBB
2015	Baa3	BB+	BBB
2016	Baa3	BB	BBB–
2017	Baa3	BB–	BBB–
2018	Baa3	BB	BBB–
2019	Baa3	BB	BBB–
2020	Baa3	BB	BBB–
2021	Baa2	BB	BBB–
2022	Baa2	BB+	BBB–
2023	Baa2	BB+	BBB
2024	Baa1	BB+	BBB

ИНВЕСТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР

ҚМГ тұрақты қаржыландыруды қамтамасыз ету және оның құнын оңтайландыру үшін инвестициялық қауымдастықпен өзара іс-қимыл бағдарламасын белсенді іске асыруда. Бұл процеске компания басшылары, соның ішінде Директорлар кеңесінің төрағасы, Басқарма төрағасы, Басқарма мүшелері, сондай-ақ стратегиялық, қаржылық, операциялық, ESG және Инвесторлармен жұмыс басқарма сияқты негізгі бөлімшелері атсалысады.

ҚМГ тоқсан сайын осы құжаттарды жариялайды:
- қызмет нәтижелері бойынша презентациялар;
- қаржы және өндірістік көрсеткіштер туралы баспасөз хабарламалары;
- ХҚЕС бойынша дайындалған қаржылық есептілік;
- талдамалық анықтамалықтар.

ҚМГ жарты жыл сайын топ-менеджменттің қатысуымен инвесторлар үшін қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері бойынша конференц-қоңыраулар өткізеді. Бұдан басқа, инвесторлармен және рейтингтік агенттіктермен арнайы жеке конференц-қоңыраулар ұйымдастырды, сондай-ақ ESG және жаһандық нарық трендтері мәселелеріне арналған онлайн-конференцияларға қатысты.

ҚМГ 2024 жылы инвесторлардың сауалдарына дер кезінде жауап бере отырып, ақпаратты жария етудің ашықтығын арттыруды жалғастырды. Есепті жылы 2023 жылға арналған Тұрақты даму туралы ауқымды есеп жариялады. Sustainalytics агенттігінің деректері бойынша ҚМГ-ның ESG-тәуекел-рейтингі 32,8 балл болды. Компания 294 мұнай-газ компаниялары арасындағы рейтингте 44 орында тұр.

Компания инвесторлармен екіжақты диалогты жақсартуды жалғастырады. Нарық қатысушыларының арасында ҚМГ-ны қабылдауына жүргізілетін талдауды Директорлар кеңесі тұрақты негізде қарайды.

Барлық материал, соның ішінде байланыс ақпараты компанияның сайтында «Инвесторларға» бөлімінде жарияланған.

44 орын
294 мұнай-газ компанияларының рейтингтері арасындағы орны

2024 жылы инвесторлармен өзара іс-қимылдың басты оқиғалары

1-тоқсан	• 2023 жылғы қаржы және операциялық нәтижелердің қорытындысы бойынша конференц-қоңырау • 2023 жылғы тоқсандық нәтижелер бойынша презентация • 2023 жылғы қаржы және операциялық қызметтің нәтижелері бойынша баспасөз хабарламалары • ХҚЕС-ке сәйкес 2023 жылғы шоғырландырылған қаржылық есеп.
2-тоқсан	• 2024 жылғы 1-тоқсан бойынша тоқсандық нәтижелерге арналған презентация • 2024 жылдың 1-тоқсанындағы қаржы және операциялық қызметтің нәтижелері бойынша баспасөз хабарламалары • 2024 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есеп (аудиттелмеген) • 2023 жылға арналған Жылдық есепті жариялау • 2023 жылы мемлекет пайдасына ҚМГ жасаған төлемдер бойынша есеп
3-тоқсан	• 2024 жылдың 1-жартыжылдығындағы қаржы және операциялық нәтижелер қорытындысы бойынша KASE-де Эмитент күні • 2024 жылдың 1-жартыжылдығындағы тоқсандық нәтижелер бойынша презентация • 2024 жылғы 1-жартыжылдықтағы қаржы және операциялық қызметтің нәтижелері бойынша баспасөз хабарламалары • 2024 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есеп (аудиттелмеген) • ҚМГ-ның 2024 жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша есебі • 2023 жылғы Тұрақты даму туралы есепті жариялау
4-тоқсан	• 2024 жылдың 3-тоқсанындағы тоқсандық нәтижелер бойынша презентация • 2024 жылдың 3-тоқсанындағы қаржы және операциялық қызметтің нәтижелері бойынша баспасөз хабарламалары • 2024 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есеп (аудиттелмеген)

2025 жылға арналған инвестор күнтізбесі

24 ақпан — 28 ақпан
2024 жылдың өндірістік көрсеткіштері

26 наурыз — 28 наурыз
2024 жылдың қаржы көрсеткіштері

12 мамыр — 16 мамыр
2025 жылғы 1-тоқсанның өндірістік көрсеткіштері

20 мамыр — 23 мамыр
2025 жылғы 1-тоқсанның қаржы көрсеткіштері

28 шілде — 1 тамыз
2025 жылғы бірінші жартыжылдықтағы өндірістік көрсеткіштері

18 тамыз — 22 тамыз
2025 жылғы бірінші жартыжылдықтағы қаржы көрсеткіштері

27 тамыз — 31 тамыз
2025 жылғы тоғыз айдағы өндірістік көрсеткіштері

24 қараша — 28 қараша
2025 жылғы тоғыз айдағы қаржы көрсеткіштері

3

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

2024 жылы ҚМГ тұрақты қаржылық нәтижелерді көрсетті, олар одан әрі өсудің берік негізін қалады. Өзінің және қарыз қаражатын тиімді басқару қаржылық тепе-теңдікті сақтау мен басты стейкхолдерлердің мүдделерін сақтауға ықпал етті.



«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамы

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
тәуелсіз аудиторлық есебімен қоса

МАЗМҰНЫ

Тәуелсіз аудиторлық аудиторлық есебі

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп 1-2
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп 3-4
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп 5-6
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп 7-8
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер 9-92

«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 5960
БСН 041140002277
ey.com/kz

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 5960
БИН 041140002277

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 5960
BIN 041140002277

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамның Акционерлеріне, Директорлар кеңесі мен Басшылығына

Пікір

Біз «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының маңызды ережелері туралы ақпаратты қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін ХҚЕС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің *«Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі»* бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес (БХЭСК) қабылдаған Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (БХЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) және біздің шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне Қазақстан Республикасында қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Топқа қатысты біз тәуелсізбіз және біз осы талаптар мен БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Аудиттің басты мәселелері

Аудиттің басты мәселелері - біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген әрбір мәселеге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстіде келтіріледі.

Біз есебіміздің «Аудитордың *шоғырландырылған* қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселені қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

Аудиттің басты мәселесі	***Тиісті басты мәселе аудитіміздің барысында қалайша қарастырылды***
Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы	
Біз бұл мәселе, шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты өндіру, барлау мен бағалау, қайта өңдеу активтерін және мұнай мен газды тасымалдау әрі өткізу активтерін қоса алғанда, ұзақ мерзімді активтер қалдықтарының елеулілігіне, құнсыздану талдауының негізінде жатқан жорамалдар субъективтілігінің жоғары деңгейіне, сондай-ақ басшылық қабылдаған елеулі пайымдаулар мен бағалауларға орай аудитіміз үшін барынша маңызды мәселелердің бірі болып табылады деп есептейміз. Жорамалдар дисконттау мөлшерлемелерін, мұнай мен мұнай өнімдеріне болжамды бағаларды және инфляцияның болжамды мөлшерлемелері мен валюталарды айырбастау бағамдарын қамтыды. Елеулі бағалауға өндіру жоспары, келешек күрделі шығындар және барлау мен өндіруге қолжетімді мұнай және газ қорлары кіреді. Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануына жүргізілген тесттер туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептілікке *4 және 14-ескертпелерде* келтірілген.	Біз ұзақ мерзімді активтердің құнсыздану белгілерінің бар-жоғына қатысты басшылықтың бағалауын қарастырдық және онда құнсыздану белгілері анықталды, біз құнсыздану талдауын тестілеу және басшылық дайындаған өтелетін құнды есептеу үшін біздің бағалау мәселелері жөніндегі мамандарымызды тарттық. Біз басшылық жасаған болжамның негізінде жатқан жорамалдарды сараладық. Біз өтелетін құн есебінде пайдаланылған мұнай және мұнай өнімдерінің бағасын қолжетімді нарықтық болжамдармен салыстырдық. Біз дисконттау мөлшерлемелерін және ұзақ мерзімді өсім мөлшерлемелерін нарықтың жалпы көрсеткіштерімен және басқа да қолжетімді мәліметтермен салыстырып, дисконттау мөлшерлемесін есептеу барысында орындалған түзетулерді бағаладық. Біз құнсыздану модельдерінің математикалық дәлдігін және жорамалдардың өзгеруіне құнсыздану тесті нәтижелерінің сезімталдылығына жасалған талдауды бағаладық. Біз Топ мұнай мен газ қорларын бағалау үшін, сондай-ақ құнсыздану модельдерін дайындау үшін тартқан сыртқы сарапшылардың құзырлығын, мүмкіндіктері мен объективтілігін бағалау процедураларын орындадық. Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте құнсыздану тесті туралы ақпараттың ашылып көрсетілуін сараладық.

Резервтер мен шартты міндеттемелер

Топ резервтерді таниды және мемлекеттік органдардың тексеру нәтижелеріне және жалпы сипаттағы сот талқылауларына, сондай-ақ өзге де мән-жайларға қатысты шартты міндеттемелерді ашып көрсетеді.

Міндеттемені мойындау керек пе және сомаларды сенімді түрде бағалауға болатынын бағалау мен пайымдауды қажет етеді.

Мәселенің нәтижесін болжау және қолайсыз нәтиже болған жағдайда ықтимал әсерді бағалау күрделі процесс болып табылады және шоғырландырылған қаржылық есептілікке ықтимал әсер айтарлықтай болуы мүмкін.

Біз резервтер мен шартты міндеттемелерді бағалауды резервтердің маңыздылығына және шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін шартты міндеттемелерге, маңызды пайымдаулар мен 2024 жылы болған оқиғаларға байланысты аудит үшін ең маңызды мәселелердің бірі деп санаймыз.

Резервтер, шартты және шарттық міндеттемелер туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің *29 және 35-ескертпелерінде* ашылып көрсетілген.

Біз Топ басшылығынан және заң бөлімінен заңнама мен нормативтік актілерді орындамау жағдайлары, сондай-ақ кез келген аяқталмаған және ағымдағы сот істерінің, талаптардың және істердің мәртебесі туралы ақпаратты сұраттық. Біз ішкі заң қызметтерінен заңдық хаттар алдық.

Біз тиісті хат-хабарларды, Топ басшылығы мен Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларын зерделедік.

Біз ең маңызды сот істерін талдап, оларды Топтың заң департаментімен талқыладық. Біз талдау үшін заң және салық мәселелері бойынша ішкі мамандарымызды тарттық.

Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте резерв ретінде танылған сомалардың негізінде жатқан Топ басшылығының бағалауларын талдадық және шоғырландырылған қаржылық есептілікте шартты міндеттемелерді орындаудың әлеуетті нәтижелерінің ықтималдығына қатысты пайымдауларды бағаладық.

Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте тиісті ашып көрсетілулерді сараладық.

Топтың 2024 жылғы Жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат

Басқа да ақпаратқа Топтың 2024 жылғы Жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді. Топтың 2024 жылғы Жылдық есебі, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп шығарылғаннан кейін ұсынылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

Басшылықтың және Аудит жөніндегі комитеттің шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Топты таратқысы келген, басшылықтың қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Аудит жөніндегі комитет Топтың қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмалану лар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;

- Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір қалыптастыру үшін негіз ретінде ұйымдардың қаржылық ақпаратына немесе Топ ішіндегі шаруашылық бірлікке қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдемелер алу мақсатында Топтың аудитін жоспарлаймыз және жүзеге асырамыз. Біз Топтың аудит мақсаттары үшін орындалатын аудиторлық процедураларды жалпы басқаруға, бақылауға және тексеруге жауаптымыз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін жеке дара жауапты болып табыламыз.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз Аудит жөніндегі комитетке тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және осы тұлғаларды барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда - қауіп-қатерлерді жою үшін жасалған іс-қимылдар немесе қолға алынған сақтық шаралары туралы хабардар еттік.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің басты мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық қорытындымызда сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің қорытындымызда хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты Партнер - Кайрат Медетбаев.

„Эрнст энд Янг" ЖШС

Кайрат Медетбаев
Аудитор

Аудитордың 2013 жылғы 8 ақпандағы
№ МФ-0000137 біліктілік куәлігі

Рустамжан Сәттаров
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы МФЮ-2 №0000003 болатын Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензия

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2025 жылғы 5 наурыз

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Миллион теңгемен	Ескерт.	2024 жыл	2023 жыл (қайта есептелген)*
Түсім және басқа да кірістер			
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	7	**8.330.261**	8.319.543
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто	8	**531.230**	534.177
Еншілес ұйымның шығуынан түскен кіріс	5	**16.410**	186.225
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кіріс	15	**184.392**	139.449
Басқа да қаржылық кіріс	15	**123.290**	7.332
Басқа да операциялық кіріс		**52.377**	55.378
Түсім және басқа да кірістер жиыны		**9.237.960**	9.242.104
Шығыстар мен шығындар			
Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны	9	**(4.347.011)**	(4.621.881)
Өндірістік шығыстар	10	**(1.398.604)**	(1.219.722)
Табыс салығынан басқа салықтар	11	**(592.984)**	(594.080)
Тозу, тауысылу және амортизация	36	**(642.666)**	(599.543)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	12	**(267.824)**	(245.525)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	13	**(254.148)**	(165.897)
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, негізгі құралдардың құрылысына берілген ұзақ мерзімді аванстардың құнсыздануы және барлау шығыстары	14	**(69.733)**	(248.140)
Қаржылық шығындар	15	**(346.096)**	(321.630)
Оң бағамдық айырма, нетто		**185.459**	25.222
Күтілетін кредиттік зияндар		**(8.316)**	(11.874)
Басқа да шығыстар		**(38.703)**	(42.564)
Шығыстар мен шығындар жиыны		**(7.780.626)**	(8.045.634)
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда		**1.457.334**	1.196.470
Пайда салығы бойынша шығыстар	32	**(363.087)**	(269.792)
Бір жылғы таза пайда		**1.094.247**	926.678

9 -92 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Ескерт.	2024 жыл	2023 жыл (қайта есептелген)*
Басқа да жиынтық кіріс/(зиян)			
Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық (зиян)/кіріс			
Хеджирлеу әсері		**(1.463)**	849
Шетелдік бөлімшелердің есептілігін қайта есептеуден болған бағамдық айырма		**1.492.858**	(176.614)
Таза инвестицияларды хеджирлеуден болған (залал)/кіріс, нетто	27	**(358.847)**	46.152
Салық әсері		**(90.712)**	11.101
Табыс салығын шегере отырып, келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта сыныптауға жататын таза басқа да жиынтық кіріс/(зиян)		**1.041.836**	(118.512)
Келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамында қайта жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс/(залал)			
Табыс салығын шегере отырып, Топтың белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарлары бойынша қайта бағалаудан болған пайда		**870**	341
Табыс салығын шегере отырып, бірлескен кәсіпорындардың белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарлары бойынша қайта бағалаудан болған кіріс		**114**	651
Салық әсері		**1**	(327)
Табыс салығын шегере отырып, келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта сыныптауға жатпайтын таза басқа да жиынтық кіріс		**985**	665
Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы таза басқа да жиынтық кіріс/(зиян)		**1.042.821**	(117.847)
Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы жиынтық кірістің жиыны		**2.137.068**	808.831
Мыналарға келетін бір жылғы таза пайда/(зиян):			
Бас компанияның акционерлеріне		**1.094.438**	962.700
Бақыланбайтын қатысу үлесіне		**(191)**	(36.022)
		1.094.247	926.678
Мыналарға келетін бір жылғы жиынтық кіріс/(зиян) жиыны:			
Бас компанияның акционерлеріне		**2.136.253**	845.194
Бақыланбайтын қатысу үлесіне		**815**	(36.363)
		2.137.068	808.831
Акцияға пайда** - мың теңгемен			
Базалық және бөлінген	26	**1,794**	1,578

* *Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат 6-ескертпеде келтірілген.*

** *2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жай акциялардың саны 610.119.493 дана болды.*

Басқарма Төрағасының орынбасары Д.А. Арысова

Бас бухгалтер А.С. Есбергенова

9 -92 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Миллион теңгемен	Ескерт.	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелгені)*
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Барлау және бағалау бойынша активтер	17	**216.448**	174.187
Негізгі құралдар	16	**7.834.160**	7.171.242
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		**12.374**	19.383
Материалдық емес активтер	18	**943.156**	883.283
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	19	**122.991**	101.765
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	21	**5.378.513**	4.821.427
Өтелуге жататын ҚҚС		**30.396**	30.360
Ұзақ мерзімді активтер үшін аванстар		**88.216**	50.954
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес активтер		**7.767**	4.192
Байланысты тараптардан алынған қарыздар мен дебиторлық берешек	24	**121.673**	94.334
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері		**48.249**	23.217
Ұзақ мерзімді банк салымдары	20	**74.329**	63.891
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	32	**50.705**	65.829
		14.928.977	13.504.064
Қысқа мерзімді активтер			
Тауар-материалдық қорлар	22	**413.741**	376.444
Сауда дебиторлық берешек	23	**443.057**	561.258
Өтелуге жататын ҚҚС		**48.408**	60.523
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	32	**41.170**	33.051
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтер	23	**180.754**	157.257
Байланысты тараптардан алынған қарыздар мен дебиторлық берешек	24	**84.240**	125.569
Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері	23	**63.528**	74.870
Қысқа мерзімді банк салымдары	20	**1.513.816**	997.012
Ақша қаражаты мен оның баламалары	25	**1.216.451**	1.050.873
		4.005.165	3.436.857
Сатуға арналған деп жіктелген активтер		**505**	180
		4.005.670	3.437.037
Активтер жиыны		**18.934.647**	16.941.101

9 -92 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Ескерт.	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)*
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Жарғылық капитал	26	**916.541**	916.541
Қосымша төленген капитал		**1.142**	1.142
Басқа да капитал		**(2.373)**	(910)
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві		**5.132.868**	4.090.281
Бөлінбеген пайда		**5.985.894**	5.488.964
Бас компанияның акционерлеріне жататын		**12.034.072**	10.496.018
Бақыланбайтын қатысу үлесі	26	**(109.788)**	(99.404)
Капитал жиыны		**11.924.284**	10.396.614
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	27	**3.644.111**	3.365.736
Жалдау бойынша міндеттемелер	28	**103.334**	87.880
Өзге де ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	30	**7.096**	18.743
Резервтер	29	**308.129**	306.219
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		**75.999**	70.975
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық емес міндеттемелер	30	**36.175**	37.777
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер	32	**1.391.836**	1.122.939
		5.566.680	5.010.269
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Сауда кредиторлық берешек	30	**598.787**	663.930
Қарыздар	27	**323.290**	391.358
Жалдау бойынша міндеттемелер	28	**20.882**	17.400
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	30	**169.150**	145.953
Резервтер	29	**19.524**	33.576
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		**6.516**	5.703
Төленуге жататын табыс салығы	32	**15.600**	28.285
Төленуге жататын басқа салықтар	31	**83.631**	116.500
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес міндеттемелер	30	**206.303**	131.513
		1.443.683	1.534.218
Міндеттемелер жиыны		**7.010.363**	6.544.487
Капитал мен міндеттемелер жиыны		**18.934.647**	16.941.101
Бір акцияның баланстық құны** - мың теңгемен	26	**17,998**	15,593

* *Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат 6-ескертпеде келтірілген.*

** *2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жай акцияларды орташа саны 610.119.493 дана болды. Бір жай акцияның баланстық құнын ұсыну ХҚЕС-ке жатпайтын көрсеткіш және KASE талабы бойынша ашылып көрсетіледі.*

Басқарма Төрағасының орынбасары Д.А. Арысова

Бас бухгалтер А.С. Есбергенова

9 -92 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Миллион теңгемен	Ескерт.	2024 жыл	2023 жыл (қайта есептелген)*
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда		**1.457.334**	1.196.470
Түзетулер			
Тозу, тауысылу және амортизация	36	**642.666**	599.543
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, негізгі құралдардың құрылысына берілген ұзақ мерзімді аванстардың құнсыздануы және барлау шығыстары	14	**69.733**	248.140
Еншілес ұйымның шығуынан түскен кіріс	5	**(16.410)**	(186.225)
Мұнай өнімдері бойынша туынды құралдардан іске асырылған пайда	10	**(19.502)**	(69)
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кіріс	15	**(184.392)**	(139.449)
Басқа да қаржылық кіріс	15	**(123.290)**	(7.332)
Қаржылық шығындар	15	**346.096**	321.630
Бірлескен кәсіпорындардың шығуынан болған залал		**1.928**	90
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто	8	**(531.230)**	(534.177)
Резервтердегі өзгеріс		**(15.912)**	(6.158)
Оң бағамдық айырма, нетто		**(184.029)**	(29.107)
Тауар-материалдық қорларды таза өткізу құнына дейін есептен шығару		**942**	4.646
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, инвестициялық жылжымайтын мүліктің және сатуға арналған деп жіктелген активтердің есептен шығарылуынан болған зиян, нетто		**5.241**	501
Өтелуге жататын ҚҚС-тың құнсыздануы/(құнсыздануының қалпына келтірілуі)	13	**7.063**	(282)
Қаржылық кепілдіктерде өзгерістер		**1.765**	344
Есепке алынбаған ҚҚС	13	**1.237**	5.811
Күтілетін кредиттік зияндар резерві		**8.316**	11.874
Айналым капиталын түзетуге дейінгі операциялық пайда		**1.467.556**	1.486.250
Өтеуге ҚҚС-тағы өзгерістер		**6.180**	(37.306)
Тауар-материалдық қорлардағы өзгерістер		**36.690**	(76.763)
Сауда дебиторлық берешектегі және басқа да қысқа мерзімді активтердегі өзгерістер		**199.936**	4.630
Сауда және басқа да кредиторлық берешектегі және сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелердегі өзгерістер		**(142.667)**	78.727
Төленуге жататын басқа да салықтардағы өзгерістер		**(134.049)**	(127.565)
Операциялық қызметтен түскен ақша ағындары		**1.433.646**	1.327.973
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер	21	**701.104**	619.826
Табыс салығын төлеу		**(182.227)**	(147.166)
Алынған пайыздар		**138.511**	123.389
Төленген пайыздар	27, 28	**(247.182)**	(256.408)
Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары		**1.843.852**	1.667.614

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Ескерт.	2024 жыл	2023 жыл (қайта есептелген)*
Инвестициялық қызметтен ақша ағындары			
Банк салымдарын орналастыру		**(2.068.061)**	(1.460.352)
Банк салымдарын қайтару		**1.734.453**	1.614.940
Алынған ақша қаражатын шегере отырып, еншілес ұйымдарды сатып алу	6	**–**	(156.388)
Еншілес ұйымды сатып алуға байланысты өтемақы төлеу	26, 33	**(1.520)**	(163.770)
Негізгі құралдарды, материалдық емес активтер мен барлау және бағалау бойынша активтерді сатып алу		**(644.752)**	(683.439)
Негізгі құралдарды, барлау мен бағалау активтерін және сатуға арналған деп жіктелген активтерді сатудан болған түсімдер		**1.939**	3.317
Есептен шығарылған ақша қаражатын шегергенде, еншілес ұйымның шығуынан ақша қаражатының түсуі	5	**8.010**	94.624
Бірлескен кәсіпорындардағы қатысу үлестерін сатудан түскен түсімдер		**12.995**	–
Иелік ету үлесін өзгертпестен бірлескен кәсіпорындардың капиталына қосымша салымдар	21	**(74.209)**	(20.117)
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	33	**(67.980)**	(44.672)
Байланысты тараптарға берілген қарыздарды өтеуден түскен түсімдер	33	**45.023**	35.963
Борыштық бағалы қағаздарды сатып алу		**(18.041)**	(7.063)
Борыштық бағалы қағаздарды сатудан түскен түсім		**13.736**	289
Бірлескен кәсіпорынның қатысушысынан алуға жататын кепілдік берілген және басқа да төлемдер		**9.905**	–
ҚР Ұлттық Банкінің ноттарын өтеу	33	**308.147**	451.598
ҚР Ұлттық Банкінің ноттарын сатып алу	33	**(302.600)**	(425.263)
Басқа		**–**	697
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		**(1.042.955)**	(759.636)
Қаржылық қызметтен болған ақша ағындары			
Қарыздардың түсуі	27	**214.894**	385.304
Қарыздарды өтеу	27	**(647.409)**	(666.232)
Акционерлерге төленген дивидендтер	26	**(300.002)**	(300.002)
Бақыланбайтын үлес акционерлеріне төленген дивидендтер	26	**(2.759)**	(1.572)
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ таза активтерін бақыланбайтын үлестің акционерлеріне бөлу		**(5.901)**	–
Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу	26	**(2.059)**	(120)
Байланысты тараптан болған салымдар	26	**–**	14.155
Жалдау міндеттемесі бойынша негізгі борышты өтеу	28	**(26.118)**	(26.933)
Репо мәмілелері бойынша түсімдер		**22.074**	–
Репо мәмілелері бойынша төлемдер		**(22.074)**	–
Самұрық-Қазынамен басқа да операциялар	26	**(6.652)**	(8.962)
Басқа		**(4.554)**	–
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		**(780.560)**	(604.362)
Айырбастау бағамдарындағы өзгерістердің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері		**145.268**	(15.942)
Күтілетін кредиттік зияндар резервіндегі өзгеріс		**(27)**	14
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс		**165.578**	287.688
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		**1.050.873**	763.185
Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		**1.216.451**	1.050.873

* *Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат 6-ескертпеде келтірілген.*

Ақшалай емес операциялар

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы негізгі құралдарды сатып алу үшін кредиторлық берешек 12.851 миллион теңгеге азайды (2023 жыл: 69.734 миллион теңгеге ұлғаю).

Басқарма Төрағасының орынбасары *Т.А. Арысова*

Бас бухгалтер *А.С. Есбергенова*

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Шоғырландырылған қаржылық есептілік

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

	Бас компанияның акционерлеріне келеді							
Миллион теңгемен	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Басқа да капитал	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны	Бақыланбай тын қатысу үлесі	Жиыны
2022 жылғы 31 желтоқсанға	916.541	1.142	(1.759)	4.209.612	4.803.431	9.928.967	(61.541)	9.867.426
Бір жылғы таза пайда/(зиян) (қайта есептелген)*	–	–	–	–	962.700	962.700	(36.022)	926.678
Басқа да жиынтық кіріс/(зиян)	–	–	849	(119.331)	976	(117.506)	(341)	(117.847)
Жиынтық кіріс/(зиян) жиыны (қайта есептелген)*	–	–	849	(119.331)	963.676	845.194	(36.363)	808.831
Дивидендтер *(26-ескертпе)*	–	–	–	–	(300.002)	(300.002)	(1.500)	(301.502)
Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу *(26-ескертпе)*	–	–	–	–	(120)	(120)	–	(120)
Самұрық-Қазынамен басқа да операциялар *(26-ескертпе)*	–	–	–	–	(17.925)	(17.925)	–	(17.925)
Жалпы бақылаудағы «Полимер продакшн» ЖШС-ті сатып алу *(26-ескертпе)*	–	–	–	–	(1.520)	(1.520)	–	(1.520)
Самұрық-Қазынамен операциялар *(26-ескертпе)*	–	–	–	–	26.597	26.597	–	26.597
Байланысты тараптан болған салымдар *(26-ескертпе)*	–	–	–	–	14.827	14.827	–	14.827
2023 жылғы 31 желтоқсанға (қайта есептелген)*	916.541	1.142	(910)	4.090.281	5.488.964	10.496.018	(99.404)	10.396.614

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Шоғырландырылған қаржылық есептілік

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

	Бас компанияның акционерлеріне келеді							
Миллион теңгемен	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Басқа да капитал	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны	Бақыланбай тын қатысу үлесі	Жиыны
2023 жылғы 31 желтоқсанға (қайта есептелген)*	916.541	1.142	(910)	4.090.281	5.488.964	10.496.018	(99.404)	10.396.614
Бір жылғы таза пайда /(зиян)	–	–	–	–	1.094.438	1.094.438	(191)	1.094.247
Басқа да жиынтық (зиян)/ кіріс	–	–	(1.463)	1.042.587	691	1.041.815	1.006	1.042.821
Жиынтық кіріс/ (зиян) жиыны	–	–	(1.463)	1.042.587	1.095.129	2.136.253	815	2.137.068
Дивидендтер *(26-ескертпе)*	–	–	–	–	(300.002)	(300.002)	(2.820)	(302.822)
Самұрық-Қазынаның пайдасына бөлу *(26-ескертпе)*	–	–	–	–	(16)	(16)	–	(16)
Самұрық-Қазынамен басқа да операциялар *(26-ескертпе)*	–	–	–	–	(1.989)	(1.989)	–	(1.989)
Самұрық-Қазынамен операциялар *(26-ескертпе)*	–	–	–	–	(296.192)	(296.192)	–	(296.192)
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ таратудан болған әсер	–	–	–	–	–	–	(8.379)	(8.379)
2024 жылғы 31 желтоқсанға	916.541	1.142	(2.373)	5.132.868	5.985.894	12.034.072	(109.788)	11.924.284

* *Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат 6-ескертпеде келтірілген.*

Басқарма Төрағасының орынбасары Д.А. Арысова

Бас бухгалтер А.С. Есбергенова

9 -92 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі - Компания, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ немесе Бас компания) 2002 жылғы 27 ақпанда ҚР Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығының және ҚР Үкіметінің (бұдан әрі - Үкімет) 2002 жылғы 25 ақпандағы № 248 қаулысының негізінде жабық акционерлік қоғам ретінде құрылған Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - ҚР) мұнай-газ кәсіпорны болып табылады. Компания «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» мен «Мұнай және газ көлігі» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамдардың бірігуі нәтижесінде құрылды. Бірігудің нәтижесінде бұл компаниялардың барлық активтері мен міндеттемелері, оның ішінде олардың барлық кәсіпорындарға қатысу үлестерін қоса алғанда, Компанияға берілді. 2004 жылғы наурызда ҚР-дың заңнамасына сәйкес Компания акционерлік қоғам болып қайта тіркелді.

2006 жылғы 8 маусымнан бастап Компанияның жалғыз акционері «Самұрық» Мемлекеттік активтері басқару бойынша қазақстандық холдинг» акционерлік қоғамы болып табылды, әрі ол 2008 жылдың қазанында «Қазына» Тұрақты Даму Қоры» акционерлік қоғамымен бірігіп, осылайша «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» акционерлік қоғамын (бұдан әрі - Самұрық-Қазына) құрды. Үкімет Самұрық-Қазынаның жалғыз акционері болып табылады.

2015 жылғы 7 тамызда ҚР Ұлттық Банкі (бұдан әрі - ҰР ҰБ) Самұрық-Қазынадан Компания үлесінің 9,58%-ын және бір акциясын сатып алды. 2022 жылғы 8 желтоқсаннан бастап Компания акцияларының 3,00%-ы Astana International Exchange (бұдан әрі – AIX) және Қазақстан қор биржасы (бұдан әрі - KASE) қор биржаларында еркін айналымда болады.

2023 жылғы 22 желтоқсанда «Самұрық-Қазына»-ға тиесілі Компания акцияларының 20,00%-ы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің пайдасына берілді.

2024 жылғы 31 желтоқсанға Компанияның 64 операциялық компанияда (2023 жылғы 31 желтоқсанға: 61) қатысу үлесі болды (бірлесіп «Топ»).

Компанияның тіркелген кеңсежайы мына мекенжайда орналасқан: ҚР, Астана қаласы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 8.

Топ қызметінің негізгі бағыттарына өзгесінен басқа мыналар кіреді:

- Мұнай-газ саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- Келісімшарттарға үлестік қатысу арқылы жер қойнауын пайдалану келісімшарттарында мемлекеттік мүдделерді білдіру; және
- Көмірсутектерді барлау, әзірлеу, өндіру, мұнай операцияларын жүргізу қызметтері, қайта өңдеу, мұнай химия, тасымалдау және өткізу, мұнай құбырлары мен газ құбырларын және мұнай-газ өндіру инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану мәселелері бойынша корпоративтік басқару және мониторинг жасау.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке Компанияның және ол бақылайтын еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі кіреді *(3-ескертпе)*.

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілігін Басқарма төрағасының орынбасары мен Бас бухгалтері 2025 жылғы 5 наурызда шығаруға бекітті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік, есеп саясатында және осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ескертпелерінде ашылып көрсетілген операцияларды қоспағанда, бастапқы құн бойынша бағалау қағидатына сәйкес әзірленді. Осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі барлық мәндер, арнайы аталған жағдайларды қоспағанда, миллиондарға дейін дөңгелектенген.

Сәйкестік туралы мәлімдеме

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес («ХҚЕС жөніндегі Кеңес») бекіткен редакцияда ХҚЕС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес әзірленді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Сәйкестік туралы мәлімдеме (жалғасы)

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау белгілі бір маңызды есептік бағалауды қолдануды талап етеді, сондай-ақ басшылықтан Топтың есеп саясатын қолдану барысында жол берулер бойынша пікірлер қолдануды талап етеді. Жоғары күрделілік деңгейі мен жол берулерді қолдануды қамтитын қолданылу саласы, сондай-ақ бағалау мен жол берулерді қолдану Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі үшін елеулі болып табылатын салалар *4-ескертпеде* ашылған.

Топ осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті қызметтің үздіксіздігі туралы болжамға сүйене отырып дайындады. Топ басшылығы бұл жорамалға қатысты елеулі күмән тудыруы мүмкін айтарлықтай белгісіздіктер жоқ деп есептейді. Басшылықтың пайымдауынша, Топтың таяу болашақта және есепті кезең аяқталған күннен кейін кем дегенде 12 ай ішінде операциялық қызметті жалғастыру үшін жеткілікті ресурстары бар деп негізді түрде күтуге болады.

Шетел валютасын қайта есептеу

Функционалдық валюта және білдіру валютасы

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған әрбір кәсіпорнының қаржылық есептілігінің элементтері кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық орта валютасын пайдалана отырып бағаланады (бұдан әрі - функционалдық валюта). Шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның функционалдық валютасы мен оны білдіру валютасы болып табылатын Қазақстандық теңгемен (бұдан әрі - теңге) білдірілген.

Операциялар және шоттар сальдосы

Шетелдік валютадағы операциялар операциялар жүзеге асырылған күнгі валюта бағамы пайдаланыла отырып, функционалдық валютаға қайта есептеледі. Мұндай операциялар бойынша есептеулер нәтижесінде туындаған бағамдық айырмашылықтардан және есепті күнгі бағамдар бойынша шетел валютасында берілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеуден түскен кірістер мен шығындар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Монетарлық баптарды өтеу немесе қайта есептеу кезінде туындайтын айырмалар, Топтың шетелдік бөлімшелерге таза инвестицияларын хеджирлеудің бір бөлігі ретінде айқындалған монетарлық баптарды қоспағанда, пайда немесе зиян құрамында танылады. Бұл баптар инвестициялардың пайда немесе зиян құрамынан шығуы сәтіне жинақталған соманы қайта жіктей отырып таза инвестициялар шығарылғанға дейін басқа жиынтық кірістің құрамында танылады. Бұл монетарлық баптар бойынша бағамдық айырмаларға тән салық төлемдері мен кредиттер басқа да жиынтық кірістің құрамында танылады.

Топқа кіретін компаниялар

Функционалдық валютасы ұсыну валютасынан ерекшеленетін Топтың барлық еншілес ұйымдарының, бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компанияларының (олардың бір де бірі гиперинфляциялы экономикалардың валютасында операция жасамайды) қызметінің нәтижелері мен қаржылық позициясы ұсыну валютасына мынадай түрде қайта есептеледі:

- Қаржылық жағдай туралы ұсынылған есептердің әрқайсысы бойынша активтер мен міндеттемелер есепті күнге жабу бағамдары бойынша қайта есептеледі;
- Жиынтық кіріс туралы есептердің әрқайсысы бойынша кірістер мен шығыстар орташа бағамдар бойынша қайта есептеледі (орташа бағам бағамдардың жиынтық әсерінің операция жүзеге асырылған күнгі бағамға ақылға қонымды жақындауы болып табылмайтын жағдайлардан басқа; бұл жағдайда кірістер мен шығыстар операциялар жүзеге асырылған күнгі бағам бойынша қайта есептеледі); және
- Барлық бағамдық айырмалар өзге жиынтық кірісте жеке компонент ретінде танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Шетел валютасын қайта есептеу (жалғасы)

Валюталарды айырбастау бағамдары

KASE-де белгіленген орташа есептелген валютаны айырбастау бағамы ҚР ресми валюта айырбастау бағамы ретінде қолданылады. KASE-нің 2024 жылғы 31 желтоқсандағы айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 525,11 теңгені құрады. Бұл бағам 2024 жылғы 31 желтоқсанға АҚШ долларында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу үшін пайдаланылды (2023 жылғы 31 желтоқсанға: 1 АҚШ доллары үшін 454,56 теңге). KASE-нің 2025 жылғы 5 наурыздағы айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 496,71 теңгені құрады. 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы шетелдік валюталардың теңгеге қатысты бағамының тұрақсыздығына байланысты Топта 185.459 миллион теңге мөлшерінде нетто, оң бағамдық айырма қалыптасты.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Есеп саясатындағы және ақпаратты ашып көрсету қағидаттарындағы өзгерістер

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары, 2024 жылдың 1 қаңтарына күшіне енген қабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қоспағанда, 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді.

Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген қандай да бір стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Кейбір түзетулер мен түсіндірмелер алғаш рет 2024 жылы қолданыла, бірақ олар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

Топ тек Топ үшін жарамды және қолданылатын стандарттардың тізімін ұсынды.

Өнім жеткізушілерді қаржыландыру тетіктері - 7 ХҚЕС-ке (IAS) және 7 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер

2023 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес *«Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп»* 7 ХҚЕС-ке (IAS) және *«Қаржы құралдары: ақпаратты ашу»* 7 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулерін шығарды, онда өнім жеткізушілерді қаржыландыру туралы келісімдердің сипаттамалары түсіндіріледі және осындай келісімдерді қосымша ашып көрсету талап етіледі. Түзетулерде қамтылған ақпаратты ашуға қойылатын талаптар қаржылық есептілікті пайдаланушыларға өнім жеткізушілерді қаржыландыру келісімдерінің кәсіпорынның міндеттемелеріне, ақша қаражатының ағындарына және өтімділік тәуекеліне ұшырағыштығын түсінуге көмектесуге бағытталған.

Түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

«Кері жалдау арқылы сату кезіндегі жалдау міндеттемелері» 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер

2022 жылғы қыркүйекте ХҚЕС жөніндегі Кеңес 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету сатушы-жалға алушының кері жалдау арқылы сату операциясында туындайтын жалдау міндеттемесін бағалау кезінде пайдаланатын талаптарды нақтылайды, бұл сатушы-жалға алушы пайданың немесе зиянның кез келген сомасын мойындамауына кепілдігін береді. Бұл ол сақтайтын пайдалану құқығына қатысты болады.

Түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

Есеп саясатындағы және ақпаратты ашу қағидаттарындағы өзгерістер (жалғасы)

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер: Міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді ретінде жіктеу

2020 жылғы қаңтарда және 2022 жылғы қазанда ХҚЕС жөніндегі Кеңес *1 ХҚЕС-тің (IAS) 69-76* тармақтарына түзетулерді шығарды, оларда міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді етіп жіктеуге қойылатын талаптар нақтыланды. Түзетулер мыналарды нақтылайды:

- Реттеу мерзімін ұзарту құқығы деп нені түсінуге болатындығын;
- Мерзімді ұзарту құқығы есепті кезеңнің соңына болуы тиіс;
- Жіктеуге ұйымның мерзімді ұзарту құқығын пайдаланып қалады деген ықтималдық ықпал етпейтіндігін;
- Міндеттеменің талаптары оның жіктелуіне ықпалын тигізбейді, тек егер айырбасталатын міндеттемеге ендірілген туынды құрал өз бетімен үлестік құрал болып табылмаса ғана.

Сонымен қатар, кредиттік шарттан туындайтын міндеттеме ұзақ мерзімді болып жіктелген және кәсіпорынның өтеуді кейінге қалдыру құқығы он екі ай ішінде болашақ міндеттемелердің сақталуына байланысты болатын жағдайларда ақпаратты ашу туралы талап енгізілді.

Түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді. Топ *27-ескертпеде* кредиттік шарттардың талаптары бойынша ковенанттардың сақталуы туралы ақпаратты ашып көрсетті.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша стандарттарға жаңа түзетулер жарияланды:

- 21 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - *«Валюта айырбастау мүмкіндігінің болмауы»* (2023 жылғы тамызда шығарылды);
- 18 ХҚЕС (IFRS) *«Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашу»* (2024 жылғы сәуірде шығарылды);
- 19 ХҚЕС (IFRS) «Жария есеп берусіз еншілес ұйымдар: ақпаратты ашу» (2024 жылғы мамырда шығарылды);
- *Табиғатқа байланысты электр энергиясына қатысты келісімшарттар* - 9 ХҚЕС (IFRS) және 7 ХҚЕС (IFRS) түзетулері (2024 жылғы желтоқсанда шығарылды);
- Жыл сайынғы жақсартулар, 11 том (2024 жылғы шілдеде шығарылды);
- *Қаржы құралдарын жіктеуге және бағалауға түзетулер* - 9 ХҚЕС (IFRS) және 7 ХҚЕС (IFRS) түзетулері (2024 жылғы мамырда шығарылды).

18 ХҚЕС (IFRS) *«Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашу»* қоспағанда, түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде. Қазіргі уақытта Топ жаңа стандарт пен түзетулердің негізгі қаржылық есептер мен қаржылық есептілік жазбаларына қандай әсер ететінін анықтау үшін жұмыс істеуде.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

Топ 2023 жылы тану мен ашып көрсетуден уақытша босатуды қолданған стандарттарға түзетулер

Pillar II

Халықаралық салық реформасы - Pillar II үлгілік ережелері - «Табыс салығы» 12 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

12 ХҚЕС-ке (IAS) осы түзетулер ЭЫДҰ BEPS жобасы шеңберінде екінші компонентті *(Pillar II)* қағидаларын қабылдау нәтижесінде шығарылды және мыналарды көздейді:

- Заңнамаға Pillar II үлгілік ережелерін енгізуге байланысты туындайтын кейінге қалдырылған салықтарды танудан және ашып көрсетуден міндетті түрде уақытша босатуды, және
- Жаңа заңнамаға жататын ұйымдардың қаржылық есептілігін пайдаланушыларға осы ұйымдарға заңнамада көзделген табыс салығы Pillar II үлгілік ережелеріне сәйкес, оның ішінде ол күшіне енгенге дейін қандай әсер ететінін жақсы түсінуге көмектесетін ақпаратты ашуға қойылатын талаптар.

Топ халықаралық компаниялар тобы болып табылатын Самұрық-Қазына тобының бөлігі болып табылады, оның кірісінің мөлшері халықаралық топтың есепті қаржы жылының алдындағы қаржы жылындағы шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сәйкес тиісті қаржы жылы үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес айқындалған валюта айырбастаудың ортаңа арифметикалық нарықтық бағамын қолдана отырып, 750 миллион еуроға баламалы сомадан кем болмайтын соманы құрайды.

Самұрық-Қазына халықаралық топтың бас компаниясы болып табылады. Халықаралық топ мүшелері келесі юрисдикцияларда білдірілген, онда Pillar II үлгілік ережелері заңнамалық деңгейде қабылданған (немесе негізінен қабылданған) және 2024 жылдан бастап және одан кейін күшіне енді: Болгария Республикасы, Германия Федеративтік Республикасы, Нидерландтар Корольдігі, Румыния, Швейцария Конфедерациясы, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі.

2023 жылы Топ заңнамаға Pillar II үлгілік ережелерін енгізуге байланысты туындайтын кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерін танудан және ашып көрсетуден уақытша босатуды қолданды.

2024 жылы Топ 2024 жылғы жедел қаржылық ақпаратқа сүйене отырып, Pillar II үлгілік ережелерін заңнамалық деңгейде енгізуге байланысты алдын ала ықтимал әсерді бағалады.

Жүргізілген бағалау нәтижелеріне сүйене отырып, Топ Pillar II үлгілік ережелерімен анықталған және жоғарыда аталған юрисдикцияларда жұмыс істейтін кейбір компаниялар алған табыс салығына байланысты алдын ала ықтимал тәуекел Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі үшін маңызды емес екенін анықтады. Топ бағалау жұмыстарын жалғастыруда.

Шоғырландыру негізі

Қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның және оның еншілес ұйымдарының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық есептілігін қамтиды. Бақылау, егер Топтың инвестициялардан ауыспалы қайтарымдылыққа құқығы бола немесе оның өзгеруіне байланысты тәуекелге ұшыраса және инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктері салдарынан осы қайтарымға ықпал ете алған жағдайда жүзеге асырылады. Атап айтқанда, егер Топтың: инвестициялау объектісіне қатысты өкілеттіктері (яғни, инвестициялау объектісінің едәуір қызметін басқаруға ағымдағы мүмкіндікті қамтамасыз ететін қолдағы құқықтар); инвестицияларға өз қатысуынан ауыспалы кірісті алуға ұшырағыштығы немесе құқықтары, сондай-ақ; инвестициялау объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін кірістердің көлеміне ықпал ету мақсатында пайдалану мүмкіндігі болған жағдайда, Топ инвестициялау объектісін бақылайды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

Шоғырландыру негізі (жалғасы)

Әдетте, дауыс беру көпшілігі бақылаудың болуымен негізделеді деп болжануда. Мұндай жорамалды растау үшін және Топтың инвестициялау объектісіне қатысты көпшілік дауыс беру құқығынан кемі немесе дәл сондай құқықтары болғанда, Топ, инвестициялау объектісінде дауыс беру құқықтары бар басқа тұлғалармен келісімдерді қоса алғанда, бұл инвестициялау объектісіне қатысты өкілеттіктердің бар-жоғын бағалау кезінде барлық орынды фактілер мен жағдайларды, басқа келісімдермен негізделген құқықтарды; дауыс беру құқықтарын және Топқа тиесілі әлеуетті дауыс беру құқықтарын ескереді.

Егер фактілер мен жағдайлар бақылаудың үш элементі бірінің немесе одан көбісінің өзгеруін растаса, Топ инвестициялар нысанына қатысты бақылаудың болуын қайтадан талдайды. Топ еншілес ұйымға бақылауды алған кезде еншілес ұйымның шоғырлануы басталады және Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылғанда тоқталады. Сатып алынуы немесе есептен шығарылуы жыл ішінде болған еншілес ұйымның активтері, міндеттемелері, кірістері мен шығыстары Топ бақылауды алған күннен бастап жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке қосылады және Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылған күнге дейін көрсетіледі.

Еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі есеп саясатын бірізді қолданудың негізінде бас компанияның есептілігі сияқты дәл сол есепті кезең үшін әзірленді. Пайда немесе зиян және басқа да жиынтық кірістің әрбір құрамдасы Топтың бас компаниясының Акционерлеріне және тінті егер бұл бақыланбайтын қатысу үлесінде теріс қалдықтарға әкеліп соқтырған жағдайда да, бақыланбайтын қатысу үлесіне жатады. Қажет болғанда еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі олардың есеп саясаттарын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру үшін түзетіледі. Барлық топ ішіндегі қалдықтар, операциялар, топ ішінде операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын өтпеген пайда мен зиян шоғырландыру кезінде толығымен алынып тасталды. Бақылаудан айырылмастан инвестициялау нысандарындағы қатысу үлестерінің өзгерісі капиталмен жасалған операция ретінде есептеледі.

Егер Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылып қалса, ол тиісті активтерді (гудвилді қоса), міндеттемелерді, бақыланбайтын қатысу үлестерін және меншікті капиталдың басқа да құрамдастарын тануды тоқтатады және жиынтық кірісті немесе зиянды пайда немесе зиян құрамында мойындайды. Қалған инвестициялар әділ құны бойынша танылады.

Еншілес ұйымдар

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша келесі елеулі тікелей еншілес ұйымдар осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылды:

			Иелік ету үлесі	
Маңызды ұйымдар	**Негізгі қызметі**	**Тіркелген елі**	**2024 жылғы 31 желтоқсанға**	2023 жылғы 31 желтоқсанға
«ҚазМұнайТеңіз» ЖШС	Барлау және өндіру	Қазақстан	**100%**	100%
«ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС	Барлау және өндіру	Қазақстан	**100%**	100%
«Қазақтүрікмұнай» ЖШС	Барлау және өндіру	Қазақстан	**100%**	100%
КМГ Кашаган Б.В.	Барлау және өндіру	Нидерландтар	**100%**	100%
«Өзенмұнайгаз» АҚ	Барлау және өндіру	Қазақстан	**100%**	–
«Эмбамұнайгаз» АҚ	Барлау және өндіру	Қазақстан	**100%**	–
Dunga Operating GmbH *(б-ескертпе)*	Өндіру	Қазақстан	**100%**	100%
«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі - ҚТО)	Мұнайды тасымалдау	Қазақстан	**90%**	90%
«ҚазақТеңізКөлікФлоты» ЖШС	Мұнайды тасымалдау және құрылыс	Қазақстан	**100%**	100%
Cooperative KazMunayGas PKI U.A.	Мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Нидерландтар	**100%**	100%
«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (бұдан әрі - АМӨЗ)	Қайта өңдеу	Қазақстан	**99,53%**	99,53%
«Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС (бұдан әрі - ПМХЗ)	Қайта өңдеу	Қазақстан	**100%**	100%
KMG International N.V. (бұдан әрі - КМГИ)	Мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Румыния	**100%**	100%
«KMG Drilling&Services» ЖШС	Бұрғылау қызметтері	Қазақстан	**100%**	100%
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (бұдан әрі - ҚМГ БӨ)	Барлау және өндіру	Қазақстан	**–**	99,72%

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

Бизнесті біріктіру және гудвил

Бизнесті біріктіру сатып алу әдісін пайдалана отырып есептеледі. Сатып алу құны сатып алу күніндегі әділ құн бойынша бағаланған берілген сыйақы сомасы және сатып алынатын компаниядағы бақыланбайтын қатысу үлесінің құны ретінде бағаланады. Бизнесті біріктіру жөніндегі әрбір мәміле үшін сатып алатын тарап сатып алынатын компаниядағы бақыланбайтын қатысу үлесі әділ құн бойынша, не сатып алынатын компанияның сәйкестендірілетін таза активтеріндегі теңбе-тең үлес бойынша бағалайды. Сатып алуға байланысты шегілген шығындар әкімшілік шығыстардың құрамына енгізіледі.

Топ бизнесті сатып алғанда, ол сатып алынған қаржы активтері мен қабылданған міндеттемелерді тиісті түрде шарттың талаптарына, экономикалық жағдайға және сатып алу күніндегі тиісті жағдайларға байланысты жіктейді. Бұған компания сатып алатын негізгі шарттарға қосылған туынды құралдарды бөлу жатады.

Сатып алатын тарап беруге тиіс шартты сыйақы сатып алу күніндегі әділ құн бойынша танылуға тиіс. Қаржы құралы болып табылатын және 9 ХҚЕС-тің (IFRS) *«Қаржы құралдары»* қолданылу аясына түсетін актив немесе міндеттеме ретінде жіктелетін шартты өтемақы әділ құны бойынша бағаланады, ал әділ құнның өзгеруі 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес пайда немесе зиян құрамында танылады. Егер шартты сыйақы 9 ХҚЕС-тің (IFRS) қолданылу аясына түспесе, ол пайда немесе зиян құрамында әділ құны бойынша бағаланады. Меншікті капитал ретінде жіктелуге жататын шартты өтеу кейіннен қайта бағаланады және оның кейіннен өтелуі меншікті капитал құрамында көрсетіледі.

Гудвил бастапқыда берілген сыйақы және танылған бақыланбайтын қатысу үлесі сомасының және сатып алушыға бұрын тиесілі болған үлестердің сатып алынатын таза сәйкестендірілетін активтердің және ол қабылдаған міндеттемелердің сомасынан асып түсуі ретінде айқындалатын бастапқы құны бойынша бағаланады. Егер сатып алынған таза активтердің әділ құны берілген өтемақы сомасынан асатын болса, Топ барлық сатып алынған активтердің және барлық қабылданған міндеттемелердің анықталу дұрыстығын, сондай-ақ сатып алу күніне танылуы тиіс болған сомаларды бағалау кезінде пайдаланылған процедураларды қайталап талдайды. Егер қайталап жасалған талдаудан кейін берілген өтемақы сатып алынған таза активтердің әділ құнынан кем болып қалса, табыс пайда немесе зиян құрамында танылады.

Кейіннен гудвил құнсызданудан болған жинақталған шығындар шегеріліп, бастапқы құн бойынша бағаланады. Құнсыздану тестісін өткізу мақсатында бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған гудвил сатып алынған күннен бастап Топтың ақша ағындарын жасайтын бөлімшелерінің әрқайсысына бөлінеді, олар болжаның отырғандай компания сатып алатын басқа активтер мен міндеттемелер аталған бөлімшелерге жататынына немесе жатпайтынына тәуелсіз бизнесті біріктіруден пайда табады.

Егер гудвил ақша ағындарын жасайтын бірліктің бір бөлігі болса және осы бірліктің шеңберінде қызметтің бір бөлігі шығып кетсе, шығып кететін қызметке қатысты гудвил қызметтің шығуынан пайданы немесе зиянды айқындау кезінде осы қызметтің ағымдағы құнына кіреді. Мұндай жағдайда шығып қалған гудвил шығып қалған қызметтің құны мен ақша ағындарын жасайтын бірліктің қалған бөлігі құнының негізінде бағаланады.

Еншілес ұйымдарды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алу

Еншілес ұйымдарды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алынуы үлестерді біріктіру әдісін пайдалана отырып ескеріледі.

Жалпы бақылауға берілетін еншілес ұйымның активтері мен міндеттемелері шоғырландырылған қаржылық есептілікте беру күніне беретін ұйымның («Бастамашы») ағымдағы құны бойынша ескеріледі. Бастамашы бастапқыда сатып алған кезде объективті түрде ескеретін тиісті гудвил шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Бастамашының гудвилін қоса алғанда, таза активтердің жалпы ағымдағы құны мен төленген сыйақы арасындағы айырма капиталды түзету ретінде шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

Бизнесті біріктіру және гудвил (жалғасы)

Жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес ұйымдарды сатып алу

Салыстырмалы деректерді қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілік еншілес ұйымды Топ Бастамашы бастапқыда сатып алған күнге сатып алғандығы туралы жорамалға сүйене отырып ұсынылады.

Жалпы бақылаудағы тараптардан бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды сатып алу

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алынуы үлестерді біріктіру әдісін пайдалана отырып ескеріледі.

Топтың жалпы бақылауға берілетін бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың активтері мен міндеттемелеріндегі үлесі шоғырландырылған қаржылық есептілікте беру күніне беретін ұйымның («Бастамашы») ағымдағы құны бойынша ескеріледі. Таза активтердің жалпы ағымдағы құнындағы Топтың үлесі мен төленген сыйақы арасындағы айырма капиталды түзету ретінде шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Қауымдасқан компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар

Айтарлықтай ықпалдың немесе бірлескен бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторлар еншілес ұйымдарға бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторларға ұқсас келеді. Топтың қауымдасқан компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялары үлестік қатысу әдісін пайдалана отырып ескеріледі.

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп бірлескен кәсіпорын немесе қауымдасқан компания қызметінің нәтижелеріндегі Топтың үлесін көрсетеді. Мұндай инвестициялау объектілерінің басқа да жиынтық кірісіндегі өзгерістер Топтың басқа да жиынтық кірісінің құрамында ұсынылады. Сонымен бірге, егер бірлескен кәсіпорын немесе қауымдасқан компания капиталында тікелей танылған өзгеріс орын алса, Топ осындай өзгерістегі өз үлесін таниды және бұл капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте қолданылса, осы фактіні ашады. Топтың және бірлескен кәсіпорындардың немесе қауымдасқан компаниялардың арасындағы мәмілелер бойынша туындайтын өткізілмеген кірістер мен залал бірлескен кәсіпорындағы немесе қауымдасқан компаниядағы қатысу үлесінің мөлшерінде алынып тасталады.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тікелей көрсетіледі және салық салынғаннан кейінгі пайданы немесе зиянды және бірлескен кәсіпорынның немесе қауымдасқан компанияның еншілес компанияларындағы бақыланбайтын қатысу үлесін білдіреді. Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың қаржылық есептілігі Топтың қаржылық есептілігі сияқты есепті кезеңде жасалады. Қажет болған жағдайда қаржылық есептілік есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетіледі.

Үлестік қатысу әдісін қолданғаннан кейін Топ бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға өз инвестициялары бойынша құнсызданудан болған қосымша залалды тану қажеттілігін айқындайды. Топ әрбір есепті күнге бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға инвестициялар құнсыздануының объективті дәлелдерінің болуын анықтайды. Мұндай дәлелдер болған жағдайда, Топ құнсыздану сомасын бірлескен кәсіпорынның немесе қауымдасқан компанияның өтелетін құны мен олардың баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді және залалды «Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы/(залалындағы) үлес» бабы бойынша жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындайды.

Бірлескен кәсіпорындағы немесе қауымдасқан компаниядағы елеулі ықпалын жоғалтқан жағдайда Топ қалған инвестицияларды әділ құн бойынша бағалайды және мойындайды. Айтарлықтай ықпалдан немесе бірлескен бақылаудан айырылу сәтіне бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға салынған инвестициялардың баланстық құны мен қалған инвестицияның әділ құны және сатудан болған түсімдер арасындағы айырма пайда немесе зиян құрамында танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

Кен орындарын барлауға, бағалауға және әзірлеуге байланысты шығыстар

Жер қойнауын пайдалану құқықтарын (лицензияларды) иемденгенге дейін болған шығындар

Лицензияларды сатып алғанға дейін болған шығындар, ҚР Үкіметімен тиісті келісімге қол қойылғаннан кейін болған шығындарды қоспағанда, олар орын алған кезеңдегі шығыстарға жатады. Мұндай жағдайларда болған шығындар барлау және бағалау активтерінің құрамында капиталдандырылады.

Жер қойнауын пайдалану құқықтарын және мүлікті сатып алу шығындары

Жер қойнауын барлау әрі өндіру құқықтары және мүлікті сатып алуға арналған тиісті шығындар барлау әрі бағалау активтерінің құрамында капиталдандырылады және материалдық емес ретінде жіктеледі. Барлау бойынша әрбір объект жыл сайын бұрғылау жұмыстары жоспарланғанын және активтің құнсызданбағанын растау мәніне қарастырылады. Егер келешек жұмыстар жоспарланбаса, барлауға арналған лицензияларды және мүлікті сатып алуға арналған тиісті шығындардың ағымдағы құны есептен шығарылады. Экономикалық негізделген шығарылатын қорлар («дәлелденген қорлар» немесе «коммерциялық қорлар») анықталған кезде және әзірлеуді ішкі бекіту кезінде барлауға арналған лицензияларды және кен орындардың бөлігінде ескерілетін мүлікті сатып алуға арналған тиісті шығындардың ағымдағы құны, барлау және бағалау бойынша активтермен бірігіп, мұнай-газ мүлкіне немесе мұнай-газ активтеріне ауыстырылады.

Барлаумен және бағалаумен байланысты шығындар

Барлауға арналған заңды құқық сатып алынғаннан кейін, сәтсіз пайдаланылатын немесе жиектелетін ұңғымаларды қоса алғанда, геологиялық әрі геофизикалық зерттеу шығындары мен барлау және бағалау ұңғымаларымен тікелей байланысты шығындар ұңғыманы бұрғылау жұмыстары аяқталғанға дейін және нәтижелер бағаланғанға дейін шығындардың сипатына сәйкес барлау және бағалау материалдық емес немесе материалдық активтер ретінде капиталдандырылады. Мұндай шығындарға қызметкерлерге төлемақы, пайдаланылған материалдар мен жанар май, бұрғылау мұнарасының құны және мердігерлерге арналған төлемдер кіреді. Егер күтілетін қорлар табылмаса, барлау және бағалау бойынша актив құнсыздануға тестіленеді; егер шығарылатын көмірсутектер табылып, қызметті одан кейінгі бағалауға жататын болса, әрі оған коммерциялық әзірленуі ықтимал болатын басқа ұңғымаларда бұрғылау кіруі мүмкін болса, онда шығындар көмірсутектерді коммерциялық шығаруды бағалауда негізделген/үздіксіз прогреске қол жеткізілмейінше, актив ретінде ескерілуін жалғастырады.

Осы сияқты барлық шығындар техникалық, коммерциялық және басқарушылық тексеруге, сол сияқты әзірлеуді жалғастыру ниетін немесе табудан пайда алудың қандай да бір басқа тәсілін растау үшін жылына кем дегенде бір рет құнсыздану мәніне тексеруге жатады.

Көмірсутектердің дәлелденген қорлары анықталғанда және әзірлеу туралы шешім қабылданғанда, барлаумен және бағалаумен байланысты тиісті шығындар, тиісті шығыстар құнсыздану тестісінен кейін және құнсыздану залалы, егер ондай болса, танылағаннан кейін мұнай-газ активтеріне ауыстырылады.

Мұндай ниет болмағанда, және келісімшарттық аумақты Үкіметке қайтарып беру шешімі қабылданғанда және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды бұзу ниеті болғанда активтер шығыстарға есептен шығарылады.

Әзірлеу шығындары

Платформалар, мұнай құбырлары және әзірлеу ұңғымаларын бұрғылау сияқты инфрақұрылым объектілерін салу, орнату және аяқтау шығындары мұнай-газ мүлкінің құрамында капиталданады.

Мұнай-газ мүлкі және басқа да негізгі құралдар

Мұнай-газ мүлкі мен басқа да негізгі құралдар жинақталған амортизацияны, тозу мен құнсыздануды шегере отырып, бастапқы құны бойынша ескеріледі.

Активтердің бастапқы құны сатып алу немесе салу бағасынан, ұзақ мерзімді құрылыс және әзірлеу жобалары бойынша пайыздар шығындарынан, мойындау критерийлерін сақтау шартымен, активті жұмыс күйіне келтіруге тікелей байланысты шығындардан және қажет болғанда активті жою шығындарының бастапқы бағалауынан тұрады. Сатып алу немесе бағалау бағасы жиынтық төленген күн және активті сатып алу үшін берілген сыйақының кез келген түрінің әділ құны болып табылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

Мұнай-газ мүлкі және басқа да негізгі құралдар (жалғасы)

Мұнай-газ мүлкі өндірістік әдісті пайдалана отырып амортизацияланады, ал материалдық емес активтер дәлелденген әзірленген қорлар бойынша , ал материалдық емес активтер дәлелденген қорлар бойынша амортизацияланады. Пайдалы қызмет ету мерзімі кен орындары қызметінің қалдық мерзімінен аз болатын кейбір мұнай-газ мүлкі пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде тік желілік әдіспен амортизацияланады.

Мұнай-газ активтері мен жерден басқа негізгі құралдарға, негізінен пайдалы қызмет етудің орта мерзімдерінің ішінде желілік әдіспен амортизацияланатын жер, ғимараттар, машиналар мен жабдықтар, көлік құралдары мен басқалары былайша кіреді:

МӨЗ активтері	4-100 жыл
Құбырлар	2-30 жыл
Ғимараттар мен құрылысжайлар	2-100 жыл
Машиналар мен жабдық	2-30 жыл
Көлік құралдары	3-35 жыл
Басқасы	2-20 жыл
Жер	Амортизацияланбайды

Негізгі құралдардың болжамды пайдалы қызмет етуінің мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қарастырылып отырады және қажет болғанда мерзімдегі өзгерістер кейінгі кезеңдерде ескеріліп отырады.

Негізгі құралдардың ағымдағы құны ол өтелетін болып табылмайтындығына көрсететін қандай да бір оқиғалар немесе жағдайлардағы өзгерістер болған жағдайларда құнсыздану мәніне қайта қарастырылып отырады.

Көмірсутектердің коммерциялық көлемдерін өндіруді тоқтатқан және жойылуға арналған өндіру ұңғымаларын қоса алғанда, негізгі құралдар нысанының мойындалуын доғару есептен шығарылған кезде немесе егер келешекте мұндай активті пайдаланудан экономикалық пайданы алу күтілмеген жағдайда болады. Активті тануды доғару нәтижесінде туындайтын кірістер немесе шығыстар (активтің шығуынан және ағымдағы құнынан болатын таза түсімдер арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) активті тану доғарылған кезең үшін пайдаға және зиянға кіргізіледі.

Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсыздануан болған жинақталған шығындарды шегере отырып, құны бойынша ескеріледі. Материалдық емес активтерге табиғи газды барлауға, әзірлеуге және өндіруге арналған лицензияларды, компьютерлік бағдарламалар мен гудвилді сатып алу шығындары кіреді. Бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқыда сатып алу құны бойынша бағаланады. Бастапқы құны - бұл жиынтық төленген сома және активті сатып алу үшін берілген кез келген басқа сыйақының әділ құны.

Гудвилді және жер қойнауын пайдалану құқықтарын қоспағанда, материалдық емес активтер, пайдалы қызмет етудің күтілетін қалған мерзімінің ішінде тік желілік әдіспен амортизацияланады. Активтердің күтілетін пайдалы қызмет ету мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қаралады және пайдалы қызмет ету мерзімдерін өзгерту қажет болғанда келесі кезеңдерде ескеріледі. Компьютерлік бағдарламалық жасақтаманың пайдалы қызмет ету мерзімі 3 жылдан 7 жылға дейін құрайды.

Материалдық емес активтердің ағымдағы құны оқиға немесе жағдаяттардағы өзгерістер активтің ағымдағы құны өтелмейтіндігін көрсеткен жағдайларда құнсыздануға талданады. Гудвил жыл сайын (31 желтоқсандағы жағдай бойынша), сондай-ақ оқиғалар оның ағымдағы құны құнсыздануы мүмкін екендігін көрсеткен жағдайларда, құнсыздануға тестіленеді.

Гудвилдің құнсыздануы гудвил қарайтын ақша ағынын туындататын бөлімшелер (немесе ақша ағынын туындататын бөлімшелер тобы) құнының өтелетін құнын бағалау арқылы анықталады. Егер ақша ағынын туындататын бөлімшелердің өтелетін құны олардың ағымдағы құнынан аз болса, құнсызданудан болған зиян танылады. Гудвилдің құнсыздануан болған залалды болашақ кезеңдерде қалпына келтіру мүмкін емес.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

Барлау және бағалау бойынша активтердің құнсыздануы

Барлау және бағалау бойынша активтер құнсыздану мәніне тексеріледі, әрі мұндай активтер әзірлеу бойынша материалдық және материалдық емес активтердің құрамына немесе активтердің құнсыздануына нұсқайтын фактілер мен жағдайлар болғанда аударылады.

Бір немесе одан да көп төмендегі фактілердің және жағдайлардың болуы Топ барлау әрі бағалау жөніндегі өз активтерін құнсыздану мәніне тексеруге міндетті екендігіне нұсқайды (тізбесі толық болып табылмайды):

- Соның ішінде Топ ұйымы белгілі бір учаскені барлауға құқылы болған кезең өтіп кеткенде немесе таяу арада өтеді және оның ұзартылуы күтілмейді;
- Белгілі бір учаскеде минералды ресурстарды одан әрі барлауға және бағалауға едәуір шығыстар бюджетке қосылмаған және жоспарланбайды;
- Белгілі бір учаскеде минералды ресурстарды барлау және бағалау минералды ресурстардың коммерциялық тиімді көлемдерін анықтауға әкеліп соқтырмады және Топ ұйымы белгілі бір учаскеде мұндай қызметті тоқтату шешімін қабылдады;
- Жеткілікті деректер белгілі бір учаскені әзірлеу ықтималдылығына қарамастан барлау және бағалау жөніндегі активтің ағымдағы құны нәтижелі әзірлеудің немесе өткізудің нәтижесінде толық шамада өтелмейтіндігін көрсетеді.

Активтің шығуы бойынша міндеттеме (пайдаланудан шығару)

Пайдаланудан шығаруға арналған резервтер Топтың объектіні немесе негізгі құралды қайта монтаждау мен көшіру бойынша және объекті тұрған учаскені қалпына келтіру бойынша міндеттемесі болған кезде, сондай-ақ мұндай резервті пайымды бағалауды жүзеге асыру мүмкін болған кезде, дисконтталған ақша ағындарының негізінде толық көлемде танылады. Танылған сома жергілікті шарттар мен талаптарға сәйкес анықталған бағаланған болашақ шығыстардың ағымдағы құнын білдіреді. Сондай-ақ тиісті негізгі құрал танылған резервтің мөлшеріне баламалы сомада танылады. Соның салдарынан, бұл актив тиісті амортизациялау әдісі негізінде өндіріске және тасымалдауға капиталдандырылған шығындардың бір бөлігі ретінде амортизацияланады.

Міндеттемелерді өтеу үшін қажетті экономикалық пайда негізінде жататын есепті мерзімдегі немесе ресурстардың қайту сомасындағы өзгерістердің нәтижесі болып табылған пайдаланудан шығару жөніндегі қазіргі резервті бағалаудағы өзгерістер, немесе дисконттау мөлшерлемесіндегі өзгеріс мынадай түрде ескеріледі, соның салдарынан:

(а) Резервтегі өзгерістер ағымдағы кезеңдегі тиісті активтің құнына қосылады немесе есептен шығарылады;

(б) Активтің құнынан шығарылған сома оның ағымдағы құнынан аспауы тиіс. Егер резервтегі төмендеу активтің ағымдағы құнынан асып түссе, асып түсу дереу жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады; және

(в) Егер түзету актив құнының ұлғаюына әкеліп соқтырған жағдайда, Топ бұл активтің жаңа ағымдағы құны толығымен өтеле алмайтындығының көрсеткіші болып табылатындығын қарастырады. Егер бұл мұндай көрсеткіш болып табылса, Топ активтің өтелетін құнын бағалау арқылы оны құнсыздануға тестілейді және 36 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес құнсыздану бойынша кез келген залалды ескереді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

Қаржы активтері

Бастапқы тану және бағалау

Қаржы активтері алғаш рет танылғанда кейіннен амортизацияланған құны бойынша, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі. Қаржы активтерінің бастапқыда танылған кездегі жіктелуі келісімшартта көзделген қаржы активі мен Топ бұл активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модель бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына тәуелді болады. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Топ қаржы активтерін бастапқыда пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активтері жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешек 15 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес айқындалған мәмілenің бағасы бойынша айқындалады.

Борыштық қаржы активі амортизацияланған құны бойынша немесе басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша жіктелуі және бағалануы үшін ол өтелмеген негізгі сомаға «борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың (SPPI) есебінен төлемдер ғана» білдіретін ақша ағындарының пайда болуына әкеп соқтыруы тиіс. Мұндай бағалау SPPI-тест деп аталады және әрбір құралдың деңгейінде жасалады. Топ қаржы активтерін басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель ақша ағындарын әкелу мақсатында Топ өзінің қаржы активтерін басқаратын тәсілді сипаттайды. Бизнес-модель ақша ағындарының шартта көзделген ақша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де салдары болатындығын айқындайды. Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта (стандартты талаптарда жасалатын сауда-саттық) қабылданған қағидамен белгіленген мерзімде активтерді жеткізуді талап етуші қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша барлық операциялар ол жасалған күнге, яғни Топ активті сатып алуға немесе сатуға өзіне міндеттеме қабылдаған күнге танылады.

Кейінгі бағалау

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржы активтері екі санатқа жіктеледі:

- Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері.

Топтың басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есекерілетін қаржы активтері болмады.

Мойындауды тоқтату

Қаржы активі (қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен алынып тасталады) мойындалуын тоқтатады, егер:

- Активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса; не болмаса
- Топ активтен ақша ағымын алу құқығын берсе не болмаса үшінші тарапқа түсетін ақша ағымдарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша ешбір елеулі кідірусіз төлеу бойынша өз мойнына міндеттеме алса; және не болмаса (а) топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы берсе, не болмаса (б) топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы бермей, оларды сақтамаса, бірақ осы активтің бақылауын берсе.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Топ пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық қаржы активтеріне қатысты күтілетін кредиттік зияндар (ККЗ) бағалау резервін мойындайды. ККЗ шартқа сәйкес Топқа тиесілі болатын ақша ағындары мен Топ бұл актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемеге шамамен тең болатын мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған алуды күтіп отырған барлық ақша ағындарының арасындағы айырма ретінде есептеледі. Күтілетін ақша ағындарына ұсталатын қамтамасыз етуді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын кредит сапасын арттырудың басқа тетіктерінен болатын ақша ағындары жатады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

Қаржы активтері (жалғасы)

Қаржы активтерінің құнсыздануы (жалғасы)

ККЗ екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекел айтарлықтай үлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық ККЗ) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін кредиттік зияндарға қатысты залалға бағалау резерві құрылады. Солар бойынша бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралдары үшін кредиттік тәуекел айтарлықтай үлғайған дефолттың орын алу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім үшін ККЗ) осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде күтілетін кредиттік зияндарға қатысты залалға бағалау резерві құрылады.

Сауда және басқа да дебиторлық берешекке қатысты Топ ККЗ-ны есептеу кезінде жеңілдетілген тәсілді қолданады. Тиісінше, Топ кредиттік тәуекелдің өзгерістерін қадағаламайды, ал оның орнына әрбір есепті күнге бүкіл мерзім үшін ККЗ тең сомада залалға бағалау резервін мойындайды. Топ қарыз алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын болжамды факторларды ескере отырып түзетілген кредиттік зияндардың пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйене отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

Егер шартта көзделген төлемдердің мерзімі 90 күнге өтіп кетсе, Топ қаржы активі бойынша дефолт болды деп есептейді. Дегенмен, белгілі бір жағдайларда Топ, егер ішкі немесе сыртқы ақпарат Топ ұстап қалатын кредит сапасын арттыру тетіктерін ескерместен, Топтың шартта көзделген қалған төлемдердің барлық сомасын алатындығына нұсқаса, қаржы активі бойынша дефолт болды деген қорытындыға келе алады. Егер Топтың шартта көзделген ақша ағындарының өтелуіне қатысты негізделген үміттері болмаса, қаржы активі есептен шығарылады.

Жалдау

Шарттың жасалу сәтіне Топ жалдау келісімі жалдау болып табылатындығын не болмаса белгілерін қамтитындығын бағалайды. Өзгеше айтқанда, Топ шарт сәйкестендірілген активті белгілі бір уақыт кезеңінің ішінде өтемақының орнына пайдаланылуын бақылау құқығын беретіндігін айқындайды.

Топ жалға алушы ретінде

Топ, қысқа мерзімді жалдауды және төмен құны бар активтерді жалдауды қоспағанда, барлық жалдау шарттарын мойындауға және бағалауға бірыңғай тәсілді қолданады. Топ жалдау төлемдерінің жасалуына қатысты жалдау міндеттемелерін және пайдалану құқығы нысанындағы активтерді мойындайды, олар базалық активтерді пайдалану құқығын білдіреді.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер

Топ жалдаудың басталу күніне (яғни базалық актив пайдалану үшін қолжетімді болатын күнге) пайдалану құқығы нысанындағы активтерді мойындайды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер, жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауға түзете отырып жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған залалды шегере отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтердің бастапқы құнына жалдау бойынша мойындалған міндеттемелердің көлемі, болған бастапқы тікелей шығындар және жалдаудың басталу күніне немесе жалдау бойынша алынған ынталандырушы төлемдерді шегере отырып жасалған жалдау төлемдері жатады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер келесі кезеңдердің барынша қысқасы бойына желілік әдіспен амортизацияланады: жалдау мерзімі немесе активтердің пайдалы қызмет етуінің болжамды мерзімі.

Егер жалдау мерзімінің соңында жалға алынған активке меншік құқығы Топқа өтетін болса немесе егер активтің бастапқы құны оны сатып алуға арналған опционның орындалуын көрсетсе, актив оның пайдалы қызмет ету мерзімінің бойына амортизацияланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер де құнсыздану мәніне тексеріледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

Жалдау (жалғасы)

Топ жалға алушы ретінде (жалғасы)

Жалдау бойынша міндеттемелер

Жалдаудың басталу күніне Топ жалдау мерзімінің ішінде жүзеге асырылатын жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланатын жалдау міндеттемелерін мойындайды. Жалдау төлемдеріне алынуға жататын жалдау бойынша кез келген ынталандыратын төлемдерді, индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді болатын құбылмалы жалдау төлемдерін және тарату құнының кепілдіктері бойынша төленетін сомаларды шегере отырып белгіленген төлемдер (оның ішінде іс мәні бойынша белгіленген төлемдер) жатады. Жалдау төлемдеріне, егер Топтың бұл опционды орындайтындығына жеткілікті сенімділік болса, сатып алу опционын орындау бағасы және егер жалдау мерзімі Топтың жалдауды тоқтату опционын әлеуетті орындауын көрсететін болса, жалдауды тоқтату үшін айыппұлдарды төлеу жатады. Индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді болмайтын құбылмалы жалдау төлемдері мұндай төлемдердің жүзеге асырылуына әкеп соқтыратын оқиға немесе талап орын алатын кезеңде шығыстар ретінде (олар қорларды өндіру үшін болған жағдайлардан басқа) танылады. Жалдау төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін Топ жалдаудың басталу күніне қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады, өйткені жалдау шартында көзделген пайыздық мөлшерлеме оңай айқындала алмайды. Жалдаудың басталу күнінен кейін жалдау бойынша міндеттемелер көлемі пайыздардың есептелуін көрсету үшін ұлғайтылады және жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін азайтылады. Сонымен қатар, Топ түрлендірілген, жалдау мерзімі өзгерген, жалдау төлемдері өзгерген (мысалға, мұндай төлемдерді айқындау үшін пайдаланылатын индекстің немесе мөлшерлеменің өзгеруімен негізделген келешек төлемдердің өзгеруі) немесе базалық активті сатып алуға арналған опционды бағалау өзгерген жағдайда жалдау міндеттемелерінің баланстық құнын қайта бағалайды. Топ жалдау бойынша міндеттемелерді «Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер» құрамында көрсетеді.

Тауар-материалдық қорлар

Тауар-материалдық қорлар өзіндік құн және ФИФО әдісі бойынша өткізудің таза құны екі өлшемнің ең азы бойынша ескеріледі. Оның құнына қорларды тиісті жерге жеткізумен және оларды ағымдағы күйге келтірумен байланысты әдеттегі қызмет барысында болған барлық шығындар жатады. Шикі мұнайдың және мұнай өнімдерінің құны, орташа өндіріс көлемінің негізінде тозу, таусылу және амортизация шығыстарының және үстеме шығыстардың тиісті бөлігін қоса алғанда, оларды өндірудің өзіндік құны болып табылады. Мұнай мен мұнай өнімдерін өткізудің таза құны, мұндай өткізумен байланысты шығыстарды шегере отырып, өткізудің болжамды бағасына негізделеді.

Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламаларына банк пен кассадағы ақша қаражаты, сондай-ақ бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын қысқа мерзімді депозиттер жатады.

Қаржылық міндеттемелер

Бастапқы тану және бағалау

Қаржылық міндеттемелер бастапқы тану кезінде пайда немесе зиян, кредиттер, қарыздар мен берешек немесе туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда кредиттер мен қарыздар болған жағдайда тікелей солармен байланысты мәміле бойынша шығындарға көбейтілген әділ құны бойынша мойындалады.

Топтың қаржылық міндеттемелеріне сауда және басқа да кредиторлық берешек, кредиттер мен қарыз алулар, сондай-ақ туынды қаржы құралдары кіреді.

Сауда және басқа да кредиторлық берешек

Сауда кредиторлық берешек бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған күн бойынша бағаланады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)

Бастапқы тану және бағалау (жалғасы)

Кредиттер мен қарыздар

Бастапқыда танылғаннан кейін пайыздық кредиттер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар, оларды тануды тоқтатқанда, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы амортизацияның есептелуіне қарай жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы қаржылық шығындар құрамына енгізіледі.

Топтың пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын ретінде бастапқыда мойындалған кезде ол айқындаған қаржылық міндеттемелер жоқ.

Қаржылық кепілдік шарттары

Топ шығарған қаржылық кепілдік шарттары ұстаушы шеккен залалды өтеу үшін төлем жасауды талап ететін шарттарды білдіреді, өйткені аталған борышкер борыштық құралдың талаптарына сәйкес төлемді мерзімінде жасамады. Қаржылық кепілдік шарттары бастапқыда кепілдіктің шығуымен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындарды ескере отырып әділ құны бойынша міндеттеме ретінде танылады. Кейіннен міндеттеме келесі себептердің ең үлкені бойынша бағаланады: 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес есептелген күтілетін кредиттік зияндардың бағалау резерві және егер ондай болса, жинақталған амортизацияны шегере отырып танылған сома.

Таза инвестицияларды хеджирлеу

Туынды құрал немесе туынды емес қаржылық міндеттеме шетелдік бөлімшеге таза инвестицияны хеджирлеу құралы ретінде пайдаланылған кезде, туынды құралдың әділ құнының өзгеруінің тиімді бөлігі немесе туынды емес құралдың бағамдық айырмасынан түсетін кірістер мен залал басқа жиынтық кірістің құрамында шетел валютасын қайта есептеу ретінде танылады. Туынды құралдың әділ құнының өзгеруінің тиімсіз бөлігі немесе туынды емес құралдың бағамдық айырмасынан түсетін кірістер мен залал пайда немесе зиян құрамында танылады. Басқа жиынтық кірістің құрамында танылған сомалар ретроспективті түрде түзету ретінде пайда немесе зиян құрамына толық немесе ішінара қайта жіктеледі.

Резервтер

Резервтер, егер Топтың өткен оқиғалардың нәтижесінде туындаған ағымдағы міндеттемесі (заңды немесе ерікті түрде қабылданған) болса және міндеттемені өтеу үшін экономикалық пайданың кетуі қажет болады, ал мұндай міндеттеменің сомасы сенімді түрде айқындалуы мүмкін екендігінің едәуір ықтималдығы болса, танылады. Егер Топ резервтердің өтемақысын алуды болжаса, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтеу жекелеген актив ретінде тек өтемақының алынуы күмән келтірмеген жағдайда ғана танылады.

Егер ақшаның уақытша құнының әсері елеулі болса, резервтер келешекте күтілетін ақша ағындарын дисконттау арқылы ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және бұл қолданылғанда, нақты міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсететін салық салынғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша айқындалады. Егер дисконттау қолданылса, резервтің ұлғаюы уақыт өтісімен қаржылық шығындар ретінде мойындалады.

Үкіметтің алдындағы міндеттемелер бойынша резервтер

Үкімет Топқа демеушілікпен және қаржыландырумен байланысты түрлі міндеттемелерді жүктейді. Топ басшылығы мұндай міндеттемелер конструктивті болып табылады және Үкіметтің шешімдеріне сәйкес танылуы тиіс деп болжап отыр. Үкімет Топтың түпкі акционері ретінде болатындықтан, мұндай міндеттемелерді орындаумен байланысты шығыстар «акционерлерге басқа да болу» ретінде шоғырландырылған қаржылық есептілікте капитал құрамында танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

Жұмыскерлерге төлемдер

Зейнетақы жоспары

Алдын ала айқындалған зейнетақы жарналары бар зейнетақы бағдарламасы бойынша төлемдер олардың төленуіне қарай шығыстарға жатады. Зейнетақымен қамсыздандырудың мемлекеттік жүйесі бойынша төлемдер Топтың мұндай жоспар бойынша міндеттемелері алдын ала айқындалған зейнетақы жарналары бар зейнетақы бағдарламасы бойынша туындайтын міндеттемелерге тең болғанда, белгіленген жарналары бар зейнетақы жоспарлары ретінде қарастырылады.

Қызметкерлерге ұзақ мерзімді сыйақылар

Топ өз қызметкерлеріне Топ ұйымдары мен өз қызметкерлері арасындағы Ұжымдық шарттарға сәйкес зейнетке шыққанға дейін де және кейін де ұзақ мерзімді сыйақы төлейді. Ұжымдық шарт, атап айтқанда, зейнеткерлікке шыққанда біржолғы жәрдемақы төлеуді, еңбекке жарамсыздық, мерейтой және қаза болу жағдайында қызметкерлерге материалдық көмек көрсетуді және басқасын көздейді. Жәрдемақы алу құқығы әдетте қызметкердің зейнеткерлікке шыққанға дейін жұмысты жалғастырумен байланыстырылады.

Біржолғы жәрдемақыларды төлеу бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу еңбек қызметі аяқталуы бойынша белгіленген төлемдері бар зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіс бойынша қызметкердің еңбек қызметі ішінде жүзеге асырылады. Жыл ішінде туындаған актуарлық пайда мен зиян басқа жиынтық кірістің құрамында көрсетіледі. Осы мақсат үшін актуарлық пайда мен зиян актуарлық болжамдарға өзгерістердің әсерін де, актуарлық болжамдар мен нақты деректер арасындағы айырмаларға байланысты бұрынғы тәжірибенің әсерін де қамтиды. Басқа өзгерістер ағымдағы қызметтер құнын, бұрынғы қызметтер құнын және қадрлар қысқаруын немесе жасалған есеп айырысуларды қоса алғанда ағымдағы кезеңде танылады.

Зейнетақы міндеттемелерін есепке алғанда қолданылған аса елеулі болжамдар – бұл дисконт мөлшерлемесі мен қайтыс болуды болжау. Дисконт мөлшерлемесі болашақ міндеттемелердің таза келтірілген құнын анықтау үшін қолданылады және әр жылы осындай міндеттемелер бойынша дисконт амортизациясы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық шығындар ретінде көрсетіледі. Қайтыс болуды болжау сыйақы төлеудің болашақ ағынын болжамдау үшін қолданылады, ол сонан соң міндеттемелердің таза келтірілген құнын алу үшін шегеріледі.

Біржолғы демалыс жәрдемақылардан басқа, қызметкерлерге сыйақылар қызметкерлерге басқа ұзақ мерзімді сыйақылар ретінде қарастырылады. Осы сыйақылар бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу қызметкердің еңбек қызметі ішінде белгіленген төлемдері бар зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіспен жүзеге асырылады. Қызметкерлерге арналған басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар бойынша актуарлық пайда мен зиян пайда немесе зиян құрамында танылады. Мұндай міндеттемелерді жыл сайынғы негізде тәуелсіз білікті актуарийлер бағалайды.

Түсімді мойындау

Топ үәде етілген тауарды немесе қызметті (яғни активті) сатып алушыға бере отырып, атқару бойынша міндеттемені орындаған кезде (немесе қалайша) түсім мойындалады. Сатып алушы бұл активке бақылауды алғанда (немесе қалай) актив беріледі, бұл әдетте келісімшарттың бағасы белгіленген немесе айқындалатын болып табылуы, ал дебиторлық берешекті алу мүмкіндігі негізделген түрде қамтамасыз етілген деген талаптан меншік құқығын беру кезінде орын алады. Атап айтқанда, шикі мұнай мен газды, сондай-ақ мұнай өнімдері мен басқа да тауарларды ішкі нарықта сатудан түскен кірістер, әдетте, оларға меншік құқығы өткен кезде танылады. Экспортқа сату үшін меншік құқығы, әдетте, ҚР шекарасында өтеді. Түсім кез келген сауда жеңілдіктерінің сомаларын, көлемі үшін жеңілдіктер мен өтелетін салықтарды ескере отырып, алынған немесе алынуға жататын сыйақының әділ құны бойынша бағаланады.

Қосалқы қызметтерді сату қызметтің бағасы айқындалуы мүмкін және кірістердің алынуына қатысты елеулі белгісіздіктің жоқ екендігі талабымен қызметтердің көрсетілу шамасына қарай танылады.

Топ, негізінен, түсімді келесі түрлер бойынша мойындайды:

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

Түсімді мойындау (жалғасы)

Мұнайды және мұнай өнімдерін сату

Мұнайды және мұнай өнімдерін сатудан түскен кірістер тауарларға бақылау сатып алушыға берілгенде және өтемақыны көрсететін сомада бағаланған кезде танылады, соған құқықты Топ мұндай тауарларға немесе қызметтерге айырбас ретінде алуды күтіп отыр.

Тасымалдау бойынша қызметтер көрсету

Тасымалдау қызметтерінен түскен кірістер есепті кезеңде тасымалданған мұнайдың нақты көлемі негізінде қызметтер көрсету кезінде танылады.

Мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өңдеу қызметтерін көрсету

Мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өңдеуден түскен кірістер, егер Топтың экономикалық пайданы алуы ықтимал деп бағаланса және егер түсім төлемнің жасалу уақытына қарамастан сенімді түрде бағалай алынған жағдайда, мойындалады.

Пайыздық кіріс пен шығыс

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын барлық қаржы құралдары бойынша пайыздық кіріс пен пайыздық шығыс тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша көрсетіледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме - осы мөлшерлеме бойынша дисконттау кезінде күтілетін болашақтағы ақшалай төлемдер немесе қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішіндегі немесе өте қысқа уақыт кезеңі ішіндегі түсімдер, олар қолданылатын жерде бұл қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің таза баланстық құнына дәлме-дәл келтіріледі. Пайыздық кіріс қаржылық кірістің құрамына қосылады және пайыздық шығыс жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық шығыс құрамында көрсетіледі.

Шарттық міндеттемелер

Шарттық міндеттеме – Топ сатып алушыдан өтемақыны (немесе өтемақы сомасы күтіледі) алған тауарларды немесе қызметтерді сатып алушыға беру міндеттемесі. Сатып алушы өтемақыны Топ тауарды немесе қызметті сатып алушыға беру сәтіне дейін төлеген жағдайда, Топ шарттық міндеттемені төлемді жүзеге асыру сәтіне немесе төлем төленуге жататын болған сәтте (қайсысының бұрын орын алатындығына қарай) мойындайды. Топ шарт бойынша өз міндеттемелерін орындағанда шарттық міндеттемелер түсіммен мойындалады.

Табыс салығы

Бір жылғы табыс салығына ағымдағы корпоративтік табыс салығы, баламалы үстеме пайда салығы және кейінге қалдырылған салық кіреді. Ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдарына өтеледі немесе төленеді деп болжанатын сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы, – есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңдар. Тікелей капиталда мойындалған баптарға қатысты ағымдағы корпоративтік табыс салығы («КТС») жиынтық кіріс туралы есепте емес, капиталдың құрамында танылады.

Жер қойнауына үстеме салық («ЖҚҮС») табыс салығы ретінде қарастырылады және табыс салығы бойынша шығыстардың бір бөлігін құрады. Қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес Топ жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшартқа қатысты ЖҚҮС-ты жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір бөлек келісімшарт бойынша жиынтық жылдық кірістің бір жылғы аударымдарға ара қатынасының негізінде құбылмалы мөлшерлемелер бойынша есептейді және төлейді. ЖҚҮС-ті қолдануды көздейтін жиынтық жылдық кірістің әрбір салық жылындағы аударымдарға ара қатынасы 1,24:1 құрайды. ЖҚҮС мөлшерлемелері әрбір келісімшартқа қатысты аударымдардың 25% артық жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшартқа қатысты салықтық таза кірістің (ЖҚҮС пен рұқсат етілген баға белгілеулер үшін салық салынатын кіріс) бір бөлігі қолданылады.

Кейінге қалдырылған салық КТС, сол сияқты БҰПС үшін де есептеледі. Кейінге қалдырылған БҰПС келісімшарт бойынша төленуге жататын БҰПС-тің күтілетін мөлшерлемесі бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға жатқызылған активтер үшін уақыт айырмалары бойынша есептеледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (жалғасы)

Табыс салығы (жалғасы)

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың ағымдағы құны арасындағы есепті күнге қаржылық есептілік мақсаттары үшін уақытша айырмаларды айқындау арқылы міндеттемелер әдісі бойынша айқындалады.

Капитал

Бақыланбайтын қатысу үлесі

Бақыланбайтын қатысу үлестері бастапқыда сатып алу күніне сәйкестендірілетін таза активтердің үлесіне пропорционалды етіп танылады.

Бақыланбайтын қатысу үлестері Компанияның акционерлеріне жататын капиталдан бөлек меншікті капиталдың құрамында қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген. Еншілес ұйымның шығындары тіпті егер бұл теріс сальдоға әкеп соқтырған жағдайда да Топ акционерлеріне және бақыланбайтын қатысу үлесіне жатады.

Дивидендтер

Дивидендтер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін жарияланса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шығаруға арналған шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекіткен күнге дейін жарияланса, есептілікте ашып көрсетіледі.

Ақпаратты ұсыну

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп қаржылық кірістерден бөлек тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кірісті, сондай-ақ әкімшілік шығыстардан, қаржылық кірістер мен қаржылық шығыстардан бөлек күтілетін кредиттік зияндарды ұсыну мақсатында қайта қаралды. Топ мұндай бөлу қаржылық есептілікті пайдаланушылар үшін анағұрлым орынды ақпаратты ұсынуға мүмкіндік береді деп санайды.

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау оның басшылығынан есептілікте көрсетілетін түсімдер, шығыстар сомасына, активтерге және міндеттемелерге, сондай-ақ есепті күнге шартты міндеттемелер туралы ақпаратты ашуға әсер ететін бағалау мәндерін және болжауларды пайымдау мен анықтау енгізуді талап етеді. Алайда осы болжаулар мен бағалау мәндеріне қатысты айқынсыздық келешекте осындай болжаулар мен бағалау қолданылатын активтер мен міндеттемелердің ағымдағы құнын елеулі түзетуді талап етуі мүмкін.

Құнсыздану тестісін жүргізу кезінде қабылданған жорамалдар

Топ ұзақ мерзімді активтердің құнсыздану белгілерінің болуын бағалауды және құнсыздану белгілері анықталған активтердің құнсыздану тестін жүргізді.

Топтың Brent маркалы мұнайға болжамды бағаларға, теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамы мен инфляцияның көрсеткіштеріне қатысты ұзақ мерзімді жорамалдары қайта қаралды және сыртқы дерек көздерінен алынған болжамдарға және ұзақ мерзімді парықтық үміттерді болжайтын тәуелсіз зерттеу ұйымдарының бағалауларына негізделген. Өндіріс көлемдерінің есептеулері еншілес ұйымның дәлелденген әзірленген және әзірленбеген қорларына, сондай-ақ елеулі бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар үшін дәлелденген және ықтимал қорларына негізделген. Өндіру кезеңі жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының қолданылу мерзімінің аяқталу күнімен не болмаса Топтың лицензияның қолданылу мерзімін ұзартуға иеті болғанда, лицензияның қолданылу мерзімін ұзарту кезеңімен айқындалады. Өндірістің бағаланған көлемі Топтың өндірістік жоспарларына негізделген, олар, негізінен, жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының қолданылу мерзімін ұзартуға арналған өтінімдерді беру үшін пайдаланылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

Құнсыздану тестісін жүргізу кезінде қабылданған жорамалдар (жалғасы)

Дисконттау мөлшерлемелері ақша ағындарын жасайтын бөлек бірлік капиталының орташа алынған құнының негізінде есептелді және функционалдық валютаға, өндіріс кезеңіне, тәуекел үшін сыйлықақыға, бета коэффициентке және ақша ағындарын жасайтын тиісті бірліктің меншікті және қарызға алынған қаражатының ара қатынасына қарай 11,22%-дан бастап 16,42%-ға дейін құбылып отырды.

Ұзақ мерзімді баға жорамалдары Bloomberg consensus, сондай-ақ қысқа мерзімді жорамалдың негізінде қабылданды, әрі солар бойынша бағалар 2024 жылға нақты көрсеткіштерде төменде көрсетілген:

	2025	2026	2027	2028	2029
Brent маркалы мұнай (ICE Brent $/баррель)	73,25	71,00	73,00	72,00	72,30

2024 жылы *«Мұнай мен газды барлау және өндіру»* сегментінде құнсыздану бойынша шығыстар 57.100 миллион теңгені құрады, олар негізінен 53.197 миллион теңге мөлшерінде Жаңаөзен қаласындағы теңіз суын тұщыландыру зауытының және жеткізуші инфрақұрылымның құнсыздануына жатады *(14-ескертпе)*.

2024 жылы *«Корпоративтік орталық»* сегментінде құнсыздану бойынша шығыстар 40.678 миллион теңгені құрады, олар негізінен 17.703 миллион теңге мөлшерінде «Абай» жобасы бойынша барлау және бағалау жөніндегі активтерге жатады *(14-ескертпе)*.

2024 жылы «Басқасы» сегментінде құнсыздану бойынша шығыстарды қалпына келтіру 11.609 миллион теңгені құрады, бұл негізінен ӨККҚБ құнсыздануынан бұрын танылған шығынды ӨККҚБ-ны пайдалану құнының оның баланстық құнынан 16.189 миллион теңге мөлшерінде асып кету сомасына қалпына келтіруге жатады *(14-ескертпе)*.

2023 жылы *«Мұнай мен газды барлау және өндіру»* сегментінде құнсыздану бойынша шығыстар 107.725 миллион теңгені құрады, олар негізінен 74.255 миллион теңге мөлшерінде «Ақтоты және Қайран» жобасы бойынша барлау және бағалау жөніндегі активтерге жатады *(14-ескертпе)*.

2023 жылы *«Корпоративтік орталық»* сегментінде құнсыздану бойынша шығыстар 40.337 миллион теңгені құрады, олар негізінен 40.244 миллион теңге мөлшерінде «Жеңіс» жобасы бойынша барлау және бағалау жөніндегі активтерге жатады *(14-ескертпе)*.

2023 жылы *«Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу»* сегментінде құнсыздану шығыстары 97.854 миллион теңге болды. Құнсыздану шығыстары, негізінен, 97.636 миллион теңге мөлшерінде АҚГБ КМГИ-ге жатады *(14-ескертпе)*.

Көптеген мұнай және мұнайды қайта өңдейтін активтердің өтелетін құнының баланстық құнынан асуы бағалардың өзгеруіне немесе басқа да жорамалдарға сезімтал келеді. Келесі қаржы кезеңдерінің ішінде болған өзгерістер бұл активтердің өтелетін құны олардың ағымдағы баланстық құнынан асып түсуіне немесе төмен болып қалуына әкеп соқтыра алады және тиісінше, сол кезеңде құнсызданудың қалпына келу немесе есептелу тәуекелі бар.

Мұнай және газ қорлары

Мұнай мен газдың қорларын бағалау тозу, ескіру және амортизация бойынша Топтың есеп айырысуында маңызды фактор болып табылады. Топ Қоғамның мұнай-газ инженерлерінің әдістемесіне сәйкес өзінің мұнай мен газ қорларын бағалайды. Мұнай-газ инженерлері қоғамының әдістемесі бойынша қорларды бағалау кезінде Топ ұзақ мерзімді жоспарлы бағаларды пайдаланады. Дәлелденген қорларды бағалау үшін жоспарлы бағаларды пайдалану жыл соңына спот бағаларды пайдалануға тән тұрақсыздықтың ықпалын жояды. Басшылық ұзақ мерзімді жоспарлы бағалар бойынша жорамалдар өндіру қызметінің ұзақ мерзімді сипатына көбірек сәйкес келеді және мұнай мен газдың қорларын бағалау үшін барынша лайықты негізді білдіреді деп есептейді.

Қорлардың барлық бағалаулары кейбір белгісіздік дәрежесін білдіреді. Белгісіздік негізінен мұндай деректерді бағалау және түсіндіру сәтіне қолжетімді болатын геологиялық және инженерлік деректердің көлеміне тәуелді болады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

Мұнай және газ қорлары (жалғасы)

Салыстырмалы түрдегі белгісіздік деңгейі қорларды екі негізгі санаттың біріне: дәлелденген немесе дәлелденбеген қорларға жатқызу арқылы көрсетілуі мүмкін. Дәлелденген қорларды өндіруде дәлелденбеген қорлармен салыстырғанда үлкен айқындылық бар және дәлелденген қорлар оларды өндіру мүмкіндігіне қатысты белгісіздіктің прогрессивті өсуін белгілеу үшін әзірленген және әзірленбеген қорларға бөлінуі мүмкін.

Жыл сайын бағалаулар талданып, түзетіліп отырады. Түзетулер қолдағы геологиялық деректерді, өндіру туралы өнеркәсіптік параметрлерді немесе деректерді бағалау немесе қайта бағалау; жаңа деректердің; немесе бағалар бойынша жорамалдардағы өзгерістердің салдарынан туындайды. Қорларды бағалау сондай-ақ кері әрекетті арттыру үшін жобалардың қолданылуы, пласт өнімділігіндегі өзгерістердің немесе әзірлеу стратегиясындағы өзгерістердің салдарынан қайта қаралуы мүмкін. Дәлелденген әзірленген қорлар тозуды, тауысылуды және амортизацияны есептеу үшін орындалған жұмыс көлеміне тепе-тең етіп амортизация мөлшерлемелерін есептеу үшін пайдаланылады. Тон бастапқы лицензиялық кезең ішінде өндірілетін болады деп күтілетін ретінде осындай көлемді ғана дәлелденген қорларға қосты. Бұл ұзарту бойынша рәсім нәтижесіне жатқызылатын айқындылықтың болмауынан пайда болды, өйткені лицензияларды ұзарту ең соңында Үкіметтің қарауы бойынша жүзеге асырылады. Топтың лицензиялық кезеңдерін ұзарту және қорлардың көрсетілген қорларын тиісінше ұлғайту, әдетте, тозу бойынша негұрлым төменгі шығысқа әкеледі және кірістерге біршама әсер етуі мүмкін. Дәлелденген әзірленген қорлардың кемуі тозуға, тауысылуға және амортизацияға арналған ақша аудырымдарының ұлғаюына (тұрақты өндіру деңгейінде), кірістің азаюына әкеліп соқтырады және сондай-ақ мүліктің ағымдағы құнының тікелей азаюына әкеліп соқтыра алады. Салыстырмалы түрде пайдаланылатын кен орындарының саны болған кезде өткен жылмен салыстырғанда қорларды бағалауға кез келген өзгерістер тозуға, ескіруге және амортизацияға аударымдарға біршама әсер етуі мүмкіндігі болады.

Құнсыздану тестісінің жыл сайынғы нәтижелері туралы толық ақпарат *14-ескертпеде* ашып көрсетілген.

Мұнай-газ активтерінің, мұнайды қайта өңдейтін және басқа активтердің өтелетіндігі

Топ активтерді немесе ақша қаражатын жасайтын активтер тобын («жасайтын бірлік») оңға немесе жағдаяттардағы өзгерістер олардың құны өтелмейтіндігін куәландырған жағдайларда индикаторлардың болуын айқындау үшін бағалайды. Егер мұндай индикатор бар болып шықса, өткізу шығыстарын және пайдалану құнын шегере отырып әділ құнынан барынша жоғары мән ретінде қарастырылатын өтелетін құнның лайықты бағалануы жүргізіледі. Бұл есептемелер мұнайдың ұзақ мерзімді бағасы, дисконт мөлшерлемелері, болашақтағы капитал қажеттілігі, тәуекел мен белгісіздікке ұшыраған операциялық қызмет (бұл өндіру және сату көлемдерін қамтиды) сияқты бағалаулар мен жол берулерді пайдалануды қамтиды. Егер активтің немесе активтер тобының баланстық құны олардың өтелетін құнынан асатын болса, актив немесе активтер тобы құнсызданған болып есептеледі, олардың баланстық құны өтелетін құнға дейін азаяды. Өтелетін құнды бағалау кезінде келешекте күтілетін ақша ағындары активтер тобына тән болатын тәуекелдерге түзетіледі және ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағалауын және активке тән тәуекелдерді көрсететін дисконттау мөлшерлемесі бойынша келтірілген құнға дейін дисконталады. Әділ құн активті және/немесе әкелуші бірлікті нарықтық талаптарда мәлім және мұндай мәмілені жасауға дайын тараптардың арасында сатудан түсуі мүмкін сома ретінде айқындалады және компанияға тән болуы мүмкін және жалпы қолданылмайтын факторлардың әсерін ескермейді.

Гудвилді қоса алғанда, КМГИ АҚГБ

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топ гудвилдің және КМГИ бөлімшелерінің құнсыздануына, оның ішінде мұнай өнімдерін өткізу, қайта өңдеу және құнсыздану индикаторларының болуына орай басқа активтер бойынша тест өткізді. КМГИ АҚГБ құнсыздануына жасалған талдау туралы барынша егжей-тегжейлі ақпарат *14-ескертпеде* баяндалған.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

Мұнай-газ активтерінің, мұнайды қайта өңдейтін және басқа активтердің өтелетіндігі (жалғасы)

Гудвилді қоса алғанда, ПМХЗ

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың ПМХЗ-ды сатып алуымен байланысты 88.553 миллион теңге мөлшерінде гудвилі бар *(18-ескертпе)*. 2024 және 2023 жылдардың желтоқсанында Топ ПМХЗ гудвиліне жыл сайынғы тестілеуді өткізді. Өтелетін құнды бағалау кезінде маркетингтік схеманы қолдану арқылы анықталған сату шығындарын шегергендегі ПМХЗ-ның әділ құны есептелді. Құнсыздану индикаторларын талдау кезінде Топ шикі мұнайды қайта өңдеу көлемдерінің болжамын, мұнайды қайта өңдеу тарифтерін, күрделі шығындарды және басқа да факторларды ескерді. ПМХЗ өтелетін құнды дисконталған ақша ағындарының үлгісін пайдалана отырып есептеді. 2024 жылы 14,12% (2023: 16,02%) дисконттау мөлшерлемесі салықтарға дейін капиталдың орташа алынған құнының негізінде есептелді. Ажырамайтын тәуекел жеке бета-факторды қолдану арқылы қосылды. Бета-фактор ортақ қолжетімді нарықтық деректердің негізінде бағаланды. 2032 жылға дейінгі болжамды ақша ағындары басшылықтың ықтимал операциялық және күрделі шығындар бойынша ағымдағы бағалауын болжайтын, ПМХЗ-дың 2025-2029 жылдарға (2023: 2024-2028 жылдар) бес жылдық бизнес-жоспарына негізделген. 2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша шығындарды шегере отырып әділ құны негізінде есептелген ПМХЗ гудвилінің өтелетін құны оның баланстық құнынан көп болды, тиісінше, құнсыздану танылмады.

Болжамдардағы өзгерістерге сезімталдық

ПМХЗ гудвилінің өтелетін құнын бағалау нәтижелері негізгі жорамалдарды, атап айтқанда, дисконттау мөлшерлемесін өзгертумен, сондай-ақ терминалдық кезеңде жоспарланған EBITDA мәндерін өзгертумен байланысты жол берулерді өзгертуге сезімтал болып табылады. Дисконттау мөлшерлемесінің 1,0%-дан 15,12%-ға дейін артуы (2023: 17,02%) және EBITDA жоспарланған мәнінің терминалды кезеңде 1%-ға төмендеуі ПМХЗ жасайтын бірліктің өтелетін құнының оның баланстық құнына дейін азаюына әкеп соқтырмайды.

Басқа да АҚГБ

Топтың шикізат тауарларына бағаларды қайта қарау және басқа да жорамалдар *«Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу»* АҚГБ басқа сегменттерінде құнсыздану шығыстарының пайда болуына әкеп соқтырмады.

Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер

Мұнай-газ активтері

Белгілі бір келісім-шарттардың талаптары бойынша заңнамаға және нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес Топтың негізгі құралдарды қайта монтаждау және жою және кез келген кен орындарындағы жер учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемелері болады. Атап айтқанда, Топтың міндеттемелеріне барлық өндірістік емес ұңғымаларды біртіндеп жабу және құбырларды, ғимараттарды қайта монтаждау және келісімшарттық аумақты рекультивациялау сияқты қызметті түпкілікті тоқтату, сондай-ақ әрбір өндірістік учаскеде қоршаған ортаны ластау бойынша пайдаланудан шығару әрекеттері жатады. Лицензияның қолданылу мерзімі Топтың қарауы бойынша ұзартылмайтындықтан, түпкілікті жабу бойынша кен орнындағы міндеттемелерді өтеудің есеп мерзімі әрбір лицензиялық кезең аяқталған күн болып табылады. Ұңғымаларды жоюды қаржыландыру бойынша Топтың міндеттемелерінің және түпкілікті жабу бойынша шығыстардың көлемі тиісті келісімшарттардың және қолданыстағы заңнаманың талаптарына байланысты.

Міндеттемелер лицензиялық кезең соңында түпкілікті жою және түпкілікті жабу бойынша мұндай шығыстарды қаржыландыру бойынша келісімшарт та, заңнама да белгілі бір міндеттемені түсіндірмеген сол жағдайларда танылмайды. Мұндай шешімді қабылдау кейбір айқындылықтың болмауымен және біршама пайымдаулармен түсіндіріледі. Басшылықтың мұндай міндеттемелердің болуына немесе болмауына қатысты бағасы Үкіметтің саясаты мен тәжірибесіндегі немесе жергілікті салалық тәжірибеге өзгерістермен бірге өзгеруі мүмкін.

Топ активтердің істен шығуы бойынша міндеттемелерді әрбір келісімшарт бойынша бөлек есептейді. Міндеттемелердің сомасы инфляцияның күтілетін деңгейіне түзетілген және қазақстандық нарыққа тән тәуекелдерге түзетілген өтпелі экономикамен елдің мемлекеттік борышы бойынша орташа ұзақ мерзімді тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконталған міндеттемелерді өтеу үшін күтілетін, талап етілетін ретіндегі бағаланған шығындардың ағымдағы құны болып табылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер (жалғасы)

Мұнай-газ активтері (жалғасы)

Активтердің істен шығуы бойынша міндеттеме әрбір есепті күнге қайта қаралады және *«Негізгі құралдардың объектісін пайдаланудан шығару, олар орналасқан учаскедегі табиғи ресурстарды қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге және өзге де осыған ұқсас міндеттемелерге өзгерістер»* 1 КИМСФО түсіндірмеге сәйкес ең үздік бағаны көрсету үшін түзетіледі.

Активтерді жабуға және есептен шығаруға болашақтағы шығындарды бағалау кезінде мәнді бағалар мен басшылық жасаған пайымдаулар пайдаланылды. Бұл міндеттемелердің көпшілігі алыс болашаққа жатқызылады және заңнама талаптарындағы түсініксіздіктен басқа, Топтың бағасына активтерді жою технологиясындағы, шығындардағы және салалық тәжірибедегі өзгерістер әсер етуі мүмкін. Топ ағымдағы жылдың бағасын және ұзақ мерзімді инфляция деңгейінің орташа мәнін пайдалана отырып, ұңғымаларды болашақ жою құнын бағалайды.

Ұзақ мерзімді инфляция және Топ кәсіпорындары бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп бойынша міндеттемелерді айқындау үшін пайдаланылған дисконттау мөлшерлемелері 2024 жылғы 31 желтоқсанда 2,24%-дан 8,60%-ға дейін және тиісінше 6,85%-дан 12,15%-ға дейінгі аралықта болды (2023 жылғы 31 желтоқсан: 2,03%-дан 14,54%-ға дейін және 6,20%-дан 11,37%-ға дейін). 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың мұнай-газ активтерін жою міндеттемесіне резервтің баланстық құны 142.009 миллион теңгені құрады (2023 жылғы 31 желтоқсанға: 123.785 миллион теңге) *(29- ескертпе)*.

Магистральдық мұнай құбырлары мен газ құбырлары

2012 жылғы 4 шілдеде күшіне енген *«Магистральдық құбыр туралы»* ҚР Заңына сәйкес, «ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі - ҚТО) пайдалануды аяқтағаннан кейін магистральдық құбырды жою және кейіннен қоршаған ортаны қалпына келтіру, соның ішінде жерді қайта өңдеу бойынша шаралар жүргізу бойынша заңды міндеттемесі бар. Мұнай құбырларын жою және топырақ құнарлығын қалпына келтіру бойынша міндеттеменің резерві Топ есептеген қайта монтаждау және топырақ құнарлығын қалпына келтіру жұмыстарының құны негізінде бағаланады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құбырларды жою және топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру бойынша міндеттемеге резервтің теңгерімдік құнын 37.405 миллион теңге құрады (2023 жылғы 31 желтоқсанға: 45.649 миллион теңге) *(29-ескертпе)*.

Экологиялық оңалту

Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнама даму үдерісінде, сондықтан да тұрақты өзгерістерге ұшырады. 2021 жылғы 1 шілдеден бастап заңды күшіне енген ҚР Экологиялық кодексіне түзетулерге сәйкес Басшылық Топтың қаржылық жағдайына және қызметінің нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ықтимал міндеттемелер бар деп санайды.

Топ өзгерістерге талдау жүргізді және активтердің шығуына және жерді қалпына келтіруге байланысты қосымша әлеуетті міндеттемелердің сомасын бағалады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ резервінің баланстық құны 41.778 миллион теңгені құрады, бұл болашақ ақша ағындарының келтірілген құнына тең (2023 жылғы 31 желтоқсанға: 39.271 миллион теңге) *(29 және 35-ескертпелер)*.

Топ жағдайды қадағалап отыруды жалғастырады және жаңа фактілер мен мән-жайларды, сондай-ақ ҚР Экологиялық кодексін қолдануға қатысты мемлекеттік орган ұсынған кез келген түсініктемелерді ескеретін болады.

Топ бағалау да жасайды және экологиялық тазарту жұмыстары мен оңалтуға міндеттемелер бойынша резервтер қалыптастыру бойынша пайымдау шығарады. Қоршаған ортаны қорғауға шығындар капиталдандырылады немесе олардың болашақ экономикалық пайдасына қарай шығыстарға жатқызылады. Өткен қызметте пайда болған қазіргі жағдайға жатқызылатын және болашақ экономикалық пайдасы жоқ шығындар шығыстарға жатқызылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)

Экологиялық оңалту (жалғасы)

Міндеттемелер шығындар туралы ағымдағы ақпараттың және топырақ құнарлығын қалпына келтіру бойынша күтілетін жоспарлардың негізінде айқындалып, дисконтталған негізде ескеріледі. Топтың экологиялық оңалту резерві Топ қолданыстағы қазақстандық және еуропалық нормативтік базалардың талаптарын сақтауға қажетті күтілетін шығындарды тәуелсіз бағалауға негізделген басшылықтың үздік бағасын білдіреді. Топ бұл міндеттемені, 2025 жылдың жылдық бюджетін қоспағанда, ұзақ мерзімді ретінде жіктеді. Экологиялық оңалту жөніндегі резервтерге қатысты іс жүзіндегі шығындар заңнамадағы және нормативтік-құқықтық актілердегі өзгерістер салдарынан бағалардан, қоғамдық күтулерден, тазарту технологияларындағы ауытқулар мен өзгерістерді анықтау мен талдаудан ерекшеленуі мүмкін. Экологиялық оңалтудағы міндеттемелер бойынша резервтегі өзгерістер *29-ескертпеде* ашылып көрсетілген.

Қызметкерлерге сыйақылар

Зейнеткерлікке шыққанға дейін және одан кейін қызметкерлерге сыйақылар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелердің құны және келтірілген міндеттемелер құны актуарлық әдіс қолданылып белгіленеді. Актуарлық әдіс келешекте нақты нәтижелерден айырмашылығы болуы мүмкін түрлі болжамдарды қолдануды білдіреді. Актуарлық әдіс шегеру мөлшерлемелері, келешекте жалақының өсімі, өлім-жітім деңгейі және келешекте қызметкерлерге сыйақылар өсімі туралы болжамдарды қамтиды.

Негізгі болжамдарды бағалаудың күрделілігіне және жұмыскерлердің еңбек қызметін аяқтауы бойынша олардың сыйақылары бойынша міндеттемелердің ұзақ мерзімді сипатына орай мұндай міндеттемелер осындай болжамдардың өзгерістеріне аса сезімтал келеді. Барлық болжамдар әрбір есепті күнге қайта қаралады.

Салық салу

Салық тәуекелдерін бағалау кезінде, басшылық Топ даулай алмайтын немесе есептей алмайтын салық заңнамасын сақтамауды мүмкін болатын саласы ретінде қарайды, ол егер қосымша салықтар салық органдарында есептелінетін болса табысты түрде шағымдана алады. Мұндай анықтау мәнді пайымдауларды шығаруды талап етеді және салық заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілердегі өзгерістер, жер қойнауын пайдалануға Топтың келісім-шарттарында салық салу талабына түзету, салық талқылауларынан өзі күтетін шешімдер бойынша күтілетін нәтижелерді және сәйкестікті тексеруге салық органдары жүзеге асыратын нәтиженің негізінде анықтау нәтижесінде өзгеруі мүмкін. Табыс салығынан басқа, басқа да салықтар бойынша резервтер *29-ескертпеде* ашылып көрсетілген салықтар бойынша резервтердің құрамына кіреді. Табыс салығынан басқа, басқа да салықтар бойынша шарттың міндеттемелер *35-ескертпеде* ашылып көрсетіледі. Табыс салығы бойынша резервтер мен шартты міндеттемелер құрамына кіреді және табыс салығы бойынша міндеттемелер немесе шартты міндеттемелер ретінде ашылып көрсетіледі *(32 және 35-ескертпелер)*.

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімі

Топ әрбір қаржы жылының соңында жылына кем дегенде бір рет негізгі құралдардың қалған пайдалы қызмет ету мерзімін бағалайды, егер күту өткен бағалаудан ерекшеленген жағдайда, өзгерістер *«Есеп саясаты, есеп бағаларындағы өзгерістер және қателер»* 8 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес есеп бағалауларындағы өзгерістер ретінде перспективті ескеріледі.

Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылған қаржы құралдарының және қаржылық міндеттемелердің әділ құны осы активті нарықтар негізінде анықталмайтын жағдайларда, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін пайдалана отырып, анықталады. Мүмкіндігіне қарай осы модельдер үшін бастапқы деректер ретінде алайда, бұл іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда, бақылаушы нарықтардан түсетін ақпарат пайдаланылады, әділ құнды белгілеу үшін пікірдің белгілі бір үлесі талап етіледі. Пікірлер өтімділік тәуекелі, кредиттік тәуекел және өзгермелілік сияқты осындай бастапқы деректерді есепке алынуын қамтиды. Осы факторларға қатысты болжамдарға өзгерістер шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарында көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына ықпал етуі мүмкін. Егжей-тегжейі *34-ескертпеде* ашылған.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

5. БАҚЫЛАУДАН АЙЫРЫЛУ

Karaton Operating Ltd. ЖК (бұдан әрі – Каратон)

2024 жылғы 21 ақпанда Компания мен «Татнефть» ЖАҚ Атырау облысында орналасқан Каратон жер қойнауы учаскелерінде көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарттың ұстаушысы болып табылатын Компанияның еншілес ұйымы «Каратон»-ның жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 50%-ын сатып алу-сату шартына қол қойды. 2024 жылғы 21 ақпандағы мәміленің нәтижесінде Топ Каратонды бақылауын жоғалтты.

Каратондағы қатысу үлесінің 50%-ын сату құны 18,2 миллион АҚШ долларын құрады (еншілес ұйымның шығу күніне баламасы 8.255 миллион теңге).

2024 жылғы 13 наурызда «Татнефть» ЖАҚ 18,2 миллион АҚШ доллары мөлшерінде (төлем жасау күніне баламасы 8.188 миллион теңге) ақпалай сыйақыны төледі.

Бұрынғы еншілес компанияда қалған инвестиция үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін бірлескен кәсіпорынға инвестицияны білдіреді және бақылаудан айырылу күніне оның әділ құны 8.255 миллион теңгені құрайды.

Компания мен «Татнефть» ЖАҚ Каратонды бірлесіп бақылайды, Каратонның қызметі туралы шешімдер бірауыздан қабылданады.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап бақылауды жоғалту күніне дейінгі кезеңдегі Каратонның таза ақпа ағындары келесідей болды:

Миллион теңгемен

Инвестициялық	(118)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза азаюы	**(118)**

Бақылаудан айырылу күніне Каратонның таза активтері былайша болды:

Миллион теңгемен

Активтер	
Барлау және бағалау бойынша активтер *(17-ескертпе)*	291
Негізгі құралдар *(16-ескертпе)*	28
Басқа да активтер	21
Ақша қаражаты мен оның баламалары	178
Активтер жиыны	**518**
Міндеттемелер	
Сауда кредиторлық берешек	5
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	413
Міндеттемелер жиыны	**418**
Есептен шығару тобымен тікелей байланысты таза активтер	**100**
Еншілес ұйымның шығу күніне алынған ақшалай сыйақы	8.255
Бірлескен кәсіпорынға салынған қалған инвестициялардың 50% әділ құны *(21-ескертпе)**	8.255
Еншілес ұйымның шығуынан түскен кіріс	**16.410**

* *Топ Каратонның сәйкестендірілетін таза активтерінің әділ құнындағы тиісті үлестегі бірлескен кәсіпорынға инвестицияның 50%-ын мойындады.*

Каратон қызметі *«Мұнай мен газды барлау және өндіру»* сегментінде көрсетілген.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

5. БАҚЫЛАУДАН АЙЫРЫЛУ (жалғасы)

«KALAMKAS-KHAZAR OPERATING» ЖШС (бұдан әрі – ККО)

2023 жылғы 9 ақпанда Компания мен «Лукойл» ЖАҚ Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан Қаламқас-теңіз, Хазар және Әуезов жер қойнауы учаскелерінде көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшарттың ұстаушысы болып табылатын Компанияның еншілес ұйымы ККО-ның жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 50%-ын сатып алу-сату шартына қол қойды. 2023 жылғы 11 қыркүйекте тараптар сатып алу-сату шартында көзделген кейінге қалдыру талаптарын орындағаннан кейін ККО-ны қайта тіркеу жүргізілді. Мәміленің нәтижесінде Топ ККО бақылауын жоғалтты.

Қатысу үлесінің 50%-ын сату құны 200 миллион АҚШ долларын құрады (еншілес ұйымның шығу күніне баламасы 93.258 миллион теңге). Сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес сату құны белгілі бір талаптар орындалған жағдайда 100 миллион АҚШ долларына түзетілуі мүмкін (бұдан әрі – Қосымша сыйақы). Топ бұл Қосымша сыйақыны 29 миллион АҚШ доллары (баламасы 14.154 миллион теңге) мөлшерінде пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активі ретінде қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтерінің құрамында таныды. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қосымша сыйақының әділ құны 33 миллион АҚШ долларын құрады (баламасы 17.461 миллион теңге) (2023 жылғы 31 желтоқсан: 30 миллион АҚШ доллары, баламасы 13.860 миллион теңге).

2023 жылғы 21 қыркүйекте «Лукойл» ЖАҚ 200 миллион АҚШ доллары мөлшерінде (төлем жасау күніне баламасы 94.644 миллион теңге) ақпалай сыйақыны төледі.

Кейінге қалдырылған салық бойынша таза міндеттемелер	**710.764**	**(4.060)**	**634.427**	**1.341.131**		495.634	(9.794)	571.270	1.057.110	
Кейінге қалдырылған салық бойынша шығыстар					**109.599**					65.811

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

32. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (жалғасы)

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы мен үстеме пайдаға салынатын салық жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшартқа қатысты айқындалады. Кейінге қалдырылған табыс салығы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың көлеміне кірмейтін қызмет түрлері үшін айқындалады. Болашақта салық салу табыстың болу мүмкіндігі бар дәрежеде ғана және оған қарсы қолданылатын кейінге қалдырылған салық активі құрылады. Кейінге қалдырылған салық активтерінің азаюы мүмкін, егер олармен байланысты салық жеңілдіктері жүзеге асырылса. 2024 жылғы 31 желтоқсанға танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері негізінен 583.520 миллион теңге (2023 жылғы 31 желтоқсанға: 551.341 миллион теңге) сомасындағы ауыстырылған салық залалына жатады.

2024 және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚР ауыстырылған салық залалы салық салу мақсаттары үшін туындаған сәттен бастап он жылдың ішінде өтеді.

Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелердегі / (активтердегі) өзгерістер былайша берілген:

	2024 жыл				2023 жыл (қайта есептелген)			
Миллион теңгемен	Корпоративтік табыс салығы	Жер қойнауын пайдалануға баламалы салық	Төлем көзінен ұсталатын салық	Жиыны	Корпоративтік табыс салығы	Жер қойнауын пайдалануға баламалы салық	Төлем көзінен ұсталатын салық	Жиыны
1 қаңтарға кейінге қалдырылған міндеттеме сальдосы, нетто	**495.634**	**(9.794)**	**571.270**	**1.057.110**	341.068	597	615.747	957.412
Есептілік валютасын қайта есептеу	**83.737**	**–**	**90.711**	**174.448**	(4.091)	–	(11.101)	(15.192)
Бір жылғы пайда немесе зиян құрамында көрсетілген салық залалы/(кіріс)	**131.419**	**5.734**	**(27.554)**	**109.599**	109.578	(10.391)	(33.376)	65.811
Басқа да жиынтық кірістің құрамында көрсетілген жылғы салық залалы	**(26)**	**–**	**–**	**(26)**	327	–	–	327
Кәсіпорындарды біріктіру кезіндегі түсімдер *(6-ескертпе)*	**–**	**–**	**–**	**–**	48.752	–	–	48.752
31 желтоқсанға кейінге қалдырылған міндеттеме сальдосы	**710.764**	**(4.060)**	**634.427**	**1.341.131**	495.634	(9.794)	571.270	1.057.110

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

33. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ

Байланысты тараптармен мәмілелердің талаптары

Байланысты тараптармен мәмілелер тарифтердің негізінде ұсынылған кейбір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарықтық мөлшерлемелерге міндетті түрде сәйкес келмейтін тараптардың арасында келісілген талаптарда жүзеге асырылды. Кезең соңына өтелмеген қалдықтар негізінен қамтамасыз етілмеген және пайызсыз болып табылады, солар бойынша есеп айырысулар қолма-қол ақшамен жасалады. Топ байланысты тараптардан берешек бойынша КҚЗ резервтерін үшінші тараптардың алдындағы берешек бойынша КҚЗ айқындау үшін қолданылатын КҚЗ қағидаттары мен саясатына сәйкес мойындайды.

Есеп айырысулар бойынша қалдықтар

Келесі кестеде 2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша байланысты тараптармен есеп айырысулар бойынша қалдықтардың жалпы сомалары көрсетілген:

Миллион теңгемен	31 желтоқсан	Байланысты тараптардың берешегі*	Байланысты тараптарға берешек*	Байланысты тараптардың ақшасы мен шоттарындағы депозиттер	Байланысты тараптардан алынған қарыздар бойынша берешек	Байланысты тараптардың қаржы активтері мен қарыздары бойынша берешек
Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар	**2024 жылғы**	**57.787**	**2.716**	**56.849**	**688.622**	**54.489**
	2023 жылғы	43.080	4.392	5.911	453.333	50.665
Қауымдасқан компаниялар	**2024 жылғы**	**18.314**	**13.650**	**–**	**–**	**–**
	2023 жылғы	8.681	2.962	–	–	–
Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар	**2024 жылғы**	**2.611**	**3.407**	**–**	**65.999**	**38.329**
	2023 жылғы	3.188	1.419	–	80.992	43.709
Бірлескен кәсіпорындар	**2024 жылғы**	**32.014**	**162.787**	**–**	**–**	**106.338**
	2023 жылғы	68.413	235.725	–	–	104.706

* *Сомалар негізінен «Сауда дебиторлық берешек» және «Сауда кредиторлық берешек» ретінде жіктеледі*

Байланысты тараптардың/байланысты тараптарға берешегі

Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар

2024 жылы Компания Самұрық-Қазынаға баланстық құны 13.503 миллион теңге болатын инвестициялық жылжымайтын мүлікті сатты. Сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес сату бағасы 2027 жылғы маусымға дейін төлемді кейінге қалдыра отырып, 22.872 миллион теңгені құрады. Әділ құн болып табылатын өткізу бағасы мен Самұрық-Қазына берешегінің 8.741 миллион теңге мөлшеріндегі номиналды құны арасындағы айырма осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте қаржылық шығыстар ретінде көрсетілген *(15-ескертпе)*.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптардың берешегі, негізінен, «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ-ның, Самұрық-Қазынаның еншілес ұйымы, 26.027 миллион теңге сомасына мұнай өнімдерін сатып алуға арналған дебиторлық берешегімен білдірілген (2023 жылғы 31 желтоқсан: 30.793 миллион теңге).

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша КМГ Кашаган Б.В. Акцияларының 50%-ын кері сатып алу құқығы бойынша опционды орындағаны үшін Самұрық-Қазына алдындағы берешек 364 миллион долларға (төлем жасау күнгі бағам бойынша баламасы 163.770 миллион теңге) толық өтелді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

33. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ (жалғасы)

Байланысты тараптардың/байланысты тараптарға берешегі (жалғасы)

Бірлескен кәсіпорындар

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, бірлескен кәсіпорындар алдындағы берешек, негізінен, ТШО-ға 143.651 миллион теңге (2023 жылғы 31 желтоқсан: 181.831 миллион теңге) сомаға шикі мұнай үшін кредиторлық берешекпен білдірілген.

Байланысты тараптардың ақшасы мен шоттарындағы депозиттер

Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың 56.849 миллион теңге жалпы сомаға (2023 жылғы 31 желтоқсан: 5.911 миллион теңге) «Қазпошта» АҚ, Самұрық-Қазына еншілес ұйымының шоттарында теңгемен және доллармен ақшалай қаражат құрамында ағымдағы шоттары мен мерзімді салымдары бар.

Байланысты тараптардан алынған қарыздар бойынша берешек

Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптардан алынған қарыздар бойынша берешек негізінен Компания 2022 жылы шығарған және Самұрық-Қазына сатып алған 642.749 миллион теңге сомасына облигациялармен білдірілген (2023 жылғы 31 желтоқсан: 392.158 миллион теңге) *(27-ескертпе)*.

Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптарға төленуге жататын қарыздар негізінен ҚДБ-дан АМӨЗ 43.892 миллион теңге жалпы сомаға алған қарыздармен білдірілген (2023 жылғы 31 желтоқсанда: ҚДБ-дан АМӨЗ және ПМХЗ 80.992 миллион теңге жалпы сомаға алған қарыздар) *(27-ескертпе)*.

Байланысты тараптарға берілген қаржы активтері мен қарыздары бойынша берешек

Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы активтері және байланысты тараптарға берілген қарыздар бойынша берешек негізінен ККЗ резервін шегергенде, Самұрық-Қазына шығарған 22.461 миллион теңге сомасындағы облигациялармен білдірілген (2023 жылғы 31 желтоқсан: 20.963 миллион теңге).

Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар

2024 жылдың ішінде Топ ҚР ҮБ қысқа мерзімді ноттарын 13,71% сыйақы мөлшерлемесімен 308.147 миллион теңге жалпы сомаға сатып алды, сондай-ақ 2023 және 2024 жылдары Топ 302.600 миллион теңге сомаға сатып алған ҚР ҮБ қысқа мерзімді ноттарды эмитент кері сатып алды.

2023 жылдың ішінде Топ ҚР ҮБ қысқа мерзімді ноттарын 15,96% сыйақы мөлшерлемесімен 451.598 миллион теңге жалпы сомаға сатып алды, сондай-ақ 2022 және 2023 жылдары Компания 425.263 миллион теңге сомаға сатып алған ҚР ҮБ қысқа мерзімді ноттарды эмитент кері сатып алды.

Бірлескен кәсіпорындар

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы активтері және байланысты тараптарға берілген қарыздар бойынша берешек негізінен Ural Group Limited, "KALAMKAS-KHAZAR OPERATING" ЖШС және "Kazakhstan Petrochemical Industries Inc." ЖШС 94.732 миллион теңге жалпы сомаға берген қарыздармен білдірілген (2023 жылғы 31 желтоқсан: 73.990 миллион теңге).

2024 жыл ішінде Топ байланысты тараптарға 67.980 миллион теңге сомасына қарыз берді және байланысты тараптардан қарызды өтеу ретінде 45.023 миллион теңге алды (2023 жыл: тиісінше 44.672 миллион теңге және 35.963 миллион теңге).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

33. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ (жалғасы)

Мәмілелер бойынша айналымдар

Мына кестеде байланысты тараптармен 2023 және 2024 жылдардың ішінде жасалған мәмілелердің жалпы сомасы келтіріледі:

Миллион теңгемен		Байланысты тараптарға сату*	Байланысты тараптардан сатып алу*	Байланысты тараптардан түскен сыйақы	Байланысты тараптарға берілген сыйақы
Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар	**2024 жыл**	**169.073**	**90.515**	**68.847**	**80.315**
	2023 жыл	158.392	33.705	4.058	39.795
Қауымдасқан компаниялар	**2024 жыл**	**43.888**	**84.599**	**154**	**–**
	2023 жыл	12.742	81.497	194	–
Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар	**2024 жыл**	**1.329**	**49.934**	**7.458**	**10.773**
	2023 жыл	346	31.349	5.421	12.475
Бірлескен кәсіпорындар	**2024 жыл**	**410.418**	**1.744.984**	**13.534**	**6.324**
	2023 жыл	439.502	1.709.923	17.540	–

* *Сомалар негізінен «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім», «Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың өзіндік құны», «Өндірістік шығыстар», «Тасымалдау және сату шығыстары» және «Жалпы және әкімшілік шығыстар» ретінде жіктеледі*

Байланысты тараптарға сату / байланысты тараптардан сатып алу

Бірлескен кәсіпорындар

2024 жылы бірлескен кәсіпорындарға сату, негізінен, ТШО-ға 21.138 миллион теңге (2023 жыл: 22.613 миллион теңге) сомада көлік-жүк қызмет көрсетумен, ММГ-ге 67.770 миллион теңге және тиісінше 113.330 миллион теңге сомаға (2023 жыл: 67.755 миллион теңге және тиісінше 137.855 миллион теңге) сомаға көрсетілген мұнайды тасымалдау және қызмет көрсету қызметтерімен білдірілген.

2024 жылы бірлескен кәсіпорындардан сатып алулар, негізінен, ТШО-дан 1.703.581 миллион теңге сомаға (2023 жыл: 1.602.095 миллион теңге) шикі мұнайды сатып алумен байланысты болды.

Негізгі басқарушы персоналға төленетін сыйақы

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдардағы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте жалпы және әкімшілік шығыстарға қосылған негізгі басқарушы персоналға (Директорлар кеңесі мен Топ Басқармасының мүшелері) тиесілі жалпы сыйақы сомасы тиісінше 7.568 миллион теңгені және 7.769 миллион теңгені құрайды. Негізгі басқарушы персоналға тиесілі сыйақы келісімшарттарда белгіленген жалақы бойынша шығыстардан және қызметтің нәтижелері бойынша сыйлықақылардан тұрады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

34. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ

Топтың негізгі қаржы құралдарына алынған және берілген қарыздар, қаржылық кепілдіктер, ақша қаражаты мен оның баламалары, банк салымдары, сондай-ақ дебиторлық және кредиторлық берешек жатады. Топтың қаржы құралдары бойынша туындайтын негізгі тәуекелдер пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелі, валюталық тәуекел және кредиттік тәуекел болып табылады. Сондай-ақ Топ оның барлық қаржы құралдары бойынша туындайтын нарықтық тәуекелді және өтімділік тәуекелін қадағалап отырады.

Нарықтық тәуекел

Топтың негізгі қаржы құралдарына негізінен қарыздар, ақша қаражаты, ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді банк салымдары, дебиторлық берешек, кредиторлық берешек және басқа да қаржы активтері мен міндеттемелері кіреді. Топ конъюнктураның қолайсыз өзгеруінің нәтижесінде туындауы мүмкін әлеуетті залалды мерзімді бағалау арқылы, сондай-ақ рентабельділікке және кепілмен қамсыздандыруға тиісті талаптарды орнату жолымен нарық конъюнктурасының тәуекелдерін басқарады. Келесі бөлімдердегі сезімталдылық талдауы 2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша келтірілген.

Валюталық тәуекел

АҚШ долларында көрсетілген қарыздардың едәуір сомалары мен кредиторлық берешектің нәтижесінде Топтың қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есебіне АҚШ долларының теңгеге қатысты айырбастау бағамдарындағы өзгерістер айтарлықтай ықпалын тигізе алады. Топ сондай-ақ шетел валютасындағы мәмілелер бойынша тәуекелге ұшырағыш. Мұндай тәуекел АҚШ долларындағы кірістер бойынша туындайды. Топта АҚШ долларында білдірілген қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерді салыстырумен байланысты АҚШ долларында валюталық тәуекелді басқару саясаты бар. Мына кестеде Топ пайдасының салық салынғанға дейінгі АҚШ долларының айырбастау бағамындағы ықтимал өзгерістерге (активтер мен міндеттемелердің ақша ағындарындағы өзгерістердің салдарынан), барлық қалған өлшемдер тұрақты шама ретінде қабылданған жағдай талабымен сезімталдығы көрсетілген. Басқа валюта бағамдарының құбылуы Топ қызметінің шоғырландырылған нәтижелері үшін олардың маңызды еместігіне орай қаралмайды.

Миллион теңгемен	АҚШ долларының айырбастау бағамының ұлғаюы / азаюы	Салық салынғанға дейін пайдаға әсері
2024 жыл	**+9%**	**(100.651)**
	(7%)	**81.317**
2023 жыл		
	+14%	(224.731)
	(14%)	224.731

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруімен байланысты тәуекел нарықтағы пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі нәтижесінде қаржы құралы құнының ауытқу тәуекелін білдіреді. Топтың нарықтық пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекеліне ұшырағыштығы негізінен Топтың құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар ұзақ мерзімді қарыздарына жатады. Топ саясатында қарыздар бойынша тіркелген және ауыспалы пайыздық мөлшерлемелерді пайдалану арқылы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін басқару көзделген.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

34. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

Нарықтық тәуекел (жалғасы)

Пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелі (жалғасы)

Келесі кестеде Топтың салық салынғанға дейінгі пайдасының (құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздардың болуы салдарынан) пайыздық мөлшерлемедегі ықтимал өзгерістерге деген сезімталдығының талдауы келтірілген, бұл ретте барлық басқа параметрлер тұрақты өлшемдермен қабылданған. Топтың капиталына айтарлықтай әсер ету жоқ.

Миллион теңгемен	Базистік тармақтардағы ұлғаю/ азаю	Салық салынғанға дейін пайдаға әсері
2024 жыл		
SOFR	**+4,50**	**(25.680)**
	+0,39	**(2.226)**
2023 жыл		
SOFR	+3,97	(19.982)
	-3,97	19.982

Кредиттік тәуекел

Топ мәмілелерді тек белгілі және кредитті өтеуге қабілетті тараптармен жасайды. Топ саясатына сәйкес, коммерциялық кредит шартына қарай саудалық операцияларын жасауды қалайтын барлық клиенттер, кредиттік тексеру рәсімінен өтуге жатады. Сондай-ақ, Топқа берешекті қайтармау тәуекелін төмендетуде сенімділікті қамтамасыз ету үшін осындай сатып алушының дебиторлық берешегі үздіксіз мониторингке жатады. Тәуекелдің ең көп мөлшері *23-ескертпеде* ашылып көрсетілгендей ағымдағы құн болып табылады. Топта кредиттік тәуекелдің маңызды шоғырлануы жоқ.

Ақша қаражаты мен оның баламалары, банк салымдары, байланысты тараптардан қарыздар мен дебиторлық берешек және басқа да қаржы активтері кіретін Топтың басқа да қаржы активтерімен байланысты кредиттік тәуекелге қатысты Топ тәуекелі контрагенттің дефолт болуы мүмкіндігімен байланысты, бұл ретте ең жоғары тәуекел осы құралдардың ағымдағы құнына тең болады.

Келесі кестеде Топтың «Fitch» кредиттік рейтингтердің белгілерін пайдалана отырып, не олар болмағанда, «S&P» және «Moody's» рейтингтердегі баламаларын пайдалана отырып 2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша банктердегі ақша қаражаты, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді депозиттері бойынша профиль тәуекелі көрсетілген.

	31 желтоқсанға	
	2024 жыл	2023 жыл
«AA-»-дан «A+»-ке дейін	**18%**	19%
«A»-дан «A-»-ке дейін	**65%**	58%
«BBB+»-тен «BBB-»-ке дейін	**11%**	18%
«BB+»-тен «BB-»-ке дейін	**6%**	5%
«B+»-тен «B-»-ке дейін	**–**	–

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі Топ өзінің қаржылық міндеттемелерін орындау үшін қаражат тартқан кезде қиындықтарға кездесуі мүмкіндігіне байланысты. Өтімділік тәуекелі қаржы активін оның әділ құнына жақын болатын құн бойынша шұғыл түрде өткізе алмауының нәтижесінде туындауы мүмкін.

Өтімділікке қойылатын талаптар ұдайы бақыланады және басшылық міндеттемелерді олардың туындауына қарай орындау үшін жеткілікті көлемде қаражаттың болуын қадағалайды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

34. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

Өтімділік тәуекелі (жалғасы)

Келесі кестеде 2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың қаржылық міндеттемелері бойынша осы міндеттемелерді өтеу мерзімі бөлігінде шарттық дисконтталмаған төлемдер туралы ақпарат берілген.

Миллион теңгемен	1 айдан артық емес	1 айдан артық, бірақ 3 айдан артық емес	3 айдан артық, бірақ 1 жылдан артық емес	1 жылдан астам, бірақ 5 жылдан артық емес	5 жылдан астам*	Жиыны
2024 жылғы 31 желтоқсанға						
Қарыздар*	**8.311**	**4.279**	**508.247**	**1.760.405**	**5.449.825**	**7.731.067**
Сауда кредиторлық берешек	**208.205**	**226.758**	**163.824**	**–**	**–**	**598.787**
Қаржылық кепілдіктер**	**–**	**59**	**32.269**	**14.991**	**–**	**47.319**
Жалдау бойынша берешек	**2.788**	**4.488**	**19.195**	**56.149**	**102.326**	**184.946**
Басқа да қаржылық міндеттемелер	**63.206**	**44.567**	**77.932**	**8.990**	**–**	**194.695**
	282.510	**280.151**	**801.467**	**1.840.535**	**5.552.151**	**8.756.814**
2023 жылғы 31 желтоқсанға						
Қарыздар*	38.896	1.329	503.846	1.413.755	4.738.778	6.696.604
Сауда кредиторлық берешек	122.306	340.634	200.991	–	–	663.931
Қаржылық кепілдіктер**	–	64	–	46.555	–	46.619
Жалдау бойынша берешек	2.124	1.964	15.679	49.777	89.424	158.968
Басқа да қаржылық міндеттемелер	71.323	24.605	69.792	20.067	–	185.787
	234.649	**368.596**	**790.308**	**1.530.154**	**4.828.202**	**7.751.909**

* *Топ дисконтталмаған төлемдерден өтеу мерзімдерінің белгісіздігіне орай, бірлескен қаржыландыру туралы келісімдерге сәйкес жобалар бойынша серіктестерге өтелуі тиіс қарыздар бойынша берешекті алып тастайды. 2024 жылғы 31 желтоқсанға серіктестердің алдындағы қарыздар бойынша берешек 31.926 миллион теңгені құрады (2023 жылғы 31 желтоқсан: 57.656 миллион теңге).*

** *Топ қаржылық кепілдіктерді өтімділік кестесіне қосады, алайда, қаржылық кепілдіктер бойынша ақша ағындары белгілі бір оқиғаларға байланысты болады. Қаржылық кепілдік – бұл шарт, соған сай эмитент құралды ұстаушыға белгілі бір борышкердің төлемді борыштық құралдың бастапқы немесе қайта қаралған талаптарына сәйкес жасауға қабілетті болмай қалуына орай шеккен шығынды өтеу мақсатында белгілі бір төлемдерді жасауға міндетті. 2024 және 2023 жылдары елеулі қаржылық кепілдіктерді пайдалану жағдайлары болған жоқ.*

Капиталды басқару

Топтың капиталды басқаруға қатысты негізгі мақсаты акционерлік құнды барынша көбейту болып табылады. Берешек пен капиталдың балансын оңтайландыру арқылы мүдделі тараптар үшін кірістерді барынша ұлғайта отырып үздіксіз қызмет қағидатын қолдау үшін Топ өз капиталын басқарады.

Компания күрделі инвестициялар жоспарын жасау үшін капитал құрылымын жасауға және инвестициялық деңгейдің кредиттік рейтингісін бүкіл цикл бойына қолдап отыруға ұмтылады. Қаржылық икемділікті қолдау индустрияның циклді болуына қарсы тұру үшін және органикалық әрі бейорганикалық инвестициялық шешімдерді жүзеге асыру үшін стратегиялық маңызды болып табылады. Компанияның күрделі шығындарды, жаңа жобаларды және қарыз алуларды келісудің кеңейтілген ішкі процесі бар.

Топ капиталын басқару мақсатында Топ капиталының құрылымы берешектен тұрады, оған қарыздар *(27-ескертпе)*, минус ақша қаражаты мен оның баламалары *(25-ескертпе)*, қысқа мерзімді банк депозиттері *(20-ескертпе)* мен шығарылған капитал кіретін капитал, қосымша төленген капитал, басқа да резервтер мен бөлінбеген пайда жатады *(26-ескертпе)*.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

34. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

Капиталды басқару (жалғасы)

Топ басшылығы капитал құрылымын үнемі талдап отырады. Бұл талдаудың бір бөлігі ретінде басшылық капиталдың құнын және капиталдың әр класымен байланысты тәуекелдерді қарастырады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін капиталды басқару, өзгесінен басқа, капиталдың құрылымына қатысты талаптарды айқындайтын пайыздық кредиттер мен қарыздар бойынша барлық шарттық талаптардың орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. 2024 және 2023 жылдардың 31желтоқсанындағы жағдай бойынша пайыздық кредиттер мен қарыздар бойынша шарттық талаптар бұзылған жоқ *(27-ескертпе)*.

Миллион теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелгені)
Қарыздар	**3.967.401**	3.757.094
Минусы: ақша қаражаты мен оның баламалары, қысқа мерзімді банк депозиттері	**2.730.267**	2.047.885
Таза берешек	**1.237.134**	1.709.209
Капитал	**11.924.284**	10.396.614
Капитал және таза берешек	**13.161.418**	12.105.823

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған кезеңдер ішінде капиталды басқару стратегиясы, мақсаты, саясаты мен процедуралары өзгермеді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

34. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

Қаржы құралдарының әділ құны

Төменде 2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың белгілі бір қаржы құралдарының баланстық және әділ құны туралы ақпарат берілген:

	2024 жылғы 31 желтоқсан					2023 жылғы 31 желтоқсан				
		Бағалау деңгейлері бойынша әділ құны					Бағалау деңгейлері бойынша әділ құны			
Миллион теңгемен	Ағымдағы құны	Әділ құны	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Ағымдағы құны	Әділ құны	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
Самұрық-Қазынадан алынатын облигациялар	**32.479**	**27.650**	**–**	**27.650**	**–**	20.963	16.797	–	16.797	–
ҚР ҰБ ноттары	**38.329**	**38.329**	**–**	**38.329**	**–**	43.708	43.708	–	43.708	–
Пайда мен зиян арқылы әділ құны бойынша байланысты тараптардың қарыздары мен дебиторлық берешегі	**93.743**	**93.743**	**–**	**–**	**93.743**	99.901	99.901	–	–	99.901
Амортизацияланған құны бойынша байланысты тараптарға берілген қарыздар	**34.445**	**36.700**	**–**	**21.838**	**14.862**	48.299	48.502	–	–	48.502
Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздар	**3.396.818**	**3.238.502**	**2.406.715**	**831.787**	**–**	3.253.754	3.051.997	2.452.370	599.627	–
Құбылмалы сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздар	**570.583**	**570.656**	**–**	**570.656**	**–**	503.340	503.340	–	503.340	–

Барлық басқа қаржы құралдары үшін баланстық құн шамамен әділ құнға тең.

Самұрық-Қазынадан алынуға жататын облигациялардың әділ құны және басқа да борыштық құралдар нарықтық пайыздық мөлшерлемелер бойынша күтілетін келешек ақша ағындарын дисконттау арқылы есептелген.

Соларға қатысты әділ құны танылатын немесе ашылып көрсетілетін барлық қаржы құралдары жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі деректердің негізінде әділ құн иерархиясында былайша жіктеледі:

- 1-деңгей - ұқсас келетін активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтарда бағасы белгіленетін (түзетілмеген) нарықтық бағалар;
- 2-деңгей – солар үшін әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер тікелей немесе жанама байқалатын бағалау әдістері;
- 3-деңгей – солар үшін әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер байқалмайтын бағалау әдістері.

Есепті кезең ішінде 1-деңгей мен 2-деңгей арасында ешқандай аударымдар болған жоқ, сондай-ақ 3-деңгейге немесе одан ауысулар жасалған жоқ.

Әділ құны бойынша тұрақты негізде танылатын активтер мен міндеттемелер үшін, Топ оларды әрбір есепті кезеңнің соңына санаттар бойынша қайта бағалау арқылы (жалпы әділ құны бойынша бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі кіріс деректерінің негізінде) иерархияның деңгейлері арасында аудару болғанын айқындайды. Жыл ішінде Топты бағалау процестерінде, бағалау әдістері мен әділ құнды бағалау кезінде қолданылатын бастапқы деректердің типтерінде ешқандай өзгерістер болған жоқ.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

34. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)

Төменде әділ құн иерархиясының 3-ші деңгейіне жатқызылған әділ құнды бағалау үшін пайдаланылатын елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер көрсетілген:

	Үлестік бағалау әдісі	Айтарлықтай бақыланбайтын бастапқы деректер	31 желтоқсанға диапазон 2024 жыл	2023 жыл
Амортизацияланған құны бойынша байланысты тараптарға берілген қарыздар	Ақша ағындарын дисконттау әдісі	Дисконттау мөлшерлемесі мен пайыздық мөлшерлеме	**12,20%-7,90%**	7,30-18,5%
Шығарылған қаржылық кепілдіктер			**7,6%**	7,8%

35. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Операциялық орта

Қазақстанда экономикалық реформа және құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылым жалғасуда, ол нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін еді. Болашақтағы Қазақстан экономикасының тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ экономика, қаржы және ақша-кредит саясатының саласында Үкімет қабылдайтын шаралардың тиімділігіне байланысты болады.

Тауарларға арналған бағалардың өзгеру тәуекелі

Топ кірістерінің үлкен бөлігі тауарларды, негізінен, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін сатудан жинақталады. Ертеден осы өнімдерге баға тұрақты болмаған және сұраныс пен ұсыныстағы өзгерістерге, нарықтық тұрлаусыздыққа, әлемдік және өңірлік экономика қызметіне және индустриялардағы циклдікке қатысты біршама озгерді. Баға тарифтер және импорттық баждар салу, биржалық алыпсатарлық, мүмкіндікті арттыруды немесе Топтың өнімдерін негізгі нарықтарға артық жабдықтауды қоса алғанда, Үкімет әрекетінің әсеріне де бейімделген. Осындай сыртқы факторлар мен нарықтардағы өзгерістер келешек бағалардың бағалануын айтарлықтай қиындатады. Тауарларға бағалардың біршама немесе созылмалы төмендеуі Топтың қызметіне, қаржылық нәтижелерге және операциялардан болған ақша ағындарына елеулі түрде және теріс әсер етуі мүмкін. Топ, негізінен, тауарларға бағалардың өзгеру тәуекеліне ұшырағыштығын хеджирлемейді.

Салық салу

Қазақстан Республикасының салық заңнамасы мен нормативтік базасы тұрақты өзгерістерге ұшырағыш келеді және түрлі талқылауларға жол береді. Жергілікті, аймақтық және республикалық салық органдарының арасында пікір қайшылықтары туындайтын жағдайлар да аз емес. Қазақстандық салық заңнамасын анықталған және расталған бұзушылықтары үшін қолданыстағы айыппұлдар мен өсімпұлдар режимі өз қатаңдығымен ерекшеленеді. Айыппұлдық ықпалшараға 1,25-ке көбейтілген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен белгіленген, қайта қаржыландырылған мөлшерлемесі бойынша есептелген өсімпұл мен қосымша есептелген салық сомасынан 80% көлемінде болатын айыппұлдар кіреді. Нәтижесінде, айыппұл мен өсімпұл сомалары есептелуге жататын салық сомаларынан бірнеше есе артық болуы мүмкін. Салық кезеңдері салықтық тексеру жүргізілетін жылдың алдындағы күнтізбелік бес жыл ішінде салық органдары тексеру үшін ашық болып қалады.

Басшылық 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша оның тиісті заңнаманы түсіндіруі және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көзделген немесе осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте өзгеше түрде ашылған жағдайларды қоспағанда, Топтың салық позициялары расталу ықтималдығы бар деп санайды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

35. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Трансферттік баға белгілеу бойынша бақылау

Қазақстанда трансферттік баға белгілеу бойынша бақылау кең спектрге ие және байланысты мәмілелер тарапы болып табыла ма немесе жоқ па екеніне қарамастан, халықаралық мәмілелермен тікелей немесе жанама байланысты көптеген операцияларда қолданылады. *«Трансферттік баға белгілеу туралы заң»* (бұдан әрі - Заң) операцияларға қолданылатын барлық салықтар үшін талап етіледі, қол ұшын беру қағидаты бойынша белгіленген нарықтық бағалар негізінде есептеліледі. Қазақстанда бұл Заң 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді. Заң анық белгіленген болып табылмайды және оның кейбір ережелері аз қолданылу тәжірибесіне ие. Сонымен қатар, Заң оны операциялардың алуан түрлеріне қолдану бойынша егжей-тегжейлі нұсқаулықтарды бермейді, соның нәтижесінде салық органдарының позициясы Топ позициясынан ерекшеленуі мүмкін екендігінің тәуекелі бар, бұл қосымша салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдар сомаларына әкеп соқтыра алады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басшылық трансферттік баға белгілеу бойынша қолданылатын заңнамада оны түсіндіру сәйкестендірілген болып табылады және Топтың трансферттік баға белгілеу жөніндегі ұстанымы расталады деген ықтималдық бар деп санайды.

Топтың мұнай өңдеу зауыттарында кешенді салықтық тексерулер

Топтың барлық үш ірі мұнай өңдеу зауыты, АМӨЗ, ПМХЗ және ПКОП 2020-2022 жылдары бірнеше жыл ішінде (2020 жылға дейін) кешенді салықтық тексеруден өтті. Тексеру нәтижелері бойынша ҚҚС бойынша қосымша есептеулердің жалпы сомасы 37.728 миллион теңгені, КТС бойынша 17.830 миллион теңгені, өзге салықтар бойынша 476 миллион теңгені, барлық қосымша есептеулер бойынша өсімпұлдарды қоса алғанда 8.959 миллион теңгені, сондай-ақ өтелетін шығындарды азайту сомасы 119.871 миллион теңгені құрады.

АМӨЗ, ПМХЗ және ПКОП тексеру нәтижелерімен келіспеді және оларға мемлекет белгілеген тәртіппен шағымданды. Зауыттардың апелляциясы ҚР Қаржы министрлігінің қарауында.

ПКОП салықтар мен өсімпұлдар бойынша қосымша есептеулер сомасы бөлігінде хабарламалардың біріне 3.694 миллион теңге көлемінде шағымданды. Алайда, 2024 жылғы 15 ақпанда Жоғарғы соттың Азаматтық істер жөніндегі алқасы 2021 жылғы 15 қарашада Шымкент қаласы сотының Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының ПКОП пайдасына қабылдаған шешімінің күшін жойды.

2024 жыл ішінде ПКОП тарапынан Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының шешіміне Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына шағымдану жөнінде шаралар қабылданды. Алайда, іс жүргізу мүмкіндігінің болмауына байланысты өтініштерді қараудан бас тартылды. Тиісінше, ПКОП резерві мойындады және 3.694 миллион теңге көлемінде салық пен өсімпұл төледі. Дегенмен, Топ қабылданған шешімге шағымдану жұмысын жалғастыруда.

2020 жылдан 2024 жылға дейінгі кезең үшін қосылған құн салығы (ҚҚС) бойынша қосымша есептеулердің әлеуетті сомасы ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген айыппұлдар мен өсімпұлдардың әлеуетті соманарын есепке алмағанда, ҚҚС мөлшерлемесін 12% мөлшерінде беруші өтейтін акциздің сомасына көбейту жолымен есептелуге жатады.

Акциз сомасын есептеу ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 6 сәуірдегі №173 (2021 жылғы 25 қарашадағы №841 ҚРҮҚ және 2022 жылғы 24 наурыздағы №155 ҚРҮҚ сәйкес өзгертулермен) қаулысымен белгіленген акциз мөлшерлемесін (1 тоннасы үшін (теңгемен)) бір жыл үшін берушілерге берілген мұнай өнімдерінің (бензин және дизель отыны) көлеміне қолдану жолымен жүргізіледі. 2020-2024 жылдары берушілерге берілген мұнай өнімдерінің көлемі 28.788 мың тоннаны құрады, оның ішінде 14.352 мың тонна бензин және 14.436 мың тонна дизель отыны. Бұл ретте, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 4 сәуірге дейін (2022 жылғы 5 сәуірден бастап 2022 жылғы 24 наурыздағы №155 ҚРҮҚ сәйкес өзгерістер күшіне енді) берілген мұнай өнімдерінің көлемі 978 мың тонна бензин мен 030 мың тонна дизель отынын құрады.

Заңды іс жүргізу және шағымдар

КМГИ-де азаматтық қараушылық

Faber Invest & Trade Inc. (бұдан әрі – Faber), КМГИ еншілес компанияларында бақыланбайтын қатысу үлестерінің иесі, 2020 жылы бірнеше алдыңғы азаматтық істер бойынша істердің қаралуын жаңғыртты, солардың бірі КМГИ еншілес компаниясы Rompetrol Rafinare Constanta-ның жарғылық капиталының 2003-2005 жылдары ұлғаюын даулады. Тыңдаулар мерзімді негізде өткізілді. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Faber-тің барлық талаптары қабылданбады және іс жабылды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

35. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Заңды іс жүргізу және шағымдар (жалғасы)

Ұлттық минералды ресурстар агенттігінің (NAMR) және Focsani кен орны бойынша КМГИ еншілес ұйымы Oilfield Exploration Business Solutions S. A (OEBS) азаматтық құқықтық дауы

2019 жылғы 17 желтоқсанда NAMR OEBS-ке Focsani кен орнына қатысты OEBS-тің Концессиялық келісімді болжамды бұзуына байланысты ICQ Paris-ке төрелік сұрау туралы хабарлады. Осы сәттен бастап OEBS NAMR-мен дауласады. 2022 жылғы 29 шілдеде сот OEBS-ке NAMR-дің 20 миллион АҚШ доллары сомадағы жалпы шағымынан 10,1 миллион АҚШ долларын төлеуге міндеттеу туралы шешім қабылдады. 2022 жылы Топ 10,1 миллион АҚШ доллары (баламасы 4.673 миллион теңге) резервті таныды.

2024 жылғы 23 мамырда сот OEBS берген апелляцияны қабылдамады және OEBS-ке 10,1 миллион АҚШ долларын төлеуге міндеттеді. OEBS NAMR-ға және Румынияның фискалдық органдарына 2026 жылға дейін соманы біртіндеп төлеуді ұсынды. Нәтижесінде, OEBS соманы келесідей төлеуге рұқсат алды: Міндеттемелер сомасының 30%-ын NAMR төлеуі тиіс, ал 70%-ы Румынияның салық органдары алдындағы қарызды қайта құрылымдау жоспарына сәйкес төленуі тиіс.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша OEBS 30% тікелей NAMR-ға төледі, қалған 70% қайта құрылымдау жоспарына енгізіліп, 2026 жылға дейін төленеді. Сондай-ақ, Топ бұрын танылған резервті басқа қаржылық міндеттемелердің құрамына қайта жіктеді *(29 және 30-ескертпелер)*.

Молдовадағы бәсекелестікті тергеу

2021 жылдың басынан бастап Молдовадағы КМГИ еншілес ұйымы Rompetrol Moldova (бұдан әрі - RPM) Молдова бәсекелестік кеңесі (бұдан әрі - МБК) бастамашылық еткен тергеуге және соған байланысты сот ісін жүргізуге тартылды. МБК RPM басқа сала мұшелерімен мұнай өнімдерінің бөлшек сауда бағасы туралы келіссөздер жүргізді деп санайды. RPM қолданыстағы ережелерге сәйкес бекіту үшін негіз болып табылатын МБК тергеу бөлімі дайындаған бәсекелестік туралы есепті даулайды. Аталған есепті қабылдамаудың бірнеше әрекеті сәтсіз аяқталды және есепті қабылдамау туралы RPM өтінішін қабылдамау туралы соңғы шешімді жергілікті сот 2022 жылдың 26 мамырында шығарды. RPM апелляциялық шағым түсірді және алғашқы тыңдау 2023 жылғы 21 наурызға жоспарланған. 2022 жылы Топ 12 миллион АҚШ доллары (баламасы 5.552 миллион теңге) резервті таныды. 2023 жылдың ішінде RPM апелляциялық шағым түсірді және алғашқы сот отырысы 2023 жылғы 4 қазанға белгіленді, алайда сот шағымды қабылдамады. Апелляциялық шағым 2024 жылғы 24 қаңтарда қайта берілді. Істің алғашқы тыңдалуы 2024 жылғы 16 қазанға тағайындалды. Алайда, 2024 жылғы 3 шілдеде МБК RPM кінәлі деп танылғанын мәлімдеді. 2024 жылғы 1 тамызда RPM айыппұлға қарсы шағым түсіріп, негізгі іс шешілгенге дейін төлемді кейінге қалдыруды сұрады. 2024 жылғы 26 тамызда сот айыппұл төлемін сот талқылауы шешілгенге дейін тоқтата тұру туралы шешім шығарды. МБК апелляциялық шағым түсірді және сот 2024 жылғы 9 желтоқсанда осы іс бойынша соттың түпкілікті шешімі қабылданғанға дейін төлемді кейінге қалдыру туралы апелляцияны қабылдамады.

«КазРосГаз» ЖШС, Компанияның бірлескен кәсіпорны, (бұдан әрі - КРГ) мен Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б. В. (бұдан әрі - КПО) арасындағы төрелік талқылау

2022 жылғы 23 тамызда Париждегі Халықаралық сауда палатасының Хатшылығы КРГ атына Қарашығанақ мұнай – газ конденсаты кен орнының мердігерлік учаскесінің өнімдерін бөлу туралы 1997 жылғы 27 қаңтардағы түпкілікті Келісімнің (бұдан әрі - ӨБТК) шеңберінде оператор болып табылатын КПО тарапынан төрелік талқылаудың басталғаны туралы хабарламаны ұсынды. КПО қолданыстағы қарашығанақ газын сатып алу-сату шарты бойынша газ сату бағасын ұлғайтуға ниетті. Егер газдың бағасы 2022 жылғы 1 қазаннан кешірек келісілсе, КРГ және КПО газ бағасын 2022 жылғы 1 қазаннан бастап бағаны келісу күніне дейінгі кезеңге қайта есептеуді жүргізеді.

2022 жылдың қазан айында ҚР энергетика бірінші вице-министрінің төрағалығымен КРГ мен КПО арасындағы төрелік процесс бойынша дауды бейбіт жолмен реттеуге қатысты қазақстандық тараптың келіссөздік ұстанымын әзірлеу бойынша жұмыс тобы құрылды. Жұмыс тобының құрамына ҚР Энергетика министрлігінің, «QazaqGaz» ҰК» АҚ, ҚМГ және КРГ өкілдері кірді.

2023 жылғы тамызда Трибунал төрелік талқылаудың Процедуралық кестесін (бұдан әрі – Төрелік кестесі) бекітті, оған сәйкес соңғы тыңдау 2024 жылғы 18 қарашадан бастап аптаға, ал трибуналдың шешім қабылдау мерзімі 2025 жылғы наурыздың соңына дейін тағайындалды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

35. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Жер қойнауын пайдалануға лицензиялар мен келісімшарттар бойынша міндеттемелер

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияның міндеттемелеріндегі үлесін қоса алғанда, Топтың лицензиялардың, өнімді бөлу туралы келісімдер мен Үкіметпен жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың талаптарына сәйкес ең аз жұмыс бағдарламаларын орындауға қатысты келесі міндеттемелері (ҚҚС сомасын ескерместен) болды:

Миллион теңгемен	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды қоса алғанда, күрделі шығындар	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың күрделі шығындары	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды қоса алғанда, операциялық шығыстар	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың операциялық шығыстары
Жыл				
2025	**360.885**	**33.962**	**83.986**	**57.911**
2026	**229.843**	**14.581**	**52.601**	**12.821**
2027	**144.476**	**10.771**	**19.501**	**13.309**
2028	**152.571**	**10.794**	**19.958**	**13.946**
2029-2049	**175.134**	**9.334**	**42.089**	**14.544**
Жиыны	**1.062.909**	**79.442**	**218.135**	**112.531**

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ең аз жұмыс бағдарламаларын орындауға қатысты келесі міндеттемелері (ҚҚС сомасын ескерместен) болды:

Миллион теңгемен	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды қоса алғанда, күрделі шығындар	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың күрделі шығындары	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды қоса алғанда, операциялық шығыстар	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың операциялық шығыстары
Жыл				
2024	342.291	25.633	76.014	69.296
2025	262.118	7.690	22.549	11.650
2026	285.609	10.933	20.392	12.330
2027	352.313	6.344	18.876	13.026
2028-2049	340.207	7.316	41.345	13.568
Жиыны	**1.582.538**	**57.916**	**179.176**	**119.870**

Шикі мұнайды жеткізу міндеттемелері

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша КМГ Кашаган Б.В. мұнайды жеткізу шарттары бойынша міндеттемелері 2,4 миллион тонна болды (2023 жылғы 31 желтоқсан: 3,0 миллион тонна). Ақпалай балама сату кезіндегі нарықтық баға негізінде анықталады.

Басқа да келісімшарттық міндеттемелер

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың 17.862 миллион теңге мөлшеріндегі бірлескен кәсіпорындардың міндеттемелеріндегі үлесін қоса алғанда, Топтың жалпы сомасы ҚҚС сомасын ескерместен 136.221 миллион теңге болатын ұзақ мерзімді активтерді сатып алу және салу бойынша басқа да шарттық міндеттемелері болды (2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: Топтың 15.465 миллион теңге мөлшеріндегі бірлескен кәсіпорындардың міндеттемелеріндегі үлесін қоса алғанда, ҚҚС сомасын ескерместен 166.049 миллион теңге).

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ҚР Энергетика министрлігі мен *ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті* бекіткен және өндірістік объектілерді кеңейтуге бағытталған инвестициялық бағдарламалардың шеңберінде 58.483 миллион теңге (2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 93.919 миллион теңге) жалпы сомада міндеттемелері болды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

35. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Қаржылық емес кепілдіктер

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың үшінші тараптардың пайдасына шығарылған міндеттемелерді орындаудың ашық кепілдіктері болды, солар бойынша Топ табиғи газды сатып алу-сату, тасымалдау шарттары және басқа да шарттар бойынша оның бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан тараптардың тарапынан міндеттемелер орындалмаған жағдайда кепілдік беруші ретінде болады.

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанына Топ басшылығы тараптардың шарттық міндеттемелерді орындамау жағдайлары болмады және тиісінше, қаржылық емес шартты міндеттемелер бойынша міндеттемелер мойындалмады деп есептейді.

36. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК

Топтың операциялық сегменттері өндірілетін өнім мен көрсетілетін қызметтердің түрлеріне сәйкес келетін бөлек құрылымдар мен басқаруды қамтиды. Барлық сегменттер түрлі нарықтарда өнім мен қызметтердің әр түрлерін ұсынатын бизнестің стратегиялық бағыттарын білдіреді. Функциялар а) содан кірістер мен шығыстар болатын қызметті жүзеге асыратын; б) операциялық нәтижелерін ресурстардың бөлінуіне қатысты операциялық шешімдер қабылдайтын Топ басшылығы саралап отыратын операциялық сегменттер ретінде айқындалады.

Топ қызметі негізгі төрт операциялық сегментті қамтиды: мұнай мен газды барлау және өндіру, мұнайды тасымалдау және шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу. Топ Компанияның қызметін «Корпоративтік орталық» операциялық сегментке бөліп көрсетуде, өйткені Компания тек бас компанияның функцияларын ғана орындап қана қоймай, сондай-ақ операциялық қызметті де жүзеге асырады. Қалған операциялық сегменттер біріктіріліп, олардың елеусіз болуына орай басқалары ретінде көрсетілген.

Тауарлар мен қызметтер түрлері бойынша түсімді бөлу амалы осы қаржылық есептіліктің *7-ескертпеде* көрсетілген.

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанына түсім негізінен келесі операциялық сегменттер жүзеге асыратын үшінші тараптарға сату мен қызметтерді білдіреді:

	2024 жылғы 31 желтоқсан					
Миллион теңгемен	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Мұнайды тасымалдау	Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және сату	Корпоративтік орталық	Басқа	Жиыны
Шикі мұнай мен газды сату	**767.376**	**–**	**3.927.847**	**–**	**–**	**4.695.223**
Мұнай өнімдерін сату	**4.999**	**–**	**1.805.243**	**871.374**	**16.196**	**2.697.812**
Мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу қызметтері	**–**	**–**	**258.530**	**–**	**–**	**258.530**
Мұнайды тасымалдау қызметтері	**–**	**237.475**	**1.595**	**1.466**	**192**	**240.728**
Басқа да кірістер	**26.573**	**55.342**	**164.607**	**1.845**	**189.601**	**437.968**
Жиыны	**798.948**	**292.817**	**6.157.822**	**874.685**	**205.989**	**8.330.261**

	2023 жылғы 31 желтоқсан					
Миллион теңгемен	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Мұнайды тасымалдау	Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және сату	Корпоративтік орталық	Басқа	Жиыны
Шикі мұнай мен газды сату	887.301	–	3.740.824	–	–	4.628.125
Мұнай өнімдерін сату	4.948	–	2.008.452	823.828	11.693	2.848.921
Мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу қызметтері	–	–	248.058	–	–	248.058
Мұнайды тасымалдау қызметтері	–	218.890	1.892	5.172	188	226.142
Басқа да кірістер	17.519	48.112	145.168	1.668	155.830	368.297
Жиыны	**909.768**	**267.002**	**6.144.394**	**830.668**	**167.711**	**8.319.543**

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

36. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)

Сегмент қызметінің нәтижелері түсімнің, таза пайда мен EBITDA көрсеткішінің негізінде бағаланады, олар шоғырландырылған қаржылық есептіліктегідей дәл сондай негізде өлшенеді.

EBITDA көрсеткіші басшылық сегменттердің тиімділігін бағалау үшін пайдаланатын, ХҚЕС-пен реттелмейтін қосымша қаржылық көрсеткіш болып табылады және тозуды, таусылуды және амортизацияны, негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және барлау әрі бағалау бойынша активтердің, сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануын, барлау шығыстарын, бірлескен кәсіпорын мен қауымдасқан компанияға инвестициялардың құнсыздануын, қаржылық кірістер мен шығыстарды және табыс салығы бойынша шығыстарды есептен шығарғанға дейінгі пайда ретінде айқындалады.

EBITDA, % жалпы EBITDA-ға қатысты белгілі бір сегменттің EBITDA-сы ретінде айқындалады.

Түзетулер мен элиминирлеу топшілік айналымдарды алып тастауды білдіреді. Сегментаралық операциялар сегменттер арасында келісілген талаптарда жасалды, әрі олар, байланысты және үшінші тараптарға қолжетімді болатын белгілі бір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарықтық мөлшерлемелер бойынша міндетті түрде сәйкес келе бермейді.

Географиялық ақпарат

Топтың негізгі құралдары (*16-ескертпе*) келесі елдерде орналасқан:

Миллион теңгемен	2024 жыл	2023 жыл (қайта есептелген)
Қазақстан	**7.155.527**	6.617.819
Басқа елдер	**678.633**	553.423
	7.834.160	7.171.242

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

36. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2024 жылғы пайда немесе зиян туралы ақпарат, сондай-ақ Топтың операциялық сегменттері бойынша 2024 жылғы 31 желтоқсанға активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат көрсетілген:

Миллион теңгемен	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Мұнайды тасымалдау	Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Корпоративтік орталық	Басқа	Түзетулер мен элиминациялар	Жиыны
Сыртқы клиенттерге сатудан түсім	**798.948**	**292.817**	**6.157.822**	**874.685**	**205.989**	**–**	**8.330.261**
Басқа сегменттерге сатудан түсім	**1.687.114**	**156.087**	**197.018**	**104.826**	**186.154**	**(2.331.199)**	**–**
Түсім жиыны	**2.486.062**	**448.904**	**6.354.840**	**979.511**	**392.143**	**(2.331.199)**	**8.330.261**
Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны	**(53.766)**	**(20.815)**	**(5.447.383)**	**(553.840)**	**(63.400)**	**1.792.193**	**(4.347.011)**
Өндірістік шығыстар	**(639.251)**	**(254.754)**	**(387.897)**	**(236.265)**	**(299.386)**	**418.949**	**(1.398.604)**
Табыс салығынан басқа салықтар	**(397.851)**	**(21.315)**	**(33.173)**	**(128.808)**	**(11.837)**	**–**	**(592.984)**
Тасымалдау және өткізу шығыстары	**(210.806)**	**(19.094)**	**(108.751)**	**(13.041)**	**–**	**83.868**	**(267.824)**
Жалпы және әкімшілік шығыстар	**(52.639)**	**(17.651)**	**(61.045)**	**(113.171)**	**(27.673)**	**18.031**	**(254.148)**
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың табысындағы үлес, нетто	**359.311**	**104.204**	**55.150**	**–**	**12.565**	**–**	**531.230**
EBITDA	**1.491.060**	**219.479**	**371.741**	**(65.614)**	**2.412**	**(18.158)**	**2.000.920**
EBITDA, %	**74%**	**11%**	**19%**	**(3%)**	**–**	**(1%)**	
Тозу, таусылу және амортизация	**(453.254)**	**(44.489)**	**(130.315)**	**(3.346)**	**(11.262)**	**–**	**(642.666)**
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кіріс	**27.165**	**11.553**	**40.522**	**208.689**	**14.247**	**(117.784)**	**184.392**
Басқа да қаржылық кіріс	**2.451**	**1.088**	**225**	**113.374**	**6.152**	**–**	**123.290**
Қаржылық шығындар	**(45.579)**	**(19.788)**	**(109.221)**	**(237.334)**	**(12.421)**	**78.247**	**(346.096)**
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, негізгі құралдардың құрылысына берілген ұзақ мерзімді аванстардың (құнсыздануы)/құнсыздануын қалпына келтіру және барлау шығыстары	**(57.100)**	**(2.475)**	**(4.064)**	**(40.678)**	**11.609**	**22.975**	**(69.733)**
Еншілес ұйымның шығуынан түскен кіріс	**–**	**–**	**–**	**16.410**	**–**	**–**	**16.410**
Оң бағамдық айырма, нетто	**20.602**	**1.799**	**2.922**	**160.363**	**651**	**(878)**	**185.459**
Күтілетін кредиттік зиандар	**(16.787)**	**(782)**	**3.210**	**(458)**	**(260)**	**6.761**	**(8.316)**
Басқа да операциялық кіріс	**11.431**	**5.350**	**4.451**	**26.492**	**7.993**	**(3.340)**	**52.377**
Басқа да шығыстар	**37.483**	**(2.079)**	**(3.884)**	**(6.017)**	**(12.404)**	**(51.802)**	**(38.703)**
Пайда салығы бойынша шығыстар	**(220.400)**	**(9.426)**	**(38.129)**	**(90.576)**	**(4.556)**	**–**	**(363.087)**
Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда/(залал)	**797.072**	**160.230**	**137.458**	**81.305**	**2.161**	**(83.979)**	**1.094.247**
Басқа да сегментті ақпарат							
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	**4.503.070**	**582.045**	**134.681**	**–**	**158.717**	**–**	**5.378.513**
Күрделі шығындар	**433.140**	**63.777**	**154.161**	**32.512**	**32.651**	**–**	**716.241**
Өтпейтін ТМҚ, сауда дебиторлық берешек, байланысты тараптардан қарыздар мен дебиторлық берешек, басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік зияндар резервтері және басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтердің құнсыздану резерві	**(30.523)**	**(7.554)**	**(54.589)**	**(31.966)**	**(10.170)**	**–**	**(134.802)**
Сегмент активтері	**11.643.803**	**1.550.949**	**3.238.703**	**2.254.912**	**601.821**	**(355.541)**	**18.934.647**
Сегмент міндеттемелері	**1.967.848**	**362.981**	**1.814.519**	**5.747.682**	**220.781**	**(3.103.448)**	**7.010.363**

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

36. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2023 жылғы пайда немесе зиян туралы ақпарат, сондай-ақ Топтың операциялық сегменттері бойынша 2023 жылғы 31 желтоқсанға активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат көрсетілген:

Миллион теңгемен	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Мұнайды тасымалдау	Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Корпоративтік орталық	Басқа	Түзетулер және элиминациялар	Жиыны
Сыртқы клиенттерге сатудан түсім	909.768	267.002	6.144.394	830.668	167.711	–	8.319.543
Басқа сегменттерге сатудан түсім	1.415.539	165.242	180.601	81.526	145.221	(1.988.129)	–
Түсім жиыны	2.325.307	432.244	6.324.995	912.194	312.932	(1.988.129)	8.319.543
Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны	(47.394)	(19.317)	(5.434.056)	(544.457)	(44.900)	1.468.243	(4.621.881)
Өндірістік шығыстар	(534.569)	(252.477)	(394.240)	(212.249)	(245.707)	419.520	(1.219.722)
Табыс салығынан басқа салықтар	(424.909)	(19.181)	(17.571)	(122.151)	(10.268)	–	(594.080)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	(191.482)	(10.514)	(99.054)	(10.505)	(2)	66.032	(245.525)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(40.731)	(16.826)	(53.752)	(44.229)	(25.109)	14.750	(165.897)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың табысындағы үлес, нетто	356.257	85.161	70.926	–	21.833	–	534.177
EBITDA*	**1.442.479**	**199.090**	**397.248**	**(21.397)**	**8.779**	**(19.584)**	**2.006.615**
EBITDA, %*	**72%**	**10%**	**20%**	**(1%)**	**–**	**(1%)**	
Тозу, таусылу және амортизация*	(414.098)	(39.611)	(132.820)	(3.549)	(9.465)	–	(599.543)
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кіріс	16.764	10.528	37.772	114.743	14.105	(54.463)	139.449
Басқа да қаржылық кіріс	121	172	316	5.180	2.062	(519)	7.332
Қаржылық шығындар	(28.732)	(8.773)	(113.789)	(190.867)	(9.227)	29.758	(321.630)
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің, негізгі құралдардың құрылысына берілген ұзақ мерзімді аванстардың құнсыздануы және барлау шығыстары	(107.725)	(1.658)	(97.854)	(40.337)	(566)	–	(248.140)
Еншілес ұйымның шығуынан түскен кіріс	–	–	–	186.225	–	–	186.225
Оң/(теріс) бағамдық айырма, нетто	(6.842)	643	47.910	(17.396)	(135)	1.042	25.222
Күтілетін кредиттік зияндар	(2.403)	(627)	(2.171)	(8.061)	(141)	1.529	(11.874)
Басқа да операциялық кіріс	5.334	2.341	37.567	5.277	13.417	(8.558)	55.378
Басқа да шығыстар	(5.001)	(2.219)	(11.564)	(12.068)	(12.031)	319	(42.564)
Пайда салығы бойынша шығыстар*	(154.329)	(9.307)	(36.967)	(67.780)	(1.409)	–	(269.792)
Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда/(зиян)*	**745.568**	**150.579**	**125.648**	**(50.030)**	**5.389**	**(50.476)**	**926.678**
Басқа да сегменттік ақпарат							
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	4.056.464	536.576	129.442	–	98.945	–	4.821.427
Күрделі шығындар	389.846	193.008	153.989	44.097	22.597	–	803.537
Өтпейтін ТМҚ, сауда дебиторлық берешек, байланысты тараптардан қарыздар мен дебиторлық берешек, басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік зияндар резервтері және басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтердің құнсыздану резерві	(14.486)	(7.365)	(49.875)	(35.150)	(11.337)	–	(118.213)
Сегмент активтері	**11.573.073**	**1.475.597**	**3.091.573**	**1.857.357**	**430.184**	**(1.486.683)**	**16.941.101**
Сегмент міндеттемелері	**1.626.832**	**370.240**	**1.844.550**	**4.546.456**	**137.282**	**(1.980.873)**	**6.544.487**

* *Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы ақпарат 6-ескертпеде келтірілген.*

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

37. ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2025 жылғы 17 ақпанда Кропоткинская мұнай айдау станциясының халықаралық Каспий құбыр консорциумының азаматтық өнеркәсіптік объектісіне ұшақ үлгісіндегі ұшқышсыз ұшу аппараттары шабуыл жасады. Шабуыл нәтижесінде нысан зақымданды және пайдаланудан шығарылды. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасынан мұнай айдау шектеусіз жүргізіледі.

4 ҚОСЫМШАЛАР

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ-ның КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУЫ / САҚТАМАУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Бұл есеп Кодекстің 6-тармағын орындау үшін дайындалды және ҚМГ-ның Кодекстің қағидаттары мен ережелерін сақтауы / сақтамауы туралы ақпаратты қамтиды.

2024 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ мынадай аспектілерді қоса алғанда, Кодекстің ережелері мен қағидаттарына сәйкес келді:

1. **Кодекстің 5-тарауының 66-тармағына сәйкес** «Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорлар қатарынан аға тәуелсіз директорды сайлауы ұсынылады. Аға тәуелсіз директордың негізгі функциялары мыналарды қамтиды: 1) Директорлар кеңесі төрағасының кеңесшісінің сөз сөйлеуін және ол айқындайтын мақсаттарды жеткізуде оған қолдау көрсету; 2) Директорлар кеңесі төрағасының қызметін бағалау; 3) Директорлар кеңесі төрағасының сабақтастығын жоспарлау; 4) акционерлер, атқарушы орган, Директорлар кеңесінің төрағасы және басқа директорлар арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, келіспеушіліктерді шешуде делдал болып сөз сөйлеу».

Кодекстің бұл талабы есепті кезеңде ҚМГ-да сақталмады – 2024 жылы ДК тәуелсіз директорларының ішінен аға тәуелсіз директор сайланбады.

Сонымен бірге Кодекстің көрсетілген талабын орындау үшін 2025 жылғы 11 ақпандағы ДК шешімімен (№1/2025 хаттама, №6 мәселе) ДК тәуелсіз директорлары арасынан аға тәуелсіз директор сайланып, оның Кодекс талаптарын қамтитын функционалы айқындалды.

2. **Кодекстің 3 2-тарауының 27-тармағына сәйкес** «Қор ұйымдары үшін активтердің оңтайлы құрылымын қамтамасыз ету ұсынылады. Холдингтік компанияда бас компания акционерлік қоғам нысанында құрылуы мүмкін. Қалған ұйымдарды негізінен жауапкершілігі шектеулі серіктестік ұйымдық-құқықтық нысанында құру ұсынылады. Акционерлік қоғам нысанында құрылған ұйымдарда экономикалық, құқықтық және өзге де аспектілерді және қор тобының мүдделерін қамтамасыз етуді ескере отырып, жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанына қайта ұйымдастыру мүмкіндігін қарау ұсынылады. Акционерлік қоғам нысанында жаңа ұйымдарды құруға ұйымның акцияларын қор нарығында одан әрі жоспарланған сату сияқты ерекше жағдайларда жол беріледі. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанында ұйым құру кезінде қатысушылар байқаушы кеңестер құру қажеттілігі және құрылатын ұйым қызметінің ауқымы мен ерекшелігіне қарай оның құрамына тәуелсіз мүшелерді сайлаудың орындылығы туралы дербес шешім қабылдайды».

Кодекстің осы талаптары ҚМГ-да есепті кезеңде тұтастай сақталды. ҚМГ активтер құрылымын оңтайландыру бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілуде. Жаңа заңды тұлғаларды құру кезінде ҚМГ оларды Кодексте ұсынылғандай жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құруға артықшылық береді. 2024 жылы акционерлік қоғам нысанындағы заңды тұлғалар құрылған жоқ, акционерлік қоғам нысанындағы бұрыннан бар заңды тұлғаларды жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанындағы заңды тұлғалар етіп қайта ұйымдастыру жүргізілмеді. Сонымен қатар ҚМГ тобы активтерінің құрылымын оңтайландыру бойынша жұмыс бекітілген жоспарларға / бағдарламаларға сәйкес жалғастырылатын болады[1].

ҚМГ тобындағы заңды тұлғаларды қысқарту жекешелендіру бағдарламалары мен дивестициялар шеңберінде жүргізіледі. 2020 жылғы 29 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №908 қаулысымен Жекешелендірудің 2021 2025 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілді, оған ҚМГ тобының 51 компаниясы, оның ішінде ҚМГ IPO периметріне енген 22 компания енгізілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Жекешелендірудің 2021 – 2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 тамыздағы № 523 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 жылғы 2 ақпандағы №44 ҚРҮК-мен №44 ҚРҮК-мен бекітілген негізгі өлшемшарттар (қағидаттар) ескеріліп, 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №908 ҚРҮК-мен бекітілген Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Нәтижесінде ҚМГ компаниялар тобының бірқатар активтері №908 ҚРҮҚ-ға кірді.

2023 жылғы 1 қарашада ДК шешімімен (№22/2023 хаттама, №7 мәселе) СеАТ тізбесі бекітілді. Осы шешіммен Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 11 қарашадағы шешімімен бекітілген СеАТ тізбесінің күші жойылды. Осы жұмыстың жалғасында 2024 жылғы 7 ақпандағы ДК шешімімен (№1/2024 хаттама, №12 мәселе) ҚМГ-ның стратегиялық емес активтерін шығарудың жол карталары бекітілді, ал бұрын бекітілген жол карталары жойылуға қойылды.

3. **Кодекстің 6 2-тарауының 144-тармағына сәйкес** «Қорда және ұйымдарда орнықты даму мәселесі: 1) басқару жүйесіне (басқару жүйесіндегі орнықты даму саласында әрбір органның және барлық қызметкердің рөлі, құзыреті, орнықты даму саласындағы қағидаттарды, стандарттарды және тиісті саясаттар мен жоспарларды іске асыру үшін жауапкершілігі нақты айқындалып, бекітілген); 2) стратегиялық басшылықты және бақылауды жүзеге асырады. Атқарушы орган тиісті жоспар қалыптастырады және оны Директорлар кеңесінің қарауына енгізеді».

Кодекстің бұл талабы ҚМГ-да есепті кезеңде тұтастай сақталды. ҚМГ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 2 сәуірдегі шешімімен (№4/2020 хаттама, №15 мәселе) Орнықты даму саласындағы басқару жүйесі жөніндегі нұсқаулық бекітілді, ол мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл процесін ұйымдастыруды, орнықты даму қағидаттарын негізгі процестерге интеграциялауды және мониторингті, орнықты даму бойынша жыл сайынғы есептілікті дайындауды, орнықты даму саласындағы, орнықты даму мәдениетін дамыту және қолдау, тәуекелдерді анықтау және бағалау, құжаттаманы басқару, орнықты даму саласындағы нәтижелілікті өлшеу қағидаттарын сипаттауды қамтиды. Осы ҚМГ нұсқаулығының ережелерін орындау мақсатында жұмыс жүргізілді, оның ішінде орнықты даму жөніндегі ДК жыл сайынғы отырыстары (2024 жылы – 2024 жылғы 13 қарашадағы ДК отырысы (№23/2024 хаттама) өткізілді, ҚМГ Орнықты даму саласындағы саясаты бекітілді (2022 жылғы 15 маусымдағы ДК шешімі (№11/2022 хаттама, №12 мәселе), БҰҰ Орнықты дамудың басым мақсаттары айқындалды, ҚМГ-ның ESG тәуекел-рейтингін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді (2023 жылғы 5 қазандағы ДК шешімі (№19/2023 хаттама, №6 мәселе). Сонымен қатар орнықты дамуды негізгі процестерге интеграциялау бойынша жұмыс жалғасуда.

4. **Кодекстің 5-тарауының 60-тармағының 6) тармақшасына сәйкес** «ұйым қызметінің өзекті мәселелерін түсіну мақсатында Директорлар кеңесінің мүшелері ұйымның негізгі объектілеріне үнемі барып, жұмыскерлермен кездесулер өткізуі тиіс».

Кодекстің бұл талабы ҚМГ-да есепті кезеңде тұтастай сақталды. ҚМГ Басқарма төрағасы компанияның негізгі объектілеріне үнемі барып отырды, сондай-ақ ДК-нің кейбір мүшелері ҚМГ-ның негізгі объектілеріне барды, алайда ДК мүшелері бүүкіл құрамымен компанияның негізгі объектілеріне барған жоқ.

Сонымен бірге Кодекстің көрсетілген талабын орындау үшін 2025 жылғы 11 ақпандағы ДК шешімімен (№1/2025 хаттама, №7 мәселе) ДК мүшелерінің ҚМГ объектілеріне бару кестесі келісілді.

5. **Кодекстің 5-тарауының 83-тармағына сәйкес** «Ұйымның Директорлар кеңесінің мүшесіне сыйақы белгілеу қор әзірлейтін әдіснамаға сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте ұйым үшін осы адамның Директорлар кеңесінің құрамына қатысуынан күтілетін оң нәтиже назарға алынады. Бірнеше акционерлері бар ұйымдарда Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы берудің тиісті қағидалары Қордың әдіснамасы негізінде әзірленеді және акционерлердің жалпы жиналысымен бекітіледі. Ұйымның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеті тәуелсіз директорларға кандидаттардың сыйақы мөлшері бойынша ұсыныстар енгізеді.». Кодекстің 4-тарауының 55-тармағына сәйкес «Ұйымдарда акционерлердің жалпы жиналысы (жалғыз акционер)/ қатысушы (жалғыз қатысушы) бекітетін Директорлар кеңесін (Байқаушы кеңесін және/ немесе атқарушы органды) сайлау мен сыйақы белгілеудің ашық тәртібі айқындалған».

Environmental, Social, and Corporate Governance (бұдан әрі – ESG) мақсаттарын интеграциялау арқылы даму жоспарына; 3) тәуекелдерді басқару жүйесіне (қор мен ұйымдар климаттың өзгеруіне байланысты экологиялық және климаттық тәуекелдерді басқару тәжірибесін жетілдіріп отырады); 4) инвестициялық шешімдерді қабылдау процесіне (қор қызметінің нәтижелері мен инвестициялардың тиімділігіне әсер етуі мүмкін инвестициялық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді анықтау үшін маңызды ESG факторларын талдау тәжірибесін және ESG тәуекелдерін бағалауды интеграциялау қажет); 5) жоғары басқару органдарының және менеджменттің сыйақы жүйесіне (қор мен ұйымдар ESG мақсаттарын әзірлейді және жария етеді, ESG мақсаттары басшылардың жұмысын бағалау үшін қолданылады); 6) негізгі процестерге, соның ішінде жоспарлауға (ұзақ мерзімді, орта мерзімді (бес жылдық жоспар) және қысқа мерзімді (жылдық бюджет) кезеңдер), есеп беруге, адами ресурстарды басқаруға, операциялық қызметке және басқаларға, сондай-ақ барлық басқару деңгейлерінде шешім қабылдау процестеріне); 7) маңызды және шынайы ақпарат беруді, екіжақты диалог мүмкіндігін, портфельдік компаниялардың қызметімен, шағым берудің икемді тетігін әзірлеумен байланысты экологиялық қауіптер мен тәуекелдер туралы хабардар болуды қамтамасыз етуді білдіретін мүдделі тараптармен тұрақты өзара іс-қимыл жүйесіне интеграциялануы тиіс. Холдингтік компаниялардың өз тобына арналған мүдделі тараптардың шоғырландырылған картасы болады және олар осындай тараптармен өзара іс-қимылдың тиісті жоспарын жасайды. Қордың және ұйымдардың Директорлар кеңесі мен атқарушы органы орнықты даму саласында тиісті жүйені қалыптастыруды және оны енгізуді қамтамасыз етеді. Қор мен ұйымдар халықаралық стандарттар мен үздік тәжірибелерді ескере отырып, орнықты даму саласындағы іс-шаралар жоспарларын әзірлейді. Директорлар кеңесі орнықты даму саласындағы жүйенің енгізілуіне

[1] ҚМГ тобының заңды тұлғаларын қысқарту приватизация және дивестиция бағдарламалары аясында жүргізіледі. 2020 жылғы 29 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Үкіметі № 908 Қаулысымен 2021-2025 жылдарға арналған Приватизациялау кешенді жоспары бекітілді, оған КМГ тобының 51 компаниясы енгізілді, соның ішінде КМГ IPO-сына кірген 22 компания. 2022 жылғы 2 ақпандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 44 Қаулысымен «2021-2025 жылдарға арналған приватизациялау мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 Қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. 2022 жылғы 2 тамыздағы № 523 Қаулымен 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 Қаулысының негізінде Приватизациялау кешенді жоспарына КМГ компаниялар тобының бірқатар активтері енгізілді, олар ППРК № 44 бекіткен негізгі критерийлерге (принциптерге) сәйкес келеді.

Кодекстің бұл талабы ҚМГ-да есепті кезеңде тұтастай сақталды. ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының 2023 жылғы 30 мамырдағы шешімімен (№2\2023 хаттама, №6 мәселе («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының 2023 жылғы 6 қарашадағы [№5/2023 хаттама, №2 мәселе]) шешімімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген ДК туралы ереже бекітілді, онда басқа мәселелермен қатар, ДК қалыптастыру тәртібі, сондай-ақ 4.2-бөлім «ДК мүшелерінің сыйақысы және (немесе) шығыстарының өтемақысы» бекітілді, оның 4.2.3-тармағында «ДК мүшелерінің сыйақы ережелері Қордың әдіснамасы негізінде әзірленеді және ОАА шешімімен бекітіледі» деп көзделген.. Сонымен қатар ДК мүшелеріне сыйақы беру қағидаларын әзірлеуге болатын Қордың әдіснамасының болмауына байланысты, бұлар ҚМГ-да бекітілмеген. Кодекстің осы талабын орындау үшін Жоспарда Қордың әдіснамасы негізінде ДК мүшелеріне сыйақы берудің тиісті қағидаларын әзірлеу көзделген.

6. **Кодекстің 5-тарауының 99-тармағына сәйкес** «Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізудің ұсынылатын кезеңділігі жылына сегіз – он екі отырысты құрайды. Мұқият және толыққанды талқылауды және уақтылы және сапалы шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету үшін жыл бойы қарауға жоспарланған мәселелер санын біркелкі бөлу ұсынылады».

Кодекстің бұл талабы ҚМГ-да есепті кезеңде тұтастай сақталмады – 2024 жылы ДК 26 отырысы өткізілді, оның ішінде 15 жоспарлы және 11 – кезектен тыс. Осылайша 2024 жылы өткізілген ДК отырыстарының саны отырыстардың ұсынылатын ең жоғары кезеңділігінен 2 есе артық.

7. **Кодекстің 5-тарауының 99-тармағына сәйкес** «Директорлар кеңесі ұйымның құжаттарында белгіленген Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу жөніндегі рәсімдерді сақтауға тиіс».

Кодекстің 5-тарауының 100-тармағына сәйкес «Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдар, егер Жарғыда өзге мерзімдер белгіленбесе, алдын ала – кемінде күнтізбелік жеті күн бұрын, ал ұйымның жарғысында айқындалатын неғұрлым маңызды мәселелер бойынша – кемінде он бес жұмыс күні бұрын жіберіледі. Маңызды мәселелердің тізбесі мыналарды қамтиды, бірақ аталғандармен шектелмейді: даму жоспары, іс-шаралар жоспары, атқарушы органның басшысы мен мүшелері үшін мотивациялық ҚНК, жылдық есеп және басқа заңды тұлғаларды құруға қатысу. Мерзімдері бұзыла отырып ұсынылған мәселелер Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне материалдар енгізілмейді. Мерзімдері бұзылған мәселелер күн тәртібіне енгізілген жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасына осы қажеттіліктің толық негіздемесі беріледі.».

Кодекстің бұл талабы есепті кезеңде тұтастай сақталды. ДК отырыстарына материалдар, егер Жарғыда өзге мерзімдер белгіленбесе, алдын ала – кемінде 7 күнтізбелік күн бұрын, ал ҚМГ Жарғысында айқындалған неғұрлым маңызды мәселелер бойынша – кемінде 15 күнтізбелік күн бұрын жіберіледі. Бұл ретте 2024 жылы мерзімдері бұзылған материалдарды ұсынып, мәселелерді күн тәртібіне енгізу жағдайлары орын алды. Мұндай жағдайларда орындаушылар ҚМГ Басқарма төрағасының не оның орнындағы адамның қолы қойылып, осы қажеттіліктің толық негіздемелерімен бірге ДК отырысының күн тәртібіне қосымша мәселені енгізу туралы өтінішхат береді. Сондай-ақ есепті кезеңде ДК мен менеджменттің өзара іс-қимыл тәртібі туралы мәселелерді ДК үнемі қарайды – 2024 жылы ДК-мен өзара іс-қимыл тәртібі туралы мәселе 2025 жылғы 11 ақпандағы ДК отырысында қаралды (№1/2025 хаттама, №5 мәселе).

8. **Кодекстің 5-тарауының 104-тармағына сәйкес** «Директорлар кеңесіне бұрын қабылданған шешімдерге ревизия жүргізу ұсынылады. Шешімнің өзі де, оны қабылдау процесі де талдауға жатады. Директорлар кеңесі өз қызметін бағалауды жүргізген кезде бұрын қабылданған шешімдерге ревизия жүргізу ұсынылады».

Кодекстің бұл талабы есепті кезеңде ҚМГ-да тұтастай сақталды. Бұрын қабылданған ДК шешімдерінің ревизиясы ДК қызметін сыртқы бағалау шеңберінде көзделген, ол үш жылда бір рет өткізіледі, бұл 2024 жылдың кезеңіне сәйкес келеді. 2025 жылғы 20 желтоқсандағы ДК шешімімен (№25/2024 хаттама, №6 мәселе) тәуелсіз консультант тарту арқылы сыртқы бағалау арқылы 2024 жылы ДК қызметін бағалауды жүзеге асыру айқындалды. Осы бағалау барысында ДК бұрын қабылдаған шешімдеріне ревизия жүргізу жоспарлануда.

9. **Кодекстің 2-бөлімінің 5-тарауының 12-тармағына сәйкес** «Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің және Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметіне бағалау жүргізу процесі, мерзімдері мен тәртібі ұйымның ішкі құжаттарында нақты регламенттелуге тиіс. Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелері бағалау жүргізу бойынша оқытудан өтуі тиіс».

Кодекстің бұл талабы ҚМГ-да есепті кезеңде тұтастай сақталды. ДК, оның комитеттері мен ДК мүшелерінің қызметін бағалауды жүргізу процесі, мерзімдері мен тәртібі ДК-нің, ДК комитеттерінің, ДК төрағасының, мүшелерінің және ҚМГ корпоративтік хатшысының қызметін бағалау туралы 2018 жылғы 4 қазандағы шешімімен (№14/2018 хаттама, №19 мәселе) бекітілген Ережемен регламенттелген. Алайда 2024 жылы ДК төрағасы мен мүшелері бағалау жүргізу бойынша оқытудан өткен жоқ.

10. **Кодекстің 6-тарауының 139-тармағына сәйкес** «Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау функциясына жетекшілік ететін басшының тәуекел иесі болмауы ұсынылады, бұл оның тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау функцияларын экономикалық жоспарлауға, корпоративтік қаржыландыруға, қазынашылыққа, инвестициялық шешімдер қабылдаумен байланысты функциялармен ұштастыруға тыйым салынады. Егер мүдделердің елеулі қақтығысы туындамаса, басқа функциялармен біріктіруге жол беріледі».

Кодекстің бұл талабы ҚМГ-да есепті кезеңде тұтастай сақталды. Бұл ретте, ҚМГ-ның қолданыстағы ұйымдық құрылымына сәйкес ТБжІБҚ стратегия, инвестициялар және бизнесті дамыту мәселелеріне жетекшілік ететін ҚМГ Басқарма төрағасының орынбасарына тікелей бағынады. ТБжІБҚ басшысы бірде-бір тәуекелдің иесі емес және сәйкесінше мүдделер қақтығысы жоқ. Сонымен қатар ТБжІБҚ басшысының тәуекелдерді басқару жөніндегі құрылымдық бөлімшенің өкілі ретінде толыққанды дауыс беру құқығымен ҚМГ Басқармасы жанындағы комитеттерге дербес және тәуелсіз қатысуы қамтамасыз етілді.

11. **Кодекстің 5-тарауының 91-тармағына сәйкес** ДК төрағасы ТжСК төрағасы болып табылады. Есепті кезеңде ҚМГ-да Кодекстің бұл талабы сақталмады – тәуелсіз директор ТжСК төрағасы болып табылады. 2025 жылы ДК-де ДК төрағасын ТжСК төрағасы етіп сайлаудың орындылығы туралы мәселе қаралатын болады.

12. **Кодекстің 5-тарауының 127-тармағына сәйкес** «Әрбір мәселені қарау кезінде шешім қабылдаумен/қабылдамаумен және олардың ұйымның құны мен орнықты дамуына әсерімен байланысты тәуекелдерге жеке талқылау арналады.». Есепті кезеңде ҚМГ-да Кодекстің бұл талабы тұтастай сақталды – ұсынылатын шешіммен байланысты тәуекелдер туралы ақпараттың болуы ҚМГ Басқармасының шешімдер қабылдау процесінің бір бөлігі болып табылады. Осыған қарамастан, ҚМГ құнына және орнықты дамуына тәуекелдердің әсері туралы бөлек ақпарат қалыптастырылған жоқ. 2025 жылы ДК Кодекстің осы нормасын ескере отырып, ҚМГ Басқармасы туралы ережені өзектілендіру туралы мәселені қарайтын болады.

13. **Кодекстің 4-тарауының 57-тармағына сәйкес** «Ұйымда дауыс беретін акциялардың (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тиесілі болатын немесе ұйыммен және/немесе өзге акционерлермен (қатысушылармен) жасалған келісімдерге байланысты шешімдерді айқындауға құқығы бар акционер (қатысушы) болған жағдайда, қаржы қаражатын осындай акционердің (қатысушының) пайдасына қайта бөлу дивидендтік төлемдер арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тиесілі болатын акционердің (қатысушының) пайдасына ұйым қаражатын қайта бөлудің басқа тетіктері болған жағдайда, олар ұйымның құжаттарымен бекітіледі және барлық акционерлерге ашылады.». Кодекстің осы талабы есепті кезеңде тұтастай сақталды – Қор Басқармасының 2022 жылғы 27 қазандағы шешімімен (№59/22 хаттама) ҚМГ Дивидендтік саясаты бекітілді. Қорға ҚМГ акцияларының 67,42% тиесілі. Бұл ретте, бұл саясатта дивидендтерден басқа қордың пайдасына ҚМГ қаражатын қайта бөлудің өзге тетіктері туралы нормалар жоқ. 2025 жылы ДК Кодекстің осы нормасын ескере отырып, ҚМГ құжаттарын өзектілендірудің орындылығы туралы мәселені қарайтын болады.

14. **Кодекстің 5-тарауының 64-тармағына сәйкес** «Ұйымдардың Директорлар кеңесі құрамындағы әйелдердің ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде отыз пайызын құрайды.». Кодекстің осы талабы ҚМГ-да есепті кезеңде ішінара сақталды – ДК құрамы 2024 жылы 9 адамды құрады, бұл ретте ДК құрамында Мыңшарипова Сая Найманбайқызы қызметін жүзеге асырды, бұл тек 11,11% құрайды.

15. **Кодекстің 5-тарауының 98-тармағына сәйкес** «Директорлар кеңесінің отырыстары жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі, ол күнтізбелік жыл басталғанға дейін бекітіледі, онда қаралатын мәселелердің тізбесі мен күндері көрсетілген отырыстарды өткізу кестесі болады.». Кодекстің осы талабы ҚМГ-да есепті кезеңде тұтастай сақталды – 2023 жылғы 31 тамыздағы ДК шешімімен (№18/2023 хаттама, №5 мәселе) ДК және оның комитеттері отырыстарының 2024 жылға арналған кестесі бекітілді, ал 2023 жылғы 6 желтоқсандағы ДК шешімімен (№24/2023 хаттама, №6 мәселе) 2024 жылға арналған ДК Жұмыс жоспары бекітілді. Бұл ретте, 2024 жыл ішінде отырыстар кестесінен де, ДК жұмыс жоспарынан да ауытқулар болды. 2025 жылы ДК жұмысын жүзеге асырған кезде ДК және оның комитеттері қызметінің ДК мен оның комитеттерінің жұмыс жоспары мен кестелеріне сәйкестігін қадағалау процесі қатаңдатылып, ДК есептік ақпараты ұсынылатын болады.

16. **Кодекстің 7-тарауының 168-тармағына сәйкес** «Интернет-ресурс ең аз дегендеде мынадай ақпаратты қамтиды: ... 8) Басқарма мүшелері туралы ақпарат, оның ішінде мынадай мәлімет: фотосурет, аты-жөні, туған күні, азаматтығы, лауазымы және атқаратын функциялары, білімі, оның ішінде негізгі және қосымша (білім беру мекемесінің атауы, бітірген жылы, біліктілігі, алған дәрежесі), соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі, кәсіптік біліктілігі, қоса атқаратын лауазымдары, үлестес компаниялар акцияларының тиесілі саны мен үлесі;». Есепті кезеңде ҚМГ-да Кодекстің осы талабы тұтастай сақталды – қоса атқаратын лауазымдары туралы ақпаратты қоспағанда, ҚМГ веб-сайтына ҚМГ Басқарма мүшелері туралы ақпарат орналастырылды. Бұл ақпарат қосылады.

ІРІ МӘМІЛЕЛЕР ЖӘНЕ МҮДДЕЛІ МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Ірі мәмілелер[1]

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі және (немесе) акционерлердің жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңы және ҚМГ ішкі құжаттарына сәйкес ірі деп танылатын мәмілелер бойынша шешім қабылданған жоқ.

Мүдделі мәмілелер[2]

«Полиэтилен өндіретін қазақстандық зауыт»

2024 жылы 11 қыркүйекте Атырау облысындағы «ҰИМТ» АЭА аумағында қуаты жылына 1,25 млн тонна болатын және инвестиция көлемі шамамен 7,4 млрд АҚШ долларын құрайтын полиэтилен өндіретін зауыттың ерте құрылыс жұмыстары басталды. Жобаны Silleno компаниясы іске асыруда. Бұл компанияның үлескерлері – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (40%), Sinopec Overseas Investment Holding (30%), «СИБУР Холдинг» ЖАҚ (30%). Жобаны қаржыландыру акционерлердің қаражаты және халықаралық банктерден тартылған кредиттер есебінен қамтамасыз етіледі. Мүдделі мәміленің мәні, яғни жоба құнының ҚМГ активтерінің баланстық құнына пайыздық арақатынас көрсеткіші 21%-ды құрады.

[1] Құны қоғам активтерінің баланс құнының жалпы мөлшерінің 25% және одан астамын құрайтын мүлікті қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығы.

[2] Бұл эмитенттің жасауға мүддесі бар мәмілелер және оларды жасасу туралы уәкілетті орган шешімді шешім қабылдаған күні құны эмитент активтерінің жалпы баланстық құнының мөлшерінен 10% және одан көп болатын мүлікті сатып алумен немесе иеліктен шығарумен байланысты болады.

ГЛОССАРИЙ

ACCA — Қаржы, есеп және аудит саласындағы кәсіби мамандардың жаһандық қауымдастығы (Association of Chartered Certified Accountants)

ADR — Қауіпті жүктердің жол тасымалы туралы еуропалық келісім (European Agreement of Transport of Dangerous Goods on Road)

API Spec — Мұнай-газ саласындағы қызмет көрсетушілер мен жөндеу ұйымдары үшін менеджмент жүйелеріне берілетін өнеркәсіп стандарты (Application Programming Interface)

BOSIET — Теңіздегі қауіпсіздік техникасы және төтенше жағдайларға ден қою бойынша негізгі курс (Basic Offshore Safety Induction and Emergency Training)

CBAM — Шекарада көміртекті түзету тетігі (Carbon Border Adjustment Mechanism)

CCUS — Көміртекті тұту, пайдалану және сақтау (Carbon Capture, Utilization and Storage)

CDP — Көміртек бойынша есеп берудің климат бағдарламасы (Carbon Disclosure Project)

CEPI — Каспий өңірінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бастама (Caspian Environmental Protection Initiative)

CFA — Халықаралық кәсіби сертификат, оны CFA (Chartered Financial Analyst) қауымдастығы береді

CIA — Ішкі аудит саласында жалпыға бірдей танылған халықаралық кәсіби сертификат (Certified internal auditor)

CIMA — Басқарушы есепке алу мамандарының сертификатталған институты (Chartered Institute of Management Accountants)

DipIFR — Халықаралық қаржы есептілігі жөніндегі диплом (Diploma in the International Financial Reporting)

DMAIC — Мәселелерді дәйекті шешу, бизнес-процестерді жетілдіру бойынша өндірісті басқару бағытында қолданылатын тәсіл (define, measure, analyze, improve, control)

EBITDA — Пайыз, салық, тозу және амортизация шығындары шегірілгенге дейінгі пайда (Earnings Before Interest, Taxes, Depreciation and Amortization)

EPC — Инжиниринг, сатып алу және құрылыс (Engineering, Procurement, and Construction)

ESG — Экология, әлеумет және басқару аспектілері (Environmental, Social, and Governance)

FAR — 100 миллион адам-сағатқа шаққандағы өлім-жітім коэффициенті (Fatal accident rate)

FCA — Free Carrier (Франко тасымалдаушы)

FEED — Front-End Engineering Design — бастапқы кезеңдегі жобалау

FROSIO — Қамту инспекторларын оқыту және сертификаттау жөніндегі әлемге әйгілі Норвегияда орналасқан консультативтік кеңес (member organization for formulation of quality requirements for surface treatment and insulation inspectors based in Norway)

FS — Feasibility Study (ТЭН)

GHGP — Парник газдары шығарындылары жөніндегі жаһандық хаттама (Greenhouse Gas Protocol)

HSE — Еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік (Health, Safety and Environment)

IOGP — Халықаралық мұнай-газ өндірушілер қауымдастығы (International Association of Oil & Gas Producers)

IOSH — Қауіпсіздік техникасы және денсаулық сақтау институты (Institution of Occupational Safety and Health)

IPCC — Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобы (Intergovernmental Panel on Climate Change)

IPMA — Халықаралық жобаларды басқару қауымдастығы (International Project Management Association)

I-REC — Халықаралық жаңартылатын энергия сертификаты (International Renewable Energy Certificate)

ISO — Халықаралық стандарттау ұйымы (International Organization for Standardization)

ISGOT — Мұнай танкерлері мен терминалдарға арналған халықаралық қауіпсіздік нұсқаулығы (International Safety Guide for Oil Tankers and Terminals)

ITSM — IT қызметтерді басқару (IT Service Management)

IWCF — Ұңғыманы қауіпсіз бұрғылау мен бақылау саласында мұнай-газ кешені мамандарын аккредиттеу, тестілеу және сертификаттаудың халықаралық коммерциялық емес органы (International Well Control Forum)

KEBCO — Kazakhstan Export Blend Crude Oil (Қазақстан шикі мұнайының экспорттық қоспасы)

KMGE School — «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС-ын нақты бағыттағы кадрлармен қамтамасыз етуге арналған бағдарлама, оның аясында бакалавриат студенттері ішінен іріктеу жүргізіледі

LDAR — Ағып кетуді анықтау және жою (Leak Detection and Repair)

LTIR — 1 миллион адам-сағатқа шаққанда жұмыс уақытын жоғалтқан жарақат алу оқиғаларының коэффициенті (Lost Time Incident Rate)

MES — Өндірісті басқару жүйесі

MVCR — Жүріп өткен 1 миллион километрге шаққанда жол-көлік оқиғаларының коэффициенті (Motor Vehicle Crash Rate)

NEBOSH — Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ұлттық емтихан комиссиясы (National Examination Board in Occupational Safety and Health)

NO_x — Азот оксидтері

NWRF — Жұмыспен байланысты емес өлім-жітім (Non-Work-Related Fatality)

OGMP 2.0 — Мұнай-газ саласындағы метан шығарындылары бойынша серіктестік, 2.0 нұсқасы (Oil & Gas Methane Partnership 2.0)

OHSAS — Еңбек қауіпсіздігі мен денсаулық қорғауды бағалауға арналған стандарттар сериясы (Occupational Health and Safety Assessment Series)

OPITO — Теңіздегі мұнай өнеркәсібінің саласы бойынша оқыту ұйымы (Offshore Petroleum Industry Training Organization)

PMP — Project Management Professional сертификаты

PRMS — Көмірсутек ресурстарын басқару жүйесі (Petroleum Resources Management System)

RAEX — Ресейдің кредиттік емес рейтингтері саласындағы ірі агенттік

RoSPA — Жазатайым оқиғалардың алдын алуға маманданған корольдік қоғамы — британдық қайырымдылық ұйымы, оның мақсаты — адамдарды құтқару және жазатайым оқиғалардан болатын ауыр жарақаттың алдын алу (The Royal Society for the Prevention of Accidents SAF sustainable aviation fuel)

Pre-FEED — Бастапқы кезеңдегі алдын ала жобалау

SAF — Тұрақты авиациялық отын (Sustainable Aviation Fuel)

SAP — Ұйымдар үшін бағдарламалық жасақтаманы әзірлейтін неміс компаниясы (Systems, Applications and Products in Data Processing)

SO_x — SO(x) үлгіде ортақ формуласы бар күкірт оксидтерінің тобы

SPE-PRMS — Мұнайшы инженерлер қоғамының мұнай-газ ресурстарын басқару жүйесі (Society of Petroleum Engineers — Petroleum Resources Management System)

SRS — Әлеуметтік тұрақтылық индексі (Social Responsibility Scale)

WRI — Дүниежүзілік ресурстар институты (World Resource Institute)

АЖЖ — Акционерлердің жалпы жиналысы

АҚЖО — Ақпарат қауіпсіздігінің жедел орталығы

АҚС — Автожанармай құю станциясы

АЭА — Арнайы экономикалық аймақ

ІСР бағдарламасы — Көміртегі шығарындысына ішкі бағаны белгілеу бағдарламасы

БАІ — Біліктілік бойынша алдын ала іріктеу

барр. — баррель

ББББА — буды бір мезгілде-бөлек айдау

ББҰ — Бірлесіп бақыланатын ұйымдар

БКЖ — Болашақ кеңейту жобасы

БҚК — Бірлескен қызмет туралы келісім

БҰҰ — Біріккен Ұлттар Ұйымы

ВГО — Вакуумды газойль

ГазЭС — Газ электр станциясы

ГДж — ГигаДжоуль

ГКДҚ — Газды кешенді дайындау қондырғысы

ГӨЗ — Газ өндеу зауыты

ГПЭС — Газ поршенді электр станциясы

ГСК — Газ сепарациялық кешен

ГТІ — Геологиялық-техникалық іс-шаралар

ЕБЗ — Екінші буын зауыты

ЕҚ — Елішілік құндылық

ЕТҰ — Еншілес және тәуелді ұйымдар

ЖГЗ — Жер қойнауын геологиялық зерттеу

ЖККФ — Жеңіл көмірсутектердің кең фракциясы

ЖМК — Жақсартылған модельдік келісімшарт

ЖФЭ — Жиырма футтық эквивалент

ЖЭК — Жаңартылатын энергия көздері

ЖЭО — Жылу электр орталығы

ЖЭС — Жел электр станциясы

кВт — киловатт

КСШ — Көмірсутек шикізаты

КТЖ — Кешенді технологиялық желілер

ККК — Корпоративтік қызмет көрсеткіштері

КЭС — Күн электр станциясы

ҚГЖ — Қабатты гидравликалық жару

ҚКЖ — Қарашығанақты кеңейту жобасы

ҚҚГЖ — Қабатты қышқылмен гидравликалық жару

ҚҚС — Қосымша құн салығы

ҚҚҰЦ — Қабат қысымын ұстау цехы

ҚӨК — Қарашығанақ өңдеу кешені

ҚТжЕҚ — Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау

МАЖ — Мониторингілеудің автоматтандырылған жүйесі

МАК — Мұнай алу коэффициенті

млн — миллион

млрд — миллиард

МӨАӘ — мұнай өндіруді арттыру әдісі

НАА БАЖ — Нормативті-анықтамалық ақпаратты басқарудың автоматтандырылған жүйесі

ОЖП — Орталық жинақтау пункті

ОЭР — Отын энергетикалық ресурстар

ӨБК — Өнімді бөлу туралы келісім

ӨБТК — Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының мердігер учаскесінің өнімін бөлу туралы түпкілікті келісім, 1997 жылы 18 қарашада қол қойылған

ӨК, ЕҚ ж ҚОҚ — Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау

ӨКК — Өндірістік-көлік кешені

ПГ — Парник газдары

ПЭТФ — Полиэтилентерефталат

СКГ — Сұйытылған көмірсутек газы

СКӨБК — Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісім, 1997 жылы 18 қарашада қол қойылған

СҚБЖ — Сағалық қысымды басқару жобасы

СМГ — Сұйытылған мұнай газы

ТДМ — Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты даму мақсаттары

ТжКБ — Техникалық және кәсіптік білім беру

ТЖҚ — Тауарлар, жұмыстар және қызметтер

ТОНТӘ — Тереңде орналасқан ортақ нүктені табу әдісі

ТӨС — Тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар

ТПБЖЖ — Технологиялық процесті басқарудың жетілдірілген жүйесі

ТЭН — Техникалық-экономикалық негіздеме

ҰЖЖ — Ұңғымаларды жерасты жөндеу

ҮБЗ — Үшінші буын зауыты

ХҚЕС — Халықаралық қаржы есептілігі стандарттары (IFRS)

ШГА — Шикі газды айдау жүйесі

ІМГ — Ілеспе мұнай газы

ІК — Іске қосу кешені

ЭКК — Экспедиторлық көлік компаниясы

ЭЛТҚ — Электр тұзсыздандыру қондырғысы

ЭМТЖ — Электронды медициналық тексеру жүйесі

ЭОТСҚ — Электржетекті орталықтан тепкіш сорғы қондырғылары

ЭТ — Энергия тиімділігі

ЭҮ — Энергияны үнемдеу

БАЙЛАНЫС

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ

- Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Д. Қонаев көшесі, 8, «Зұбаржат орамы» әкімшілік ғимараты, «Б» блогы
- Телефоны: + 7 (7172) 78-61-01 (приемная)
- Веб-сайт: www.kmg.kz

Кадр мәселелері бойынша

- Бос орындар туралы ақпарат www.work.kmg.kz
- Email: HRteam@kmg.kz

Омбудсмен

- Телефоны: +7 (7172) 78-65-61
- Email: ombudsman@kmg.kz
- Мекенжайы: Астана қ., Д. Қонаев көшесі, 8, «Зұбаржат орамы» әкімшілік ғимараты, «Б» блогы

БАҚ-пен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша

- Телефоны: +7 (7172) 78-91-49
- Email: press@kmg.kz

Қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша

- Email: hse@kmg.kz

Тұрақты даму мәселелері бойынша

- Email: sustainability@kmg.kz

Кеңсе

- Телефондары:
  +7 (7172) 78-95-58,
  +7 (7172) 78-65-59,
  +7 (7172) 78-66-04,
  +7 (7172) 78-62-66 (ағылшын тілінде),
  +7 (7172) 78-63-90 (бастығы)
- Email: Astana@kmg.kz

Корпоративтік қауіпсіздік мәселелері бойынша

- Телефоны: +7 (7172) 78-65-65
- Email: 979110@kmg.kz

Акционерлермен және инвесторлармен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша

- Телефоны: +7 (7172) 78-64-34
- Email: ir@kmg.kz

Қайырымдылық көмек көрсету мәселелері бойынша

- Телефоны: +7 (7172) 57-68-98
- Email: info@sk-trust.kz

Сатып алуды өткізу мәселелері бойынша

- Телефоны: +7 (7172) 78-61-80
- Компаниядағы барлық тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сатып алуды жүзеге асыру тәртібі аясында арнайы сайтта (https://zakup.sk.kz) электронды форматта өткізіледі.
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай өнімдерін сатпайды.
- Также напоминаем, что с 1 апреля 2019 года эксплуатация автозаправочных станций осуществляется новым собственником — ТОО

Жедел байланыс желісі

Сіз Іскерлік этика кодексінің кез келген бұзушылықтары туралы, оның ішінде сыбайлас жемқорлық, кемсітушілік, этикаға жат әрекеттер және өзге де бұзушылықтар туралы хабарлай аласыз.


Біз өтініштердің 100% құпия қаралатынына және анонимділігіне кепілдік береміз.

Жедел желі

- Телефоны: 8 (800) 080-47-47
- WhatsApp нөмері: +7 (771) 191-88-16
- Интернет-порталы: www.sk-hotline.kz
- Электронды пошта: mail@sk-hotline.kz
- Жедел желіге тәуелсіз оператор — KPMG компаниясы қызмет көрсетеді

«Нысана» жедел байланыс желісі

- Телефоны: 8 800 080 30 30
- WhatsApp нөмері: 8 702 075 30 30
- Интернет-портал: nysana.cscc.kz
- Электронды пошта: nysana@cscc.kz
- «Нысана» колл орталығы барлық әлеуметтік-еңбек бұзушылықтары бойынша тегін қоңырауларды демалыссыз, тәулік бойы қабылдайды.



ҚазМұнайГаз
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

Әлеуметтік желілердегі парақшаларымызға жазылыңыз!

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ